

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

IV (2)

2003-2005

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР



Акчаев - 254

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

IV том

2 кітап

2003–2005

Астана – 2014

УДК 342.5
ББК 67.400.6
Н 17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Н 17 Назарбаев Н. Ә.

Таңдамалы сөздер.

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. IV (2). – 2003–2005 жж. – 744 б.

ISBN 978–601–277–191–6

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының төртінші томында Қазақстанның Тұңғыш Президентінің көпшілік алдында сөйлеген өзекті сөздері ұсынылған, оларда елдің тұрақты экономикалық өрлеу арнасына шығуы, саяси жүйенің одан әрі демократиялануы және АӨСШК, Еуразия медиа-форумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі сияқты ірі халықаралық бастамалардың сыртқы саяси деңгейде жүзеге асуы сипатталады.

Томға енген сөздердің көлемі елеулі екені ескеріле отырып, кітап екі бөлімге бөлінді.

Бұл кітап төртінші томның екінші бөлімі болып табылады, ол 2003–2005 жылдарды қамтиды.

УДК 342.5
ББК 67.400.6

ISBN 978–601–277–191–6 (Т. IV (2))
ISBN 978–601–277–183–1

© Назарбаев Н. Ә., 2014
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

ӨСУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздерінің» төртінші томының екінші бөлімінде 2003–2005 жылдар кезеңі қамтылған, ол кезең елдің тұрақты өсу өрісіне шығуымен, саяси жүйенің демократияландырыла түсуімен және сыртқы саяси деңгейде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Еуразия медиа-форумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі секілді ірі халықаралық бастамалармен сипатталады.

Аталмыш томға енген сөздердің саны айтарлықтай көлемді екені ескеріліп, ол екі кітапқа бөлінді. Бірінші кітап 1999–2002 жылдар, екінші кітап 2003–2005 жылдар шегіндегі оқиғаларды бейнелейді. Нақ сол оймен осында пайдаланылған амал бесінші томда да қолданылды.

* * *

2003 жыл Қазақстан үшін өзіндік бір суайырығына айналып, 1990 жылдардағы сырқатты да күрделі құрылымдық-институционалдық реформалардың аяқталуын және қарыштап экономикалық өсудің

басталуын нобайлады. 2003 жылы тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығының әлеуметтік-экономикалық қатынастардың түбегейлі өзгертілуін қамтитын өзекті міндетіне жалпы алғанда қол жеткені айдан анық болды.

Мәселен, жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім деңгейі бойынша Қазақстан Ресейден кейінгі екінші орынға шықты және іс жүзінде барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша көшбасшылар тобына қосылды. Өндірістің өсуі экономиканың барлық салаларында жүріп жатты, ақшаның құнсыздану қарқыны баяулады, теңге бағамы тұрақты күйінде қала берді, елдің алтын-валюта қоры айтарлықтай өсті.

Қазақстанның жаңа әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне көтерілуі аман қалу стратегиясынан өсу стратегиясына көшуге мүмкіндік берді, ал мұның өзі экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен оны түбегейлі жаңғыртып, әртараптандыру қажеттігін тудырды.

Реформалар ең алдымен ұлттық экономиканың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы секілді өзекті салаларын қамтығаны әбден табиғи.

2003 жылдан бастап Қазақстанның 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы жүзеге асырыла бастады, ол стратегия экономиканы шикізатқа мамандандырудан бас тартып, ұқсатушы өнеркәсіптің ғылымды мол пайдаланатын және жоғары технологиялы өндірісті интенсивті дамытуға қарай бет бұруына бағытталған.

Стратегияға сәйкес ішкі жалпы өнімнің энергия жұмсауы 2015 жылға қарай 2000 жылмен салыстырғанда 2 есе кемуге, ал ғылымды мол пайдаланатын және жоғары технологиялы өндірістің үлесі 10 еседен астам өсуге тиісті болады. Осылайша бағдарламаның түпкі мақсаты Қазақстанды өңірдің жоғары технологиялық тауарлар өндіруге және таяу жатқан, тез өсіп келе жатқан экономикаларға қызмет көрсетуге бағдарланған сервистік-технологиялық орталығына айналдыру болып белгіленген.

Стратегияны іске асыру мақсатында іс жүзінде бірден даму институттарының желісі қалыптастырылды, олар: Қазақстанның даму банкі, Инвестициялық және Инновациялық қорлар, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын, Маркетингтік және талдамалық зерттеулер орталығын, Экспорт пен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация, Инвестицияларға жәрдемдесетін қазақстандық орталық «Қазинвест».

Елдің экономикалық әлеуетін айқындайтын мұнай-газ және металлургия секторларында неғұрлым жоғары қайта өңдеулерді енгізуге, сондай-ақ машина жасауда, химия және мұнай химиясында, құрылыс индустриясында және жеңіл өнеркәсіпте индустриялық кластерлерді қалыптастыруға бағыт алынды.

Мұның үстіне, басымдық сондай-ақ жоғары технологияларды игеруге берілді. Атап айтқанда, мамандандырылған технопарктер – Алматы түбіндегі Алатау кентінде ақпараттық технологиялар орталығы,

Степногорск қаласында биотехнологиялық орталық, Курчатов қаласында ядролық технологиялар орталығы жасала бастады.

Қазақстан аумағында «Байқоңыр» ғарыш айлағының жұмыс істейтінін ескеріп, әлгі қатарда ғарыштық технологиялар өрісін ерекше бөліп айтуға болады.

Қазақстан халқына арналған «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» деген 2004 жылғы 19 наурыздағы Жолдауында Президент: «Байқоңыр» кешенін жалға беруден түсетін уақытша пайдадан Ресеймен бірлескен ғарыштық бағдарламалар мен жобаларға екпін беру өте маңызды... Бұл біздің ғарыштық ғылымымыз бен жаңа технологиялардың дамуына жәрдемдесетін болады», – деп мәлімдеді.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы үшін мүшелтой есепті 2005 жыл, адамзаттың тұңғыш ғарыш айлағына жарты ғасыр болған жыл Қазақстанның ғарыштық санасында бетбұрыс болды. 2005 жылдың 25 қаңтарында мемлекет басшысы өзінің жарлығымен Қазақстан Республикасында ғарыштық қызметті дамытудың 2005–2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті. Мұндай бағдарлама тұңғыш рет қабылданды және Қазақстанда ғарыштық қызметті дамытудағы қағидатты жаңа белесті ашып берді. Сол сәттен бастап Қазақстан төл ғарыштық индустриясын жасауға кірісті.

Осынау табыс алдында Ресеймен ұзақ жылдарға созылған, аса күрделі келіссөз үдерісі – әуелі ғарыш айлағының юрисдикциясы туралы, содан кейін бір-

лескен ғарыштық жобалардың мазмұны мен механизмдері жайында үдеріс жүрді.

Осымен қатар Қазақстан қуат көздерін экспорттау маршруттарын әртараптандыру жөніндегі белсенді іздестірулерін жалғастыра берді. Осылай 2004 жылғы 16–19 мамырда мемлекет басшысының мемлекеттік сапары барысында «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырын салу туралы келісімге қол қойылды. Бұл нағыз жарып өту болды, өйткені нақ сол сәтке дейін Қазақстан мүмкіндіктері тек қана ресейлік бағытпен шектелетін.

2005 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілген «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры Қазақстанның Каспий мұнай көздерін Қытаймен жалғастырған магистральдық «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының бірінші кезегін құрады. «Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры құрылысының толық аяқталуымен Қазақстан мұнайын шығыс бағытта экспорттау қамтамасыз етілді, Қазақстанда энергия көздерін әлемдік базарға тасымалдаудың әртараптандырылған жүйесін қалыптастыру ісі басталды.

Атап көрсету керек, индустриялық-инновациялық стратегия өзінің дәрменділігін оны іске асырудың алғашқы жылында-ақ айғақтай алды. Осылай, 2003 жылдың аяғына қарай 5 мұнай-химия кәсіпорны қалпына келтірілді; Балқаш қаласында мырыш өндіретін зауыт, Атырау қаласында полиэтилен құбырлар зауыттары, Каспий теңізінде айлақ және теңіз операцияларын қолдау инфрақұрылымы пайдалануға берілді;

Қостанай дизель зауытын іске қосу қамтамасыз етілді; жеңіл және тамақ өнеркәсібінің тұтас бір кәсіпорындарын қайта құрылымдау және қайта жабдықтау жүзеге асырылды. Қорытынды ретінде, 2003 жылы тәуелсіздік жылдары ішінде ұқсатушы өнеркәсіптің өсу қарқыны тұңғыш рет өндіруші өнеркәсіптің өсу қарқынынан асып түсті, тек машина жасаудың өзінде 20 %-дан асты.

Индустриялық саясатты іске асырумен бір мезгілде аграрлық реформа қолға алынды. Қазақстандағы экономикалық өзгерістердің қисыны агробизнестің ұтымды құрылымын қалыптастыруға, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ауылшаруашылық өндірісінің маркетингтік стратегияға көшуін қамтамасыз етуге және ішкі базарда импортты алмастыруға бағытталған жаңғыртуды талап ететін.

Осыған байланысты 2003–2005 жылдар Ауылды қолдау жылдары деп жарияланды. Осыған сәйкес негізге алынатын екі бағдарлама: 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түліктік бағдарлама және 2004–2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, қабылданды. Агроазық-түліктік бағдарлама агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру мен бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналса, ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасының негізгі мақсаты ауыл халқының орналасуын оңтайландыру негізінде ауыл өмірін қалыптастырудың қалыпты жағдайын жасау болды.

Сонымен бірге, басты меже, дау жоқ, ауыл шаруашылығына арналған жерлерге жеке меншікті енгізу болатын, ол ауыл шаруашылығының базар арнасына түпкілікті көшірілуін, осындай жолмен Қазақстандағы құрылымдық-институционалдық реформаның аяқталуын қамтамасыз ететін.

Жерге жеке меншікке қоғамдағы алуан көзқарасты ескере отырып, мемлекет басшысы осы мәселені жеке бақылауында ұстап, көрсетілген қадамның қажеттігін баспасөз беттерінде, жұртшылық алдында сөйлеген сөздерінде, халықпен және Парламент депутаттарымен толып жатқан кездесулерінде түсіндірумен болды. Мәселен, Жер кодексі бойынша Парламентте дауыс беру қарсаңында Президент депутаттар жадына ұстанымын жеткізіп, Жер кодексінің ең даулы баптары бойынша бірауызды пікірге келу үшін палаталар мәжілісіне қатысты.

Н. Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша бәсекеге қабілеттілікті арттыру міндеті барлық салаларды түп-түгел қамтуға тиіс. Бұл тақырып Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларда, сондай-ақ мемлекеттік кадр саясаты мәселелері жөніндегі кеңесте (2004 жылдың сәуірі), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығына арналған салтанатты жиналыста (2004 жылдың қыркүйегі), Қазақстан қаржыгерлерінің IV Конгресінде (2004 жылдың қарашасы), «Жаңа заман – жаңа экономика» дәрісінде (2004 жылдың желтоқсаны), «Қазақстан – 2030»

стратегиясы іс жүзінде» атты халықаралық конференциясында (2005 жылдың қазанында), Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыстағы «Біздің бағыт – жедел жаңғырту» сөзінде (2005 жылдың желтоқсаны) әннің қайырмасы секілді ұдайы қайталанып отырды.

* * *

Елімізде 1998 жылы конституциялық реформа аясында жүргізіліп жатқан саяси жүйені ырықтандыру үдерісі жаңа серпін алды.

2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» атты Жолдауында Н. Ә. Назарбаев елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің демократиялық реформаларын одан әрі тереңдету қажеттілігі туралы мәлімдеді.

Жолдау идеясы өзінің қисынды аяқталуын Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасында тапты, оны Президент «Отан» Республикалық саяси партиясының VII кезектен тыс маусым съезінде жариялады.

Жаңғыртудың стратегиялық бағыттары деп мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру; сайлау заңын ырықтандыру; әкімдер сайланбалылығын кезең-кезеңмен енгізу; Парламент өкілеттіктерін парламенттік көпшілік негізінде Үкіметті қалыптастыруға қатысу арқылы кеңейту, мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру; азаматтық қоғамның институттарымен ықпал-

дастықты одан әрі нығайту; жемқорлықпен күресті күшейту белгіленді.

Мемлекет басшысы ел жұртшылығын өзі мәлімдеген саяси реформалар бағдарламасының жан-жақты талқылануына қатысуға шақырды. Осы мақсатта оның бастамасы бойынша кезек-кезегімен Үкімет жанында Демократияландыру және азаматтық қоғамды одан әрі дамыту жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңес, Президент жанында Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия және, ақыр соңында, Қазақстан Республикасында Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия пішімінде жалпыұлттық үнқатысу алаңдары құрылды. Осынау жалпыұлттық пікірсайыстың қорытындылары 2007 жылы жасалған кезекті конституциялық реформаның негізіне алынды.

Елдегі демократияландыру жолдары туралы өрістеген жалпыұлттық пікірсайысты дамыта түсу үшін Н. Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша сондай-ақ «бейіндік» әңгіме алаңдары қалыптастырылып, іске кірісіп кетті, олардың ең ірілері – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңес және Азаматтық форум.

Осылай, 2003 жылғы 31 наурызда мемлекет басшысының төрағалығымен БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңестің бірінші отырысы өтті. «БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңестің» құрылуы – баспасөз санаға сіңіріп, өзін

елдің қоғамдық-саяси дамуының өзекті проблемалары мен міндеттерін шешуде өкіметтің нақты әрі тең құқықты әріптесі ретінде көрсетуіне қарай жасалған жаңа қадам, – деді Н. Ә. Назарбаев отырыс жұмысын ашарда. – Кеңес өзіне белгіленген зор өкілеттіктерді пайдалана отырып, баспасөзге, мемлекетке және қоғамға өзара қатынастарын, Конституция мен заңдарда белгіленген нормаларды жалпы алғанда реттеуге көмектесетін топтастырушы құрылымға айналуы тиіс. Тек осы негізде ғана біз БАҚ өрісінде демократиялық принциптердің үстемдігін қамтамасыз ете аламыз. Заңдылықтың бұлжымастай орындалуынсыз демократия мен бостандық мүмкін емес».

Мемлекеттің бейресми сектормен қарым-қатынасы да принципінде жаңа деңгейге көтерілді. «Әңгіме мемлекет пен бейресми ұйымдар әріптес ретінде көрінетін қарым-қатынастың жаңа үлгісін қалыптастыру туралы болып отыр. Сондықтан да бізге бірлескен жұмыстың стратегиясын анықтап алу маңызды. Бізде мақсат ортақ, ол – ырықтандыру, экономикалық жағынан күшті құқықтық мемлекет, дамыған азаматтық қоғам құру жолымен тұрақты ілгерілеуді қамтамасыз ету. Әрі біздің форум осы бағыттағы салмақты серпінге, ал әзірленген ұсыныстар бұдан былайғы да бірлескен жұмыс үшін негізге айналуға тиіс», – деп атап көрсетті Президент 2003 жылы 15 қазанда Азаматтық форум жұмысын ашарда.

Елдің мәдени өмірінде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аса маңызды оқиғаға айналды, оның

идеясын мемлекет басшысы 2003 жылы 4 сәуірде Қазақстан халқына Жолдауында айтқан-ды. Оның ойынша ол мына міндеттерді шешуге тиіс болатын: 1) халықтың орасан зор мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы мәдениетті, фольклорды, дәстүрлер мен ғұрыптарды зерттеп-білудің тұтас жүйесін жасау; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштердің қайта жасалуын қамтамасыз ету; 3) ұлттық әдебиет пен жазудың көп ғасырлық тәжірибесін қорыту және кең өрісті көркем, ғылыми, өмірбаяндық сериялар жасау; 4) әлемдік ғылыми ойдың, мәдениеттің және әдебиеттің ең үздік жетістіктерінің негізінде мемлекеттік тілде гуманитарлық білім берудің толық құнды қорын жасау.

Оның маңыздылығын түсіндіре келіп Қазақстан халықтары Ассамблеясының X сессиясында былай деді: «Әңгіме мінез-құлықтың патриархаттық пішімдерін қайта құру туралы емес, бізге адамгершілік қуат беретін, тарихтың буырқанған ағысында өзімізді сақтауымызға көмектесетін ежелгі және осы заманғы мәдениетіміздің үлгілері туралы болып отыр. Кей-кейде тарих «балалары ұмытқан нәрсені, немерелері еске түсіргісі келеді» дейтін лебізге сай келеді. Мәдениетті қайта оралту – біздің ортақ ісіміз. Қазақстанның мәдени мұрасы тек қазақ мәдениетін ғана емес, біздің елде өмір сүретін әрбір этностың мәдениетін де қамтиды. Сондықтан ұлттық-мәдени орталықтар осы бағдарламаны іске асыруға белсене қатысуға тиіс».

Елдің қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде Махамбет Өтемісовтің 200 жылдығын мерекелеу, Дүниежүзі қазақтардың III құрылтайы, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 60 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы айтулы оқиғаларға айналды.

* * *

Сыртқы саясат өрісінде Қазақстан еліміз өзі бастама көтеріп, өз жерінде ірі халықаралық форумды – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін және I Еуразия медиа-форумын ойдағыдай өткізіп, олар зор халықаралық жаңғырық алған, негізі 2002 жылы қаланған дәстүрді жалғастыра берді.

2003 жылғы 23–24 қыркүйекте орасан зор әрі толқитатын оқиға – Н. Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша шақырылған, конфессиялар үнқатысуы және өркениеттерді жақындастыру ұранымен адамзаттың рухани жетекшілерін жинаған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі өтті.

Съезді шақыру алдында зор дайындық жұмысы жүргізілді, оның бас ұйымдастырушысы мен насихатшысының рөлі мемлекетіміздің басшысының мойнына артылды. Форумнан көп уақыт бұрын-ақ Н. Ә. Назарбаев «Mainichi Shimbun» атты жапон газетінің тілшісімен былай ой бөлісті: ...Мен С. Хантингтон, Ф. Фукуяма суреттеген әрі басқа зерттеушілер қолдай жөнелген «өркениеттер қақтығысы» теориясының немесе «тарихтың ақыры» нұсқаларының

жақтасы емеспін. Оның үстіне менің елім – Қазақстан – өзінің тарихында да, бүгінде де түрлі өркениеттер мен мәдениеттердің араласуы әрбір жақтың дамуына жаңа серпін беретіндігінің әлдеқайда көп үлгілерін ұсынады. Рим Папасы Иоанн Павел II-нің жақында ғана халқының көпшілігі мұсылман Қазақстанға келіп қайтуы баршаға тән өзара құрмет пен тағаттылықтың қоғамда қол жеткен ауанын ділмар тану мысалы.

Сондықтан біз қатер көзін анықтауда адуын қорытынды жасаудан тартынуға тиіспіз. Біз «мұсылман» және «терроршы» ұғымдарын шатастырмауға немесе тәліптерді ауған халқына телімеуге тиістіміз. Ауғанның Бамиан провинциясында адамзат үшін баға жетпес Будда мүсіндерін атқан, қалай десеңіз де, надандар мен жабайылар, ал соларды қорғап, сақтап қалуға тырысқандар – жоғары мәдениетті гуманистер. Солай емес пе?... Сондықтан бәрі – мұсылмандар, христиандар, буддистер, синтоистер, иудейлер, барлық басқа конфессиялар мен сындарлы рухани білімдердің өкілдері – біздің терроризмді түп-тамырымен жоюға шамамыз жетеді.

Бірақ істі бетімен жіберсек, түсінік жұмысын жүргізбесек, сезім селінің сұңғыла секілді шешек атуына септесек, жұрттың діни сезімдерін кейбіреулердің қоздыра түсуіне жол берсек, мәдени ұқсастықтың ұсақ қайшылықтары мен таптаурындылықтарының өзі ғаламдық ауқымдағы ой жетпес алапат салдарларға апарып соқтыра алады. Сондықтан жердің барлық өркениетті адамдарының парызы – діни, этностық,

нәсілдік және басқа соғыстар мен егестер өткенде қалуы үшін бәрі істеу».

Съезд нәтижелерін бағалай келіп, журналистермен әңгімесінде Н. Ә. Назарбаев мынаны атап көрсетті: «Мұндай съезд өткізу фактісін мен орасан зор табыс, керек десеніз, тарихи жарып өту, тіпті адамзат дамуының жаңа белесінің басталуы деп қарастырамын. Діндер көшбасшылары съезде декларация қабылдап, онда әрбір адамның дінді ерікті таңдауын мойындады және діндердің бүкпесіз әңгімесіне балама жоқ деп мәлімдеді. Мен сондай-ақ съезді тұрақты ету, 3 жылда кемінде бір рет жиналу жөніндегі шешімін ерекше маңызды деп санаймын. Келесі съезді даярлау жөніндегі жұмыс нақ Қазақстанға сеніп тапсырылғаны мені қуантты.

Президент ретінде, адам ретінде, өз елінің азаматы ретінде мен әлемдік діндердің жетекшілері Қазақстанға бата бергеніне, оны «бейбітшілік пен татулық мекені» атағанына қуаныштымын».

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі алдында, 2003 жылғы 13 ақпанда, Алматы қаласында Н. Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша халықаралық бейбітшілік пен татулық конференциясы өтіп, онда ол дінаралық форум идеясын ортаға салғаны белгілі. Сол кезде Қазақстан көшбасшысы мәлімдегеніндей, форумның негізгі мақсаты – конфессияаралық және этносаралық қатынастардағы зорлық пен лаңға қарсылық ретінде діндер үнқатысуын жүзеге

асыру үшін тұрақты жұмыс істейтін халықаралық конфессияаралық институт құру.

Сондай-ақ Президенттің қатысуымен өткен «ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің үзілмес буыны» атты трансазиялық парламенттік форум (2003 жылғы маусым), «Еуразияшылдық: идеядан практикаға» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (2004 жылғы сәуір), «Қазақстан: бейбітшілік пен қауіпсіздік жолында халықаралық ынтымақтастықты нығайту» атты халықаралық симпозиум (2005 жылғы қазан), «Қазақстан – 2030» стратегиясы іс жүзінде» атты халықаралық конференция (2005 жылғы қазан), кезекті Еуразия медиа-форумдары да жарқын сыртқы саяси оқиғаларға айналды.

Барлық осынау шаралар арқылы Қазақстан жаңа ғаламдық сес көрсетулер мен қатерлерге қарсы қимылдау жөніндегі ұжымдық күш-жігердің қажеттілігі туралы идеяны басты арқау етіп өткізді.

Қазақстан өзінің халықаралық және мемлекетаралық жетекші құрылымдармен қатынастарын да осы негізде құрып отырды. Сол жылдары Қазақстанның БҰҰ-мен, НАТО-мен және ЕҚЫҰ-мен ынтымақтас-тығының негізгі мазмұнын терроризм, ұйымдасқан қылмыс, бақылаусыз көші-қон, есірткілер саудасы және жаппай қырып-жою қаруының таралуы түріндегі қатерлерді талдап, бейтараптандыру құрады.

Қазақстан сондай-ақ бұрынғысынша таяу көршілермен кірігу үдерістерінің белсенді жүргізушісі болып, олармен қатынастарын екі жақты да, ТМД,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Орталықазиялық ынтымақтастық ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы шеңберінде көп жақты да негізде дәйекті нығайтып отырды. Ол ол ма, 2003 жылғы ақпанда Қазақстан, Беларусь, Ресей және Украина Президенттері экономикалық кірігудің жаңа белесі мен Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру туралы келіссөздердің басталғаны туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Қазақстан дипломатиясының бет-бейне бедеріне айналған осынау көп бағытты дәйекті саясаттың заңды нәтижесі 2005 жылы 18 қаңтарда өзінің мән-маңызы жағынан тарихи оқиға – Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекара туралы шартқа қол қойылу болды. Соған қол қойылуымен біздің ел өзінің құрғақтағы шекараларының халықаралық құқықтық хатталуын толық аяқтады.

Бұл факт мәнінің аса маңызды екендігі мынада: Қазақстан мен Ресей арасындағы ұзындығы 7591 шақырымға созылатын шекара Қазақстанның көрші мемлекеттермен бүкіл сыртқы шекараларының ең ұзыны және әлемдегі ең ұзын құрғақтағы шекара екендігінде.

Шарт күрделі келіссөз үдерісінің және екі ел сарапшыларының ұзақ жылдарғы мұқият жұмысының нәтижесі болды. Ал оған екі мемлекет басшыларының 1998 жылғы 6 шілдедегі Бірлескен мәлімдемесі, сондай-ақ Мемлекеттік шекараны делимитациялау

туралы 1998 жылғы 12 желтоқсандағы хаттама негіз қалады.

Осынау дәуірлік уақиға туралы Н. Ә. Назарбаев кейінірек, 2005 жылы 29 қыркүйекте өткен I Дүниежүзі қазақтардың III құрылтайында былай деді: «Біздің ата-бабаларымыз жер, ұлттың өмірлік кеңістігі, сыртқы шекараларды қорғау мәселелеріне барлық замандарда ерекше және бірінші дәрежелі мән беріп отырды. Мына біз де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап нақ осы проблемалар шеңберін шешуге кірістік.

Қазақстанның өз тарихының ұзақ кезеңінде нағыз дербес мемлекет болудың толыққанды мүмкіндігі болмады. Әуелі екі ғасыр бойы патшалық Ресейдің отары, содан кейін 70 жылдан астам тек Кеңес Одағының 15 республикасының бірі ғана болды. КСРО-ның ыдырауы, оның әрбір республикасы жеке мемлекетке айналуы кезінде қазақ даласының байтағына жыртқыш сұғын қадаған талайлар табылды. Олардың аты-жөні мен түр-тұлғасын айтып жатпайын: отандық тарихымыздың білгірлеріне олар онсыз да бұлтартпастай анық белгілі.

Осыншалық күрделі жағдайда, тарих безбеніне ұлт тағдырының өзі түскен кезде, біз парасаттылық пен сабырлылық ұстадық та, барлық алыс-жақын көршілермен түбегейлі келіссөздер өрістетіп, елдің аумақтық тұрақтылығын орнықтыруға, сыртқы шекарасын нығайтуға кірістік. Ең әуелі біз Қытай Халық Республикасымен шекара аумағын анықтап

алып, онымен екі жақты шартқа қол қойдық. Атап өтуге болады, бұл нағыз жарып өту еді, өйткені бұрын патшалық Ресей де, Кеңес Одағы да Қытаймен шекара мәселесін біржолата шеше алмаған-ды. Біздің жағдайда мәселе ойдағыдай шешілді, әрі бір ғана рет және біржола, ешқандай күмән мен бүкпесіз шешілді.

Мемлекеттік шекара жөніндегі мәселелердің реттелуі және біздің екі бірдей аса ірі көршілермен тиісті шарттарға қол қоюымыз елдеріміздің арасындағы сенімді бүлдіруді мақсат еткен барлық қайта-қайта көтеріле берген долбарлар мен саяси алыпсатарлықтың аузына құм құйды да, ол елдер біздің жақсы көршілеріміз бен әріптестеріміз күйінде қалып отыр.

Оңтүстікте Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Түрікменстанмен соншалық байыпты да жауапты келіссөздер жүргізілді, сөйтіп олар да шекара туралы мәселенің толық ауқымды шешімдерімен аяқталды.

Нәтижеде Қазақстан Республикасы ұзындығы 14,5 мың шақырым болатын орасан зор шекарасының өн бойында мемлекет ауқымын түпкілікті белгілеп алып, бұл орайда бірде-бір күмәнді телім қалдырмай, мұны екі жақты құжаттармен бекітті.

Тәуелсіздік жылдары ішіндегі біздің жетістіктеріміздің ең бастысы осында және біз осымызбен замандастарымыздың алдында да, болашақ ұрпақтардың зердесінде де мақтана аламыз».

Қазақстан саяси күнтізбесінде Ресеймен «Ғасыр шартынан» басқа ештеңе болмаса да, жалғыз сол

оқиғаның арқасында 2003–2005 жылдарғы саяси маусым отандық тарих шежіресіне алтын әріптермен жазылар еді.

* * *

Ел үшін осындай қуатты оң ауанда 2005 жылдың желтоқсанында кезекті Президент сайлауы өтті.

Н. Ә. Назарбаев қазақстандықтарға сайлау алдында арнаған «Қазақстан – тек қана алға!» атты ұранды ұлт «Қазақстан арманына» жетудің даңғыл жолы, өзінің ұлттық идеясы ретінде қабылдады:

«... Табысқа қол жеткізіп, біз бүкіл әлемге ұлы болашаққа лайық екенімізді көрсеттік.

... Біз қол жеткен шекте де қалып қоймауға тиіспіз. Кім алға ұмтылмаса, сол үмітсіз артта қалады.

... Біз аттаған сайын бұрылмай, шегінбей алға ілгерілей беруге тиіспіз.

Мақсатқа тек солай ғана жетуге болады.

Сіздерге мен осы жолды ұсынамын.

Сабырмен және сеніммен біз сол жолмен болашаққа бірге жетеміз.

Мен сіздерді тек алға ұмтылуға шақырамын!

Болашақты тоқтата алмайсыз, бірақ оны жоспарлауға болады. Менің жоспарым қарапайым және оған жетуге болады, ол – біздің қарттарға қамқорлық пен игілік, жастарға жұмыс пен келешектілік, баршаға денсаулық пен білім, әрбір үйге тыныштық пен бақыт.

Қазақстан енді ешқашан дағдарыстар елі болмайды, қайта армандар орындалатын ел болады.

Қазақстан – тек қана алға!»

Н. Ә. Назарбаев даусыз жеңіске жеткен сайлаудың қорытындысы қазақстандықтардың Елбасының саяси жолын толық қолдайтынын қуаттап берді.

Бейбітшілік пен келісім халықаралық
конференциясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2003 жылғы 13 ақпан

**Қадірлі делегация басшылары,
конфессиялар өкілдері!
Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерге Қазақстанда, халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясында шын жүректен сәлем жолдаймын.

Ең алдымен біздің жоғары дәрежелі меймандарымызға – мемлекет басшылары мен делегациялар жетекшілеріне осы конференцияға қатысуға келіскені үшін алғыс айтқым келеді. Сіздердің осында болуыңыз сіздердің баршаға ортақ бейбітшілік пен келісім үшін

халықтар арасындағы үнқатысуды дамыту мәселелеріне зор мән беретіндеріңізді айғақтайды.

Мен осынау форумды өткізу жөніндегі бастаманы қолдап, оған қатысу мақсатымен Алматыға келгені үшін еврейлердің халықаралық ұйымдарының өкілдеріне алғысымды айтқым келеді.

Мен сондай-ақ аса ірі әлемдік конфессиялар: ислам, христиан православиелік және Рим-католик шіркеулерінің, иудей қауымының осы залда отырған өкілдеріне барынша ризамын. Сіздер арқылы мен жоғары мәртебелі жетекшілер мен сіздердің миллиондаған үмбеттеріңізге сәлем жолдаймын.

Әлемнің әртүрлі елдерінің бейресми ұйымдарын, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері болып отырған конференция қатысушыларына ерекше ризашылығымды білдіремін.

Осынау залда жиналған біздің бәріміз күрделі заманымызда әлемді неғұрлым қауіпсіз ету үшін әртүрлі елдер, діндер, мәдениеттер және өркениеттер арасындағы ашық үнқатысуды жолға қоюдың ортақ мақсатымен біріккенбіз. Бейбітшілік пен келісім халықаралық конференциясын өткізу бейбітшілік пен татулық жолындағы барлық ізгі ниетті біріктіруге зор үлес қосатынына кәміл сенемін.

Күні кеше ғана әлем қарама-қарсы лагерьлерге бөлініп тұрған болатын. Елдер мен халықтар дұшпандар мен одақтастар болып бөлінетін. Осынау бөліністің рәмізі Берлин қабырғасы болатын. Ол құлатылғалы бері 13 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде

әлемдік қауымдастық көптеген алауыздықты еңсеруде белгілі бір нәтижелерге жете алды. Бірақ өткеннің таптаурындылықтарынан түпкілікті азат болуға әлі шамамыз жеткен жоқ. Адамдар санасында адамзатты терісінің түсіне, діни сеніміне, бір яки басқа мәдени қыртысқа немесе идеологияларға жататынына қарап бөлетін кедергілер әлі қалып отыр. Бүгінде, бүкіл әлем терроризм пен экстремизмнің ғаламдық қатеріне ұшырап отырған кезде, нақ осынау көзге ілінбес қабырғалар төзімсіздікті, сенімсіздікті және дұшпандықты нәрлендіруде. Бұл осы заманның өзекті проблемаларының бірі, ол жан-жақты ой сарабынан өткізуді және оны шешу жолдарын іздестіруді талап етеді. Қазіргі дүниеде ксенофобия мен зорлықтың өсуіне ілік болған терроризмнің ауқымды актілері сонымен бір мезгілде осынау кесепатқа қарсы күресте барлық мемлекеттер мен қоғамдардың бірігуі қажеттігін көрсетіп берді. 2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейін әлемнің әртүрлі қалаларында әртүрлі діндерді ұстанатын адамдардың Америка Құрама Штаттарының халқымен ынтымағын білдіруі, терроризм – онымен күресте адамзатты бөлмей, қайта біріктіретін құбылыс екенін қандай сөздерден де артық дәлелдеп берді.

Әлемге қазір төніп тұрған жаһандық қатерлер мен сес көрсетулер нәсілге, ұлттық ұқсастыққа немесе діни ұстанымға негізделген айырмашылықтарды мойындамайды. Қауіпсіздіктің жоқтығын жаңадан түйсіну адамдардың санасына олардың материалдық игілігінің не әлеуметтік жағдайының деңгейіне қарамастан сіңді. Қауіп-қатерлер барша үшін бірдей. Бірақ бұл факт –

терроризм пен экстремизмге, ғаламдық сипаты бар басқа да қатерлерге қарсы тұруда бірігу үшін нақты негіз.

Бүгінде біз енді өзімізді тек аймақтық проблемалар ғана толқытатын, толғантатын жандай ойлап, қимылдай алмаймыз. Әлем жаһандану дәуіріне – даму мен жасампаздық үшін бұрын-соңды болмаған мүмкіндік дәуіріне аяқ басты. Адам қызметтің қай қырын – оқуды, денсаулық сақтауды, тіршілік өрісін қорғауды немесе терроризмні – алмайық, біз өсіп келе жатқан өзара тәуелділік абстракт ұғым болудан қалғанын көреміз. Жаһандану үдерісінің бір қыры – әлемді әмбебап-тандыруға ұмтылыс, бірдей құндылықтар мен мінез-құлық нормаларына бейілділік. Мұнда, сөз жоқ, жөн сәт те бар.

Бірақ медальдің екінші жағы да бар. Ол осы заманғы сан алуан және көп әлпетті әлемнің күрделі бояуына шағылысады. Бірақ жаһандану үдерісі қалай өрістесе де, ешқандай халық, мен бұған кәміл сенемін, өзінің тарихи, рухани және мәдени өзгешелігінен бас тартпайды. Әрбір мәдениеттің, кез келген өркениет пен дүниетанымның өмір сүруге және өзіне илтипатпен қарауға құқығы бар. Бұл адамзат тарихының барысымен күнілгері сіңірілген қасиет. Онымен санасу қажет. Сөйте тұра, ХХІ ғасырда қауіпсіздік әрқилы мәдениеттер мен діндердің тең құқықты дамуынсыз қамтамасыз етіле алмайды.

Сондықтан мәдениеттер мен өркениеттердің сан-алуандығын мойындаумен қатар, әлемнің жаңа сапалық ахуалға – ғаламдық өркениетке қарай эволюциясы

үдерісін қолдап отыру маңызды, ол эволюция басқа пікірлер мен сенімдерге, төзімділік пен бостандықтың, тағаттылықтың баршаға қабылданған құндылықтарына негізделе алар еді. Планетадағы мәдениеттер мен діндердің саналуандығын көкке көтеретін өркениетке негізделе алар еді. Кез келген дін өзінің өзегі бойынша бейбітшіл әрі биік парасатты.

Зорлық жасамау және төзімділік – түгелімен барлық діндердің етене канондарының бірі. Соған қарамастан, осы заманғы әлемде әлдекімдер дінді халықтар арасындағы алауыздық пен жанжалдарды лаулату құралы етіп пайдалануға тырысатынын көрмеуге болмайды. Өз кезегінде осы фактіні пайдаланып бүгінде әлемдік діндердің бірі – исламды экстремизм мен терроризмнің идеялық негізі етіп көрсету әрекеттері жасалып жүр. Осы негізде жекелеген өңірлер мен елдерде түрлі конфессиялар арасында дұшпандық пен өшпенділік өршітілуде. Және де орта ғасырлық сөз саптауды – «крест жорығы» және «жиһад» сөздерін барған сайын жиі естуге тура келіп жүр. Біз бұған үзілді-кесілді қарсымыз.

Ислам – адамзат тарихы мен мәдениетінің бейбітшілдік, теңдік, әділет және сабыр қағидаттарына бас ұратын етене бөлігі. Мұның үстіне, адамзат жылнамасы исламның басқа мәдениеттермен және діндермен жемісті үндеуінің толып жатқан мысалдарына бай.

Сондықтан біз қазір өмір сүріп отырған барлық өркениеттердің тең құқықтылығын жақтаймыз және қандай да болсын діннің басқалардан үстемдігін

көкке көтеруді жол беруге болмайтын нәрсе деп санаймыз.

Планетадағы бейбітшілік пен татулықты қолдау жөніндегі күш-жігердің ортасында жекелеген елдер арасындағы да, өркениеттер арасындағы да анық үнқатысу болуға тиісті. Мұндай үнқатысусыз планетаның мәдени саналуандығының өзі қатер астында қалуы мүмкін. Үнқатысу алауыздықтан, парасат көз жұмбайлықтан үстем тұруға тиісті.

Әлемнің саналуандығын адамзаттың әмбебап құндылығы екендігін мойындау өркениеттер үндесуінің негізіне алынуға тиісті. Бұл орайда халықтар олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшелігінен гөрі ортақ тағдырмен неғұрлым тығыз топтасқанын көру маңызды. Тек өзара сыйластық пен тең құқықтылыққа негізделген үнқатысу ғана әртүрлі халықтар мен өркениеттер арасындағы дұшпандық пен төзімсіздіктің туындауына тиімді қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Біздің конференция тарихи жағынан ұлы өркениеттердің – исламдық, христиандық, буддалық және конфуцишілдік өркениеттер ықпалдастығының орнына айналған Қазақстан жерінде өтіп жатыр. Қазақстанның байырғы жері түркі халықтары арасында пір тұтылатын ислам ойшылы әрі ағартушысы Қожа Ахмет Яссауидың соңғы мекеніне айналды. Алматыда еврейлер үшін қасиетті орындардың бірі – Любавич Ребесінің қабірі жатыр. Қарағандыда орыс

православие шіркеуінің помещьелік әулиелерінің бірі – Себастьян пірәдардың сүйегі де жерленген. Аңызға айналған Заратуштра өзінің жер бетіндегі жолын қазақстандық Алтай бөктерлерінің бірінен бастады дейтін пікір бар. Будда монастырьларының қалдықтары Сарыарқа мен Ертіс маңының ұланғайыр алқаптарында ұшырасады.

Әлемде нақ осындай өркениеттік-мәдени алуандығы бар елдер көп емес. Көп этносты мемлекет, ғасырлар бойғы рухани және мәдени дәстүрлердің мұрагері бола отырып, Қазақстан бүгінде өркендеудің жаңа көкжиектеріне қарай сенімді қарыштауда. 120-дан астам ұлыстар мен тілдердің, 40-тан астам конфессиялардың өкілдері болып табылатын менің отандастарым тәуелсіз мемлекеттіктің іргесін бірлесе қалауда. Елде экономикалық реформа жүзеге асырылуда, терең демократиялық өзгерістер жүргізілуде. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда мемлекет бастамашы болып, қолдап отырған тұрақты үндесу негізінде конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі үшін барлық жағдай жасалған. Тәуелсіз Қазақстанда алғашқылардың бірі болып қазақстандықтардың діни сенімдері бостандығына кепілдік беретін діни бірлестіктер туралы заң қабылданды. Осынау кезең ішінде елде жұмыс істейтін діни бірлестіктердің жалпы саны 4,5 еседен астам көбейіп, бүгінде 3 мыңнан астам бірлестіктерді құрайды. 1,5 мыңдай жаңа мешіттер салынды. 170-тен астам православиелік приходтар, 30-дан астам католиктік костелдер, протестанттық шіркеулердің 1 мыңнан астам құл-

шылық ететін үйлері мен миссиялары ашылды. 1991 жылы Қазақстан аумағында еврейлердің бір ғана синагогасы болса, қазір 20-ға жуығы жұмыс істейді. Ел ордасы Астанада бүгінде Орталық Азиядағы аса ірі иудей храмының құрылысы жүргізіліп жатыр. Осының бәрі – Қазақстанның конфессиялық саналуандығының ғана емес, еліміз азаматтарының рухани мәдениетін, олардың діни құлшылығына қарамастан, қайта тірілту жөніндегі мемлекеттің қамқорлығының көрнекі айғағы.

Елде конфессияаралық және этносаралық татулық мәселесіне ерекше мән беріледі, мұны әлемдік қауымдастық атап өтуде. Өзінің Қазақстанға сапары кезінде БҰҰ-ның бас хатшысы Кофи Аннан біздің елді әлемнің басқа елдері үшін тұрақтылық пен орнықты дамудың үлгісі деп атады.

Сондықтан бүгін мен барлық конфессиялардың өкілдеріне Қазақстанда әлемдік діндердің конфессияаралық съезін өткізу туралы бастамамен сөз арнап отырмын. Атап айтқанда, сондай съезд идеясы менің Ватиканға сапарым кезінде Рим-католик шіркеуінің өкілдерінде қағидатты түрде қолдау тапты.

Біздің ел халықаралық өмірдің өзекті проблемаларын шешу ісіне белсене қатысуда. Өзінің геосаяси жағдайына орай Қазақстан барлық жетекші мемлекеттермен және халықаралық институттармен қауіпсіздік саласында белсенді ықпалдастықты серпінді дамытуға ұмтылады. Біз терроризмнен күрес жөніндегі ғаламдық күш-жігерді сөз айтпай

қолдадық. Өткен жылдың маусымында Алматыда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің алғашқы саммиті өтті. Саммитте қол қойылған Алматы актісінің және Терроризмні жою және өркениеттер арасындағы үндесуге жәрдемдесу туралы декларацияның төтенше маңызды мәні бар. Азия құрлығында тұңғыш рет өңірлік және жаһандық деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге елеулі үлес қосатын құжаттар қабылданды.

Ашықтық пен ынтымақтастық рухы – біздің халық дәстүрінің бір бөлігі. Есте жоқ ескі замандардан бері Қазақстан әрқилы әдет-ғұрыптар мен мәдениеттердің тоғысқан жері болып келеді. Шынын айтқанда, Алматыда халықаралық бейбітшілік пен татулық конференциясын өткізу туралы менің бастамам содан туындады. Конференцияға қатысушылардың қарауына ұсынылған оның қорытынды құжатының жобасында – Бейбітшілік және тұрақтылық декларациясында біздің халықтар арасындағы қатынастарды жақындастыруға, өркениеттер арасындағы үндесуді дамытуға ортақ ұмтылысымыз барынша толық бейнеленген.

Бүгінде құрылып жатқан Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы сондай тұрақтылықты жолға қоюдың пәрменді құралы болатынына кәміл сенемін. Қасиетті Құранда: «Тек басқаларға жақсылық жасап қана сенің өзің де Алланың құлағына шалынасың» делінген. Қасиетті Жазбада былай делінеді: «Ізгі жанға жақсылық жаса, сонда сыйға сен де иесің».

Салтанатын өз маңайымыздан көргіміз келетін принциптерді белсенді ұстануға бел байлаумен күш қосайық. Осынау асқақ дәрежедегі жауапты да ізгі миссия жеке-жеке алғанда біздің әрқайсымыздан және бірге алғанда біздің бәрімізден басталады деп мәлімдейік.

Ресейдегі Қазақстан жылының
ашылу рәсімінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы,
2003 жылғы 18 ақпан

**Қадірлі Владимир Владимирович!
Қадірлі ханымдар мен мырзалар!**

Біздің делегация атынан, барлық қазақстандықтар атынан осы залға келіп отырғандарға, сіздер арқылы барлық ресейліктерге сақтап қалынған достық, бауырлық, ізгі қатынас үшін, жылы да ықыласты қабылдау, осы күндері біз сезініп отырған ілтипат пен қамқорлық үшін шын жүректен алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Сіздердің барлығыңызды Ресейдегі Қазақстан жылының ресми ашылуымен құттықтаймын, ол біздің

елдеріміз бен халықтарымыз тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі қатынастарында сапалық тұрғыдан жаңа белес басталғанын аңғартатын айтулы оқиға болып табылады.

Жаңа заман биігінен орыс және қазақ мемлекеттерінің, біздің халықтарымыздың тарихи байланыстары мен өзара сенімінің тереңде жатқан мән-маңызы ерекше анық көрінеді. Осынау сенімнің тарихи заңдылығы есте жоқ ескі заманнан, Киев Русі мен Дешті Қыпшақ заманынан, біздің ұлы бабаларымыз Дмитрий Донской мен Петр I, Жәнібек пен Тәуке заманынан, біздің елдердің жүздеген ұлы билеушілерінің, біздің елдердің ойшылдарының, халық батырларының ынтымақтастығынан бері үзілмей келеді. 1113 жылы жазылды деп есептелетін «Заман жылдарының хикаятының» өзінде Қазақстанның тарихы мен географиясы туралы мәліметтер бар. Ал түркі тарихшысы Қадырғали Жалаири жұмыстары ежелгі орыс князьдіктері туралы әңгімелейді.

Бүгінде ғылыми қорларда бар материал біздің ата-бабаларымыз XV ғасыр басы тұсында бір-бірін тәп-тәуір білген және сол кездің өзінде белсенді сауда-экономикалық, саяси және әскери араластықты дамыта бастады деуге мүмкіндік береді. Олар ортақ сыртқы жаудың болуымен, өздерінің дәстүрлі аумақтарын сақтау, зұлмат жылдарда тірі қалу, сауда жолдары мен сауданың өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерімен күнілгері айқындалған.

Сақталып қалған тарихи құжаттардан, мысалы, XVIII ғасырдың басына қарай Ресеймен сауда жасаған

қазақ көпестерінің саны Орталық Азиямен сауда жасағандар санынан артық болғаны белгілі. Біздің Шығыстану институтының ғылыми жазбаларында «Ресеймен жалпы саны 300 мың отбасыға жететін 220 ата, 40 ру сауда жасап тұрды» делінген, бұл кез келген басқа бағыттағыдан айтарлықтай көп.

XVIII ғасырдың аяғынан бастап, тағдыр ырқымен қазақтар мен орыстар 260 жыл бір мемлекеттің – әуелі Ресейлік, кейін Кеңестік мемлекеттің құрамында өмір сүрді. Осынау кезеңдерге бір мағынада баға беруге болмайды, бірақ мен әрқашан екі халық үшін біріктіретін, оң ынғайдағы және ілгерішіл істер араздастырушы істерден қашанда көп болды деп санаған және әлі де солай санаймын. Ол ол ма, жай күндері де, мереке күндері де, жеңістер мен зұлмат жылдар сынағында да қарапайым жұрт, орыс және қазақ зияткерлері әрқашанда бірге болды, барлық қиындықтар мен қасіретті теңдей, бауырларша бөлісті.

Орыс мәдениеті мен орыс тілінің қазақ ұлттық мәдениетінің дамуына қосқан үлесіне баға жетпейді. Қазақтардың дүниетанымына ықпал еткен жүздеген аса көрнекті ресейліктерді атауға болады. Олардың арасында Пушкин мен Достоевский, Семёнов-Тян-Шанский мен Мушкетов, және көптеген басқалар бар. Абай мензы, Уәлиханов пен Алтынсарин, қазақ жерінің басқа да ұлы перзенттері секілді қазақ санаткерлерінің, ғалымдарының, ақындары мен композиторларының дүниетанымы Ресей мәдениетінің ықпалынсыз қалыптасты дей алмаймыз. Сөз орайында айта кетелік, олар орыс тәжінің бодандары болды

және әлемдік өркениетке бірталай үлес қосып, оған өз парызын лайықты ақтады.

Біз бірге тұрған ғасырлар өзінше бір еуразиялық ортақтықты жасады.

Біз – қанымыз жағынан, бостандық пен тәуелсіздік үшін күресте, лайықты өмір үшін күресте бірге төккен қанымыз жағынан бауырлармыз.

Біз – тарихи туысқандық, дүниетанымымыз бен мәдениетіміздің ортақтығы жағынан бауырлармыз.

Біз – өзіміздің қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларымыз бен басымдықтарымызда бейнеленген өмірлік мақсаттарымыз бен ұстанымымыз жағынан бауырлармыз.

Және осынау еуразиялық ортақтығымызды біз тек сақтап қана қалғанымыз жоқ, тарихтың бір шеңбері бізді бөліп, тәуелсіз мемлекетке айналған қазіргі күнде оны жаңа, неғұрлым жоғары сатыға көтеріп жатырмыз.

Біздің өткеніміз ортақ, болашаққа мұраттарымыз ортақ, олар – демократиялық қоғам, ашық экономика, тұрақтылық, азаматтық және ұлтаралық татулық, бүкіл әлемдегі қауіпсіздік пен ілгерілеу. Әбден-ақ көрнекі қатар жатқан мысалдарды келтірейін.

Ресей Федерациясы Президентінің өткен жылғы Федералды жиналысқа Жолдауында былай делінген: «Біз Ресейді өркендеген әрі дәулетті ел етуге тиіспіз. Онда өмір сүру жайлы және қауіпсіз болуы үшін. Адамдар еркін еңбек ете алуы, шектеулерсіз және қорқынышсыз өзі мен балаларына нәпақа таба алуы үшін». Және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі

Даму стратегиясынан үзінді келтірейін. Онда біздің мақсатымыз өзіне тән ұлттық бірлікпен, әлеуметтік әділеттілікпен, бүкіл халықтың экономикалық дәулеттілігімен тәуелсіз, өркендеген және саяси жағынан тұрақты Қазақстан құру болып табылады, делінген. Біздің мемлекеттер бұл мақсатқа жетуге табанды да бұлтармай жүріп келеді.

Ресей жылдан жылға дамып, нығайып келе жатқанына, өз әлеуетін барлық өрістерде үстемелеп келе жатқанына, өзекті экономикалық, саяси және әкімшілік реформаларын жігерлі де табанды жүргізіп жатқанына шын жүректен қуанамыз. Салмақты сыртқы саяси бағыттың арқасында халықаралық аренада сіздердің еліңіздің беделі мен ықпалы артып келеді. Біз, бәлкім, өркендеген күшті Ресейге, сенімді әріптес пен жақсы досқа кімнен де болсын артық мүдделі шығармыз. Тұрақты, күшті, дәулетті де сәулетті Ресей оның көршілері үшін ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастық үшін де маңызды.

Мына жайды атап көрсеткім келеді: тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз Ресеймен шынайы және әріптестік қатынастарын дамытудың Қазақстан үшін басымдық сипаты бар, деп мәлімдедік. Өткен жылдардың бәрінде біздің ұстанымымыз ешбір өзгерген жоқ.

Бүгінгі күнге біз саяси сенімнің жоғары дәрежесіне, өзара сыйластыққа және тең құқықты әріптестікке негізделген, сапалық тұрғыдан жаңа қатынастардың берік негізін қаладық. Экономиканың, бизнес пен мәдениеттің біздің белсенді және шығармашы аралас-құраластығымыз дами түспеген, материалдық

және рухани құндылықтар алмасу жүргізілмеген саласы жоқ. Бірақ, ертеңгі күннің қамын ойлай отырып, біз өз елдеріміз бен халықтарымыздың арасындағы қатынастарды одан әрі дамытып, тереңдете беру үшін бізге байланысты нәрсенің бәрін істеуге міндеттіміз. Меніңше, Ресейде Қазақстан жылын өткізудің басты мақсаты да осында.

Біз экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтудің, нақты стратегиялық әріптестікті дәйекті дамытудың жаңа көкжиектерін ашуға тиіспіз. Адамдар, өзіміздің көп ұлтты мемлекеттеріміздің азаматтары достық пен ынтымақтастықтың бізді байланыстырып тұрған мыңдаған арқаулары көбейе түскенін, бұрынғысынша ниеттеріміз бен ұмтылыстарымызда бір екенімізді, осы заманғы қатал заманда, бір бірімізге бұрынғыдай керек екенімізді көзімен көріп, ой жеткізуі үшін бәрін істеуіміз керек. Ашық шекара, тауарлардың, жұмыс күшінің және капиталдың еркін орын ауыстыруы жағдайында өзара сауда өрісінде Қазақстан-Ресей ықпалдастығына бөгет жасайтын кез келген кедергіні жою, біздің қаражат-банк жүйелерін жақындастыру жөнінде шаралар қабылдау міндеті алда тұр. Бізге мемлекеттердің – Ресей мен Қазақстанның жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алу ісінде біздің азаматтарымыздың құқықтары мен мүдделерін барынша қамтамасыз етуге қамқорлығын күшейту керек. Нақты алғанда, әңгіме Еуразиялық экономикалық қоғамдастық қабылдаған «Қарапайым адамдарға қарай 10 қарапайым қадам» бағдарламасын толық ауқымында іске асыру

туралы болып отыр. Бұл арада бірқатар тұғырлар бойынша біз батпақтай бастадық.

Мен кейде естіліп қалатын «айрылып қалған мүмкіндіктер мен орны толмайтын шығындар» теориясының қарсыласымын. Иә, бірдеңеден айрылып қалу, жеріне жеткізбеу, шегіну жаман. Бәрін де, әр кезде де түзетуге болады. Және мұны жасауды бастау ешқашан кеш болмайды. Бұл үшін бізде барлық алғышарттар бар және олардың ең бастылары біздің елдердің саяси басшылығы мен халқының игі ерік-күші мен ниеті. Біз Қазақстан мен Ресей арасындағы Мәңгілік достық туралы шарт құр мәлімдеу емес, қалыптасқан және дамып келе жатқан қатынастар жүйесі екенін жұрттың сезінуін қалаймыз.

Ынтымақтастығымызды нығайтудың пайдалы екеніне төтенше маңызды тағы бір уәж мынадай. Бүгінде біз күрделі әлемде өмір сүріп жатырмыз, онда ортақ үміттер ғана емес, мемлекеттердің, олардың азаматтарының мүдделерін тереңнен қозғайтын мазасыз жайлар да бар. Олар – жаһандық және өңірлік жанжалдардың, халықаралық терроризмнің, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың, заңсыз көші-қонның, есірткілер мен қару-жарақтың таралу қатерлері. Біздің оған бірлесе қарсы тұруымыз қажет. Ұлттық мүдделер мүддесіне, елдеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіне осы заманның барлық өткір мәселелері бойынша сәйкесетін, үйлестірілген ұстанымымыз болуы керек. Және атап өтуге тиіспін, бұл бағытта біз тиімді ілгерілеп келеміз.

Халықаралық және өңірлік ықпалдасу бірлестіктерінің шеңберінде Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынас белсенді дамып келеді. Ең әуелі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымында, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымында, жетекші халықаралық ұйымдарда. Және мені мынау қуантады: халықтар арасында өзара түсіністік, өзара көмек, татулық және сенім дәнін себуге ықпалдасу саясаты қабілетті дегенде, Ресей Президенті Владимир Владимирович Путинмен біздің ортақ тұғырымыз бар. Мұны Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін ұйымдастыруға Ресейдің белсене қатысуы айғақтайды. Ол осынау үдерісті одан әрі ілгерілетудің заңды локомотивтерінің бірі.

Қымбатты достар!

Бүгін осында, ұлы Ресей жерінде, ежелгі әрі қашанда тамаша Мәскеуде біз мерекелік ортақ дастарқан басына жиналған тату да бақытты отбасыға тән сезімдерді бастан кешіріп отырмыз. Және бұл шынында да мейрам, ізгі дәстүрлердің қайта туындауы мен жаңа бастамалар мейрамы.

Бүкіл жан-тәніммен баршаңызды тағы бір рет Ресейдегі Қазақстан жылының ресми ашылуымен құттықтаймын. Қазақстан мен Ресейдің бауырлас халықтарына игілік, бейбітшілік және өркендеуді тілеймін!

ЕурАзЭҚ І экономикалық форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы,
2003 жылғы 19 ақпан

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Баршаңызды Еуразиялық экономикалық қоғамдастық үшін ірі оқиғамен – І экономикалық форумды өткізумен құттықтауға рұқсат етіңіздер, ол біздің интеграциялық бірлестігіміз үшін сындарлы саясатты кешенді ой елегінен өткізудің басталғанын білдіреді.

Өздеріңіз білесіздер, кеше Ресейдегі Қазақстан жылының ресми ашылуы өтті. Оның өлшемдері, басқа мәселелермен қоса, екі жақты экономикалық

ынтымақтастық өрісін қамтиды. Мен, Ресей Президенті секілді, ол барлық басқа әріптестермен ықпалдастықсыз мүмкін емес деп білемін. Сондықтан, маған берілген мүмкіндікті пайдаланып, ЕурАзЭҚ шеңберінде ықпалдастық проблемаларының бейнесіне, Қазақстандағы экономиканың ахуалына және бизнес жүргізу мүмкіндіктеріне қысқаша тоқталғым, сондай-ақ біздің жоспарларымыз туралы әңгімелеп бергім келеді.

Жаһандану жағдайында ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін және ортақ өңірлік базарлардың қалыптастырылуын қамтамасыз етудің шешуші дерлік мәні бар екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Осыған байланысты, біздің одаққа сыни тұрғыдан, сырттан қарағандай қарап, өзімізді басқа өңірлік бірлестіктермен, әсіресе Еуропалық экономикалық одақпен салыстырып көрейік.

Бірінші. Өз географиясына, табиғи-климаттық жағдайларына байланысты біздің өңір өнім бірлігіне есептегенде энергетикалық және көліктік шығын жағынан айтарлықтай ұтылатынын бәріміз түсінеміз. Бірақ тағдыр солай бұйырыпты. Бірақ, басқа жағынан алғанда, жиынтықтай келгенде біз неғұрлым елеулі әлеуеттік артықшылықтарға иеміз, олар біздің әлсіздіктерімізді азайтып, бәсекеге қабілеттілігімізді күшейтуге қабілетті. Басқасын қоя тұрып жер ресурсын – ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемін алайық. Осы көрсеткіш бойынша әлемде әлдекім абсолютті ауқым бойынша да, салыстырмалы, яғни халықтың жан басына есептеу бойынша да бізбен теңесе алар ма екен.

Осында бизнесмендер отыр, сондықтан көкейге қонымды етіп ұйымдастырылған экономика, жұмыс істейтін заңдар, әлемдік бәсекелестікке дайындалған ауыл өндірісшілері қажетті техникамен жарақталған, жұмысқа қажет капиталмен қамтамасыз етілген тұста біз әлемдік базардағы өз орнымызды елеулі ұлғайтып, адамзаттың айтарлықтай бөлігін тойындыруға қабілетті екенімізді сіздерге түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Сондай-ақ осынау уәждер, әрине, сіздерге жаңалық та емес және ол біздің бәріміз қазір азық-түліктің әлемдік базарларында ортақтасып, картель түрінде қимылдау өте маңызды екенін түсінуіміз үшін келтірілді. Амал қанша, көп істе бәрі керісінше жүріп жатыр.

Екінші. Тегінде, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың жалпы аумағы планетадағы қуат көзі ең мол өңір екендігіне ешкім дауласа қоймас. Бұл тұрғыдан оны тек Таяу Шығыспен салыстыруға болар. Бірақ осынау орасан зор әлеуетті іске қосу үшін бізге біртұтас, баршамызға пайдалы әлемдік базарға шығудың картельдік саясатын бірлесе әзірлеп, дәйекті жүзеге асыру барынша қажет. Бұл жайда өзекті рөл энергетика инфрақұрылымын жасауға, яғни мұнай және газ құбырларын, теңіз порттарын және терминалдарын салып, дамытуға тиесілі болуға тиіс.

Үшінші. Біздің даусыз артықшылықтарымыздың қатарына қуатты транзиттік әлеует жатады, ол бізге Еуропа мен Азия арасындағы саудада тиімді делдал рөлін мойнымызға алу мүмкіндігін береді. Сараптамалық бағалаулар бойынша қазірдің өзінде дүниенің

осынау бөліктерінің арасындағы жүк ағымдары 100 млн-дай тоннаны құрайды және ол тез ұлғая береді. Осынау өрісте бұл ағыстың мол бөлігін «қаратып» алу үшін қуатты, баршаға пайдалы, үйлестірілген саясат қажет. Амал қанша, бұл арада да әзірге нақты, мінсіз жолға қойылған істен гөрі түсінбестіктер көп.

Төртінші. Сондай-ақ өзара кооперацияның бірте-бірте айрылып қалып жатқан артықшылықтары, өзара сауданың үлесі салмағының азая түсуі туралы да айту керек.

Бесінші. Біздің бизнесмендердің арасындағы шетелдік валютамен есеп айырысу жүйесі де нонсенс болып табылады, біз теп-тегіс жерде бөтен «нағашымызға» өз еңбегіміз бен құнның бір бөлігін ырзалықпен беріп келеміз. Біздің валюталарымыздың өзара айырбасталуын енгізу, ал 2011 жылға қарай ЕурАзЭҚ-тың төл валютасын енгізу әбден қолдан келеді.

Біздің бірлестіктің әлі де жетіп артылатын әлсіз жасампаздық құрамы тұсында басқа проблемалар аз қордаланған жоқ. Себептер, менің ойымша, осынау проблемалардың өткірлігін басқарушы және бизнес элита тарапының жеткілікті түсінбеуінен, олардың тарапынан қажетті бастаманың жоқтығынан. Ортақ экономикалық кеңістікті барынша тезірек қалыптастыру қажет екендігін баршасы түсінетін-ақ сықылды. Және ережелер сол кеңістікте жұмыс істеу отандық бизнеске сыртқы базарда істеуден тиімдірек болатындай етіп жазылуға тиісті. Бірақ, айта беретіндей, бәрі бәз-баяғыдай.

Бұл бағыттағы көп шаруа Кеден одағы шеңберінде-ақ істелген болатын. Біз өзара саудада елдердің аумағында өндірілетін тауарларға кедендік баж салығын алып тастадық, жанама салықтарды апарылатын жерінде алу қағидатына көштік, ортақ кедендік нарықты 60 % етіп қалыптастырдық. Бірақ соңғы кезде ықпалдастық үдерісіндегі тоқырау көзге ұрып тұр. Қоғамдастық елдері қол жеткен уағдаластықтарды көбіне-көп ұмытып қалады, ал кейде бір біріне қарсы қорғаныстық және демпингке қарсы санкцияларды қолданады. Мәселен, Кеден одағы шеңберінде де, екі жақты қатынастарда да мұнайды Ресей құбырлары арқылы экспортқа айдау шарттары бойынша тұтас бір келісімдер бар. Алайда әзірге қазақстандық экспортерлер үшін, тарифтер, мысалы, ресейлік экспортерлерге қарағанда, 2,5 есе жоғары. Ресейде теміржол нарқының ұдайы өсіріліп отыруы да ауыздан түспейтін әңгімеге айналды, ал мұндай өсіру оның әріптестерін сауданың басқа бағыттарын іздеуге мәжбүрлейді. Өзімізді сынаудан да тартынбауымыз керек: бұл жағынан Қазақстан да әрқашан биікте бола бермейді. Десек те, саяси элита да, бизнес элита да біртұтас базардың маңыздылығын түсінер: ведомостволық, қасаң ұлттық немесе жекелік мүдделерден биігірек тұрар деп үміттенемін.

Ахуалды оңалту жөніндегі Қазақстан ұсыныстары Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қатысушы елдерінің бәріне жіберілді және қазір, тегінде, ой елегінен өткізіліп, талқыланып жатуы ықтимал. Бүгін соншалық өкілдікті қоғам жиналғанын ескеріп,

мен азырақ Қазақстанның экономикасы, мүмкіндіктері және жоспарлары туралы айта кетпекпін. Амал нешік, біз осынау 10–12 жыл ішінде өзіміздің ішкі проблемаларымызды шешуге белшемізден батып, қатты алшақтасып кеттік, енді бір-біріміз туралы нашар білеміз. Бірақ нақ соңғы жылдары біздің экономикаларымыз өрлеу траекториясына шықты. Өрі мен іскер және саяси топтардың біздің әрбір мемлекетіміздің істегі ахуалы мен мүмкіндіктері туралы кеңінен ақпарат алмасуын ұйымдастыратын уақыт жетті, деп ойлаймын.

Қазақстан 1990-шы жылдардың басындағы ұзақ және кейде сәтсіз ізденістерден кейін мынадай фактіні ой елегінен өткізуге тоқтады: өтпелі кезең үшін неғұрлым қолайлы модель атқарушы биліктің басқарылуы орталықтандырылған вертикалін құру, қоғамда тәртіпті нығайту болып табылады деп шешті. Бұл орайда экономиканы ырықтандыру мен демократияландыру қажет. Мұның өзі бүкіл қажет әлеуметтік-экономикалық реформаларды жылдам әрі жігерлі жүзеге асыруға мүмкіндік берді, дегенмен сол реформалардың үлкен бөлігі, сөз жоқ, халық қоштай қоймайтындар санатына жатады. Өз реформаларымызда біз қаржы-қаражат секторын реформалау мен дамытуға және макроэкономикалық тұрақтандыруға, инвестициялық және индустриялық саясатты қалыптастыру негіздері ретінде салықтық-бюджеттік және әлеуметтік өрістер реформаларына басым сипат бердік.

Соңғы жылдары біз бұрынырақ жүзеге асырылған реформалардың қайтарымын анық сезініп жүрміз. Экономикалық өсім соңғы 3 жылда орта есеппен 10 %-дан астам болды. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім деңгейі бойынша біз екінші орынға мықтап ие болдық және Ресейдің сондай көрсеткішіне біртіндеп жақындап келеміз. Инфляция соңғы жылдары 6–7 % деңгейінде тұр, мұның өзі Ұлттық банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін 7,5 %-ға дейін кемітуге мүмкіндік берді. Соңғы 7 жыл ішінде банкілер саны 230-дан астам 37-ге дейін қысқарды, соңғысының 17-сі шет елдердің қатысуымен құрылған банктер. 1 банктің капиталдануының орташа деңгейі – долларға шаққанда 30 млн долларға тең. Банктердің жиынтық активтері 7,6 млрд доллардан асып түсті. Қазақстандық қаржы-қаражат жүйесі бухгалтерлік есеп пен реттеудің халықаралық үлгі-қалыптарына көшіріліп болды. Бізде оның қызметінің барлық қырларын 2007 жылға қарай еуропалық стандарттар деңгейіне шығару міндеті қойылды.

Қазақстанда міне 5 жыл бойы жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істеп тұр. Оның активтері қазірдің өзінде 2 млрд доллардан асты әрі жылдам көбейтілуде. Сіздерге түсінікті болу үшін: қазақстандық цифрларды 15-ке көбейтіңіз, сонда оларды ресейлік ауқыммен салыстыруға болады. Бізде әлемдік жүйеге барынша жақындатылған сенімді төлем жүйесі құрылып, нақты уақыт режимінде жұмыс істеуде. Қазақстандық банктер шығарған пластик кәртішкелердің саны 1,5 млн дананы құрайды. Бұл жұмыс

істейтіндер санының 25 %-ындай. Бізде мемлекеттік сыртқы қарыздың көлемі төмен, ішкі жалпы өнімнің 12 %-дайын құрайды.

Қазақстан 2000 жылы ХВҚ алдындағы 400 млн доллар соңғы қарызын төлеп бітірді, енді оған қарызы жоқ. 2001 жылы біз резервтегі Ұлттық қорды құрдық, онда қазірдің өзінде 2 млрд доллардай қаражат жиналды, ол ІЖӨ-нің 8 %-на жуық. Бұл қор мұнайдың 1 баррелінің құны 10 доллар болған жағдайда да бюджетті 1,5–2 жыл қорғай алады. Ұлттық банктің алтын-валюта қоры Ұлттық қор активімен бірге 5,7 млрд долларды құрайды және импорттың жарты жылдық қажетін өтей алады.

Біз жарғылық капиталы 200 млн доллар Даму банкіні құрдық және оны таяудағы 5–6 жыл ішінде 1 млрд долларға жеткізбекпіз. Бүгінде банк әзірге тек қазақстандық кәсіпорындарды несиелейді, бірақ таяу болашақта оның Еуразиялық экономикалық қоғамдастық және, бәлкім, ТМД кеңістігіндегі жобаларды несиелеу мүмкіндігін қарастырмақпыз.

Тәуелсіздік жылдарында елдің экономикасына шетелдік тікелей инвестициялар көлемі 20 млрд доллар, яғни халықтың жан басына шаққанда 1 мың доллардан астам болды. 1995 жылы бізде валютамен түскен пайданы міндетті түрде сату тоқтатылды. Қазір капиталдық валюта операцияларын ырықтандырудың бірінші белесі жүріп жатыр. 2007 жылға біз капитал есебінің толық ырықтандырылуын жоспарлап отырмыз. Өткен жылы Қазақстан тұңғыш рет капиталдың

таза нетто-экспортерына айналды. «Moody's Investors Service» агенттігі шетелдік валютадағы облигациялар бойынша және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімдік қарыз алу бойынша алыпсатарлық емес, инвестициялық рейтинг бергені біз үшін өте маңызды.

Осының бәрін мен мынаны атап көрсету үшін айтып тұрмын: бүгінде Қазақстанның мемлекеттік секторы да, жеке секторы да жеткілікті капиталданған, Еуразиялық қоғамдастық аумағында дербес те, бірлескен де жобаларды жүзеге асыруға қабілетті және дайын. Сөз жоқ, біздің экономика жаңа бизнес-идеялар мен бизнес-жобаларға мұқтаж, сондықтан өз экономикамызға Еуразиялық экономикалық қоғамдастық елдерінен жеке капитал тартылуын тек құттықтайтын боламыз.

Қазақстанда болашаққа арналған зор жоспарлар бар. Біз 2010 жылға қарай ішкі жалпы өнімді 2001 жылмен салыстырғанда ең кемінде 2 есе арттырмақпыз. Бұл үшін бізге өсімнің орташа жылдық қарқынын 8 %-дан төмен түсірмеу қажет. Әзірге бұл қолымыздан келіп тұр. Өсімнің осындай жоғары қарқынын ұстап тұру үшін, біз жеке жинақтаулар мен жеке инвестицияларға бірінші дәрежелі көңіл бөліп отырмыз. 2001 жылдың 1 шілдесінен біз қосылған құн салығы нарқын 20 %-дан 16 %-ға, әлеуметтік салық нарқын 26 %-дан 21 %-ға дейін төмендеттік. Біз салықтардың одан әрі төмендетілуін келесі жылдан бастап жүзеге асырмақпыз. Менің тапсырмам бойынша Үкімет бұл жайында жұмыс істеп жатыр. Шағын бизнестің айтарлықтай бөлігі бізде патенттік жүйе бойынша

оңайлатылған режимде жұмыс істейтінін айтуға тиіспін. Ал ауыл шаруашылығы іс жүзінде рәміздік салық салмағын көтереді – өнеркәсіптегі салықтың 20 %-ындай ғана. Резервтерді жинақтап алып, біз қазір агроөнеркәсіптік сектор проблемаларын шешу ісін қолға алып жатырмыз. Биылдан бастап бізде ауылды көтеріп, түлетудің 3 жылдығы жарияланды. Мемлекет 2003–2005 жылдар барысында аграрлық секторға және ауыл халқының өмір сүру жағдайын жақсарту бағдарламаларына күрделі қаржы жұмсауды бірнеше рет ұлғайтады. Бірақ ең бастысы біз нарыққа тән шешуші шараларға бардық. Мен ауыл шаруашылығына арналған жерлерге, орман және сулы жерлерге жеке меншіктің енгізілуін меңзеп тұрмын.

Әлгінде айтқанымдай, біздің экономика жылдам капиталдандырылып келеді. Әрі негізінен жаңа, жоғары технологиялы өндірістер, яғни қосылған құны бар өнім шығаратын өндіріс құру туралы мәселе күн тәртібіне қойылды. Қазір Қазақстан Үкіметі индустриялық саясатты әзірлеуде, оны біз биыл бекітпекке үміттенеміз.

Барлық деңгейдегі бюджеттер есебінен мемлекеттік инвестициялар жедел қарқынмен ұлғайтылуда және олар бәрінен бұрын автомобиль жолдары мен темір жолдар, әуежайлар, теңіз терминалдарын және тағы басқаларды дамытуға жұмсалуда. Және біз бюджетте мемлекеттік инвестициялар үлесін дәйекті ұлғайта бермекпіз, 2002 жылы олардың көлемі ішкі жалпы өнімнің 3,5 %-ы болса, 2008 жылға қарай 5–6 %-ға дейін

көтермекпіз. Бұл да негізгі міндетті – экономикалық өсудің барынша жоғары қарқынына жету үшін қажет.

Мен шағын және орта бизнесті дамытуға өте зор мән беріп, бұл мәселеге жұмыссыздық пен кедейшілікті жою құралы ретінде экономикалық тұрғыдан ғана емес, елдің орта табын қалыптастырудың басты бағыты ретінде саяси тұрғыдан да қарастырамын. Бүгінде шағын бизнес елдің ішкі жалпы өнімінің 20 %-дайын береді. Бірақ бұл аз. Сондықтан біз осы жылдың қаңтарынан бастап шағын кәсіпкерлікке серпін беру жөнінде тұтас бір шаралар кешеніне бардық; адамның қауіпсіздігі мен денсаулығына байланысты қызмет өрістерін қоспай, шағын бизнес қызметін тексеруге 9 айға мораторий енгізілді; меншікті жариялау туралы заң жобасы даярланды. Өздеріңіз білесіздер, 2001 жылы біз ақшаны заңды ету жөнінде акция өткізіп, елге 500 млн-дай доллар қайтардық; шағын бизнестің құқықтық тұрғыдан қорғалуын күшейту мақсатында әкімшілік және басқа кодекстерге өзгерістер даярланды.

Біз де сондай-ақ оқу, денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт өрісінде қызықты жоспарлардың тұтас бірқатары белгіленген. Осының бәрі – фактілер мен ниеттер. Және бұл бізге оңайға түспейді. Әлі толып жатқан кемшіліктер мен проблемалар бар, оларды еңсеруіміз керек. Ең басты міндеттердің бірі ретінде мен халық тұрмысының деңгейін көтеруді бөліп қараймын. Бірінші кезекте, ынтымақ негізіндегі зейнетақылардың, төмен жалақы алатын қызметкерлер кірісінің деңгейін арттыру керек. Қазір ел Үкіметі осы мәселе жөнінде жұмыс істеуде.

Қорытындыда тек мынаны атап көрсеткім келеді: Қазақстан бизнеске әлдеқашан ашық және Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың өзге елдеріне әрқилы бизнес-жобалармен еруге дайын. Және де біздің бизнестің барша үшін бірдей заңдар мен ережелер қолданылатын еркін базарлы әрі реформаланған кеңістікте жұмыс істеуі өте маңызды болар еді. Тәжірибелі сарапшылар кез келген жоба табысының 80 %-ы дәл де әділ талдауға, сондай-ақ дұрыс таңдап алынған стратегияға байланысты дейді. ЕурАзЭҚ-тың бұдан былайғы тағдыры одан бөлек емес. Біз қоғамдастықтың жақында құрылған Іскерлік кеңесі қоғамдастығымызды дамытудың дұрыс жолын таңдап алуға көмектесер деп үміттенеміз.

Қымбатты достар!

Мен баршаңызға, бизнес қоғамдастық өкілдеріне осы шараға көрсетілген ілтипаттарыңыз үшін дән ризамын. Біздің кездесуімізді елдеріміздің арасындағы қарышты даму үдерісінің маңызды да етене бөлігі ретінде қарауға болады деп ойлаймын. Қоғамдастығымыздың I экономикалық форумына табыстар мен жемісті жұмыс тілеймін!

**Қазақстан Республикасының жанындағы
БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңестің
бірінші отырысында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2003 жылғы 31 наурыз

Қадірлі кеңес мүшелері!

Өз басым журналистердің I Конгресінде осындай қоғамдық орган құру туралы мен айтқан идеяның қызу қолдау тапқанына қуаныштымын.

БАҚ саласы нығаю мен даму шамасына қарай жаңа деңгейге жетті де, онда өзін ұйымдастыруға, корпоративтік мүдделерді, масс-медияның рөлі мен орнын ой елегінен өткізуге қажеттілік анық көрінді. Журналистер маңызды әлеуметтік-саяси үдерістерге белсене қатысатын болды, елеулі қоғамдық күшке айналуға.

Журналистік ұйымдардың жаңаларын құру және бұрыннан жұмыс істеп келе жатқандарын нығайту осынау үрдістің көрінісіне айналды. Журналистер Конгресі қадірлі форумға айналды, сіздердің қайта түлеген шығармашылық одақтарыңыз еңсе тіктеп келеді, әрқилы беделді қауымдастықтар қимыл үстінде, олар ақпараттық нарық субъектілерінің мүдделерін қорғаумен белсене айналысады.

Ел Президенті жанында БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңестің құрылуы – баспасөз елдің қоғамдық саяси дамуының өзекті проблемалары мен міндеттерін шешуде биліктің нақты да тең құқықты әріптесі екенін ұғынып, өзін көрсету жолындағы жаңа қадам.

Соңғы жылдары біз бұқаралық ақпарат құралдары өрісін кеңейту үшін талай шаруа жасағанымызды сіздер білесіздер.

Жаңа заң қабылданып, ол БАҚ пен журналистердің құқықтары мен бостандықтарының заңдық негіздерін кеңітіп, нығайтты.

Цензураға үзілді-кесілді тыйым салынды, мемлекеттің БАҚ-қа монополиясы жойылды, ақпарат саласында жаңа құқықтық және экономикалық өзара қатынастар реттелді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының экономикалық негіздері мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету әрі нығайту мақсатында, өздеріңіз білесіздер, басылатын және электронды БАҚ үшін заң жолымен өте елеулі салық жеңілдіктері белгіленді.

Мемлекеттік тапсырыс арқылы бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын БАҚ құрамы биылдан бастап айтарлықтай кеңейтілді. Енді мемлекеттік тапсырыспен көптеген тәуелсіз ақпарат құралдары да жұмыс істейтін болады.

Мемлекеттік тапсырыс көлемінің бір бөлігін радиомыз бен теледидарымыздың төл бағдарламаларын өндіруге және мемлекеттік тілде хабар жүргізуге мақсатты бөлу жүзеге асырылуда. Бұл аса маңызды міндет – отандық медиаөндіріс міндетін шешуде жақсы экономикалық таяныш болады.

Мемлекет осынау аса маңызды саланың қалыпты жұмыс істеуі үшін, медиа-рыноктың қарқынды дамуы үшін барлық қажетті жағдайды қамтамасыз етеді. Қазір бізде 1790 бұқаралық ақпарат құралдары істейді. Олардың 80 %-дайы – мемлекеттік емес. БАҚ ақпараттық-мазмұндық реңкін кеңейте түсіп, барынша алуан түрлі мүдделерді қанағаттандыратын болды. Біздің мерзімді баспасөз басылымдары мен теледидар өнімінің деңгейі мен сапасы өсіп келеді. Бұлар еркін баспасөзді нығайту жөніндегі күш-жігеріміздің әбден нақты көрсеткіштері.

Бірақ бұл орайда біз сөз бен бұқаралық ақпарат құралының бостандығы, олардың тәуелсіздігі ешқашан және еш жерде қадағалаусыз қалмайтынын ұмытпауға тиіспіз. Цензураның, өкімет диктатының болмауы, кез келген демократиялық мемлекеттегідей, масс-медияның қоғам алдындағы құқықтық жауапкершілік қағидаттарын іске асыруды алып тастамайды.

Алайда бізде құқықтық жауапкершілік ұғымы теріс ниетпен көбіне-көп диктатурамен және бостандықтың аяққа басылуымен ұштастырыла береді. Нақ осы проблема жиі-жиі «билік-баспасөз» өзара қатынасының басты назарында болады.

Сөз бостандығының кейбір «жанашырларына» «БАҚ қашанда билікке қарсы» деген ұранды қанау өте ыңғайлы, ал ол ұран қоғам санасын мықтап бұрмалайды және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне елеулі бөгет жасайды. Біз бұқаралық сананы белгілі бір тұрақсыздандыру мен бағдарсыздандыру, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары өрісін және қоғамдық пікірді қалыптастыру ісін бақылаудан белгілі бір дәрежеде айрылып қалғанын айтуға мүмкіндік беретін құбылыстармен ұшырасып қалдық.

Баспасөздің өзі қоғамдық мүдделерді, елдің барлық азаматтарының мүдделерін бейнелеуге, қорғауға тиіс кезде солай болды. Сондықтан қоғамның БАҚ өрісіне баға беруден айрылып қалуына жол беруге болмайды.

Және осынау қоғамдық қадағалау тек оның мемлекеттік реттеумен оңтайлы ұштастырылуы жағдайында ғана билік пен медиақоғамдастықтың тиімді ықпалдастығы жағдайында ғана мүмкін болады.

Мемлекет шеттеп қалуға тиісті емес және қалмайды, өзінің ақпараттық мүдделерін қорғаудан сырт қала алмайды. Соңғы жылдары сондай жұмыстың біршама әлсіреуі мынаған әкеліп соқты: баспасөз билік пен азаматтық қоғам арасындағы делдал қызметін басыбайлы етіп алғандай болып шықты. Кей-кейде

бұл адамдардың әділетсіз, теріс ақпарат ағымында бағдардан айрылуына, бадырайып тұратын, бірақ ойдан шығарылған үстірт «асханалық» талқылауларға елігуіне апарып соқтырады.

БАҚ-тың көпшілігі қаржылық жағынан мемлекеттік органдарға тәуелді емес екендігін мен түсінемін. Бұл жақсы, бірақ осы жерде екі ұшы бар таяқ жатыр. Экономикалық дәрменсіздіктен БАҚ ірі кәсіпкерлер мен демеушілердің қатаң бақылауына ұшырап, жиі «сатылады». Кейбір «тәуелсіз» делінетін басылымдар мен телеарналар сондай бизнес-құрылымдардың жай ғана бөлімшелеріне айналып кетті, ал сол бизнес-құрылымдар өздерінің жеке және корпоративтік мүдделеріне бола қоғам мүддесін ашықтан ашық елемейді. Біздің көптеген басылымдар тартылған қоғамды тұрақсыздандыратын әшкерелеу әрекеттерінің соғысы, өрістеген ақпараттық шайқастар оның ең даусыз айғағы.

Баршаны түп-түгел сынау, мемлекет десе өршелене, өре тұру, жарияланымдардың айқай-шулылығы рейтингі, таралымды және кірістерді арттыру үшін қару етіледі. Иә, сын болуға тиіс, онсыз бірде-бір қоғам дами алмайды. Бірақ ол лыпасыз әшкерелеу, батпаққа батыру сипатында болмай, көпшілік игілігіне бағытталған сындарлы да негізді сын болуға тиіс.

Кемшіліктер оны малта секілді езе беру үшін емес, оларды жою үшін ашылуға тиіс. Әрі саяси тапсырмаларды орындау үшін емес, солар үшін фактілер, біздің өміріміздің өзі бұрмаланады.

Сөз бостандығы өзінің тапсырыс берушілерінен істегеніне материалдық игіліктер алу үшін қаралау құқығын бермейді. Бұл сөз бостандығы емес, тап-таза қаржылық құлдық. Егер қандай да бір БАҚ осындай малайлыққа тап болса, журналистерді өздерінің қожайындарынан қалай қорғауды ойлану керек. Мұны заң жүзінде бекітсек, жақсы болар еді. Сіздерді осыған орай мықтап жұмыс күтіп тұр ғой деп ойлаймын.

Билік пен БАҚ-тың ойдағыдай ықпалдастығы үшін барлық – заңдық та, саяси да, экономикалық та алғы-шарттар бар деп санаймын.

Билік ақпарат нарығын дамыту үшін алаңды тазартып қойды. Ендігі іс сіздерде, журналистерде.

Біз тең құқықты әріптестерге айналуға тиіспіз. Және мұнда Қоғамдық кеңес зор рөл атқаруға тиіс.

Мен оны билік пен баспасөз арасындағы көпір ретінде көремін. Кеңес оза қимылдауға, ықтимал коллизияларды дер кезінде танып-білуге, туындаған жанжалдарға жедел үн қатуға, медиақоғамдастық пен мемлекеттік органдар арасындағы үндесуді қамтамасыз етуге тиісті.

Кеңестің басқа бір міндеті – ақпараттық дауларды шешудің өркениетті амалдарын тауып, енгізу. бір жағынан жекелеген басылымдар мен телеарналар өзара шындап «тістесіп» жатады. Екінші жағынан өкіметте де, баспасөзде де бір-біріне өкпе көп қордаланып қалды. БАҚ диффамация үшін жазаланбай қала береді, керісінше, шенеунік БАҚ-қа қарсы қимыл

амалдарында барған сайын бәрін ойлап таба береді. Осыдан арылу керек.

Мен Кеңестің ақпараттық күн тәртібіне белсене ықпал ететін беделді ми орталығы ретіндегі рөлін өте маңызды деп білемін. Біз бұрын «үгіт-насихат» әдістерін күресінге ысырып тастадық, бірақ бұдан қоғамдық пікір өрісінде ақпараттық және насихаттық жұмыстан бас тарту керек деген тұжырым шықпайды.

Біздің егемен және тәуелсіз Атамекенімізде төл құндылықтарымыз бар, әрі оларды қызғыштай қорып, қорғауымыз керек. Бұл – даусыз ақиқат. Егер отаншылдық, бейбітшілік және татулық, әлеуметтік пен жарасымдылық, құқықтық тәрбие және көптеген басқа идеяларды сіндірмесе, бірде-бір қоғам және бірде-бір мемлекет берік тұра алмайды.

Мұнымыз, қазіргі ақпараттық технологиялар мен жаһандану дәуірінде біз бұқаралық санатта сыртқы да, ішкі де ақпарат көздері қандай ақыл күйін өндіретініне өте мұқият қарауымыз керек деген сөз. Әрі біздің бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Үлкен талап деңгейінен айтсақ, Кеңес топтастырушы құрылымға айналып, өзіне бөлінген зор өкілеттіктерді баспасөзге, мемлекетке және қоғамға Конституция мен заңдарда нормалары белгіленген өзара қатынастарды тұтастай реттеуге көмектесуі тиіс. Тек осы негізде ғана біз БАҚ өрісінде демократиялық қағидаттардың үстемдігін қамтамасыз ете аламыз. Заңдылықты шаң жұқтырмай сақтаусыз демократия мен бостандық мүмкін емес.

Демократиялық принциптерді декларациялармен немесе декреттермен енгізу мүмкін емес.

Объективті алғышарттарды, соның ішінде экономикалық алғышарттарды ескермей, бірден-ақ ең мінсіз әрі сұлу заңдарды «салуға» тырысып көрсек, біз қоғамды берекесіздік пен бетімен кетудің иіріміне жай ғана итере салар едік. Біздің оған хақымыз жоқ. Бірақ біздің БАҚ жөнідегі заңдарымыз ұдайы жетілдірілуде. Сіздер осынау үдеріске де мейлінше белсене қатысасыздар ғой деп ойлаймын.

Сондықтан мен Қоғамдық кеңеске ел дамуының игілігіне, Қазақстан халықтарының мүддесі үшін сындарлы зор қызмет етуді тілеймін.

«Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2003 жылғы 4 сәуір

**Қымбатты отандастар!
Қадірлі депутаттар!**

Еліміз ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2030» стратегиясы мен 10 жылдық стратегиялық жоспарға сәйкес ойдағыдай дамып келеді. Соңғы жылдары біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Қазақстанның нарықтық өзгерістері, экономикалық өсуі және халықтың тұрмыс деңгейінің көтерілуі әлемдік қоғамдастықта мойындалды. Ұлттық қауіпсіздікті және ішкі саяси тұрақтылықты нығайту,

қоғамды одан әрі демократияландыру, өңірлік ынтымақтастықты дамыту жөнінде дәйекті шаралар қабылданауда. Ең бастысы, бізде қоғам мен мемлекетті, экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың келешекті жолдарын үздіксіз әрі жемісті іздестіру жүріп жатыр.

Осы Жолдауда экономикалық және әлеуметтік саясаттың, қоғамды одан әрі демократияландырудың, мәдениет, білім беру және рухани салаларды дамытудың келесі 2004 жылғы негізгі бағыттары баяндалатын болады.

1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

Бүгінде Қазақстанда дамыған, экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ете алатын отын-энергетикалық, металлургиялық және химиялық кешендер бар. Сонымен бір мезгілде біздің алдымыздан экономиканың теңдестірілуін қамтамасыз ететін, ұқсатушы өнеркәсіпті, жоғары технологиялы және ғылымды көп керексінетін өндірістерді, өндірістік инфрақұрылымды және агроөнеркәсіптік секторды оза дамытудың аса маңызды міндеттері көлденеңдейді.

1.1. Аграрлық саясат

Өткен жылғы Жолдауда 2003–2005 жылдарды мен ауылды көтеру кезеңі деп жарияладым. Елдің ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды жандандырып, дамыту Үкіметтің алдағы кезеңге әлеуметтік-экономикалық саясатының да басты мазмұнын құрайтын болады. Оны әсерлі іске асыру үшін мем-

лекеттік басқару жүйесінде құрылымдық қайта құру жүргізіліп те болды. Өткен жылдың барысында Жер, Су және Орман кодекстерінің, «Егіншілікті міндетті қауіпсіздендіру туралы» Заңның жобалары әзірленіп, Парламентке енгізілді; «Мал дәрігерлігі туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы»; «Тұқым шаруашылығы туралы» заңдар қабылданды, «Өсімдіктер карантині туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бекітілген бағдарламалық құжаттарға сәйкес мемлекет ауыл экономикасына 2003–2005 жылдары 150 млрд-тан астам теңге жұмсауды жоспарлап отыр. Соның ішінде ол 2004 және 2005 жылдары жыл сайын 10 млрд теңгеге ұлғайтылып отыратын болады.

Алдағы 2 жылға денсаулық сақтау мұқтажына қосымша 30 млрд теңге, жыл сайын 15 млрд теңгеден қосылады. Мұның үстіне 2004–2005 жылдары мемлекеттік бюджетте ауылда білім беруге, денсаулық сақтауға және ауылдық сумен жабдықтау нысандарына жұмсау үшін жыл сайын 15 млрд теңге бөлінетін болады. Мемлекеттік агроазық-түліктік бағдарламадан басқа мен осы жылдың жазында ауылдық аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекітпекпін. Және, 2004 жылдан бастап, оны іске асыруға мемлекет тағы да айтарлықтай қаржы бөлетін болады. Бұл бағдарламаның мақсаты – ауылды жеделдете әлеуметтік дамыту және күйзелісті, экология, экономика тұрғысынан болашағы жоқ ауылдық аймақтардағы халықты басқа жерге көшіріп, еңбекке орналастыру ісінде жәрдем көрсету.

Еске сала кетуге тиіспін, ауыл экономикасын мемлекеттік қолдаудың өсе түскен көлемі және жерге жеке меншік құқығын енгізу – осының бәрі аграрлық сектордың ел экономикасындағы үлесін ұлғайту және тиісінше ауылда әлеуметтік проблемаларды шешу үшін істеліп жатыр.

1.2. Индустриялық-инновациялық саясат

Қазіргі кезде теңдестірілген және орнықты даму моделін тізе отырып, біз экономиканы шикізаттық бағыттан ұқсатушылық бағытқа бет бұрғызудың жолдарын анықтап алуға тиіспіз. Қазақстан ие бай минералдық шикізат қайтып көбеймейтін ресурс және кен көздері уақыт өте таусылады. Және бұл болашақта экономикалық, содан кейін саяси тәуелсіздіктен де айрылуға апарып соқтыруы мүмкін. Сондықтан Үкімет менің тапсырмам бойынша Индустриялық-инновациялық дамудың 2015 жылға дейінгі бағдарламасын жасады. Басты міндет – ішкі жалпы өнімді сол мезгілге 2000 жылмен салыстырғанда 3,5 есе ұлғайту.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – кәсіпкерлік ауан, бәсекелестік орта, жеке меншік секторын қосылған құны жоғары өндірістер құруға ынталандыратын қоғамдық институттар жүйесін жасау. Бұл тұрғыдан алғанда ондай өндірістер жасауға айтарлықтай әлеует елдің қара және түсті металлургиясында бар. Шикізатты, соның ішінде ауылшаруашылық шикізатын ұқсату да осы қатарда. Ондай өндірістерді ұйымдасты-

рудың осы заманғы тәсілдері сондай, мемлекеттік көтермелеуді, жоғары технологиялық орталықтар құруды талап етеді.

Технопарктер құру – Алматы түбіндегі Алатау кентінде ақпараттық технологиялар орталығын, Степногорск қаласында биотехнологиялық орталық, Курчатова – ядролық технологиялар орталығын құру арқылы қолда бар ғылыми базаны білгір пайдалану керек. Бағдарламаны іске асыру тұсында машина, әсіресе мұнай-газ машинасын жасауға, сондай-ақ көлікті дамытуға ерекше назар аудару қажет болады. Бағдарламаны мемлекеттік қолдау жеңілдікті кредит беруден, экспортты қауіпсіздендіруден, құрылтайшылық капиталға үлес қосып қатысудан, коммерциялық ақпаратты таратудан тұрады. Біз инвестиция сипатындағы тікелей мемлекеттік шығындар орта есеппен жылына 38 млрд теңге (250 млн доллар) құрайды деп жоспарлап отырмыз. Бұл қаражаттың айтарлықтай бөлігі өндірістік және ғылыми инфрақұрылымды жасауға және жаңғыртуға бағытталады. Осыған байланысты ғылыми және инновациялық практикаға өз көзқарасымызды қайта қарауымыз қажет.

Ғылымды реформалау тек құрылымдық өзгерістерге ғана емес, оны қаржыландыру көлеміне де қатысты болуға тиіс. Яғни ғылыми және қолданбалы зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыру көлемі артырылуға тиіс.

Алға қойылған міндеттер сыртқы сауда қызметінің қағидаттарын қайта қарауды талап етеді. Қазірдің

өзінде ел сауданы ырықтандыру бағдарына бет ұстап, оны өңірлік кірігумен, әлемдік қалыптарға көшумен, тауарлар өндіру мен қызмет көрсетудің экспорттық бағдарымен байланыстыруға тиіс екені айқын.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарлама-сын іске асыру мақсатында даму институттарының жүйесі құрылып, қорландырылатын болады. Олардың санатында қазірдің өзінде жұмыс істеп жатқан, жинақтаушы және тұрақтандырушы рөлін атқаратын Ұлттық қор бар. Таяу уақытта Қазақстандық инвестициялық қор құрылады. Ол капиталға үлестік қатысу жолымен қосылатын құны жоғары тауар өндіретін компаниялар құруға септесетін болады. Ғылыми-техникалық және кәсіпкерлік өрістердің тұрақты ықпалдастығын қамтамасыз ету мақсатында Инновациялық қор құрылып, оған инновацияларды, венчурлік кәсіпкерлікті дамытып, ендіру жөніндегі неғұрлым кең өкілеттіктер бекітіледі. Қазақстанның даму банкі экономиканың шикізаттық емес салаларында жұмыс істейтін отандық кәсіпорындарды несиелеу жөніндегі қызметін 23 млрд теңге (150 млн доллар) беріп, бастап та кетті. Оның міндеті – ұқсатушы өнеркәсіптің және өндірістік инфрақұрылымдардың дамуына септесу. Үкіметке сондай-ақ экспортты қауіпсіздендіру жөніндегі корпорацияны құру қажет, ол халықаралық саудамен байланысты саяси тәуекелдерді қауіпсіздендірумен айналысатын болады. Атап өту қажет, дамудың мемлекеттік институттары нарықты алмастырып немесе ығыстырып шығармайды, қайта бәсекеге қабілетті экономиканың қозғаушы күшіне

айналады, әріптестік қағидаты бойынша жеке меншік кәсіпорындарды инновациялық үдерістерге тартады.

1.3. Ықпалдастық саясаты

Жеделдетілген экономикалық өсуге мемлекетіміздің ықпалдастық бастамасы септеседі. Өздеріңіз білесіздер, жақында ТМД-ның ортақ экономикасының 90 %-ын құрайтын Ресей, Қазақстан, Украина және Беларусь өңірлік интеграция ұйымын қалыптастыратыны туралы мәлімдеді. Біздің ел осынау бірлестік мақсаттарының іс жүзіне асырылуының дәйекті жақтасы болады. Бұл арада көп нәрсе біздің мемлекеттердің заңнамаларын ұқсастыруға және бұл үдеріске парламентшылардың белсене қатысуына байланысты.

1.4. Инвестициялық саясат

Еске сала кетейін, осы бесжылдықта әлеуметтік-экономикалық өрісте біз ішкі жалпы өнімді еке есе арттыруға және кедейшілік пен жұмыссыздық мәселесін негізінен шешуге міндеттенген болатынбыз. Осыған байланысты 2004 жылға экономика өрісіндегі басты міндет етіп экономикалық өсудің барынша биік қарқынына қол жеткізу қойылады. Бұл инвестициялардың жедел өсуіне ішкі жалпы өнімде қорлану нормасын көтеруге тікелей тәуелді. Экономикалық өсудің орнықты жоғары қарқынын ұстап отыру үшін бізге таяудағы 4–5 жыл ішінде негізгі капиталдың жалпы жиынтық көлемін ішкі жалпы өнімге қатысты 28 %-ға

дейін жеткізу қажет. Соның ішінде мемлекеттік инвестициялардың ішкі жалпы өнімге қатысты 2 %-дан 4 %-ға дейін өсуіне қол жеткізуіміз керек.

Бүгіннің өзінде аңғарылып тұр, мемлекеттік бюджет биыл асыра орындалып, психологиялық тұрғыдан маңызды 1 трлн теңгелік деңгейге жетеді. Сондықтан бюджетті ағымдағы жылдың мамыр айында-ақ дәлдеп, ал экономиканың стратегиялық салаларында жұмыс істейтін ірі мемлекеттік кәсіпорындардың акциялары пакеттерін сатудан келетін жоспардан тыс түсімдерді Ұлттық қорға аудару қажеттігі бар. Осыған байланысты мен Үкіметке мынаны тапсырамын: Парламентте ағымдағы жыл бюджетінің дәлдей түсілуі кезінде қаражаттың артығы жинақтауға да, әлеуметтік дамуға да жұмсалсын.

1.4.1. Мемлекеттік инвестициялар

Жоғарыда аталған Индустриялық-инновациялық бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз ететін қаржы-қаражат институттарын құру және капиталдандыру мақсатында мынаны ұсынамын: Даму банкінің жарғылық қорын ұлғайтуға және несие ресурстарын толықтыруға 12 млрд теңге; құрылып жатқан Қазақстан инвестициялық қорының жарғылық қорына 23 млрд теңге; құрылып жатқан Инновациялық қорға 3 млрд теңге; Экспортты қауіпсіздендіру жөніндегі корпорацияға 7,7 млрд теңге жіберілсін.

1.4.2. Астананың дамытылуы

Қазір астананы елдің орталығына көшірудің және осы заманғы стильде жайластырудың стратегиялық

қажеттігі мен орындылығы ешкімнің күмәнін туғызбайды.

Астанамыздың архитектуралық бейнесін жақсарту жөніндегі зор жоспарларымызды іске асыруға кірісіп кеткен біз осынау істі жарты жолда қалдыруға тиіс емеспіз әрі оған өзімізге ырық бере де алмаймыз. Елдің жаңа астанасын салудан түсетін экономикалық, саяси және әлеуметтік пайда туралы біз талай рет айтқанбыз. Осылай, Астананы құру және дамыту жылдарында бұл іске әртүрлі көздерден 2,5 млрд-тай доллар жұмсалды, мұның өзі елдің экономикалық өсуіне, өндірісті жандандыруға, жұмыс орындарын жасауға және салық төлемдерін ұлғайтуға өз үлесін қосты. Астананың үлгісімен елдің барлық облыс орталықтары түлей түсті. «Астананың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуі» бағдарламасы жұмыс істеуде.

Біз елорданың құрылысына айтарлықтай үлес қосып жатқан достас елдерге, шетелдік инвесторларымызға, отандық кәсіпкерлерімізге алғысымызды айтамыз. Олар менің өтінішім бойынша бөлген қайтарымсыз қаражатқа биыл құны 200 млн-дай доллардың нысандары салынады. Бірақ алдағы уақытта оны дамытудың ұзақ мерзімді және орташа мерзімді жоспарлары мен бағдарламаларына сүйеніп, бюджет қаражаты есебінен Астананың жоспарлы құрылысына көшуіміз қажет. Үкімет Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандар құрылысы белгіленген жоспарларға сәйкес жүргізілуіне қамқорлық жасауы керек.

1.4.3. Жеке меншік инвестициялар

Біздің экономикада жекеше сектор барған сайын зор рөл атқаруға тиіс. Еске салайын, бүгінде жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ортақ капиталы 300 млрд теңгеге жуықтап қалды. Банк жүйесіндегі депозиттер 600 млрд-тан асты. Банктердің ортақ төл капиталы жыл ішінде 1/3 бөлігіндей ұлғайып, 1 млрд доллардан асты, ал экономикадағы кредиттер соңғы 3 жыл ішінде 4,5 есе ұлғайды. Осының бәрі, әрине, экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етіп, қолдап отырады. Бірақ біз жекешелер жинақтаған және сақтаған қаржының әлдеқайда көп өсуіне, бастысы – экономикаға инвестицияның өсе түсуіне мүдделіміз.

1.5. Салық саясаты

Салық неғұрлым аз болса, жекеше инвестиция соғұрлым көп болатынын даусыз ақиқат дей аламыз. Соңдықтан мен Үкіметке жекелеген салықтар мөлшерлемесін одан әрі төмендету туралы Парламентке ұсыныс енгізуді тапсырамын. 2004 жылдың бірінші қаңтарынан бастап бізге қосылған құн салығы мөлшерлемесін 16 %-дан 15 %-ға дейін кеміту; әлеуметтік салық мөлшерлемесін жұмыс берушілердің еңбекке ақы төлеуге шығынының деңгейіне қарай 20 %-дан 7 %-ға дейін төмендейтін шкала бойынша жіктеп, кеміту; жеке табыс салығының барынша жоғары мөлшерлемесін 30 %-дан 20 %-ға дейін кеміту қажет деп санаймын.

Үкіметке шағын бизнес субъектілері қызметінің қарапайымдатылған салық салу жағдайындағы оң тәжірибесін ескере отырып, арнаулы салық режимдері өрісін кеңейту мүмкіндігін зерттеуді тапсырамын.

II. ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

Экономикалық өсу қарқынын ұлғайта отырып, біз тек елдің экономикалық қуатын нығайтып қана қоймаймыз, әлеуметтік даму міндеттерін де шешу үшін барған сайын кең мүмкіндіктер жасаймыз. Осынау саясаттың аса маңызды элементі – зейнетақылар мен жалақыны одан әрі ұлғайту.

2.1. Зейнетақылар

Ең аз зейнетақы деңгейін 5,5 мың теңгеге дейін ұлғайту қажет деп санаймын. Әрбір зейнеткердің еңбек үлесін, оның жұмыс өтілін, ол зейнеткерлікке шыққан жұмысындағы жалақысын ескеріп, зейнетақының неғұрлым әділетті шкаласын белгілейтін уақыт та жеткеніне, елдің мүмкіндіктері де пайда болғанына кәміл сенемін. Бұл 1 млн-дай дерлік зейнеткерлердің зейнетақысын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Осынау күрделі және әжептәуір қымбатқа түсетін, бірақ ізгі міндетті шешуге дереу кірісуге тиіспіз. Үкіметке зейнетақылардың жіктеліп ұлғайтылуын жүзеге асыруды тапсырамын: ағымдағы жылдың 1 маусымынан олар қайта есептелсін, ал 1 шілдеден төлеуге кірілсін. Жаңа ең төмен зейнетақы да 1 шілдеден төлене басталсын. Есептер бұл үшін 1,5 жыл ішінде қосымша 60 млрд

теңге бөлу, оның 20 млрд-ын биылдың өзінде бөлу қажеттігін көрсетеді. Нәтижеде келесі жылы зейнетақының орташа деңгейі 8 мың теңгеден асуы тиіс.

2.2. Жалақы

Ең төмен жалақы биыл ең төмен зейнетақы деңгейіне жетті, ал ол одан артық болуға тиіс. Сондықтан келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап ол 5 мыңнан 6600 теңгеге дейін, яғни 32 % ұлғайтылады. Өткен жылдары біз жалақыны бюджеттік мекемелердің қызметкерлеріне арттырған болатынбыз. Тек мұғалімдерге ғана өткен жылы жалақы 35 %-дан астам ұлғайтылды. Белсенді әлеуметтік саясатты жалғастыруымызға байланысты келесі жылдан бастап бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен тағы 20 % ұлғайтылады. Бұл орайда еңбекақы жүйесін одан әрі жетілдіре түсу жоспарланып отыр. Сонымен бір мезгілде еңбекке ақы төлеудің әзірленіп жатқан жаңа жүйесі шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің жалақысы орташа есеппен 50 % артады. Бұл орайда Үкімет еңбекке ақы төлеу торын нақтылай түсуге тиіс, әрі бұл арттыру бірінші кезекте төмен жалақылы қызметкерлерге қатысты болсын.

Жалпы алғанда жалақыны арттыруға 2004 жылы мемлекеттік бюджеттен 50 млрд-тан астам теңге бөлінеді. Мұның үстіне кіріс деңгейі төмен адамдарды қолдау мақсатында Үкіметке салықтарды кеміту тұсында жеке табыс салығын есептеу үшін салықтың төленбейтін минимумын 30 %-дан кем емес деңгейде

арттыруын тапсырамын. Бұл шаралар кірісі төмен қазақстандықтардың дәулетін жақсартуға мүмкіндік береді және жұмыссыздықты айтарлықтай қысқартудың маңызды тетігі болады.

Тағы бір маңызды мәселе. Бізге еліміздің көші-қондық шығыстарының орнын толтыру жайын мықтап ойластыру қажет. Бұл елеулі проблема, біздің жоспарларымызды іске асуы соны шешуге тәуелді. Сондықтан Үкімет бала тууды ұлғайту, денсаулық сақтауды жақсарту есебінен өлімді азайту, иммигранттар қабылдауды, ең алдымен жұмыс істей алатын жастағы бұрынғы қазақстандықтар қатарынан қабылдауды ұлғайту жайын қамтитын бағдарлама әзірлеуге тиіс. Осыдан туындатып, мен сондай-ақ келесі жылға оралмандар үшін белгіленген квотаны 2 есе арттыру, бұл мақсатқа қосымша 2 млрд теңге жұмсау міндетін қоямын.

2.3. Тарихи-мәдени мұраны сақтау

Рухани және білім беру өрісін дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде биыл арнаулы орта мерзімді «Мәдени мұра» бағдарламасын, бірқатар ауқымды жобаларды қамтитын бағдарламаны әзірлеп, жүзеге асыра бастауды ұсынамын.

Оның мақсаты, біріншіден, халықтың орасан зор мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетті, фольклорды, дәстүрлер мен ғұрыптарды оқып-зерттеудің тұтас жүйесін жасау. Екіншіден, ұлт тарихы үшін ерекше маңызы бар айтулы тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштердің қалпына

келтірілуін қамтамасыз ету. Үшіншіден, ұлттық әдебиет пен жазудың көпғасырлық тәжірибесін қорыту және аса ауқымды көркем, ғылыми, өмірбаяндық топтамалар жасау. Төртіншіден, мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ой, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толық құнды қорын жасау.

Мәдени-рухани даму жөніндегі шаралар санатында астанамыздың мәдени ортасын дамытуға ерекше назар аударылуға тиіс. Үкіметке Президент Әкімшілігінің қатысуымен 3 айлық мерзім ішінде осы қадам бойынша тиісті шешім даярлауды тапсырамын. Мен ұсынған шаралардың бәрі, әсіресе әлеуметтік даму және экономикалық өсудің жоғары қарқынын қолдау мақсатында қаражат жинақтау бөлігінде, теңдестірілген әрі біздің мүмкіндіктерімізге сәйкес келеді. Сондықтан Парламент депутаттарынан осы ұсыныстарды қолдауды сұраймын. Ол ұсыныстар, дау жоқ, еліміздің азаматтарының айтарлықтай бөлігінің әл-ауқатын едәуір жақсартады.

III. ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қазақстандықтар біледі, біз бүкпесіз қоғамға әуелі экономика, содан кейін саясат қағидатын ұстана отырып дәйекті ілгерілеп келеміз. Біз басқа жайды да білеміз. Егер 1990 жылдардың басында елді басқарудан айрылып қалсақ, онда ауыр дағдарыс жылдарында және көп ұлтты ел жағдайында біздің мемлекеттен

айрылып қалуымыз, экономиканы реформалау міндеттерін шеше алмауымыз мүмкін еді. Оған нақты мысалдар бар. Ал біз табысқа жеттік деп тұжырып отырмыз. Енді экономикада және мемлекеттік құрылыста біз қол жеткізген нәрселер саяси жүйені одан әрі ырықтандыру мәселелеріне неғұрлым терең көңіл бөлуімізге мүмкіндік береді. Бұл біздің шын жағдайымызды ескере отырып, азаматтық қоғамды дамытудың кезекті белесті болады.

Бүгінге бізде демократия мен азаматтық қоғамның өзекті институттары қалыптастырылды. Тек соңғы уақыттың өзінде омбудсмен институты құрылды, Ұлттық кеңес, Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі қоғамдық кеңес орнықты. Үкімет жанында тұрақты жұмыс істейтін одан әрі демократияландыру және азаматтық қоғамды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін кеңес бар. Елдегі партиялар туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін партиялық жүйе нығаюда, бейресми ұйымдар белсене түсті және ең бастысы қоғамда саяси мәдениеттің демократиялық тұрпаты орнығуда. Осы бағыттағы саясатымызды іске дәйекті асыра отырып, бұл жолда біз кезекті қадамдар жасауымыз керек.

Алдағы кезеңге арнап 5 басым бағытты қамтитын саяси бағдарламаны ұсынамын.

Бірінші. Бізге мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту қажет. Оның басты міндеттері – мемлекеттік басқару деңгейлері арасында құзырлылықты дәл анықтап бөлу, бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру. Ұлттық кеңестің кеше болған мәжілісінде

біз «Жергілікті мемлекеттік басқару» туралы Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қарадық. Олар жергілікті мемлекеттік басқарудың аумақтық даму мәселелерін шешудегі өкілеттіктерін одан әрі кеңейтуге, төменгі деңгейлерде, ең алдымен ауылдарда тиімді басқаруды ұйымдастыруға байланысты. Ал бұл үшін 150-дей заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Сондықтан Үкімет алдына 2004 жылдың басталуына қарай тиімді жұмыс істеуін заңдық-құқықтық базаға қамтамасыз ететін тиісті өзгерістерді даярлау міндетін қоямын. Бюджет кодексінің жобасын әзірлеу аяқталып келеді. Оны Үкімет биылғы жылдың мамырында Парламенттің қарауына енгізуге міндетті. Сондықтан мен депутаттарға мынадай өтінішімді айтқым келеді: онымен мұқият танысып алып, биыл қабылдасаңыздар, сонда біз келесі жылдан бастап-ақ 2005 жыл бюджетін жаңа Бюджет кодексінің негізінде қалыптастыра бастар едік. Ал 2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы заң күшінде тұрған «Бюджет жүйесі туралы» Заңның нормасына сүйеніп әзірленетін болады. Біз басқару деңгейлерінің өкілеттіктерін белгілеу және қаржылық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты аяқтаған бойда, сол үдерістің қисынды аяқталуы жергілікті атқарушы органдар басшыларының сайланбалылығы практикасын кеңейту болады.

Біздің басты міндетіміз – жер-жердегі өкіметті жұрт алдында жауапты, нақты адамның күнделікті проблемалары мен қамына жақын ету. Ауылдық округтер деңгейінде әкімдердің белгілі бір мерзімге

сайлануын енгізуге болады ғой деп ойлаймын. Содан кейін аудандық әкімдер сайлануына орай эксперимент жүргізу керек. Соның қорытындысы бойынша сол нақты істің мақсатты орындылығын және неғұрлым ұтымды модель екенін анықтап алуымыз керек. Бірақ әкімдердің сайланбалылығы – бұлжымас мақсат еместігін ұмытпайық. Бұл мәселені кезең-кезеңмен, қажетті жағдай жасалуына қарай шешу керек.

Сондай-ақ басқарудың барлық деңгейлеріне кадрлар даярлау үшін жағдай жасауға дереу кірісу керек деп санаймын. Әлемнің ең таңдаулы университеттерінде оқу, елде элиталық университеттер ашу, сондай-ақ отандық мемлекеттік қызмет академиясын нығайту – бүгінгі күннің міндеттері осындай.

Біз мәдениетіміздің құндылықтарын, бірлігімізді, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты, саяси тұрақтылықты сақтай отырып, алға бірте-бірте ілгерілейтін боламыз. Мен мұны айтудан жалыққан емеспін. Бірақ осы орайда мына бір жәйт туралы өзімізге ылғи да есеп беріп отыруымыз керек: бірде-бір ел мемлекеттік және саяси құрылыста мінсіздікке жеткен жоқ, ешкім мінсіз бюджетаралық қатынасты жасай алған жоқ. Тіпті дамыған өркениетті елдерде ырықтандыру мен орталықсыздандыру белестері мемлекет рөлінің күрт күшейтілуімен және орталықтандырылумен алмасып отырады: барлығы нақты тарихи жағдайларға және даму белестерінің объективтілігіне байланысты екенін жақсылап түсініп алу керек: басқаның тәжірибесін көшіріп алу әрекеттері,

халықаралық сарапшылардың бірінің төндіре айтқанындай, мүшелерді алмастыру жөніндегі хирургиялық оталармен ұқсас, ондайда, өздеріңіз білесіздер, аса қауіпті, бітіспестік реакциясы жүріп жатады. Мұндай мәселелерде сақ болу және бәрін де мұқият салмақтап алу керек. Үкіметке аталмыш мәселені соған ұқсас шетелдік тәжірибені ескере отырып терең зерттеуді, сөйтіп барып нақты ұсыныстар енгізуді ұсынамын.

Екінші. Сайлау жүйесін жетілдіруді жалғастыру міндеті тұр. Сайлау үдерісі неғұрлым мөлдір және ашық жүйеге айналуы тиіс. Мемлекет тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы өткен жылы-ақ әзірленген болатын. Ол Орталық сайлау комиссиясы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен бірлесіп саяси партиялармен өткізген «дөңгелек үстелдер» ұсыныстарын ескереді. Жылдың басында ол заң жобасы тұрақты жұмыс істейтін кеңестің талқылауынан өтті. Үкіметтің жұртшылық айтқан ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, оны жеріне жеткізуі, сөйтіп Парламентке енгізуі керек. Ол заңның негізгі мақсаты сайлау үдерістерінің мөлдірлігі, ашықтығы және бәсекелестігі болуға тиіс. Сайлаушылар тізімін жасаудың, дауыс берудің, дауыс беру қорытындысын шығарудың және сайлау нәтижелерін анықтаудың автоматтандырылған электронды жүйесін ендіру керек.

Үшінші. Саяси жүйені демократияландырудың маңызды бағыты – азаматтық қоғам институттарын

одан әрі нығайту. Біздің міндет – бұқаралық қолдауға және жоғары беделге ие күшті де жауапты партиялардың болуына септесу. Саяси партиялар, өзін-өзі ұсыну институтын сақтау тұсында, Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсынудың бөлекше құқығын алуы қажет деп санаймын. Сайлау қорытындыларын шығару тұсында бақылауды жүзеге асыру үшін партиялардың неғұрлым кең мүмкіндіктері де болуға тиіс.

Бейресми ұйымдармен өзара іс-қимылды басқаша құру керек. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесі арқылы бейресми ұйымдарды конкурстық негізде экономикалық қолдау практикасы жемісті болар еді деп білемін. Бұл үшін «Қазақстан Республикасындағы бейресми ұйымдар туралы» және «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» заң жобаларын әзірлеп, қабылдауды жеделдету қажет. Бұл жұмыс орынсыз созылып кетті. Үкіметтің ол жобаларды жеріне жеткізіп, Парламентке енгізуі қажет. Кең ауқымды ынтымақтастықтың бастауын азаматтық форум – бейресми ұйымдардың жалпыреспубликалық съезі қалауға тиіс. Оны биылғы жылдың екінші жартысында өткізу қажет.

Төртінші. Біз бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамымызды демократияландыру үдерісіндегі рөлі мен орнын дәл анықтап алуға тиіспіз. Қазақстанда тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс істеуі үшін тәуелсіздік жылдарында саяси, экономикалық және құқықтық жағдайлар жасалды. Бұл заңдық және нормативтік актілер қуаттайтын шындық. БАҚ-тың басым көпшілігі – мемлекеттік емес. Бірақ мәселенің мәні мұнда емес, цензура жоқ кезде БАҚ

жұмысы үшін жеңілдік тетіктері жасалған, олардың қызметінің заңдық тетіктері анық жазылған кезде баспасөз бен теледидардың қызмет істеуінің нақты тетігінде. Масс-медианы қаржылық жағынан қолдаудың елеулі мүмкіндіктері бар, оларды мемлекет нақ соңғы жылы белсенді пайдалануда. Айтпақшы, тек биылғы жылдың өзінде 50-ден астам жаңа бұқаралық ақпарат құралдары тіркелді. Бұл мемлекет пен журналистер қоғамдастығы бірге қол жеткізген асқар. Әрі бұл елеулі жеңіс, оның мәнін асыра бағалау қиын. Бірақ біз медиакеңістігін дамытудың жаңа бағыттары туралы ойлануға тиіспіз. Әңгіме қоғам мен БАҚ-тың билік пен журналистердің өзара жауапкершілігі туралы. Бұл проблема тек Қазақстанда ғана туындап отырған жоқ, ол осы заманғы қоғамдардың бәрінде бар.

Соңғы кездің оқиғалары ұлттық қауіпсіздік, саяси тұрақтылық, ұлтаралық консенсус, конфессияаралық келісім мүдделері тек мемлекеттік қана емес, мемлекетаралық та деңгейде басым мүдделерге айналып баратқанын айқын түсіндіреді. Байқап отырмыз: белгілі бір жағдайларда тіпті ең демократиялық елдердің БАҚ-тары ұлттық мүдделерді қолдау тұғырына қона кетеді. Біз де сол қатардан табылуымыз керек.

Сөз бостандығын қамтамасыз етудің осы заманғы болмысын, сондай-ақ журналистерді меншік иелерінің қысымынан қорғауды ескеретін және шенеуніктердің еркін баспасөз қызметіне араласқаны үшін жауапкершілігін қатайта түсетін БАҚ туралы жаңа заң қабылдау қажеттігі пісіп-жетілді. Екінші жағынан, сондай-ақ БАҚ-тың заң бұзу үшін жауапкершілігін де

анық айқындау керек. Қоғам жала мен теріс ақпарат бостандығын емес, сөз бостандығын талап етеді. Үкімет журналистермен және жұртшылықпен бірге тиісті заң жобасын әзірлеп, оны Парламентке енгізуі қажет.

Үкімет БАҚ базарындағы бәсекелестік үдерістерін қадағалап, оның басы бүтін бағынышты болуына тұсау салып, жол бермеуге тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары кәметтеніп келеді, ел мүдделерін, демек, өзінің төл мүдделерін де түсінеді. Олардың объективті ақпарат таратуынан тұратын жауапты тұғырын дамытуға бағытталған қамқорлыққа жауап береді деген үмітім де бар. Бұл – аксиомалар, оларды өзге тетіктің жай ғана болмауынан туындайтын қарапайым себеппен барша ұғынып алуға тиіс. Билік пен БАҚ үнқатысуының көшбасшылары, бірінші кезекте, журналистердің қоғамдық бірлестіктері мен ел Президенті жанындағы Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі қоғамдық кеңес бола алады және болуға тиіс.

Бесінші. Құқық қорғау және сот органдарының қызметін жетілдіру басты түйткілдердің бірі болып қалып отыр. Оны ең алдымен азаматтардың етене құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету тұрғысынан қарастыру керек деп білемін. Қылмыстық құқықтың одан әрі адамгершіл бола түсуін жалғастыру маңызды. Өлім жазасын қолдануға мораторий енгізу үшін Үкіметтің осы мәселені шешудің ұйымдастырушылық, материалдық және құқықтық жағдайларын жасауға кірісетін; атап айтқанда, жазалаудың өмірбақи бостандықтан айыптау түрін енгізетін уақыт та жетті.

Сот жүйесінің мұқтаждарына мемлекеттің назар салуы мен қамқорлығы мемлекеттік талапты арттырумен қоса жүруге тиіс екенін практика көрсетеді. Азаматтар осы күнге дейін сотты өздерінің құқықтарын қорғау және әділетті қалпына келтіру құралы деп білмейді. Алқабилер институтын кезең-кезеңімен енгізу туралы ойлану қажет. Сондай-ақ соттар қызметін бақылаудың құқықтық тетіктерін, әрине, әділетті сот құру үдерісіне араласпай, күшейту керек. Судьяларды кәсіптік даярлау сапасын жақсарту қажет. Тегінде, арнаулы оқу магистратурасын құрған орынды болар. Соны бітіргендер ғана судья болуға тиіс.

Конституцияға сәйкес қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу қызметіне, қамауға алуды сот санкциясы арқылы жүргізу институтын ендіруге дейін, сот бақылауын күшейту керек. Сондай-ақ істі сотқа дейін қарау стадиясында да, сот инстансаларында да оңайлатылған және жеңілдетілген рәсімдерді заңдық жолмен белгілеу керек.

Қымбатты қазақстандықтар! Қадірлі парламентарийлер!

Естеріңізде болар, ең қиын жылдардың өзінде мен ешқашан халыққа «Жиделібайсынға жеткізуге» уәде берген жоқпын және жақсылап көрінуді мақсат тұтатын мәлімдемелер жасаған емеспін, қайта әрқашан бізді реформаның қиыншылықтары мен ауырлықтары күтіп тұрғанын, олар қарапайым халықтың мойнына түсетінін адал ескертіп отырдым. Бірақ мен жұртты уақыт жетіп, халықтың тұрмыс деңгейі ұдайы арта

түсетін болады деп сендіретінмін. Аса қысқа тарихи мерзімде ең жедел экономикалық және саяси реформалар жүргіздік. Біздің өзіміз, біздің ойлау мәнеріміз бен дүниетанымымыз өзгерді. Біз біреудің ерекше сыбырынсыз-ақ тек төл еңбегіміз ғана әл-ауқат көзіне айналатынын, ал мемлекет соған заңды жағдай жасауға тиіс екендігін түсіндік. Бүгін мен уәдемді жауапты орындап келемін дей аламын. Қазақстан экономикасының өсуі біздің басты мақсатымызға – халықтың әл-ауқатының артуына қызмет етуде. Мен сондай уақыт туралы айтқанмын, сол уақыт енді жетті.

Маған ең жаңа тарихымыздағы аса ірі әлеуметтік шығыстар туралы жариялау абыройы тиіп отыр, оларды біз жуық арада бастаймыз және олар әрбір қазақстандық пен әрбір отбасын қамтиды. Осынау мақсаттарға мемлекеттік қазынадан 1,5 жыл ішінде қосымша 120 млрд теңге бөлінеді, оны бұрынғы жылдармен салыстыруға еш болмайды. Егер экономика нақ қазіргідей жақсы жұмыс істей беретін болса, онда ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2030» стратегиясында көзделгеніндей, ол үрдіс сақталатын болады.

Бүгінде, өткен жылдардан өзгеше, бізде экономикамыз сүйенетін өзекті 4 таяныштық бағыт бойынша даму мен жетілдіру бағдарламалары бар, олар – агро-азық-түліктік бағдарлама, индустриялық-инновациялық бағдарлама, инфрақұрылым мен энергетика бағдарламасы, әлеуметтік даму бағдарламалары. Бүгінде бізде, өткен жылдардан өзгеше, қолымызда қажетті қаржылық ресурстар да бар. Ендігі сөз – биліктің барлық тармақтарының жұмылған

жұмысында, мығым заңдар мен олардың орындалуында. Ал біздің топтасқандығымыз және жасампаздық күш-қуат, тұрақтылықты, азаматтық және жалпыұлттық татулықты сақтауға, елдегі тыныштық пен сабырды қамтамасыз етуге ұмтылыс Қазақстанның өркендеуі мен молшылыққа қарышты ілгерілеуінің басты кепілі болады.

Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық
ынтымақтастығының I форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы, Омбы қаласы,
2003 жылғы 15 сәуір

**Қадірлі Владимир Владимирович!
Қадірлі форумға қатысушылар!**

Ресеймен шынайы достық пен әріптестік қатынастарын дамытудың Қазақстан үшін басым сипаты бар. Бұл тұғырға біз әу бастан бекіндік, әрі соңғы 10 жыл ішінде ол бірде-бір рет күмән туғызған емес. Елдеріміз қол жеткізген сенім дәрежесі стратегиялық одақтастығымыздың бұлжымайтыны туралы сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Бізде ортақ тарих, ортақ мәдениет, ұқсас менталитет және тығыз туыстық байланыстар бар.

Тарих ағынында біз ең қиын кездерде бірге төтеп бере алдық және туындаған проблемаларды бүгін біртұтас еуразиялық кеңістікте өмір сүретін өз халықтарымыздың мүдделеріне сәйкес бірлесе шешудеміз. Біз бірге қуатты экономикалық әлеуетке иеміз, ол екі елдің де дамуының жоғары қарқынына септеседі. Сондықтан 2003 жылдың Қазақстанның Ресейдегі жылы деп жариялануы біздің ынтымақтастығымызды тереңдету белесіндегі айтулы оқиғаға айналды. Оның негізгі идеясы, осы форумның да мақсаты секілді мемлекеттеріміздің неғұрлым тығыз кең ауқымды ықпалдастығы үшін жаңа көкжиек ашу, біздің халықтарымыздың арасында орын алып отырған сенім мен өзара түсіністікті бұрынғыдан да көбірек нығайту.

Ресей Қазақстанның негізгі сауда әріптесі. Қазақстанның бүкіл сыртқы сауда айналымының үштен бірі соның үлесіне тиеді. Өткен жылы ол 5 млрд дерлік долларға жетті. Шетелдік капиталдың қатысуымен Қазақстанда тіркелген кәсіпорындардың 1/5 бөлігі Ресей кәсіпкерлерімен жасалған. Бұл үлесті әлі айтарлықтай ұлғайтуға болады. Соңғы кезде екі жақты қатынастарды дамытуда барған сайын неғұрлым белгілі де салмақты фактор өңірлік және шекара төңірегіндегі ынтымақтастық болып отыр. Қазақстан Ресей Федерациясының шекаралық субъектілерінің сыртқы сауда айналымында үздік жағдайға орнықты ие болып отыр. Қазақстан – Ресей сауда айналымының жалпы көлемінің 50 %-дан астам соның үлесіне тиеді.

Жалпы алғанда 83 субъектінің 72-сі Қазақстанмен тығыз ынтымақтастық жасайды. Омбы, Орынбор,

Астрахан, Челябин, Новосібір облыстарымен және Алтай өлкесімен байланыс неғұрлым белсенді дамып келеді. Мысалы, Челябин облысының бүкіл сыртқы сауда айналымының 20 %-ы және экспортының 50 %-дан астамы Қазақстанмен байланысты. Орынбор облысының көрсеткіштері де сол шамада. Омбы облысының Қазақстанмен тауар айналымы өткен жылы 238 млн доллар дерліктей болды, ал облысқа Қазақстан инвестициясы 25 млн доллар шегінен асып түсті. Біздің тек Батыс Қазақстан облысы Ресейдің көрші 5 облысымен (Астрахан, Волгоград, Саратов, Орынбор, Самара) белсенді ынтымақтастық жасайды, машина жасау өнімін, газ, газ конденсатын және оны ұқсату өнімдерін, сондай-ақ дән, ұн және басқа азық-түлік өнімдерін береді. Өз кезегінде облыс Ресейден энергетиканың мол көлемін, минералдық отын және мұнай өңдеу өнімдерін, дәрі-дәрмектік тауарлар және көптеген басқаларын алады.

Екі мемлекеттің шекаралас өңірлерінің салааралық және салаішілік кооперациясындағы, тауар, қаржы-қаражат және көлік ағындарын ұйымдастырудағы әлеуетті және өзара пайдалы мүмкіндіктері бар екені айдан анық.

Бұл бағытта Қазақстанның Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Ресейдің Жол қатынасы министрлігі арасында қол жеткен теміржол тасымалының тарифтік саясатын жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы уағдаласқаны сенім туындатады. «Астрахан – Атырау – Ақтау – Түрікменстан шекарасы» бағыты бойынша 6 халықаралық транзиттік дәліздің

бірінің құрамына кіретін республикалық маңызы бар «Ақтөбе – Астрахан» автомобиль жолында шекаралық Қиғаш өзені арқылы көпір салу мәселелері бойынша келісу іс жүзінде аяқталды. Шекара тұсындағы байланыстарды нығайтудың маңызды құралдарының бірі екі елдің шаруашылық жүргізетін субъектілері арасындағы қатынасты кеңейту үшін жағдай жасау, бірлескен кәсіпорындар құру болуға тиіс. Олар әзірге шекаралас сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуда ойнай алатын айтарлықтай рөлді ойнай алмай отыр. Сондықтан мемлекеттік құрылымдар, облыстар басшыларының тарапынан белсенді қолдау мен кәсіпорындардың өздерінің бастамасы қажет.

Өңір жетекшілері тіршілік өрісін қорғауға және техногендік ластану туындататын ықтимал төтенше ахуалдың алдын алуға зор көңіл бөлуі тиіс. Бұл бағытта «Тіршілік өрісін қорғау саласындағы ықпалдастық туралы» үкіметаралық келісімнің бәтуаласылуын және оған қол қойылуын жеделдету, трансшекаралық өзендер бассейндерін бірлесіп күзету және олардың су ресурстарын пайдалану жөнінде, Ертістің сынаппен ластану қатерін жою жөнінде, Троицк МАЭС-інің қызметіне байланысты экологиялық проблемалар және басқа проблемалар жөнінде нақты шаралар қабылдау керек. Есіл өзені бассейнін кешенді пайдалану және оның су ресурстарын қорғаудың біртұтас схемасын әзірлеудің қажетті қаржылық көлемі мен бастау мерзімін жедел анықтап алуымыз қажет. Сол схеманың жоқтығы біздің мемлекеттер арасында су бөлісу мәселелерінің реттелуін қиындатады.

Іс-тәжірибесі мынаны көрсетеді: тек өндірістік-экономикалық мәселелермен ғана емес, құқықтық, консулдық, шекаралық-кедендік рәсімдермен де байланысты проблемалар бар. Қазақстан мен Ресей азаматтары ондай қиындықтарға жиі ұшырасады. Мәселен, таяуда мен Батыс Қазақстан облысының Саратов және Волгоград облыстарымен түйісетін тұсында орналасқан Таловка кентінің тұрғындарынан хат алдым. Оған 100-ден астам тұрғын қол қойған. Олар мынаны жазады: Ресейдің көрші аудандарында тұратын туған-туыстарына барып қайту үшін өтуге және жүгін алып өтуге рұқсат керек, ал оны алу үшін 200 шақырымнан астам жердегі шекаралық-кедендік бекетке баруға тура келеді, ал екі ауыл арасындағы қашықтық 18 шақырым ғана. Көбіне-көп бұл халықтың жеткілікті хабардар болмауынан да, кеденнің, ішкі істердің автоинспекциясының қырын қарауынан, кәдуілгі төрешілдіктен де болып жатады.

Осының бәрі қоғамдық пікірге, әсіресе шекаралас аудандардағы пікірге әсерін тигізеді. Сондықтан «Шекаралық аумақтар тұрғындарының шекарадан өтуінің оңайлатылған тәртібі туралы» келісімнің әзірленуін жеделдету, сондай-ақ екі елдің кедендік заңдарын жақындастыру және кедендік құжаттарға бірдей талаптар белгілеу жөніндегі жұмысты дәйекті жүргізу қажет. Бізге бірлескен күш-жігермен шекаралас аудандар халқына шекаралас аумаққа кіру мен онда болудың, тіркелудің және жаңа азаматтық алудың рәсімдерін, қолданылатын қалыптарын және ережелерін жай ғана түсіндіру керек.

Стратегиялық тұрғыдан маңызды ресурстар мен материалдарды шекара арқылы заңсыз алып өту жөніндегі жалғасып келе жатқан қызмет, ұйымдасқан қылмыстылық, контрабанда, есірткі тасымалы алаңдатады. Мұның бәрі жападан-жалғыз күресу мүмкін емес проблемалар.

Шекаралас өңіраралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөнінде шеңберлік келісімдер мен консультациялардан екі жақты сипаты бар бірлескен нақты мақсатты бағдарламалар қалыптастыруға көшу керек. Атап айтқанда, кәсіпкерлікті дамыту, шикізат ресурстарын қазып алу, көліктік коммуникация мен байланыс, энергетикамен қамтамасыз ету, табиғатты пайдалану, шекараны жайластыру және басқа бағыттар өрісінде. Осынау бағдарламаларды іске асыру бойынша реттеу мен бақылаудың нақты тетігі ведомствоаралық өңірлік комиссиялар бола алар еді.

Қымбатты көршілер!

Осы форумды Омбы қаласында өткізу, бір жағынан біздің достас елдеріміздің шекаралас облыстары ынтымақтастығының қорытындыларын шығару, ал екінші жағынан – оны одан әрі дамыту мен тереңдетудің пішімі.

Форум қожайындары жайында бірер сөз айтпай кете алмаймын. Омбы, өздеріңіз білесіздер, Қазақстан – Ресей қатынастарының тарихында ерекше орын алады. Менің Ресей өңірлері бойынша алғашқы ресми сапарым нақ сіздердің қалаңызға келуден басталғаны

маған өте қуанышты. Және бұл кездейсоқ емес болар. Біздің орталығымыз – Астана қаласын, ал бұрынғы атауы Ақмола қаласын Омбымен басқа ешбір қалада жоқ өте-мөте көп нәрсе байланыстырады.

Бір ғасыр бұрын Омбы Ақмола облысының орталығы болатын. Сол кездің өзінде көптеген ілгері ойлы адамдар сол тұстағы шағын, халқының саны қазіргіден 50 есе аз шалғай Ақмола қалашығының келешегін көре білді. Біздің ең ескі «Акмолинские областные ведомости» газеті мен қосымшалары Омбыда басылып тұрды.

Омбы сол кездің өзінде өңірдегі ірі мәдени орталық болды. Солтүстік өңірлердегі қазақ интеллигенциясы нақ Омбыда білім алуға ұмтылды. Орыс және қазақ халықтарының аса ірі перзенттері Федор Достоевский мен Шоқан Уәлиханов арасындағы үлкен достық та Омбыда басталды. ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы зұлмат жылдар тұсында көп қазақ Омбы жерінде бауыр халықтан пана тапты. Тегінде дәл қазір де Омбы облысында тұратын қазақтар мен Солтүстік Қазақстан облысындағы орыстар саны шамамен орайлас болып қалар. Бұл біз аса қадір тұтатын шынайы бауырластық байланыстар. Көптеген омбылықтар біздің тың жерлерді игеруге, Қазақстан экономикасының қаз тұруына катысты. Бұл үшін мен сіздерге ризамын.

Біз – тарихи қоңсылармыз. Мұны әрқашан, соның ішінде экономикалық ынтымақтастықта есте ұстау керек. Атап көрсетейін, нақты істерге көшетін уақыт әлдеқашан туды. Нақты экономикалық және гуманитарлық жобаларды іске асыруда, бірінші кезекте –

өңірлік деңгейде іске асыруда айдан анық үйлестірілген қарекеттер қажет.

Өзімнің таяудағы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауымда мен жеделдетілген экономикалық өсуге біздің мемлекеттердің ықпалдастық бастамалары септесетінін атап өттім. Біздің байланыстарымыз Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру бағыттарына сәйкес дамиды болады, ол кеңістік ынтымақтастық пен ықпалдасудың дамуына шекаралардың теріс ықпалын барынша кемітуге тиіс. Бұл ТМД мен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде әлі шешілмей келе жатқан проблемалардың нақ өзі. Сондықтан бүгінгі форум шекара бойындағы ынтымақтастығымыздағы проблемалық мәселелеріміздің бәрін талқылаудың, өңірлік ықпалдастықтың бұдан былайғы жолдардан белгілеудің, жаңа әріптестер табудың және мемлекеттерімізді жақындастыру жағына қарай тағы бір қадам жасаудың нақты мүмкіндігі болып табылады.

Ынтымақтастықтың нақты бағдарламалары негізінде көптеген проблемаларды шекаралас облыстар, аудандар деңгейінде оп-оңай шешуге болатынына кәміл сенемін. Шекаралас өңірлер біздің елдер арасындағы кірігушілік үдерістерге қаншалықты көбірек тартылса, қарапайым ресейліктер мен қазақстандықтар олардың нәтижелерін соншалықты тезірек сезінетін болады.

Ынтымақтастығымызды дамыту жөніндегі сындарлы бірлескен қызмет алдағы уақытта да Қазақстан

мен Ресей халықтары арасындағы достықты нығайтуға қызмет ететіндігіне мен шын ниетіммен үміттенемін. «Жақсы көрші алыс ағайыннан жақын» дейді қазақ мәтелі. Келіңіздер, осынау кемеңгерлікті өз жұмысымызда да ұстанайық.

II Еуразия медиа-форумында **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,
2003 жылғы 24 сәуір

**Қадірлі Төраға мырза!
Қадірлі ханымдар мен мырзалар!**

Мен II Еуразия медиа-форумының қатысушылары мен қонақтарына сәлем беруге шын жүректен қуаныштымын. Осынау тамаша көктем күндерінде беделді саясаткерлерді, журналистерді, ғалымдарды осы Алматыда жинау игі дәстүрге айналды. Бұл форумның өңірлік қауіпсіздікпен және бұқаралық ақпарат құралдарының осы үдерістегі рөлімен байланысты тақырыбы қай кездегіден де өзекті. Сөз бен бейненің тек қауіпсіздікті түсінудегі ғана емес, құрудағы да рөлі

әскери құрамдастардың өзіндей соншалықты маңызды жайға айналып келеді. 100 жыл бұрын Фридрих Ницше «Фактілер дегеніміз жоқ – тек оларды пайымдау бар» депті. Әрине, бұл, бәлкім, шамалы асыра сілтеу болар, бірақ ондағы ақиқат үлесі де үлкен.

Медиаөрістің түбегейлі өзгерістері – аймақтық емес, ғаламдық құбылыс екені айдан анық. Мамандардың есебі бойынша, 50 млн адам қатысатын аудиторияны қамту үшін радиоға 38 жыл, теледидарға 13 жыл қажет болыпты, ал Интернет бұл деңгейге 4 жылда жетті. 2002 жылы Интернетті пайдаланушылар саны 700 млн адамнан асты.

Олдос Хаксли өзінің анти тоталитарлық утопияларында тапқырлықпен: «4 жыл бойы аптасына үш рет жүздеп қайталай берсе, ақиқат дап-дайын», – депті.

Еуразия кеңістігінде біз тым залым проблемамен ұшырасамыз. Ол халықаралық терроризмнен күрес тезисін өркениетпен күрес тезисімен алмастырудан құралған. Саддам Хусейннің нақты мысалын алайық. Ол діндестерімен екі соғысты бастағаннан, оларды улы газбен қырғаннан кейін оны шын ниетті мұсылман деуге тіл дауаламайды.

Бұл исламның проблемасы емес, өңірдің қауіпсіздігіне қатер төндірген режимнің проблемасы. Алайда ақпараттық түсіндірулер көп нәрсе дінге байланысты-мыс делінетін әлдене жасырын қатерге негізделеді.

Терроризмнің бастаулары тым әрқилы, оларды жалғыз себеппен түсіндіре алмайсың. Бірақ бұл кедейшіліктен, артта қалушылықтан, оқудың төмен

деңгейінен, саяси мүдделерден, әртүрлі мемлекеттердің тарихынан туындаған проблемалар кешені екені айдан анық. Және де осынау фактіні байыпты түсіну қауіпсіздіктің бүкіл жүйесін дұрыс құру үшін өте маңызды.

2001 жылғы 11 қыркүйектен кейін дүние қатты өзгерді. Бұл байыпты талдауды талап етеді. Дегенмен бір нәрсе айдан анық – өңірлік және жаһандық қауіпсіздік бүгінде, Ялтадан кейінгі бейбітшілік заманында болғанындай, қатып қалған ұғым емес. Жаңа қатерлер мен тәуекелдер жаңа көзқарастарды талап етеді.

Халықаралық терроризмге қарсы коалицияның Ауғанстандағы даусыз табысы, Иракта режімнің алмастырылуы шиеленісті тек Орталық Азия мен Таяу Шығыстағы ғана емес, жаһандық деңгейде кемітуге септесуі тиіс. Жаппай қырып-жоятын қарудың таралуы ғаламдық қауіпсіздіктің аса өткір проблемаларының бірі болып келді және солай қала береді, сондай қаруға халықаралық террористер мен жауапкершілікті білмейтін саяси режімдердің ие болуының өскелең қатері, «лас» бомбалар дегеннен бастап, шағын ядролық құрылғыларға дейін жеткізу мен қырып салудың бейдәстүр құралдарының пайда болуы соңғы халықаралық оқиғалардың ой қисынын көп жағынан түсіндіреді.

Әйтсе де, әлемде сол проблемаларды сыпайы да жауапты шешудің мысалдары бар. Естеріңізге салайын, өткен онжылдықта Қазақстан әлемдегі төртінші ядролық арсеналдың иесі болатын. Алайда

планетада бірінші болып ядролық қаруға иелік етуден ерікті бас тарту қадамын жасап, халықаралық ұйымдардың қатаң бақылауымен өз аумағын одан тазарта алды. Бұл, естеріңізде болса, аталмыш проблеманы қажетті шешудің үлгі етерлік мысалы деп аталды. Сол мысалдың өзектілігі бүгінде қай кездегіден де айдан анық, әрі бұл масс-медиа күрделі проблемалардың қалыпты саяси қисын орайында қалай шешілетінін көрнекі көрсетуде айтарлықтай рөл ойнай алар еді.

Еуропадағы қауіпсіздік құрылымдары екі жаһандық соғыстан кейін, бүгінгі коллизияларға қарамастан, беріктіктің айтарлықтай қырына ие болды. Ғаламдық орнықтылық үшін Азиядағы қауіпсіздік құрылымдары ерекше рөлге ие бола бастады, ал онда бүгінде планетамыздағы халықтың негізгі бөлігі өмір сүреді. Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру үшін 10 жыл бойы белсенді жұмыс істеді. Ол Кеңес өткен жылы Алматы актісін қабылдаумен және нақ осы залда Азияның 16 елінің, соның ішінде Қытай, Ресей, Үндістан, Пәкстан және Азияның көптеген аса ірі мемлекеттері көшбасшыларының қатысуымен өтті.

Әлбетте, Азияның қауіпсіздік архитектурасын жасау ұзаққа созылатын үдеріс. Бірақ біз шиеленісті жанжалдардан құтыла алмайтынымыз туралы ой-пікірлермен емес, тек осындай институттарды құру арқылы ғана нақты кеміте аламыз. Біз ондай бастамаларға медиалық қолдау өте маңызды, өйткені ол түсіністік пен сенім көкжиектерін ашады деп білеміз. Соңғы бірнеше

жылда ерекше белсенді пайдаланылатын интеллектуалдық фантомдар арасында өркениетте қақтығыс басталып кетті-міс деген тезис ерекше көзге түседі. Бірақ практикалық және ақпараттық деңгейде әлгі долбарлардың дұрыс-бұрыстығы туралы емес, мәдениеттер мен діндердің нақты үндесуін қалай жолға қою керектігі туралы ойлану керек.

Қазақстан ішкі саясатта және халықаралық деңгейде үндесудің сондай нышандарын белсене дамытып келеді. Осыдан 8 жыл бұрын біз этносаралық қатынастарды жарастырудың бірегей аспабын – Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрдық. Бұл институт Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының жоғары бағасын алды. Ол елдегі ұлтаралық үнқатысуға нақты септеседі. Тәуелсіздік жылдарының өн бойында Қазақстанда этностық тұрғыда бірде-бір жаппай жанжал болған емес. Еске салайын, әңгіме 120-дан астам ұлт және әлемнің барлық негізгі конфессияларының өкілдері тұратын ел туралы болып отыр. Біздің елдің мысалын шынында да этносаралық консенсус үлгісі ретінде қабылдауға болады. Біз адамның басты құқын – бейбітшілікте өмір сүру құқын қамтамасыз еттік емес пе.

2003 жылғы ақпанда осы Алматыда өңірдің бірқатар мұсылман елдерінің көшбасшылары, аса ірі америкалық және халықаралық еврей ұйымдарының жетекшілері, бірқатар христиан шіркеулерінің өкілдері әлемнің негізгі діндерінің конфессияаралық форумы идеясын талқылау үшін кездесті. Біз орасан

діни қауымдардың рухани басшыларының қағидатты түрдегі қолдауын алдық және таяу уақытта әлемдегі ең ірі конфессияларының жетекшілері мен өкілдерінің басын қоса жинай арудан үміттіміз.

Рухани көшбасшылардың ықпалы кейде тіпті саясаткерлер ықпалынан да асып түсіп жатады. Бірақ оны медиақоғамдастығы сөзімен салыстыруға болады. Біз мұсылмандар мен католиктер, православиеліктер мен иудейлер, протестанттар мен буддистер Қазақстан жеріне өркениеттер жанжалының емес, үндесуінің жолдарын табу үшін жиналады деп үміттенеміз. Әрі өңірлік және жаһандық бұқаралық ақпарат құралдарының қолдауы осынау маңызды іс табысының шешуші өлшемдерінің бірі болады.

Қоғам мен БАҚ-тың қатынастары тарихи және геосаяси ауаннан тыс қарастырыла алмайды. Біздің өмірдің кейбір ерекшеліктері кейде Батыстағы жұрт үшін ұрпақтан ұрпаққа жетіп жататын жеке меншік, сөз бостандығы, ашық қоғам дейтін қарапайым әрі іргелі ұғымдарға дағдыланған жұртқа түсініксіз. Бірақ мен тағы да ескерткім келеді: біз тоталитарлық қоғамнан таяуда ғана шықтық. Жаңа мемлекет құрудағы қателіктер де көбіне-көп сонымен түсіндіріледі. Өз кезінде К. Маркс пен В. И. Ленин нарықты экономикадан жоспарға қалай көшу керектігін егжей-тегжейлі жазды, бірақ әлемде социализмнен капитализмге көшудің жолын баяндайтын оқулық жоқ. Алайда біздің даусыз артықшылығымыз – қайдан шыққанымызды білеміз және нені қалайтынымызды білеміз.

Біздің демократиялық қоғам құрғымыз келеді әрі құрып та жатырмыз. Біздің халық демократия мен бостандықты үйренуде. Әрі бұл бүгінгі ұрпақтың орасан зор жетістігі. Бірақ аяусыз экономикалық дағдарыс және кеңестік дәуірден кейінгі кезеңдегі бүкіл кеңістіктегі аса өткір ұлтаралық жанжалдар жағдайында елдің басқарылуы болмаса, көшу басқа қисынмен іске асатын еді. Әуелі монархияға, қанды жанжалдарға, содан кейін фашизмге. Бұл қисын қасіретті нәтижелерге жетектейді және өрескел режимдердің тағдыры да белгілі. Демократия – жолдың бастауы емес, біздің түпкі мақсатымыз.

Әйтсе де соншалық қысқа мерзім ішінде біз неге қол жеткізгенімізді байқастайық. Бұл орайда сол жылдардағы басты мақсат біз көп күткен тәуелсіздікті сақтап, нығайту болды. Бұл ең басты мәселе болатын. Сондықтан біздің жағдайда жол беруге болатын бірден-бір стратегия – әуелі экономика, содан кейін саясат стратегиясы бойынша сапарға шықтық. Біздің экономикалық табыстарымыз бен Қазақстанның экономикалық деңгейі мен экономикалық жүйесінің либералдығы дәрежесі бойынша даусыз көшбасшылығы нақ сол жағдайдан өрбіген.

Қазақстан ТМД-да бірінші болып Еуропалық Одақ пен АҚШ тарапынан базарлы экономикасы бар ел деп танылды. Біз халықтың экономикалық әл-ауқаты үшін биліктің жауапкершілігі, саяси тұрақтылықты, азаматтық тыныштықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау қағидатын басшылыққа алдық. Төл сыртқы саясатымызбен біз өз айналамызда сенім мен

тұрақтылық белдеуін құрдық. Қазақстан ұсынған Еуразиялық Одақ моделі де экономикалық ықпалдастық арқылы сенім мен бейбітшілікті нығайтуды нысана еткен болатын.

Кедей әрі әлеуметтік қарама-қайшылықтармен жүнжіген қоғамда либералды және плюралистік баспасөз моделін іске асыруға болады деген алдамшы үміттен бас тарту қажет. Әрі бұл арада мәселе тіпті мәдени дәстүрлерде де емес. Мәселе мынада: әлсіз азаматтық қоғам бір-бірімен аяусыз айқасатын топтар тұсында бұқаралық ақпарат құралдарының өзін социумның бытырауы мен ыдырауының құралына айналдырады. Осынау теріс сценарий қармағына ілінбес үшін баспасөздің еркін қызмет етуінің іргелі шарттарын – тұрақты көп партиялы жүйелерді, күшті де мол бейресми ұйымдарды, БАҚ-тың тәуелсіз өмір сүруінің экономикалық шарттарын, масс-медиа жөніндегі либералдық заңдарды арттыра түсу қажет. Ақыр соңында, еркін медиақоғамдастықтың нақты субъекті мен объектін құру керек. Әңгіме тек экономикалық тұрғыдан дербес, саяси жағынан тәуелсіз орта таптың бұқаралық қабаты туралы ғана болуы мүмкін.

Егер оларсыз еркін баспасөз болмайтын барлық құрамдастарға қарасақ, Қазақстанның аттаған сайын нақты демократиялық бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту үшін орта жасап жатқаны айдан анық болады. Әлбетте, бұл үдерісте субъективті кателер де болды, жолда бөгелу де болды. Қазақстан атына әділетті сын да болды. Алайда ортақ оң үрдіс көз алдымызда. Шындап келгенде, Қазақстанда жабық қоғамдардың

басты дерттерінің біріне – цензураға тыйым салынды. Мемлекеттік БАҚ медиа-рынокта монополиялық та, негізгі де ойыншы емес. Қазақстанда талқылау үшін жабық тақырыптар жоқ. Және сіздердің осы заманның өткір проблемаларын талқылау үшін Алматыда жиналған осынау екінші кездесуіңіз бұған ең жарқын айғақ болады ғой деп ойлаймын. БАҚ-тың басым көпшілігі жеке меншік. Тәуелсіз БАҚ-тың құқықтық ортасы жасалды. Тәуелсіз БАҚ-ты дамыту үшін бірқатар экономикалық преференциялар мен салықтық жеңілдіктер жасалды. Журналистік қоғамдастықтың өзін-өзі үйлестіру үдерісі жүріп жатыр.

Қазақстанда қазір 3 мыңнан астам бейресми ұйымдар жұмыс істейді. Азаматтық қоғамды дамытуда үшінші сектор өзекті екенін тамаша түсіне отырып, біз бейресми ұйымдарды қолдаудың орта мерзімді кезеңге арналған арнаулы үкіметтік бағдарламасын ТМД кеңістігінде бірінші болып жүзеге асыратын боламыз.

Бүгін біз Қазақстанда орта таптың бұқаралық, орнықты қабаты пайда болды деп бекем айта аламыз. Оның негізгі құндылықтары нарықты экономикамен және либералды қоғаммен байланысты. Бұл біздің реформалардың онжылдығының басты әлеуметтік нәтижесі. Алайда саяси мағынада бұл еркін баспасөзді экономикалық және әлеуметтік қолдаудың кепілі екендігінің маңызы да кем емес. Болып жатқандардың нақты қисыны осындай. Біздің жаңа тарихымызға экскурс мынадай: «Өңірлік және жаһандық қауіпсіздік ұлттық мемлекеттер қауіпсіздігіне сүйенеді» деген

қарапайым тезисті көлденең тарту үшін қажет болды. Бірақ қауіпсіздікті мемлекеттің қатаң шектеу шараларының жүйесі деп түсіндіру әлдеқашан келмеске кетті. Біз қауіпсіздікті басқаша түсінуге сүйенеміз. Қауіпсіздік арқаулық құндылықтар бойынша нақты консенсус болған жағдайда тек дамыған азаматтық қоғамға сүйене алады. Бұқаралық ақпарат құралдарының бұл істегі рөліне баға жетпейді.

Қадірлі Төраға мырза!

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Сонау бір кезеңдерде Джон Кеннеди Ақ үйге америкалық Нобель сыйлығы лауреаттарын жинап, бұл ғимаратқа ешқашан, осында Томас Джефферсон жападан-жалғыз ас ішкен сонау бір күндерден басқа кезде, осынша сұңғыла ақыл иелері жиналған емес депті. Мына күмбез астында интеллектінің осынша шоғырлануы да сирек құбылыс қой деп ойлаймын.

Менің сіздерге жемісті пікірталас және қауіпсіздік пен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы бар күрделі байланысты сындарлы пайымдауларыңызды тілегім келеді. Сіздерге табыс тілеймін!

**ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының
I трансазиялық форумындағы
«ЕҚЫҰ-ның Трансазиялық өлшемі:
қауіпсіздіктің үзілмес буыны»
тақырыбында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2003 жылғы 7 маусым

**Қадірлі делегациялар басшылары,
парламентшылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Ең алдымен сіздерге меймандос Қазақстан жеріне
қош келдіңіздер демекпін.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйы-
мының, Еуропа кеңесінің басшылығына, халықаралық
ұйымдардың осы залда отырған өкілдеріне, Алма-
тыға парламентшылар форумына келген барлық

қатысушыларға барынша ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Соңғы жылдары Қазақстан аса ірі халықаралық форумдарды, соның ішінде өткен жылы құрлықтың аса ірі мемлекеттері көшбасшыларының басын қосқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін, жаһандық жетекші бұқаралық ақпарат құралдары қатысқан екі медиа-форумды өткізу орнына айналды. Бұл – біздің қағида тты түрдегі ашықтығымыз бен үнқатысуды жақтайтынымыздың нақты көрінісі.

Қазақстан тұңғыш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Парламенттік ассамблеясының аясында өткізіліп жатқан өкілдікті кездесу орнына айналды.

Бұл оқиғаның маңыздылығы айдан анық.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы елдердің парламентарийлері Еуропа қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасын Еуропаның географиялық шекарасынан 2 мың шақырым жерде талқылауға жиналды.

Біріншіден, бұл экономикалық, саяси және мәдени процестердің ғаламдануынан туындаған. Сондықтан бүгін географиялық координаттарда да, сондай-ақ жаңа қауіптер мен сын-қатерлерді ескере отырып та Еуропа құрлығы қауіпсіздігінің неғұрлым кең өлшемі туралы мәселенің қойылуы дұрыс.

Екіншіден, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының парламентаралық жиынының біздің елде өткізілуін жалпыеуропалық және қалыптастырылып жатқан азиялық қауіпсіздік жүйелері

арасындағы қатынастарда Орталық Азия ойнай алатын рөл ауанында қарастыру керек.

Түп-тура 1 жыл бұрын Алматыда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің бірінші саммиті өтті Оның шақырылуына Қазақстан бастамашы болды. Бұл бастама көп жағынан Еуропадағы қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру тәжірибесіне сүйенді.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі саммитінің қорытынды құжаттарын – Алматы акті мен Терроризмнен арылу және өркениеттер арасындағы үндесуге жәрдемдесу туралы декларацияны қабылдау Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік жолындағы нақты қадам.

Үшіншіден, осы заманғы күрделі де қарама-қайшылықты әлемде елдер мен халықтар арасындағы үндесудің әрқилы пішімдерін дамытудың маңыздылығы артып келеді.

Осыған байланысты Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Парламенттік ассамблеясының қызметі сенім мен қауіпсіздіктің біртұтас жүйесінің маңызды бөлігі. Парламентшылардың – халық қалаулыларының арасындағы үнқатысу көптеген мәселелерді шешуге, орын алып отырған мәдени-экономикалық және саяси кедергілерді жоюға мүмкіндік береді. Қазіргі көп әлпетті әлемде ол мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық көшірін салудың тетіктерінің бірі.

Осынау форумды Алматыда өткізу Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы елдерінің парламентарийлеріне Қазақстандағы өзгерістердің ырғағын, серпіні мен бағытын, біздің қоғамның ашықтығын, оның проблемалары мен алаңдауларын өз көзімен көріп, бағалауына мүмкіндік береді.

Менің ойымша, осындай тікелей араластықта жаһандану дәуіріндегі қауіпсіздіктің маңызды гуманистік өлшемі жатыр.

Форумға қатысушылар Еуропа қауіпсіздігінің өлшемдерін қайта ой елегінен өткізуге өз үлесін қосатынына, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының жаңа тарихи жағдайдағы қызметі жайындағы ұсыныстарды тұжырымдап, талқылайтынына сенемін.

* * *

Өткен ғасырдың аяғына қарай әлемнің, оның өңірлері мен жекелеген елдер қауіпсіздігінің парадигмасы өзгере бастады.

Бірнеше ғасырлар бойы Еуропадағы ахуал планетаның басқа өңірлеріндегі қауіпсіздікті айқындап келді. Тек XX ғасырдың өзінде құрлық екі рет адамзат тарихындағы ең жан беріскен жаһандық соғыстар аренасы болды. II жаһандық соғыстан кейін орын алған Еуропаның идеологиялық кереғарлықтары планетаның басқа да «бітіспес нүктелеріндегі» қарама-қарсылық сүрлеулерін айқындап берді. «Қырғи қабақ соғыс» жылдарында Еуропаның түп-тура жүрегі

арқылы жүргізілген кедергі күллі адамзатты құртып тынудың қатерін төндіретін кіндікке айналды.

Сол жағдайда Хельсинки үдерісі кезінде қалыптастырылған қауіпсіздік пен ынтымақтастық жүйесі бүкіл планетада бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдауда айқындаушы рөл атқарды. Ол «қырғи қабақ» соғыстың соңғы белестерінде халықаралық қатынастардың оңтайлы температурасын сақтап отырудың тетігі болып, содан кейін оның ең теріс мұрасының еңсерілуін қамтамасыз етті.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Шығыс Еуропа елдері мен жаңа тәуелсіз елдерге, соның ішінде Қазақстанға өтпелі белестің бірқатар қатты әлеуметтік-гуманитарлық проблемаларын еңсеруде баға жетпес көмек көрсетті, азаматтық қоғам институттарының дамуына даусыз үлес қосуда.

Жалпы алғанда ЕҚЫҰ өңірлік, сонымен бірге жаһандық қауіпсіздіктің көптеген шиеленісті проблемаларын шешіп, уақыттың елеулі сынақтарына төтеп бере алды.

XXI ғасырдың басында жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың ең қауіпті қатерлері мен сес көрсету бастаулары Еуропа құрлығының шегінен тыс жерлерде болып шықты.

Бірінші кезекте, әңгіме халықаралық терроризм пен экстремизм, қару-жарақ саудасы ауқымының кеңейтілуі, есірткі тасымалы, заңсыз көші-қон, трансұлттық ұйымдасқан қылмыс және басқалар туралы болып отыр. Жаппай қырып-жоятын қарудың таралу қатері

бүгінде көбіне-көп планетаның басқа географиялық аймақтарымен байланысты.

Жаңа ғасырдағы қатерлер мен сес көрсетудің шекарадан сырт сипаты өңірлік қауіпсіздікті басқа емес, тек жаһандық шкала бойынша өлшеуге итермелейді.

Бұл Еуропаға да, әлемнің басқа өңірлеріне де қатысты.

* * *

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының трансазиялық өлшемі туралы мәселе қою әбден қисынды.

Біріншіден, ЕҚЫҰ-ға қатысатын, бері салғанда, 11 елдің аумағы, географиялық тұрғыдан алғанда Азияда орналасқан. Олардан тек 3 мемлекет – Ресей, Түркия және Қазақстан Еуропа мен Азияда бірдей орналасқан. Осының өзі-ақ азиялық векторды ұйым қызметінің маңызды бағытына айналдырады.

Екіншіден, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде азиялық бағыттың мәні ылғи да өсіп келе жатқанын барлығы да көрсетеді. Осы заманғы Азияда адамзаттың жартысынан астамы тұрады. Жаһандық экономикада ең жедел қарқынмен Азия елдері дамып келеді, бұл арада планетаның негізгі шикізаттық және демографиялық әлуеті шоғырланған.

Үшіншіден, осы заманғы Азия саяси да, экономикалық та, мәдени де тұрғыдан барынша әртекті. Бұл осы арада қауіпсіздік институттарын құру үдерісін қиындата түседі. Өркениет тұрғысынан айтарлықтай

кіріккен Еуропадан өзгеше, біртұтас шығыс өркениеті туралы тезис тіпті миф те емес, мықтап қателесу.

Көптеген жаһандық қатерлердің бастау көзі планетаның Азия бөлігінде болып шықты. Жаппай қырып-жоятын қаруды таратып, қолдану қатері Оңтүстік Азия мен Қиыр Шығысқа көшті. Ғасырлар шегінде халықаралық терроризм пен экстремизмнің бір орталығы Ауғанстанда болып шықты.

Азияда заңсыз есірткі өндірудің әлемдік үш орталығының екеуі орналасқан. Бұл «Алтын үшбұрыш» және «Алтын жарты ай» делінетін жерлердегі елдер. Еуропаға заңсыз жеткізілетін апиын мен героин арналарының 70 %-ы сол жерден басталып, ондаған мемлекеттер шекаралары арқылы өтеді.

Ақыр соңында, әлеуметтік және саяси тұрақсыздық Азияның кейбір елдерінен жыл сайын ондаған мың заңсыз көшіп-қонушыларды Еуропаға қуады.

Осылайша, жаһандық қауіпсіздіктің көптеген проблемаларын шешу кілті, соның ішінде Еуропа құрылымының тұрақтылығын да қамтамасыз ету бүгінде Азияда тығулы жатыр.

* * *

Орталық Азияға географияның өзі жаһандық екі «қауіпсіздік буыны» – еуропалық және азиялық буындары арасындағы ұштастырушы рөлін бұйырып қойған. Осыған байланысты мен сіздерге өзінің дербес дамуын ХХ ғасырдың аяғында ғана қалпына келтірген

өңір қауіпсіздігінің ішкі өлшемдерін қалай көретінімді ортаға салғым келеді.

Орталық Азия елдері бүгінге дейін өзінің тәуелсіз мемлекеттілігін құру міндеттерінің тек бір бөлігін ғана шешті. Олар азаматтық қоғам құруға қарай тек алғашқы қадамдарын ғана жасады. Олардың экономикасында алғашқы оң үрдістер тек енді қылаң бере бастады.

Бұл орайда бірде-бір елде экономикалық, технологиялық және инвестициялық әлеуеттің өз-өзіне жеткілікті деңгейі жоқ әрі шетелдік инвестициялар ағынына мұқтаж.

Бүгінде жекелеген елдерде байқалатын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң серпінділігі айтарлықтай дәрежеде нақты жобаларды іске асыруға жұмсалған шетелдік капиталмен байланысты.

Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан бүгінде орталықазиялық елдер арасында озық тұғырға ие болып отырғанына мен әбден ризамын. Тәуелсіздіктің барлық жылдарында елге тартылған шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 20 млрд доллардан асты.

Біз осынау көшбасшылықты бұдан былай да сақтай беруге берік бейілміз.

Экономикалық прагматизм – ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік жүйесінің іргетасы.

Әрине, қауіпсіздіктің әскери, гуманитарлық, рухани-мәдени және ұлттық-тарихи қырлары да бар. Олардың маңызын ешкім жоққа шығармайды және жоққа шығарғысы да келмейді.

Бірақ әңгіме халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің іргелі құрамдастарын түсіне білуде, ал оны әлем әлі қалыптастыруы керек.

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығына дейін өмір сүрген жаһандық саяси конструкция күш балансы өзгергендіктен ғана емес, үдеріс мазмұны өзгергендіктен де дәрменсіздік көрсетеді. Жаһандық түлеу циклына қамтылу деңгейі де ұлттық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті факторы болып отыр. Шиеленіс ошақтары тек өңірлік немесе ғаламдық державалар мүдделерінің қақтығысы тұрғысында ғана емес, өзіндік бір «ұмытылған аймақтарда», заманадан «шығарып» тасталған өңірлерде де туындайтыны барған сайын айдан анық бола түсуде. Орталық Азия Еуразияның «сырқат адамына» айналмас үшін бір ғана рецепт бар, ол – ашық қоғам және ашық экономика.

* * *

Жабық қоғамдарда ұлт мәселесі этностық геноцид немесе тұтас бір халықтарды көшіріп жіберу дейтін белгілі формула бойынша оп-оңай шешіледі. Сырттай қарағанда тұрақты мемлекеттердің көпшілігінің соңғы 12 жыл бойында ыдырауы нақ этностық шиеленістер салдарынан болды. Көп этносты және көп конфессиялы Қазақстанның үлгісі мемлекет бастамашы болып, қолдап отырған өзара үнқатысу негізінде этностар мен діндердің бейбіт қатар тіршілік етуінің мүмкін екендігін көрсетеді. Ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың саясаттандырылуына жол бермегеніміз біздің аса маңызды

жетістігіміз болды. Біздің ұлттық саясатымыз беделді халықаралық ұйымдар, соның ішінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ тарапынан жоғары баға алды.

Біз осы заманғы қатерлер мен сес көрсетулердің бастау көздері әртүрлі мәдени тұғырнамаларда емес, әлеуметтік-экономикалық өрісте жатқандығына кәміл сенеміз. Терроризм пен экстремизмнің тамырлары бірқатар себептерден нәр алған, бірақ тіпті де бір немесе басқа діндер ерекшеліктерінен емес. Ол өтпелі кезеңдегі қоғамдардың жақсы белгілі сырқаттары – кедейшілік, жұмыссыздық, төмен әлеуметтік бейімделу. Мұндай жағдайда қоғамның бір бөлігінің не қылмысқа бет бұруы, не саяси радикализмге бой алдыруы сөзсіз орын алады.

Бұл сабақ, ғасырлар тоғысында Орталық Азияның кейбір елдерінде көрінген терроризм пен экстремизм қатерлерін ескерсек, біз үшін маңызды.

Және осынау қатердің Қазақстанда соншалық ауқымды көрінбеу фактісі көп жағынан басымдықтарды дұрыс орынға қоюдан және аса өткір әлеуметтік-экономикалық проблемаларды бірінші кезекте шешуден нәр алған.

* * *

Өзінің қағидатты таңдауын Қазақстан осыдан 12 жыл бұрын жасады: ашық қоғам мен нарықты экономикаға балама жоқ. Жаңғыртуды қалай жүргізу – басқа мәселе. Жаңғырту тетігі – ұлттық қауіпсіздіктің ішкі өлшемінің өзекті мәселесі.

Орталық Азияның басқа да елдері секілді Қазақстан да үш бірдей өзгерістің күрделі үдерісін бастан өткеруде. Өңірдің ерекшеліктерін түсінбеу салдарынан бізді Шығыс Еуропамен жиі салыстырады да, содан құлашы кең тұжырымдар жасайды. Алайда Шығыс Еуропа мүлдем басқа мәдени, экономикалық және геосаяси ортада дамыған болатын. Нарықты экономиканың, ұлттық мемлекеттіліктің, демократиялық үлгілердің дәстүрлері Шығыс Еуропада нақ 3–4 онжылдыққа үзілген еді. Сөйтіп ол өңір геосаяси зұлматтардан кейін өзінің тарихи мәдени-өркениеттік ортасына тез кірігіп кетті. Орталық Азиядағы ахуал мүлдем өзгеше.

Біріншіден, біз дәстүршіл қоғамнан осы заманғы, ырықтылық қағидаттарына негізделген қоғамға көшіп жатырмыз.

Өртүрлі мәдени тұғырнамалар қақтығысына жол бермеу, қоғамдық санаға адамдар үшін жаңа құндылықтар мен қатынастарды біртіндеп енгізу арқылы ұлттық дәстүрлердің жаңғыртушылық нұсқалармен жарасымды ұштасуын қамтамасыз ету біз үшін ерекше маңызды.

Мұның үстіне, кейбір елдердің күні кешегі тарихынан сәтсіз мысалдар бар. Әдетте, қоғамның қызмет етуінің тетіктері күрт өзгертілген, ал либерализм дәстүршілдікке қарсы қойылған жерлерде үдеріс не қоғамдық кері кетуге, не үдеріске бастамашы болған күштердің диктаторлық режимдерге айналуына апарып соқтырды.

Екіншіден, біз ұлттық мемлекеттілігіміздің ғимаратын іс жүзінде тұлдыр тақырда салудан бастадық.

Мемлекеттілік тарихы жүздеген жылдарға үзіліп қалды, ал осы заманғы терминдер мен ұғымдарда ол болмады. Және де Еуропада болмыс деп көрсетілетін нәрселерді іс барысында жасауымызға тура келді. Және мұны аса ауыр экономикалық дағдарыс және ұдайы әлеуметтік қопарылыс қатері астында істеуге тура келді.

Үшіншіден, жоспарлы экономиканы базарлы экономикаға, бір партиялы саяси жүйені плюралистік жүйеге айналдыру белесінен өту қажет болды.

Бүгінге біз жалпы алғанда құрылымдық экономикалық реформалар жүргізіп үлгердік. Қазақстан әлемдік экономикалық жүйеге кірікті. Нақ сол уақытта біз жаңа әлеуметтік-экономикалық институттарды – осы заманғы қаржы, салық, инвестиция, зейнетақы жүйелерін ендірідік.

Саяси жүйе түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Көп партиялы саяси жүйені қалыптастыру, ашық қимыл жасайтын оппозицияның, еркін баспасөздің, жаңа сайлау жүйесінің болуы және осы заманғы Қазақстанды қағидатты түрде өзгешелейтін бірқатар басқа құбылыстар да бір жағынан әбден-ақ дәстүршіл бұқаралық сана мен бұрынғы тоталитарлық мемлекеттіліктен басқа сипатқа өтудің ауқымын айғақтайды.

Осынау «үш бірдей транзит» феномені икемді және сонымен бірге дәйекті саясатты талап етеді. Осынау жолдардың тек біреуінің көзқарасы тұрғысынан ғана

қалыптастырылатын кез келген саясат қоғамды тығырыққа тіреуге қабілетті.

Тұтас алғанда біздің саясат векторы базарлы экономика мен демократиялық даму жағына бағытталған.

Қазақстан ашықтық принципін берік ұстанады және осы негізде гуманитарлық даму мәселелерінің бүкіл аясы бойынша үнқатысуға әзір.

* * *

Біз осы заманғы геосаясаттың түйісетін жерінде, әсіресе олардың белсенді қозғалысы тұсында отырып, өңірлік қауіпсіздіктің орнықты ғимаратын тұрғызудың қаншалықты күрделі іс екендігін түсінеміз.

Аса ірі екі мемлекетпен – Ресеймен және Қытаймен көршілік, ислам әлемінің қуатты мәдени тартылысы Орталық Азияның қауіпсіздік жүйесін тек тар өңірлік ортамен қалыптастыруды мүмкін емес етеді.

Сондықтан Орталық Азия қауіпсіздігінің қалыптастырылып жатқан жүйесі көп қыртысты сипатқа ие болып келеді. Өңір елдерінің көпшілігінің Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына қатысуы әскери-техникалық сипаттағы проблемаларды шешуге көмектеседі, бұл әскери қатерлердің алдын алу мүмкіндіктерінің бірі болып табылады.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Қытай шекараларында, Памирден Тынық мұхит жағалауларына дейін шиеленіс проблемасынан арылу, сенім

шаралары жүйесін, ең алдымен әскери салада, жасауға қол жетті.

ШЫҰ шеңберінде халықаралық терроризм, экстремизм мен сепаратизм қатерлеріне қарсы қимыл, экономикалық және гуманитарлық байланыстарды дамыту жөніндегі формулалар әзірленуде.

АӨСШК үдерісінің шеңберінде Азиядағы сенім шараларының бумасы әзірленуде. АӨСШК-нің 1 жыл бұрын қабылданған Алматы актісінде жаппай қырып-жою қаруының таралуына байланысты қатерлерді аластау басым міндет деп көрсетілді.

Қазіргі кезде Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ қалыптастыру үдерісі қорытынды белеске шықты, тиісті мемлекетаралық құжаттарды даярлау аяқталып келеді.

Халықаралық терроризмге және діни экстремизмді сыртқа таратуға қарсы қимыл мәселелері Орталық-азиялық ынтымақтастық ұйымының қалыптасқан шарттық-құқықтық арқауы, ТМД мен ШЫҰ-ның терроризмге қарсы орталықтары аясында шешілуде.

Орталық Азияда өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды қыры оның мемлекеттерінің НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасына қатысуы болып табылады.

Өңір мемлекеттері – халықаралық терроризмге қарсы коалицияға қатысушылар.

Коалицияның батыл қимылдарының арқасында Ауғанстанда халықаралық терроризмнің негізгі базаларын жоюдың ширек ғасырдай уақыт бойы өңірдегі

тұрақсыздықтың басты қайнар көзі болған сол елде саяси реттеу үдерісін өлі нүктесінен қозғалтудың сәті түсті. Қауіпсіздік үшін жауапты халықаралық құрылымдар емес, нақ мемлекеттердің терроризмге қарсы коалициясы оң рөл атқара алды. Әлгіндей халықаралық құрылымдар тиімділігі, егер олар қауіпсіздіктің нақты проблемаларын шешуге қосыла алмаса, төмендей беретіні айдан анық.

Барлық осы сегменттер бірін бірі толықтырып, тұтас алғанда өңір қауіпсіздігінің ең проблемалы кластерлерін олардың жаһандық өлшемдерінде қамтуға мүмкіндік береді.

Дегенмен Орталық Азия қауіпсіздігін қамтамасыз ету үдерісінде бүгінде бірқатар «осалдық» терезелері бар. Солар арқылы жаһандық қатерлер мен сес көрсетулер біздің өңірге көшеді де, сонысымен-ақ Еуропа құрлығы үшін елеулі қауіпке айналады.

Менің ойымша, сол «терезелерді» жауып қоюда ЕҚЫҰ белсенді рөл атқара алады және атқаруға тиіс.

Бұл орайда әңгіме өңірде Еуропа мен Азия арасындағы «санитарлық дәліздің» әлдебір жаңа түрін жасау туралы емес, Орталық Азияда ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздіктің жекелеген қатерлері мен сес көрсетуге қарсы тұру жөніндегі мамандандырылған құрылымдарының күнілгері мақсатты жұмысын жасау туралы. Осыған байланысты Орталық Азия мемлекеттерінің ЕҚЫҰ-ға мүше болуы маңызды рөл атқарады.

Ең алдымен халықаралық терроризммен және экстремизммен күресте ЕҚЫҰ-ның, негізінен сол

ұйымның жауапкершілік, соның ішінде Орталық Азия географиялық аймағындағы жауапкершілік рөлін кеңейту өзекті.

Қазақстан Халықаралық терроризмге қарсы әмбебап конвенцияны тездетіп қабылдау бастамасын қолдайды.

Бірлескен күш-жігерімізбен бізге есірткілердің заңсыз тасымалына қарсы қимыл жүйесін жасап алу қажет.

Терроризмге қарсы Ауғанстанда жүргізілген операция, амал қанша, әлемдегі терроризм және экстремистік қызметтің қаржылық көзі ретінде өңірдегі «Алтын жарты айдың» есірткі өндірісінің қысқаруына ықпал жасай алмады.

«Солтүстік маршрут» дейтінмен Еуропаға жеткізілетін есірткі соқпағы ғаламдық және жалпыеуропалық қауіпсіздікке қатер төндіретін қауіпті сес көрсетулердің бірі болып қалып отыр.

ЕҚЫҰ қамқорлығымен Орталық Азияда заңсыз көшіп-қону секілді қауіпсіздікке қатермен де күрес жөніндегі халықаралық құрылым жасау әбден-ақ қисынды көрінеді.

ЕҚЫҰ Каспийдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқара алады. Каспий маңындағы 5 мемлекеттің 4-і сол ұйымның мүшесі ғой.

Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан «Каспийдегі тұрақтылық туралы пактіге» қоя қоюды ұсынады. Оның өзекті сәті Каспий маңы өңірінде әскери күш

пайдаланудан бас тарту бола алар еді. Сол арада терроризмге қарсы өңірлік тиімді құрылым қалыптастыру туралы мәселе де пісіп-жетіліп келеді.

ЕҚЫҰ қызметінің трансазиялық бағытының келешекті бағыттары техникалық апаттар мен зұлматтарға жол бермеу, жұқпалы індеттердің таралуы жолына қорғаныштық кедергілер жасау жөніндегі жұмыс болып көрінеді.

Осы бағыттар бойынша жұмыс істей отырып ЕҚЫҰ жалпыеуропалық кеңістік қауіпсіздігі өлшемдерінің шкаласын кеңейте алар еді.

Сол арқылы Орталық Азия жаһандық қатерлер мен сес көрсетулерге қарсы тұруда ЕҚЫҰ-ның тіректерінің біріне айналар еді. Сонымен бір мезгілде ЕҚЫҰ Орталық Азия өңірінің берік бейбітшілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге едәуір үлес қосар еді.

Біздің ойымызша, ЕҚЫҰ-ның өңірдегі рөлі неғұрлым нақтылы әрі іске асырарлықтай болуға тиіс. Бізге жай ғана кеңес беру мен артық-ауыс ақыл айту емес, прагматикалық көзқарас қажет. Оның үстіне, өңірде саяси тұрақтылықты сақтау тіпті де тұрақты мәселе емес. Проблеманың мәні өзіміз отырған қайықты шайқалтуда емес, ұзақ мерзімді кезеңге өңірлік қауіпсіздікке қол жеткізуде.

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Планетадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігердің ортан белінде әрқашан елдер мен халықтар арасындағы көп жақты

ашық үндесу болып отырды. Бұл ЕҚЫҰ секілді беделді халықаралық құрылымның арқаулық қағидағтарының бірі.

Күн тәртібінде тұрған көкейкесті тақырыптар төңірегіндегі пікірталастар ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясының форумында алға қойылған мақсаттарға жетуге, қауіпсіздіктің күрделі проблемаларын шешуге өзара мақұлданатын көзқарастар әзірлеу мүмкіндігін беретініне кәміл сенемін.

Барлық қатысушыларға ойдағыдай жұмыс тілеймін! Біздің елдеріміз бен халықтарымыздың бәріне әл-ауқаттылық, бейбітшілік және өркендеу тілеймін!

**Махамбет Өтемісовтің 200 жылдығына арналған
«Махамбет – қайтпас қайсарлық пен еркіндіктің
өшпес рухы» атты ғылыми-практикалық
конференцияда**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Атырау қаласы,
2003 жылғы 14 қыркүйек

**Ардақты ағайын!
Қадірменді меймандар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі 11 жыл ішінде ұлтымыздың ұлы тұлғаларын ұлықтап, есімдерін қастерлеп, бүкіл халық болып мерекелеу игілікті дәстүрге айналып отыр.

Осы уақыт аралығында егемен елдігіміздің рухани кемелдігінің өлшеміне айналған халықаралық дең-

гейде бірнеше айтулы мереке өткені баршаңызға мәлім.

Біз данышпан ойшыл, кемеңгер ақын Абайдың, жыр алыбы Жамбылдың, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың тойларын бүкіл ұлт болып ұйымдаса өткіздік.

Осы тойлардың баршасы бір қазақ елінің еншісінде қалмай, дүние жүзінің бүкіл мәдени-рухани тынысын үйлестіріп отырған халықаралық мәртебелі ұйым – ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтті.

Олар сән құрып, салтанат жасау үшін емес, кешегі Кеңес Одағы құрамында тоталитарлық жүйенің темір құрсауында тұмшаланып келген елдің еңсесін көтеру, ұлт рухын ояту, халық бірлігін ұлықтау, атадан балаға алтын арқау ретінде үзілмей жеткен бай тарихи және мәдени мұрамыздың бары мен жоғын түгендеп, азат ұрпақтың қолына табыстау үшін жасалды.

Біз тәуелсіз ел болмасақ, мұндай шараларды іске асыра алмас едік.

Шын мәнінде, түп шежіресі сонау түркілерден бас алатын қазақ халқы өзінің жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жоралы жұрт қалпын сақтап қалғаны – оның еркіндік сүйгіш ерік-жігерінің, асқақ рухының арқасы. Осы жолда арғы-бергі замандарда орын алған бас көтерулердің, қозғалыс-көтерілістердің арқасы. Елі мен жері үшін жанын пида еткен боздақтардың арқасы.

1836–1837 жылдары Исатай мен Махамбет басқарған халық қозғалысы солардың бірі ғана емес – бірегейі.

Сондықтан тағы да сол ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтіп жатқан Махамбеттің 200 жылдығы біз үшін кезекті той емес. Тарихымызға көрсетілген керекті тағзым. Махамбеттей есіл ердің өз ұрпағына аманаттаған мәңгі өлмес мұрасынан алғымыз келетін тағылым.

Қазақтың кең даласының қай түкпіріндегі де төбешікті қақ жарсаңыз – асты тұнған тарих – халық тарихы. Ал енді Махамбетті Махамбет қылған да, Исатай мен Махамбет бастаған қозғалысты саяси мәні зор тарихи оқиғаға айналдырған да халық. Ел тарихы мен ер тарихын бөліп-жара алмайтынымыз сондықтан.

Олай болса, Махамбеттің мерейтойына халықаралық биік мәртебенің берілуі – қазақ атты ежелгі халқымызға, Қазақстан атты жас мемлекетіміздің адамзат қауымдастығына терезесі тең, керегесі кең, болашағы бүгіннен де жарқын Ел ретінде танылуының арқасы деп білеміз. Бұған қол жеткізген де – еліміздің тәуелсіздігі.

Тарихтағы қадау-қадау ірі тұлғалар тек өз халқының ғана қастерлісі, ұлттық дүниетанымды ғасырлардан ғасырларға жеткізуші ғана емес. Олар жалпыадамзаттық құндылықтардың қазынасы да. Міне, сол себепті Махамбеттің қайсарлыққа суарылған «жыр-жебелері», бір қарағанда, Дж. Байрон, А. Мицкевич, Ш. Петефи, В. Гюго, Т. Шевченко және т. б. ойшылдардың асқақ та өршіл романтизмімен ұштасып, үндесіп жатқандай. Бұл – «ұлылардың ортақ ұлағаты», адамгершілік және адамсүйгіштік сарынның, пайымды парасат пен сергек сенімнің тарихи үндестігі.

Алайда Махамбеттің олардың ешқайсысына ұқсамайтын жері де бар. Ол оның туған топырағы мен төл мәдениетінің құнарынан нәр алған табиғаты тың жаратылысында.

Махамбеттің өмірі мен шығармашылығының бағасын ғалымдар мен әдебиетшілер бере жатар. Сондықтан бұл тақырыпқа тереңдегім келмейді. Алайда Махамбет жырларының бүгінгі тәуелсіз Қазақстанға берер қандай тағылымы бар? Ақынның отаншыл отты жырларының азат еліміздің арманшыл жастарын елін, жерін сүйуге тәрбиелейтін қандай мәні бар? Осыған тоқтала кетпеске болмайды.

Тарихтың ұлы көші қайда бағыт ұстап, шерлі шежіре парақтары қанша аударылса да, мыңдаған жылдар бойы Еуразия атты қарт материк талай аласапыран оқиғаларды басынан өткізсе де, осы апайтөс құрлықтың дәл ортасындағы ұшы-қиыры жоқ ұлы даланы «үстінде көк аспан, астында қара жер жаралғаннан бері» мекен етіп келе жатқан халық әр кезде де Бостандық, Еркіндік, Азаттық ұғымдарымен өмір сүріп келеді. Оған Уақыттың өзі куә.

Махамбет, міне, осы ежелден еркіндік тән болған, еркінсүйгіштігі қалалық көршілерін тәнті қылған ең Даланың перзенті.

Осында қалыптасқан көшпелі өркениет пен «ежелгі дәстүрдің ділмары», Тоныкөк пен Асан Қайғыдай «дала философтарының» ақырғысы, Кетбұға, Доспамбет және Ақтамбердідей «жорық жырауларының» соңғысы. Мыңжылдықтар бойы сұрыпталып, сомдалған кесек мәдениеттің күміс сынығы.

Баяғы Түркі қағанаты дәуірінің (V–VIII ғғ.) ескерткіштерінде таңбаланған тас жазбалардан есетін «елдік пен ерлік» поэзиясының асқақ лебін кейінгі ұрпаққа қаз қалпында жеткізе білген өр тұлға. Оның –

«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Ерлердің ісі бітер ме»,

– деген өлең жолдары осының куәсі.

Махамбет елдік пен ерлік идеясын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп қана қоймай, ұлттық рухтың қуатын, қайыспайтын қара нардай қайратын, мұқалмайтын алдаспандай сенім мен жігерін мәңгілікке сөзімен де, ісімен де өрнектеп қалдырып кеткен ақиық Ақын.

Сол себепті де біз:

«Қорлықта жүрген халқыма
Бостандық алып берем деп...
...Ағайынның ары үшін,
Қарындастың қамы үшін...»,

– деген Махамбеттің поэзиясын – Тәуелсіздік пен Теңдіктің симфониясы деп білеміз.

Махамбет береке мен бірліктің, адал ант пен берік серттің жоқшысы.

Оның – «Бірлестірсек білекті,
Шынтуайттап бірлікті
Орната білсек керек-ті»,

– деп ағайынды берген сертке берік болып, алған анттан айнымауға, тілекті үндестіріп, білекті бірлестіруге шақыратын жырлары әр қазақ азаматы үшін қашанда өзгермейтін өміршең қағида болып қалуға тиіс.

Жалпы, қазақ тарихы – жан-жақты тарих. Қазақ мәдениеті – жан-жақты мәдениет. Даланың батырлары мен сал-серілері халық мұңын жоқтайтын жырау да, табиғат мұңын жоқтайтын сазгер де, сөз ұстаған шешен де, найза ұстаған көсем де бола білген.

Махамбет – сол дәстүрдің жанды жалғасы.

Ол «қара қазан, сары баланың қамы жолында» «Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасып, Қиғаш үшін қырылып, Тептер үшін тебіскен», сөйтіп «Еділдің бойына ел қондыруды, жағалай жатқан сол елді малға толтыруды» армандаған күрескер ақын.

Олай болса, бүгінгі егемендігіміз баянды, тәуелсіздігіміз табанды етілген дәуірде отансүйгіштік, елжандылық, патриотизм идеяларын кейінгі жас ұрпақтың бойына егу абыройлы міндет болып отырғанда, алдымызға 2030 жылға дейінгі Стратегиялық бағдарлама қойып, жүзеге асыру жолында еңбектеніп жатқан кезде Махамбеттің өр өлеңдері бұрынғыдан да өзекті.

Сондықтан да біз халықтың арман-мұратын, ұлттың мүддесін, елдің болашағын, жердің келешегін ойлағанда рухы асқар Алатаудай ақынның атына қайта-қайта орала береміз.

Әдетте Махамбет туралы, Исатай мен Махамбет басқарған ұлт-азаттық қозғалысы жайлы айтылғанда,

олардың Бөкей Ордасын басқарған Жәңгір ханға қарсы бағытталғаны көп айтылады. Меніңше, бұл жаңсақ пікір.

Исатай-Махамбет қозғалысы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған халық көтерілісі болатын. Ал кішігірім хандарды Ресей патшасы тағайындай бастаған.

Патшалық өктемшіл саясат қазақ даласына біртіндеп басып кіріп, оны билеп-төстеудің үш сатылы реформасын жасап, әуелі ондағы дәстүрлі билік институттарын әлсіретуге ұмтылды.

Онымен қоймай, қазақ жерін аумақтық тұтастықтан да, ұлттық тұтастықтан да ада қылуға күш салды. Осындай шұрайлы жерлерінен айрылып, алдындағы малы, жолындағы жайлауы қолды бола бастаған тұста Исатай мен Махамбет тәрізді «ел қамын жеген Едігелердің» қол қусырып қарап жатқаны мүмкін де емес еді.

Әйтпесе, Сырым, Қаратай, Атақозы, Көктемір, Тіленші, Жоламан, Кенесары, Жанғожа, Есет, Арынғазы, Досан, Байзақ көтерілістері мен Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата, Меркі, Ұзынағаш шайқастарының барлығын өзара текетірестен шыққан талас-тартыс ретінде мүлдем теріске шығаруға тура келер еді.

Сол сияқты XIX ғасырда елді бодандық бұғауынан босату жолындағы бас көтерулер қазақ даласының әр түкпірінде өтіп жатты.

Олардың әрқайсысының өз Махамбеті болғаны да сөзсіз.

Ал Еділ мен Жайықты қатар емген Атыраудың жалпақ Нарын өлкесінің «қызғыш құсы» болып шарқ ұрып, теңдік іздеген Исатай-Махамбеттің тағдыры отаршылдық жылдарында сахарада ешбір толас таппаған көтерілістер эстафетасының бірі және бірегейі.

Ал енді мұндай бас көтерулер мен көтерілістер кейінгі кеңестік жүйе тұсында да орын алмай қойған жоқ. Себебі патшалық отаршылдық кеңестік отаршылдыққа ұласты. Тәуелсіздік жолындағы күрес таптық күреске ұласты. Елдің егемендігі шектеліп, ұлттық мемлекеттіліктің тамырына балта шабылды. Ұлттық мүддеден партиялық идеология жоғары қойылды.

Ұлттық бірлік әлеуметтік жікшілдіктің көлеңкесінде қалды. Халық арасын наразылық кеуледі. Өлкелерде қозғалыстар оты өршіді. Коллективтендіру, жаппай қуғын-сүргін уақытында халқымыздың 2 млн-дайы қырылып, 1 млн-нан астамы ауа көшуге мәжбүр болды.

Ұлттық тарих пен таным, мәдениет пен өнер, ұлттық тәлім мен тәрбие, діл мен тіл – жалған ұран, жалаң партияшылдықтың құрбанына айналды.

Осындай қым-қиғаш уақытта, сансыз соғыстар мен отаршылдық саясат зардабынан өзінше бір өркениет бесігі болған қаншама қалалар қирандыға айналмады. Ата-бабаларымыздың жазба, ауызекі дәстүрдегі мұралары, поэзиясы, құндылықтары мен идеялары жинақталған қаншама дерек көздері із-түссіз меймәлім болмады.

Ол ол ма, «от пен оқтың» салдарынан жоқ болуға айналған тарихи және мәдени ескерткіштер қаншама. Алайда кітаптарды, олар сақталатын ғимараттарды өртеп жіберуге болар. Бірақ халық көкейінде ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын рухани құндылықтарды құрту, егер сол халық жер бетінде тірі тұрса, ешкімнің де қолынан келген емес.

Міне, күні бүгін батыр бабамыздың ұлы арманы орындалды деп айта аламыз. Халқымыз бодандық бұғауынан құтылып, бостандыққа қол жеткізді. Біз де тәуелсіздіктің 11 жылында «түн қатып жүріп» біраз іс бітірдік.

Еділдің бойына қалың ел қонды. Жайықтың бойы малға толды. Сары бала егемен ел тізгінін ұстаған азаматқа айналды. Қара қазан молшылыққа, ырыс-берекеге толы.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет сөз жүзінде емес, әлеуметтік реформалар арқылы жүзеге асты. Зейнетақы өсіп, жалақы молайды. Жалпы әлеуметтік-экономикалық, саяси-демократиялық реформалар жөнінде Қазақстан ТМД топжарғаны атанды. Әлем таныған абыройлы елге айналдық. Мемлекетіміздің іргесі бекіді. Ұлттың рухы оянды.

Мен айтып өткен Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов сынды алыптарымыздың әлемдік деңгейде өткізілген мерейтойлары, XX ғасыр басындағы Алаш арыстарының аталып жатқан аттары осының дәлелі. Тектен текке емес. Ата тарихымызда өшпес із қал-

дырып, ұрпақ жадында ұлт мүддесінің жоқшысы ретінде жатталып қалған тұлғалардың есімдерін кейінгі ұрпақтың санасына сіңдіріп, жұртымыздың рухын көтеріп, рухани мұрасын молайта түсу үшін.

Оларды ұмытуға еш хақымыз жоқ. Тарихымыз төрелі, мәдениетіміз өрелі болу үшін біз қолдан келгеннің барлығын жасауымыз керек.

Жалпы ұлттық рух туралы мен бұдан бұрын да айтқан едім. Қазір тағы да қайталасам деймін.

Кез келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух керек.

Қай заманда, қай елде болмасын, сол халықтың асқар таудай асыл перзенттері ең алдымен өз ұлтының, туған халқының еңсесін көтеріп, рухын асқақтату жағын ойлап өткен, сол жолда күрескен, тіпті құрбан болған.

Қазіргі таңда ақында да, әкімде де ұлт мүддесі, ел камынан артық мақсат болмауы тиіс.

Ата-бабамыз армандап өткен азаттығымызға жеткен кезеңде, біздің ең қымбат мүддеміз, асылымыз, ардақтымыз ұлттық рух екендігін естен шығармауымыз керек. Рухы мықты адам ғана Отанын шын сүйетін нағыз патриот бола алады.

Бұл ретте Күлтегіннің құдіретіне, Қазтуғанның қайратына, Доспанбеттің дауылпаз жырларына шыңдалған Махамбет шығармашылығы ұлттық рухымыздың қайнар бұлағы, мәңгілік сарқылмас қоры болып қала бермек.

Мен өзімнің биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауымда еліміздің тарихи мұралары мен мәдени

жәдігерлеріне үлкен көңіл бөлу керектігін атап айтқан болатынмын. Соған орай Үкімет қазір «Мәдени мұра» атты арнайы мемлекеттік бағдарлама жасақтап жатыр. Ол жақын арада бекітілетін болады.

Бұл бағдарлама бойынша еліміздегі негізгі тарихи және мәдени ескерткіштер тізімге алынып, жөндеу жұмыстарынан өтеді.

Туған тарихымызға, төл мәдениетімізге қатысы бар деген жазба деректерді жүйелеп жарыққа шығаратын болады.

Қазақтың аса бай ауыз әдебиетінің, фольклорының, ән-күйлерінің жинақтары шығарылады.

Халқымыздың мақтанышына айналған рухани жәдігерлеріміз шет ел тілдеріне аударылады. Оның ішінде өзіміз сөз етіп отырған Махамбеттің де, оған дейінгі де, одан кейінгі де Алаш ардақтыларының шығармалары, сондай-ақ күні бүгін бетке ұстар зиялы қауым өкілдерінің де дүниелері бар.

Сонымен қатар, шетелдік әдеби және ғылыми классика өкілдерінің шығармалары қазақ тіліне аударылып жарық көреді.

Кітапханаларға, мұражайларға қатты көңіл бөлінетін болады.

Айтайын дегенім, бүгінгі күні мемлекет мәдениетке біржола мойын бұрды. Құдайға шүкір, бұған мүмкіндігіміз толық жетеді. «Ауыл – алтын бесік» – соңғы 1 жылдан бері ауылға да қатты көңіл бөлудеміз. Оған бағытталған арнайы бағдарлама да жүзеге асырылу үстінде.

Өздеріңіз де көздеріңізбен көріп, қолдарыңызбен ұстап отырсыздар, биыл Махамбеттің 200 жылдығына орай мемлекет көп қаржы бөлді. Атырауда 10 астам орта білім ошақтары мен ауруханалар пайдалануға берілді. 200 шақырымнан астам жол салынып, 20 мыңға жуық үйлерге газ тартылды.

Атыраудың қақ төрінен көлемі 5 гектар жерді алатын Исатай мен Махамбетке арналған ғажап мемориалдық кешен орын алды.

Ең бастысы, елдің рухани байлығына үлкен үлес қосылды. Ақынның шығармалары, күйлері, аудармалар жарық көріп, Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісіне байланысты тарихи зерттеулердің қатары көбейді. Махамбет жайлы тарихи көркем фильм түсірілуде.

Мектептер мен жоғары оқу орындарында Махамбет шығармашылығына арналған оқулар, айтыстар өткізілуде. Бірқатар ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, тәлім-тәрбиелік мәні зор іс-шаралар атқарылуда.

Ардақты ағайын!

Еркіндік және Теңдік. Егемендік және Тәуелсіздік.

Осы төрт тұтқа тұрғысынан келгенде, Махамбет өз атынан емес, тұтас ұлттың атынан, өзі өмір сүрген жылдар емес, қазақ халық болып қалыптасқан сан ғасырлар деңгейінен тіл қатады.

Еркіндік пен егемендік идеялары кейіннен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен, одан соң 1986 жылғы

тәуелсіздік қозғалысынан өз жалғасын тапқаны анық. Ендеше, елдігіміздің, мемлекеттігіміздің тарихи және саяси жағынан да, рухани және мәдени жағынан да бастау бұлақтарының бірі болған Махамбет ақын және батыр бабамыздың жаугершіл әрі жыршыл өмір жолы – өнеге етуге тұрарлық жол.

«Арттарынан ақырып теңдік сұрар» бір ұл күткен аталарымыз Махамбеттей мұрагерін ақыры тапқан екен. Ендеше Махамбет өлген жоқ, Махамбет – біздің замандасымыз. Ел мен жұртының арын арлап, мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған «жорық жырауы» жалпы-адамзаттық мақсат пен мұраттардың деңгейіне көтерілу арқылы бүгін Қазақстанның халықаралық аренада тағы бір тарихи және рухани қырынан танылуына мүмкіндік беріп отыр.

Төрткүл дүниенің төрт бұрышынан келіп бүгінде баршамыз ақынның Әруағына бас иіп, тағзым етіп отырғанымыз да сондықтан.

Ендеше Махамбеттің өзі өсиет еткендей, ақынның бүгінгі тойы ас ішіп, ат жарыстыруға емес, елдік пен ерлікті, бірлік пен тірлікті, ырыс пен ынтымақты ұлықтауға арналсын.

Той тойға ұлассын, ағайын!

Әлемдік және дәстүрлі діндер
көшбасшыларының I съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2003 жылғы 23 қыркүйек

Қадірлі съезге қатысушылар мен қонақтар!

Сіздерге, жетекші әлемдік діндер өкілдеріне, Қазақстанның ежелгі жерінде сәлем беру мен үшін орасан зор қуаныш әрі асқан абырой. Сіздерге біздің шақыруымызды хош көріп қабылдап, осынау жиынға өздеріңіздің келіп қатысып, құрметтегендеріңіз үшін тікелей өз атымнан және біздің көпұлтты халқымыздың атынан үлкен ризашылығымды білдіремін.

Оның Еуразияның нақ жүрегінде өгіп жатқанының терең мәні бар. Көптеген ғасырлар бойы Ұлы даланың

төсі көптеген халықтардың өзара кіріккен күйде бейбіт қатар өмір сүруімен ерекшеленетін және сол халықтар әртүрлі діндерді – тәңіршілдік, зороастризм, буддизм, христиан, иудаизм, ислам және басқа діндерді ұстанды. Ежелгі замандардан күні бүгінге дейін осынау жер сауда және мәдени алмасу жолымен Азия мен Еуропа арасындағы өзіндік бір байланыстырушы қызметін атқарып келеді. Ол қазір де көптеген халықтар мен діндер өкілдері үшін туған шаңырақ болып отыр. Біз конституциямыздың преамбуласында бейнеленген, «Біз, Қазақстан халқы...» деп басталатын бірегей әлеуметтік-гуманитарлық ғажап құбылыс туралы мақтанышпен айтамыз.

Біздің елдің оңтүстігінде Қойлық деп аталатын XIII ғасыр қаласының орны бар. Осынау ежелгі мекенде буддалық пагода, мұсылман мешіті және христиан шіркеуі көрші тұрған. Ал бүгін Қазақстанның жаңа астанасында, біздің барлық басқа қалаларымыздағыдай, сіздер мешітке, шіркеуге, католик костеліне, синагогаға, буддистік храмға емін-еркін кіре аласыздар. Замандарды жалғайтын арқау дегеніңіз нақ осы.

Осынау съезге даярлық мені Астанада Ұлттар сарайын салу туралы ойға жетеледі. Онда мешіт, шіркеу, синагога, буддистік храм болуы мүмкін. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы және барлық ұлттық-мәдени орталықтар да нақ сонда орналасады. Айтқандай, Қазақстан халықтары Ассамблеясы біз үшін мемлекеттік ұлттық саясатты тиімді жүргізуге көмектесетін азаматтық қоғамның бірегей институтына айналды. Оның қызметі Қазақстан қоғамына танылды және

көптеген елдерде, БҰҰ мен ЕҚЫҰ секілді халықаралық ұйымдарда жоғары бағаға ие болды. Ұлттар сарайы ансамблі өз аясында 120-дан астам халықтың өкілдері тыныштықта тату тұрып, еңбек ететін біздің ел халықтары бірлігінің өзіндік бір нышанды белгісіне айналады. Бізде 40-тан астам конфессия емін-еркін жұмыс істеуде. Біздің даусыз ұлттық байлығымыз және тұрақты болашағымыз бен дамуымыз мүмкіндігі нақ осында.

Мынаған кәміл сенемін: біз сақтап, нығайтып келе жатқан этносаралық және конфессияаралық татулық түбегейлі де ауқымды өзгерістерді серпінді жүргізуге мүмкіндік берген, саяси, экономикалық және әлеуметтік өрістердегі табыстарды қамтамасыз еткен іргетасқа айналды. Ол табыстарды бүгінде барша мойындап отыр.

Толеранттық және тағаттылық, татулық және ынтымақтастық қағидаттарын біз өзіміздің сыртқы саяси қызметімізде де ұстанамыз. Олар көп арналы кірігу және жаһандық, өңірлік қауіпсіздік, әділет пен прогресс жолында топтасу идеясына сүйенеді. Қазақстан барлық мемлекеттердің ішінде бірінші болып ядролық қарудың қуаты жағынан әлемдегі төртінші арсеналынан өз еркімен бас тартты және әлемдегі аса ірі ядролық сынақ полигонын біржола жапты. Бұл ғаламдық қауіпсіздікке біз қосқан лайықты үлес болып, басқа халықтар мен мемлекеттердің мойындауына бөленді.

Біздің ел Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақырудың басшысы болып, ол өткен

жылы өңір мемлекеттері басшыларының жиынында ұйымдық жағынан хатталды.

Биылғы жылдың ақпанында біз халықаралық бейбітшілік пен татулық конференциясын өткіздік. Оған көптеген көрнекті діни қайраткерлер, әртүрлі конфессиялардың өкілдері қатысты. «Бейбітшілік пен татулыққа» декларациясы қабылданды, Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы құрылды.

Қазақстанға діни конфессияның өкілі болып келген әрбір жетекші өзі басқаратын қауымдардың қайта өркендеп, рухани дамығанын қуаттай алады ғой деп білемін. Бұл біздің мемлекеттің бейбітшілікті, татулық пен тұрақтылықты сақтау жөніндегі ұмтылыстарының салдары, оны біз басты жетістіктеріміздің бірі деп санаймыз. Біз Қазақстан қоғамының тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің негіздерін нығайта отырып, алдағы уақытта да, шаршап-шалдықпай, тынымсыз жұмыс істей береміз.

Сонымен бірге, біз бір мемлекет аясында осы бағытта қолданылатын күш-жігер қаншалықты керемет болғанымен, оған сыртқы факторлар септеспесе, тиісті нәтиже бермейтінін көріп те, санаға анық сіңіріп те жүрміз. Бұл планетаның кез келген мемлекеті үшін даусыз айғақ. Халықтардың, мемлекеттер мен үкіметтердің бейбіт өмір сүруі мен сындарлы ықпалдастығы туралы мәселе біздің заманда ерекше өзекті болып отыр. Таза теориялық ауаннан ол іс жүзіндегі аса маңызды міндеттер тұрпатына көшті. Нақ сондықтан діндерді, мәдениеттердің, өркениеттердің үндесуін

жалғастыру мейлінше қажет көрінеді. Ондай үндесу көптеген аса көрнекті саяси және діни қайраткерлердің күш-жігерімен, шындап келгенде, ежелгі заманнан жалғасып келе жатқаны белгілі.

Бізге әлемдік өлшемде де, өңірлік, ішкі мемлекеттік өлшемде де оқиғалар мен құбылыстарды терең сыншыл талдау қажет. Осынау талдау болашақта, сөз жоқ, айтыла беретініндей, «керекті кебектен айыруға», адамзат қоғамдастығын қандай да болсын саяси, экономикалық, діни, әсіресе әскери экстремизмнен қорғауға көмектеседі. Осынау талдау бүгін әлем белшесінен батып отырған «қарапайым шешімдерге» әуестікке, адамзатқа жат идеяларға қарсы «дәрі егу» бола алатынына күмәнданбаймын. Осыған байланысты алқалы жиын алдында заманымыздың тек кейбір проблемаларына өзімнің қалай қарайтынымды ортаға салғым келеді.

Біріншіден, соңғы жылдары айтылып жүрген «өркеніеттер жанжалы» және «діндер дағдарысы» тақырыбына арналған пікірлерді жөнсіз санаймын. Керісінше, дүниені жайластыруда болып жатқан радикалды өзгерістер, бүкіл әлемдегі миллиардтаған адамдардың технологиялық жаңалықтарға бейімделуіндегі қиындықтар, жаһандық базар экономикасының қатаң талаптары тұсында адамзаттың өзін толғантатын сұрақтарға жауапты діни ақиқаттардан іздеуге жаппай оралуы орын алды. Олардың парасаттық-этикалық әлеуеті ештеңемен салыстыруға келмейді.

Еуразияның орталық бөлігінің ерекшелігі мынада: осы арада дін көптеген халықтардың ұлттық топтасу

факторына да айналды. Мынаны да ұмытуға болмайды: осынау орасан зор кеңістікте ұждан бостандығы және діншілдердің ғибрат ету дәстүрі тұтас ондаған жылдар бойына үзілді. Біз дін туралы жаңа заңдар қабылдағаннан кейін діни сенім жаңа тіршілікке ие болды, барлық қауымдарда дін үмбеттерінің саны күрт өсті. Және бұл қуанышты құбылыс, өйткені дін, тегінде, жаһандану дәуірі басталғанға дейін, гуманизм мен мәдени үнқатысу идеяларын сақтап, әлемге таратушы жалғыз әлемдік құбылыс болды.

Рухани әмбебаптықтан басқа, дін халықаралық ынтымақтастықтың пәрменді институты да. Бұл қазір, біздің заманда, аймақтық және өңірлік жанжалдар саны өсе түскен тұста ерекше маңызды, әрі әлгіндей жанжалдар бірқатар жағдайларда этностық-діни реңкке ие болады. Саяси реттеу әдістері дәрменсіз жағдайда Құдай сөзі татуласу мен үміттің жалғыз құралы болып қалады. Негізіне адамгершіліктің аса асқақ үлгілері алынған діни дәстүрлердің рөліне біздің апыл-қапыл, кейде алас-күлес өзгертін дүниемізде баға жеткізу қиын.

Амал қанша, біз осы заманғы әлемде діннің адамдарды саяси қарекетке жұмылдыру қабілеті тіпті де ізгі мақсаттарда пайдаланылмайтындығының куәсі болып келеміз. «Әулиелік» категориясының мағынасының өзі бұзылуда. Оны теріс түсіндіру адамзат заңдарын менсінбеуге, ойына келгенін істеуге, моральмен, адамгершілікпен, гуманизммен, кез келген діннің негізгі қағидаларымен сыйыспайтын қарекеттерге жетелейді. Мен мынаған кәміл сенемін:

орын алып отырған мәдени-өркениеттік және діни айырмашылықтарға идеологиялық, саяси реңк таңуға жол берілмейтіндігін үзілді-кесілді жариялайтын уақыт жетті. Біздің діни сипаттағы жалған доктриналарды бетперде ететін агрессия мен зорлық актілерінің шынайы мәнін айыруды және әшкерелеуді үйренуіміз керек.

Екіншіден, қазір «өркениеттер жанжалы» туралы емес, «жолығысуы» туралы айту әлдеқайда орынды. Ешқандай да «тарихтың ақыры» көрініп тұрған жоқ, оның себебі тіпті қарапайым: адамзат қазіргі тарихи сәтте (болашақта да солай болар деп ойлаймын) әлемдік қоғамдастық өз тіршілігінің жалғыз негізі ретінде қабылдай қоятын мәдени-діни жайластырудың бірден-бір және әмбебап өркениеттік үлгісіне ие емес. Меніңше, осының бәрі – «парасат түстері» таратқан мифтер және мүлдем жалған ұмтылыстар. Және мұны әрбір есті саясаткер, әрбір мемлекеттік және діни қайраткер анық түсінуге тиісті.

Кез келген моножүйе, бұл менің бойға барынша сіңген сенімім, бүкіл адамзатты былай қойғанда, оның бір бөлігінің де тепе-теңдігін, тұрақтылығын және дамуын қамтамасыз ете алуға дәрменсіз. Ол өз бойында жанжал мен қопарылыс қатерін ұдайы сақтап отырады. Тек «Бірлік алуандықта, көпұлттылықта, көпконфессиялықта» деген қағида ғана дұрыс. Басқа да өркениеттер, мәдениеттер, діндер бар екенін, олардың да тарихының тереңдігі мен маңызы кем емес екенін, өз символикасы мен ділі бар екенін байыптап алып,

олармен санасу қажет. Мұны ешқандай күш көрсету және ырыққа көндіру әдістерімен мұқалта алмайсың.

Қазіргі кезде әлемде өркениеттер қақтығысқа емес, әрқашан оңай да, ұқсас болмаса да, мәдени-діни жүйелердің жаңа дүниеге, жаңа технологияларға, жаңа қоғамдық қатынастарға бой үйретуі жүріп жатыр.

Біздің бәріміз, тегінде жаһандану және өндірістің де, қоғамдық-саяси жайластырудың да жаңа технологиялары, дау жоқ, уақыт талабына жауап беретінін түсінетін болармыз. Бірақ оларда тек игіліктер ғана емес, теріс көріністер де бұғып жатыр, ал оларды қоғам мүлдем жоққа шығармаса да, барынша азайта алады.

Материалдық молшылықпен ешқандай байланысы жоқ, адам үшін қашанда басым және іргелі болып қала беретін даусыз ұлы құндылықтар бар. Олардың бастылары – руханилық, парасаттылық. Олардың негізгі қайнары әрбір халықтың ғасырлар бойы жасаған ұлттық және діни дәстүрлерін, өзіндік тарихи және мәдени тәжірибесін сақтайтын дін болып табылады.

Ақыр соңында, үшіншіден. ХХІ ғасырдың алаңдаулар мен қатерлерге толы жаһандық дүниесінде мемлекетте, дінде, азаматтық қоғамда, менің ойымша, ізгі ерік-жігердің ерекше әрі біртұтас стратегиясы мен оны көрсету амалы бар. Бұл – бейбітшілік орнату және елдер, халықтар, конфессиялар арасындағы татулыққа, өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа жетуге бағытталған үндеу мен қарекет. Біз бүкіләлемдік жамандықтың терроризм, жаппай қырып-жоятын қару және кез келген басқа нәрсені тарату, есірткі

бизнесі және оның салдарлары, экологиялық апаттар, біздің заманның тәндік және әлеуметтік сырқаттары секілді көріністермен күресте табысқа тек толеранттық және серіктестік арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Бұл қатарда сондай-ақ қоғамның ең несібеден қағылған адамдарға жанашырлықпен қарап, қамқорлық жасауды да айтуға болады.

Алдағы кезеңде осы мәселелер, меніңше, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың, барлық әлемдік қоғамдық ұйымдардың қызметінде айтарлықтай орын алуға тиіс. Және, әрине, мұнда әлемдік және дәстүрлі діндер өзінің сүбелі рөлін атқаруға тиіс.

Қазақстан жеріндегі кездесу конфессияаралық үнқатысу мәдениетін қалыптастыруға өзінің қарапайым үлесін қоса алар еді. Біздің ойымызша, әңгіме кеңесушілік кездесулер жүйесін құру, сондай үнқатысудың белгілі бір рәсімдер мен қалыптарын қалыптастыру туралы бола алар еді.

Сонымен бірге сіздер бізге қандай да бір түпкі мақсат қоюдың керегі жоқ және ондай мақсат қоюға да болмайды деген пікірімді қолдайсыздар деп білемін. Біртұтас діни кеңістік құруға болмайды. Орын алып отырған айырмашылықтарды ақырына дейін еңсеруге болмайды, өйткені олар кейде ұлы діндер негізін қозғайды. Алайда тұрақты үнқатысудың құндылығы мынада: орын алып отырған пікір алуандығына қарамастан, әлдебір «алтын арқаудың» мағынасының өзі және оны іздестіру үдерісі сақталады. Және ең бастысы – үнқатысу бейбітшілік пен татулық аумағын, жарасымдылық пен айқындыққа қол жеткізер сәтті

жасайды. Мен осыдан діни үнқатысудың даусыз құндылығын көремін.

Осыған байланысты мен барлық діндер мен конфессиялардың өкілдеріне діндер форумын тұрақты негізде өткізу жөнінде ұсыныс жасаймын. Мұндай институт құру дінаралық үнқатысу негізін нығайтады, дін қайраткерлері мен діншілдердің өздерінің арасындағы сындарлы қатынастарына жүйелілік береді. Болашақта бұл әлемде дінаралық шиеленісті бәсеңдету, руханилықты, бейбітшілдікті және төзімділікті насихаттау міндеті болатын халықаралық ұйымның негізін қалай алады.

Біз сондай-ақ Діни төзімділік хартиясын әзірлеуге алғашқы қадамымызды жасай аламыз. Бүгінде діндердің бейбіт қатар өмір сүруінің қағидаттарын жай ғана жазып қоятын емес, олардың арасындағы сындарлы үнқатысудың қажеттілігін дәлелдейтін де құжат өте қажет.

Біз діндердің біртұтас мәдени орталығын құру жайын да ойластыра аламыз. Бұл идея көптен бері елдің ойында жүр әрі бүгінде оны іс жүзіне нақты асырудың қажеттігі пісіп-жетілді. Діни қайраткерлер мұны бізге сеніп тапсырса, біз сіздердің қолдауыңызбен және сіздердің қатысуыңызбен осынау маңызды да өзекті міндеттерді шешуге кірісер едік.

Қадірлі съезд қатысушылары мен қонақтары!

Сіздерге форумға қатысқандарыңыз және осы заманғы әлемнің проблемаларына терең назар салғандарыңыз үшін шын жүректен тағы да алғыс айтамын.

Бүгінде мен діни жетекшілердің ең жоғары миссиясын өз сенімін адамдарға таза күйінде, бүйректен сирақ шығарумен бүлінбеген, түсінбеушіліктен, оның үстіне дұшпандық пен өшпенділіктен ада күйінде жеткізу деп білемін. Мен сіздердің барлығыңыз шынайы сенім, шындық, қайырымдылық және адамды сүю нұрын жеткізетіндеріңізді білемін.

Сіздердің барлығыңызға өздеріңіздің шын мәніндегі ғаламат әрі ылғи да алғыс айтыла бермейтін еңбектеріңіз үшін басымды иемін.

Сіздерге жақсылық пен бақыт тілеймін!

Қазақстанның
І Азаматтық форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2003 жылғы 15 қазан

Қадірлі форум қатысушылары мен қонақтары!

Сіздерді алғаш рет құрылған Азаматтық форум жұмысының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздің тарихында бейресми ұйымдардың мұндай жиналысы тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бұл өсе түскен ықпалын да, бейресми ұйымдардың біздің қоғамда мемлекет солармен ынтымақтастыққа бөлетін зор маңызды да анық көрсетеді.

Бүгінгі кездесуде елдің барлық өңірлерінен өкілдер, мемлекеттік орталық органдардың басшылары,

әкімдер және шетелдік қонақтар қатысып отырғаны біздің мемлекетте берік орныққан сенім мен әріптестік практикасына ділмар да бұлтартпас иллюстрация қызметін атқарады.

Қадірлі форум қатысушылары мен қонақтары!

Біз сіздермен біздің ел тәуелсіздігінің 12 жылдығы қарсаңында кездесіп отырмыз. Бұл қандай да бір дәрежеде рәміздік дата, өйткені ол адам өмірінің бір циклын анықтайды. Шығыста осы жасқа жеткен баланы алғашқы қауіптен өткен жан санайды. Қазақтар бұл мерзімді «мүшел жас» деп атайды.

Уақыттың осынау мерзімінің ішінде біз тәуелсіз мемлекет құра алдық.

Осынау 12 жыл Қазақстанның болашағын анықтаған орасан тарихи оқиғаларды бастан өткерді.

Және, біздің қайта өркендеуіміздің айғағы ретінде, орталығымыз Астана өсіп шықты.

Тіпті ең жырынды скептиктің өзі бізде экономикалық және саяси өрістерде болған терең оң өзгерістерді көріп отыр. Әйтсе де ең басты табысты біз адамдар психологиясының өзгеруінен көріп отырмыз, олар біздің реформаларды көш көріп, оларға сенді әрі олардың белсенді жүргізушілеріне айналды.

Азаматтарымыздың әл-ауқаты едәуір артты. Қазақстандықтар біреу-міреудің көмегін күтпей, жеткілікті еңбекақы табу мүмкіндігіне ие болды. Біздің

алдымыздан бүкіл әлем ашылды, онда еркін жүріп-тұруға, оқуға, демалуға, өз ойларын еркін білдіруге болады.

Біз өзіміздің саяси тұрақтылығымызды, ұлтара-лық және конфессияаралық татулығымызды мақтан етеміз. Бұл біздің өздігінен бола қоймайтын ең басты олжамыз. Қоғамымыздың тұрақтылығынсыз ешкім де қаражатын экономикамыздың дамуына қоспас еді, бірде-бір аса маңызды сапар жасалмас еді, тығыз мемлекетаралық байланыстар қалыптаспас еді. Ал осынау факторларсыз біз қазіргі экономикалық табыстарға жетпес едік, оларды біздің шетелдік әріптестеріміз мойындап отыр.

Адамдар өмірі жақсара түскен, экономика тұрақтылыққа ие болған нақ қазір біз жасалған реформалар мен өзгерістердің кері кетпейтінін айта алатын болдық. Іскер адамдар, фермерлер, шағын және орта бизнесте істеп жүргендердің баршасы осынау кері кетпестіктің тірегі әрі кепілі. Ал бостан қоғам – орнықты даму-дың басты кепілі және бостан қоғамның ең маңызды құрамдасы, сөз жоқ, демократия.

Азаматтық қоғам, соның ішінде бейресми сектор – демократияның етене бөлігі екені белгілі. Міне сондықтан мен осы форумға зор қуанышпен қатысып отырмын және сіздерге ұланғайыр табыс тілеймін. Сіздер реформаларды белсене жақтайтындарыңызды, оған қатысып жүргендеріңізді білемін. Бұл сіздердің өздеріңіз реформа саясатының, еркін демократиялық қоғам құрып жатқан саясаттың перзенті екендіктеріңізден туындаған.

Біздің тарихымызда іс жүзінде азаматтық қоғам тәжірибесі болған емес. Қазақтар өмірінің қоғамдық салтындағы ертедегі демократиялық нанымдар тоталитаризм диірменінде талқандалып бітті. Демократиялық қоғам құра бастаған біз өткеніміздің қысымын сезіндік әрі әлі күнге дейін сезініп келеміз. Бұл біздің күні кешегі тарихымыз, одан біз өз санамызда әлі толық арыла қойған жоқпыз. Адамдарды меншіктен және биліктен бөліп тастау діл мен әлеуметтік мінез-құлықтың бұрмаланған тұрпатының пайда болуына жетеледі. Оған патернализм психологиясы, әлеуметтік масылдық, бастамадан үрку тән. Осынау сарқыншақтардан бір сәтте арылу мүмкін емес.

Бүгінде біздің алдымызда күрделі міндет тұр. Демократия дамыған азаматтық қоғам негізінде қалыптасқан көптеген елдерден айырмамыз – біз бір мезгілде демократия да, азаматтық қоғам да, мемлекет те құрып жатырмыз. Экономиканы реформалай отырып, біз саяси жүйені де реформаладық. Азаматтық қоғам институттарының рөлін едәуір арттырдық. Саяси партиялар мен қозғалыстар, тәуелсіз БАҚ-тар қоғамдық өмірдің белгілі қатысушыларына айналып келеді.

Елдің жаңа тарихымен бірге үкіметтік емес ұйымдар да дамып келеді. Қазақстанның бейресми ұйымдары шын мәнінде орасан жолдан өтті. Олардың қаз тұруы елдің тәуелсіздікке ие болуы және ауқымды нарықтық, демократиялық реформалар жүргізу кезеңімен етене байланысты.

Мынаны айта кету артық болмас деп ойлаймын: нақ бейресми ұйымдардың қызметі беймемлекеттік инвестициялардың гуманитарлық өріске тартылуын көп жағынан қамтамасыз етті.

Бүгінде елде 4,5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. Олар іс жүзінде барлық әлеуметтік маңызды өрістерде бар. Бейресми секторда 200 мыңдай адам іс басында. Қазақстандық ҰЕҰ қызметімен біздің 2 млн-дай азаматымыз қамтылған. Бейресми секторды дамыту деңгейі бойынша Қазақстан Орталық Азия өңірінде жетекші тұғырға ие. Біздің бейресми ұйымдар халыққа оқыту және ағарту қызметінің орасан зор кешенін көрсетеді. Құқықтық білімді, салық саясатын, сайлаушылық сауатты арттыру жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Ойдағыдай мысалдардың бірі, меніңше, әйелдер ұйымдарының психологиялық және бейімдеудің әлеуметтік дағдарысты орталықтар желісін құру жөніндегі жұмыс тәжірибесі болып табылады.

Бейресми ұйымдардың қоғамда демократиялық қағидаттарды орнықтыру жөніндегі қызметін ерекше атап өту керек. Нақ солар көп жағынан либералдық құндылықтарды ілгерілетуде, халықтың саяси мәдениетін арттыруда, демократияны дамытуда.

Мұнда тәуелсіздіктің қаз тұруының қиын кезеңінде бізді қолдаған, әлі де қолдап келе жатқан халықаралық және шетелдік ұйымдардың еңбегі орасан. Бүгін мен сол үшін оларға шынайы алғысымды айтқым келеді. Бейресми ұйымдарды сондай белсенді қолдауы үшін

біз барлық шетелдік әріптестеріміз бен достарымызға ризамыз. Жаһандану жағдайында олардың рөлі өте елеулі бола түсті. Шетелдік бейресми ұйымдардың талайымен Қазақстан қатынастар орнатты.

Бүгінде мемлекет пен бейресми ұйымдардың қатынастары қағидатты жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Әңгіме қатынастардың мемлекет пен бейресми ұйымдар әріптестігінің жаңа үлгісін қалыптастыру туралы болып отыр. Сондықтан бізге бірлескен жұмыс стратегиясын белгілеу маңызды.

Біздің мақсат ортақ – ырықтандыру жолымен орнықты ілгерілеуімізді қамтамасыз ету, экономикасы күшті, құқықтық мемлекет, дамыған азаматтық қоғам құру. Біздің форум осы бағыттағы сүбелі серпінге, ал әзірленген ұсыныстар – бұдан былайғы бірлескен жұмыстың негізіне айналуға тиіс.

Ең алдымен мемлекеттік органдар мен бейресми ұйымдардың ықпалдастығын қоғамдық реформалардың стратегиялық бағыттарында қамтамасыз ету қажет. Бізде таяу жылдары ірі реформалар – мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының өкілеттіктерін кеңейту, сайлау заңдарын ырықтандыру және сайланбалылық жүйесін кеңейту, құқық өрісін адамгершіл ете түсу реформалары жүргізілмек. Мұнда азаматтық қоғамның қолдауы маңызды.

Үкіметтік емес ұйымдар құқықтық реформаны іске асыруға белсендірек қатыса алар еді. Күшті сот билігін орнықтыру, кісінің құқықтық кепілдіктерін кеңейту – бүкіл қоғамның міндеті. Біз өлім жазасын

біртіндеп алып тастау мүмкіндігі туралы айтқанбыз. Алайда ондай қадамды біздің қоғам әртүрлі қабылдайды, ол кісі қанын жүктеуші өлтірілуге тиіс деп санайды. Халықтың бұл пікірімен біз есептеспей тұра алмаймыз. Сонымен бірге, біз алдағы уақытта бұл мәселеге қайта ораларымызға кәміл сенемін. Бейресми ұйымдар да біздің ұстанымымызды және бұл мәселенің гуманистік жағын түсіндіру тұрғысынан жәрдемдесе алар еді.

Мен тәжірибесі, ресурстары және әлуеті бар үкіметтік емес ұйымдарды ауылдық жерлерде белсендірек жұмыс істеуге шақырамын. Біздің алдымызда аграрлық секторды қолдаудың үшжылдығы аясында атқарылар зор міндеттер тұр. Жақында мен Ауылды аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіттім, ол ауылда білім беруді, денсаулық сақтауды, әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандарды қолдауға бағытталған. Бұл арада да біз сіздерге үміт артамыз. Ауылды дамытуға 150 млрд теңгеден астам қаржы бөлінеді, оны дұрыс пайдалану керек. Бұл арада да ҰЕҰ көмектесе алар еді.

Индустрияландыру бағдарламасын іске асыруда да ахуал осындай, онда да сіздер өздеріңіздің зор үлестеріңізді қоса аласыздар. Мәдениет өрісінде де біздің бірлескен қызметіміз үшін орасан зор алаң бар. Қазір «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жобасы дайындалды, ол отандық мәдениетті өрлету, жаңа туындылар жасау, біздің аса көрнекті жерлестеріміздің есімдерін мәңгілік ету мақсаттарын алға қояды.

Үкіметтік емес ұйымдар өзекті қоғамдық проблема-ларды шешуде мемлекетпен неғұрлым белсенді ынты-мақтастық жасай алады деп санаймын. Бұл орасан зор жұмыс: айналадағы ортаны қорғау, денсаулық сақтау мен оқыту сапасын арттыру, тұрғын үй-коммунал-дық шаруашылық, кедейшілікпен, нашақорлықпен, адамдарды заңсыз асып кетумен және сатумен күрес. Мұндай тәжірибе шетелде кеңінен таралған. Көптеген елдерде ҰЕҰ ауруханалардың, колледждер мен уни-верситеттердің, әлеуметтік қызмет құрылымдарының жұмысына жәрдемдеседі.

Дамыған демократиялық елдерден біз үйренерлік нәрселер жеткілікті. Қоғам игілігі үшін жұмыстың барша мақұлдайтын негізгі қағидатын өз кезінде, меніңше, американ Президенті Эйзенхауэр бәрінен дәл айта білді. Ол былай деген еді: «Шынайы демо-кратияның ұраны – мұны үкімет істей берсін емес, мұны өзіміздің істеуімізге беріңіздер». Бұл белсенді әлеуметтік ұстанымды бәрінен жақсы бейнелейді, оны біздің бейресми сектор да иеленуге тиіс деп ойлаймын.

Стратегиялық тұрғыдан әлеуметтік өріске қатыс-ты бірқатар функцияларды нақ үкіметтік емес ұйымдарға біртіндеп беру керек деп білеміз. Сіздердің артықшылықтарыңыз жоғары жұмылушылық пен жұмыстың атап тұрып атқарылуында.

Қоғамдық маңызды шешімдер даярлау тұсында сарапшылық жұмысқа үкіметтік емес ұйымдар өкіл-дерін кеңінен қатыстыру қажет деп ойлаймын.

Азаматтық қоғам институттарының нақты қатысуынсыз жемқорлық пен төрешілдік секілді құбылыстармен күрестің тиімділігі көп жағынан төмендейді.

Жалпы алғанда, біз үшін маңызды осынау бағыттарда мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы ықпалдастық жемісті болуы үшін осында орын алып отырған проблемаларды шешу қажет. Олар, менің ойымша, заңдық арқаудың жеткіліксіздігі, қаржыландыру жүйесінің болмауы және ықпалдастық тетіктерінің әлсіздігі.

Бірінші. Бізге мемлекет пен бейресми ұйымдар ынтымақтастығының заңдық арқауын жетілдіру қажет.

Менің тапсырмаммен Үкімет «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» және «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» заң жобаларын әзірледі. Алайда «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» заң жобасы сол ұйымдар арасында дау туғызды. Оның негізгі ережелерінің босандығы оларды түсіндіруде субъективизмге апарып соқтыруы мүмкін еді. Бейресми ұйымдар жетекшілерімен кездесе жүріп, мен мұны анық сезіндім. Содан да мен заң жобасынан бас тарту және заң жобаларын жұмыс жоспарынан алып тастау туралы шешім шығардым. Бұл дұрыс шешім деп ойлаймын. Және ол мемлекеттің ашықтығы мен қоғамдық өмірдің барлық өзекті мәселелерін бірлесіп қарауға дайын екендігін тағы бір рет қуаттайды. Біз бейресми ұйымдар қызметінің заңдық арқауын жетілдіру жөніндегі бірлескен жұмысты жалғастырамыз.

Екінші. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бейресми ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың өзекті тетігіне айналады. Сол арқылы біз ол ұйымдар орындайтын әлеуметтік маңызды жобаларды мақсатты қаржыландыратын боламыз.

Алғашқы қадамдар жасалып та қойды. Биыл мемлекет бюджеттен 42 млн теңге бөлді. Жақында бейресми ұйымдар арасында әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру жөніндегі алғашқы ашық конкурс өткізілді. 20 үздік анықталды, олар бюджеттен қаржыландырылады. «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заң қабылданғаннан кейін бұл жұмыс жүйелік негізде құрылады. Әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға бөлінетін қаражат жыл сайын ұлғайтылып отырады. Тиісті тапсырма Үкіметке беріліп те қойды.

Үкіметтік емес ұйымдардан әлеуметтік маңызды қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесі барынша кең қолданыс табарына кәміл сенемін. Ең алдымен бұл «әлеуметтік блок» министрліктері мен ведомстволарына қатысты. Мемлекеттік органдардағы сіздердің кездесулеріңіз кезінде сіздер осы жұмысты ұйымдастырудың алғашқы жолдарын анықтап та қойдыңыздар ғой деп ойлаймын. Сіздер ведомстволардың бірінші басшыларымен әңгімені жолға қойдыңыздар, бұл екі жаққа да зор пайда береді. Сөйте тұра назарларыңызды мынаған аударғым келеді: мемлекет бөлінетін қаражат тиісті жеріне және тиімді жобаларды іске асыру сапасы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға қойылатын талап өте қатаң болады.

Үшінші. Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту тиімді тетіктерді талап етеді.

Біздің бүгінгі форум табысқа жеткен жағдайда ол жалпыұлттық әңгіме тетігіне айнала алып, жүйелі негізде өткізілетін болады. Бізде оң тәжірибе пайда болды, әрі жалпы алғанда бейресми ұйымдар қызметін қолдаудың белгілі бір инфрақұрылымы қалыптасты. Әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар жанындағы жұмыс істейтін консультациялық-кеңесшілік органдардың әлуетін кеңірек пайдалану маңызды. Оларда бейресми ұйымдар өкілдігін кеңейту қажет.

Президент Әкімшілігі мен Үкіметке консультациялық-кеңесшілік органдардың пішімдерін қарап, қажетті ұсыныстар беруді тапсырамын. Ең жоғары өкілдікті орган ретінде Парламентке де заң шығару қызметінде бейресми ұйымдар ресурсын кеңірек пайдалануға болады деп ойлаймын.

Жергілікті жерлерде үкіметтік емес ұйымдар әлеуеті әлі де нашар пайдаланылады. Әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар салмағының кіндігі енді өңірлерге көшіріліп жатқандықтан бұл мәселенің маңызы арта түседі. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдеріне үкіметтік емес ұйымдарды жергілікті деңгейде қолдау жөніндегі шаралар кешенін мұқият ойластыру қажет. Бұл арада әкімдер жанында жұмыс істейтін қоғамдық кеңестердің мүмкіндіктерін бейресми ұйымдардың қатысуымен барынша пайдалану керек.

Біздің жұмысымыздың көп жағынан мемлекеттік органдар мен бейресми ұйымдар арасындағы ақпараттық алмасу сапасына тәуелді. Амал қанша, бүгінде бұл арада проблемалар көп.

Шет елдердің тәжірибесі бойынша үкіметтік емес ұйымдарға да, мемлекеттік органдарға да қызмет ететін ұлттық ақпараттық ресурс орталықтарын құру жайында бізге неге ойланбасқа?! Орталық мемлекеттік органдардың ағымдағы бағдарламалары, донорлық жобалар туралы ақпарат бере алар еді. Ол ақпарат, жұмыс әдістемелерін алмасуға жәрдемдесе, әлеуметтік және мәдени жобалар жәрмеңкелерін өткізе алар еді. Менің ойымша, осынау орталықтың қызметін мүдделі тараптар тең негізде қаржыландыруға тиісті. Ондай жобаны іске асырудың арқауы бар. Ол – үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың республикалық орталығының желісі – «Инфо-центр НПО». Оған жаңа сапа беру қажет.

Бүгінде біздің мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тиімді де сындарлы ынтымақтастығына бөгет жасайтын елеулі кедергілер жоқ. Барлығы ерік-жігермен бірлесе жұмыс істеу ынтасына байланысты. Тек проблемалардың барлық реңктері бойынша тұрақты үнқатысуға негізделген бірлескен тиянақты жұмыс қана бізге елдің өркендей түсуі және қазақстандықтардың әл-ауқатының артуы жолымен стратегиялық мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді.

**Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігі күніне арналған
салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2003 жылғы 13 желтоқсан

**Қадірлі достар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Тәуелсіздік туын жоғары ұстап, біз бүгін, мереке күні, өткен жылдардың қорытындысын тағы бір ой елегінен өткіземіз, бұдан әрі даму келешегін ой таразысына саламыз.

Біз бағындырған асқарлардың, біз алған шыңдардың мән-маңызын бағалай, халықтың алдыңғы жолын құрметтеп, мадақтай отырып, біз сонымен бірге болашағымыздың негізін қалаймыз. Бұл қозғалыс – өрлей

түскен халқымыздың бүгінгі арқауы, бұл болашаққа жолды сеніммен салып жатқан елдің соқпағы, бұл өзінің мұраттары мен талпыныстарын адамзат өркениетінің ұлы асқарларына дейін жеткізуге ұмтылатын мемлекет саясаты.

Ел тәуелсіздігіне 12 жыл толды. Адам өмірінің өлшемі бойынша осынау қысқа уақытта Қазақстан, сәбилік кезеңнен бұлтармай өтіп, жарқын жеңістер мен тарихи жетістіктерге қол жеткізе алды.

Әлемнің барлық бөліктеріндегі елдермен достық қатынастар және саяси әріптестік орнатқан, адал одақтастар мен ізгі көршілер тапқан Қазақстан жаңа мыңжылдық керуенінің алдыңғы сапында келеді.

Тұсауын заманның өзі кесіп, тез өсіп келе жатқан сәби секілді біздің тәуелсіздігіміз бостандық жылдарында бой түзеп, тұрақтылыққа жетіп, болашаққа қарышты қадаммен ұмтылып келеді.

Біз әрқашан осынау асқарларды біріге бағындырдық әрі біз мұны әрқашан еске ұстаймыз деп мақтанамыз.

Біздің ұлттық мейрамымыз желтоқсанның аязын жұмсартып, өз сәулесімен жанымызды нұрландырып, бұдан кейін де уақыттың арқауы бола берер деп үміттенеміз. Және нұрлы үмітіміз бәрімізге ортақ болуын тілейміз. 12 жылдық жолымыздың белестерін зердемізде жандандырып, біз кеңестік заманның жаппай жоқшылық пен кедейшілік, тұрмыстық ырың-жырың мен әлеуметтік әділетсіздік секілді қиын мұрасын еңсеру оңай болмағанын еске аламыз.

Өзінің мақсаты демократиялық даму және экономикалық тәуелсіздік деп белгіленген, Ата заңымыздың қағидаларын дақ түсірмей сақтап келе жатқан жас мемлекеттің қаз тұруының алғашқы жылдары артта қалды. Өткенге көз жүгірте келіп, біз, жолын дұрыс таңдаған жолаушылар секілді, бағдарымызға алғыс айтамыз.

Осының бәрі турасында дамудың нысаны мен үлгісі ретінде, кей-кейде тарих сабағы түрінде бағалай отырып, біздің тәуелсіздігіміздің іргетасы берік қаланғанын қуанышпен ұғынамыз. Бұл біз үшін өте маңызды.

Бәріміз үшін қымбатты да қасиетті мерекенізбен!

Қымбатты қазақстандықтар!

12 жыл бұрын тәуелсіздікке ие болып, мемлекет құрудың, қоғамдық және экономикалық қайта құрудың бұрын болмаған міндеттерін іске асыруға кірістік.

Экономика – барлығының: саясаттың, мәдениеттің негізі, мемлекеттің, қоғамның, әрбір нақты адамның, оның отбасының тіршілігінің өзінің негізі. Өмір дегеніңіз былай құрылған: кез келген, тіпті үстірт шалғанда да, экономикамен байланысы жоқ мәселенің шешілуі, бәрібір соған тәуелді.

Біз кей-кейде бостандық пен демократия туралы халықтың игілігі, өркендеу мен мәдениет туралы айтып жатамыз, бірақ соның бәрі, елде қуатты, сол мәселелерді шешуге қабілетті экономика құрылмаса, бос сөз!

Сондықтан бүгінгі сөзімді мен экономикаға арнаймын.

Экономиканы емес, саясатты баса айтқандар ұтылды. Бұрынғы КСРО-ны еске түсіріңіздер, кеңестік дәуірден кейінгі бірқатар республикалардағы ахуалға қараңыздар.

Тәуелсіздік алғанда, біз шындап құз ернеуінде тұрғанбыз және бұл жай ғана сөз емес.

Кәсіпорындар тоқтап тұрды немесе қоймаға жұмыс істеп жатты, өйткені өнім өтпейтін. Ондаған мың адамдар жұмыссыз, тіршілікке қаражатсыз қалды.

Ауылда да қиын ахуал қалыптасты. Орталықтандырылған сатып алуға бағдарланған ұжымшарлар мен кеңшарлар өнім өткізе алмады, ақшасыз қалды.

Осынау теріс үдерістердің салдары ретінде бюджетке салық түспей қалды, жалақы мен зейнетақыны төлейтін ештеңе болмады.

Дағдарыс тәуелсіздік алуымыздан басталған жоқ, ол кеңестік жоспарлы экономиканың қойнауында барынша буырқанып жатты.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығының өзекті міндеті экономикалық қатынастарды түбірімен өзгертуде болатын. Басқаша жағдайда туындаған проблемаларды еңсеру мүмкін емес еді. Ол проблемалар көз алдымызда жатты.

Халық тұтынатын тауарлар өндіру ұдайы қысқара берді. Қаңырап қалған сөрелер сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігін айғақтап тұрды.

15 одақтас республика арасында Қазақстан іс жүзінде барлық көрсеткіштер бойынша 10–12 орындарда тұрып, Балтық маңы және Кавказ сырты

республикаларынан, Белоруссиядан, Молдавиядан және Украинадан едәуір артта қалды.

Ал бүгінде Қазақстан ТМД-да жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім деңгейі бойынша Ресейден кейінгі екінші орынға шықты, іс жүзінде барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша көшбасшылар қатарында тұр.

* * *

12 жыл бұрын елдің саяси басшылығы қыруар аса өткір де шұғыл міндеттер мен бетпе-бет келді. Оқиғалардың даму шапшандығы соншалық, бізге кейде болып жатқан үдерістерді басқару емес, солардың артынан безек қағуға тұра келді.

Бұрынғы мемлекеттік бәйекшілдік жүйесін мүмкіндігінше жылдам қирату, мемлекеттік меншіктен жеке меншікке көші, масылдық пен «жоғарыдағылар» бәрін шешеді деп үміттенуден – жауапкершілік пен іскерлікке көшу керек болды.

Сондықтан болып жатқан үдерістерге мүмкіндігінше көбірек адам тарту, оларды жаңа жағдаятқа үрке қараудан арылту ерекше маңызды болатын.

Көбіне-көп бұған үй іргесіндегі және саяжай телімдерін бөліп беру, сондай-ақ мемлекеттік пәтерлерді азаматтар меншігіне беру жәрдемдесті.

Қазақстан тап болған ахуалдың сонылығы, алдағы міндеттердің мүлдем жаңалығы және көптеген басшылардың оларды шешуге дайын еместігі соны жолдар іздестіруді талап етті.

Біз әлемдік тәжірибені білуге, соны, таптаурын емес идеялар табуға, бастамашыл, жаңаға құштар адамдарды тартуға тиіс болдық.

Сондықтан, әсіресе алғашқы жылдары, Қазақстанда шетелдік кеңесшілер институты белсенді пайдаланылды. Сол кезде, 1991 жылы, әлі КСРО тұсында, аңызға айналған Ли Куан Ю – Сингапурдың бұрынғы премьер-министрі бізде болып қайтты.

Не болып жатқанын байыптап алып, ол сонда нақ былай деп еді: «Саясат экономикадан ілгері жүретін жерде мен істер ештеңе жоқ. Үдерістер басқаруға көнбейтін сипат алды. КСРО ыдырайды».

Оның сөзі пайғамбарлық болып шықты.

Шетелдік консультанттардан басқа саналы түрде төрешілдік әдеттерден және өткеннің қатып қалған қасаң қағидаттарынан да жас мамандарға үміт артылды.

Осынау қағидаттар бұлжытпай өмірге енгізілді, әлі де енгізіліп келеді.

1992–1994 жылдары Қазақстан, барлық қиындықтарға қарамастан, алғашқы 3 жылдық «Қазақстанның егемен ел ретіндегі қалыптасу және даму стратегиясын» өмірге ойдағыдай енгізді.

Мемлекеттің жаңа институттары: Қорғаныс, Сыртқы істер министрліктері, Ұлттық банк, тағы басқалар құрылды.

1993 жылдың соңында тәуелсіздіктің өзекті атрибуттарының бірі – ұлттық валюта ендірілді.

Осының бәрі Қазақстан тәуелсіз егемен ел ретінде орныққанын білдірді.

Бірақ экономикада, амал нешік, мүлдем басқа көрініс байқалды. Қажетті заңдарға ие болмай, заңдық тұрғыдан көмек алмай, ол жедел құлдырай берді.

Осының бәрі ұлғая түскен күрес тұсында болып жатты, мұның өзі ел мен халық үшін өмірлік маңызды шешімдер қабылдап, іске асырудан алаңдата берді.

1994 жылы маусымда мен Парламентке алдағы 3 жылға арналған экономикалық саясат туралы меморандум енгіздім, онда жаңа стратегия белгіленді.

Ол экономиканы үзілді-кесілді реформалау және макроэкономикалық тұрақтылықты орнату жөнінде әлемде белгілі, бірақ қатаң шаралардың жиынтығын қамтыды.

Сөйтіп бірінші қадам меншік қатынастарын түбегейлі өзгерту, бізді өмірдің өзі итермелеп келген жедел де жігерлі жекешелендіру болды.

Қазақстанда жекешелендіру 4 кезеңде өтті.

Әу баста (1991–1992 жж.) ол бастамашы делінетін сипатта болды, сол кезде мемлекеттік органдар тек кәсіпорын ұжымынан тиісті өтініш алғаннан кейін ғана шешім шығаратын. Тек сонда ғана аукциондар, конкурстар өткізілетін немесе еңбек ұжымына өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды тегін беру жүзеге асырылатын.

4,5 мыңнан астам нысан, соның ішінде ұжымдық меншікке берілген 500-дей кеңшар солай жекешелендірілді. Айта кету керек, ауылшаруашылық кәсіпорындарын беру әрбір еңбеккердің мүлік және жер

пайларын анықтап, меншікті атап көрсету арқылы жүзеге асырылды.

Қазақстандағы жекешелендірудің бірінші белесінің тәжірибесі меншікті өзгертудің қолда бар құралдарының шектеулілігін көрсетті, олар ұжымдық негізге бағдарланып әзірленді, жалпы алғанда, бұл сол кезде даусыз әрі табиғи әрекет болатын. Басқаша болса, халық бізді түсінбес еді.

Келесі белестің, мен Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы бекіткен кездің негізгі нышандары бастамашыл мемлекетсіздендіру қағидатынан бас тарту, монополияға қарсы шаралар әзірлеп, қолдану болды.

Осы мерзімде біз жекешелендірудің үш түріне: шағын және жаппай, жеке жобалар бойынша және агроөнеркәсіптік кешен бойынша жекешелендіруге көштік.

Біз шағын жекешелендіруді қысқа мерзімде жүргізіп, 6 мыңнан астам нысанды өткіздік. Бұл тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтандыру өрістерін айтарлықтай жандандырып, саналуандықты енгізуге мүмкіндік берді.

Сонымен бір мезгілде кәсіпорындарды акцияландыру жөніндегі жұмыс жүріп жатты.

Сол кезеңде жеке жобалар бойынша Алматы темекі комбинаты мен Шымкент кондитерлік фабрикасы сатылды.

Қазақстан индустриясының алыбы – «Қарметкомбинат» күрделі ахуалға тап болды. 1995 жылдың басында

3 күнге ғана жететін кокс қалды, әрі айналым қаржысынан түк те қалған жоқ. Жалақы бойынша қарыз 6 айдан асып кетті.

Мұндай жағдайда тек ірі жеке инвестициялар ғана кәсіпорынды құтқара алатын еді.

Сондықтан комбинат сатылды. Жаңа меншік иелері жалақы жөніндегі қарыздан бірден құтылды, регресті талаптар бойынша ақы төледі. 8 жыл ішінде инвестициялардың жалпы көлемі 521 млн долларды құрады.

Қысқа мерзім ішінде домна пештерін жөндеу жүзеге асырылды, аса маңызды технологиялық желілер қайта құрылды. Ол ол ма, ыстықтай мырыштау мен алюминийлеу цехы іске қосылды.

8 жылдық кезеңде Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық кен қазу және металлургиялық өнеркәсіп орындарындағы дағдарысты ойдағыдай еңсерді, олардың жұмысын тұрақтандырды және әлемдік базарлардағы тұғырларын қалпына келтірді.

Жекешелендіруден кейін топ кәсіпорындарын қаржылық сауықтыру мен сақтауға 290 млн доллар жұмсалды. Ал өндірісті дамытуға өткен жылдар ішінде барлығы 900 млн доллардан астам инвестиция құйылды да, бұл жаңа өндірістік қуаттар жасауға мүмкіндік берді. Тек жаңа астананы дамытуға ол 48 млн доллар жұмсады.

1995 жылы «Жезқазғантүстімет» банкрот болу жиегінде тұрды, ол 170 млн доллар қарыз еді, соның 10 млн доллары жалақы бойынша болатын.

Келесі жылы «Samsung» корпорациясы компания акцияларын сатып алу тендерін ұтып шықты.

Ол қарыздан құтылып, жүздеген миллион доллар инвестиция құйды. Осы жылдар ішінде өндіріс көлемі 400 мың тоннаға жетті, бұл комбинаттың бүкіл тарихындағы рекорд.

Сол кезде қазақстандықтардың ешқайсысы да әлі инвестор бола алмайтын еді. Ал әлгіндей ірі өнеркәсіптік алыптарды тіпті үлес қосу арқылы да ұстап тұру немесе сатып алу қиын еді.

Жекешелендірудің үшінші белесі (1996–1998 жж.) секторлық бағдарламаларға көшу белесі болып, электр энергетикасында және мұнай-газ саласында жекешелендіру басталды.

1999 жылы басталып әлі де жалғасып келе жатқан төртінші белес мемлекеттік меншікті реттеу мен билеу мәселелерінде мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді бөлу жөніндегі жаңа көзқарастармен сипатталады.

Біздің бәріміз білуге тиіспіз: Конституцияның тұрақтылығы – мемлекеттің тұрақтылығы.

Сайлау туралы заңның бұзылуына байланысты 1995 жылдың басында Жоғарғы Кеңес таратылды.

Бірақ екі палаталы Парламент сайлауына дейін-ақ, заң берген өкілеттіктерді пайдалана отырып мен заңдық күші бар 140-тан астам жарлықтар шығардым да, олар базарлы экономикалық бүкіл негізгі заңдық арқауын құрады. Олардың ең маңыздылары: «Ұлттық банк туралы», «Банктер және банк қызметі туралы»,

«Акциздер туралы», «Жер туралы», «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы», «Салықтық реттеу туралы», «Мұнай туралы» жарлықтарды және басқаларын атау жеткілікті.

Міне сондықтан 1995 жылды – ел Конституциясын және осы заманғы нарық заңдарын қабылдау жылын – біздің ел үшін белесті жыл деп санау керек.

Әлемдік үлгі-қалыптармен сәйкесетін заңдарға ие болып, жеке меншік экономика есін жинап, қор құрап, ішкі және сыртқы базарларға шыға бастады.

Сол жылдарда біз мемлекеттік қаржы-қаражат секторын түбегейлі реформаладық.

Бюджет саласының біртұтастық қағидаттарына, шығындарды, мемлекеттік қарыз алу мөлшерін қатаң лимиттеуге негізделген жаңа бюджеттік жүйені қабылдадық.

Барлық қиындықтарға қарамастан, елде электр энергетикасы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесіндегі реформалар жүзеге асырылды.

Олардың біріншісі электр энергиясының бәсекелестік базарын құрды, екіншісі адамның өз баспанасы үшін жауапкершілігін арттырды.

1998 жылы біз зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін түбегейлі реформаладық.

Сол кезде ынтымақшыл делінетін зейнетақы жүйесі бұрынғы кеңестік экономикаға сәйкес болатын. Оны зейнетақылық жарналар мен төлемдердің жалпылығы, жұмыс істейтін ұрпақтың жұмыс істемейтіндерді асырауға тиіс екендігі ерекшелейтін.

Сол жүйе тұсында зейнеткерлер санының артуы және жұмыс істейтіндер санының қысқаруы жағдайында мемлекеттің зейнетақы бойынша қарызы бірнеше 100 млн долларға жетті, ал зейнетақы айлар бойы төленбеуге айналды.

Егер жекешелендіруден түскен, бөлек қорда жинақталған қаражат болмаса, біз зейнеткерлермен есеп айырылыса алмас едік, ал Үкімет банкрот болар еді.

1995 жылы менің жарлығыммен қабылданған Салық кодексі салық санын 3 еседен астам қысқартты және салық рәсімдерін оңайлатты.

Салық салудың халықаралық қағидаттарына жақындау және жүйені базар экономикасы қатынастарының талаптарына сәйкестендіру елдегі салық ауыртпалығын күрт азайтты.

Сыртқы экономикалық реттеуде жүргізілген, сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға және елді әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіріктіруге бағытталған реформалар жалғастырылды.

Біз банк жүйесін барынша батыл реформаладық. Халық банктерге сенетін болып, адамдардың банк жүйесіне салымдары белсенді өсуде, сол арқылы банк кредиттерінің тез ұлғаюына септесуде.

Экономиканы монополиясыздандыру жалғастырылып, ол барлық меншік түрлеріне жататын кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуінің тең жағдайын қамтамасыз етуге, кінәратсыз бәсекені дамытуға бағытталды.

Сонымен бірге, күш-жігерді өзекті әрі бірінші кезектегі міндеттерді шешуге шоғырландыра отырып, мемлекет және жалпы алғанда қоғам жаһандық даму стратегиясына, оның аясында реформалар мен елдің дамуы қарышты да жүйелі ілгерілеуіне мұқтаж еді.

Сөйтіп, 1997 жылғы қазан айында Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Стратегиясы қабылданды.

Қазақстан кеңестік дәуірден кейінгі бүкіл кеңістікте бірінші болып стратегиялық жоспарлау жолын таңдап алды – бұл әлемдік практикада мойындалған мемлекеттік басқару мен реттеу құралы. Біз осы бағдарламаның атына айтылған талай сынды естідік. Бірақ енді біздің жоспарларымыз сол Стратегиядан өрбитінін және алғашқы нәтижелер әлден көріне бастағанын барша жұрт біледі.

Мыңжылдықтар тоғысында біз дамуымыздың жаңа белесіне аяқ бастық.

Цифрлар өзі үшін өзі сөйлейді. Елдің ішкі жалпы өнімінің өсу қарқыны соңғы 3 жылда 10 %-дан артық.

1993 жылы жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 700 доллардай болса, биыл 2 мың долларға жуықтады, яғни 10 жыл ішінде 3 есе дерлік ұлғайды.

Өндірістің өсуі іс жүзінде экономиканың барлық салаларында жүріп жатыр. Инфляция қарқыны кемуде, теңгенің тұрақты бағамы ұсталуда, елдің алтын-валюта резервтері айтарлықтай толықтырылуда.

Осынау жылдарда Қазақстанның Ұлттық қорын қалыптастыру елеулі оқиғаға айналды, ол экономиканы сыртқы жағымсыз жайлардан қорғауға қызмет етіп, болашақ ұрпақтар үшін қаржы жинақтайды.

Экономикалық дамудағы оңды үрдістер мемлекеттік бюджетті қалыптастыру мен орындауға оң ықпал етті.

2004 жылдан бері біз дамуға бөлінетін шығынды айтарлықтай ұлғайтып келеміз. Қазақстан, өздеріңіз білесіздер, Халықаралық валюта қорынан алынған 400 млн доллар қарыздан мерзімінен бұрын құтылды және сомасы 350 млн еврооблигацияларды дер кезінде жапты. Бұл халықаралық имиджіміздің жақсаруына септесті.

Экономикада ақшалай ұсыныстардың көлемі айтарлықтай ұлғайып, оның монеттелу деңгейін көтерді.

Банктардың кредит нарқының жалпы деңгейін кеміту мақсатында Ұлттық банктің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесі биыл 7 %-ға дейін төмендетілді.

Банк секторы дамып, нығайып келеді. Бүгінде ол экономикалық өсудің өскелең қарқынын толық қамтамасыз етуде.

Мемлекеттің осы жылдардағы салық-бюджет саясаты экономикалық өсуді ынталандыруға және экономиканы әртараптандыруға бағытталды.

Қосылған құнға салық мөлшерлемесі 16 %-ға және әлеуметтік салық нарқы 21 %-ға дейін қысқарды.

Біз келесі жылы да салық ауыртпалығын төмендету ниетіндеміз.

Елде 2 жылдай уақыттан бері қолайлы экономикалық орта құруға, мемлекет пен салық төлеушілердің мүдделерін оңтайлы ұштастыруға бағытталған Салық кодексі жұмыс істеп тұр.

Бюджет кодексі даярланып, Парламентте талқылануда.

Осы күндері мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі маңызды психологиялық шектен – 1 тран теңгеден асып түскені қуаныш.

Бүгінде біз нық сеніммен мынаны мәлімдей аламыз – экономикада құрылымдық реформалар негізінен аяқталды: мемлекеттік меншікті жекешелендіру жүзеге асырылды, дамыған нарық экономикасына тән үлгі-қалыптарға тең шаруашылық орта қалыптастырылды.

Қазақстан ТМД-ның алғашқы елдерінің қатарында Еуропалық Одақ пен АҚШ тарапынан нарықты экономикасы бар ел деп мойындалғаны да көп жайды көрсетеді.

Ел бүгінде ТМД мемлекеттерінің ішінде халықтың жан басына шаққанда тартылған шетелдік инвестициялар көлемі жағынан көшбасшы болып тұр.

Алғашқы кезде шетелдік инвестициялар тарту мәселесі мына жаймен қиындады: Батыстың іскер әлемі Қазақстанның экономикалық әріптес ретіндегі келешектегі дәрежесі туралы ештеңе білмейтін.

10 жыл бұрын тәуекел қатеріне қарамастан, «Chevron Corporation» корпорациясының келуі және

онымен аса ірі Теңіз кен орны бойынша тәуелсіздіктің елең-алаң кезінде-ақ «ғасыр келісім-шартының» жасалуы басқа ірі корпорацияларға берілген өзіндік бір белгі болды.

Сол сәттен бастап инвесторлардың мұнай-газ саласына белсене кіруі басталды.

Бүгінде Қазақстанда әлемнің барлық ықпалды трансұлттық компаниялары жұмыс істейді.

Соңғы кездегі ең ірі, қоры 10 млрд баррель деп бағаланатын Қашаған кен орнының ашылуына орай Қазақстан барланған мұнай қоры бойынша әлемдегі жетекші орындардың біріне ие болды.

Бірақ елдің мұнай қорын игерудегі біздің стратегия тек көмірсутегілер өндірумен ғана шектелмейді.

Оларды халықаралық базарларға тасымалдау үшін инфрақұрылым жасау одан кем түспейтін маңызға ие болды.

Каспий құбыр тарту консорциумы алғашқы және ойдағыдай аяқталған жобаға айналды, оның құрылысы үшін 4 жыл бойы шын мәнінде күресуге тура келді.

Басқа да бірқатар ірі жобалардың іске асырылуы елдің экономикалық жүйесінің тәуелсіздікке қол жеткізгенінің көрсеткішіне айналды. Амангелді газ кен орнын игеру оңтүстік өңірдің газ импортына тәуелділігінен құтылуға мүмкіндік береді. Ұзындығы 400 шақырым «Хромтау – Алтынсарин» теміржол тармағы елдің батыс және орталық өңірлерімен тікелей байланысты қамтамасыз етіп, қашықтықты да, уақытты да, тасымал шығынын да қысқартады.

Дер кезінде жүргізілген реконструкциялау арқасында Ақтау кемежайы Каспий теңізіндегі аса ірі осы заманғы портқа айналды.

Елдің көліктік әлуетін нығайту мақсатында инфрақұрылымның осы заманғы нысандары – Астана әуежайы, шекаралық өткел «Достық – Алашанькоу» және «Достық – Ақтоғай» теміржол учаскесі аяқталды және салынып жатыр. Ертіс және Жайық өзендері арқылы көпірлер, «Ақсу – Дегелең» теміржол линиясы пайдалануға берілді. Біз жыл сайын 1,5 мың шақырым автомобиль жолдарын саламыз, қалпына келтіреміз. Жақында толығымен реконструкцияланған «Астана – Алматы» жолын аштық.

Экономикадағы табыстар бізге ауқымды әлеуметтік міндеттерді ойдағыдай шешу мүмкіндіктерін береді.

Биылдан бастап біз баланың туылғаны үшін бір мезгілдік жәрдемді қалпына келтірдік.

Отандастарымыздың елге оралуы мәселелеріне біз зор көңіл бөлдік. Жыл сайын олардың келуіне квота ұлғайтылады, мол қаржылық қолдау көрсетіледі.

Осы жылдарда Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрестің 3 жылдық бағдарламасы іске асырылды. Қолданылған шаралар нәтижесінде аз қамтамасыз етілген халық мөлшерін 25 % кемітуге, кедейшілік шегінен төмен күн көретін адамдар санын 2 еседен артық қысқартуға қол жеткіздік.

Қазір кедейшілікпен күрестің алдағы жылдарға арналған жаңа бағдарламасы іске асырыла бастады.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясаты жүргізілуде, жаңа жұмыс орындары жасалуда, қоғамдық жұмыстар

және жеке меншік кәсіпкерлік дамытылуда. Сөйтіп жұмыссыздық деңгейі 8 %-ға дейін төмендеді.

Жалақы мен зейнетақының орташа мөлшері Қазақстанда осы жылдар ішінде ТМД елдерінің арасында ең жоғарылардың біріне айналды.

Менің тапсырмам бойынша келесі жылдан бастап студенттерге стипендия көтеріледі.

Біз кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте бұрынғы КСРО Жинақтау банкінің салым бойынша қарыздарын өтеуге кіріскен жалғыз елміз.

Бірақ ең бастысы, қоғам өмірінде, бәлкім, тіпті сан жағынан емес, сапа жағынан болған өзгерістер шығар.

Ауқымы жағынан бұрын үлгісі болмаған әкімшілік реформасының нәтижесінде мемлекеттің өзі, оның қоғам өміріндегі рөлі мен орны елеулі түрде өзгерді.

Мемлекеттің араласып отыруы, оның бас-көз болуы салалық та, өңірлік те тұрғыдан айтарлықтай қысқартылды.

Көп адамдар, тегінде, қазір ұмытқан да болар, осыдан бірнеше жыл ғана бұрын біз мемлекеттік аппаратты, министрліктер мен ведомстволар, облыстар мен аудандар санын айтарлықтай қысқарттық.

Тек өңірлік деңгейде 20 мыңнан астам адам босатылды.

Ал бүгінде Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілер 75 мың, бұл, салыстырмалы түрде алғанда, басқа елдердегіден едәуір аз.

Бүгінде орталық атқарушы билік органдардағы мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы – 33 жыл.

Біз мемлекеттік аппаратты түпкілікті алмастырдық, сөйтіп басқару ісіне жоғары оқу орындарына нарық пен демократия дәуірінде оқыған ұрпақ көтерілді.

Қазақстан, Лев Гумилевтің терминологиясын пайдалансақ, пассионарлық даму сатысында екендігіне кәміл сенемін. Пассионарлардың оңтайлы жасы 28–38 жас арасы екеніне өз тәжірибемнен көз жеткіздім.

Сондықтан алдағы уақытта да жастарға сүйену қажет, олар анық уақыттан оза, әсіресе осынау транзиттік өтпелі кезеңде, жұмыс істеуі тиіс. Дегенмен, әрине, біз мемлекеттік жұмыс тәжірибесі мол адамдардан бас тартпақ ниетте емеспіз.

Қазақстан мемлекеттік меншіктен жеке меншікке, мемлекеттік жоспар мен басқарудан – кәсіпкерлікке қинала, беймазалана, күйзеле, барлық өмірлік құндылықтарды бұза-жара өтті.

Бұл тек ғылыми мақалалар мен кітаптарда бәрі түсінікті де қарапайым болып көрінеді. Ал өмірде – бұл құштарлық пен трагедиялар мұхиты, әртүрлі топтар, тіпті ұрпақтар мүдделерінің кереғарлығы.

Амал қанша, өзгерістер дәуірінің өмірлік философиясы сондай. Соның бәрін біз өзегімізден өткіздік.

Жасырмайын, мемлекеттік патернализмнен экономикалық бостандық пен кәсіпкерлікке жылдамдата өту халық үшін ғана емес, мемлекеттік аппараттың көп бөлігі үшін де ең жақтырмас шара болды. Және бұл міндет халық үшін көбіне-көп ауыр, белден басқан әдістермен шешілді.

Бірақ нәтиже көз алдымызда – енді негізінен бәрін адамның өзі шешеді.

Түсінемін, мұның бәрі қисынсыз, күлкілі болып көрінеді, бірақ, қымбатты отандастар, бүгін сіздер мені түсінесіздер деп ойлаймын. Барлық сол өзгерістер ең алдымен қазақстандықтардың өздері үшін қажет болды және пайдаға жарады.

Бүгінде біздің азаматтардың – мемлекеттік басқарушылардың, бизнесмендердің, шаруалардың, тағысын тағылардың экономикалық мәселелерде ілгерілеп кеткені барған сайын жиі айтылады.

Жасырмайын, мұны есту маған жағады.

Бірақ біз мынаны біліп, есте ұстауымыз керек: бұл біздің айналамызда және ішімізде болған орасан өзгерістердің, өзіміздің ерік-күшіміз бен шыдамдылығымыздың арқасында өзіміз жүзеге асырған өзгерістердің нәтижесі болды. Шынында да, ешкімде де коммунизмнен капитализмге қалай өту керек деген даяр теория болған жоқ, ол стратегия болмағаны сөзсіз. Әсіресе кеңес адамдарының үш ұрпағы тіршілік еткен империялық коммунизмнен. Қорқыныш патшалығынан бостандық пен демократияға қалай өту керек? «Темір шымылдықтан» әлемдік қоғамдас-тықпен ықпалдастыққа ше? Мемлекеттік орталықтан-дырылған аппараттық басқарудан қоғамдық өзін-өзі басқаруға ше?

Қоғамда жаңа идеологияны, өзін-өзі танудың жаңа мәдениетін қалыптастырудың азапты үдерісі жүріп жатыр.

Библиядан мына жәйт естеріңізде шығар – Мұса пайғамбар еврейлерді құлдық психологиясынан

арылту үшін, адам ішіндегі құлды өлтіру үшін, оларды шөл далада 40 жыл тентіретті.

Өмірлік тәжірибені жинақтай келе осынау қадамның мағынасын барған сайын терең түсініп келемін.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ауыр ізденістерден кейін мен өтпелі кезеңде елге қандай ұстанар үлгі керек екенін мықтап түсіндім.

Мен оны былай сипаттар едім: әуелі экономика, сосын саясат. Барынша либералды, ашық және бәсекелі экономика. Күшті, орталықтандырылған, халық алдында жауапты, ауыр, бірақ елге қажет радикалды реформаларды жүргізе алатын билік. Бірақ реформалар естен тандырырлық болмауы керек. Қоғамды демократияландыратын, бірақ елдің тұрақтылығы мен болашағы үшін жауапты мемлекеттік билікті әлсірету емес.

Менімен дауласа кететіндер табылар, бірақ Қазақстан бүгінде дағдарыстан шығудың, қазіргі тілмен айтқанда, «менеджмент дағдарысынан» шығудың жарқын мысалына айналғаны ақиқат.

Өзгерістер дәуірі алқымнан алып, оташылдық шараларды талап етті. Сондықтан мен 12 жыл бұрын ел мен халық алдында әлдеқандай абстрактілі ұжымдық жауапкершілікті емес, жеке өзіме жауапкершілікті алып, шешім қабылдадым.

Біз шетелдіктерден қорықпай, тек орта ғана емес, арқаулық салалардың ірі кәсіпорындарын да жекешелендірдік.

Қазір ТМД-ның басқа елдері жүргізіп жатқан реформаларды біз әлдеқашан жүргізіп біткенбіз. Және соңғы жылдары оның жемісін теріп жүрміз.

Бірақ қоғамдағы саяси жүйе мен тәртіпті әлсіретуге әлі ерте. Ол ол ма, оларды нығайту және мемлекеттік аппараттың біртектілігін күшейту керек.

Қазақстанда, әлгінде айтқанымдай, халықтың жан басына шаққанда, ішкі жалпы өнім 2 мың долларға жетті. Бұл, әрине, жаман көрсеткіш емес. Бірақ дамыған елдерде ол – 20 мың доллар және одан да көп. Соларды қуып жету керек, ол үшін жаңғырту мен инвестициялар керек, жинақтаудың жоғары нормалары және белгілі бір шектеулер керек.

Біздің азаматтардың негізгі бөлігі өз еңбегінің есебінен қарны тоқ, көйлегі көк болмайынша, оларда тәуір баспана, орнықты жалақы болмайынша, өз перзенттері үшін сенім болмайынша, басқаша айтқанда, қорғайтын, табандап тұратын нәрсесі болмайынша, адамның маргиналдану қатері орасан бола береді.

Бұл өте қауіпті, әсіресе, сайлау кездерінде, ондайда адамдар әлдебіреудің жұмақ жаға, «жарқын болашақ» туралы үндеуіне сеніп қалуы мүмкін. Бұл мемлекет пен қоғам игілігін тіпті де ойламайтындарға жоғарыға қарай жол ашады.

Бұл тарихта қаншама рет болды деңіз.

Саяси жүйені жеделдете өзгертуді қолға алу үшін орнықты орта тап керек. Ал оны әлі өсіріп шығару керек.

Саяси тұрақтылық – инвестициялық белсенділіктің өте қажет шарттарының бірі, сондықтан оны шайқалтуға жол берілмес үшін барлық заңды шаралар қолданылады.

Инвестициялық циклдар дейтініңіз 10–15 жылмен есептелетіні белгілі. Олар орнықтылықты талап етеді және дауыс беру кезіндегі көңіл-күйге тәуелді болмауға тиіс.

Біз осынау алдын болжауға болатын болашақты және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеміз.

Қазақстан әлемге толеранттығымен және этносаралық, өңіраралық татулығымен белгілі. Мұны көздің қарашығындай сақтау, дамыту керек. Нақ сондықтан біз Азия елдері басшыларының кездесуін – АӨСШК-ні өткізе алдық. Мен осыдан 3 ай бұрын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі нақ Қазақстанда өткенін және екінші съезді де біздің өткізуге шешім қабылдағанын мақтан етемін.

Дінбасылардың осынау әлемдік мойындауы көп нәрсені аңғартады. Қазақстанға барлық әлемдік және өзекті дәстүрлі діндер көшбасшылары бата бергені де көп нәрсені аңғартады. Осынау бата Жаратқанға жетсін!

Уақыт өте келе жұртқа астананың көшірілуінің маңыздылығы мен мәні барған сайын түсінікті бола түсуде. Көптеген стратегиялық мәселелерден басқа, бізге мемлекеттік аппаратты жаңарту, жастарды жаңашыл ізденіс жолына салу, жаңа әрі тамаша сезімін ұштай түсу қажет болды.

Астана жаңа Қазақстанның рәмізіне және елдің мақтанышына айналды!

Астананы көшіру елдің экономикасына да мультипликациялық әсер де берді. Жаңғырту бүгінде облыс орталықтарын ғана емес, қалалар мен аудандарды да қамтыды.

Мен дұрыс жолда екенімізді, содан таймайтынымызды сеземін.

Қымбатты қазақстандықтар!

Ең елеулі табыстардың өзі бізді босаңсытпауға, қайта ширата түсуге тиіс, өйткені қол жеткеннен айрылмау әлдеқайда қиын.

Сингапурдың, Малайзияның, Оңтүстік Кореяның, соғыстан кейінгі Жапония мен Германияның тәжірибесіне қараңыздар.

Біз де солардаймыз. Осы тұрғыдан қарасақ, барлық негізгі міндеттеріміз әлі алдымызда.

Таяудағы онжылдықта біз ел үшін стратегиялық сипаты бар бірқатар аса ірі бағдарламаларды іске асыруымыз керек болады.

Мен ауылмен байланысты екі бағдарламаны – агроазық-түліктік және ауылды жерді дамыту бағдарламаларын бекіттім. Олар ауылдың әлеуметтік-экономикалық өзгеруінің негізін құрайды. Оған қажет қаражат бөлінді.

Биыл мен 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын бекіттім. Сол сәттен бастап елді дамытудың оның индустрияландыруымен

байланысты қағидатты түрде маңызды бағдарламасы іске асырыла бастайды. Осынау бағдарламаны қаржымен қамтамасыз ету үшін мемлекет арнаулы қорлар құрды.

Алдымызда оны іске асыру жөніндегі орасан қиын жұмыс істеп тұр. Ол Үкіметтің қазіргі құрамына шын мәніндегі емтихан.

Биыл Каспий қайраңын игеру бағдарламасы әзірленіп, орындауға қабылданды.

Қазақстанның ондаған жылдар ілгері елдің дамуын қамтамасыз етуге ғана емес, энергетика ресурстарын экспортқа шығаруға, сонысымен ауылдың көтерілуін, индустрияландыруды және әлеуметтік дамуды қаржы-қаражатпен қолдауға шамасы жетеді.

Адам ресурстарын жеделдете дамыту мәселелерінде де алдымызда орасан міндеттер тұр.

Әңгіме ең алдымен білім беру мен денсаулық сақтаудың осы заманғы жүйелерін дамыту туралы.

Көп нәрсе тұрғын үй проблемасын шешуде біз қаншалықты тірлік бітіре алуымызға байланысты.

Баспана проблемасын шешу мемлекеттің ісі емес, бірақ бұл барған сайын көп адамдардың осынау өзекті мәселені шеше алуы үшін ұдайы жағдай туғызу оның қасиетті парызы.

Сонымен, 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясынан туындайтын біздің принциптеріміз мынандай: дербес, экономикалық жағынан белсенді азаматтың қаз тұруы, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік, еуразиялық кірігу қағидаттарына адалдық, жеке мен-

шікті даусыз құрметтеу, тиімді жұмыс істейтін билік вертикалі.

Орта мерзімді міндеттерімізге келсек, біз күшімізді 4 басымдыққа шоғырландыруға тиіспіз.

Бірінші. Жоғары технологиялы өндірістер құру жолымен экономиканы әртараптандыру, оны әлемдік экономиканың осы заманғы талаптарына сәйкестендіру.

Екінші. Минералдық ресурстарға тартылатын инвестицияларды өндірістің сабақтас салаларын дамытудың локомотиві ретінде пайдалану.

Үшінші. Агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттыруға және ауылдағы тұрмыс деңгейін көтеруге қол жеткізу.

Төртінші. Адам әлеуетінің сапасын көтеру үшін әлеуметтік инвестицияларды дәйекті ұлғайтып қол жеткізу.

Мен оқыту, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінде іскерлік ағылшын тілін жаппай, әсіресе мемлекеттік аппараттың және, әрине, жастардың игеруге жағына ең үзілді-кесілді бетбұрыс жасайтын уақыт жетті деп санаймын.

Бұл міндетті шешпейінше, біз өзімізге қажет ғылыми-технологиялық сілкіністі жүзеге асыра алмаймыз.

«Болашақ» бағдарламасын, Қазақстан-Британия техникалық университетін, ҚМЭБИ-ді, қазір құрылып жатқан Қазақстан-Германия университетін, халықаралық «Мирас» мектебін алыңыздар. Айтпақшы, соңғысы

негізгі мектеп бойынша емтихандар алу жөніндегі Халықаралық емтихан орталығы мәртебесіне ие болды. Сол емтихан нәтижелері бойынша шәкірттерге Кембридж университетінің сертификаты беріледі.

Осылардың бәрі болашақ мектептерінің модельдері мен үлгілері, оларды бүкіл елге тарату керек.

Бүгінде біз мұндай стратегиялық міндеттерді негізді қоя аламыз. Ал біз тәуелсіздік бастауында тұрғанымызда, шетелдік газеттердің беттері Қазақстандағы ашаршылық, түнек, бүліну, дағдарыс туралы тақырыптармен әлеміштеліп жатты ғой.

Скептиктер біздің болашағымызды қара бояулармен суреттеп, Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде күн көре алмайды деп соқты.

Таяуда мен Сингапурда сол баяғы Ли Куан Ю. мырзамен жолықтым, біз ұзақ әңгімелестік. Ол «10 жыл ішінде Қазақстан мен еш күтпеген әсерлі табыстарға жетті. Сіздер барлық көршілеріңізден, тек олардан ғана емес, озып кетгіңіздер» деді. Бұл біздің сіздермен ортақ күш-жігерімізге берілген өте ұнамды жоғары баға.

Қымбатты қазақстандықтар!

Біз халықаралық аренада құрметтелетін егемен мемлекет құрдық.

Біз еліміздің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етіп отырмыз.

Біз экономиканы нарық торабына түсірдік және жоғары экономикалық өсуге жеттік, либералдық сая-

сатқа бой ұрдық.

Біз осы заманғы сын-қатерлерге лайықты жауап бере аламыз.

Және ең бастысы. Бүгінде қазақстандықтар өз перзенттері мен немерелерінің болашағына қауіптенбей, келер күнге сеніммен қарай алады.

Біз оларға күшті де өркендеген мемлекетті қалдыруымыз керек.

Тарих маңдайымызға нақ осыны жазып, біздің ұрпаққа тәуелсіздік бастауында тұру абыройын берді және туған Қазақстан үшін жауапкершілікті тапсырды.

Менің мерекемен құттықтауымды және сіздер мен жақындарыңызға ең жақсы тілектерімді қабыл алыңыздар!

Қазақстан халықтары Ассамблеясының
Х сессиясында «Этносаралық келісімнің
қазақстандық моделі: тәжірибе, сынама
және келешек» тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2003 жылғы 23 желтоқсан

**Қымбатты отандастар!
Қадірлі меймандар!**

Тарихымыздың екінші онжылдығы жаңа жүз-жылдыққа тап келді. Ұлтаралық және діни дұшпандықтың ғаламат өсуіне тап болған жүзжылдықпен. Көз алдымызда тұтас мемлекеттер қирауда. Қирау себебі – ұлттық мүдделер қақтығысы. Сондықтан біз еліміздің басты жетістігі этносаралық татулық, біздің

ортақ үйіміздегі тыныштық пен келісім десек – бұл жай ғана белгілі ақиқат емес. Бұл – осынау тұрақсыз әлемдегі елеулі табыс. Мұнда Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлі мен еңбегі орасан.

Заман адамды сендірмей қоймайды дейді. Өткен уақыт біздің халықтар Ассамблеясы осы заманғы әлемде сирек кездесетін этностық татулық құралы екеніне Қазақстандағы және оның сыртындағы баршаны сендірді ғой деп ойлаймын. Бұл үшін мен біздің осынау залда отырған және оның сыртындағы жұрттың баршасына шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Жүзжылдықтар тоғысындағы әлемдік үдерістердің барысы адамзатқа толып жатқан қауіптер мен беймазалық әкелді. Солардың бірі – ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі. Еуропаның бірқатар елдерінде дамушы елдерден жаппай көшіп-қону және соған байланысты мәдени-ұлттық шиеленіс елеулі проблемаға айналып келеді.

Кейбір азиялық елдерде ұлттық негіздегі өткір қақтығыстар болып жатыр. Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Азия мемлекеттерінің арасында діни-этностық себептер бойынша көп жылдар бойындағы қарама-қарсылық жалғасуда. Африкада этностық жанжалдар кейде тұтас халықтардың бауырлар арасындағы соғысқа ұласып кетеді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірқатар өңірлерінде де ұлтаралық проблемалардың шиеленісе түсу үрдісі бар.

Біз, былай қарағанда, кереғар құбылысты байқап отырмыз. Адамзат өмірінің барған сайын жаңа қырларын қамтып, әлемді ұқсастыра түскен жаһандану үдерісінде ұлт мәселесі шиеленісіп барады. Өткен ғасырдың ұлы антиутопияларын жасаған Олдос Хаксли «Технология прогресі бізге кері кетудің керемет құралдарын сыйлауда» дегенде, дұрысын айтқан секілді. Солай болуы неліктен? Планетадағы этностық жанжалдарының себептері толып жатыр. Дегенмен олардың көпшілігінің негізінде басты үш проблема жатыр.

Біріншіден, жаһандану халықтардың ықпалдас-тығын кеңейте түседі. Ол барлық қоғамдарға техно-логия жетістіктерімен қауышуға мүмкіндік береді, экономикалық құрылымдарды түбегейлі өзгертеді, әлемді біртұтас коммуникациялық жүйеге айналдырады. Бірақ сонымен бірге ол көптеген адамдардың бойында өздерінің тарихи тамырларынан – ұлттық бірдейлігінен, тілінен, мәдени және діни дәстүрлерінен айрылып қалу секілді табиғи қауіп туындатады. Бұл сезімдер кейде өзге этностық және діни құндылықтар иелерін жақтырмауды қоздырады.

Екіншіден, жаһандану салдарынан кейбір ұлттық мемлекеттерде ішкі қайшылықтар көбейе түседі. Мемлекеттік шекаралар неғұрлым ашық бола бастайды. Солар арқылы қоғамға өркениет игіліктері ғана емес, көптеген жалпыәлемдік қатерлер де өтеді. Тек қана елдің сыртқы шектерін қорғауда, әскери тартынуға негізделген қауіпсіздіктің бұрынғы тетіктері халық-

аралық терроризм пен діни экстремизм, есірткілер транзиті және адамдарды сату секілді құбылыстарға қарсы күресте барынша тиімді бола бермейді. Жаңадан «халықтар көшуінің» ауқымды үдерісі, бір жағынан, заңсыз көші-қон проблемасын шиеленістіре түседі. Екінші жағынан, ол әлемнің көптеген мемлекеттерінің бұрынғы бірұлттық қалпын бұзуға жетелейді.

Осы заманғы этностық сан алуан қоғамдарда мемлекет пен қоғамды топтастыратын, бұл орайда ұлттық мемлекеттер құрылған қағидаттардан шегінбейтін тіндерді табу әлдеқайда қиын болып шығады. Әлемнің көптеген елдерінде этностық тақырыпта «ойнайтын» ұлттық қозғалыстар мен партиялар белсене береді. Ұлттық азшылықтар, көшіп-қонушылар жөнінде шектеуші шаралар қолдануға шақыратын саясаткерлер кейбір жерлерде сайлаудағы дауыстың айтарлықтай бөлігіне ие болып, қоғамдардағы ұлтаралық шиеленістерді күшейте түседі. «Оппоненттің уәждері таусылғанда, ол адамның ұлтын анықтай бастайды» деген сөз бекер емес. Мынаны да қоса кету керек, осы заманғы бірқатар мемлекеттер ішкі этносаралық шиеленістің кесірінен ұзақ уақыт бойы жартылай ыдырау ахуалында тұр.

Үшіншіден, ұлтаралық жанжалдардың тамырына әлеуметтік-экономикалық проблемалардың шешілмеуі нәр береді. Әлемнің әртүрлі өңірлерінің дамуындағы алшақтықтар, тіпті бір қоғамның ішіндегі адамдардың әлеуметтік жағдайының біркелкі еместігі анық құбылысқа айналды. Кедейшілік, жұмыссыздық,

қазынаға қол жеткізудің шектеулілігі, әлеуметтік жайсыздық, сауаттылықтың кемдігі қатаң жауаптар туындайды. «Өшпенділік – кедейлердің ызасы» екендігі дұрыс байқалған.

Планетада 800 млн-дай аш адам бар, миллиардтан астамы – адамдардың бесінші бөлігі күніне доллардан кем қаражатқа күн көреді. Ал орасан байлық халықтың тек 20 %-ының қолында. Әлгі ыза міне содан туындайды. Осы заманғы дүниеде ол өткір жанжалды пішіндерге – басқа халықтар өкілдері жөніндегі экстремистік қарекеттерден терроризм актілерге айналуға.

Осылайша ғасырлар тоғысында әлем этносаралық қатынастардың қатар шиеленісу кезеңін бастан өткеруде. ХХІ ғасырдың басты проблемаларының бірі адамзаттың ұлтаралық татулықтың әмбебап амалын таба алмауында деуге болады. Бұл проблема орасан күйреткіш әлеуетке ие, бейбітшілікке төнетін көптеген қатерлер мен сес көрсетулердің негізінде осы жатыр.

Қазақстанның дамуы тәуелсіздіктің бүкіл 12 жыл бойы осынау қауіпті үрдіске кереғар жүрді. Еліміздегі ұлтаралық татулық – әлдебір халықтардың ерекше бітімінің арқасы емес. Амал қанша, Қазақстанның ұлттық тарихы кез келген елдің өткендегі тарихындағыдай нақ сондай қантөгіс ұлтаралық жанжалдар мысалдарына толы. Біздің ұлттық татулығымыз – мемлекеттің жылдар ішіндегі азаматтық қоғамның қолдауымен жүргізілген егжей-тегжейлі жұмысының нәтижесі. Күрделі жағдайларда біз ел халқының бар-

лық этностық топтары арасындағы өзара қатынастың оңтайлы моделін таба алдық. Ол ежелгі қазақ жерінде өмір сүріп жатқан барлық этностар өкілдерінің өзара түсіністігі мен төзіміне, отаншылдығы мен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілігіне негізделген.

Өмірдің барлық салаларында этностық тең құқықтылығы заңда бекітіліп, нақты өмірде жүзеге асырылған. Оның үстіне біз этносаралық өзара іс-қимылдың басты тетігі ретінде бірегей қоғамдық-саяси институт – Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрдық. Облыстар деңгейінде өңірлік халықтар ассамблеясы жұмыс істеуде. Биыл үлкен және кіші Ассамблеялардың атқарушы жұмыс құрылымдарының вертикалі қалыптастырылды. Бүгінде Қазақстанда 350-ден астам республикалық және жергілікті ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істейді. Олар өз этносының тілін, мәдениетін және дәстүрлерін сақтап, дамытуға мүдделі 100 мыңдаған адамдарды біріктіреді. Мемлекет бұл үдерістерді қолдайды.

Біздің тәжірибе ең жоғары халықаралық деңгейде танылды. Оны БҰҰ Бас хатшысы мен ЕҚЫҰ-ның Ұлттық азшылықтар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары, Еуропа кеңесі, әлемнің көптеген елдерінің саяси және діни көшбасшылары, қоғам қайраткерлері атап өтті. Этносаралық татулықтың біздегі моделі планетаның мемлекеттеріне көп ұлтты қоғамда азаматтықтың нақты өмірде іске асырылуының үлгісі ретінде ұсынылды. Бұл бізді көп нәрсеге міндеттейді.

Сарапшылардың есебі бойынша, 2013 жылы әлемде 14-тей аймақтық соғыстар мен ондаған қарулы жан-жаддар болған. Негізінен ұлттық-діни себептер бойынша.

Озбырлық пен ұлттық сабырсыздық көбіне-көп өзінің ұлтын немесе дінін басқалардан артық етіп көрсетуге көкіректеудің көрінісі. Талай адамдар діни мұраттарды өзінше түсіну жолында жан қиюға әзір. Ал кез келген ұлы дін бәрінен бұрын нұр шашып, тыныштық таратады ғой. Құдай адамдарды тең етіп жаратады, тек өзіміз тіл, терінің түсі және көздің қиығы бойынша айырмашылықтарға соншама мән беріп, жанығып жатамыз.

Бір жолы шетелдік белгілі саясаткер маған мынадай тәмсіл айтып бергені бар. Үш адамнан «Таңғы шапақ деген не?» деп сұрапты. Біреуі: «Ол күн мен түн арасындағы бөлу жолағы» деп жауап қатыпты. Екіншісі: «Бұл түнек пен жарық арасындағы уақыт» депті. Үшіншісі ақын екен, оның жауабы былай болыпты: «Бұл терісінің түсі әртүрлі екі әйел, бірақ екеуі де шын тамаша». Кейде ақынның қарапайым кемеңгерлігі ең күрделі саяси теориялардан кемел болып келеді.

Ата-аналар мен мектеп баланың бойында: «Өзіңе қаламайтыныңды басқаға істеме» деген қарапайым қағиданы сіңіруі керек. Осы заманғы әлемде өмір сүру – басқа халықтарға, мәдениеттер мен діндерге ашық болу және сабырмен қарау деген сөз. Ата-аналар балаларын кішкентайынан адамшылыққа үйретуге тиіс. Осынау көзқарас Қазақстан саясатына толығымен

сәйкес келеді. Біздің балалар жаһанданған дүниеде өмір сүреді. Өртүрлі елдерге сапарлай бастағанда, олар дүниенің қандай екенін көреді. Олар оны ұлттар мен нәсілдерге, дінге қарай бөлмейтін болады. Ойдағыдай бейбіт өмірдің кепілі осында. Балаларды интернационализм рухында тәрбиелеу керектігі осыдан. Бұл сөзімді мен мұғалімдер мен тәрбиешілерге, барлық қазақстандықтарға арнаймын.

Бізге «сағатымызды» ұдайы әлем дамуын жалпы барысымен тексеріп отыру, ел алдында тұрған нақтылы міндеттерді шешуде көп ұлтты қоғамымыздың ерекшеліктерін ескеріп отыру қажет. Басқаша айтқанда, қоғамға біздің алға басуымыздың айқындаушы факторы ретінде ұлтаралық келісім тәжірибесін ұдайы қайта бағалап, ой елегінен өткізіп отыруы жөн.

Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың етене бөлігіне айналып келеді. Біз әлемдік экономикада өз орнымызды табуға ұмтылудамыз. Бұл объективті үдеріс. Бірақ бұл орайда біздің қатаң бәсеке дүниесіне енетінімізді ұмытпауымыз керек.

Біздің алға ұмтылу ниетіміз «Қазақстан – 2030» стратегиясында жария етілген. Мемлекеттің ауылды қайта түлету жөніндегі, 2015 жылға дейін елдің Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі қарекеттері сол стратегияны орындауға бағытталған. Мен әлгінде ғана бекіткен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттері де сол қисынға бағындырылған.

Қазақстанның көп ұлтты халқының бірлігі өткеніміз бен бүгiнiмiздiң жетiстiгi ғана емес, болашақтың мiндетi де. Қалыптасқан ұлтаралық келiсiмдi әлдебiр әрекеттерiмiздiң салдарынан бұлдiруге жол беретiн болсақ, тәуелсiздiктiң 12 жылы iшiнде орасан күш жұмсап жеткен барлық әлеуметтiк-экономикалық табыстарымыздан сөзсiз айырыламыз. Мұны қазақ ұлты да, бүгiнгi Қазақстанның барлық этностық диаспорасы да анық түсiнуi керек.

Ұлтаралық қатынастар – эксперимент жасайтын жер емес. Ол қатынастардың ең шетiн де маңызды өрiсi, сол үшiн мемлекеттiк органдар да, азаматтық қоғамдардың институттары да бiрдей жауапты. Сондықтан ең алдымен Қазақстандағы этносаралық қатынасқа бүгiн және таяу болашақта қандай қатерлер қауiп төндiретiнi туралы бiзде толық түсiнiк болуы маңызды.

Бiрiншi сын-қатер – дiндi халықаралық терроризм пен экстремизм құралы ретiнде пайдалану әрекеттерi. Адам санасында дiни және ұлттық сезiм қашанда тығыз астасқан. Бүгiнде дiн халықтың моральдық, мәдени және рухани негiздерiнен айырылу қауiпi алдындағы маңызды қорғаныс тетiгi ретiнде қарастырылуда.

Тоталитаризм бұғауларынан құтылған қазақстандық қоғамның рухани-адамгершiлiк қайта түлеу үдерiсi адамдар өмiрiнде дiн рөлiнiң күшеюiне алып келгенi әбден табиғи. Тәуелсiз Қазақстанда мемлекеттiң зайырлы сипатына, кепiлдiк ететiн елдiң барлық дiни қауымдары қызметiне тең мүмкiндiктер берген заңдар қабылданды. Бұл орайда мемлекет дiн ғимарат-

тарын – мешіттердің, храмдардың, мінәжат үйлерінің салыну мен ашылуына белсенді көмек көрсетті.

Діндер арасындағы қатынастардың күрделіленуі үшін елеулі ішкі алғышарттар Қазақстанда жоқ. Бұл қауіптің табиғаты негізінен сырттан. Ол дін қағидаларын саясаттағы экстремистік қарекеттерді, терроризм актілерін ақтау үшін пайдаланумен байланысты. Бірақ «ислам қатері» туралы тезистің қаупі де одан кем қауіпті емес. Терроризм актілерін ақтау үшін діннің неше түрлі қағидалары талай пайдаланылғаны тарихтан белгілі. Бұған, атап айтқанда, соңғы жарты ғасыр ішінде жер бетінде орын алған планетадағы терроризм оқиғалары да айғақ.

Қазақстандағы халықтың көпшілігі мұсылмандар. Бірақ бізде сондай-ақ осы заманғы әлемдегі діндердің барлығы дерлік – православиелік христиандар, католиктер, протестанттар, иудейлер, буддистер, көптеген басқа дінді ұстанушылар бар. Біздің елде барлығы 46 конфессия мен номинация қарекет жасайды. Содан да біздің қоғамымыз әлдебір діннің зорлыққа бейімдігі жөніндегі әрқилы өсек-аяңға тым еліккіш. Осынау жаттанды жапсырманы сырттан әкелу және белсене пайдалану қалыптасқан конфессияаралық үйлесімді теңгермені бүлдіруге және сонымен бірге Қазақстандағы этностық тыныштыққа қатер төндіруге қабілетті.

Ешқандай дін өзінің болмыс-бітімі бойынша зорлықшыл бола алмайды. Оны тар ауқымды саяси және өзге мақсаттарды көлегелейтін жалған діни қызмет туындатады. Биылғы қыркүйекте Астана Әлемдік

және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысушыларды қабылдады. Қазақстан астанасына әлемнің 18 дінінің 120-дан астам өкілдері жиналды. Сол жиынның өткізілуі дін көшбасшыларының планета халықтарының арасындағы бейбітшілік пен татулық үшін сындарлы үнқатыса алатындығын көрсетті. Съезд арқылы Қазақстан бүкіл әлемге таралып келе жатқан дінаралық текетірес қаупін еңсеруге нақты үлес қосты. Съезге қатысушылар қазақстандық қоғамдағы діни татулық деңгейін жоғары бағалады, біздің елдің конфессияаралық тыныштық аумағы және әлемдік діндер ықпалдастығының көпірі болуға бел байлағанын қолдады.

Әрбір қаланың өзінің «жұлдызы жанған сәті» болады. Астана оны өткен қыркүйек күндерінде, ежелгі қазақ жерінің тарихында тұңғыш рет әлемдік діндер өкілдері жаңа мыңжылдық басында татулықты іздестіруге жиналған кезде бастан өткерді. Асқар тау алыстағанда асқақтайды дейді ғой. Біздің өзіміз де сол оқиғаның Қазақстанның рухани ауаны, бүкіл адамзат үшін маңызын қазірше санамызға толық сіңіріп үлгергеніміз жоқ.

Бүгінде біздің алдымызда қоғамдағы, соның ішінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы шеңберінде де, конфессияаралық татулықтың неғұрлым берік тетігін құру міндеті тұр. Бұл орайда біз Қазақстанның барлық діни көшбасшыларының көмегіне сүйенгіміз келеді.

Біздің елдегі этносаралық татулыққа екінші сын-қатер мынада: ұлтаралық қатынастар өрісінде туындайтын проблемаларды либералды қоғам жағдайында

шешу тоталитаризм жағдайындағыдан гөрі күрделірек екендігіне байланысты. Дегенмен сол жылдары ұлттық проблемаларды шешу дегеніңіз жай ғана оларды жаныштау болғаны біздің есімізде.

Демократия этностардың өзара қатынастарында туындайтын проблемалардың өз-өзінен шешіле салуына кепілдік бермейді. Бұған этносаралық проблемаларды шешудің ұзақ уақыт бойы өзіндік бір үлгісі болып келген АҚШ, Швейцария, Бельгия секілді елдердің де тәжірибесі дәлел. Демократия жағдайында ұлтаралық проблемаларды шешу ісінде тек қана мемлекеттік органдардың қызметімен байланысты болып келетін дәстүрлі әдістерді қолдану жеткіліксіз.

Мемлекет, сөз жоқ, этносаралық татулықты қолдауда және нығайтуда маңызды рөл атқарды және атқара да береді. Бірақ бұл орайда ұлтаралық қатынастарды реттеудің қоғамдық қосымша тетіктері қажет. Мұны 1990-шы жылдардың ортасынан-ақ болжай білген біз сондай тетіктерді – ұлттық-мәдени орталықтарын, халықтардың үлкен және шағын ассамблеяларын құруға бардық. Бұл орынды қадам еді.

Шынтуайтында, ұлттық-мәдени орталықтар азаматтық қоғамның өздігінен ұйымдасатын алғашқы институттарының біріне айналды. Сонымен бірге олар Қазақстандағы этносаралық татулықтың арқауына айналды. Сол кезден бері елде әртүрлі этностық топтардың алуан түрлі шығармашылық бірлестіктері пайда болды, ұлттық тілдерде БАҚ шығады, мемлекеттік емес білім беру мекемелері – жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Бүгінде елде қазақ, орыс, ұйғыр,

неміс, корей және өзбек театр және шығармашылық ұжымдары қызмет етеді. Этностық топтардың 11 тілінде эфирге теле- және радиобағдарламалары шығады, жиырмаға жуық орталық және өңірлік БАҚ жарық көрді. Тек мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ұлт тілдерінде жыл сайын 30-ға дейін таралымы 80 мыңнан астам кітаптар шығады. Бізде 170 жексенбілік мектеп жұмыс істейді, оларды балалар мен жеткіншектер 23 ұлт тіліне үйретіледі.

Павлодар, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында ұлттық қайта түлеу мектептері ашылған. Сондықтан бізге осынау әлеуетті Қазақстан халықтарының арасындағы бірлігін нығайту үшін толығырақ пайдалану қажет. Үкіметтік емес ұйымдар кәмелетке бой ұрған азаматтық қоғамда ұлтаралық татулықтың қуатты құралына айнала алар еді. Қазақстанда жоғары оқу орындарына түсу компьютерлік тестілеу жолымен жүргізіледі. Ұлттық нышан бойынша қандай да болсын кемсітуге жол жоқ. Мемлекеттік қызметке қабылдау конкурс бойынша жүзеге асырылады, сөйтіп ол да барлық ұлттық топтар мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз етеді. Демократияландыру жолымен ілгерілеп келе жатып, біз қоғамдағы кез келген ықтимал этносаралық шиеленісті дер кезінде тұсауға дайын болуға тиіспіз.

Үшінші сын-қатер біз болашақта қазақ ұлты мен көптеген ұрпақтары Қазақстанда тұратын ондаған этностық диаспоралар мүдделерінің парасатты ұштасуын сақтай аламыз ба деген сұраққа байланысты. Бұл жылдарда біз дайым эволюциялық жолмен жүріп кел-

дік. Біз мынаған қол жеткіздік: қазақстандықтар арасында, олар қандай этностық топқа жатпасын, қазақ тілінің, оның мемлекеттік қызметін сақтап, нығайтудың маңыздылығын түсіну бекіп келеді. Бүгінде Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарда іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Осынау өңірлер басқа ұлт азаматтарының қазақ тілін білуінің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Орта мектепте қазақ тілін үйрететін сағат саны ұлғайтылды. Соңғы 2 жыл ішінде қазақ тілінде тәрбиелейтін, оқытатын мектептер мен балабақшалар саны көбейді. 2001 жылмен салыстырғанда қазақ тіліндегі газеттер саны 25 %, журналдар саны 12 %-ға өсті. Барлық электронды БАҚ-тың 95 %-дайы уақытының жартысын қазақ тілінде хабар беруге бөледі. Елде барлық қазақстандықтардың ортақ азаматтық бірдейлігінің іргелі қабаты ретінде қазақ мәдениетін дамытуға септесетін барлық қажетті шарттар мен тетіктер жасалған. Әрі бұл үдерістер табиғи қарқынымен жүріп отырды, солай жүріп те келеді. Осының бәрі елде мемлекеттік тілді ерікті үйренуге жағдай туғызу үшін жасалуда. Бұл тұрғыда ешқандай қолдан жеделдету, оның үстіне әпербақандық көзқарас болмауға тиіс.

Сонымен бір мезгілде мемлекет елдің барлық халықтарының тілдерін, мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтап, дамыту міндеттерін де шешіп келеді. Қазақстанда әртүрлі этностардың ғасырлар бойы бірге тұруы ерекше қазақстандық діл қалыптастырды. Оған соқыр сезімге еріп кетушілік сорақылықтар мен этностық оқшауланушылық жат.

Оның негізінде азаматтық бірлесуге, халық дәстүрлері мен құндылықтарының қосылуына ұмтылыс жатыр.

Осы заманғы Қазақстанның бірегейлігі – этностық саналуандығында. Бұл бүкіл біздің қоғамның орасан байлығы, ортақ игілігі, ол қазақстандықтарға басқа халықтармен құнды мәдени жетістіктерін алмасуға мүмкіндік береді.

Ерекше атап өту керек: орыс тілі Қазақстанда бұрынғысынша ұлтаралық қатынас тілі болып қала береді әрі бұл дұрыс. Мәдениеттер мен тілдердің саналуандығы – баға жетпес сый, соның арқасында еліміздің әрбір халқының нағыз шығармашылық тұрғыдан өзара баюы, шын дамуы мүмкін болады. Біздің қазақстандық бірдейлікті қалыптастыруға қағидатты көзқарасымыз уақыт сынынан өткен. Бізге осы бағытта бұдан былай да сабырмен, сезімге салынып, асыра сілтеусіз, қазақ мәдениетін қайта түлетіп және қоғамымыздың барлық ұлттық топтарының мәдениетін сақтай отырып, ілгерілей беру қажет.

Тәуелсіздік жылдарында іске асырылған этноаралық татулық моделі – Қазақстанның халықаралық беделі мен абыройының бір негізі. Мәселен, Ресейден шыққан эмигранттар үшін тартымдылық деңгейі бойынша Қазақстан тек АҚШ пен Еуропалық Одақтың елдеріне жол беріп, үшінші орын алады. Және керісінше, бірқатар елдерде, мысалы, сол Ресейде, Словакияда Қазақстаннан шыққандар үшін көшіп-қонудың неғұрлым ыңғайлы жағдайы жасалады. Бұл орайда біздің азаматтардың тағаттылығы,

олардың өзге мәдени жағдайларға тез бейімделуі, олардың өз этносының мәдениеті мен тілін сақтай отырып, жергілікті халықтардың ғұрыптары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауы ерекше атап өтіледі. 1 жыл бұрын Қазақстаннан кеткен жазушы Леонид Данилович Кривошековтің қайтыс боларының аз-ақ алдында маған жолдаған хатының бір жерін оқып бергім келеді. Ол былай деп жазады: «Күндердің күнінде маған туған Қазақстанды тастап кетуге тура келер деп бұрын ешқашан ойлаған да емес едім. Өйткені ол мен дүниеге келген, сонысымен де өзім қарыздар жер ғана емес. Оның қасиеті өзгеше. Нақ сонда, азаматтардың ұлы бауырластығы – тілі басқа, тілегі бір, жүзі басқа, жүрегі бір бұзылмас бірлікте тұрып жатқан жерде мен өз шығармашылығымды бастап едім. Менің рухани тамырларым, менің бастауларымның бастауы сол жерде жатыр».

Бұл сөздер – бүкіл ғұмырын өзіне рухани отан болған қазақ жерінде өткізген адамның сөздері. Осының бәрі мемлекеттің ұлттық саясаты тиімділігінің аңыздағы емес, өмірдегі мысалдары. Айналамызда сұмдық терроризмдер болып жатқанда, адамдар басқа елдерге барудан қорқатын кезде, әлемнің ұлы астаналарының көшелерінде нәсілшілдер сорақылықтар жасайтын кезде Қазақстан өркениетті ұлттық қатынастардың мекені болып қалып отыр. Сондықтан да біз болашаққа сеніммен қараймыз.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының басты мақсаттары мен міндеттері оның 2007 жылға дейінгі дамуының орта мерзімді стратегиясында белгіленген.

Бірақ бүгін бізге Ассамблея жұмысындағы нақтылықты қызметті күшейту өте маңызды. Осыған байланысты Қазақстан халықтары Ассамблеясының өзінің жыл сайынғы басымдықтары мен міндеттерін белгілеуге көшуі орынды болар деп санаймын. Бұл оның барлық мүшелерінің, шағын ассамблеялардың, олардың жұмыс органдарының жауапкершілігін арттырар еді. Белгіленген жоспарларды іске асыру Қазақстан халқының барлық этностық топтарының Ассамблеяға құрметін арттыруға мүмкіндік береді.

2004 жылы бізге жұмыстың 5 бағыты бойынша міндеттерді шешуге шоғырлану керек.

Бірінші. Этносаралық өрісте шиеленістің, негізінен сыртқы жағдайлар ықпалымен, ықтимал өсуіне көңіл аударудың алдын алатын тетіктерін жасау қажет. Ең алдымен бұл елде конфессияаралық татулықты сақтап, нығайту мәселелеріне қатысты. Ассамблея Кеңесіне Үкімет жанындағы Діни бірлестіктермен жұмыс жөніндегі кеңеспен бірге мәселені ізерлеп, мемлекет пен діни қауымдардың өзара іс-қимылы, Қазақстан конфессияларының арасындағы қатынастар проблемаларының барлық қырларына қатысты ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Осы бағыттағы екінші міндет Қазақстан халықтары Ассамблеясының азаматтық қоғам институттарымен ықпалдастық тетіктерін көбейтумен байланысты. Екі ай бұрын біз Астанада Азаматтық форум өткіздік. Онда мемлекет пен үкіметтік емес сектордың проблемалардың кең шеңбері бойынша өзара байланысының

міндеттері мен пішіндері белгіленді. Ассамблеяда да өзінің «азаматтық форумы» бола алады деп білемін. Оның жұмысы ел халқының әрқилы этностық топтарының проблемаларын шешетін ҰЕҰ-мен өзара іс-қимылға бағдарлануға тиіс. Ұлттық мәдени орталықтардың өздері бейресми ұйымдар және басқалармен қатар мемлекеттік грант алу конкурстарына қатысуға тиіс. Ассамблея жанында этностық театрлар мен шығармашылық ұжымдарының қауымдастықтарын, ұлт тілдеріндегі БАҚ қоғамдық кеңестерін, ұлттық жексенбілік мектептер мен басқа ұйымдар бірлестіктерін құруға әбден болады.

Бірнеше жыл бұрын бірқатар қазақстандық БАҚ-тардың бас редакторлары баспасөзде ұлт-аралық қатынастар өрісіндегі проблемаларды жазу этикасы туралы бірлескен құжатқа қол қойды. Оның талаптары негізінен сақталуда. Бірақ сол кезден бері жүздеген жаңа БАҚ пайда болды. Солардың осы конвенцияға қосылған-қосылмағанын кім айта алар екен? Тіпті де бәрі емес қой деп ойлаймын. Мұны біздің бірқатар газеттеріміз бен журналдарымызда жарияланған, әдептілікке оншалық жата қоймайтын жарияланымдар да айғақтайды. Ақпарат министрлігіне Ассамблея Кеңесімен бірге осы проблемамен айналысуды тапсырамын. Егер қажеттілік болса, біз ұлттық алауыздықты оның кез келген түрінде өршітуге жол бермес үшін осы тұрғыдағы заңдарды күшейту жөніндегі ұсыныстарды қарауға дайынбыз. Конституцияны сақтау керек және оның негіздерін бұзу әрекеттерін барынша тыю керек.

Мен барлық партияларды өз қызметінде, атап айтқанда, сайлау алдындағы күресте этностық проблематиканы пайдалану шеңберін бейнелейтін арнаулы келісім әзірлеп, қабылдауға шақырамын. Өйткені заңдарда барлық реңктерді көздей беру мүмкін емес қой. Этностық мәселелерді орынсыз саясаттандырудың алдын алу үшін белгілі бір моральдық қағидаттар мен этикалық нормаларды ұстану қажет. Бұл келесі жылы Қазақстан Парламентінің Мәжілісіне болатын сайлау алдында ерекше маңызды.

Екінші. Жаңа ғана қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда Ассамблеяның орны мен рөлін белгілеп алу қажет. Бұл бағдарламаның мәні өте терең. XX ғасырдың ұлы ақыны Томас Элиот айтқандай: «Дәстүрді мұра ете алмайсың – оны жеңіп алу керек». Әңгіме мінез-құлықтың патриоттық пішіндерін қайта түлету туралы емес, бізге адамгершілік күш беретін, тарихтың буырқанған тасқынында өзімізді сақтап қалуға көмектесетін біздің ежелгі және осы заманғы мәдениетіміздің үлгілері туралы болып отыр. Кейде тарих «Балалар ұмытқанды немерелер еске түсіргісі келеді» дейтін ғибрат сөзге сәйкеседі.

Мәдениетті қайта түлету – ортақ ісіміз. Қазақстанның мәдени мұрасы қазақтың ғана емес, елімізде тұратын әрбір этностың мәдениетін де қамтиды. Сондықтан ұлттық-мәдени орталықтар осы бағдарламаны іске асыруға белсене қатыса алады.

Ассамблея Кеңесінен Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесе отырып, ұлттық-мәдени орталықтардың, үлкен және шағын халықтар ассамблея-

сының «Мәдени мұра» бағдарламасының міндеттерін іске асыруға қатысуы бойынша іс-әрекет жоспарын жасауды өтінемін.

Үшінші. Алдағы жыл – Ресейдің Қазақстандағы жылы. Қазақстанның Ресейдегі жылының негізгі шаралары аяқталды. Жылды өткізуге шекаралас облыстарда «Халықтар достығы – 2003» фестивальдерін өткізген шағын халықтар ассамблеялары белсене қатысты. Мәскеуде ұлттық-мәдени орталықтар өкілдері Қазақстанға арналған көрмеге қатысты. Жылдың нүкте қоятын аккорды Қазақстан халықтары Ассамблеясының Мәскеуде жаңа ғана аяқталған күндері болды. Осынау барлық шаралар біздің халықтар арасындағы достық байланыстар мен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталды.

Біздің ендігі міндетіміз – Ресейдің Қазақстандағы жылының жоғары ұйымдық және мәдени деңгейде өтуін қамдау. Мынаны ерекше атап өткім келеді: алдағы шараларды Қазақстанның Ресей этностық атамекені болып табылатын барлық халықтарының – орыстардың, башқұрттардың, шешендер мен ингуштардың және көптеген басқа да халықтардың мәдениетін жанжақты дамыту үшін де пайдалану керек.

Төртінші. Келесі жылы Қазақстанда тың және тыңайған жерлердің игеріле бастағанының 50 жылдығы атап өтіледі. Ауыл шаруашылығының дамуына көптеген халықтардың өкілдері орасан зор үлес қосты. 50 жыл бұрын жүздеген мың жастар бұрынғы КСРОның түкпір-түкпірінен Қазақстанға келді. Біреулер кейінірек туған жерлеріне қайтты, ал енді біреулері

үшін Қазақстан екінші отанға, балалары мен немерелері өрбіген туған үйге айналды.

Әрине, тың игеру жылдарында экологиялық және экономикалық сипаттағы талай қателіктер жасалды, ұлттық мәселелерде бірқатар асыра сілтеуге жол берілді. Бірақ даусызы біреу: тың дастанының жетістігі мен кемістігін салыстыра алмайсың. Жарты ғасыр бұрын Қазақстандағы ауылшаруашылық өндірісін дамытудағы жедел ұмтылудың шешуші шарты нақ тың игеру болды.

Осыған орай алдағы жылы Астанада, заманында тың игеру астанасы болған, бүгінде тәуелсіз Қазақстанның астанасына әрі символына айналған қалада мүшелтойға арналған шаралар өткізуді ұсынамын. 50 жыл бұрын тың көтеруге келгендер еліміз қалай өркендеп келе жатқанын көрсін. Үкіметке Қазақстан халықтары Ассамблеясымен бірге мүшелтойлық шараларды 2004 жылдың ақпанында өткізуді тапсырамын.

Бүгінде біз ауылды қайта түлетудің 3 жылдық бағдарламасын іске асырып жатырмыз. Сондықтан қазір тың еңбеккерлерінің тәжірибесінде болған құнды нәрселердің бәрін пайдалану маңызды. Біз ауылдағы ахуалды нақты жақсарту, ауыл шаруашылығын Қазақстан экономикасының дамыған секторына айналу үшін өз күштерімізді жұмылдыруға тиіспіз. Көп ұлтты ауылдың проблемаларына бүгін Ассамблея, ұлттық-мәдени орталықтар тарапынан күшейтіле түсетін ықылас талап етіледі.

Бесінші. Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің барысында мен Астанада Ұлттар сарайы немесе Мәде-

ниеттер мен діндер сарайын салу идеясын ортаға салдым – атаулар әзірге шартты. Осынау ғаламат ғимарат Қазақстандағы ұлтаралық және дінаралық татулықтың символына айналады. Осынау сарай 130 халықтың өкілдері тыныш та тату өмір сүріп жатқан біздің ел халықтарының өзіндік бір символы болады. Онда Қазақстан халықтары Ассамблеясының, республикалық ұлттық-мәдени орталықтардың штаб-пәтерлері орналасады. Ғимараттар кешеніне мешіт, шіркеу, синагога, буддалық храм кіреді. Кешенді жобалау кезінде қазақтардың және елдің басқа халықтарының ұлттық та, діни де архитектурасының ерекшеліктерін ескерту өте маңызды болады. Әйтсе де бұл идеяның тек рәміздік сипаты ғана болмайды. Оның орасан зор практикалық мәні де болады.

Соңғы жылдары Қазақстанда маңызды халықаралық шаралар, соның ішінде мемлекеттер басшыларының саммиті, бүкіл әлемнен саясаткерлерді, бизнесмендерді, ғылым мен мәдениет қайраткерлерін жинайтын ірі конференциялар өткізіліп келеді. Сондықтан Еуразия орталығында салынған Мәдениеттер мен діндер сарайы мемлекеттер мен халықтар ықпалдастығы орталықтарының біріне айналуға тиіс. Уақыт өте келе осы Сарайдың арқауында біз жаңа бірегей құрылым – Өркениеттер университетін құра аламыз деп білемін. Онда әлемдік діндерді, теологияны, өркениеттер мен мәдениеттер тарихын оқып-зерттейтін мамандарды даярлауға болар еді. Бізге тек экономистер мен заңгерлер ғана емес, осы заман тұрпатындағы, ғаламдық тұрғыдан ойлайтын гуманитарлар да керек.

Үкіметке Еуразиялық Мәдениеттер мен діндер сарайын жобалауға және келесі жылы Астананың сол жағасында сала бастауға байланысты барлық мәселелерді тиянақты пысықтап шығуды тапсырамын.

Біздің Ассамблеяның өмір сүруінің 8 жылы да тарихқа айналып барады. Және бұл тарих, негізінен, сенімді қарышты даму жылнамасы. Гәп тіпті экономиканы, әлеуметтік өрісті және саясатты өзгерту жөніндегі орасан зор жұмыста да емес. Бұл болашаққа арналған ғаламат дайындығымыз және қазіргі сенімділігіміздің бастау бұлағы. Бірақ осының бәрі ұлтаралық тыныштық пен татулыққа сүйенгенін ұмытпайық.

Бейбіт күн – әлдебір басқа жерлерде атып жататын күн деген сөз бар. Өкінішке орай, осы заманғы әлемде бұл солай болып тұр. Әрбір халық, әрбір ел бейбітшіліктің сақталуына өзі жауапты. Бейбітшілік пен татулықты ешкім сырттан әкелмейді. Сондай үміттерге малдануға болмайды. Бейбітшілікке жетудің екі стратегиясы бар. Біріншісі өткен ғасырдағы бір президенттің: «Біз сол үшін соғысуға тура келсе де, бейбітшілікке қол жеткіземіз» дегенін сөзбе-сөз түсінуде.

Ондай стратегия жолына біз түсе алмаймыз. Екінші формула Гаагадағы Бейбітшілік сарайының қабырғасында негізделген: «Бейбітшілікті қаласаң – әділетке шаң жуытпа». Бұл біздің ұлтаралық қатынастардағы философиямызға әлдеқайда жақын. Кез келген, тіпті ең аз ұлттық топтың мүддесіне ілтипат, ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарға риясыз құрмет – ұлтаралық әділетті бейбітшіліктің тұғыры.

Орайы келіп тұрғанда, баршаңызды Ассамблеяның өзіндік бір мүшелтойымен – X сессияның ашылуымен, сондай-ақ келіп қалған Жаңа жылмен құттықтап, сіздердің отбасыларыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілегім келеді.

**Қазақстанның тың және тыңайған
жерлерін игерудің 50 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 6 ақпан

**Қадірлі тың ардагерлері!
Қымбатты достар!**

Бүгін осы залға алғашқы тың игерушілер, еңбек ерлері, елді астықпен қамтамасыз етіп, Қазақстанды дәнді державаға айналдырғандар жиналып отыр. Сіздердің көбіңізді мен жыға танымын және сол таныстығымды мақтан етемін.

Мен сіздерді көріп отырғанымға риясыз қуаныштымын және сіздерді осынау айтулы датамен – тың және

тыңайған жерлердің игеріле бастауының 50 жылдығымен құттықтаймын!

Тың игеру – ХХ ғасырдың ғаламат әлеуметтік-экономикалық жобасы, әлемдік тарихта бұған ұқсас ештеңе болған емес.

Қып-қысқа тарихи мерзім ішінде Қазақстанның көптеген өңірлерінде экономика, оқыту, денсаулық сақтау, мәдениет өзгерді, қуатты кадрлық және ғылыми әлеует жасалды.

Тың ерлердің тұтас бір шоғырын тәрбиелеп, олар озат кәсіпорындардың басшыларына, ірі ғалымдарға, мемлекет және саясат қайраткерлеріне айналды.

250 мыңға жуық тың игерушілер жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды, солардың 650-і Еңбек Ерінің алтын медаліне ие болды.

Осынау залда бүкіл елге белгілі адамдар – «Қазақстан Маресьеві» Леонид Картаузов, Ибрагим Жангоров, Алексей Черкаев, Кәмшат Дөненбаева, Сергей Старучев, Василий Киричек, Арапбек Әбиев, Мартин Дикс және солардай көптеген адамдар отыр.

Бүгінде алғашқы тың игерушілердің тамаша дәстүрлерін олардың балалары мен немерелері жалғастыруда, сөйтіп олар Отанымыздың – Қазақстан Республикасының лайықты азаматтары мен патриоттарына айналды.

Тың игерушілер – жоғары, шын мәнінде халықтық атақ, тыңның қиын, алғашқы жылдарында көрсетілген ерліктің, энтузиазм мен шыдамдылықтың құрыштай қоспасы.

Біздің өлкеге келген бетте олар ешқандай елді мекені жоқ жерлерге қоныстана бастады. Олар тарихты бір қазықтан бастап, ол бірнеше жылдан кейін кәдімгі қазақстандық ауылға айналды. Бірақ бұған дейін олар қысқы аязға да тонды, жаздың аптабынан да азап шекті.

Бүгінде қазақстандық тың игерушілер біздің республикада ғана емес, Ресейде, Беларусьте, Германияда, Украинада және басқа елдерде өмір сүріп, еңбек етуде. Алайда, олар қай жерде жүрмесін, олар үшін Қазақстан жері мәңгіге туған жер болып қала береді.

Сол жылдары белгілі ақын Валерий Прокуров тыңды бүтіндей бір ел, жаңа планета деп атады. Шындығында да, өз жанының бір бөлігін осынау ұшы-қиырсыз далаға сіңірген адамдар мәңгіге Тың атты елдің азаматтары болып қалады, ол Қазақстанды өз Отаным деп санайды. Тың игерушілер қазір басқа мемлекеттерде тұрса да – бәрібір біздің ең жақын достарымыз.

Осынау күндері мен алғашқы тың игерушілерден көптеген хаттар алдым. Олар сонау алыста қалған уақытты, біздің ұшы-қиырсыз даламызда бірге еңбек еткен достарын еске алады.

Мысалы, қазір Украина тұрғыны Э. Н. Бедрик былай деп жазады: «Мен үшін Қазақстан – мені тәрбиелеген, бүкіл ғұмырыма жететіндей етіп шынықтырған Отаным. Осының бәрі үшін мен көңілі риясыз, жомарт жанды қазақ халқына ризамын, оның әлемдік қоғамдастықтағы және төл жетістіктеріне шын жүректен қуанамын».

Нақ сондай шынайылықпен Краснодар өлкесінен Иосиф Клинков пен Кострома облысынан Николай Смирнов, Украинадан Роман Гречаник маған хат жолдап, құттықтауларын арнайды. Солар және көптеген басқа адамдар, Павлодардан Николай Константинов атап өткендей, «тың көтеруде емтиханды «өте жақсы» деген бағаға тапсырды».

Біздің салтанатқа келгісі келген өте көп ардагерлер болды. Амал қанша, өзіміз қанша қаласақ та, біз осынау мерекеде бізбен ортақтасқысы келетіндердің бәрін қабылдай алмаймыз. Бірақ біз баршаңызды ұмытпаймыз, сіздердің үлестеріңізді бағалаймыз, сол үшін сіздерге ризамыз.

Тың игерудің замандастары, кейінірек тарихшылар тың және тыңайған жерлердің игерілуін «эпопея», «теңдесі жоқ ерлік дастаны» деп атады.

Жылдар өте келе, оны еске алу еліктірмейтін болды. Біздің талай тарихшыларымыз өздері жазған оқулықтарда бұл тақырыпты елеусіз қалдыратын болды немесе ең болмашы ақпаратпен шектелді, әрі солардың өзі теріс ыңғайда жазылды. Бұл тіпті осында еңбек етіп, осында тұруға қалғандар үшін де әділетсіздік.

Алғашқы тың игерушілердің еңбегінің арқасында астық проблемасы біржола шешілді, ал Ұлы Отан соғысынан кейін бұл проблема едәуір еді. Мен өзім де балалар нанды тоя жеуді армандаған кезді әлі ұмытқам жоқ. Ал аға ұрпақ ол уақыт туралы жұрттан естіген жоқ, көзбен көрді.

Миллиондаған өмірді жалмаған отызыншы жылдар ашаршылығын ұмытпаған адамдар арамызда да болуы керек.

Алғашқы тыңгер, Еңбек Ері Михаил Яровойдың тамаша сөздері еске түседі. Михаил Саввич соғыстан кейінгі Украинада қандай ашаршылық болғанын еске түсірді, онда нағыз қайыршылық болған. Тек тыңда ғана ол ақ нан бөлкесін ғұмырында тұңғыш рет көріп, әбден тойып жеген.

Сондықтан мен тыңды кеңестік идеологияның айласы деп санамаймын. Жоқ, олай емес. Бірінші кезекте ол елді тойындырудың көкейге қонымды идеясы болатын. Және оның сәті түсті, өмірде іске асты.

Осынау акция Қазақстанның ғана емес, Одақтың барлық республикаларының ауыл шаруашылығының дамуына серпін берді.

Осыншалық ғаламат аграрлық жоба не үшін қажет болды?

Соғыстан кейінгі селоның көптеген проблемалары негізсіз қатал тоталитарлық саясаттан туындады.

Арзан сатып алу бағасы және жоғары салық арқылы соғыстан қажып біткен селолардан ең соңғы ресурстарды сығып алып жатты.

Жазалаулардан, зорлықпен ұжымдастырудан, жаппай күштеп көшіру мен соғыстың тән азабын да, жан азабын да бастан өткерген шаруалар мемлекеттік аграрлық саясатты түбегейлі өзгертусіз ауылшаруашылық өндірісінің одан әрі дамуын қамтамасыз ете алмайтын еді. 1950-ші жылдардың басында-ақ аграр-

лық секторды, осы заманғы тілмен айтқанда, ірі инвестицияларсыз, жаппай акцияларсыз көтеру мүмкін еместігі анық болды.

Иә, тың игеру орасан ауқымды әкімшілік шара еді. Бас проблеманы Қазақстан мен Сібірдің тың және тыңайған жерлерін айналымға тарту есебінен экстенсивті шешуге тігілді.

Бұл міндетті шешу үшін орасан зор материал, еңбек ресурстары мен ғылыми әлуат жұмылдырылды.

Жүздеген мың еріктілер, негізінен Ресейден, Украинадан, Белоруссия мен Молдавиядан жетті. Бізге мыңдаған механизаторлар, агрономдар, құрылысшылар, дәрігерлер мен мұғалімдер келді.

Жастардың жоғары отаншылдық көңіл-күйі мен энтузиазмы тың эпопеясының қиындықтарды еңсеруге көмектесті.

Бұл арада қазақ халқы орасан рөл атқарды. Ол өзгерістер үдерісіне өзі ғана кірісіп қоймай жаңа адамдарды лайықты қабылдады, олардың жайласып, бейімделуіне, сол кезде айтылғанындай, 100 тіл планетасын құруға көмектесті.

Еңбек табыстары арқасында егіс көлемі Қазақстанда 36,5 млн гектарға дейін жеткізілді. Бұл біріккен Германияның бүкіл аумағынан көп.

Әрине, жұмыстың мұндай көлемі орасан зор қаржы-қаражатты, тіпті техникалық қамтамасыз етуді, мыңдаған тракторлар мен комбайндарды, автомашиналарды, басқа да техника мен ауылшаруашылық құралдарын талап етті. Және осының бәрі

жеткілікті жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Барша көмектесті.

Біз бұрынғы КСРО-ның одақтас республикаларының, өлкелері мен облыстарының біздің аграрлық секторымызды нығайтуға көмектескен бауырластық көмегін ешқашан ұмытпаймыз.

Тек Украинаның өзі 54 кеңшарды жасақтауға көмектесті, ал енді ахуал біз Украинаға азық-түлік проблемасын шешуге көмектесетін болып қалыптасты.

Мәскеуліктер 15 кеңшарды жайластыруға көмектесті, сөйтіп әлі күнге нақ біздің бидайды алып келеді. Осы заманға сәйкестендіріп мұндай мысалдардың талайын келтіруге болады. Демек, көтерілген тың – біздің ортақ жеңісіміз, ал бүгінгі мүшелтой – біздің ортақ мерекеміз. Мен бүгін сіздерді сонымен құттықтаймын!

Алғашқы тың игерушілердің еңбектегі табыстарының арқасында Қазақстан аса ірі дән өндірушіге айналды. 50 жыл ішінде Қазақстанда жиналған бидай көлемі 640 млн тоннадан асты, яғни жылына 13 млн тонна дерлік. Мұндай астық жыл сайын 100 млн-дай адамның қажетін өтейді. Бұл үшін далада тоңуға, бұл үшін барлық күшті астық өніміне күні-түні жұмсауға әбден болатын.

Тың орасан аумақты кешенді түрде игеруді көздеді. Республика картасында жүздеген жаңа шаруашылықтардан басқа мүлдем жаңа қалалар да пайда болды.

Көптеген алғашқы тың игерушілер далалық Ақмоланың қандай болғанын еске түсірді, ол қаладан гөрі үлкен селоға көбірек ұқсайтын.

Жеке алғанда осынау қала тың астанасына, содан кейін жетекші облыс орталықтарының біріне айналуы үшін қаншама күш жұмсалды деңіз. Ең бастысы нақ сол кезде бұл арада Целиноградты біздің жаңа орталығымыз Астанаға айналдыратын әлеуеттің негізі қаланды.

Жаңа Қазақстанның жаңа астанасы тың кіндігінде салынып жатқанының өзі де аға ұрпаққа өзіндік бір құрмет әрі ол сіңірген еңбекті мойындау. Бұл осы заманғы Қазақстан мен оның астанасын салып жатқан қазақстандықтардың жаңа ұрпағына романтика мен табандылық рухының өзіндік бір эстафета таяқшасын беру.

Тың жердегі тұрғындар санының күрт көбеюі сол кезде тұрғын үй құрылысын, денсаулық сақтау мен оқу нысандарын салуды жедел дамытуды талап етті.

Тек тың игерудің алғашқы екі онжылдығында ғана қатқыл табанды автомобиль жолдарының ұзындығы 14 еседен астам өсті, ал темір жол 2,5 мың шақырымға ұзарды. Нақ сол уақыт ішінде 90 мың шақырым электр желілері, соның 85 мың шақырымы ауылдық жерлерге тартылды. Біздің ауылдарымыз сол кезде басқа республикалармен салыстырғанда ең осы заманғы мекендерге айналды.

Қазақстанда агрохимиялық қызметтің өсімдіктерді қорғаудың және мал дәрігерлігінің тиімді жүйесі, бірегей Астық шаруашылығы институты құрылды.

Тың игеру жылдарында республика аса ірі малшаруашылық базасына айналды. Егін шаруашылығын дамыту, тіпті жайылымдар көлемінің қысқаруына карамай, жемшөп базасын нығайтуға мүмкіндік берді.

Жаңа жерлерді игеру аграрлық ғылымның дамуына қуатты серпін қосты. Нақ сол жылдары қазақстандық егін шаруашылығы жүйесі дүниеге келді. Жер өңдеу амалдары, тұқым себу мерзімдері мен нормалары, агротехникалық басқа мәселелері қайта қаралды.

Біз елеулі қателіктер мен ағаттықтар да болғанын айтпай кете алмаймыз. Даланы жаппай жырту бірқатар теріс экологиялық салдарларға соқтырды. Жел эрозиясы ең үлкен дертке айналды.

Жер қыртысын аударып жырту салдарынан Қазақстанның 26 млн гектар тың жерлерінің 8 млн-ы құнарлылығынан айрылып, айналымнан шығарылды. Жер өңдеудің жаңа технологиясын енгізбейінше, жердің азып-тозуы әл бермейтін сипат алып, апатқа ұрындыруы мүмкін еді.

Академик Александр Бараевтың басшылығымен жасалған егін шаруашылығының топырақ қабатын қорғау жүйесі тек әлемдік деңгейдегі аса көрнекті ғылыми шешім ғана емес еді. Оның табандылығы, бекем тұғыры – нағыз азаматтық ерлік. Осы аса көрнекті ғалымды қазақстандықтар әрқашан тыңның бас агрономы, біздің егістіктерімізді дала желінен бас қорғаушы ретінде әрқашан есте ұстайтын болады.

Астанамыздың орталық көшелерінің бірі академик Бараевтың есімімен аталады.

Біз сондай-ақ егістіктерді өңдеу мен дән өндірудің қандайлық қиынға түскенін де ұмытпаймыз. Дикандар өз өнімінің қожайыны саналмады. Оның бағасы өзіндік құнынан әлдеқайда төмен болды. Егін жинау қысылтаяң әдіспен, орасан зор техника мен экономиканың мүлдем басқа салаларынан адамдар қатыстыру жолымен жүргізілді. Бұл басқарудың өте шығынды әдістері еді, сондықтан да өзін-өзі ақтамады.

Тыңның тағы бір елеулі проблемасы көптеген астық шаруашылықтарының шығыны төмен жерлерде құрылуы болды.

Ондай шаруашылықтар ұзақ уақыт залалды болып, мемлекет дотациясы есебінен күн көрді. Базарға көшу барысында банкротқа алдымен солар ұшырады. Сол кезеңнен мұра болып, бізге болашағы жоқ және депрессиялық елді мекендер қалды.

Халықты байыпты орналастырмаудың салдарынан жаңа мыңжылдықтың алғашқы 2 жылында республикада 300-дей елді мекен өзінен-өзі жабылды. Бүгінде әкімшілік анықтамаларында тұрғындар қалмаған деуге болатын 136 ауыл әлі тізімде. Өткеннің осынау кателіктері үшін қазірге дейін біздің жауап беруімізге тура келіп тұр.

Бүгінде тың және тыңайған жерлерді игерудің орынды-орынсыздығы туралы әртүрлі көзқарастар бар. Бірақ акцияның ауқымы мен жалпы мәні қашанда ескерілуге тиіс. Орын алған кемшіліктер мен ағаттықтар бүгінде тың игеру арқасында біздің ел ие болып

отырған табыстар мен артықшылықтардың мәнін көлегейлемей үшiн көзқарастың кеңдiгi қажет. Жеке-леген мәртебелi бастықтардың қателiктерi мыңдаған қарапайым адамдардың ұлы еңбегiнiң қорытындысын бүркеп тастай алмайды.

Тың игеру орынды қадам болғанын уақыт көрсеттi. Қазақстанның астықты аймағы елдi астықпен толық қамтамасыз етiп қана қоймады, республиканы әлемдiк дән экспорттаушыларының ондығына жеткiздi.

Бiздiң ел бүгiнде әлемнiң 40 мемлекетiне жоғары сапалы дән жөнелтедi. Астық молдығы Қазақстанның мұқтаж елдерге азық-түлiк жағынан көмек көрсетуiне мүмкiндiк бередi.

Мәселен, өткен жылы бiз Ауғанстанға, сәл бұрын Тәжiкстанға көмектестiк, биыл көмек Иракқа көрсетiледi.

Бүгiнде қазақстандық астық экспортының географиясы Еуроодақ, Азия, Таяу Шығыс және Африка елдерiн қамтиды. Бiрақ ең бастысы – Қазақстан дәнi бұрынғысынша ТМД-ның дәстүрлi базарларының тұрақтандырушы факторы күйiнде қалып отыр.

Бұл бiр жағынан, тың игерудiң пайдасын айғақтайды, екiншi жағынан – бiздiң ауыл шаруашылығын қалпына келтiруге қаншама күш пен қаражат жұмсауға тура келгенiн бiлдiредi.

КСРО ыдырағаннан кейiн ауыл аса ауыр жағдайда болды, қарызға белшесiнен батқан шаруашылықтар банкроттықтан басқаны бiлмедi. Жаңа заманда ша-

руашылықты бұрынғы даңқ шуағымен, бұрынғы әдістермен басқару мүмкін болмай шықты.

Тұп-тура 10 жыл бұрын нақ осы залда мен ұжым-шар-кеңшар жүйесі ескірді, оны жою керек дегенмін. Ол кезде мені қолдағандар аз болды. Бірақ уақыттың өзі оның дұрыс қадам болғанын көрсетті. Шаруашылық жүргізудің бұрынғы әдістерінен бас тартып, біз ауыл шаруашылығымызды қалпына келтіре алдық.

Біз агроөнеркәсіптік кешеннің заңдық базасын жасап, нығайту жөнінде орасан жұмыс тындырдық. Қазір жер және су қатынастарының, орман шаруашылығының, тұқым шаруашылығының, өсімдіктерді қорғаудың, мал дәрігерлігінің, асыл тұқымды мал шаруашылығының, дән базарының мәселелері толығымен реттелді.

Бізде жердің нақты қожайыны – шаруа пайда болды. Бүгінде ауылшаруашылық құрылымдарының 99 %-ы жеке меншікте. Бұл ауыл шаруашылығына инвестиция келімін ұлғайтуға, өндірісті тұрақтандыруға және саланың қаржылық ахуалын нығайтуға мүмкіндік берді.

Біз ауылды 1 млрд доллардан астам қарыздан босатып, шаруаларға жол аштық. Фермерлік еңсесін тіктеп үлгерді, өзіне ең осы замандық техниканы ала алады, сырттан көмек шақырмай-ақ өз шаруашылығын ұстап, нақты пайда таба алады.

Реформаның қиын жылдарынан өтіп, бүгінде, бейнелеп айтсақ, ауыл жаңа тыңның табалдырығында тұр. Бұған ауылды дамытудың жария етілген

3 жылдығы, сондай-ақ екі мемлекеттік бағдарламаны – агрозық-түліктік және ауылды аумақтардан дамыту бағдарламаларын іске асыру септеседі.

Жерге жеке меншікті ендіру арқасында ауыл күні ертең-ақ барынша базарлы және жаңғыртылған әрі инвестиция жұмсауға ұтымды салаға айналады.

Ауылды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының бірінші жылында республикалық бюджеттен 55 млрд-тай теңге бөлінді. Ал 2004 жылы 70 млрд теңгедей қаржы бөлінеді. 2005 жылы да бюджеттік ассигнациялауды өсіру көзделіп отыр.

Бұған қоса ауыл шаруашылығы жеңілдікті салық есебінен жанама дотация алады.

Тек өткен жылдың өзінде шаруа қожалықтары жаңаша үлгідегі 1356 астық комбайндарын сатып алды.

Ойлап қараңыздар, біз агрозық-түліктік бағдарламаны іске асырудың 3 жылында 50 мыңға жуық жұмыс орнын жасаймыз деп жоспарлаған едік, тек ауылды қолдаудың алғашқы жылының өзінде 110 мыңнан астам сондай орындар жасалды.

Ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігі 22 %-ға жетті, мұның өзі ауылдықтардың тұрмыс деңгейін едәуір арттырды.

Биыл ауылдарда 93 білім беру, 97 денсаулық сақтау, 251 ауыз су нысаны салынады. Бірнеше жыл бұрын біз мұны армандай да алмайтын едік.

Саланың қаржылық тұрғыдан сауығуының, бәсекеге қабілеттіліктің өсуінің және менеджмент сапасы

артуының айғағы – аса ірі батыс банкілерінің қазақстандық дән компанияларына сенімі.

Атап айтқанда, өткен жылы тұңғыш рет еуропалық банкілер біздің Азық-түлік келісім-шарт корпорациясына 85 млрд доллар көлемінде синдикаттық қарыз берді.

Нақ аграрлық секторда базарлық экономика негіздерін құру арқасында ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігі жылма-жыл артып келеді. Алдымызда ауылшаруашылық өнімдерін ұқсату, көтерме сауданы дамыту, халықаралық стандарттарды ендіру істерінде елеулі ілгерілеу міндеті тұр.

Бізге ТМД елдерінің ортақ аграрлық базарын қалыптастыру жөніндегі жұмысты белсенді жүргізу қажет.

Тың игерушілер, барлық қазақстандықтар сол алыста қалған жылдары Қазақстанның орасан зор индустриялық, аграрлық және ғылыми әлуетін ғана жасап қойған жоқ. Сіздер бүгінде егемен мемлекеттің салынып жатқан іргетасын құйдыңыздар. Ұлттар мен халықтар арасындағы нағыз достық нақ сол кезде негізделді. Бүгінгі ұрпақтың парызы – достық пен бауырластықтың осынау қасиетті сезімін сақтап, ұрпақтарымызға жеткізу.

Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау арқасында Қазақстан этностық және діни жанжалдардан аулақ тұра алды, елдің қарышты дамуы үшін жағдай жасады.

Қазақстан бүкіл әлемге ауқымды экономикалық және саяси мәселелерді шешуге қабілеттілігін тиімді көрсетіп отыр.

Барлық ресурстарды жұмылдыру арқасында ТМД-да алғашқылардың бірі болып экономикада, саяси және әлеуметтік өрістерде бірлесе ойдағыдай реформалар жүргізудің сәті түсті.

Бұл макроэкономикалық тұрақтылыққа және ішкі жалпы өнімнің орнықты өсуіне жетуге мүмкіндік берді, бұлардың соңғысы соңғы 5 жыл ішінде 53,3 % өсті.

Айқай-шусыз, жеңісті дақпыртсыз-ақ біздің диқандар тың егістігінен жыл сайын 12–15 млн тонна дән жинайды.

Миллиард пұт дән алу дәстүрге айналып келеді әрі оған асығып-аптықпай-ақ қол жетуде. Экспорт көлемі жылына 4–5 млн тонна деңгейінде тұрақтады.

Дән өндірісінің әлеуеті қазірдің өзінде 16–17 млн гектарға тұқым сеуіп, жалпы өнімді 20 млн тоннаға жеткізуге мүмкіндік береді.

Ауылдағы негізгі дағдарыс құбылыстары едәуір дәрежеде еңсерілгенімен, алдымызда агроөнеркәсіптік кешеннің барлық бағыттары бойынша көптеген шаруа бар.

Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына кірудің табалдырығында тұрмыз. Бір жағынан, бізге шетелдік базарлар есігі ашылатыны жақсы, екінші жағынан импорттық өнімнің зор ағысы лап қояды. Және оның айтарлықтай бөлігі нақ ауылшаруашылық өнімі, әрі оның сапасы жоғары, орамы тамаша болады. Бұл тауар өндірушілеріміз үшін елеулі сынақ. Сондықтан біз егістік өнімділігін, дән сапасын, ондағы қамырлылық

деңгейін арттыруға тиіспіз. Біз кезінде Қазақстанның оңтүстігін даңққа бөлеген миуалы бағбандық пен жүзім шаруашылығын қалпына келтіруге тиіспіз. Гүл өсіруді дамыту керек, ол Голландиядағыдай сүбелі пайда бере алады. Ең бастысы – өнім сапасын қамдау.

Қазақстандықтардың қазіргі ұрпағы, өз кезінде әкелері мен аталары істегендей, алға қойылған міндеттерді абыроймен атқарады деп ойлаймын.

Қымбатты достар!

Тыңды игеру – аға ұрпақтың, көптеген бауырлас халықтар өкілдерінің ерен ерлігі. Және осынау күндерде біз бірде-бір тың ардагерін ұмытпауға тиіспіз.

Тың игеруге, еліміздің ауыл шаруашылығын көтеруге қатысқан барлық адамдардың еңбегін атап өту қажет. Бұл тың игерушілер ұрпағы алдындағы біздің адами борышымыз.

Сіздердің барлығыңызды, барлық қазақстандықтарды және, бірінші кезекте, тың ардагерлерін тың және тыңайған жерлерді игере бастаудың жарты ғасырлық мүшел тойымен құттықтағым келеді!

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт және молшылық тілеймін!

**«Отан» Республикалық саяси партиясының
кезектен тыс VI съезінде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 12 наурыз

Құрметті съезд делегаттары!

Осы күндері «Отан» партиясы алғашқы мерейтойын атап өтуде. 5 жыл бұрын ел басшылығының экономикалық және саяси бағытын тікелей және ашық қолдау мақсатымен Президенттің жақтастарын біріктірген құрылтай съезі болып өткен еді. Партия бүгінде өз қызметінде осы бағытқа адалдығын танытып қалып отыр.

Осы 5 жыл бедерінде нақ «Отан» 1999 жылғы Парламент және 2013 жылғы мәслихаттар сайлауларында айқын жеңіске жетіп, еліміздегі ең бұқаралық және ықпалды саяси күшке айналды. Бұл Қазақстанның

300 мыңнан астам азаматын біріктіретін еліміздегі ең көп санды партия болып табылады. Бүгінде еліміздің барлық облыстарында партия филиалдары, 8 мыңнан астам бастауыш және 200-ден астам аудандық ұйымдар жұмыс істейді. Бұл – еліміздің басқа ешбір саяси партиясы қол жеткізе алмаған аса зор ұйымдастырушылық әлеует.

Мен осы жылдардың бәрінде де «Отан» Президенттің аса дәйекті жақтасы болып келгенін және болып қалып отырғанын ерекше атап өтуге тиіспін. Және бүгінгі «Отанның» 5 жылдығы күндерінде мен өзімнің ризашылығымды білдіргім келеді.

1999 жылы партия құрылған кезде жағдай күрделі еді. Ел Азия қаржы дағдарысының салдарын басынан өткеріп жатты. Қазақстан мұнайдың, қорғасынның, мырыштың, алюминийдің әлемдік бағасының төмендеуінен шығынға батты. Дағдарыс кейбір көрші елдердің қаржы жүйесіндегі құлдырауларға соқтырды. Сол сәтте Қазақстанның көптеген кәсіпорындарына банкроттықтың қатері төнді.

Сыртқы шептерде де айтарлықтай қауіпті жағдайлар қалыптасты. Орталық Азия мемлекеттерінің аумақтық тұтастығы халықаралық терроршылардың оңтүстіктен жасаған тікелей шабуылдарынан сынаққа ұшырады. Көптеген адам құрбандықтары болды. Тұтас-тай алғанда, өңір үрейлі қарсаңда тұрды.

Біз өткен онжылдықтың соңындағы еңбекақы мен зейнетақы төлеудің ұзаққа кешіктірілуі қоғамда айтарлықтай әлеуметтік қысымды ахуал туындатқанын ашық айтуға тиіспіз.

Қоғамдағы әлеуметтік наразылықтар деңгейі зор еді.

Нақ осы жағдайларда мемлекет басшысының ішкі және сыртқы саясатын қолдайтындарын ашық мәлімдеген ондаған мың адамның партия аясында бірігуі өзінің тұрақтандырушы рөлін атқарды. «Отан» партиясы ел басшылығының тұрақты макроэкономикалық жағдайды сақтау, отандық өндірісшілерді қорғау, салық саласында тәртіп орнату шараларына қолдау білдірді. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы бір мезгілде сіздердің де ұзақ мерзімді партиялық бағдарламаларыңыз болды.

Бүгінде экономикадағы жағдай сапалы тұрғыдан өзгерді. Тек соңғы 5 жылдың ішінде ІЖӨ-нің өсімі 53-тен астам %-ды құрады. 5 жылда жалақы 2 есе өссе, жұмыссыздық деңгейі 2 есе азайды. Тек 2003 жылы халықтың еңбекпен қамтылған бөлігі 400 мың адамға көбейді. 2004 жылдың қаңтарынан мемлекеттік аппарат қызметкерлері мен әскери қызметшілердің жалақысы 50 %-ға жоғарылатылды. Оның үстіне, салықтар азайтылды.

5 жыл бұрын мұндайға сенудің өзі қиын еді. «Отанның» саяси қолдауы реформалар табыстылығының маңызды элементтерінің бірі болды. Сондықтан ел дамуының табыстылығы партияның да табысы болып табылады.

«Отан» партиясы ауылды қайта түлету бағдарламасын іске асыру жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмысқа белсене кірісті. Бүгінде ол

Қазақстанның әрбір ауылдық ауданында өзінің бастауыш ұйымдары бар жалғыз саяси партия. Бір саяси күштер кедейлер үні, енді біреулері байлар үні болуға тырысқан кезде, «Отан» партиясы бүкіл Қазақстанның көп ұлтты халқының партиясына айнала алды. Ол тұрақтылық, халықтар теңдігі, экономиканың ортақ өсімі – халықтың барлық жіктері ұтатын нәрсе екенін түсіне білді.

Партияның заң шығарушы қызметін ерекше атап өтемін. «Отан» – кәсіби мамандар партиясы. Ол Парламент пен мәслихаттарда кәсіби депутаттардың тұтас бір шоғырын қалыптастырды. Екінші сайланған парламентарийлердің өзі ғана, ал олардың көбі «Отан» партиясының өкілдері, жыл сайын ондаған принципті заңдық актілерді қабылдай алды. Экономиканың дамуына, мемлекет қауіпсіздігін нығайтуға, қауіпсіздігін нығайтуға, халықты әлеуметтік қорғауға нақ осы заң шығарушылық арқау жәрдемдеседі.

«Отанның» өткен жылдың күзінде мәслихаттар сайлауындағы табысы өңірлердегі халықтың мүдделерін партия жолымен қорғау үшін нақты арқау жасады. Шағын да болса өте сипатты мынадай штрих келтірейін. Өткен жылы Қазақстанның оңтүстігінде болған жер сілкінісінен кейін нақ «Отан» партиясы ел Үкіметімен бірге елеулі жұмыс жүргізіп, мыңдаған адамдарға нақты көмек көрсетті. Сайлаушының қолдауына сүйенгісі келетін саяси партия жұрт үшін пайдалы нақ сондай нақты да пайдалы істермен айналысуға тиіс.

Біз Қазақстанды дамытудың жаңа белесінің табалдырығында тұрмыз. Бірақ жаңа міндеттерді ортаға салудан бұрын, біз партиялық үдерістердің даму қисынын анық түсініп алуға тиіспіз. Бұл арада көптеген жалған таптаурындылықтар мен алыпсатарлық қордаланып қалды.

Бірінші қателік мынада: қазіргі саяси жүйені қолдайтын, қуатты партияның болуы демократияның жоқтығының нышаны-мыс. Ондай жағдайда екі партиялылыққа немесе тіпті әбден-ақ демократиялық елдерді ондаған жылдар бойы билейтін бір басым партияның болуына негізделген орнықты саяси жүйелерді қалай деп пайымдаған жөн. Кімде-кім бұған күмән келтіретін болса, Жапония тәжірибесіне қарау жеткілікті, II дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң онда 1993 жылға дейін бір партия іс жүзінде жарты ғасыр биледі. Гүлденген Сингапур мен Малайзияда ондаған жылдар бойы бір партия жеңіп келді. Немесе көз алдымызда қалыптасып келе жатқан Ресей тәжірибесін алыңыз. Немесе жүздеген жылдар бойы екі партиялық жүйеге төзіп келе жатқан қуатты ағылшын-саксон демократиясы тәжірибесін алыңыз. Бұл орайда екі партия да орын алып отырған саяси құрылыстың негізіне күмән келтірмейді. Ұлыбританияда да немесе АҚШ-та да дауыстың 90 %-ын жинайтын екі қуатты партия, яғни тіпті Жапонияда ешқандай ауысымсыз жарты ғасыр билеп, елді жаңғыртуда тарихи ілгерілеу жасаған бір партия демократияға қатер төндіреді деген мифті кім, қашан ойлап тапты екен? Тағы бір қайталайын, сол партиялар өз

елдерінің саяси құрылысының негіздеріне ешқашан күмән келтірмеген.

Екінші жалған жаңсақтық дамыған демократиялық елдерде радикал оппозиция елеулі ықпалға ие деген пікір. Демократиялық елдердің соңғы жарты ғасырдағы саяси тәжірибесі бір таңғаларлық белгіні көрсетеді. Сол елдер халықтарының басым көпшілігі партияларды қолда бар саяси жүйені қиратудың құралы емес, соны жетілдірудің құралы ретінде деп біледі.

Бұл – билеуші де, оппозициядағы да партияларға бірдей қатысты басы ашық ақиқат. Саяси жүйенің негіздерін жақтырмайтын радикал партиялар жол шетіне сөзсіз ығыстырылады немесе олардың өзі саяси нақтылыққа бейімделеді.

Еуропадағы солшыл қозғалыстардың тағдыры ерекше тағылым. Іс жүзінде барлық ықпалды солшыл қозғалыстар социал-демократиялық қозғалыстарға айналуға, сөйтіп радикал ұрандарын алып тастауға мәжбүр болды. Бұлай болатыны, барлық радикалдық немесе революциялық өзгерістер көбіне-көп жағдайда қантөгіске, бауырлар қырғынына, стагнацияға апарып соқтырды, халықтарды зұлматтарға киеліктірді. Мұны біздің ата-бабаларымыз да бастан толық кешті. Экономика мен саясаттағы прогреске қарай эволюциялық қозғалыс – өркениетке халықтар таңдаған жол осы. Радикал оппозиция біздің өткен тарихымыздың фактісіне айналуы әлдекімнің зұлым ойының нәтижесі емес. Ол Қазақстан саяси жүйесінің тұрақталуының нышаны.

Үшіншіден, біздің бірнеше байыпты саяси партия құру бағдарымыз бір ғана нәрсені – нақты бәсекелестікті дамыту деген сөз. Тіркеуден бір яки екі партия ғана өте алады деген түнекті болжамдар қанша болды деңіз? Сол түнекті болжамдар қайда? Бүгінге дейін-ақ ол кедергіден 9 партия өтті. Біз әлдекімнің ұсынысымен партиялар санын жасауды көбейтпейміз, өйткені бұл табиғи үдеріс деп білеміз. Әңгіме басқада – Қазақстанда партиялардың қалыптасу үдерісі мүлдем өркениетті амалмен және нағыз партияларды қалыптастыру жолымен алға ұзап кеткен елдердегі нақты жағдайды ескере отырып жүріп келеді. Мұны, атап айтқанда, Еуропа парламентінің Қазақстанмен байланысты күшейту жолын жауапты комиссия басшылығы менің атыма жеке жіберілген жолдау хатында Қазақстанның Үкіметі мен Парламенті осы заманғы демократиялық мемлекеттің іргелі құндылықтары жолында нақты қадамдар жасауда деп атап көрсетілген.

Төртінші теріс пікір партиялы саяси жүйе, соның ішінде Парламенттегі көп партиялы өкілдік барлық сұмдықтардан аман сақтайтын қорғаныш дегенге саяды. Осы заманғы әлемде, бері салғанда үш әбден сыннан өткен бейтоталитарлық сипаттағы партиялық өкілдік бар. Бұл барлық деңгейлерде үстем бір партиясы бар көп партиялы жүйе, бұл кез келген үшінші партияның елеулі рөлін іс жүзінде жоққа шығаратын екі партиялы жүйелер, бұл, ақыр соңында, партиялар блоктары ерекше рөл атқаратын көп партиялар жүйесі.

Қазақстанда, кейбір саясаткерлер ұсынатындай, толып жатқан партиялары бар парламенттік республика құру біздің ел үшін қауіпті болар еді. Орныксыз коалициялар, парламентті немесе үкіметті үнемі таратып жіберіп отыру – мұндайға қаз тұрып келе жатқан біздің жас мемлекет емес, қуатты, қалыптасқан экономикалар ғана төтеп бере алады. Мұның үстіне, саяси эксперименттер әуесқойларының әлемнің осынау күрделі өңірінде көп этносты елдердегі саяси үдерістердің ерекшелігі туралы ұмытпағаны артық болмас еді.

Қысқасын айтқанда, әлемде партиялық құрылыстың әмбебап біртұтас үлгісі жоқ. Әртүрлі баламалар бар және олардың бәрі де демократиялық нұсқалар. Әрбір ел саяси дәстүрлерге, әлеуметтік құрылымға, партияның қаншалықты дамығандығына сүйеніп қай баламаны таңдауды өзі анықтап алады. Қазақстанға да өзінің ішкі ұлттық мүдделеріне және объективті факторларға сүйеніп, сол баламалар арасынан таңдау жасау қажет.

Ақыр соңында, демократиялық елдердің саяси өмірінде либералдың тұрақты басымдығы туралы тезисті алайық. Іс жүзіне келсек, біз бірқатар демократиялық елдерде бүгін өкімет басында консерваторлар отырғанын, енді бір жерлерде социал-демократтардың, тағы бір тұста либералдық саяси теориялардың жақтастары үстем екенін көреміз. Ол ол ма, осыдан 15–20 жыл бұрын батыс әлемінде жаңа оңшылдардың салтанат құрғанын да көрдік. Біз өткен онжылдықта

либералдардың табысын және социал-демократтардың үшінші жолды іздестіруін көрдік. Біз бүгін бірқатар елдерде консервативті элементтердің күшейгенін көріп отырмыз. Біз тіпті орасан дүниені алып та отырған жоқпыз, ол дүние – Азияның, Африканың, Оңтүстік Американың орасан бөлігі, онда адамзаттың көп бөлігі тұрады және либерализм идеялары онда әзірге әрең-әрең қабылданады.

Бұл Қазақстан либерализмді қабылдамайды деген сөз емес. Либералдық конструкцияның көптеген белгілері Қазақстанда шындыққа айналды. Мәселе сол тұғырнаманы мінсіз деп мінездемей-ақ, оны нақты өмірмен ұштастыруда. Мұны бізге тек парасатты ой қисыны ғана емес, елдердің көбінің тәжірибесін, соның ішінде либералдар билікте отырған елдердің де тәжірибесін зерттеп білу де айтады.

Саяси мифология нақты әлеуметтік және саяси проблемалардың орнына мәні жалған мәселелерді таңатындығымен қауіпті. Әрине, ерте ме, кеш пе сол мифтердің ойдан шығарылғаны баршаға айдан анық болады, бірақ, Қазақстанда саяси партияларды дамыта отырып, біз жаңадан ғана қалыптасып келе жатқан қоғамның осы заманғы тұрпатында мүдделердің түбегейлі түрде қақтығысына жол бермеуіміз керек. Бұл кедейлердің де, байлардың да, ортақ таптың да мүдделеріне сай келмейді. Бизнесмендердің дәулетті және қорғалатын қатпарынсыз біз кедейлікті еңсере алмаймыз, елді көтере алмаймыз.

Байлардан тартып алып, кедейлерді бай ете алмаймыз. Мұның бәрін біздің әкелеріміз бен бабаларымыз көрудей көрген.

Осынау мифологияның бәрінен бас тартсақ, Қазақстанда партиялардың бұдан былайғы дамуы қарапайым қисынға бағынатын болады.

Біріншіден, орта мерзімді практикада қазіргі партиялар іріленетін болады. Заң бойынша тіркелу үшін қажет талаптардан өткен партиялар, өз қызметін әбден-ақ жария түрде жүргізетін болады. Бірақ әңгіме шынында да, жалпыұлттық, бұқаралық электораттың нақты қолдауына ие, парламенттік фракциялар, қоғамға елеулі ықпалы бар партиялар туралы болып отыр. Заң жүзіндегі партиялар бар да, іс жүзіндегі партиялар бар. Әңгіме жай ғана тіркелу жөніндегі талаптарды орындайтын емес, әлеуметтік қолдауға сүйенетін бұқаралық екінші тұрпаттағы партиялар туралы болып отыр.

Екіншіден, бүгінде уақыттық көкжиектерді анықтап айту қиын, бірақ ортақ үрдіс онсыз да айдан анық – Қазақстанда блоктық партиялар жүйесін қалыптастыру бағытында болмақ. Бұл партиялардың өздерінің мүдделеріне сай келеді. Бүгінде әртүрлі себептер пәрменімен, ең алдымен, Парламент сайлауы алдында өздерінің идеологиялық басымдықтарын, электораттық тауашаларды тапқысы келетін жас партиялардың даму мүдделері тұрғысынан олардың әрқайсысы дербес жұмысқа бағдарланған. Алайда 2009 жылғы парламент сайлауы, әрине, өзге сұлба бойынша – қуатты

топтасқан блоктар негізінде өтеді. Бұл партиялардың барлық түрлеріне қатысты. Міне, сол кезде біз саяси реформалардың уақыт пен тарих талап еткен жаңа белесі туралы айта аламыз. Сол кезде байыпты партиялық блоктардың әлеуметтік арқауы мен саяси әлпеті де айқын болады.

Үшіншіден, Қазақстанда саяси радикализм бірте-бірте өзінің әлеуметтік негізінен айрылуда. Бұл тұрмыс деңгейінің артуына және әлеуметтік қарсылық деңгейінің төмендеуіне ғана байланысты емес. Бұл қоғамда байыпты саяси топтардың пайда болуына да байланысты, оларға орын алып отырған саяси жүйені жетілдіру саяси құрылысты түбегейлі өзгерту әрекеттерінен әлдеқайда маңызды. Оппозиция мен саяси радикализм арасында теңдік белгісін қоюға болмайды. Демократиялық дамудан дәмететін кез келген саяси жүйеде, оппозиция міндетті түрде болған жөн.

Қазіргі Қазақстанда оппозициялық партиялардың болуы қоғамның есен-сау дамуының нышаны.

Төртіншіден, партиялық жұмыстың басты бағыты өңірлерге ойысып барады. Әрі бұл үдеріс бірқатар себептермен күшейе түседі. Бұл арадағы ең маңыздысы орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту үдерісі.

Бесіншіден, болашақ парламенттегі парламенттік фракциялардың рөлі өте маңызды. Фракциялық қызметтің жинақталған тәжірибесі, оның бүкіл оңды мәніне қарамастан, әзірге жаңа міндеттерді шешуге жеткіліксіз. Фракциялық плюрализм Қазақстан пар-

ламентіне қажет, және бұл өзге модель қаншалық ұнамды болса да, қағидатты түрде ұстанатын сенім.

Сайып келгенде, біз қолданыстағы Конституция талаптарын мүлтіксіз сақтауымыз, сөйтіп ұлтшыл және діни идеологияға құрылған партияларға қатаң бөгет қоюымыз керек. Мемлекеттің бұл жөніндегі тұрғысы берік және бұл жөнінде ешқандай былқ-сылқ ету болмауға тиіс.

Қазақстанда партияларды дамыту – біздің ел тартылған ортақ үдерістердің бір бөлігі ғана. Еліміз қол жеткізген табыстар тоқмейілсуге жол бермейді. Мен мұны әрқашан атап көрсетіп келемін. Алдымызда бұрынғылардан да ауқымды міндеттер тұр. Олардың ең бастысы – экономиканы дамытудың оң серпінін нықтау.

Біз ғаламат, дегенмен нақты мақсатты – жалпы ұлттық өнімнің көлемін 2010 жылға қарай 2000 жылғы деңгейден 2 есе, ал 5 жылдан кейін тағы 3,5 есе ұлғайту міндетін алға қойдық. Осы мақсатты көздеп, бізге ең алдымен экономиканың жеке меншіктік секторын, шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға қолайлы жағдай жасау қажет.

Ауыл шаруашылығында агробизнестің тиімді әрі бәсекелестік жүйесін қалыптастыру міндетін шешу, егін шаруашылығының дамуын, ауылшаруашылық техникасы өндірісін ынталандыру шараларын іске асыру қажет.

Ауылды аймақтарды дамыту мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін орындау ауыл тұрмысын

жақсартудың қалыпты жағдайларын жасауға жетелейді. Мемлекет ауылда білім беруге, денсаулық сақтауға, әлеуметтік-мәдениет нысандарына қаржы бөлуді өсіре береді.

Экономиканың өсуі қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік жасайды.

Бұл – мемлекеттің таяу жылдарға арналған әлеуметтік саясатының басты басымдығы. Биылдан бастап, зейнетақылардың, ең төмен жалақылардың мөлшері инфляция деңгейімен салыстыра түзетіліп, жүйелі түрде индекстелетін болады.

Халықтың кең қабаттарын сапалы баспанамен, медициналық қызмет көрсетумен, осы заманғы біліммен қамтамасыз ету – маңызды міндет.

Осынау міндеттерді дәйекті шеше отырып, біз Қазақстанды күшті әлеуметтік мемлекет ететіндігімізге кәміл сенемін. Осынау мақсаттар мен міндеттер «Отан» партиясының да бағдарламасы. Мұны іске асырудағы сіздердің белсенді қызметіңіз өте маңызды.

Саясат саласында бізде реформалардың дәйекті бағдарламасы бар, мен оны 2003 жылғы халыққа Жолдауымда жарияладым. Көп нәрсе әлден іске асырылып жатыр.

Мәселен, биылдан бастап басқарудың орталық және жергілікті органдарының арасында өкілеттіктер мен қаржы ресурстарын бөлу жөніндегі жұмыс басталды. Ауылдық округтар, шағын қалалар, кенттер бюджеттерін қалыптастыру жүріп жатыр. Бұл тиімді жергілікті өзін-өзі басқаруды жасау, жергілікті атқарушы

органдар басшыларын сайлау жағына қарай жасалған нақты қадам.

Сайлау жүйесі сапалы өзгертіліп келеді. Таяу уақытта Парламент сайлау туралы жаңа заң қабылдайды. Жаңа заң партиялардың сайлау үдерісіне қатысуын кеңейтеді. Оларға тұңғыш рет Парламент депутаттығына кандидаттар ұсынудың ерекше құқығы беріледі. Сайлау комиссиялары саяси партиялар өкілдерінен қалыптастырылып, партиялар сайлау үдерісінің мөлдірлігіне сенімді бақылау құралына ие болады. Бұл, сөз жоқ, партиялық жүйедегі сапалық өзгеріске, қоғамның саяси өмірінде партиялар рөлі мен нақты бәсекелестікті арттыруға септесетін болады.

Партиялық жүйені жетілдіру, өз кезегінде, кәсіби мамандықты арттыруға мүмкіндік береді. Ал бұл олардың рөлі мен маңызы арта түседі деген сөз.

Таяу уақытта Қазақстанда азаматтық қоғам дамуының көкжиектерін кеңейте түсетін басқа маңызды заңдар қабылдануға тиісті. Демократияны дамыту деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы.

Осыған байланысты қоғам алдында партиялар мен кәсіподақтардың, құқық қорғайтын бейресми ұйымдардың, адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының қатысуымен адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін жасау міндеті тұр.

Қазақстанның адам құқықтары туралы халықаралық пактілерге қосылуы бізді осынау жұмысты белсенді ете түсуге міндеттейді.

«Отан» партиясы сайлауларда өзінің ықпалын дәлелдеп үлгерді. Бұл партияның нақты күштінің көрсеткіші. Алайда алдағы сайлау елеулі күш жұмылдыруды талап етеді.

Партияның барлық ресурстары партиялық тізімдер бойынша да, бір мандатты округтерде де жеңіске жетуге бағытталуы тиіс.

Әрбір «отаншыл» қазақстандық қоғам соңғы жылдары жеткен табыстардың беріктігі мен алған беттен қайтпауы сайлау нәтижелеріне тәуелді екенін түсініп алуға тиіс. «Отан» қатарын кадрлық тұрғыдан байыпты нығайту қажет.

Өңірлік деңгейде «Отанды» қоғамда белгілі әрі беделді адамдар басқаруға тиіс. Олар партия бағдарламасын өмірге айналдырудың басты жүргізушілері болады.

Басқа бір мәселе партиялық тәртіппен байланысты. Алдымызда елеулі парламенттік сайлау тұр. Ертең былай болмасын: бір партиядан сайланады, сайлау кезінде оның нұсқауларын қорғайды, ал сайлаудан кейін өзге саяси тұғыр ұстанады. Немесе басқа партияларға ауысады. Ондайлардың «Отанға» керегі жоқ. Фракциялық тәртіп болашақ Парламентте бос сөз емес, нақты іске айналуға тиіс. Бұл мәслихаттардағы «Отан» өкілдеріне де қатысты. Партия басшылығына ахуалды қатаң бақылауға алу қажет. «Отанның» электорат жинау жөніндегі

науқанындағы ортақ стратегиясы анық, ол – біз экономикалық, әлеуметтік және саяси салада таяу жылдарға арнаған міндеттерді қолдау, олар туралы мен әлгінде айттым.

Біріншіден, елдегі ұлтаралық татулық мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысымен ғана нығайтылмауға тиіс. Өртүрлі ұлттық топтардың өкілдері Парламентте және мемлекеттік қызметтің барлық деңгейлерінде болуға тиіс. Бұл көбіне көп «Отан» секілді жалпыұлттық партияның міндеті. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы мен «Отан» сайлаушыларды тарту кезеңіндегі ынтымақтастықтың нақты тетігін салмақтап алуға тиіс.

Екіншіден, шағын және орта бизнесті «Отан» тарапынан қолдау солардың өкілдерін партиялық қорғаудың саяси тетігін құруға негізделуі тиіс.

Үшіншіден, денсаулық сақтау, білім беруді дамыту, халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі барлық бағдарламалар бақылауда болуға тиіс.

Төртіншіден, біз ірі ауқымды «Мәдени мұра» бағдарламасын бастадық. Мұндай тұтас бағдарламаның жоқтығы, біз салыстырып әдеттенгендей, бүгінде тек ТМД-да ғана жоқ емес. Ондай бағдарлама әлемде жоқ. Елдің шынайы отаншылдарын біріктіретін «Отан» да оны ұлттық та, өңірлік те деңгейлерде іске асыруға белсене қатысуға тиіс.

Қазақстан бизнесіне Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау қорының қызметіне байыпты да тұрақты қатысып, әлеуметтік кәметтік пен жауапкершілік көрсететін уақыт жетті деп білемін. «Отан» партиясы

осы жұмыстың қоғамдық ұйымдастырушысы бола алар еді.

Сайып келгенде, біз алдағы парламенттік сайлау – саяси жобаларымыздың беріктігіне емтихан екенін ескеруге тиіспіз. Қоғам үшін маңызды демократия емтиханының қаншалықты ойдағыдай болатыны көп жағынан елдегі ең ірі және ықпалды «Отан» партиясына қатысты. Сіздер Сайлау кезіндегі саяси бәсекелестіктің негізгі принциптері туралы хартияның бастамашыларының бірісіздер.

Сол бастаманы барынша қолдаймын. «Отан» партиясы басқа саяси партияларға үлгі болуға, сайлау алдындағы науқанды ашық та адал жүргізуге тиіс.

Демократиялық қоғамда партия кемінде екі сайлау науқаны ойдағыдай өткізілгенде ғана нақты күш ретінде бекемделеді. «Отан» партиясы сайлауларда екі рет жеңіске жетті, қазақстандық сайлаушылар көпшілігінің сеніміне екі рет ие болып үлгерді.

Партия алдағы парламент сайлауында да лайықты көріне алады деп білемін.

**Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін,
бәсекеге қабілетті экономика үшін,
бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» атты
Қазақстан халқына**

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2004 жылғы 19 наурыз

Қымбатты қазақстандықтар!

Өткен жыл ұлттық экономикамызды дамыту тұрғысында сенімімізді нықтап, үмітімізді ұштай түсті. Соңғы 4 жылда ішкі жалпы өнімнің жиынтық өсімі 50 %-ға жуық артты. Наурыз айының басында «Дейли телеграф» ықпалды басылымы «Оксфорд аналитика» британ компаниясының экономикалық талдауын жариялаған еді, онда Қазақстан транзитті

экономикасы бар мемлекеттердің арасында аршынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде аталып, биылғы жылы да осындай көшбасшы тұғырын сақтап қалатыны жайында болжам жасалған екен.

2003 жыл Индустриялық-инновациялық стратегиямызды іске асырудың алғашқы жылы болды. Елімізде даму институттары құрылып, олар қазірдің өзінде өңдеуші салаларды жаңғыртуға нақтылы ықпал жасай бастады. Даму банкі 20 инвестициялық жобаға жарты миллиард доллардан астам соманың кредитін бөліп отыр. Инновациялық қор еліміздегі алғашқы ғарыштық Жер серігінің жасалуын қаржыландыруды қолға алды. Өткен жылы 5 мұнай-химия кәсіпорнының жұмысы қалпына келтірілді. Балқашта мырыш, Атырауда полиэтилен құбырларын шығаратын зауыттар, Каспий теңізіндегі жағалау жұмыстарына көмек жасайтын инфрақұрылым пайдалануға берілді. Қостанай дизель зауыты іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғыртып, қайтадан жасақтау жүзеге асырылып жатыр. Мұны жақсы нышан деу керек, бізде тәуелсіздік алған жылдарымыздың ішінде 2003 жылы тұңғыш рет өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны өндіруші өнеркәсіптің өсу қарқынынан асып түсті. Тек машина жасауда ғана бұл көрсеткіш 20 %-дан артық болды.

Аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүзеге асырудың да алғашқы жылы аяқталды. Қуантарлық нәтижелер бар. АӨК-ті мемлекеттік қолдау көлемі едәуір ұлғайды. Былтырғы жылы ауыл еңбеккерлері 51,5 млрд-қа жуық теңге алса, биыл оларға 70 млрд

теңгедей қаржы бөлініп отыр. Бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен ширектен астам артық. Бөлінген қаржы шаруаларға өткен жылы лизинг арқылы 806 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға, 52,5 мың тонна минералды тыңайтқыштар, сондай-ақ, гербицидтер мен уытты заттар, мал егуге қажетті препараттар алуға мүмкіндік берді.

Мал шаруашылығында да оңды нәтижелерге қол жетті, мал басы тұрақты өсіп келеді. Ет пен сүт өндіру 17 %-дан астамға артты. Қазақстан астыққа деген өзінің қажетін қанағаттандырып қана қоймай, 5 млн тоннадан астам астықты экспортқа да шығарды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көлемі өткен жылы нақтылы есептегенде 9,5 %-дан аса ұлғайды. Ең бастысы, шаруаларымыздың материалдық жағдайы едәуір жақсарды, демек, бұл – олардың көңіл ауаны көтеріңкі, болашаққа деген сенімі зор деген сөз.

Соңғы жылдары Қазақстанның барша халқының тұрмыс деңгейі көтерілген үстіне көтеріліп келеді. Өткен жылы еңбек өтілі мен тапқан табысты ескере отырып, зейнетақылар мөлшерін қайта қарау жүзеге асырылды. Жыл басынан бері зейнетақы мен жалақының ең аз мөлшері көбейтілді. Біз – халықтың КСРО Жинақтау банкіндегі ізсіз кеткен салымдарын өтеуді қажет деп тапқан ТМД-дағы бірден-бір мемлекетпіз. Өткен жылы жалпы сомасы 4 млрд теңгеден астам тұратын 1,3 млн салым қайта тіркеуден өтті. Үстіміздегі жылы салымдарды қайта тіркеу мерзімі аяқталады. Азаматтардан келіп түскен көптеген өтініштерге байланысты Үкіметке салымдарды қайта

тіркеудің мерзімін келесі жылға дейін ұзартуға ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Өткен 4 жыл ішіндегі экономиканың өсуі ең төменгі зейнетақы мөлшерін – 2 есе дерлік (3000-нан 5800 теңгеге дейін), орташа зейнетақыны да – 2 есе (4,1 мыңнан 8,6 мың теңгеге дейін); ең төменгі жалақыны – 2,5 есе (2,6 мыңнан 6,6 мың теңгеге дейін), орташа жалақыны – 1,6 есе дерлік (14,3 мыңнан 24,8 мың теңгеге дейін); мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін – 45 %-ға өсіруге мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудағы табыстарымыз негізгі өлшемдер бойынша біздің Орталық Еуропаның бірқатар елдеріне барынша жақындай түсуімізге мүмкіндік берді, ал біз Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінен ілгерілеп кеттік. Бүкіл Дүниежүзілік банктің сыныптамасы бойынша біздің мемлекет ендігі жерде орта деңгейден жоғары табысы бар мемлекеттердің тобына жатады.

Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте, Каспий және Орталық Азия өңірінде Қазақстанның рөлі мен беделі күшейе түсті, біздің еліміздің әлемнің саяси және экономикалық картасындағы маңызы да артып келеді. Қазақстан аса ірі әлемдік форумдар өтетін орынға айналды: Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі бізде өтті.

Еуразия аймағы мемлекеттерінің әлемге танымал беделді басшылары біздің елімізде сапармен

болып қайтты. Қазақстан өзінің мақсатты дамуын «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімдік стратегиясына толық сәйкес жалғастырып келеді. Ендігі жерде күн тәртібінде әлемдік қоғамдастықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі туралы, біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі туралы және қазақстандық ғалымдардың, менеджерлердің, бизнесшілердің, мамандардың, жұмысшылардың бәсекеге қабілеттілігі туралы мәселе тұр. Бұл міндетті шешу үшін біздің экономикалық, сондай-ақ, әлеуметтік салаларда да еуропалық стандарттарға жету стратегиясын әзірлеуге кірісуіміз керек.

1. БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКА

Экономика біздің дамуымыздың басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу – негізгі міндетіміз болып қала береді. Біз бұған өз экономикамыздың бәсекелестік қабілетін арттыру арқылы елімізді дамытудың 2010 жылға дейінгі жоспарына сәйкес қол жеткіземіз.

Бәсекеге қабілеттілікке мемлекеттік қолдаудың қолайлы жағдайында емес, бәсекелестермен қатаң күресте қол жеткізілетіні баршаға мәлім. Мен бұл ретте мемлекеттік қолдаудың оңтайлы рөлі бір жағынан – экономиканы барынша ырықтандырып, оның ашықтығына қол жеткізуде, екінші жағынан – инфрақұрылымды жасау және белді салаларды дамытуға жеке меншік секторды тарту жөнінде белсене жұмыс жүргізуде деп білемін. Сондықтан 2005 жылы

экономиканы дамытудың негізгі бағыттары мыналар болуға тиіс:

– экономиканы одан әрі ырықтандыру және жүйелі реформаларды жалғастыру арқылы бәсекелестікті дамыту мен бюрократиясыздандыру;

– Қазақстан экономикасының ашықтығын күшейту;

– Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру;

– ауылды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;

– инфрақұрылымдарды дамыту.

1.1. Ырықтандыру және бюрократиясыздандыру

Үкімет ырықтандыру мен табиғи монополиялар салаларын: телекоммуникацияларды, электр энергетикасы мен темір жолдарды қайта құрылымдау бағытындағы жұмысты жандандыруы керек. Бұл салалар бәсеке үшін айқын әрі ашық болуға тиіс, ал халық болса, көрсетілетін қызмет сапасының жақсарып, бағаның төмендегенін сезінуге тиіс. Бұл тұрғыда жоспарлар бар, тек соларды шешімді түрде орындау керек.

Жекелеген учаскелердің өзінде бәсекені шектеумен келісуге болмайды. Монополияға қарсы агенттік экономиканың барлық секторларында зерттеулер жүргізіп, жыл соңына дейін тиісті ұсыныстар енгізуі керек.

Өсудің жоғары қарқыны мен бәсекеге қабілеттілік көбінесе экономиканы бюрократиясыздандыруға байланысты. Үкіметке бұл жөнінде тапсырмалар өткен

жылғы қазан айында Кәсіпкерлердің форумында берілген еді, енді күзде оның орындалуы тексерілетін болады. Бұл жерде Қазақстанда бизнес өкілдерінің жұмысы үшін жағдайдың жақсарып келе жатқанын, тым жақсы болып кете қоймаса да, онша жаман емес екенін айтқым келеді.

Біз бизнесшілер тарапынан өз қызметтерінің жағдайын жақсартуды сұраған өтініштерін ғана емес, олардан өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытындағы қажырлы жұмысын күтуге де хақылымыз.

1.2. Әлемдік экономикаға интеграциялану

Біздің ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігіне оны әлемдік экономикаға интеграциялаған жағдайда ғана қол жеткізе аламыз. Сондықтан да Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруін жеделдету аса маңызды міндет болып табылады. Бұл тұста өзіміздің бүкіл саяси және дипломатиялық әлеуетімізді толығымен іске қосқанымыз абзал.

Менің ойымша, қазақстандық бизнестің қалыптасу үдерісі аяқталып келеді. Ол ішкі ғана емес, сондай-ақ, сыртқы нарықтарда да күш сынасу үшін «пісіп-жетілді». Біз ендігі жерде шаруаларымызды да Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ, әлемдік рыноктардағы бәсекелестік күреске дайындауымыз керек.

Қазақстан капиталының шетелге қозғалысын, оның сыртқы рыноктарды игеруін қолдап, көтермелеуіміз қажет. Бұл – жаһандық бәсекелестіктің элементі,

сондай-ақ, әлемдік экономика жайында аса маңызды білім алу мүмкіндігі.

Шетелдердегі барлық мемлекеттік құрылымдар отандық бизнеске көмек пен қолдау көрсетулері тиіс. Қазақстан Даму банкіне сыртқы, әзірге таяу жатқан рыноктарда жұмысқа кірісетін кез келді. Жаңа міндеттерді шешу үшін Үкімет тарапынан банк 10 млрд теңге, өңірлерден өкілдік ететін акционерлер 5 млрд теңге сомасында одан әрі қаржыландырылуы қажет.

Біз валюталық реттеуді ырықтандыру, 2007 жылы қаржы секторында Еуроодақ стандарттарын енгізу бағытында батыл алға жылжуымыз керек. Біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі көбінесе кәсіпорындарымыздың халықаралық стандарттарға шұғыл түрде көшуімен айқындалатын болады.

Қазақстан Батыс елдерінің өнім сапасын бақылап отыру жөніндегі жарты ғасырға жуық тәжірибесін ең қысқа мерзімде меңгеруге тиіс. Менің тапсырмам бойынша Үкімет қазірдің өзінде 2006 жылға дейінгі стандарттау мен сертификаттаудың ұлттық жүйелерін дамыту жөніндегі бағдарламалық құжаттарын әзірледі, қазақстандық кәсіпорындарды ИСО халықаралық стандарттарына жедел көшіру жөніндегі жұмыс жоспары жасалды. Ендігі жерде әр министр мен әкімнің жұмысы олардың өз қызметінің саласында халықаралық стандарттарды енгізу жөніндегі істің жай-күйіне қарай қатаң бағаланатын болады.

Қысқа мерзімде халықаралық іс-тәжірибеде қабылданған техникалық реттеу үлгісіне көшуді аяқтау

қажет. Биылғы жылдың өзінде «Техникалық реттеу туралы» заң жобасы қабылданып, қолданылып жүрген 50 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге тиіс.

1.3. Индустриялық-инновациялық даму

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында даму басымдықтарын айқындап алу өте маңызды. Үкімет әлемдік деңгейдегі сарапшыларды тартып, еліміздің артықшылықтарына қажетті талдау жасау арқылы жылдың соңына дейін нақты ұсыныстар тұжырымдауға тиіс.

Біздің іс жүзінде барынша тиімділік беретін үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуіміз қажет. Соның бір мысалы индустрияны дамытуға кластерлік тұрғыдан келу бола алады.

Биылғы жылдың соңына дейін біздің келешегі бар барлық қазақстандық, субөңірлік және аймақтық кластерлерді (бәсекеге қабілетті салалар жиынтығы) айқындап алуымыз қажет. Ал даму институттары алға қойылған міндеттерді жүзеге асырудың тиімді құралдары болуы тиіс.

Инновациялық қызметтің инфрақұрылымдарын дамыту үшін Алатау кентіндегі Ақпараттық технологиялар паркін іске қосып, Орал мен Степногор қалаларында технопарктер құруымыз қажет.

Аэроғарыш саласындағы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін отандық әлеуетімізді кеңінен пайдалануымыз керек. «Байқоңыр» кешенін жалға беруден түсетін бір сәттік пайда табудан гөрі, ғарыш

айлағын жалға беруді ұзарту жөніндегі келісімде көзделген Ресеймен бірлескен ғарыштық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға қарай ойысқанымыз өте мөте маңызды. Мұның өзі біздің ракеталық-ғарыштық ғылымымыз бен жаңа технологиялардың дамуына жәрдемдесер еді. «Ангара» ракеталық-ғарыштық кешенін құру осындай бірінші жоба болуға тиіс. Біз қазірдің өзінде 2006 жылы өзіміздің тұңғыш ғарыштық жер серігін ұшыру жөніндегі жұмысты қолға алдық.

Келешегі мол бағыт – шетелдердің жетекші банктері және компанияларымен бірлескен жобалар. Осы бағытта Қазақстанның даму банкі ЕҚДБ-мен бірлесе отырып «Солтүстік-Оңтүстік» электр желісі магистралінің құрылысын қаржыландыруға кірісті. Жобаның құны – 280 млн доллар.

Осы жылы «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы біздің ірі машина жасау зауыттарымызды жаңғырту мақсатында «Singapore Technologies Engineering Ltd.»-бен бірлескен мекеме құрады.

Біз ауылшаруашылық және көліктік машина жасауды дамытуға ұмтылуымыз қажет. Атап айтқанда, Қостанайдағы дизель зауытының өнімділігін арттырып, «Азия-Авто» зауытынан «Нива» автомобильдерін құрастырудан «Шкода» автомобилін құрастыруға ауысу мәселесін ойластыру керек. Сондай-ақ, «Қазақстан-КамАЗ» концерні зауытында жүк автомобильдерін құрастыруды арттыра түскен жөн.

Еліміздің экспорт әлеуетінің өсуіне индустрияның арқаулық салаларын, бірінші кезекте металлургия мен металл өңдеу саласын одан әрі дамыту оң ықпал етуі

тиіс. «Испат-Қармет» құрышты үздіксіз құю жөніндегі жобаны, сондай-ақ, мұнай-газ секторы үшін құбырлар шығаруды іске асыруды жоспарлап отыр, «Қаз-алюминий» құны шамамен 800 млн доллар болатын электролиз зауытын салу секілді үлкен жобаны жүзеге асыруға дайындалуда.

Химия және мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту басым бағытқа ие болуы керек. Қарашығанақ мұнай-газ кен орнында құны 1 млрд доллардан асатын газ өңдеу зауыты құрылысын бастау қолға алынды. Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру жобасын жүзеге асыруды жеделдету қажет. Жамбыл облысында кальциймен байытылған сода өндіретін, Павлодар облысында хлорлы түйіршіктер шығаратын зауыттардың құрылыстарын бастау ойластырылуда.

Астанада даму институттарының қатысуымен үй құрылысына қажетті ұялық бетон өнімдерін, шыны-пластикалық құбырлар шығаратын зауыттар, Ақтөбе қаласында шыны талшықты полиэфирмен беріктендірілген құбырлар мен фитингтер шығаратын зауыт, Алматы облысының Абай кентінде «Қазақстан қағазы» ЖАҚ тамақ өнеркәсібі үшін қағаз, гофрокартон және қағаз-картон өнімдерін шығаратын зауыт, Шымкентте «Ютекс» ЖШС мақта талшығы шүйкелерін шығаратын зауыт құрылыстары аяқталуы тиіс.

Бұл жетістіктер индустриялық бағдарламаны жүзеге асырудағы оның бірінші жылының қорытындыларының бір бөлігі ғана. Бұдан басқа, бізге инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту үшін қажетті шараларды қолға алу керек.

Біріншіден, туындап келе жатқан инновациялық бизнесті қолдау қажет. Атап айтқанда, ғылыми зерттеулермен, жаңа технологияларды жасап және енгізумен белсенді айналысып жүрген компанияларды ынталандырып отырған жөн.

Екіншіден, инвестиция тарту үшін салықтық преференцияларды ұсынудың жөн-жосығын өзгертудің кезі келді. Олар ұзақ мерзімді инвестицияларды ынталандыруды қамтамасыз етіп, жобалардың қайтарым мерзімін үйлестірулері тиіс.

Үшіншіден, өндірісті жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыру жағдайларын айтарлықтай жақсарту мақсатында жақында лизингтің мүмкіндіктері әжептәуір жеңілдетілді, ал 2005 жылдан бастап амортизациялық төлемдерге деген фискальді саясат қайта қаралатын болады.

1.4. Аграрлық саясат

Жоғарыда аталып өткендей, алдымызда еліміздегі агробизнестің бәсекелестік жүйесін қалыптастыруды шешудің міндеті тұр. Ол үшін заң актілерінің, бірінші кезекте, Жер, Су және Орман кодекстерінің қалтқысыз орындалуын қамтамасыз ету қажет. Дәнді дақылдар нарығын реттеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру керек. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және өнім сапасын арттыруды жаңғыртуға ерекше назар аударылғаны жөн. Қазіргі заманғы аграрлық ғылымды дамытуды да естен шығаруға болмайды.

Ауылдық жерлердегі кедейшілікті жою үшін шағын кредиттер беру жұмысын кеңінен өрістетуге қажет, оның үстіне ол өзінің өміршеңдігін көрсете де білді. Осы жылдан бастап ауылдық аумақтарды дамытуға арналған мемлекеттік аграрлық саясат бағдарламасы іске қосыла бастады. Мен келешегі күмәнді аумақтарға мемлекеттік инвестициялар тоқтатылатынын естеріңізге салғым келеді. Аталған бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру мақсаттарында Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитет құру қажет.

Тұтастай алғанда, 2005 жылдың аяғында қабылданған аграрлық бағдарламаларды есепке ала отырып, ауылдың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету, бәсекелестікке қабілетті өнім өндіру, импорт алмастыру және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заң қабылдануына байланысты аграрлық секторда толықтай негізгі заңдық база қалыптасқан деп есептеймін.

1.5. Инфрақұрылым

Өткен жылы «Алматы – Астана» және «Астана – Бурабай» автомобиль жолдары пайдалануға берілді. Жаңа жүрдек пойыз жолаушыларды Астанадан Алматыға дейін 12 сағатта жеткізеді. Қызылорда ауданында Сырдария үстімен өтетін көпірдің, Алматы әуежайында жолаушылар терминалының, ұзындығы

402 шақырымдық аса маңызды «Алтынсарин – Хромтау» темір жолының түйісуі аяқталды. Үстіміздегі жылы Астана халықаралық әуежайының жаңа нысандары іске қосылуы тиіс, Ақтөбедегі ұшу-қону жолағының құрылысын бастау қажет.

Сонымен бірге бізге «Екібастұз – Павлодар» теміржол телімін электрлендіруді, «Дружба» бекетінің жүк тасымалын өткізу қабілетін 10 млн тоннаға дейін ұлғайтуды қамтамасыз ету қажет. Ақтау теңіз портын кеңейту жұмыстары жалғастырылып, Каспий теңізіндегі Баутино және Құрық кемежайларының инфрақұрылымдары дамитын болады.

Автомобиль жолдары құрылыстарында халықаралық маңызы бар транзиттік жолдарға, ең алдымен, «Челябі – Қостанай – Астана – Алматы – Қорғас» және «Самара – Шымкент – Алматы – Қорғас» бағыттарына бұрынғысынша басымдық беріледі. Жалпы алғанда, үстіміздегі жылы автожолдарды жаңғырту мен жасауға 40 млрд теңге, ал 2005 жылы 55 млрд теңге қарастырылған немесе 37,5 %-ға өсетін болады.

Мұнай тасымалдаудың баламалы бағыттарын да іске асырудың жұмыстары қарқынды жүргізіледі. «Ақшабұлақ – Қызылорда» газ құбырының құрылысын аяқтап, Қызылорданы газбен қамтамасыз ету керек.

2. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ

Өткен жылдарда маған макросаясат туралы көбірек айтуға тура келген. Өйткені, экономикалық саясаттың реформалануы мен қалыптасу мәселелерін шешпей тұрып, нақты әлеуметтік жетістіктерге жету мүмкін емес болатын. Бүгін маған барша қазақстандықтарды қызықтыратын нәрселер туралы айту айрықша жағымды. Өйткені тұрғын үй, білім беру және денсаулық сақтау мәселелерінің әрқайсымызға да қатысы бар әрі әрбірімізді толғандырады.

Жаһандану және қатаңдана түскен әлемдік бәсекелестік жағдайында қазақстандықтардың күш-қуаттық және санаткерлік қабілеттері біздің жоспарларымыздың табысты болуында, ел экономикасының бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігінде және бүгінгі жағдайда өмір сүре алуында шешуші фактор болып табылады.

Қазақстандықтар әлемдік бәсекелестіктің сансыратарлықтай күрделі және ауыр үдерісінде табыстарға жету үшін халқымызға тән рух күшін, денсаулығы мен білімін әлемге көрсетуге қабілетті ме?

Біз өзіміздің адамдық әлеуетімізді дамыту жолында алдымызда үлкен жұмыс тұрғанын мойындауға тиіспіз.

Қазір, елімізде экономиканың өсуі есебінен қор жинақталған кезде, кейбіреулер масылдық пиғылмен өздерінің көптеген проблемаларын мемлекет есебінен шешкісі келеді. Бірақ мұндай жол бізді артқа қарай лақтырып тастайды. Мұны әлемдік тарих дәлелдеген.

Бұған орынды ой мен жеке тәжірибеміз дәлел. Тегін дүние мен жатып ішерлік құндылықтардың бәсін түсіріп, еңбектің мәнін кетіреді, адамды босаңсытып, оның өміршеңдігін төмендетеді.

Кейбір мұнай өндіруші елдерде жаңа ғана дүниеге келген сәбиге банктік шот ашылатыны туралы бізде талай рет айтылған-ды. Бірақ өзімнің жақындағы Сауд Арабиясына сапарым кезінде мен мұның олай емес екеніне көз жеткіздім. Оларда масылдық көңіл-күй жоқ. Батыста да бала кезден бастап еңбекке деген құрмет, өзінің күнкөрісіне, ата-аналары мен елінің әлауқатына қарамастан, қаражат табуға деген ұмтылыс бойға сіңіріледі. Сондықтан адам өзінің дамуы мен кәсіптік шеберлігін тұрақты түрде көтеру арқылы өзі мен отбасын игіліктермен өзі қамтамасыз етуі тиіс. Және де оның өзекті проблемаларын шешуге мемлекет неғұрлым аз қатысқан сайын адамның өзіне соғұрлым пайдалы бола түседі.

Егер сіздердің естеріңізде болса, 1997 жылдың өзінде еліміз дамуының 2030 жылдарға дейінгі ұзақ мерзімді стратегиясында адамдарға бізде мұнайдан түсетін табыс жоқ болғандағыдай жағдайда өмір сүру және жұмыс жасауға үйрету міндеті қойылған болатын. Сондықтан болашақ ұрпақ дағдарысты жағдайлар үшін қаржы жинақтау қызметін атқаратын ұлттық қор құрылған еді.

Мемлекет өзінің жасы келуіне және денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істей алмайтын және өз бетінше табыс таба алмайтындарға ғана қамқор-

лық жасауы тиіс. Бұл – біздің реформалардың басты қағидаты. Мемлекет жаңа жұмыс орындарын ашады, адамның өз қабілет-мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасайды, халықтың табысының өсуіне қамқорлық көрсетеді. Мемлекеттің иығына адам дамуының шешуші салаларында аз кепілді стандарттарды қамтамасыз ететін міндеттерді шешу мен қаржыландыру, таза ауыз су мен инфрақұрылымдар қалыптастыру проблемаларын шешу жүктеледі.

Орта мерзімдік перспективада қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұрғын үй құрылысында жаңа саясатты, денсаулық сақтау мен білім беруде, әлеуметтік қамсыздандыруда жүйелі өзгерістерді талап етеді.

2.1. Тұрғын үй құрылысының жаңа саясаты

Соңғы кездері тұрғын үй құрылысы проблемаларын шешудің ықтимал жолдары белсенді талқылануда. Мемлекеттік қайтарымсыз тұрғын үй салу идеясы бұрынғысынша қажет күйінде қалып отыр. Бар жауапкершілікпен мынаны мәлімдеуге тиіспін, тұрғындардың кейбір жекелеген топтары болмаса, тұрғын үйді тегін беру деген болмайды.

Тұрғын үй жекеменшік болып табылады, демек, адамның өзінің жауапкершілігі саласына жатады. Бүгінде еліміздің тұрғын үй қорындағы жеке меншік үйлердің үлесі 97 %-ға жуық. Бұл бұдан әрі төмендемейді. Осымен қатар, тұрғын үй проблемасы ең басты проблема болып қалып отыр.

Өткен жылы Қазақстанда 2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл 2002 жылы пайдалануға берілгеннен 30 %-ға көп. Алайда осы қарқынның өзі бізді қанағаттандыра алмайды. Есептеулер көрсеткендей, жыл сайын кем дегенде 4 млн шаршы метр тұрғын үй салуға қол жеткізу керек.

Мен осы саланы біздің экономикалық дамуымыздың жетекші саласының біріне айналдыру идеясын көптен айтып келемін. Сіздер тұрғын үйлерді жаппай салу өзімен бірге құрылыс материалдары өнеркәсібін, жиһаз өнеркәсібін, металл өңдеуді дамытатынын түсінесіздер. Осыған байланысты мен қазақстандықтарға 2005 жылдан бастап тұрғын үй құрылысында жаңа саясат жүзеге асырыла басталатынын үлкен қанағат сезімімен мәлімдегім келеді. Бұл саясаттың мәні тұрғын үй құнының арзандауы, оны несиелеу мерзімінің ұзартылуы, алғашқы төлем жарнасы мен несиелеу мөлшерлемесінің төмендетілуі арқылы халықтың басым бөлігіне тұрғын үйге қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады. Мұның барлығы мемлекет жүргізіп келе жатқан халықтың табысын ұдайы өсіру саясатының нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс.

Өздеріңізге белгілі, өз қаражатына сатып алу немесе тұрғын үй салу секілді дәстүрлі жолдан басқа, тұрғын үйді ақшасын біртіндеп төлеп алудың екі жүйесі бар: ипотека арқылы және тұрғын үй құрылысы қаражатын жинау жүйесі арқылы. Бірақ бұл екеуі де әзірше өзінің қымбатшылығына байланысты көпшіліктің қолы жете бермейтін жүйе болып отыр. Жаңа тұрғын үй саясаты

оларды арзандатуға, сондай-ақ, құрылыс құнын төмендетуге бағытталатын болады.

Сонымен, ипотекалық несиелер үшін қайтарым мерзімі бүгінгі 10 жылдан 20 жылға дейін ұзартылады. Алғашқы төленетін жарна көлемі үй құнының 20 %-дан 10 %-ына дейін төмендетіледі, бұл жағдайда несие мөлшерлемесі 13-тен 10 %-ға дейін азайтылады. Ал тұрғын үй құрылысы қаражаты жүйесіне қатысты айтатын болсақ, онда алғашқы төлемақы жарнасы 50-ден 25 %-ға дейін төмендетіледі. Несиені қайтару мерзімі қалған сома бойынша 15-тен 25 жылға дейін ұзартылады. Мұның үстіне, ірі қалалардағы аз мөлшердегі әрлеу жұмыстары жүргізілген үздік жобадағы тұрғын жайдың 1 шаршы метрінің құны орташа есеппен бүгінгі әр шаршы метрі үшін 700 доллардан 350 долларға дейін төмендетіледі. Бізге жалпы, 1 шаршы метрінің құны 350 доллар сомасынан аспайтын үйлер салу қажет. Егер құрылысшылар бағаны көтеретін болса, онда олар бұдан былай несие және тапсырыс алмайтын болады. Ал аймақтарда баға, тіпті, бұл көрсеткіштен де төмен болуы тиіс.

Есептеулер көрсетіп отырғандай, тұрғын үй туралы жаңа саясат жүзеге асқан жағдайда 200 мың отбасы (ал бұл 1 млн-ға жуық адам) ипотеканы және тұрғын үй құрылысы жинақтаушы жүйесін пайдалана алады. Бұл үшін 2007 жылдың аяғына дейін 12 млн шаршы метр тұрғын жай іске қосылуы тиіс, яғни жыл сайын тұрғын үй көлемін енгізуді бүгінгі деңгеймен салыстырғанда орташа есеппен 2 есеге ұлғайту қажет болады.

Есептеулер көрсетіп отырғандай, жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру үшін 2005–2007 жылдар аралығында барлық қаражат көздерінен тұрғын үй құрылысына шамамен 300 млрд теңге, оның ішінде, басым бөлігі қайтарылуға жататын негізде мемлекет есебінен 150 млрд теңге, сондай-ақ, Қазақстан ипотекалық компаниясы мен «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» қаржыландыру мақсатында инвестициялануы қажет.

Құрылысты арзандату мақсатында тұрғын үй инфрақұрылымын қаржыландыруды өз мойнына жергілікті билік алуы тиіс. Құрылыс үшін тендер арқылы жер сатуды міндетті шараға айналдыру қажет. Алға қойылған міндет Үкімет пен әкімдер мүмкіндіктері шегінде болғанымен, бірақ ол таяудағы 3 жылда орындалуы тиіс. 2008 жылға қарай біз барлық орта тап өкілдерін тұрғын үй құрылысына тартуға орнықты тұғыр қалыптастыруымыз керек.

Үкімет 1 ай мерзімде Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекітуге енгізіп, осы жылы әкімдермен бірлесе отырып, барлық қажетті дайындық жұмыстарын қолға алулары тиіс. Жұмыс барысын өз деңгейінде бақылап отыру мақсатында мен еліміздің Премьер-министрі жетекшілік жасайтын тиісті Мемлекеттік комиссия құратын боламын. Оған және әкімдіктерге республика бойынша кең көлемдегі түсінік жұмыстарын жүргізу міндеттеледі.

Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде ІЖӨ-нің болжамды

қосымша өсімі еліміз бойынша шамамен 2 % құрайтын болады. Жаңадан 45 мың жұмыс орны ашылады, сондай-ақ, 3 жыл ішінде 80 млрд теңге шамасында қосымша салық алынатын болады.

Біз еліміздің Индустриялық бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын, үлкен мультипликативтік тиімділік беретін ауқымды және жауапты жұмысты қолға аламыз. Жартылай ұмыт бола бастаған құрылыс отрядтарын қайта жаңандырып, каникул кезінде студенттерімізді құрылысқа кеңінен тарту керек.

Отандық және шетелдік құрылысшылар мен құрылыс индустриясының жұмысшылары алдында олар қазірдің өзінде дайындықты бастаулары тиіс орасан зор еңбек майданы ашылмақ. Тапсырыстарды кімдер жақсы жағдай ұсынса, тек солар алады.

Ең бастысы – тұрғын үй рыногын адамдар үшін мүмкіндігінше қолжетімді ету, тұрғын үй құны мен халықтың табысы арасындағы сәйкессіздікті қысқарту. Одан әрі нарықтың өзі-ақ осы өлшемдер негізінде реттелетін болады.

Тұрғын үй құрылысымен қатар, оны пайдаланудың жаңаша қадамдары талап етіледі. Тіпті, бұл жерде де мемлекеттің оған араласуы шектеулі болуы тиіс. Біз күрделі жөндеудің жинақтаушы қаржы сызбасын жасау, құрылыс пен пайдалануға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейту арқылы пәтер иелері кооперативтері институтын жетілдіру жағын ойластыруға тиіспіз. Тұрғын үй қатынастарын және соған сәйкес тұрғын үй заңнамасын оңтайландыру

қажет. Үкімет тиісті Бағдарламаны тезірек қабылдауы тиіс.

Шындықтан жалтармайық. Әзірше қазақстандықтардың бәрі бірдей жаңа тұрғын үйге ұмтыла алмайды. Бірақ, сеніңіздер, таяу арада жұмыс істейтін әрбір адам пәтер немесе үй ала алатын жағдайға жететін кез де келеді.

2.2 Денсаулық сақтау

Алға қойылған міндеттерге сәйкес денсаулық сақтау ісінде байыпты да жүйелі өзгерістер талап етіледі. Ең алдымен, осы саладағы реформалар тұжырымдамасын айқын ұғыну қажет. Осы жылдарда біз басқару мен қаржыландырудың кеңестік, корпоративтік-мемлекеттік жүйесінен бас тарттық, бірақ батыстың денсаулық сақтау ісіне тән жекеменшік-сақтандыру жүйесіне жете алмадық. Осылай болғаны да жөн шығар, өйткені түрлі елдерде қолданылып жүрген жүйенің кемшіліктері барған сайын көптеп бой көрсетуде.

Неге онда біз сол бағытпен жүруіміз керек? Денсаулық сақтауды шектен тыс коммерцияға айналдыру дәрігердің ниетін бұзатынын өз тәжірибеміз көрсетіп отыр: оған адамның дені сау болғанынан гөрі, жиі-жиі ауырып, көбірек ақша төлегені пайдалырақ бола түседі. Сондықтан да елімізде мемлекет пен адамның оның денсаулығы үшін ынтымақты, бірлескен жауапкершілігі болуға тиіс. Мемлекет кепілдік берілген, адам үшін тегін, шекті стандарттар бойынша медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етілуге тиіс. Осыдан тыс

нәрсенің барлығы адамның өз еңбекақысының немесе ерікті медициналық сақтандырудың есебінен қамтамасыз етілуі қажет. Мемлекеттік медицина жекешеден ажыратылған түрғыда бөлінуі керек: заң мемлекеттік медицина мекемелерінде қандай да бір жекеше кабинеттерді ашуға тыйым салуға тиіс.

Салада:

- басқару жүйесін;
- денсаулық сақтау ісін қаржыландыруды, қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен сатып алуларды міндетті түрде орталықсыздандыруды;
- медициналық көмек беруді ұйымдастыру жүйесін;
- денсаулық сақтау жүйесінің нормативтік базасын;
- статистиканы, саланы ақпараттандыруды, есептілікті оңтайландыруды жетілдіруге қатысты байыпты өзгерістер жүргізу қажет.

Келесі жылдан бастап шешуге кірісу қажет бірінші кезектегі міндеттер ретінде мыналарды айқындар едім.

Бірінші. Негізгі екпінді бастапқы медициналық-санитарлық көмекке, стационарда емдеуден амбулаториялық емдеуге көшіру, жатын-орындарға иек артудан арылу керек. 2005–2007 жылдар барысында бастапқы медициналық-санитарлық көмекке жұмсалатын қаражат көлемін едәуір ұлғайту қажет.

Екінші. Денсаулық сақтау ісінің халықаралық стандарттарына, емдеу мен медициналық қызмет көрсетудің жаңа технологиялары мен қазіргі заманғы әдістеріне жүйелі түрде көшуді бастау керек.

Үшінші. Ана мен баланың денсаулығын нығайту. Үкіметке Астанада Ана мен бала республикалық орталығының құрылысын қамтамасыз етуді тапсырамын, ол халықаралық стандарттарға сай әрі денсаулық сақтау жүйесінде жаңа сапа эталоны болуға тиіс. Барлық аймақтар осы стандарттарды ұстанып, ана мен балаға байыпты көңіл бөлінуі керек.

Төртінші. Тәуелсіз медициналық сараптама жүйесін құру қажет, ол уәкілетті органның тәуелсіз сарапшыларын тарта отырып бақылау тексерулерін жүргізу қағидаттарына негізделеді.

Бесінші. 2005 жылдан бастап денсаулық сақтау жүйесінің, ресурстарды басқару және саланы қаржыландыру менеджерлерін даярлауды бастау қажет. Дәрігерлер мен медициналық қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау жүйесінде де маңызды өзгерістер қажет.

Алтыншы. Өкпе ауруының, сусамырдың (диабет), демікпенің, жүрек-қан тамырлары және басқа да әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, оларды анықтауға және емдеуге баса назар аудару керек.

Жетінші. Үкімет пен әкімдер жаңа ауруханалар мен медициналық мекемелердің құрылысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, жұмыс істеп тұрғандарына күрделі жөндеу жүргізуге тиіс. 2005–2007 жылдары 90 денсаулық сақтау нысаны салынуы және 450-і жөнделуі керек. Бұл ретте өкпе ауруын емдеудегі және әйел босандыруға деген күллі мұқтаждықтар толығымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Аталған және басқа да проблемаларды кешенді шешу мақсатында Үкіметке 1 ай мерзімде Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

2.3. Білім беру

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Бұл үшін оқушыларды жоғары сатыда бейінді оқытуды көздейтін 12 жылдық білім беруге көшу қажет.

Мектепке дейінгі даярлық бірінші сыныпқа сәйкес келетін болады. Балаларымыз 10 жыл оқудан кейін не жоғары оқу орнына түсуге дайындалуға, не тиісті кәсіптік-техникалық білім алып, өз бетінше еңбек жолына түсу жөнінде шешім қабылдауға тиіс. Мектептің соңғы жылындағы оқу қазіргі жүйедегі ЖОО-ның бірінші курсына сәйкес келеді. Сол себепті жоғары білімнің өзі негізінен 4 жылдық болады. Осылайша, біз жаңа 12 жылдық жүйеге өтеміз, сонымен қатар, осы реформаға жұмсалатын шығындарды қысқартамыз.

Әрине, бұл бірнеше жылға созылатын дайындықты талап етеді. Сондықтан бұл уақыт аралығында артта қалған учаскелерді алға тартып, білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын айтарлықтай нығайту қажет.

Біріншіден, балабақшалар жүйесін қалпына келтіруге және толыққанды мектепке дейінгі білім беруді

қалыптастыруға кірісу қажет. Әзірше, мұндай мүмкіндік бар жерде мектепке дейінгі білім беруді мектептер аясында дамыту қажет.

Екіншіден, реформалаудың нәтижелерінің бірі жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі болуға тиіс.

Үкіметке 2005–2006 оқу жылынан бастап педагог кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын 5 мың бірлікке ұлғайтуды тапсырамын. Полилингвистикалық білімі бар педагогтар үшін қызмет орындарына ерекше назар аудару қажет.

Мұғалімдердің біліктілігін неғұрлым сапалы деңгейге көтеру, білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлау жөніндегі республикалық және аймақтық институттардың материалдық-техникалық базасын нығайту қажет.

Мұғалімдер мен балалардың жайлы мектептерде оқып, жұмыс істеп, оқу жабдықтарының, кабинеттердің, спорт алаңдарының тапшылығын сезінбегені өте маңызды. Қазақстандағы мектеп уақыт өте келе үздік әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуге тиіс.

Келешекте мұғалім мамандығы ең беделді әрі жоғары ақы төленетін мамандықтардың бірі болуы керек. Әрине, мұғалімнің өзі де уақыт талабына сәйкес болуы міндетті.

Өткен жылы 68 мектеп салынды, үстіміздегі жылы 70-тен аса жаңа мектеп салынып, 500-ден астамына жөндеу жүргізілетін болады. Мұның өзі күні кешегі кеңестік тарихымыздың «ең жақсы жылдарында» да жасалған жоқ. Сонымен бірге, ең төменгі есеп бо-

йынша бізге тағы да 1900-ден астам мектепті жөндеуден өткізуіміз және салуымыз қажет. Мұны алдағы 3 жылда жасау керек.

Соңғы 15–20 жыл ішінде пән кабинеттері іс жүзінде жаңартылған жоқ. Бұл проблемаларды 2005–2008 жылдар ішінде шешу керек. Бұл – маңыздылығы жағынан үшінші міндет.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған аймақтық бағдарламалар қабылдауды тапсырамын. Әкімдер (бұл міндеттің маңыздылығын атап көрсеткім келеді) 2005 жылдың өзінде-ақ мектептердің кемінде 70 %-ының Интернетке қосылуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет, әкімдер мектептерге телефон орнату міндетін жедел түрде шешуге тиіс.

Төртіншіден, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар байыпты назар аударуды талап етеді. Үкіметке әкімдермен бірлесіп балалардың осы санаты үшін мектеп-интернаттар желісін дамыту мәселесін пысықтауды тапсырамын.

Бесіншіден, оқушылардың білім сапасын көтеру үшін олардың оқудағы жетістіктеріне тәуелсіз сыртқы бағалауды енгізу керек. Үкімет үстіміздегі жылдың өзінде-ақ республикада мектеп түлектерін бірыңғай ұлттық тестілеу, сондай-ақ, жоғары оқу орындарының студенттерін кезеңдік аттестаттаудан өткізу пішінінде тәуелсіз сыртқы бақылауды енгізуді аяқтауға тиіс. Осы маңызды істі институционалдық тұрғыда қолдау үшін

Білім сапасын бағалаудың ұлттық орталығын құруды тапсырамын.

Алтыншыдан, оқулықтардың сапасына да реніштер аз емес. Үкімет оларға түгендеу және сапалы сараптама жүргізуге, ал кейіннен ахуалды түзету бойынша шаралар қолдануға тиіс.

Жетіншіден, біз техникалық және кәсіптік білімнің рөлін жаңаша сезінуге тиіспіз. Үкімет, барлық деңгейдегі әкімдер осындай түлектер қажет жекеше секторды басымдықпен тарта отырып, жастарға кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындары желісін дамытуға бағытталған пәрменді шараларды қолдануға тиіс.

Сегізіншіден, отандық жоғары оқу орындарының, сондай-ақ, шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары желісі бұрынғыша шамадан тыс көп күйде қалып отыр. Олар беретін білім көңілдегіден көп төмен жатыр. Оларды қысқарту керек, соның ішінде материалдық-техникалық базасына және ғылыми-педагогикалық қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қатайту арқылы да.

Тоғызыншыдан, ректорларын Президент тағайындайтын елдің таңдаулы жоғары оқу орындарының шағын тобын біз таяу арада айқындаймыз, ал мемлекет оларды дамытуға белсенді түрде қатысатын болады. Бұл жоғары оқу орындары мамандар даярлаудың, соның ішінде мемлекеттік қызмет үшін де мамандар даярлаудың эталонына айналуға тиіс.

Соңғысы. Елімізге болашаққа құлаш сермейтін Білім берудің жаңа мемлекеттік бағдарламасы керек.

Үкімет таңдаулы отандық және шетелдік сарапшыларды тарта отырып, оны әзірлеуге кірісуге тиіс.

2.4. Әлеуметтік қамсыздандыру

Әлеуметтік мәселелер мемлекет үшін басымдықтар қатарында болып келді және болып қала береді. 2005 жылдан бастап «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң қолданысқа енгізілуі тиіс. Келесі жылдан бастап зейнетақының ең төмен мөлшерін 6200 теңге етіп белгілей отырып, зейнетақы мөлшерін инфляция деңгейінен ілгері оза индексациялау қажет. Зейнетақының орташа көлемі жоғарылатудан кейін 9252 теңгені құрайтын болады. Зейнетақымен қамтамасыз етуге 2005 жылы қосымша 10,5 млрд теңге бөлінеді.

Жоғарыда айтқанымдай, мемлекеттің қастерлі борышы жұмыс істеу немесе табыс табудың бірдей жағдайына ие болу мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қамқорлығы болып табылады. Бұл азаматтарға көмектесу – біздің қоғамымыздың ізгілену мен кемелдену дәрежесінің көрінісі, сіздер мен біздердің парызымыз. Оны орындаудың уақыты жетіп, мүмкіндігі туды. Келесі жылдан бастап бұл мақсатқа 15,8 млрд теңге жұмсай отырып, мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды едәуір көбейту қажет. Бұл, тұтастай алғанда, 680 мыңнан астам адамды қамтиды.

Мынадай жәрдемақылар ұлғайтылады:

47 мың бірінші топтағы мүгедектерге – 3 айлық есептік көрсеткішке (2757 теңгеге) (АЕК – 919 теңге);

193 мыңнан астам екінші топтағы мүгедектерге – 2,5 айлық есептік көрсеткішке (2297 теңгеге);

125 мыңдай дерлік үшінші топтағы мүгедектер 2 айлық есептік көрсеткішке ұлғайтылған жәрдемақы алады (1838 теңгеге);

50 мыңнан астам 16 жасқа дейінгі мүгедектер 3 айлық есептік көрсеткішке (2757 теңгеге);

асыраушысынан айырылған 262 мың отбасы 1 айлық есептік көрсеткішке ұлғайтылатын жәрдемақы алады.

Нәтижесінде 2005 жылы 415 мыңнан астам мүгедектер үшін мемлекеттік жәрдемақының орташа мөлшері 6700 теңгеге дейін немесе 50 %-ға жоғарылайды. Асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік жәрдемақының орташа көлемі 20 %-ға, яғни 6500 теңгеге дейін өседі. Бірақ бұл ұлғайтулар бұған дейін жәрдемақының ең жоғары мөлшерін алып жүрген мүгедектердің бәріне бірдей қатысты емес. Олар үшін бағаның өсуін ескере отырып индексациялау жүзеге асырылатын болады.

Сіздер бен біздің әкелеріміз және аталарымыз алдындағы парымыздың тағы бір мәселесі бар, бұл – біздің тарихи жадымыздың мәселесі. Келер жылы біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын атап өтеміз, біздің қадірменді ардагерлерімізге құрмет көрсететін боламыз. Осы атаулы датаға байланысты Үкіметке 2005 жылы соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушыларға берілетін арнайы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерін 15 айлық есептік көрсет-

кішке дейін өсіруді және ардагерлерге 30 мың теңге көлемінде біржолғы материалдық жәрдем көрсетуді тапсырамын.

Бұл іс-шараларға 6,5 млрд теңге бөлу қажет.

Тұтастай алғанда, әлеуметтік қамсыздандыруға 2004 жылы 2,5 млн-нан астам адам қамтыла отырып, республикалық бюджет есебінен 217,2 млрд теңге бөлінді, ал 2005 жылы бұл мақсаттарға арналған шығыстарды көбейту шамамен 33 млрд теңгені құрайтын болады.

Тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі өзге де шаралармен қатар, 2005 жылдың соңына қарай 2003 жылдың басымен салыстырғанда күнкөрісі кедейшілік шегінен төмен азаматтар саны 2 еседен астамға азаюы тиіс.

Біз, сондай-ақ, елімізге халықтың одан арғы ағынын ынталандыруға тиіспіз, сондықтан оралмандар иммиграциясының квотасын 2005 жылы 15 мың отбасына дейін көбейту керек. Олардың қоныстануы мен тұрғын үй алуы үшін 9,8 млрд теңге бөлу көзделіп отыр.

Біз еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі заңнаманы жетілдіре береміз, Еңбек кодексінде заңдастырылған еңбекпен қамтуды ынталандыруды қарастырып, еңбекпен қамтудың қазіргі заманғы үлгісін қалыптастыратын боламыз.

Адам дамуының басым міндеттерін шешудің маңызы аса зор. Сондықтан облыстарды дамытудың барлық бюджеттері тек білім беру, денсаулық сақтау, сумен қамтамасыз ету, тұрғын үй құрылысы

инфрақұрылымы жүйелерін дамыту мақсаттарына пайдаланылуы тиіс. 2005 жылы ауылдық жерде білім беру, денсаулық сақтау және сумен қамтамасыз ету нысандарын салуға мемлекеттік бюджетте 15 млрд теңге, ал облыс орталығы мен қалалардағы ерекше маңызды объектілер үшін 5 млрд теңге қарастыру қажет.

Әлеуметтік сала мен адам ресурстарын дамыту Қазақстан үшін шешуші ұзақ мерзімді басымдық болып табылады.

Мен жариялаған міндеттер бірінші кезекті болып табылады, бірақ әлдеқайда соңғылар емес.

Менің тапсырмам бойынша реформалардың әлеуметтік бағыттылығын күшейту және жаңа әлеуметтік саясат қалыптастыру жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр. Ол келесі жылы жария етіледі.

3. МЕМЛЕКЕТТІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі елдің халықаралық аренадағы рөлі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер сапасының артуынан көрінеді.

3.1. Мемлекеттік құрылыс

Бұл мәселелерді шешу, өз кезегінде, көп жағдайда мемлекеттік қызметшілердің саны мен сапасына, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне байланысты.

Соңғы кезде орталықта да, жергілікті жерлерде де биліктің барлық түрлерінің мемлекеттік органдардың санын көбейту әрекеттері жандана түскенін айтуға тиіспін. Бұған жол беруге болмайды.

Әрине, өмір бір орнында тұрмайды, қажет жерінде өзгерістер керек. Алайда Үкімет мемлекеттік аппараттың жалпы санының өсуіне жол бермеудің қатаң саяси ұстанымын басшылыққа алуы тиіс. Бұған Президент жариялаған мемлекеттік саясат талап ететін жерде ғана рұқсат берілуі мүмкін.

Біз жинақы кәсіби Үкімет қалыптастыруда көп нәрсеге қол жеткіздік. Басы артық қызметтер мен буындарды қысқарту, басқару үдерісін орталықсыздандыру арқылы, атқарушы билік құрылымын одан әрі де жетілдіре түсу керек. Сонымен бір мезгілде, министрліктер мен ведомстволардың өздеріне тапсырылған қызметтерді орындаудағы рөлі мен жауапкершілігін күшейту қажет.

Сондай-ақ, «Электронды үкімет» қалыптастыруға іс жүзінде кірісетін уақыт жетті. Бұл құрамы жағынан шағын, өз қызметінде мөддір іс-қимылды Үкімет болмақ. Ол халық пен шенеуніктер арасындағы тікелей байланысты азайтуға мүмкіндік беріп, қызмет көрсетудің сапасын арттырады және мерзімін қысқартады. Мұның өзі жаңа әкімшілік реформаға және мемлекеттік аппаратты қысқартуға әкеледі. Мұндай жұмысты іске асыру үшін компьютерлік сауатсыздықты жоюдың және халықтың Интернетке қолжетімділігін қамтамасыз етудің көлемді бағдарламасы қажет.

Мұны Үкіметке тапсырамын, ал азаматтарымызды, әсіресе, жастарды өткен ғасырдың 30-шы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгеніндей, компьютерлік сауаттану жөніндегі кең ауқымды іске шақырамын.

Мемлекеттік басқарудың деңгейі мен ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасын айтарлықтай арттыру мақсатында мемлекеттік қызметте, мемлекеттік қызметшілерді дайындау мен қайта дайындау жүйесінде байыпты өзгерістер талап етіледі.

Мемлекеттік қызмет академиясының қызметі түбегейлі қайта құрылуға, оның материалдық базасы нығайтылуы және қаржымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Саяси қызметші лауазымына қабылдау кезінде академияда оқығаны ескерілуге тиіс.

Академияның жанынан зерттеу орталықтары жүйесін ашып, оларда жұмыс істеу үшін таңдаулы профессор-оқытушы кадрларын тарту қажет.

Академия бітірушілерінің санын едәуір ұлғайту керек.

Биылғы жылдан бастап біз мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын 50 %-ға өсірдік, мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғауды арттыру жөніндегі жұмысты одан әрі де жалғастырамыз. Бірақ еңбекақының өсуімен бірге, мемлекеттік қызметшілердің өздеріне де: олардың кәсібилігіне, патриоттығына, тәртібіне, моральдық және адамгершілік келбетіне деген талап та күшейе түсетін болады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары қатаң қудалануға тиіс: бұл үшін қажетті заңдар қолда бар.

Мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, Интернетті қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс және мүмкіндігінше ағылшын тілін білуі жөн, ал болашақта бұл талап та міндеттілікке айналады.

Біліктілік талаптарын қатайту және аттестаттау комиссияларының жұмысын барынша қағидатты ету қажет болады.

3.2. Ішкі саясат

Өткен және үстіміздегі жылы қоғамымызды менің өткен жылғы Жолдауымда белгіленген 5 бағыт шеңберінде одан әрі демократияландыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын боламыз. Олар күшінде қалады және оларға қосымша мынадай жайттарға назар аудару қажет.

Біз үш қағидатты элементке: азаматтық қоғам институттарын дамытуға, орталықсыздандыруға, тұрақты саяси-партиялық жүйе құруға ден қоюға тиіспіз. Тұрақтылықты, демократияны және азаматтардың құқықтарын қорғауды нығайту жөнінде қадамдар жасау қажет.

Біріншіден, жаңа сайлау тетіктерін енгізу, саяси үдерістің әрбір субъектісінің рөлі мен орнын нақтылау мәселелерін пысықтағанымыз жөн. Біз партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін реттейтін заң нормаларын жетілдіре отырып, партиялық-саяси жүйемізді одан әрі дамытатын боламыз.

Қазір қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары туралы және сайлау туралы жаңа заңдар қызу талқылануда. Олардың атына сын-ескертпелер де айтылып жатыр. Естеріңізге сала кетейін, партия мүшелерінің саны 50 мыңнан кем болмауы керек деген тұрғыда заңнамалық түзетулер қабылдағанмызда, бұл еңсерілмейтін кедергі деп аталған болатын. Бірақ қазіргі сәтке бұл деңгейді оңай еңсерген 9 партия тіркеліп үлгерді, енді әлгі түзетудің демократиялылығына ешкім де күмәнданбайды. Қазіргі БАҚ туралы және сайлау туралы заңдар да сондай болады.

Жаңа сайлау заңнамасының нормалары барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары қызметіндегі кәсібилік пен мөлдірлік деңгейін көтеруге бағытталған. Парламенттегі, жергілікті сайлау органдарындағы партиялық фракциялардың өкілеттіктерін заңнамалық айқындау туралы да ойлану қажет. Партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар қызметін отандық заңды және жеке тұлғалар тарапынан қаржыландыру мәселелері жөнінде құқықтық шешімдер әзірлеп, қабылдау талап етіледі. Үкіметтік емес секторды қолдау сапалы жаңа деңгейге көтерілуге тиіс.

Сайлау блоктарының қызметін құқықтық реттеу туралы мәселе де өзекті болып табылады.

Екіншіден, Демократияландыру және азаматтық қоғамды одан әрі дамыту жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңестің әлеуеті әлі де болса кең көлемде пайдаланылған жоқ. Кеңестің тек билік үшін ғана ұсынымдар берілетін «дөңгелек үстел» болып қалмауы маңызды. Тұрақты жұмыс істейтін кеңесте

кабылданған шешімдер партиялардың күш-жігерімен Парламенттегі өз өкілдері арқылы, ал үкіметтік емес ұйымдар нақты әлеуметтік маңызды жобаларға қатысу арқылы іске асырылуға тиіс.

Үшіншіден, осы жылдың күзінде партиялар үшін саяси кемелділік емтиханы болып табылатын Парламент Мәжілісіне сайлау өтеді. Біздің ортақ парызымыз – сайлауды заңға қатаң сәйкес түрде өткізуді қамтамасыз ету.

3.3. Сыртқы саясат және қауіпсіздік

Біздің заманымыздың ерекшелігі терроризмге қарсы белсенді күрес болып отыр. Ресей мен Испаниядағы соңғы оқиғалар баршаны дүр сілкіндіріп, терроршылардың айуандық әрекеттерінен қорғалған, сірә, бірде-бір мемлекеттің жоқтығы туралы ойлануға мәжбүр етті. Ешбір кінәсіз бейбіт азаматтар қаза табуда. Біз үшін өңірлік және халықаралық күш-жігерді, оның ішінде халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, есірткі трафигімен және басқа да адамзатқа қауіп төндіретін сындар және қатерлермен күресте жұмылдыру, міне, осы себепті де өте-мөте маңызды.

Бүгінгі таңда Қазақстан барлық көрші мемлекеттермен тұрақты, болжамды қарым-қатынас жасап отыр.

Тиімді халықаралық ынтымақтастықтың берік жүйесі құрылды. Біз Шығыс және Батыс елдерімен өзара пайдалы екі жақты қатынастарды дамыту жағындамыз.

Қазақстанның сыртқы саясаты елдің жедел экономикалық дамуына, оның әлемдегі маңызын көтеруге ықпал етуге бағдарлануға тиіс.

Қазақстан өзін ықпалдасу мен көп қырлы ынтымақтастықты табанды жақтаушы ретінде көрсетті. Осыған байланысты Бірыңғай экономикалық кеңістік, ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Орталық Азия ынтымақтастығы шеңберіндегі жұмысты жалғастыру керек.

Ресей – Қазақстан үшін аса маңызды ел. Біз ортақ геосаяси жағдайда тұрмыз, бетпе-бет келетін проблемаларымыз да ортақ. Біздің әлемдегі көптеген үдерістерге көзқарастарымыз ұқсас, оларды іске асыру керек. Қол жеткізілген экономикалық интеграция мен сенімнің биік деңгейі одан әрі жалғасын табуы тиіс.

Қазақстан АҚШ-пен өзара қарым-қатынастың қол жеткізілген деңгейін жоғары бағалайды. Біз Америкамен ынтымақтастықтың оңтайлы сыртқы жағдайларды дамытуды қамтамасыз ету үшін маңызды екенін жақсы түсінеміз. Америкалық компаниялардың Қазақстанға инвестиция салуы ынтымақтастықтың маңызды факторы болып табылады. 25 млрд доллар тікелей шетелдік инвестициялардың шамамен 7,5 млрд-ы АҚШ-тың үлесіне тиесілі. Біз екі елдің мүдделерін есепке ала отырып, бұдан әрі де неғұрлым кең ауқымды ынтымақтастыққа үміт артамыз.

Көршіміз Қытаймен тұрақты және достық өзара қатынастарымыз маңызды. Бұл – біздің екі жақтың мүддесін білдіретін барлық мәселелер бойынша

тұрақты үндесу жүргізіліп отырған сенімді серіктесіміз. Бізге өзара сауда-саттық көлемін өсіру үшін жұмыс істеу қажет. Бұған біз қол жеткізген өзара түсіністіктің биік деңгейі жәрдемдесетін болады.

Маңызы бұдан кем емес тағы бір басымдық – Орталық Азия елдері. Біздің көршілерімізбен экономиканы, тиісінше, елдер мен халықтардың өздерін де жақындастыра түсу үшін белсендірек жұмыс істеуіміз керек. Біз, сондай-ақ, Қазақстан шекарасының оңтүстік шептеріндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызын да жақсы түсінеміз.

Еуропалық Одақ біздің ірі сауда-экономикалық серіктесіміз болып табылады және бұл жерде Қазақстан мүдделерін ілгерілету мен қамтамасыз ету тұрғысында белсенді жұмыс жүргізу керек.

Біздің Түркиямен, күллі мұсылман әлемімен жақын қатынастарымыз да тұрақты назарда болуға тиіс.

Жоспарларымыздың іске асырылуы, әрине, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударуға көңіл бөлуді талап етеді.

Жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге қарсы күресте ТМД елдерінің күш-жігерін жұмылдыру бойынша бастаманы іс жүзіне асыруға ден қою қажет.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің мақсатын одан әрі іске асыру жөніндегі тынымсыз жұмысты жалғастыру аса маңызды.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымындағы қызметті қалыптасып отырған өмір шындығына мейлінше бейімдеген жөн.

Қарулы Күштерді реформалауды жалғастыру қажет. Тиісті мемлекеттік органдардың алдында тұрған негізгі міндеттер армияны кәсібилендіру және оның материалдық-техникалық базасын жақсарту болып табылады. Біз жасақтау жүйесін жетілдіру, әскери қызметшілердің мансабын жоспарлау, резерв жасау мәселелеріне назар аударуымыз керек. Жұмыстың маңызды бағыты елдің әскери жоғары оқу орындарында және университеттердің әскери кафедраларында офицерлік құрамды даярлау болуға тиіс. Армияның материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қару-жарақтар мен әскери техника санын оңтайландыру жөнінде шаралар қолдану қажет.

Осы Жолдауда белгіленген міндеттерді іске асыру мақсатында Үкімет пен әкімдер 2005 жылғы бюджетте қажетті қаржыландыруды қарастыруы, сондай-ақ, үстіміздегі жылғы бюджетті нақтылау бойынша тиісті ұсыныстарды енгізуі керек. Парламентке тиісті заңдар қабылдау қажет болады.

Қымбатты отандастар!

Біз алдымызға келешекке бағытталған күрделі бір қарағанда орындалуы қиын міндеттер қойып отырмыз. Сонымен бір мезгілде, осыдан 15 жыл бұрын Қазақстанның шеткері жатқан одақтас республикадан елеулі қаржылық және зияткерлік ресурсы бар тәуелсіз мемлекетке айналарына ешкім сенбегенін естеріңізге сала кетейін. 10 жыл бұрын Қазақстанның 50 млн тоннадан астам мұнай өндіретініне (яғни, 2 еседен астам

өсіммен), елордасын Алматыдан Астанаға көшіріп, өз жасанды жер серігін ұшыратынына сенген адам кем-де-кем болатын. 5 жыл бұрын Ұлттық қор мен Даму банкіні құру қажеттігі туралы ешкімнің тыңдағысы да келмеп еді.

Жоспардан өмірдің батылырақ екенін өз тәжірибеміз көрсетіп отыр. Француз ойшылы Люк де Вовенарг атап өткендей, «қолынан ұлы іс келмейтіндер ұлы бастамаларға да қырын қарайды». Біз Қазақстанның батыл бастамаларға дайын екенін, ал қазақстандықтардың оларды іске асыруға қабілетті екенін дәлелдедік.

Енді соны тағы бір рет паш етейік!

Ендеше, біз уақытпен қатар қадам баса алатынымызды көрсетейік. Иә, біз кезінде былайғы дүниеден көп кейіндеп қалдық, ендігі жерде тізімнің соңында қалғымыз келмейді. Алға кеткен әлемдік өркениет көшінің шаңын жұтқымыз келмейді. Ал бұл үшін бәріміз өз күш-қуатымызды, халқымыздың бойындағы барлық зияткерлік қабілет-қарымды бір жұдырыққа жұмылдырып, оның әлеуетін пайдалану керек. Мен Қазақстанда жоғары жетістіктерге қол жеткізе алатын аса көрнекті ғалымдардың туатынына сенімдімін. Мен орта бизнестің нығайып, жаңа жұмыс орындарын құратынына және бүкіл еліміз бен барлық қазақстандықтардың игілігіне қызмет ететініне сенімдімін. Біздің Қазақстанымыз байып, дамитын болады, ал біз елімізді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясында өзіміз белгілегендей, тек алға қадам баса беретін боламыз!

**«Еуразияшылдық: идеядан практикаға»
атты халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияда**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 2 сәуір

Қадірлі конференцияға қатысушылар!

Еуразиялық Одақ идеясы жарияланғаннан бергі 10 жыл ішінде әлем қатты өзгерді. Жаңа жүзжылдықта жаңа қатерлер мен сес көрсетулер, жаңа тәуекелдер мен жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Жаһандану үдерісі барлық өрістерде барған сайын ауқымды сипат алуда. Әлемнің геосаяси пішін үйлесімі мықтап жаңаруда. Әлемнің көптеген өңірлерінде этностық және діни жанжалдар күрт шиеленісті, терроризм, амал қанша, тіпті Еуропаның өзінде әдеттегі құбылысқа айналды.

Сөйте тұра Еуразиялық Одақ моделінің негізіне алынған көптеген идеялардың өз көкейкестілігін сақтап қалуы таңғаларлық факт күйінде қалып отыр.

Еске салайын, онда әңгіме принципті 4 жағдай туралы болған-ды.

Біріншіден, интеграция ең алдымен экономикалық орындылыққа негізделіп, тек прагматикалық сипатта бола алады.

Екіншіден, көп қатпарлы және әртүрлі жылдамдықтағы кірігу идеясы.

Үшіншіден, қауіпсіздікті тек бір елдің күш-жігерімен қамтамасыз ету мүмкін емес, өңірлік қауіпсіздік тетіктерін іздестіру қажет.

Төртіншіден, интеграцияның еріктілігі.

Модельдің 10 жыл бұрын ұсынылған нақ экономикалық құрамдасы практикалық тұрғыдан жұмысқа қабілетті болып шықты. Біз ескі саяси құрылымдарды емес, бұрынғы КСРО-ны қалпына келтіруді емес, ұлттық мемлекеттердің экономикасы ықпалдастық арқауы бола алатынын басшылыққа алғанбыз.

Нақты тәжірибе мынаны көрсетті: әртүрлі елдерді байланыстыратын өткен саяси тарих та, мәдениет пен тілдер бірлігі де, қуатты этностық диаспоралардың болуы да ықпалдастық үдерістері үшін жеткілікті негіз бола алмайды.

Кірігудің нақты басты ауаны – экономикалық мүдде. Бірақ сол мүдде практикалық іске айналуы үшін экономикалық институттар мен заңдық арқаудың бірлігі қажет.

Бұрынғы байланыстарды жай ғана қалпына келтіру мүмкін де емес, керек те емес. Осынау 10 жылдың барысында біз ескі сарын негізінде кірігуге кірісу әрекеттері бос әурешілік екенін көрдік. Оның себебі өте қарапайым.

Солтүстік Америкадан Оңтүстік-Шығыс Азияға дейінгі әлемдегі тиімді өңірлік бірлестіктерге қарасақ, олар бірыңғай экономикалық институттарға негізделген екен. Қысқасы, кірігу белгілі бір алғышарттарда ғана жүзеге асуы мүмкін. Ол алғышарттарды мемлекеттердің өздері жасайды.

Екінші идея – әртүрлі деңгейлі және әртүрлі жылдамдықтағы кірігу қажеттілігі – толық қуатталды. Интеграцияны бір өріске ғана саюға болмайды. Осынау жылдар ішінде біз барынша сан алуан кірігу бірлестіктерін – Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы секілді әскери, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық секілді экономикалық, Шанхай ынтымақтастық ұйымы секілді жалпысаяси бірлестіктерді көрдік.

Ықпалдастықтың деңгейі өз міндетін орындайды. Бұл идеяның басқа жағы – әртүрлі мерзімді кірігу. Сонау бір кезде мұны ойлағандар аз болды. Интеграция бола ма, болмай ма деген мәселеге тіреліп тұрғандай көрінді. Бірақ нақты дилемма басқада еді: әртүрлі елдердің интеграцияға дайын немесе дайын еместігінде еді.

Онжылдық көрсеткеніндей, шынында да, елдердің ықпалдастыққа дайындығы әртүрлі дәрежеде екен. Ол ол ма, кірігудің жолдарына көзқарастың өзі әртүрлі

болып шықты. Мұның өзі заңды нәрсе, өйткені экономикалық және мәдени тартылыс аймақтары уақыт өте келе мықтап өзгереді. Мұнан қара аспанды төндірудің керегі жоқ.

Бұл – ұлттық мүдделердің қисынынан туындайтын табиғи үдеріс. Сондықтан күні бұрын базалық модельге енгізілген Еуразияның орасан кеңістігіндегі кірігу үдерістерінің әрқилы жылдамдығы саясаткерлердің жамандық немесе жақсылық көздеуінің нәтижесі емес. Оны енгізген өмір шындығының өзі.

Үшінші вектор – өңірлік қауіпсіздік. Сол кезде халықаралық терроризмнің бүгінгі ауқымын шамалап айтудың өзі қиын болатын. Алайда өңірдің дәстүрлі саяси құрылымындағы жаңа, жүйеден тыс күштердің белсенділігімен байланысты мазалайтын кейбір дабыл қағарлық жайлар.

Біз есірткі соқпақтарын, ұлтаралық қылмыстылық проблемаларын өңірдің бір елінің күш-жігерімен шешу мүмкін еместігін түсінгенбіз. Мұның үстіне, сол кезде «жанармай қоймасы» болып қала берген «ауған тұзағы» бізді мазаламай қоймайтын-ды.

Осының бәрі өңірлік қауіпсіздіктің жаңа формуласының қажеттігін талап етті.

Біз біртұтас ядролық қалқанның енді жоқ екенін, жекелеген ұлттық мемлекеттердің әуе қорғаныс жүйесі және шекаралық инфрақұрылымы енді-енді жасала бастағанын, бұл әрқилы экстремистік күштер үшін өңірдің «тартымдылығын» күрт арттырғанын білетінбіз.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі секілді құрылымдардың, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің аясында қыруар іс атқарылды.

Көбіне осының, сондай-ақ терроризм пен күрес жөніндегі халықаралық коалиция қызметінің арқасында өңірдегі ахуал орта мерзімді перспективада едәуір тұрақты және болжауға боларлықтай айқын. Бірақ біздің жағдайымызда кірігудің негізгі платформаларының бірі ретінде өңірлік қауіпсіздіктің анық нобайлануы нақ Еуразиялық Одақ жобасында жария етіліп, көбіне практикалық іс-қимылдың бастауына айналды.

Біз әу бастан-ақ интеграцияның түп-түгел еріктілігін жақтадық. Бұл принципті мәселе. Амалсыз кірігудің әртүрлі сценарийлері тек бір қарағанда жақсы болып көрінеді. Гәп мынада: бұл қазіргі жағдайдағы кірігудің түпкі мәнінің өзіне сәйкес келмейді.

Өткенде өңірлік бірлестіктер «темір перделер», экономикалық автаркизм қағидаттары бойынша құрыла алса, бүгінде жаһандану ондай кедергілерді оп-оңай қиратып өтеді. Мұнда аңгіме экономикалық немесе мәдени ғаламдастыру туралы ғана емес. «Терроризмнің жаһандануы» деген неологизмді қолдануға тәуекел етпекпін.

2001 жылғы 11 қыркүйек және 2004 жылғы 11 наурыз – терроризмнің өңірлік күш емес, шын мәнінде ғаламдық күшке айналғандығының сұмдық екі белгісі. Ал

ғаламдастырудың экономикалық қырларына келсек, ерікті қалаудан өзге іргетасқа негізделген кез келген кірігу тез қиратыла алады.

Мұның үстіне, әрбір халық үшін ұлттық тәуелсіздік пішін жағынан емес, мәні жағынан абсолютті басымдық деген қарапайым жайды түсіне білу қажет. Шығыс Еуропада ондаған жылдар бойы жасанды экономикалық блоктан шығуға ұмтылыстың жанды болғанын және нақ сол елдер Еуропалық Одаққа құлшына ұмтылғанын өзіміз көрдік. Тарихтан тағылым ала білу керек.

Еріктілік және төл ұлттық мүддені анық түсіну – тек осылар ғана кірігуді бос қиял емес, нақты нәрсе етеді.

Идеяның болжамдық әлеуеті жаман болып шықпағаны айдан анық. Бірақ сөз астарын уақыттың өзі өзгертеді, сөйтіп біз бүгін осынау модель мәні жағынан жаһандану әлеміне ың-шыңсыз кіруге өңірлік бейімделу әрекеті болды дей аламыз.

Жаһанданудан тек игілікті көруге болмайды. Оның өзімен бірге өскелең өзгерістерді ала келетіні соншалық, әлемнің көптеген өңірлері шешілмес проблемаларға тап болды. Және өткен ғасыр үшін дұрыс болған көзқарастар жаңа жүзжылдықта табалдырық сыртында қалды. Дамыған елдер әлемдік шикізатты шалғай елдері жай ғана қанай береді деген идея ұзақ жылдар бойы танымал болып келген еді.

Бүгінде мәселе басқаша: планетаның тұтас бір өңірлері «ұмтылған аймақтардан» бір-ақ шықты. Жаһандық базарлардағы бәсекелестік деген сөз

өзекті сөзге айналып келеді. Өңірдің көптеген елдерінің ондаған жылдар бойы қордаланған технологиялық тұрғыдан артта қалғандығы, бұрынғы мемлекеттіліктің коллапсы, ғаламат экономикалық дағдарыс салдарынан ғаламдық сапарға жеке дара шығу төтенше ауыр.

Өңірлік кірігу шеңберінде ғаламдық бағдарларға неғұрлым жұмсақ бейімделу – барынша әдепті де ақталатын қадам. Еуропадағы нақ өңірлік кірігу әлуеті бізден әлдеқайда кем көптеген шағын еуропалық елдердің ғаламдастыруға ойдағыдай бейімделуіне мүмкіндік беретінін ешкім де жоққа шығара алмайды ғой.

Уақыт еуразиялық модельдің қосымша өлшемін – өңірлік кірігу арқылы жаһандық базарларға шығу деген өлшемін ашып берді. Жаһандық базарларға елудің басқа да қуатты тетіктері барлығынан көп нәрсені істей алмағанымыз – басқа мәселе. Бірақ өңірлік кірігудің анық мүмкіндіктері бар екенін бүгін де ұмытуға болмайды.

Бір немесе басқа модельге баға бергенде, маңыздысы тек болашақтағы немесе бүгінгі көзқарас емес. Маңыздысы ахуалды «іштен» модель жасалған уақыт биігінен қарап пайымдау.

Сол кезде, 1994 жылы, біздің дағдарысты ахуалда болғанымыз соншалық, кез келген теориялау мәнсіз тірлік секілді көрінетін еді. Тек жан бағудың жайымен жанталасып жататынбыз. Нақ сол кезде кейбір әңгүдіктер жаңа тәуелсіз мемлекеттердің шекараларын қайта қарауды ұсынып жатты.

Екінші жағынан, ұлттық тәуелсіздікке ие болумен төл мемлекеттік туралы ғасырлар бойғы арман интеграция идеясын қандай да бір қоғамдық қолдаудан ада ететіндей көрінді. Көптеген елдерде ұлттық элита тіпті бұл мәселені қозғаудың қажеттігіне күмәнмен қарады. Мұның өзі мейлінше табиғи әрі түсінікті реакция болатын.

Болашақтың үнін естімейтіндерді болашақ әрқашан оқыстан басады. Сондықтан, әлемдегі өңірлік ықпалдастық тәжірибесін, экономика мен қауіпсіздік өрістеріндегі кейбір ең жаңа үрдістерді мұқият зерттеп, біз сондай идеяны ортаға салдық.

Осыдан 10 жыл бұрынғы мәтінді мұқият оқу модельге енгізілген прагматикалық экономикалық мүдде, кірігудің әртүрлі деңгейі мен әртүрлі жылдамдығы, өңірлік қауіпсіздік және еріктілік принциптері ұлттық егемендікке ешқандай қатер төндірмейтініне және жаңа жүзжылдық міндеттеріне мейлінше сай келетініне сендіреді.

Осындай прагматикалық түсіну бүгінде Ресей Президенті Владимир Владимирович Путинге де, Еуразия елдеріндегі әріптестерімнің көпшілігіне де тән.

Осынау идеяға елеулі қолдау жасаған ғылыми қоғамдастыққа ерекше ризашылығымды айтқым келеді.

Мен сонда бекерден-бекер Мәскеу университетінде сөйлегем жоқ. Күнделікті ағыстан биік көтерілу, сөйтіп шындықтың жасырын құрылымын көре білу шын ғалымдарды әрқашан ерекшелеп тұрады.

Жасырмаймын, сол қолдау соңғы 10 жылда жүргізілген қиын жұмыста маған күш беріп отырды.

Біз бүгін ұлы еуразияшыл тұлға Лев Николаевич Гумилев есімін иеленген университетте жиналғанымыз да нышандық терең жәйт. Баршаңызға өз алғысымды білдіріп, сіздерге жемісті жұмыс тілегім келеді.

Мемлекеттік кадр саясатының
мәселелері жөніндегі кеңесте

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 12 сәуір

Қадірлі кеңеске қатысушылар!

Бүгін мен сіздермен мемлекеттің кадр саясаты мәселелерін талқылағым келеді.

Өздеріңіз білесіздер, осынау кезең ішінде жүргізілген реформалар Қазақстанды экономикалық реформалар мен кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте даму қарқыны бойынша көшбасшылар қатарына қосты. Бұл істе мемлекеттік аппарат сіңірген еңбек аз емес.

Оңтүстік-Шығыс Азияның «аждаһалары» мен «жолбарыстары» «үшінші» әлемнен «біріншісіне» дамудың анық стратегиясы мен жақсы ұйымдастырылған

отаншыл шенеуніктерінің арқасында тарихи секіріс жасағаны белгілі.

Бірақ олар өз-өзінен пайда болған жоқ. Мемлекеттік аппарат әлпештеп өсірілді, мақсатты күш-жігер жұмсалған жылдары да шынықтырылды.

Реформалардың бастапқы кезеңінде біз нарық жағдайында жұмыс істей алатын басқарушылардың жетіспеуінен қатты қиналды.

Бізге іс барысында үйренуге тура келді. Біз шетелдік тәжірибені алып, оны өз жағдайымызға бейімдедік.

Бұл үшін біз шетелдік кеңесшілер мен консультанттарды шақырып, олар бізге базарлы экономиканың әліппесін бастап үйретті.

Бірақ біз стратегиялық тұрғыдан елдің ішінде де, сыртында да, басқарушы жас кадрларды тәрбиелеуге сүйендік.

Президент жанында Жоғары экономикалық кеңес құрылып, оған өткен күннің қасаң қағидаларынан қажымаған жас мамандар тартылды. Соның арқасында әртүрлі министрліктер мен ведомстволар үшін кадрлар нақ солардың ортасынан өсіп шықты.

Менің жарлықтарыммен кадрлардың жаңа буынын даярлау орталықтары құрылды. Олар Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты мен Мемлекеттік қызмет академиясы.

10 жылдай уақыттан бері президенттік «Болашақ» бағдарламасы жұмыс істеп келеді, ол бойынша жастарымыз әлемнің ең таңдаулы университеттерінде оқуда.

Сол түлектер көптеген мемлекеттік мекемелерде ойдағыдай жұмыс істеуде.

Біз жаңа басқару құрылымын жасап, ескі әміршілік-әкімшілдік жүйемен қош айтысу міндетін қойдық.

Осы заманғы мемлекеттік аппаратты құру және билік вертикалін жасау мәселесі екінші белесте шешіліп, ол елде 1995 жылғы конституциялық реформаны жүргізумен байланысты болды.

Нақ сол кезде біз бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесінің негізін қаладық.

Заң күші бар, «Мемлекеттік қызмет туралы» Жарғының қабылдануымен оны дамытудың заңдық арқауы да құрылды.

Үшінші белесте Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес мемлекеттік қызмет пен тиімді басқарудың осы заманғы тиімді жүйесін жасау басымдықтары белгіленді.

Стратегияда: «Жаңа буын шенеунігі – отаншыл да әділетті, өз ісіне адал және кәсіби маман халық қызметшісі» делінген. Бұл міндетті орындау үшін «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заң қабылданып, төртінші белес басталды.

Қазақстан мемлекеттік қызметтің аралас моделіне тоқталды, ол карьера жүйесінің де, позициялық жүйенің де күшті жақтарын ұштастырады. Ол мемлекеттік аппараттың тұрақтылығына және шенеуніктердің қызмет бабымен өсуіне кепілдік береді. Сонымен қатарластыра біз қызметте еңбегіне қарай

өрлеудің, яғни – меритократияның қағидаттарын дамытамыз.

Барлық белестерде басты стратегияның міндеті қоғам мен мемлекеттің мүддесін тайсалмай қорғауға тиісті жинақы мемлекеттік аппарат құру болды.

Қазір елде сондай кәсіби мемлекеттік қызмет қалыптастыру үшін барлық алғышарттар бар.

Қысқа мерзім ішінде біз құқықтың мемлекеттік қызметтегі қатынастарды реттейтін тұтас бір саласын іс жүзінде жасадық.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту бағдарларын мен өз жолдауларымда да белгіледім.

Ал мына кеңесте бізге кадр саясатының нақты міндеттерін белгілеу қажет. Ол міндеттер ел алдында тұрған стратегиялық мақсаттарға жетуге қызмет етуге тиіс.

Біз енді әлемдік нарық жүйесінің бір бөлшегіміз. Жаһандану бізге жаңа сын-қатерлер төндіруде. Оларға тиісінше жауап қайтара алатынымыз біздің жаңа, неғұрлым күрделі мәселелерді шешуге дайындығымыздың дәрежесіне тікелей қатысты. Ал бұған мемлекеттің аппараттың аса жоғары тиімділігі мен жауапкершілігі болғанда ғана қол жетеді.

Тағы да атап көрсетейін: мемлекеттік қызметшілердің санын емес, мемлекеттік басқару жүйесінің сапасын арттыру керек. Әртүрлі сылтаулармен мемлекеттік органдар санын ұлғайту әрекеттерін тоқтатыңыздар. Бұл айтқаным биліктің барлық буынына бірдей қатысты.

Біз жоғары ақпараттық технологияларды дамыту, индустриялық-инновациялық бұзып-жару, озық батыс елдерінің деңгейіне жету туралы көп айтамыз. Ал осынау ауқымды міндеттерді шешу, бірінші кезекте, билік институттарының тиімділігін арттыруға байланысты және мемлекеттік аппараттың уақыттың жаңа сарындарына қаншалықты сәйкестігіне тікелей тәуелді.

Істің мәніне келсек, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру табалдырығында біз басқарушылық шешімдер өрісінде де жаһандық бәсеке алдында тұрмыз.

Әлемдік нарық жүйесінде трансұлттық корпорациялар белсенді ойыншыларға айналып келеді.

Айтарлықтай қаржылық және зияткерлік ресурстар, осы заманғы менеджментті пайдалану және үздік кадрларды тарту арқасында олар өз әлеуеті жағынан жеке мемлекеттер сияқты ірі күшке айналып келеді.

Сондықтан біз мемлекеттік және жеке меншік секторлардағы басқару тәжірибесін ұштастыратын тиімділігі жоғары мемлекеттік қызмет жүйесін жасауға тиіспіз.

Елге отаншыл, саяси жағынан бейтарап, іске адал, кәсіптік жағынан даярланған, заң мен мемлекеттік мүдделер күзетінде бекем тұратын адамдардан құралған мемлекеттік аппарат қажет.

Басқаша болса, экономикалық, әлеуметтік және саяси реформаларды «жоққа шығаруға» саятын зор тәуекел қатері төнеді. Ол ол ма, әкімшілік реформа одан арғы өзгерістердің қозғаушы күші бола алады және болуға тиіс.

Сондықтан таяу болашаққа маңызды міндеттердің бірі мемлекеттік қызмет көрсетудің халықаралық стандарттарына көшу және 2010 жылға дейінгі Қазақстан дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметті жаңғырту.

Осыған байланысты Үкіметке 2005 жылдың аяғына дейін барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарды толық компьютерлендіруді, оларды электронды поштаға қосуды, «Электронды үкімет» жүйесін ендіруді тапсырамын. Осының бәрін әкімшілік рәсімдерді одан әрі нақтылаумен, дәлелдей түсумен нығайту қажет. Бұл үшін заңдық арқау бар.

Кімде-кім мемлекеттік қызметте қалғысы келсе, менің Қазақстан халқына Жолдауымда айтқан компьютерлік сауаттылық туралы шақыруыма байланысты көңіл бөлуге тиіс, керісінше болса, олар «Электронды үкімет» жағдайында жұмыс істей алмайды.

Үстіміздегі жылдың аяғына дейін кадрларды басқарудың ақпараттық жүйесін ендіру қажет, ол мемлекеттік қызмет кадрларының жедел мониторингін өткізуге және резервті тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Азаматтық қызмет туралы мәселені заң жолымен реттеу қажеттігі туралы бөлек айтқым келеді. Ол 1 млн-дай адамды қамтиды. Олар – дәрігерлер, мұғалімдер, әлеуметтік қызмет қызметкерлері және бірқатар басқа қызметкерлер. Қоғамдағы тұрақтылық, балаларымыздың болашағы, ұлттың денсаулығы көбіне-көп қызметкерлердің нақ осы категориясына тәуелді.

Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне бұл мәселені ерекше бақылауға алуды, оның шешімін ұзартып жібермеуді тапсырамын.

Енді өкілеттіктерді жіктеп бөлу туралы.

Таяу уақытта біз 150-ден астам заңға мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді жіктеп бөлу мәселелеріне қатысты түзетулер енгіземіз. Нәтижесінде көптеген өкілеттіктер жергілікті органдарға беріледі.

Осы жай ескеріле отырып, лауазымдарды топтап жіктеу өзгертілетін болады. Тиісінше әкімшілік лауазымдарға топтап жіктеу талаптары жетілдіріледі.

Өңірлік деңгейде жаңа міндеттерді жүзеге асыру үшін бізге біліктілігі жоғары әрі оқытылған кадрлар керек. Бірақ бұған жергілікті билік дайын ба деген сұрақ туады.

Өңірлік деңгейде білімділік деңгейі жеткілікті жоғары болса да – мемлекеттік қызметшілердің 71 %-ының жоғары білімі бар, алайда олардың бірталайының арнайы білімі жоқ, қайта даярлаудан, біліктілікті арттырудан өтпеген. Сондықтан кадрлар даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру мен барлық өңірлерде мемлекеттік қызметшілерді оқытудың бірыңғай стандарттарын ендіру қажет.

Бұл үшін, әлгінде айтқанымдай, Мемлекеттік қызмет академиясының материалдық-техникалық базасын нығайту, оның профессор-оқытушылар құрамын күшейту қажет.

Осының бәрі мына міндеттерді шешуге бағытталған.

Біріншіден, барлық әкімшілік мемлекеттік қызметшілер жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп отыруға тиіс.

Екіншіден, мемлекеттік қызметке тұңғыш рет кіріскен мемлекеттік қызметшілер міндетті түрде Академияда және өңірлік оқу орталықтарында арнайы курстардан өтуі керек.

Үшіншіден, Академияда мемлекеттік әкімшілік жүргізу бойынша магистратура ашу қажет, ол басқару саласы кадрларының элиталық курсына айналуға тиіс, онда шетел тілдері өнікті түрде оқытылып, соңынан үздік шетелдік орталықтарда тағылымдамадан өтетін болуы керек.

Мұндай бағдарлама бойынша қатаң іріктеуден кейін ең талантты әрі болашағы бар жастар оқитын болады. Сондай-ақ Академияда басқарушылық ғылымының ең соңғы жетістіктері негізінде ғылыми-оқытушылар даярлайтын докторантура құрылуға тиіс.

Академияның мемлекеттік қызметшілерді оқытудың өңірлік орталықтары мен мемлекеттік қызметшілерді оқытатын оқу орындары жөніндегі үйлестіруші рөлін күшейту де маңызды.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке мемлекеттік қызмет кадрларын оқыту жүйесін дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жобаларын даярлауды тапсырамын.

Мемлекеттік қызметшілерді оқытуға құрылған Еуразиялық орталық арқауында қазақстандық жоғары буындағы басқарушылар үшін семинарлар ұйымдас-

тырып, оларға шетелдік ғылымдар мен практиктерді тарту қажет.

Қазіргі белесте мемлекеттік қызметтен өтуге, қызметте өсуге және басқарушы элитаны қалыптастыруға байланысты мәселелер ерекше рөл атқарады.

Кәсіптік мамандығы жоғары мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік қызметте бекіту, кадрлардың қажетті тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізу рәсімдерін жетілдіру қажет.

Мемлекеттік басқару академиясы мемлекеттік басқару деңгейін және олардың қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, заңдарды қаншалықты білетінін анықтау үшін әрқилы әдістемелер мен тесттер әзірлеуге тиіс.

Соңғы жылдары, заң нормаларына қарамастан, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жоғары буынын жаңа саяси басшылардың келуімен алмастыру оқиғалары жиілеп кетті. Бұл министрліктерге де, әкімдерге де қатысты.

Облыстың, қаланың немесе ауданның жаңа әкімінің тағайындалуына орай іргелі кадрлық тазалаудың дертті практикасын үзілді-кесілді аластау қажет.

Соған қоса, мемлекеттік қызметші қандайда бір ойдан шығарылған себептермен басшылықтың кісәпірлігімен емес, тек қолданыстағы заңдарға сәйкес босатыла алатын жағдайға қол жеткізу керек.

Сіздердің назарыңызды осыған мықтап аударғым келеді. Мұндайда мемлекеттік қызмет зор жұмыс

тәжірибесі бар кәсіби мамандардан айрылады, ал оларға мемлекет айтарлықтай қаржы жұмсаған ғой.

Кадрларды шетелдерде мақсатты даярлауға ерекше назар аудару керек.

Президент Әкімшілігіне және Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне жыл сайын, 2004 жылдың күзінен бастап, орталық басқару органдары қызметкерлерінің қатарынан құрылған топтарды кадрлар даярлаудың үздік шетелдік мектептеріне үйренуге жіберу тетігін әзірлеуді тапсырамын. Бұл орайда курстар бағдарламасы біздің қажеттерімізді ескере отырып әзірленуге тиіс. Алдағы уақытта бұл практиканы өңірлік деңгейге де тарату қажет.

Соңғы кезде кадрларды орталықтан өңірлік деңгейге және керісінше ауыстыру тетігі ұмтылған күйінде қалды. Кадрлар ротациясы кадрлар саясатының өте тиімді құралы екенін ескере отырып, осынау тетікті жаңадан іске қосу қажет.

Келесі маңызды мәселе – мемлекеттің болашағы бар саяси элитасын қалыптастыру. Жақында мен саяси қызметтің кадрлық резервін қалыптастыру туралы жарлыққа қол қойдым. Енді мұнымен арнаулы комиссия айналысатын болады. Резерв әкімшілік қызметшілер мен ұлттық компаниялар қызметкерлері санатынан қалыптастырылуға тиіс. Резервтегілер тестілеуден өтеді, шетелдерге және Мемлекеттік қызмет академиясына оқуға аттандырылатын болады. Мысалға, Сингапурда жоғары саяси лауазымдарға кадрларды іріктеу тұсында мұндай рәсім көптен бері бар.

Сондай-ақ әйелдердің мемлекеттік басқару органдарындағы өкілдігімен байланысты мәселені де қозғағым келер еді. Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің 50 %-дан астамы әйелдер. Бұл тенденцияны сақтау керек. Сонымен бірге, олардың әлеуетін басшы буындағы лауазымдарда кеңірек пайдалану қажет.

Мемлекеттік қызметті одан әрі реформалау тек «техникалық» мәселелерді ғана қозғамауға тиіс. Мемлекеттік қызметтің іргелі қағидаттарының бірі – отаншылдық. Ал ол мемлекеттік тілді білуді де көздейді. Мемлекеттік қызметшілер оны игеруі керек. Үкіметтің оларды оқыту үшін барлық жағдайды жасауы қажет.

Нақ осы арада тағы бір мәселені қозғағым келеді. Мен шетел тілдерін үйренудің маңыздылығы туралы талай рет айттым. Бүгінде біздің елге шетелдік инвесторлар мен бизнесмендер ерекше ілтипат білдіріп отыр. Және де олармен жұмыстың ойдағыдай болуы көп жағдайда олардың тілін білуге байланысты.

Осындай теңдестірілген мемлекеттік тіл саясаты біздің өз ерекшеліктерімізді сақтап қалуымызға көмектесіп қана қоймайды, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа тез кірігуіне де септеседі.

Тағы бір өзекті мәселе – қызметтік этика мен тәртіпті сақтау. Бұл бағытта белгілі бір жұмыс атқарылды. Бірақ ол тым жеткіліксіз.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика ережелерін жетілдіру керек. Олардың негізіне білгірлік, кішіпейілділік, сабырлылық, әдептілік, сыпайылық,

әділеттілік, іскерлік міндеттілік секілді қасиеттер алынуға тиіс. Басшының этикасы жөніндегі бөлім жеке бөліп көрсетілуге тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік қызметте этикалық нормаларды сақтамағаны үшін қызметін төмендету немесе босатуға дейін жауапкершілік шаралары көзделуге тиіс.

Саясаткерлер мен мемлекеттік қызметшілерді мынадай қағидаттарды қасиет тұтуға үйрету керек:

1. Биліктің қызығы мен шыжығын қумай, билікті орнымен жұмсай білу.

2. Өзің мен жақындарыңның емес, өзің қызмет ететін қоғамның игілігін ойлау.

3. «Күнкөріс көзі көлденең табыс шығар?» деген сұрақ өрбімейтіндей өмір сүру.

4. Басқар, бірақ жұрт сенімін аяққа баспа.

5. Лауазымды қызметтерге істі тап-тұйнақтай жүргізе алатындарды таңдау.

Германияда мынадай тәртіп бар: шенеунік анықтама беруге бөлінген белгілі уақытта оны тындыра алмаса айыппұл салынады.

Сингапурда мемлекеттік қызметші этикасының сақталуы қатаң қадағаланады:

– бірде-бір министр ұшақты немесе пойызды кешіктірейін деп ойлай да алмайды;

– ұшақ ішінде өзін бизнес-кластан біріншіге көшіруді өтіне алмайды;

– ол біреуге біреуді қолдауды өтініп телефон соқпауға тиіс. Тек сол біреуді шақырып қана айта алады әрі мұнысын өз басшысына баяндауы тиіс;

– Сый немесе базарлық алса, мемлекеттік қызметші мұны мекеме жанындағы комиссияға хабарлауға тиіс, оларды музейге тапсыру керек пе әлде жеке пайдалануына қалдыра ма, мұны сол комиссия шешеді;

– Бұл тәртіпті бұзғандар этика бойынша тергеу бюросында талқыланады.

Осының бәрі біздің бұл істе қаншалықты артта қалғанымызды көрсетеді.

Басшының халықпен үнемі өзара байланыс жасап отыруға тиіс екенін ерекше атап өтпекпін. Мемлекеттік қызмет – ең алдымен халыққа, жұртқа қызмет ету.

Адамдарды қабылдау барлық мемлекеттік органдар жұмысы жүйесінің табиғи сипаты болуға тиіс.

Батыстың бір елінде қабылдауға жазылған азаматқа қабылданатын уақыты көрсетілетін түбіртек беріледі. Бөлінген уақытта қабылдамай көр, онымен құқық алаңында айқасасың.

Әлемдік тәжірибе мынаны көрсетеді: барлық ұйымдар, ол жекеше ме, мемлекеттікі ме бәрібір, өз әлпетіне шіркеу түсірмеуге тырысады.

Мемлекет өкілдерінің дұрыс имиджін қалыптастыру үшін барлық мемлекеттік органдардың баспасөз қызметтері реформалардың ойдағыдай нәтижелерін көрсету жөнінде БАҚ-пен жүйелі жұмыс істеуге тиіс.

Мен мемлекеттік органдардың барлық басшыларына корпоративтік рухты нығайту мақсатында өз ведомстволарының символикасын әзірлеу жайын ойластыруды ұсынамын.

Бәлкім, мемлекеттік қызметшілер үшін омырауға тағатын арнайы төсбелгілер енгізу де жаман болмас еді.

Мемлекеттік қызметтің абыройы артуына мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын күшейту арқылы да қол жеткізуге болады, олар, тәуелсіз мемлекеттің қаз тұруы кезеңіндегі барлық қиындықтарға қарамастан, адал да мінсіз жұмыс істеуін жалғастыра берді. Қазір, Қазақстанда экономика жедел қарқынмен өсіп келе жатқан кезде, мемлекеттік қызметшілер өз еңбегінің жемісін көруі керек.

Биыл мемлекеттік қызметшілердің жалақысы арттырылды. Бұл орайда төменгі буындардың қызметкерлеріне жалақы жоғары буын қызметкерлеріне қарағанда көбірек өсірілді.

Енді еңбектің нәтижесі мен сапасына бағдарланған ақы төлеу жүйесіне көшу керек. Бұл мемлекеттік қызметшілер үшін жақсы ынталандыру болатынына, мемлекетке қызмет ету абыройын арттыруға мүмкіндік беретініне сенемін.

Біз мемлекеттік қызметшілердің адал жұмысын әлеуметтік кепілдіктер кешенімен өтей аламыз.

Олардың мөлшері мен сапасы адам мемлекеттік қызметтен кетуден, әлгі кепілдіктермен қош айтысудан бұрын 10 рет ойланатындай болуға тиіс. Әсіресе ол заңдарды бұзғаны үшін босатылатын болса.

Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшілерді еңбек пен демалыс үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету мәселелерін кешенді қарауы керек. Бұл мемлекеттік қызмет-

шілердің өз міндетін адал да әділ атқаруының басты кепілдіктерінің бірі.

* * *

Сөзімді қорыта келіп, мынаны айтпақпын: кадрлар – біздің басты ұлттық байлығымыз, бүгінгі және болашақтағы жетістіктеріміздің негізі әрі кепілі. Сондықтан оларды нығайту үшін барлық күшімізді жұмсауға тиіспіз.

Әрине, бұл бір күндік мәселе емес. Бірақ оны ертеңге қалдыруға да болмайды. Және мен берген тапсырмалар мен алға қойған міндеттерді іске асыруға қазірден кірісу керек.

Мемлекеттік қызметшінің асқақ атағын тек ең лайықтылар алып жүруге тиіс. Тек солай және сонда ғана біз осы заманғы, білімді және өркендеген ұлт бола аламыз.

III Еуразия медиа-форумында СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2004 жылғы 22 сәуір

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Еуразия медиа-форумының Алматыға үшінші рет жиналған қатысушылары мен қонақтарын тағы да зор ризашылықпен құттықтаймын. Форум өңірлік және жаһандық дамудың ең күрделі проблемалары бойынша пікір алысу үшін нақты алаңға айналды. Бұрынғы кездесулерде белгіленген жоғары меже осы форумда да сақталады деп білемін.

Осы заман тарихы деп аталатын бейберекет фактілер үйіндісінде болашақтың сұлбасы барған сайын

анық көріне бастады. Ол 10 жыл бұрын «ақырзаманның» жақтастары бізге сызып бергендей бір соқпақты болмақ емес. Керісінше, қауіп-қатерлер мен сын-қатерлерге, мүмкіндіктер мен технологиялық арындарға толы, тұрақсыз, бірақ болжауға болатын, қысқасы, абстрактілі кабинеттік схема емес, жаңа тарихтың жанды көрінісі.

Кезінде Шопенгауэр «адам атаулы өз дүниетанымының шегін әлемнің шегі деп қабылдайды» деген екен. Тегінде әрбір дәуір де өз түсінігінің шегін әлемнің шегі деп қабылдайтын болар. Бұл екі арада, ХХІ ғасырда жаңа дилеммалар нобайланды, оларды талдамай тұрып, тіпті ең таяудағы оқиғаларды болжап айту қиын.

Жаһандық қоғамдастық деп аталып жүрген нәрсені төрт жасырын құрылымдық шиеленіс анықтайды.

Біріншіден, бұл осы заманғы өркениет пен мораль мен құқық атаулының шегінен шығып кететін күшке сүйенген жауаптардың арасындағы қақтығыс. Оңайлатып айтсақ, өркениет пен зорлық арасындағы таңдау. Террористік шарпуы, шектеулі соғыстар, этностық геноцид – осының бәрі бір шынжырдың үзіктері. Бұл орайда кінәлілерді тек бір тараптан іздемеу керек. Зорлық қашанда жауап зорлықты туындатады. Бұл ащы, мыңдаған жылдар тексерілген аксиома.

Бірақ проблема үстірт қарағаннан әлдеқайда тереңде жатыр. Гәп мынада, осы заманғы әлемде

мемлекеттердің әртүрлі топтарының қағидатты түрде әртүрлі тұрпаты туындатқан шиеленістің орасан әлеуеті бар. Бұл тіпті де өркениеттер жанжалы емес. Бұл өмір сапасындағы, экономика сапасындағы, оқу және денсаулық сапасындағы барған сайын үлкейіп жатқан айырма. Бұл даму перспективаларындағы, болашақ ұрпақтар перспективасындағы барған сайын үлкейіп жатқан айырма.

Өркениеттер мен зорлық арасындағы айқас бір діннің әлсіздігі мен басқасының күштілігінің нәтижесі еместігін баршамыз түсінбейінше, исламдық терроризм секілді ар-намысты қорлайтын лағуларды таратумен айналысуды қойғанша, осы заманғы әлемнің басты құрылымдық проблемасы – өмір сапасындағы бет қаратпайтын айырма проблемасы шешілмейінше, әлем бір сценарийдің қайталана беруінен арыла алмайды.

Шетелге бір сапарымда теледидар сюжетінен бір сөздерді аударып бергені бар. Жас терроршы еркекпен сұхбат оның террористік ұйымға кіруінің себептеріне арналған екен. Жауап қарапайым, ал ойлана түссек, сұмдық екен: «Мен ешқашан өзім аштан өлсем де басқа адамды өлтіре алмас едім. Бірақ аш отырған балаларымның көзіне қарауға шамам жетпейді».

Мұның өзі Джой Гэлбрейттің мойындауы бойынша, әлемнің дамыған елдеріне аштықтан гөрі асыра жеуден адамдар көбірек өлетін уақытта болып жатыр.

Сондай әлем орнықты бола ала ма?

Көп жылдар бойы, 1992 жылдан бері, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбері мен аса ірі халықаралық саяси

алаңдарды – НАТО мен ЕҚЫҰ-дан бастап Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне, Шанхай ынтымақтастық ұйымына дейін – пайдаланып мен мына бір ойды қайталаумен келемін: зорлықтың басты себебі мен ату тетігі құрылымдық теңсіздік болып отыр.

Бізге шынында да мына дилемманы – не біртұтас адамзаттың әртүрлі бөлігіндегі өскелең айырманы еңсеру тетігін іздестіру, не сол бөліктердің күш қолданылатын қарсы тұруы дилеммасын шешуге тура келеді.

Екіншіден, саяси мүдделер мен халықаралық құқық нормалары арасындағы кереғарлық. Өткен ғасырдың екінші жартысы халықаралық қатынастардың қалыптасқан күш байланысына сәйкес келетін құқықтық реттеу амалын әзірлей алғаны бүгінде айқын. Сондай-ақ осынау күштердің арасалмағы бүгінде мықтап өзгергені де, бұл халықаралық құқықтың кейбір нормаларын қайта қарау керектігін туғызатыны да айқын. Құқықтық көзқарастарға кейбір өзгерістер енгізу шынында да қажет.

Сайып келгенде, Ялтадан кейінгі әлем данышпан саясаткерлердің игі ықтияры ретінде пайда болған жоқ, қайта жетекші мемлекеттердің геосаяси мүдделерін қатаң келісіп алу нәтижесінде қалыптастырылды.

Бірақ ХХІ ғасыр проблемасы мынада: әлемнің әртүрлі бөліктерінде үдерістерді бақылау деңгейі екі полярлы дәуірмен салыстырғанда әлсіреп кетті,

дәстүрден сырт жаңа қастерлер пайда болды және ақыр соңында, өз күнін өзі көре алатын өңірлік державалар пайда болды, олар әскери тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да ең жоғары стандарттарға шапшаң жақындап келеді.

Куба дағдарысы заманында Кеннеди мен Хрущевтың жеке ықтияры әлемді үшінші жаһандық соғыстан арылта алды. Сол кезде, шамасы Кеннеди болар: «Құз ернеуінде кездескеннен гөрі, жоғарыда кездескен жақсы», – деді.

Бүгінде әлемдік терроризм мәселесін соншалық оңай шешудің сәті түспейді. Егер осы жағдаяттардың бәрін ескерсек, әртүрлі геосаяси, өңірлік және экономикалық топтар мәмілесінің арқауы күйінде қалып отырған халықаралық құқық нормаларын бұзу оқшаулық емес, жаһандық тұрақсыздыққа апарып соғатыны айқын бола түседі. Сөйтіп, не халықаралық құқық, не геосаяси мүдде деген проблема үстіміздегі онжылдықтың өзінде өзекті проблемаға айналып шыға келеді.

Үшіншіден, жаһандану мен ұлттық мемлекеттілік арасындағы кереғарлық. Экономикада жақсы зерттелген жаһандану феномені бүгінде саясаттың да ділгер мәселесіне айналып барады. Мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттарының арасындағы шек шегірен былғарыдай шөміп барады.

«Жаһандық азаматтық қоғам» қалыптастырылып жатыр. Нақты ықпалдасу ұлттық мемлекеттердің егемендігінің аясын ерікті түрде шектеу деген сөз,

мұның тайға таңба басқандай мысалы – біріккен Еуропа. Шешімдер қабылдау барысында ұлтүстілік институттардың рөлі күрт артты. Осының бәрі ұлттық мемлекеттердің алдына аса өткір әрі көбіне драмалық сипаттағы мәселелерді қояды.

Биліктің бишігін ұстап тұрған саясаткерлердің қай таңдауды артық көретіні көптеген жағдайларға байланысты. Сол проблемалардан аулақтап, қауіп төнгенде басын құмға тығудан басқаны білмейтін түйеқұс сияқты болу әрекеттері күні бұрын ұтылудан басқа ештеңе де бермейді. Бір кезде өркениеттің аман қалудың сәтті тәжірибесіндей көрінген Ұлы Қытай қорғаны бүгінде алыста қалған тарихи мысалға айналды.

Жалғыз көкейге қонымды модель – ұлттық мемлекеттердің жаһандық трендтерге біртіндеп бейімделуі. Бірақ бұл орайда мынаны ескеру маңызды: жаңа тәуелсіз мемлекеттер көпғасырлық тарихы бар мемлекеттерден немесе 50 жыл бұрын тәуелсіздік алған мемлекеттерден өзгеше, қалай десек те, өзінің саяси инфрақұрылымында, саяси дәстүрлерінде, саяси мәдениетінде әлгілердегідей беріктік қорына ие емес. Амал қанша, бұл біздің бейімделу жылдамдығымызды нақты шектейтін жағдай.

Тек біз ғана емес, басқалар да тап болатын басқа да жағдаят бар. Ол – өңірлік қауіпсіздіктің өткір проблемалары. Әлемнің біз тұратын бөлігінде либералдандыру мен қауіпсіздіктің арақатынасы жайында

әртүрлі екі пайым бар. Олардың бірі өңірдегі терроризм, есірткі тасымалы, діни және саяси экстремизм тұсында либералдандыру қауіпті дегенді айтады.

Бұл пікірдің де жаны бар. Өйткені, өз халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен іс жүзінде ешқашан айналысып көрмеген сарапшылармен салыстырғанда, біз экстремистердің ашық саяси алаңға шығуы неге соқтыруы мүмкін екенін анық елестете аламыз.

Басқа бір пайым қауіпсіздіктің басты проблемасы – өңірлік қауіпсіздікке барлық сес көрсетулерге қарсы тұра алатын күшті азаматтық қоғам құру проблемасын либералдандырусыз шешуге болмайды деген сеніммен байланысты. Өз басым бұл стратегиялық тұрғыдан шынында да жалғыз парасатты балама деп білемін.

Бірақ нақты бар проблеманы – елеулі өңірлік қатерлер тұсында либералдандырудың күрделілігін анық көру де әбден қажетті. Біз тіпті ғасырлар бойғы демократиялық дәстүрлері бар елдер де тап болған ғаламат проблемаларды көріп отырмыз, олар халық қауіпсіздігіне төнетін қатерлерге байланысты азаматтардың құқықтарын біршама шектеулерге, көшіп-қонуға бақылауды күшейтуден жаңа күш құрылымдарын құруға дейін оқу орындарында діни киіммен жүруге тыйым салудан банк саласындағы қатаң бақылауға дейін, алдын алатын күш қолдану акцияларынан ақпараттық цензураның белгілеріне дейін – баруға мәжбүр болды. Осының бәрі шындық және көп жағынан түсіндіріле алатын шындық, ол, не керек, либералдық канондардан тым қашық жатыр.

Төртіншіден, технологиялық қуат пен мәдени төзімділік арасында айырмасының күшейе түсуі байқалады. Әлдеқашан айтылған сөз бар, біз заттарды олардың қандай екеніне қарап көрмейміз, өзіміздің қандай екеніне қарап көреміз. Мәдениетаралық ықпалдастық үнқатысу сипатында емес, қақтығыс сипатында орын алса, осы заманғы әлемнің әскери өрістен бастап, ақпараттық өріске дейінгі бүкіл технологиялық қуаты тығырыққа тірей алады.

Өткен ғасырдың екінші жартысындағы батыс мәдениетінің керемет жетістіктерінің бірі – өзге, батыстық емес мәдени жүйелердің құндылығын терең түсіну еді. Бұл оқыту жүйесінде де, толып жатқан гуманитарлық жобаларда да, Батыстың миллиондаған адамдарының рухани байлықты іздестіріп Шығысқа беттеуінде де бейнеленді.

Бірақ, ең бастысы, бұл батыс қоғамдарының өз ішінде бейнеленіп, олар мультимәдени қоғамдарға айналды. Ілгерілеуді компьютерлер мен зымырандар өндіруден ғана іздемесек, өткен жүзжылдықтың екінші жартысында Батыстың рухани дамуы соңғы 2 мың жылдық тарихындағы ілгерілеудің ең маңызды баспалдақтарының бірі екендігін көре аламыз.

Өткен дәуірдің барлық күрделіліктеріне қарамастан, дамудың осынау моделінің тартымдылығы даусыз еді. Бірақ бір жағынан өскелең технологиялық қуат, екінші жағынан бейдәстүр қатерлер, амал қанша, мәдениетаралық шиеленісті күшейтіп жіберді. Көз

алдымызда ұлғая түскен мәдени төзгісіздік, дұшпанды терісінің түсіне не діни сеніміне қарап табу әрекеттері келмеске кеткендей көрінетін сөз саптауын саясаткерлер мен теоретиктер тілінде кәдімгі өтімді терминдерге айналды.

Ең үлкен қауіп мынада: қалыпты үнқатысу үшін тұғыр болған және әлі де болып отырған мәдени заңғар санаулы жылдар ішінде қиратылып жіберілуі мүмкін. Менің ұстанымым және Қазақстанның нақтылы саясаты мәдениетаралық және конфессияаралық өзара іс-әрекеттің сондай адамдарды, халықтарды жақындастыратын тұғырнамасын дамыту жөніндегі нақты істерге бағытталған.

Кибернетиканың ізашары Норберт Винердің «қоғамдастық ақпараттың еркін жететін шегіне дейін ғана құлаш жаяды» деген қағидатын тұжырыммен қабылдасақ, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық осынау қиын түйіндерді тарқатудағы өзекті рөлі даусыз екендігі анық бола түседі.

Әрине, Қазақстандағы ақпараттық ортаның ахуалын әртүрлі бағалауға болады, бірақ мен фактілерге сүйеніп сөйлеуді жөн көремін.

Бүгінде елде 2 мыңнан астам БАҚ тіркелген. Елде оппозициялық газеттер жария жұмыс істеуде, оған қалаған адам көз жеткізе алады. Баспасөзді экономикалық қолдау мақсатында міне 4 жылдан бері қосылған құнға салық алынбайды. Радиожиіліктерін пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлем мөлшері жыл сайын кемітіліп отырды. Қазақстан қоғамы үшін аса

маңызды тақырыптарды жазуға мемлекеттік тапсырыс тетігі пайдаланылып, ол меншік пішініне қарамастан, барлық БАҚ-қа беріледі. 4 жыл ішінде мемлекеттік тапсырыс алуға конкурстық өтініш саны 10 еседен астам өсіп, 13-тен 150-ге дейін ұлғайды.

Қазақстанда масс-медианы дамытудың оң тенденциясы қоғамдық журналистік институттар – Журналистер конгресі мен одағы, телерадиохабарларын таратушылар қауымдастығы, БАҚ пен журналистерді қолдау қорлары қызметінің кеңейтілуімен де байланысты.

2002 жылы Президент жанында БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңес құрылды. Бұл орган мемлекет пен баспасөз арасындағы тікелей консультация тетігі рөлін атқарады.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» жаңа заңды талқылау айтарлықтай қоғамдық жаңғырық туғызды. Мүлдем қарама-қарсы көзқарастар айтылды. Мен мұны қоғамымыздағы нақты демократияның нышаны деп санаймын. Үкімет пен Парламенттің ұстанымы түсінікті, мен оларға заң бойынша егжей-тегжейлі әрі мұқият жұмысы үшін алғысымды білдіргім келеді, оппоненттер тұғыры да белгілі. Бұл мейлінше қалыпты пікірталас.

Бүгінде мәселе таза құқықтық арнаға қарай ойысты. Заң жобасы тиісінше баға алу үшін Конституциялық кеңеске берілгені белгілі. Кеше кешқұрым Конституциялық кеңестің шешімін алдым, кеңес заң жобасының

кейбір ережелерін Конституцияға сәйкес келмейді деп ұйғарыпты.

Мемлекет басшысында Конституциялық кеңестің шешімімен келіспеушілігін енгізу құқы және Конституциялық кеңес мүшелерінің үштен екісінің дауысымен 10 күн ішінде оны еңсеру мүмкіндігі бар екенін сіздер білесіздер.

Алайда, ахуалдың таза құқықтық қырларын ескеріп, мен Конституциялық кеңес шығарған тұжырымға келіспеушілік енгізбеуге шешім қабылдадым. Осылайша, «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы жаңа заң қабылданбайды.

Амал қанша, журналистерді әрқашанда сенсация көбірек қызықтырады. Бұл орайда Қазақстан бүкіл кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте реформалар жөнінен алда келе жатқаны жайына қалады. Қазақстан аса күрделі жаңғыртуға ойдағыдай басшылық жасаудың үлгісі екені де ұмытылады. Қазақстан аса қысқа тарихи мерзім ішінде аса әсерлі табысқа қол жеткізді, бұл туралы елдің шегінен алыста да айтылып жүр.

Түсінемін, жақсы жаңалық тіпті де жаңалық емес секілді. Бірақ айтып қана қоймай, күн сайын қайталау қажет нәрселер де бар. Планетаның әртүрлі жерлерінде этностық, конфессиялық және сепаратистік сұмдық жанжалдарда қан төгілуде. Көп адамдар өркениеттер қақтығысы дегенді тап бір адамзат қашып құтыла алмайтын нәрсе секілді етіп айтады.

Осындай кезде 130 этностық топ және 45 діни қауымдар өкілдері бірге тұрып жатқан Қазақстанда тыныштық пен сенім салтанат құруда. Біз жұртқа осы заманғы әлемдегі ең басты деуге де болатын бостандықты – қорқыныштан бостандықты бердік.

Нақ сондықтан да біздің еліміз әлемдік діндер көшбасшыларының съезі өтетін орынға айналды. Бүкіл орасан әлемде, алып планетада барлық діндердің жай ғана өкілдері емес, жетекші теологтар бір үстел басына отыратын екінші жер табылмады.

Естеріңізде болар, 2003 жылдың қыркүйегінде 17 делегация, әлемнің барлық діндері көшбасшыларының өкілдері бір үстел басында отырды. Ислам мен иудаизмнің, православие мен буддизмнің, католицизм мен синтоизмнің көшбасшылары бір тілде – мәдениет пен үнқатысу тілінде сөйледі. Олар бірегей құжат – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезіне қатысушылар декларациясын қабылдады. Барлық көшбасшылар келесі съезді 2006 жылы Қазақстан жерінде өткізу жөнінде шешім қабылдады.

Қазақстанда тұңғыш рет Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі өтіп, оған құрлықтың 16 мемлекетінің басшылары мен үкіметтік делегацияларының жетекшілері қатысты.

Ақыр аяғында нақ Қазақстан әлемге қолдағы ядролық қаруынан бас тартудың үлгісін көрсетіп, әлемдегі аса ірі ядролық полигонды біржолата жапты. Осы шешімімен Қазақстан жаһандық тұрақтылықты сақтауға ғаламат үлес қосты. Біз мұны әлемде бірінші

болып істедік. Ал ядролық әлеуеттің ауқымын ескерсек, әлемде сондай қарудан өз еркімен бас тартатын ел жоқ деп батыл айтуға болады.

Масс-медиа осынау жағдаяттарға көбірек көңіл бөлсе, көптеген адамдар терроризмнен, үрейден, этностық өшпенділіктен және ядролық клубтың қатерлі түрде кеңейтілуінен тұратын шарасыздық үңгірінің таусылар тұсынан қандай да бір жарықты көрген болар.

Біз конфессияаралық диалог – жанжалдарды жою үшін қолдан келетіннің тек бір шағын бөлігі екенін түсінеміз, бірақ бұл оның қажетті бөлігі. Ахуал барған сайын қауіпті сипат ала түскен Таяу Шығыстағы саяси реттеу үдерісі толып жатқан проблемалармен байланысты. Бұл орайда әлемнің ең беделді саясаткерлері шешім нұсқаларын табуға тырысуда.

Тегінде таза саяси шешімдер – өңірдің аз елдері мен өз беделімен ахуалға ықпал ете алатын әлемнің аса ірі мемлекеттерінің құзырында болар. Біздің идеямыздың мәнісі аса күрделі мәселені саяси реттеуге тірелмейді. Біздің идеямыз ислам мен иудаизмнің ірі діни қайраткерлерінің кездесуін ұйымдастырудан тұрады, нақ солар конфессияаралық диалогтың бастапқы шарттарын анықтай алар еді. Сол қайраткерлердің бұған келісімі мен ықтияры болса, Қазақстан сондай диалог өтетін орын болуға дайын.

Ұзақ уақыт бойы «The New York Times» баспагері болған Артур Сулыцбергер бірде: «Біз, журналистер, жұртқа мысықтың қайда секіріп түскенін айтамыз. Одан әрі жұрт мысықты өзі-ақ іздей жөнеледі», – депті.

Осы медиафорум журналистер Вашингтоннан Токиоға дейін барлық сағат белдеулерінде саясаткерлер пікір арнасын қайда бұрып жатқаны туралы пікір алмастыра алатын алаң ғой деп білемін, ал ұшу бағытын сіздердің оқырмандарыңыз бен көрермендеріңіз өздері анықтайды.

Мен сіздерге Қазақстан жерінде ашық та сыңдарлы жұмыс тілеймін.

«Отан» Республикалық саяси партиясының
кезектен тыс VII съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 15 маусым

Қадірлі съезд делегаттары мен қонақтары!

Қазақстан елеулі саяси сынақтың табалдырығында тұр. Күзде болатын парламент сайлауының күні белгіленді, онда қоғам саяси кәметтікке емтихан тапсырады. Сол сайлауға біз қандай нәтижелермен бара жатырмыз, Қазақстан қоғамның қазіргі ахуалының ерекшелігі неде? Өткен онжылдықта біз дұрыс таңдау жасадық. Ең қысқа тарихи мерзімде сол таңдау өзінің тиімділігін көрсетті, Қазақстанға тұрақтылық, экономикалық өсу, адамдар тұрмысы сапасының жақсаруын сыйлады. Ішкі тұрақтылықтың арқасында

Қазақстан бүгінде экономикаға шетел қаржысы жұмсалудың көлемі жағынан ТМД мен Шығыс Еуропа елдерінің арасындағы көшбасшы болып табылады. Ішкі тұрақтылықтың арқасында біз зейнетақылар мен жәрдемақы төлеудің едәуір үлкен көлеміне, мұғалімдердің, медиктердің, мемлекеттік қызметшілердің жалақысын ұлғайтуға, халықтың бұрынғы КСРО Жинақтау банкісіне салып, 15 жыл бұрын жоғалған салымдары үшін өтем төлеуге қол жеткізе алдық. Ішкі тұрақтылықтың арқасында индустриялық-инновациялық даму, ауыл шаруашылығын дамыту және ауылды қайта түлету бағдарламалары ойдағыдай іске асырылуда. Біз баспана бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты өрістете бастадық.

Демек, Қазақстанның қазіргі саяси жүйесі өмірдің өзінің сынағынан өткен. Ең жоғары өкілдікті биліктің сайлауы тұңғыш рет экономиканың орнықты өсуі, қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін елеулі жақсарту жағдайында өтеді. Дегенмен біз бұған қалай бет алғанымызды, неден бастағанымызды, кәнеки, еске алайық.

1995 жылы ішкі жалпы өнім көлемі 1990 жылмен салыстырғанда 40 % азайды. Экономиканың Қазақстан бастан өткерген мұндай құлдырауы тіпті сұмдық соғыс жылдарында да болған емес. Ол біз ешқашан шыға алмайтындай көрінген шұңқыр апан болатын. Кеңестік дәуірден кейінгі кейбір елдер, өздеріңіз білесіздер, әлі сондай апанда. Ал бізде 2003 жылы-ақ ішкі жалпы өнім 1990 жылғы аталмыш кеңестік деңгейден 6,3 % асып түсті. Бұрынғы КСРО-да жалпы өнім 2, кейде

3 рет есептелгенін ескерсек, әлгі цифрлар одан да көп болып шығады.

Біз алдымызға 2015 жылға қарай жалпы ішкі өнімді 3,5 есе ұлғайту міндетін қойып отырмыз. Демек, біз жай ғана сол сұмдық күйзеліс кезеңінен шығып қойған жоқпыз, экономиканың салыстырмалы түрде ғана емес, абсолютті өсуін де қамтамасыз еттік. Мұның өзі біз жүзеге асырып жатқан нақты экономикалық саясаттың нәтижесі. Елді жаңғырту, әлемдік жаһандану жағдайында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету – алдағы жылдардағы біздің саясатымыздың басты бағыты осы. Сондықтан біз болашақ Парламентпен бірге шешетін басты мәселеміз – қалай күн көруіміз емес, біз бұдан әрі қалай ілгерілейтініміз.

Осынау айдан анық табыстарға қарамастан, кейбіреулер Қазақстанда саяси реформалар экономикалық реформалардан артта қалып келеді дей бастады. Осындай мәлімдемелер үшін сүбелі себептер бар ма?

Осы жылдардың ішінде осы заманғы демократиялық мемлекет құру біздің стратегиялық мақсатымыз болды, оған біз қадам басқан сайын сеніммен ұмтылып келеміз. Саяси плюрализм, көппартиялылық Қазақстанда шындыққа айналды. Ірі әрі нақты ықпалы бар саяси партиялар қалыптастырылды, олардың сайлау үдерісіндегі рөлі мен ықпалы арттырылды. Тек кейінгі кездің өзінде барынша әртүрлі реңктегі бірқатар жаңа партиялар тіркелді. Сайлау заңдарына либералдық өзгерістер енгізілді. Бүгінде Қазақстанда мемлекеттік институттар билікті бөлу қағидатының

негізінде жұмыс істейді. Қос палаталы Парламент тиімді жұмыс істеуде, онда барынша әрқилы саяси партиялар, соның ішінде оппозициялық партиялар да өкілдік етеді.

Біз бюджетаралық қатынастарды реформалау жөнінде жұмыс жүргізіп, мемлекеттік басқару жүйесін орталықтандыруға қарай өте маңызды қадам жасадық. Кез келген мемлекеттік органға шенеуніктерді жалдау тек қана конкурспен жүзеге асырылады. «Электронды үкімет» жүйесі құрылуда, ол азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсетуге қолжетімділігін кеңітеді.

Тәуелсіз сот жүйесін құру үшін көп нәрсе істелді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды.

Қылмыстық жазаны ізгіліктірек ете түсу үдерісі өрістеп келеді, өлім жазасына мораторий енгіздік. Еліміз адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылды.

Қоғамда халықтың барлық этностық және конфессиялық топтары арасында тең құқықты қатынастар нақты қамтамасыз етілді. Елде азаматтық қоғам институттары құрылып, белсенді жұмыс істеуде. Бұл ең алдымен 4,5 мың үкіметтік емес ұйымдар. Олардың қызметін заң тұрғысынан қолдау шаралары қабылданауда. Азаматтық форум шеңберінде «үшінші сектор» мен мемлекет арасындағы әріптестік қатынастардың жаңа моделі жасалуда.

Тәуелсіз масс-медиа орнықты қарқынмен дамып келеді. Қазақстандық интернет-аудитория Орталық

Азияда ең көп санды және жарты миллионнан астам адамды қамтиды.

Бірақ ең бастысы – реформа жылдарында біз адамдардың азаматтық бастамасын азат еттік. Бізде либералдық құндылықтардың негізгі иесі, демократияның тірегі – орта тап белсенді түрде қалыптастырылуда. Бұл-дағы дәйекті саяси реформалардың нақты нәтижесі. Бұл орайда біздің мирасымыз тоталитаризм тұсында демократиялық дәстүрлердің мүлдем дерлік болмауы екендігін ұмытпайық.

Сөйтсе де осы қызметінің нақты да өте маңызды күш-жігері мен нақты нәтижелері күмән туғызуда. Сыншыларымыздың уәждеріне тағы да жауап беру үшін Қазақстанға бүгінде біз емес, шетелдік саясаткерлер мен халықаралық ұйымдар берген бағаларға жүгінгім келеді.

Экономика мен азаматтық қоғамды дамытуда біз прогреске жеттік пе?

«Қазақстандағы прогресс шынында да қатты әсер етеді», – деп атап көрсетті «Қазақстан-Интерфакс» агенттігіне 9 маусымда берген сұхбатында беделді халықаралық рейтингілік «Moody's Investors Service» компаниясының басшысы Джон Резерфорд. – Қазақстан көптеген прогресшіл атрибуттары бар өте серпінді экономика құра алды. Ол өте тұрақты тамаша басқарылатын тұрақты банк жүйесін құрды да, тиімді қаржы саясатын жүргізуде. Осылайша экономика мен азаматтық қоғамдағы прогресс онда аса көрнекті».

Қазақстанда демократияны дамыту мен нығайтуда прогресс бар ма?

Қазақстанда «демократияны нығайтуда айтарлықтай прогресс бар», – деп атап көрсетті АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэлл осыдан бірнеше күн бұрын Вашингтонда.

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында жүзеге асырылып жатқан демократиялық реформалар жолында нақты табыстарға қол жетті ме?

«Соңғы жылдары Қазақстанда демократиялық реформаларда үлкен прогресс байқалады және халықаралық қоғамдастық мұны мойындауға тиіс, – деп мәлімдеді таяуда Алматыда біздің кездесуіміздің барысында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының іс басындағы төрағасы Соломон Пасси. – Мұның үстіне жаңа мемлекет құрылысы елде соңғы 10 жыл ішінде жүргізілуде және бұл факт қол жеткен прогресті неғұрлым маңызды да мәнді етеді».

Қазақстанның өңірлік дамудағы прогресшіл рөлі халықаралық қоғамдастық үшін шынында да маңызды ма?

«Республиканың экономикалық және саяси жегістіктері жақсы көшбасшыларының жемісі, – деп мәлімдеді АҚШ Конгресінің Өкілдер палатасының Халықаралық қатынастар жөніндегі комитетінің төрағасы Г. Хайд. – Бүгінде Қазақстан өңір елдері үшін үлгіге айналып келеді».

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң жобасы төңірегінде қаншама найза қақ бөлінгенін

еске түсірейік. Бірақ, сайып келгенде, біз бұл мәселе бойынша объективті де байыпталған шешім қабылдадық және бұл фактіні де, сайлау туралы жаңа заң бойынша оппозициялық партиялардың тіркелуін де АҚШ-тың Еуразиядағы өкілінің орынбасары Д. Дэвидсон жоғары бағалады. Осыған байланысты ол «дұрыс заңдар қабылдау және оларды мұқият сақтау – күрделі міндет, алайда демократияның іргетасы – берік құқықтық шеңбер. Біз Қазақстанның сондай құқықтық шеңбер жасау жөніндегі күш-жігеріне қол шапалақтаймыз», деп атап көрсетті.

АҚШ-тың Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы елшісі С. Миникестің пікірі бойынша, республика барлық салалардағы заңдарды едәуір жақсартты, сайлау және пенитенциарлық жүйелерде оңды өзгерістер болды.

Ең беделді халықаралық ұйымның Қазақстандағы өкілі Ф. Акчура таяуда БҰҰ-да Қазақстандағы құқықтық жүйенің дамытылуына қанағат бар деп мәлімдеді. Қазақстан 30 халықаралық пактқа қосылды.

Еуропарламент депутаттарының тобы атынан Қазақстан Президентінің атына жолдаған хатында А. Ди Пьетро «Еуропада Қазақстан басшылығының өлім жазасына мораторий жариялау жөніндегі шешімі зор жігермен қабыл алғанын» атап өтеді.

Біз ұлтаралық және дінаралық татулықты қамтамасыз етуде шынында да нақты нәтижелерге жеттік пе?

Жауапты АҚШ Конгресі Сенатының Халықаралық істер жөніндегі комитетінің төрағасы Р. Лугар береді,

ол өткен айда Қазақстанның конфессияаралық үнқатысуды жолға қою жөніндегі табыстарын жоғары бағалап, оларды «ядролық қарусыздануға және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге республиканың қосқан үлесіне маңызды толықтыру» ретінде қарастырады.

Осындай ең беделді бағаларды мен өте көп келтіре алар едім. Қазақстанның қадам басқан сайын демократия мен прогресс жолымен келе жатқанының анық айғағы осы емес пе? Асқар тау алыстан көрінеді ғой.

Көріп отырсыздар, біздің табыстар шет елдерде мойындалады. Қазақстанды өңірдің барлық елдері үшін үлгі деп атап, тек экономикалық көрсеткіштердің өсуін ғана емес, қоғамда демократияны дамыту деңгейінің неғұрлым жоғары екендігін атап өтеді. Отанын сүйетін әрбір қазақстандық, шет елдерге шығып, осынау жоғары бағаларды естігенде, өз елі үшін мақтаныш сезімін бастан өткереді.

Әрине, бұл бағалар арқаны кеңге салуға негіз емес. Бүгінде шешілуін талап ететін бірқатар қоғамдық проблемалар пісіп-жетілді. Біз оларға тіпті көзімізді жұма қарамақ емеспіз. Және олар бір сәтте шеше қоярлық мәселелер болмағанымен, қазір соларды мықтап ойластырып, дәйекті шешуге кірісу қажет.

Сол проблемаларды шешу үшін қажет қадамдардың кезегі келгенін жауапкершілікпен мәлімдемекпін. Осыған байланысты елді таяу болашақта саяси тұрғыдан дамыту міндеттерін қалай көретінімді ортаға салғым келеді.

Біріншіден, саяси реформалар бойынша болашақ қадамдарымызды елдің мүдделерімен, қоғамда саяси тұрақтылықты сақтау міндеттерімен және бүкіл халықтың пікірін ескере отырып жасау керек. Демократияландыру мен азаматтық қоғамды дамыту туралы ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңес әрқилы саяси күштердің қатысуымен игілікті ірі іс атқарып шықты. Бірақ осы жұмысқа жаңа серпін, оған неғұрлым жоғары мәртебе беру керек. Бұл үшін мен өз жарлығыммен сол кеңестің негізінде мен мемлекет басшысы жанында тұрақты жұмыс істейтін өкілдікті Демократия және азаматтық қоғам мәселелері бойынша ұлттық комиссия құрамын.

Ол орган Қазақстанның саяси жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар әзірлеу міндетін өз мойнына алады. Нақ осы комиссияның аясында бірінші кезектегі мына шараларды талқылау қажет:

– тек Премьер-министр кандидатурасын ғана емес, министрлер кандидатураларын да Парламенттің тиісті комитеттерінің мәжілістерінде талқылауды енгізу жолымен Үкімет құрамын қалыптастыруда Парламентке көбірек ықпал жасау мүмкіндіктерін беру. Бұл Парламент пен Үкімет арасындағы сенім мен өзара түсіністік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, ал депутаттар корпусы елдегі істің ахуалы үшін жауапкершіліктің бір бөлігін өз мойнына алатын болады;

– мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру жөніндегі жұмысты тездетіп аяқтау, оның негізгі басымдықтары «Мемлекеттік басқару деңгейлері ара-

сында өкілеттіктерді бөлу және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасында» анықталып қойылған, олар: мәслихаттар рөлін арттыру және мемлекеттік басқару деңгейлерінде өкілеттіктерді бөлу, бюджетаралық қатынастар жүйесін одан әрі жетілдіру және осы шаралардан кейін қисынды болатын жергілікті өзін-өзі басқару институтын енгізу;

– мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жақсарту. Үкімет қызметінің ұйымдастырылуын жетілдіру;

– сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту, құқық қорғау жүйесін жетілдіру;

– алқабилер институтын кезең-кезеңімен енгізу, Омбудсменнің құқық қорғау мүмкіндіктерін кеңейту, қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде адвокаттар рөлін арттыру, азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу шеңбері мен сот шешімдерін орындау кезінде азаматтар құқықтарының кепілдіктерін күшейту, болашақта өлім жазасын толық алып тастау жолымен, құқық қорғау тетіктерін күшейту;

– жалдамалы еңбек етушілердің құқықтарын қорғау ісінде кәсіптік одақтардың рөлін арттыру;

– мемлекет пен бұқаралық ақпарат құралдары қатынастарын одан әрі ырықтандыру.

Әкімдердің сайлануы жөнінде. Мемлекетіміздің унитарлық құрылысы мен оның басқарылуын сақтаудың сөзсіз қажеттілігін, сондай-ақ ТМД-ның жекелеген елдерінде жергілікті басшылардың сайлануын дайындамай енгізудің теріс тәжірибесін ескере отырып, біз облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының

әкімдерін тағайындау практикасын сақтау қажет деп санаймыз, бұл, айтқандай, қолданыстағы Конституцияда да көзделген.

Бұл бүкіл мемлекеттік басқару сатыластығының біртұтастығын және жалпыұлттық, өңірлік проблемаларды бүкіл қоғам мүддесіне орай шешуде теңгерімділіктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қалалар, аудандар, басқа төменгі деңгей әкімдерінің сайланбалылығына келсек, оны 2006–2007 жылдардан қалдырмай енгізу керек. Сол кезде әкімдерді сайлау мемлекеттік билікті орталықсыздандыру үдерісін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаз тұру үдерісінің қисынды аяқталуы болуға тиіс.

Осы айтқанымыздың бәрін қолданыстағы Конституция аясында жүргізуге болады. Осы міндеттерді орындап шыққаннан кейін біз қоғамды дамытудың келесі белесіне ауысуымыз керек.

Осынау одан әрі дамудың қисыны қандай?

Парламенттің екі палатасының да депутаттар санын ұлғайту керектігі айдан анық, бұл ел халқының неғұрлым кең өкілдігін қамтамасыз ету қажеттігінен туындайды. Қазақстан – орасан аумағы және елеулі өңірлік, этностық алуандығы бар мемлекет қой, бұл, сөз жоқ, Парламент құрамында қазіргіден гөрі жақсырақ ескерілуге тиіс.

Есеп комитетінің бақылау мүмкіндіктерін де кеңейтіп, оларды өңірлік деңгейге де тарату керек. Бұл орайда Есеп комитетін қалыптастыру ісін көбіне-көп Парламент палаталарына беру керек.

Орталық сайлау комиссиясын қалыптастырудың сұлбасын да түзеп, оның қалыптастырылуына Парламенттің Мәжілісі ғана емес, Сенатының да қатысуын көздеу керек деп санаймын. Бұл ОСК-ны қалыптастыруға саяси партиялардың қатысуын қамтамасыз етеді. Конституциялық кеңесті де осындай сұлбамен қалыптастыруға болар еді.

Конституциялық кеңестің қызметіне келсек, оның моделі нақтылы өмірде өзін аяқтады. Бірақ, Конституциялық кеңестің беделін конституциялық деңгейде арттырып, оның Ата заңымызды қорғаудағы мүмкіндіктерін күшейту жайын ойластыруымыз керек. Өмір тәжірибесі сот-құқық рәсімдерінің айқындығын, сот төрелігін іске асыру кезінде әділеттілік пен турашылдықты қамтамасыз ету, судьялардың қоғам алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету міндетін де конституциялық деңгейде шешуді талап ететінін көрсетеді. Судьялар кадрларын іріктеу тетігін бұрынғыдан да демократияландыра түсу қажет. Тегінде, бұл үшін бізге тұтас алғанда сот жүйесін реформалау тәжірибесін қорыту және қолдану жайын байыпты ойлану керектігі айдан анық.

Соңғы айтатын жай мынау. Конституциялық реформаның біз үшін неғұрлым оңтайлы моделін іздестіре отырып, біз Парламентке неғұрлым кеңірек бақылау функцияларын беру мәселесін тиянақтай түсуге тиіспіз. Парламент мемлекеттік бюджетті бекітіп қана қоймай, оның атқарылуын бақылауға да нақты қатысуға тиіс.

Ақыр соңында, конституциялық өзгерістер барысында Үкіметті қалыптастырудың жаңа жүйесін әзірлеу қатты байыпты назар салуды талап етеді. Осыған байланысты бізге Үкімет парламенттік көпшілік тетігі арқылы қалыптастырылуы мәселесін тиянақтау қажет екені айдан анық. Бұл бізге халық өкілдерінің атқарушы биліктің ең жоғары органдарына ықпалы мен бақылауының жаңа деңгейін қамтамасыз ету мүмкіндігін береді.

Көріп отырғандарыңыздай, біз алдымызға қоғамымызды саяси жаңғырту жөнінде үлкен міндеттер қоюдамыз. Олардың бүкіл қоғамымызбен, барлық азаматтардың түпкі мүдделерімен келісе, кезең-кезеңімен және стратегиялық тұрғыдан тексерілген шешімі Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың жаңа шептеріне шығарады.

Қоғамымызда Қазақстанды саяси тұрғыдан дамыту бойынша әртүрлі пікірлер бар екенін білемін. Тегінде, бұл әбден қалыпты жай шығар. Нақ сол пікір алуандығы елдегі идеялық-саяси плюрализмнің даму деңгейін бәрінен жақсырақ сипаттайды. Біз демократияны жариялауға болмайтынын, оны тек ұзақ шыдамды еңбекпен ғана құруға болатынын ұмытпауға тиіспіз. Ол үшін уақыт керек. Шопенгауэр: «Адам өз қалағанының бәрін істеуге бостан, бірақ ол қалағанының бәрін қалауға бостан емес», – деп айтыпты. Шынында да, адам бостандығы ол көршісінің бостандығына көз аларта бастағанда бітеді. Мына жайды тағы бір еске сала кетуге мәжбүрмін: демократия – заң билігі.

Біз алдағы уақытта да саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының және сындарсыз іс-әрекеттір мен мәлімдемелері заңдардан алшақтайтын немесе қазіргі конституциялық құрылысты бүлдіруге бағытталған жекелеген адамдардың қызметіне осы және тек осы көзқарас тұрғысынан баға беретін боламыз.

Қоғамдық-саяси бағыттағы бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтаралық араздықты қоздыру, ұлттық және тектік-топтық-рулық артықшылықты насихаттау, басқалай да заң бұзу жүйелі тірлікке айналуға. Бұған мүлде жол беруге болмайды. Бостандық – жауапсыздық емес. Біз тәуелсізбіз, демек, өміріміз бен еліміз үшін өзіміз жауаптымыз.

Әркім өзінің сөзі мен іс-әрекеті үшін жауап беруге тиіс, әйтпесе демократияның өзегі іспеттес демократия бейберекеттікке айналып кетеді.

Сөз бостандығын әлдекімдердің жеке басының мүддесі үшін теріс пайдалануына жол бермеу үшін Үкімет кісінің ар-намысын, абыройын, іскерлік беделін қорғаудың заңдық тетіктерін күшейту жолдарын дереу ұсынуға тиісті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының кепілі ретінде мен баршадан оның ережелерін бұлжытпай орындауды қатаң талап етемін. Дамыған демократиялар деңгейіне жету үшін азаматтарымыз ел заңдарын мүлтіксіз атқаруды үйренуге тиіс. Саясаткерлер де мұнда үлгі болуға, өз отандастарын заңға сәйкес қимылдауға үйретуі тиіс.

Барлық экономикалық және саяси топтардың есіне салайын: олар қаржылық және саяси тұрғыдан ие болған мүмкіндіктердің бәрі барлық осы жылдардың ішінде мемлекет жүргізген саясаттың арқасында ғана келді. Барлығына қоғамдық тұрақтылықтың арқасында ғана қол жетті. Елдегі жағдайды тұрақсыздандырудың кез келген әрекеті Қазақстанның мемлекеттілігі мен тәуелсіздігіне төндірілген қатер ретінде қаралуға тиіс. Сондықтан біз үшін жанжалды модель емес, тек сындарлы өзара іс-қимыл ғана келісуге ыңғайлы болып табылады. Сондай ықпалдастықтың ең ауқымды мүмкіндіктерін қоғамды демократияландырудың жаңа белесі береді, біз бұған бүгін қадам бастық. Біз қоғамға бұдан былайғы реформалардың ойластырылған әрі дәйекті бағдарламасын ұсына отырып, бұған кәміл сенеміз.

Бүгін біз анық түсініп, қабылдауға тиіс тағы бір даусыз ақиқат мынау: кез келген мемлекеттің тиімділігі, оның нақты саяси құрылысына қарамастан, төмендегі мақсаттарды қаншалықты дәйекті де ойдағыдай ұстанатынына қарап бағаланады, олар:

- саяси тұрақтылық;
- мемлекет тұтастығын сақтау;
- тәуелсіздікті сақтау;
- болашақ дамудың әлеуетін жасау.

Тәуелсіз мемлекетіміз – Қазақстан Республикасы нақ осы асқақ тарихи мақсаттарға адал!

Тұтас алғанда елдің саяси жүйесін одан әрі жаңғырту жолында шешетін міндеттеріміз осындай.

«Отан» партиясынан мен қоғамды дамытудың жаңа белесінде жүргізілетін реформалардың бұдан былайғы табыстарын қамтамасыз ететін қуатты жаңғыртушы саяси күшті көремін.

«Жаңғыртудың үшінші легіне» жататын талай елдердің тәжірибесі, ол Азиядағы жас демократиялардың көбі сондай елдер, олардың әлемдік дамудың шалғай шебінен алға қарай секіруі белгілі бір партияның басымдыққа ие болуымен байланысты арнайы көрсетіп беріп отыр. Жапонияда ондай партия шағын үзіліспен 50 жылдан астам билеп келе жатқан либерал демократтар партиясы болды. Нақ сондай ахуал экономикалық дамуда зор табыстарға жеткен Үндістанда, Сингапурда, Малайзияда орын алып отыр. Әлемде қоғам құру мен экономиканы өркендетудің әртүрлі модельдері бар.

Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Джозеф Стиглиц былай деп жазады: «Жапон және герман, швед және америкалық экономикалық модельдерінің арасында елеулі айырмашылықтар бар. Шведтердің пікірінше, олардың моделі америкалықтардікінен жақсы. Азиаттар өздерінің моделі жақсы жұмыс істеп тұр деп санайды және бұл Шығыс Азияның «жолбарыстары» үшін әділетті пікір».

Біз – жас елміз. Үздік әлемдік тәжірибені бойға сіңіре отырып, біз өз халқымыздың тарихи және мәдени тамырларынан айырылмауға және оның тұрақты дамуы мен өркендеуі үшін қолдан келетіннің бәрін істеуге тиіспіз.

Біздің осы жолдағы табысымыз көбіне-көп қоғамның саяси ерік-жігерін шоғырландыра алуымызға байланысты болмақ.

Сіздердің баршаңызға барлық бастамаларыңызда табыс тілеймін!

**«Еуразиялық интеграция:
қазіргі дамудың үрдістері және
жаһанданудың сын-қатерлері»
атты халықаралық форумда**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 18 маусым

**Қадірлі мемлекет басшылары!
Форумға қатысушылар мен меймандар!**

Сіздерге өзіміздің қарқынды өсіп келе жатқан бай-тағымыз – Астанада шын жүректен сәлем беремін.

Бүгінгі форум бізге қол жеткен нәтижелерді ой елегінен өткізіп, әділ бағалауға және кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі ықпалдасу үдерістерінің бұдан былайғы болашағын анықтауға көмектеседі ғой деп үміттенемін.

Бәріміз де Еуразияда Бірыңғай экономикалық, құқықтық және ақпараттық кеңістік құру қажеттігін түйсінеміз.

Әлемдік қоғамдастықтың экономикалық, саяси және этномәдениеттік дамуының кіндігі болып табылатын құрлығымыз қазір күрделі кезеңді бастан өткеріп жатыр.

Бүгінде орта және ұзақ мерзімде оның болашағын екі фактор анықтайтыны айқын болып отыр.

Оның біріншісі – жаһандану, екіншісі – қауіпсіздік проблемалары.

Жаһандану әлемдік дамудың үстем үрдісіне айналып келеді. Әлемдік экономиканың негізінен, Еуразия елдерінің есебінен қуатты өсуі осы үдерістің ықпалымен болжануда. Бірақ сонымен бірге әлемдік дамудың әркелкілігі, тұрақсыздық, жаһандық жанталас бәсеке өсе түседі. Бұл орайда жаһандану жағдайында дамыған елдер неғұрлым тиімді жағдайда болатыны түсінікті.

Басқа мемлекеттер үшін, атап айтқанда, Достастық елдеріне шикізат ресурстарының, өткізу базарларының, төмен сапалы технологиялық өнім өндірушілердің көздері ретінде әлемдік даму жолынан шетқақпай қалу қаупі төнеді.

Ондай ауыр халден құтылу, болашақта серпінді де толыққанды даму үшін бізге кірігушілік, күш-жігерімізді арттыра түсу, ғылыми-техникалық және адами әлеуетті біріктіру, әлемдік экономикада біртұтас күш болып көріну қажет.

Тегінде, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі біздің алдымызда әлі талай уақыт бойына өткір күйінде қала береді.

Осы заманғы әлемде алдыңғы орынға бүкіл Еуразия кеңістігіндегі ахуалды тұрақсыздандыру қаупін төндіретін қатерлер мен сес көрсетулерге ұжымдаса қарсы тұру проблемасы шығады.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі Нью-Йоркте болған драмалық оқиғалар, Мәскеу метросы мен Грозный стадионындағы жарылыстар, Испания мен Ташкентте биылғы көктемде орын алған терроризм актілер елдердің халықаралық терроризм мен экстремизм алдында осал күйде екенін білдіреді.

Осының бәрі жинала келіп, елдерімізді белсенді өзара іс-қимылдың жаңа, пәрменді түрлерін іздестіруге өзінен өзі итермелейді.

Сондықтан жаңа сес көрсетулер мен сын-қатерлерге қарсы тұрудың ең тиімді жолы елдеріміздің ықпалдастық ынтымақтастығын одан әрі тереңдетіп, кеңейту екеніне өз басым құлай сенемін.

Уақыт Еуразиялық Одақ құрудың мұнан 10 жыл бұрын ұсынылған қазақстандық идеясының өміршеңдігі мен қажеттігін көрсетті. Ол тек теориялық құнды қағидат болып қалмай, практикада нақты іске асты.

Сол жобада мен Еуразиялық Одақтың тең құқықты тәуелсіз елдердің әрбір қатысушы елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін іске асыруға бағытталған бірлестігіне айналуын ұсындым. Одақ егемен елдердің кірігуінің,

олардың әрқайсысының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін кірігудің ортақ әлеуеті есебінен нығайтудың пішіні түрінде ойластырылған еді.

Осынау бастаманың бойынан мен бұрынғысынша кеңестен кейінгі елдерді бірлесе әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың, олардың әлемдік шаруашылық қатынастар жүйесіне табиғи түрде кіруінің зор мүмкіндіктерін көремін.

Ықпалдастыққа осындай нақтылы көзқарас бүгін де көкейкесті күйде екеніне сенемін.

Еске салайын, сол кезде – 1994 жылы – біздің кірігудің негіз болатын қағидаты ретінде экономикалық қонымдылыққа негізделген нақ саламатты прагматизм тезисі ұсынылған еді.

Дау жоқ, біздің еуразиялық өңір басқалардан өзінің географиялық және табиғат-климаттық жағдайларымен өзгешеленеді. Ол өнім бірлігіне есептегенде энергетикалық және көліктік шығындар жөнінен едәуір ұтылады.

Оңтүстік-Шығыс Азияның әйтеуір бір жерінде зауыт салу бизнесмен үшін, мысалы, Қазақстанда немесе Ресейде өндірістер жасауға қыруар күрделі қаржы жұмсағаннан бірнеше есе пайдалырақ.

Сондықтан, экономикалық тұрғыдан кіріге келіп, біз әлеуеттік артықшылықтарға ие боламыз, олар жаһандану дәуірінде біздің бәсекеге қабілеттілігімізді күшейте түседі.

Мәселен, әлемде бірде-бір ел ауыл шаруашылығын жүргізуге арналған жер ресурсы көрсеткіші жағынан

бізбен таласа алар ма екен. Күш-жігерімізді біріктірсек, біз азық-түлікпен өзімізді ғана емес, әлемнің едәуір бөлігін қамтамасыз ете аламыз.

Біздің өңір планетада энергиялық қоры жағынан ең бай өңірлердің бірі. Бізде табиғи және энергетикалық ресурстардың ғаламат қоры бар. Олардың жиынтық көлемін тек Таяу Шығыстың энергетикалық ресурстарымен ғана салыстыруға болады деп шамалаймын.

Бірақ сол орасан әлеуетті іске қосу үшін бізге әлемдік базарларға шығудың біртұтас, баршамызға пайдалы саясатын бірлесе әзірлеп, дәйекті жүзеге асыру қажет.

Біздің даусыз артықшылықтарымыздың санатына қуатты транзиттік әлеует жатады, ол Еуропа мен Азия арасындағы саудада тиімді делдал рөлін алу мүмкіндігін береді.

Бұл істе бәрімізге пайдалы ықпалдастық қажет. Мұндағы маңызды рөлді теміржол көлігіндегі үйлестірілген саясат, жүк тасымалына біртұтас тариф бағасы атқаруға тиіс.

Біздің өңірде басқа да даусыз және салыстырмалы артықшылықтар бар. Осынау фактордың арқасында, бірлескен пайда үшін бірігіп, қосыла қимылдап, біз әлемдік аренаға лайықты түрде шыға аламыз.

Бірақ бұл үшін ортақ экономикалық кеңістікті барынша тез қалыптастыру қажет, онда елдеріміздің әрқайсысының отандық бизнесінің жұмыс істеуі пайдалы болады.

Мен ТМД мемлекеттері басшыларының көпшілігінде осынау мәселелердің бәрінде түсіністік бар екеніне өте қанағатпен айта аламын.

Еуразиялық Одақ құру моделіне арқау болған іргелік сәттер – атап айтқанда, экономикалық орындылыққа, қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы қауіпсіздігіне негізделген көп деңгейлі және әртүрлі жылдамдықтағы ықпалдастық қазіргі бірлестіктерінде орнын тапқанын атап көрсеткім келеді.

Бұл, атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың жемісті қызмет етуі.

Қазірдің өзінде қоғамдастық елдеріне ТМД шеңберіндегі сыртқы сауда операцияларының 80 %-дан астамы тиесілі, кеден тарифі мөлшерлемелерінің 60 %-дан астамы келісілді.

Биыл мемлекеттер басшылары Қоғамдастықты дамытудың алдағы жылдарға арналған басым бағыттарын, соның ішінде кеден, көлік одақтарын, энергетика нарығын, әлеуметтік-гуманитарлық өрістегі ынтымақтастықты қалыптастыру бағыттарын бекітті.

Қазіргі кезде ЕурАзӘҚ – өміршен, дамып келе жатқан ұйым. Еуразиялық бестік елдерінің ынтымақтастығы ұдайы дәлденіп отырады, ықпалдастықтың неғұрлым жоғары сатыларына көтерілу жөнінде жаңа міндеттер қойылады.

Өткен жылы өздерінің экономикалық әлеуеті неғұрлым жақын елдер – Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыруға кірісті.

Ол жұмыс бірлесе экономикалық даму келешегін анықтаудан басталды. Бұл жаңа құрылымның өте маңызды ерекшелігі. Қазіргі таңда экономиканың әртүрлі секторларында жүзден астам шарттар мен келісімдер әзірленуде. Сөз жоқ, осынау ұйымның болашағы көп жағынан елдеріміздің кәсіпкерлік құрылымдарының белсенділігіне байланысты болмақ.

Мынаны ерекше атап өткім келеді: екі ықпалдастық бірлестігі бірін-бірі жоққа шығармайды, қайта әрқайсысы өз жолымен дамып келеді. Олардың дамуы, менің ойымша, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде көп деңгейлі және әртүрлі жылдамдықты кірігу туралы тезиске қона кетеді.

Осынау форуммен қатар біз Қоғамдастықтың мемлекетаралық кеңесінің оныншы мәжілісін, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының кездесуін өткізіп жатқанымыздың нышандық мәні бар.

Бұл мәжілістерде біз мемлекеттеріміздің ынтымақтастығы және ықпалдастық бірлестіктерін одан әрі дамыту мәселелерінің талайын талқылауды жоспарлап отырмыз.

Осыған байланысты Еуразиялық Одақ құрудың өзекті мәселесі кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету болғандығын еске салғым келеді.

Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына зор маңыз береді. Біз әзірге ТМД елдерінің

ауқымды ұжымдық қауіпсіздіктің мүлтіксіз жүйесі құрылды дей алатын деңгейге жеткеніміз жоқ.

Бірақ біз сол жолмен жүріп келеміз. Ұжымдық қауіпсіздік ұйымында зор әлеует пен кемел келешек бар.

Қадірлі әріптестер, ханымдар мен мырзалар!

Мен елдеріміздің арасындағы интеграция бірлестіктерінің одан әрі дамуы табысқа жетеріне сенемін.

Кірігу құрылымдарының сындарлы ықпалдастық үлгісі еуразиялық кеңістіктің басқа елдерін оларға қатысушылар қатарына тартуға септесуге тиіс.

Ал бұл, өз кезегінде, еуразиялық ықпалдастықтың өңірлік, құрлықтық және жаһандық ауқымдағы ықпалын нығайту үшін елеулі негіз болады.

Бұл орайда еріктілік қағидатты маңызды болды және солай болып қала береді. Интеграция – КСРО заманына қайта оралу емес. Әлем өзгерді, біз де өзгердік. Әрі әрбір ел кірігу үдерісіне қатысу туралы шешімді дербес қабылдауға хақылы.

Бірақ Еуразиялық Одақ идеясы тек саяси және экономикалық ықпалдастықты ғана көздемейді.

Бүгінде еуразиялық кеңістік елдерінің алдында тұрған аса маңызды мәселе – гуманитарлық, мәдени, ақпараттық және басқа өрістерді қамтитын қатынастардың жаңа жүйесін дамытуға ортақ көзқарастарды әзірлеу.

Мәдени ұқсастықтан айрылу – қоғам ішіндегі жанжалдың болашақ дәні. Бүгінде біз осы проблема

қаншалықты көкейкесті екенін көріп отырмыз. Халықаралық терроризм пен экстремизмнің өсуі соның дәлелі. Сондай-ақ біз осы заманғы әлем дамуының әрқилылығы, дәстүрлі мәдени институттардың бүлдірілуі құрлықтағы шиеленістің одан әрі үдеуіне соқтыра алатынын да көріп жүрміз.

Сондықтан бізге осы заманғы қоғамды дамытудың экономикалық прагматизмге ғана емес, бірегей ортақ тарихи және мәдени тамырларға, халықтарымыздың тығыз ықпалдастығына да негізделген жаңа идеология қажет.

Еуразиялық кеңістік елдерінде біз толығынан пайдалана алатын орасан жиынтық әлеует бар. Біздің ортақ идеямызды іске асырудың бұдан былайғы стратегиясын, оның белестерін, осы заманғы тетіктері мен құралдарын белгілеу үшін ғылыми қоғамдастықтың күш-жігерін барынша пайдалану қажет. Бұл арада ғалымдар маңызды рөл атқаруға тиіс.

10 жыл бұрын, Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеп, мен алғаш рет Еуразиялық Одақ қалыптастыру идеясы бойынша Ресей ғылыми элитасының өкілдеріне сөз арнадым.

Мен өз бастамаларымның Ресейдің және ТМД-ның басқа елдерінің жетекші ғалымдарының, саяси шеңберлердің көптеген өкілдерінің тарапынан түсіністік пен қолдау тапқанына ризамын.

Біздің астаналық университет Лев Николаевич Гумилев атындағы Еуразия университеті деген жоғары мәртебеге ие болды.

Бүгінде осы білім және ғылым орталығы жоғары мәртебелі меймандарды, еуразиялық интеграцияны өркендету мәселелері бойынша халықаралық форумға қатысушыларды қабылдап отыр. Осынау жоғары оқу орнында сіздермен бірге сындарлы да жемісті жұмыс жүргіземіз деп үміттенемін.

Сіздерге табыс пен сәттілік тілеймін!

**Қазақстан темір жолының
100 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 6 тамыз

**Қазақстан темір жолының қадірлі
еңбеккерлері мен ардагерлері!**

Сіздерді Қазақстан теміржол магистралінің ғасырлық мүшелтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Темір жол салу әлем мемлекеттерінің көпшілігінің дамуында айтарлықтай рөл атқарды. Алайда ол әсіресе жері ұлан-байтақ, халқы аз елдер үшін ерекше маңызды болды. Артық айтпай-ақ қоялық, біздің ұшы-қиырсыз және климаты қатал еуразиялық

кеңістіктер үшін көліктің бұл түрі баламасыз, шын мәнінде алмастырылмас жол болды және осы күнге дейін солай болып келеді. Бұл жүк және жолаушылар тасымалының көлеміне де, олардың өзіндік құнына да, темір жолдар жұмысының сенімділігіне де, олардың іс жүзінде ауа райына қарамайтынына да қатысты. Орайы келгенде айтайын, қазіргі кезде ол экологиялық тұрғыдан барынша таза көлік.

Көліктің басқа ешқандай түрі Қазақстан үшін темір жолдай мәнді болған емес және таяу болашақта бола да алмайды.

Қазақстан темір жолының соңғы 100 жылдағы рөлін әділ бағалай отырып, теміржол желісінің дамуы Қазақстанымыздың экономикалық әлеуетінің жалпы өсуімен етене байланысты екенін атап көрсету керек. Дамыған өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы бар осы заманғы Қазақстанды темір жолдарсыз көзге елестету мүмкін емес. Кезінде Қазақстан темір жолдарын республика экономикасының «өзегі» деп тегіннен-тегін атаған жоқ.

Осы жылдың басында біздің халқымыздың тарихындағы тағы бір айтулы датаны – тың игерудің 50 жылдығын атап өттік. Қазақстан темір жолы ардагерлерінің көбі сол ұлы эпопеяның белсенді қатысушылары болды десем қателеспеймін. Бүгін атап өтіліп отырған мүшелтойды тыңның 50 жылдығымен қатар мен егемен Қазақстан үшін аса маңызды тарихи мәні бар сондай айтулы даталар санатына жатқызымын.

Қазақстан темір жолының қадірлі еңбеккерлері мен ардагерлері!

Темір жол қай кезде де тұрақтылықтың және орнықты экономикалық байланыстардың негізі болды. Бүгінде, саланы реформалаудың жауапты кезеңінде, елдің экономикалық өсу қарқыны Қазақстан теміржолшыларының тиімді жұмысына тікелей байланысты.

Қазақстанның болат магистральдерінің тарихы толып жатқан даңқты да ерлікке толы беттерді қамтиды.

1904 жылдың 1 қаңтарынан «Орынбор – Ташкент» темір жолының солтүстік бөлігінде жолаушылар мен жүк таситын пойыздар жүрісі ашылды. Бұл дата қазақстандық магистральды темір жолды пайдаланудың нышанды басталуы және іс жүзінде дүниеге келуі болады.

Сол уақыттан бастап Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі сапалық өзгерістердің алғышарттары жасалды. Бұрын апталап, тіпті айлап жүретін жолға бірнеше күн ғана кететін болды.

Бұрын ең «жүк көтергіш» көлік түйе бастаған көш болса, болат рельстер үстімен мыңдаған тонна жүк тасу мүмкіндікке айналды.

Кейінірек темір жол салу кеңінен құлаш жайды. Салынып жатқан Троицк және Алтай темір жолдарының учаскелері де Қазақстан аумағымен өтті. 1920-шы жылдары «Петропавл – Көкшетау» теміржол желісінің құрылысы жүргізіліп, ол, шындап келгенде, болашақ Трансқазақстандық магистраль бастауы болды.

1927 жылы ол жол Көкшетаудан Бурабайға дейін созылып, Қазақстанның теріскей бөлігінің экономикалық өмірінде үлкен рөл атқарды. Содан кейін жол Ақмолаға дейін жалғастырылып, алғашқы паровоз біздің қазіргі астанамызға осыдан тұп-тура 75 жыл бұрын келді, ал біраз уақыттан кейін желі құрылысы енді Қарағандыға дейін жетті.

Дегенмен Қазақстан темір жолының өміріндегі ең дәуірлік оқиға Түркістан – Сібір магистралінің – атақты Түркістің құрылысы болды, ол 1931 жылы пайдалануға берілді.

Жолдың ұзындығы 2 мың шақырымдайға созылды. Бұл Қазақстан үшін бұрын-соңды көрмеген жаңа құрылыс еді! Түркісті салуға ондаған мың қазақстандықтар қатысты. Бастапқыда жергілікті халық негізінен жер қазу жұмыстарына тартылды, дегенмен жол салумен бірге теміржол жұмысшыларының, инженер-жолшылардың ұлттық кадрлары жедел түрде қалыптастырыла бастады.

Сөйтіп, өткен ғасырдың басында-ақ талай адам далалықтар үшін жаңа тосын кәсіпті таңдап, өз тағдырын темір жолмен мықтап байланыстырды.

Бүгінде тәжірибелі теміржолшылар ұрпақтарына үлкен алғыс айтқан орынды, олар өзінің маңызды ісін жалғастырушыларды үйретіп, мәпелеп өсірді, енді солар жолшылар шеберлігінің бүкіл әліппесін үйренген нағыз кәсіби мамандарға айналды.

Біз жол құрылысына Тұрар Рысқұлов пен Мұхамеджан Тынышпаевтың қосқан орасан зор үлесін атап өтуге тиіспіз.

Соғыстан кейінгі тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары темір жолдарды дамыту жаңаша серпін алды. Нақ сол жылдары тың астығын алыс аудандардан алып шығу үшін жаңа желілер құрылысы жедел жүргізілді.

Сол кезден Кеңес Одағындағы ең ірі құрылымдардың бірі – Қазақ темір жолы жұмыс істей бастады, ол Қазақстанды Сібірмен, Оралмен, Еділ бойымен, Орта Азия республикаларымен жалғастырды. Мұның өзі жол шаруашылығын айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік берді.

Сол уақыттан темір жолдың барлық қызметтерінде жаңа техника мен технологияны ендіру басталды. Елдің дамып келе жатқан өнеркәсіпті өңірлеріне жаңа желілер тартылды.

Мен сол жылдардағы барша жетістіктер жайында тағы айта алар едім. Осы залда отырған ардагерлер мен сала қызметкерлері оларды тамаша біледі. Ең бастысын атап көрсеткім келеді – осының бәрі сіздердің жанқияр еңбектеріңіздің, жоғары кәсіби біліктіліктеріңіздің және өз істеріңізге барынша адалдықтарыңыздың арқасы. Біз осының барлығы үшін сіздерге мың да бір рахмет деуге тиіспіз.

Еңбекқор паровоз ондаған жылдар бойы әрліберлі шапқылады, жолаушылар, жүк, азық-түлік, майдан мен жеңіс үшін қару мен көмір тасыды, алғашқы тың игерушілерді алып келді. Ақыры, өз вахтасын осы заманғы тепловоздар мен электровоздарға тапсырды.

Ғасырлық мүшелтойға және Астанада темір жолдың пайда болуының 75 жылдығы құрметіне, меніңше, Астананың вокзал алаңында ардагер-паровозға ескерткішті қалпына келтіру керек секілді. Жастар темір жолдың неден басталғанын, өздерінің ардагер аталары қалай жұмыс істегенін көріп жүрсін.

Бүгінде «темір жол» ұғымы қазақстандықтардың өміріне мықтап енді. Тәуелсіз Қазақстанның қаз тұрып қалыптасуында темір жолдың мүлтіксіз жұмысының орны үлкен.

Болат магистраль ел үшін аса маңызды жүктерді тасудың таптырмас құралына, миллиондаған адамдар үшін көліктің арзан да сенімді түріне айналды.

Статистика бойынша темір жол жыл сайын 14 млн-нан астам адам тасиды, яғни, шартты түрде айтсақ, әрбір қазақстандық жылына бір рет болса да теміржол көлігінің қызметін пайдаланады.

Бүгінде жүк айналымының 70 %-дан астамы, жолаушы айналымының 60 %-дан артығы темір жолдың үлесіне тиеді.

Қазақстан магистралі дегеніміз – 14 мың шақырымнан астам темір жол, 700-ден астам стансалар, ондаған пайдалану және жөндеу деполары. Тасылатын жүк пен жолаушылар көлемі жыл сайын өсіп келеді. Біздің өнеркәсіптің арқаулық салаларының дамуында да темір жол сіңірген еңбек ұланғайыр. Мұны әрқашан есте ұстау керек.

Осының бәрі теміржол саласының барша қызметкерлерінің табанды еңбегінің нәтижесі.

Мүшелтой жылдарында қорытынды шығарып, болашаққа мақсат қою үрдіске айналған. Мемлекет басшысы ретінде мен темір жолдың соңғы жылдардағы жұмысына мейлінше қанағатымды білдіргім келеді.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясындағы ұзақ мерзімді 7 басымдықтың ішінде мен инфрақұрылымды, әсіресе көлікті бөліп көрсеттім. Қазақстанның көсіліп жатқан алып аумағын ескере келгенде, стратегиялық міндеттерді орындау үшін теміржол көлігін дамытуда өзектілігін жоғалтпаған мына басымдықтар белгіленеді.

Біріншіден, темір жолдың халықаралық көлік және сауда байланысын қамтамасыз ететін негізгі бағыттары, сондай-ақ Трансазия магистралі маршруты бойынша транзиттік жүк ағынын жаңғырту жөн.

Екіншіден, Достық бекетін өркендетіп, «Достық – Ақтоғай» учаскесінің жүк өткізгіштігін жылына 10 млн тоннаға жеткізу керек.

Үшіншіден, жүк жинақталатын аудандарда мультимодальдық терминалдар ұйымдастырып, оларда көліктің әрқилы түрлерінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ететін контейнерлік және пакеттік тасымал енгізу қажет.

Төртіншіден, барлық көліктік-коммуникациялық монополияларды кесімді түрде қайта құрылымдап, олардан бейінге жатпайтын кәсіпорындарды бөліп алу керек.

Бүгін мен ел экономикасы үшін маңызды осынау саланың барлық қызметкерлері алға қойылған

міндеттерді лайықты орындап келе жатқанын қанағатпен айта аламын.

Тегінде, кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте Қазақстан жаңа теміржол желілерін салуды алдыңғылардың бірі болып бастаған-ды. Бірнеше жыл бұрын біз «Ақсу – Дегелең» желісін қостық, ол елдің батыс және солтүстік өңірлерінен Қытайға барар жолды едәуір қысқартты.

Өткен жылы ұзындығы 400 шақырымдық «Хромтау – Алтынсарин» теміржол желісі түйістірілді, ол Орталық Қазақстаннан біздің Ақтау кемежайына дейінгі жүрер жолды айтарлықтай жылдамдата түсті. Әрі, маған баяндалғанындай, бұл желі таяуда тұрақты пайдалануға беріледі. «Екібастұз – Павлодар» учаскесін электрлендірілу жұмысы жүргізілуде.

Ірі бекеттердің бәрінде дерлік, соның ішінде байтағымыз Астананың, «Алматы-1» және «Алматы-2» вокзалдарын жалпы қайта жаңғырту жүргізілуде. Кезекте Ақтөбедегі және басқа қалалардағы вокзалдар тұр.

Темір жолда жөндеу техникасының жаңа түрлері, әртүрлі вагондар мен локомотивтер барған сайын көбірек пайдаланылуда, осы заманғы ақпараттық, телекоммуникациялық жүйелер қолданылуда.

Мысалы, американдық «General Electric» компаниясының дизель-генераторлар құрылғылары негізінде жаңғыртылған тепловоз моделі игерілуде. 2003 жылдың қыркүйегінде Испанияның «Talго» фирмасының вагондарынан құрастырылған «Астана – Алматы

– Астана» бағыты бойынша жедел жолаушылар пойызының жүрісі ашылды.

Ел теміржолдары желісін дамыту бұдан былай да жалғастырыла береді. Экономиканың өсуімен темір жол салуға қаржы жұмсау пайдалы бизнеске айналып келеді.

Үкімет бұл іске мемлекеттік қаржыландырумен бірге инвестиция тартуы қажет.

Қазақстан темір жолының бірегейлігі оның орасан транзиттік мүмкіндіктерінде, ол Еуропа мен Азия елдерін ұштастырады. Біз осы артықшылықты пайдалануға тиіспіз.

1998 жылдан бастап біз тасымал көлемін ұдайы ұлғайтып келеміз, жаңа бағыттарды игерудеміз.

Соңғы кезде халықаралық жүк тасқынының Қазақстанның көлік магистральдеріне бет бұруы әбден заңды.

Достық бекеті бойынша біздің келешегіміз тәп-тәуір, біз тасымалдың жоспарланған көлеміне таяп қалдық. Келесі жылы «Ақтоғай – Достық» теміржол учаскесіндегі және шекаралық «Достық – Алашань-коу» өткеліндегі жұмыс аяқталуы тиіс. Бұл Оңтүстік – Шығыс Азиядан Еуропаға ағылған, жыл сайын өсіп келе жатқан жүк тасқынының бөгетсіз қозғалысын қамтамасыз ету мүмкіндігін береді.

Қазақстан өз аумағы арқылы өтетін теміржол желісін еуропалық стандарт сорабымен салуға бастамашы болғаны белгілі.

Сондай магистральді іске қосу, ең ілкі есептеу бойынша, Қазақстан аумағы бойынша Қытай және Иран мен Түркия арасында транзиттік тауар тасқынын жылына 2 млрд долларға, Азия мен Еуропа елдері арасында – 7 млрд долларға тарту мүмкіндігін берер еді.

Еліміздің экономикасы жоғары қарқынмен дамып келеді. Бұл бізге аграрлық, индустриялық және тұрғын үй бағдарламаларын іске асыруға кірісу мүмкіндігін берді.

Елдің көлік жүйесі, бірінші кезекте, теміржол жүйесі мінсіз жұмыс істеп тұрса осының бәрін орындай аламыз. Тасымалдың өсуі мен оның сапасы уақыт талабына сай боларына сенемін.

Қадірлі теміржолшылар!

Бүгінде біз теміржол саласын қайта құрылымдаудың аяққы кезеңіне жеттік деуге болады. Қосалқы және жөндеу ісінде нарық қатынастарын дамыту үшін жағдай жасалды. Бұл қамтамасыз ету қызметі кәсіпорындарының арасындағы бәсекені дамытуға мүмкіндік беріп, ол тұтас алғанда солар көрсететін қызмет бағасын төмендетті.

Реформаның басты мақсатына – саланы қаржылық және техникалық жағынан сауықтыруға қол жетті.

Жалпы алғанда көп нәрсе істелді. Бір қуаныштысы, сала басшылығы Қазақстан темір жолын құрған және оны дамытып келе жатқан адамдарды реформалар көлеңкесінде қалдырып, көзден таса еткен жоқ.

Базарлы экономикаға көшу реформаларының қиын жылында темір жол өз ардагерлерін ұмытқан жоқ.

Сала ардагерлері «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының басшылығы тарапынан ерекше қолдауды көріп келеді.

Материалдық қолдау да маңызды болғанымен, бұл қолдау оған ғана қатысты емес.

Ардагерлер темір жолдың өміріне белсене қатысады, сіздердің кейбіреулеріңіз көптеген өзекті мәселелер шешілетін жұмыс істеп тұрған консультациялық кеңеске кіргенсіздер. Бұл басқа салаларға, барлық жұмыс берушілерге лайықты үлгі деп ойлаймын.

Ұлттық техникалық интеллигенция нақ теміржол көлігі мамандарынан қалыптаса бастады.

Кезінде темір жол өз қызметкерлерінің тамаша шоғырын әзірлеп, олар саланың қаз тұруы мен дамуына лайықты үлес қосты. Олардың есімдерін бүкіл ел білетін.

Олардың талайы ең күрделі заманда сала басшылары бола білді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның темір жолы майдан мен тылдың аса маңызды шикізат материалына қажетін үздіксіз жеткізіп беріп отырды. Жанқиярлық еңбектің, мінсіз кәсібиліктің арқасында ең қиын жылдарда темір жол ел экономикасының мұқтажын қамтамасыз етуді жалғастыра берді.

Егемен Қазақстан бүгінде теміржолшылардың еңбегін мақтан етуге хақылы. Олардың есімдері Қазақстан болат магистральдерінің тарихына алтын әріптермен жазылған.

Бүгін залда еңбек сіңірген теміржолшы ардагерлер отырғанын көріп тұрмын, осынау салтанатты жиналыс қарсаңында олармен кездесу маған өте жақсы болды. Көбін талай жылдардан бері білемін.

Сайып келгенде жолдың ең басты байлығы, нағыз қазынасы адамдар ең қашық стансадағы жол қараушылардан бастап жол бастығына дейінгі магистраль еңбеккерлері.

Жолаушылар үшін жол жүру – тек ұнамды сапар болса, теміржолшылар үшін бұл – бәрінен бұрын күнделікті күрделі жұмыс, ал онда ұсақ-түйек болмайды.

Қадірлі теміржолшылар!

Қазақстан теміржол көлігінің даңқты ғасырлық тарихы мен дәстүрлері – экономикамыздың сенімді де берік іргетасы. Қазақстанның темір жолы республикамыздың өскелең қажеттіктеріне толығымен сәйкес болатынына, бұрынғысынша ыңғайлы әрі көп жағдайда алмастырылмас көлік түрі болып қала беретініне мен риясыз сенемін.

Бүгін сіздердің кәсіптік мерекелеріңіз қарсаңында және темір жолдың біз атап өтіп жатқан 100 жылдығында мен сіздерге мемлекетіміздің игілігіне атқарылып жатқан еңбектеріңізде жаңа табыстар тілеймін!

Осынау күні ойдағының бәрін ойдағыдай іске асыруға, мықты денсаулыққа, әл-ауқаттылыққа және жеке бақытқа тілегімді қабыл алыңыздар!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 70 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2004 жылғы 8 қыркүйек

**Қадірлі университет оқытушылары мен
студенттер, қонақтар!**

Әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің 70 жылдық мүшелтойы – елдің бүкіл білім беру және ғылыми жұртшылығы үшін үлкен оқиға. Бұл жоғары оқу орны – жоғары білім берудің қазақстандық жүйесінің іргетасы.

Университет тарихы 1934 жылы 2 факультеттен – физика және биология факультеттерінен басталып,

оған 54 студент қабылданды. Бүгінде бұл 17 мың студенті, 2 мың профессор-оқытушылар құрамы және дамыған ғылыми, материалдық-техникалық базасы бар елдің ең ірі жоғары оқу орны.

Университет тарихы – ең алдымен оны құрған тұлғалардың тарихы, олардың үлкенді-кішілі еңбектерімен республиканың ғылымы, экономикасы, білімі орнығып, дамыды.

Университет түлектерінің арасында – көрнекті мамандар, ғалымдар, экономистер, парламентарийлер, аса ірі кәсіпорындардың жетекшілері, мыңдаған нағыз кәсіби мамандар, өз ісінің білгірлері бар. Сондықтан да бұл университетті өзінің ұшқан ұясы санайтын толып жатқан, көптеген адамдардың мерекесі.

Мүшелтоймен құттықтаймын сіздерді!

Даңқты жоғары оқу орнының тарихы жалғасып келеді. Университетті дамыту бағдарламасын, ҚазМУ қалашығы құрылысының екінші белесін мен мақұлдадым.

Келесі жылға жасалған республикалық бюджеттің жобасында іргелі ғылыми кітапхана құрылысы үшін 850 млн теңге көзделген. Тұтас алғанда екінші белес құрылыстарын аяқтау әлемдік стандарттағы осы заманғы университеттік кешен жасауға жеткізеді.

Мүшелтойлық дата – тек қорытынды шығару емес. Бұл жоғары оқу орнының бүкіл білім беру мен ғылым өрісінің болашағы жайында әңгімелесудің жақсы мүмкіндігі.

Бүгін біз ел дағдарыстан шықты деп сеніммен айта аламыз. Бұл жай ғана декларация емес, бүгінгі күннің

шындығы. Экономикалық өсу жалғасуда, қоғамдық-саяси ахуал бұрынғысынша тұрақты.

Алайда қол жеткен нәрсе тоқталар шек емес, тек экономикалық және әлеуметтік дамуда бұзып-жарып өтуге тиісті бастау ғана.

Қазір күн тәртібінде әлемдік қоғамдастықтағы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі, экономикамыз бен қазақстандықтардың өздерінің бәсекеге қабілеттілігі мәселесі тұр.

Бұл аудиториядағылар ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте оның білімділігі деңгейімен анықталатынын тамаша біледі. Біз жаңа, болашаққа үмтылған білім беру бағдарламасына мұқтажбыз, оны әзірлеу қазір Үкіметте қызу жүргізілуде.

Білім беруді дамыту – Қазақстан қоғамының рухани және зияткерлік әлеуеті қалыптасатын тұғыр. Қазіргі өзгерістер қисыны мынадай: экономикалық өрлеудің жеделдей түскен қарқыны білім берудің және кәсіптік өсудің тап сондай жоғары қарқынын талап етеді. Жоғары білім қашанда аса маңызды үш қағидатқа негізделетін, олар – мемлекеттілік, қолжетімділік және іргелілік. Мемлекеттілік дегенде, әлбетте, біз кәсіптік білімнің парызы елді сауатты мамандармен қамтамасыз ету екендігін түсінуге тиіспіз.

Студенттер саны жағынан біз бүгін бүкіл планета алдында секілдіміз. Бізде 10 мың халыққа 400-ден астам студент келеді. Бірақ солай бола тұра мемлекеттік органдарымыз бен кәсіпорындар кәсіби мамандарға

мұқтаж. Бұл ешқандай қисынмен қиыспайды. Мынаны түсінуге болады: не біз тиісінше оқытпаймыз, не талап етілетін ғылымдарға оқытпаймыз.

Қазақстан халқына Жолдауымда мен Үкіметке тәуелсіз Білім сапасын бағалаудың ұлттық орталығын құруды тапсырдым. Бұл, меніңше, жалпы білім сапасына көзқарасты өзгерте алатындай өте маңызды шара. Ең алдымен аталған орталықтың қызметі педагогтардың өз еңбегінің нәтижесі үшін жауапкершілігін арттырады, шәкірттердің білімін әділ бағалау өлшемдерін жақсартады.

Мемлекет қашанда білім берудің сапасы мен қолжетімділігінің кепілі бола береді. Сондықтан біздің жоғары оқу орындарымызда оқу құнын соншалық елеулі арттыру туралы шешім қабылдаудан бұрын бірнеше рет ойланып алу керек. Соны студенттеріміз, дәлірек айтсақ, солардың ата-аналары, әсіресе ауылдағылары көтере ала ма?

Бүгінде жоғары білім жүйесінің қалай дамитынын базар, бірақ барлық дамыған елдердегі сияқты еңбек базары емес, қызмет көрсету базары анықтайды.

Бізде бір керек кәсіп иелерін емес, мүлдем басқа мамандарды беталды шығарып жататын оғаш жағдай қалыптасты. Қазір заңгерлер мен экономистерді соңғы жарты ғасыр ішінде шығарған конструкторлардан, инженерлер мен технологтардан көп шығарып үлгердік. Мысалы, бүгінде біз 1 жұмысшыға 7 менеджер дайындаймыз, шынында да «соқа соңында – біреу, қасығы дайын – жетеу» дейтін белгілі мақалдағыдай.

Бұл айналдырған ауру, оны түзеу үшін Үкімет өте байыпты жұмыс істеуі керек.

Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындау саласында да қиғаштықтар жетерлік. Мен техникалық мамандықтар бойынша ғылыми зерттеулерге ынта құлдырап кеткенін меңзеп тұрмын.

Бұл Қазақстанның индустриялық-инновациялық саясатына ешбір жуыспайды әрі жоғары технологиялар әлеміндегі біздің жағдайымызды тіпті де нығайтпайды. Біз жоғары білім жүйесіне нарық қатынастарын ендірдік, бірақ қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуге қабілетті ойын ережелерін жасамай, барлық сайқымазақ көріністерімен «қисық айна» алдық.

Жоғары кәсіптік білімнің жеке меншік секторын өрістеттік – қазір ондай оқу орындарын жүзден асырып балалаттық.

Бірақ бәсекелесті орта кадрлар даярлау сапасының арттырылуын қамтамасыз ете алмады. Ол ол ма, абажадай дәрменсіз басқарылатын жүйенің қалыпташуына апарып соқтырды. Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының үштен бірінде студенттер 1 мыңнан аспайды. Әлдебір жоғары оқу орны бар, онда 82 ғана студент оқиды, оның үстіне ол мерзімсіз лицензия алған!

Неліктен екенін қайдам, ондай жоғары оқу орындарында оқу ақысы тіпті Үкімет қаулысымен бекітілген мөлшерден аз болуы мүмкін екендігі де, өзіндік материалдық-техникалық базасы жоқ екендігі де, тұрақты оқытушылар штаты жоқ екендігі де

ешкімді ойландырмайды. Ал мұныңыз мамандарды оқытатын емес, диплом сататын кеңсенің алғашқы нышаны ғой.

Айтыңыздаршы, соншалық елеулі тарихы мен дәстүрі бар оқу орны ретінде бұл сіздердің көңілдеріңізге келмей ме?

Амал қанша, бүгінде жұмыс берушінің маманның кәсіптік деңгейіне талабы ұсқынсыз ойыншықтай оңай – жоғары білім туралы қатырма қағаз, одан да абзалы бірден бірнеше диплом болса жетіп жатыр.

Тиісінше, бұл жүйе талапқа тағы да өзінше жауап беріп, жоғары білімі бар адамдар үшін жеделдетілген сырттай оқуды енгізді. Тек сырттай оқыту сапасына ешкім де қам жемейді, бүйте берсек, көп ұзамай сырттай оқытын хирургтер немесе кешке оқытын ұшқыштарды да ұшыратармыз. Мұндайдың болатыны, оқытудың жеделдетілген түріне көшу тұсында мемлекет білім берудің міндетті стандартын орындау талабын белгілемеген. Айтпақшы, онда заңгер даярлауға 4-тен 6 жылға дейін уақыт көзделген. Сабақтас мамандық алу жағдайында бұл жүйе орынды деп таныла алатыны түсінікті, бірақ өз басым екі сессия ішінде инженерді қалай заңгер етуге болатынын елестете алмаймын.

Сөйте тұра, сырттай жеделдете оқыту пішіні таза экономикалық пайда жағынан тартымды болып шықты.

Жоғары оқу орындарының 10 %-ында ғана күндізгі бөлімшелер студенттерінің саны сырттай оқу бөлім-

шелеріндегіден артық. Әдетте жоғары оқу орындары нақ солар, ал қалған 90 %-ының сапасына мен қатты күмәнданамын.

Тиісті сапа болып жатса, халықтың оқуға мұндай ықыласына қуанар едік, алайда көбіне жалған білім беруге тап болатынымызды бәріміз де түсінеміз.

Меніңше, сырттай оқыту бойынша маман дайындауға салмақты, таңдай білетін көзқарас қажет.

Жоғары білім саласының тағы бір проблемасы – филиалдар. Тағы да парадокс көлденеңдейді: бір ғана қалада бір ғана кәсіп мамандарын даярлайтын бірнеше жоғары оқу орындары және бірнеше филиалдары бар, көбіне-көп нақ филиалды таңдайды әрі рейтингі төмен жоғары оқу орнының филиалын. Жауап біреу – арзан, оқу үшін талап төмен, ал диплом тура жетекші жоғары оқу орнындағыдай.

Амал қанша, министрлік әлі осы проблемаларды шешуге кірісуге де тырыспайды. Оқыту үшін бағаны көтере салу оның сапасы жөнінде жұмыс істеуден әлдеқайда оңай.

Мемлекет жоғары білім мәселесіне оралуға тиісті. Мен жекешелендіруді қайта қарайық деп тұрғам жоқ. Мемлекет бұған қолжетімді сапалы білім берудің кепілі ретінде оралуға тиіс. Түкке татымайтын мамандарды қаптату тиімсіз болатындай, ЖОО маркасы екіден көз ашпайтын студенттің ақшасынан қымбат тұратындай шарт жасау керек.

Студенттердің есіне мынаны салайын – ертең еңбек базарында керек болғыларың және тым

тәп-тәуір жалақы алғыларың келе ме – онда шындап оқыңдар.

Өз басым білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі алдағы жұмысқа көзқарасымызда қоғамның зияткерлік әлеуетін дамыту бағыты үстем болуға тиіс деп санаймын. Амал қанша, бізде білім беруде іргемізді әлсіреуге соқтыратын басқа үдерістер жүріп жатыр. Мұны ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері айқын айғақтайды.

Ең төмен балл – жаратылыстану пәндерінде, әсіресе математикада. Біздің оқушыларымыз халықаралық олимпиадалардан алтын медальдер әкеліп жүр ғой, демек, педагогтар да, әдістер де бар, сөйте тұра – бүтіндей алғанда математика бойынша білім деңгейі күрт құлдырап барады.

Атап өтейін, әрі ортақ пікірді білдіремін ғой деп ойлаймын, білім сапасы – ең алдымен орта мектептің проблемасы. Сондықтан жаңа мемлекеттік бағдарламада білім берудің аталмыш деңгейіне барынша көп көңіл аударылуға тиіс.

Бүгінде кәсіптік ортада кеңінен талқыланып жатқан мәселе – стандарттар. Халықаралық деңгейге сәйкес жаңа стандарттар қажет. Бірден айтайын – стандарттар қажет. Мәселе мынада – қандай стандарттар?

Олардың басты міндеті – нақтылық пен сабақтастық. Бүгінде барлық деңгейде стандарттар педагогтардың өздері әзілдейтіндей: біз енді оқушыларға ең аз білім беру үшін барынша көп күш жұмсауға тиіспіз. Ал біздің оқулықтарды оқи қалсаң, таңғаласың, олардағы

кателіктерден, сенсациялар мен шатпырақтардан аяқ алып жүре аламайсың.

Біздегі білім беру сапасы, оқулықтарымыздың сапасы стандарттардың мазмұнымен анықталатынын түсіну қажет. Ал бұл – білім беруді дамытудың стратегиялық мәселелері.

Іргелі, эталондық білім беру туралы тақырып пен элиталық ЖОО туралы мәселе тығыз байланысты. Университеттер өз өңірлерінде мәдениет, рухани өмір орталықтарының ұлы миссиясын жүзеге асыратынын ешқандай жағдайда да ұмытуға болмайды. Бізде жетекші аталу құқығын жеңіп алған университеттер соншалық көп емес.

Сіздердің ЖОО-да сондай мүмкіндік бар, бірақ элиталық болу үшін, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның дипломы мамандар даярлау сапасының куәсі болу үшін бүкіл ұжымның, профессор-оқытушылар құрамының және студенттердің талай күш-жігерін жұмсау қажет.

Университеттер дәстүрлі түрде елдің саяси-экономикалық және мәдени өміріне ықпал ететіні әмбеге аян. Мұнда саясат мәселелері кеңінен талқыланады. Әлемнің даму үдерістеріндегі еліміздің орны туралы пікірталастар жүріп жатады. Осынау тақырыптар бүгінгі оқытушылар мен студенттерді кем толқытпайды деп білемін.

Академик Дмитрий Лихачев былай жазған: «Мен ұлттың қайта түлеуіне үмітімді екі нәрсемен байланыстырамын. Біріншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан

халықтық дәстүрлермен. Екіншіден, сол дәстүрлерді сақтауға, нығайтуға және дамытуға қабілетті адамдармен».

Бізде ұлы дәстүрлер бар, сол дәстүрлерді сақтауға, нығайтуға және дамытуға қабілетті адамдар бар. Олар – академиктер мен профессорлар, ғалымдар мен педагогтар. Олар – біздің жастар. Олар – осы залда отырған адамдар. Мен сіздерге сенемін.

Университеттің даңқты тарихын бірнеше ұрпақ өздерінің еңбегімен, өздерінің жетістіктерімен жазды. Бүгінде олар эстафетаны сіздерге тапсырады. Сіздердің ұрпақтарыңыз өзінің төл бостандық тәжірибесіне ие, өзгеріп келе жатқан өркениеттің ырғағын сезеді. Ертең еліміздің болашағы сіздерге тәуелді, ертең оны сіздер белгілейсіздер және, бір үмітім, сіздер бізге лайықты мирасқорлар боласыздар.

ТМД Мемлекет басшылары
кеңесінің отырысында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 16 қыркүйек

Қадірлі әріптестер!

Бүгінгі саммит халықаралық терроризмнің бүкіл өркениетті қоғамға шабуылының аса күрделі жағдайында өтіп жатыр. Сол сын-қатерлерге біз ең тиімді шараларды қолданып, ортақтаса жауап беруіміз керек.

Сөздерден қалыптасқан ахуалға сәйкес келетін нақты қимылға көшетін уақыт жетті ғой.

Бұл жолдағы алғашқы қадам – ТМД-ны түбегейлі реформалау.

Достастық шеңберінде біз біртұтас мемлекеттің ыдырауынан кейін туындаған көптеген күрделі мәселелердің шешімін таба алдық. Біздің ынтымақтастық күш жинап, кері қайтпас сипатқа ие болды. Ең бастысы мынада: елдеріміздің халықтары Достастыққа сенді, өйткені ол қантөгіс жанжалдарға жол бермеудің тиімді тетігіне айналып, біздің бәрімізді «Югославия сценарийінен» сақтай алды.

Бірақ халықаралық терроризм секілді ғаламдық кесапаттың пайда болуы бізге барлық күшті сонымен күреске жұмылдырудан басқа таңдау қалдырмайды.

Достастық сансыз қағаздарға тұншықты. Көбіне-көп нақты өмірдің қажеттерінен қол үзген сансыз құжаттар мен қарарларды өндірумен айналысатын ебедейсіз әрі бюрократтық бірлестікке айналды. Қабылданған жүздеген бірлескен құжаттардың бірлі-жарымы ғана жұмыс істейді. ТМД шеңберінде еркін сауда аймағын құру секілді маңызды мәселе – осы күнге дейін пікірталас ахуалында. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету өрісінде ынтымақтастықтың бүгінде бірнеше түрі бар, олар да көзге көрінетін пайда бермей, бірте-бірте төрешілдікті төңіректей түсуде.

Соңғы кезде ТМД-ның Экономикалық соты атына толып жатқан әділетті наразылықтар айтылуда. Өзінің 10 жылдық ғұмыры ішінде ол бар болғаны 62 іс қарады. Сот шешімдері таза ұсыныстық және түсініктемелік сипатта болды.

Соңғы жылдары қуынушылар сот шешімдерін орындау міндетті еместігін ескеріп, оның мәжілістеріне

келмейтін де болды. Мұнан басқа салалық ынтымақтастық органдары да өз парызын өтемейтін болды. ТМД шеңберінде 70-ке жуық органдар құрылды, солар бір-бірін қайталаудан жалықпайды.

Мысалы, ауыл шаруашылығы саласында үш кеңес, білім беру өрісінде бір-бірден кеңес пен комитет бар, толық өкілетті өкілдің 2 институты құрылды және т. б.

Барлық органдардың қызметі мемлекеттеріміздің зор қаржылық шығындарын талап етеді.

Мысалы, ТМД органдарының біртұтас бюджетіне елдеріміз жарнамасының қосындысы 7 млн-дай долларды құрайды. Саммиттер, кеңестер мәжілістерін өткізуге және сарапшылардың әртүрлі кеңестерге баруына айтарлықтай шығындар жұмсалады. Биылғы жылдың қаңтарынан тамызды қоса алғанда сарапшылардың 30-дан астам отырысы өткізіліп, олардың талайы нәтиже бермеген.

ТМД-ның астық рыногын құру және оның қызмет істеуі бағдарламасының, ТМД-да Бейбітшілік жөніндегі ұжымдық күштердің қызметкерлер құрамына әлеуметтік және құқықтық кепілдіктер туралы келісімнің, ТМД-ның ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасының жобалары 2 жыл бойы келісілуде.

ТМД Атқару комитеті шенеуніктерінің толып жатқан әрі қымбатқа түсетін шетелдік іссапарлары орын алуда, олардан пайданың бар-жоқтығы зор сұрақтар туындатады.

Осынау бюрократтық балластан шұғыл құтылу керек деп санаймын.

Сіздердің назарларыңызға ТМД-ны реформалау жөніндегі мынадай шараларды ұсынамын.

Бірінші. Жаһандану және жаңа қыр көрсетулер мен сын-қатерлердің туындауы жағдайында ТМД мемлекеттері ең көкейкесті халықаралық проблемаларды, бірінші кезекте жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі проблемаларды шешу үшін күш-жігерін біріктіруі тиіс.

Осыған байланысты сыртқы істер министрлері, қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары, қорғаныс министрлері, шекаралық күштердің, құқық қорғау органдардың жетекшілері қатысатын Қауіпсіздік кеңесін құру, атқарушы органдарының қызметін Терроризмге қарсы орталық пен ТМД Атқару комитетіне жүктеу ұсынылады.

Бұл орайда Сыртқы істер министрлері кеңесін сақтап қалуды ұсынамын, ол шындап келгенде Қауіпсіздік кеңесінің жұмысын басқаратын болады.

Қауіпсіздік кеңесіне ауыспалы негізде сыртқы істер министрлері басшылық етуі тиіс. Ол мемлекет басшылары кеңесінің тікелей басшылығымен жұмыс істеп, оны стратегиялық сипаты бар дипломатиялық және әскери тұрғыдағы шешімдер, бірінші кезекте халықаралық терроризмнен күрес жөнінде шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

Бұл орайда Өзбекстан мен Ресейдегі соңғы оқиғалар ТМД-ның Терроризмге қарсы орталығының мәртебесін көтеру қажеттігін көрсетеді. Оның практикалық қызметі тегігінің іске асырылуын қамтамасыз ету, өңірлік

деңгейде де, халықаралық ықпалдастықтың икемді жүйесін жасау жолымен де күш-жігердің үйлестірілуін жандандыру керек, бұлар оның ережелерінде көзделген.

Осындай реформа жүргізсек, біз, мемлекет басшылары, өз назарымызды шын маңызды проблемаларды шешуге шоғырландыра алар едік. Экономикаға келсек, Экономикалық кеңес бағынатын Үкімет басшылары кеңесі көмекші орган бола алар еді.

Тиісінше Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесінің хатшылығы, Әскери ынтымақтастықты үйлестіру жөніндегі штаб, сондай-ақ тиісті кеңестер жабылады.

Екінші. Экономикалық сотты жабу.

Үшінші. Мемлекетаралық статистика комитетін жауып, оның функцияларын, статистика бөлімін ашып, ТМД Атқару комитетіне беру керек.

Бұл орайда Атком сметасын ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің статистикалық ведомстволарының басшылары жыл сайын бекітетін тақырыптар бойынша «тапсырыстар портфелін» қаржыландыруға қаражат көздеу қажет.

Төртінші. ТМД Атқару комитетінің құрылымын қайта қарап, штаттық санын қазіргі 220-дан 140 адамға дейін қысқарту керек. Бұл орайда негізгі бағыттардың (қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық) бөліп алынуы есебінен төраға орынбасарларының санын 2-ге дейін, сондай-ақ департаменттер санын 9-дан 5-ке дейін қысқарту керек.

ТМД Атқару комитетіне Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің және Қауіпсіздік кеңесінің арасындағы байланысшы буындар жүктеледі.

Бесінші. Қауіпсіздік кеңесі және Экономикалық кеңес жанындағы мемлекет басшылары тағайындайтын елшілер деңгейінде Өкілетті өкілдер кеңесін құру. Экономикалық кеңес жанындағы Мәскеудегі тұрақты өкілдер институтын (Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссия) қысқарту.

Алтыншы. ТМД-ның әрқилы кеңестері мен басқа органдарын жабу.

Біз ТМД-ны реформалау туралы ұсыныстарымызды мәтіндік нұсқада да дайындап қойдық. Біз оларды сіздерге және делегацияларыңыздың мүшелеріне қарау үшін беруге дайынбыз.

Қорытындысында, қадірлі мемлекет басшылары, баршаңызға айтар сөзім бар. Аталмыш ұсыныстармен сіздердің принципті келісулеріңіз болған жағдайда, сыртқы істер министрлеріне ТМД органдарын реформалау жөніндегі құжат жобаларын, Мемлекет басшылары кеңесінің келесі мәжілісінде қабылдау үшін дайындауды тапсыруды ұсынамын.

Қазақстан қаржыгерлерінің
IV Конгресінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2004 жылғы 15 қараша

Қадірлі Конгресс қатысушылары!

Сіздерді нақ бүгін, өздеріңіздің кәсіптік мерекелеріңіз күні, көргеніме қуаныштымын. Осы күні мен қаржыгерлермен дәстүрлі түрде кездесемін. Мұндай пікірталастар елдің қаржы жүйесінің жетістіктеріне баға беріп қана қоймай, оны дамытудың алдағы келешегін талқылауға мүмкіндік береді. Жүйелі және сындарлы ынтымақтастық, сіздердің күш-жігеріңіз бен кәсібиліктеріңіздің арқасында Қазақстан экономикасының бұл секторы тек Достастық елдерінде ғана емес, халықаралық қаржыгерлік қоғамдастығында да

мойындалды. Конгресс жұмысына Дүниежүзілік банк Президентінің қатысуы да нақ осыны қуаттайды ғой деп ойлаймын.

1990 жылдары біз таңдаған экономикалық даму моделі стратегиялық тұрғыдан дұрыс болғаны енді айдан анық. 10 жыл өткеннен кейін біз елдің бәсекеге қабілеттілігі артқанын заңды айтып жүрміз. Көптеген көрсеткіштер бойынша Қазақстан өңір көшбасшысына айналды. Халықаралық үш жетекші агенттік Қазақстанға инвестициялық деңгейдегі ел рейтингін берді. Елді 2010 жылға дейін әлеуметтік-экономикалық дамыту стратегиясында ішкі жалпы өнімді 2 есе арттыру көзделген, бірақ нақты ахуал мынадай: алға қойылған міндет 2008 жылға қарай орындалады. Үстіміздегі жылдың негізгі көрсеткіштері осы болжамды қуаттайды.

Осы жылдың қорытындысы бойынша күтіліп отырған инфляция 6,9 %-дан аспайды, халықтың нақты кірісі 7,5 % ұлғаяды, ал жұмыссыздық деңгейі биылғы жылдың қаңтарындағы 9,1 %-ға емес, 7,7 %-ға дейін қысқарады. Орташа жалақы 200 доллардан асады. Тұтас алғанда биыл, сарапшылар бағалауы бойынша, ішкі жалпы өнім 37,5 млрд доллардан аса алады, ол әр адамға шаққанда 2,5 мың долларды құрайды. Ал 2007 жылға қарай бұл көрсеткіш 3,8 мың долларға дейін өсе алады, қарашаның басына қарай Ұлттық банктің валюталық резерві 7 млрд доллардан асты, ал Ұлттық қордың активтерін ескергенде, халықаралық резервтері 11,4 млрд долларға жетті.

Қазір біз неғұрлым ауқымды міндетті шешуге – бәсекеге қабілеттілік жағынан әлемнің 50 елінің санатына қосылуға тиіспіз. Бұл мақсатқа жету көп жағынан қаржыгерлерге байланысты.

Экономиканы стратегиялық дамытудың негізгі бағыттары белгіленген. Сондықтан қаржы жүйесінің жұмысын ол тұрақты экономикалық өсу талаптарына сәйкес келетін етіп ұйымдастыру қажет.

Банк секторын, қор және сақтандыру рыногын, зейнетақы жүйесін дамыту үшін аз күш жұмсалған жоқ, олардың тез қаз тұруы үшін заң, салық және реттеу жағдайлары жасалды. Халықаралық практикаға сәйкес банктер провизияларды салық салынғанша қалыптастырады. Нәтижеде соңғы 2 жыл ішінде екінші деңгейдегі банктердің жиынтық төл капиталы 2 еседен астам ұлғайды, олардың активі іс жүзінде 3 есе өсті. Депозиттер мөлшері 1 трлн теңгеден асты.

Форумға қатысушыларға қаржыгерлердің I Конгресін еске салғым келеді, оның мінберінен мен қазақстандықтарды банктерге сенуге, ал банкирлерді – халықтың салымдарын барынша қауіпсіздендіруге шақырған едім. Ол адамдар жинақталған қаржысын тек банкте емес, қайда болсын сақтайтын уақыт еді. Нақ сол кезде 1 млрд доллар жинау міндеті қойылды. Ол ойдағыдай орындалды. Қазір халықтың банктердегі салымы 3 млрд-тан асты.

Қаржы нарығында жаңа институттар – кредиттік мойынсеріктер мен инвестициялық қорлар құрылуда.

Кредиттік серіктестіктердің жиынтық төл капиталының мөлшері биылғы жыл ішінде 90 % өсіп, 4 млрд-тай теңгені құрап отыр.

Индустриялық-инновациялық және баспана стратегиясын іске асыру үшін мемлекеттік даму институттары: Инвестициялық және Инновациялық қорлар, Даму банкі, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры және «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» құрылып, жұмыс істеуде.

Мемлекет қаржы жүйесі қызметінің көптеген маңызды ұйымдық мәселелерін шешіп берді.

Бүгінде біз банк саласында мақтан ететіннің бәріне ең алдымен жүргізілген экономикалық реформалардың нәтижесінде қол жетті. Экономиканың жоғары өсу қарқыны және адамдар тұрмысының жақсаруы қаржы жүйесінің дамуына ықпал етті.

Біз Достастық, Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерінің арасында бірінші болып жаңа жинақтаушы зейнетақы жүйесін жасадық. Зейнетақы үшін жинақталған қаржы бүгінде 464 млрд теңгені құрайды. Алайда инвестициялау үшін құралдар жеткіліксіз. Сондықтан зейнетақы қорлары өздеріне шетелдік бағалы қағаздар сатып алуға және банк депозиттеріне лимитті ұлғайтуды өтінеді.

Төл зейнетақы жүйесін жасауда біз, халықаралық тәжірибені мұқият зерттеп, негізге Чили зейнетақы реформасын алғанымызды еске түсіріңдерші. Оның пайдасына уәждер көп болды, соның ішінде Чилиде зейнетақы үшін жинақталған қаржы дамыту, бірінші кезекте, ішкі экономиканы қор базары арқылы дамыту

үшін жұмсалатын инвестиция көзіне айналғаны айтылды. Және экономикалық стратегияны әзірлеу кезінде ел тек шетелдік инвесторлар қаражатына емес, ішкі мүмкіндіктерге де үміт артты. Стратегия, біріншіден, жинақтаушы зейнетақы жүйесін құруда; екіншіден, ірі және орта кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сатудан түсетін кірістер есебінен қаржыландыруда; үшіншіден, зейнетақы активтерінің бір бөлігін әлгі акцияларды сатып алуға жұмсауда болатын.

Амал қанша, бұл тұжырымдама толығымен орындалмады, акциялар нарығы әлі күнге жұмыс істемейді, бұған жинақтаушы зейнетақы қорлары әбден әділетті түрде шағынады. Үкіметке бұл мәселені шешу әлденеше рет тапсырылды. Бұл арада қимылдау керек, шегінер жер жоқ. Бүкіл схеманы қисынды аяқталуына жеткізу керек, өйткені белсенді қимылдайтын қор базары ауа сықылды қажет. Әсіресе қазір, экономикалық басымдықтардың бірі елдің индустриялық-инновациялық дамуы болып отырған кезде.

Бұл стратегияның мақсаты – бәсекеге қабілетті өнім шығаратын ұқсатушы өнеркәсіп құру. Бұл бүкіл елдің, соның ішінде қаржы секторының да міндеті.

Парадоксты жағдай байқалады: зейнетақы қорлары мен банктерде бос жатқан миллиард долларлар бар, бірақ олар елде жақсы әрі айқын инвестициялық жобалар жетіспейді деп шағынады. Ішкі ресурстарды экономиканы дамыту мұқтаждарына пайдалану үшін тағы нені шешу керек?

Бәлкім, жобалық акциялар шығару жөніндегі мәселенің шешімі, жаңа қаржылық өнімдер бойынша нормативтік және заңдық актілерді қабылдау созылып кеткен болар, бірақ бұл мәселелерде қаржыгерлердің өздерінің тарапынан да бастама мен белсенділік қажет.

Қаржы жүйесінің басты экономикалық міндеті халық пен кәсіпорындардың уақытша бос қаржысына қуат беріп, сол қаражатты соған мұқтаждарға беру. Әзірге бұл ойдағыдай іске асырылмай келеді. Қаржы институттары мұнай және металлургия секторларында ақша молдығы жағдайында неғұрлым жемісті жұмыс үшін қайта құрыла алған жоқ, жаңа өндірістерді қаржыландырудың жаңа құралдарын ендірген жоқ және халыққа қызмет етудің тізбесін кеңейте алған жоқ.

Қаржы секторы – қызмет көрсету өрісі, әрі қаржы институттары өздігінен және өзіне өзі үшін өмір сүрмейді, қайта өз клиенттерінің қажеттерін өтеу үшін өмір сүруде. Үкіметтің, Ұлттық банктің, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі мен елдің барлық қаржыгерлерінің алдына 2005 жылға арналған нақты міндеттер қоямын.

Бірінші. Қор нарығының осы заманғы талаптарға сәйкестігі.

Бұл міндетті іске асыру үшін тұтас бір шаралар кешенін жүргізу қажет. Корпоративтік басқаруды жетілдіру және компаниялар қызметінің мөлдірлігін арттыру жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс. Мен Үкіметке мемлекеттік ірі кәсіпорындарды жеке

блокқа біріктіріп, олардың акциялары пакетін арнайы құрылған мемлекеттік холдингтік компанияның басқаруына беруді тапсырдым. Сол холдингке кіретін ұлттық компаниялар акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігі қор нарығында сатылады. Осынау бағалы қағаздарды зейнетақы инвестиция қорлары мен брокерлік компаниялар сатып ала алады.

Институционалдық та, жеке де инвесторлар акционерлерге айнала алады. Нәтижеде базарда үздік эмитенттердің үлес қағаздары айналымға түседі, ұлттық компанияларымыздың директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлар институты пайда болады, ал мұның өзі корпоративтік басқару сапасын айтарлықтай жақсартады.

Бағалы қағаздардың қайталама нарығын дамыту шарттарының бірі – мемлекеттік бағалы қағаздар өтімділігін ұлғайту. Неліктен екенін қайдам, Қаржы министрлігі бюджет тапшылығын ішкі резервтер есебінен жабу жөнінде тікелей тапсырма алса да, бұл мәселені шешер емес.

Қаржыгерлердің назарын нарықты жаңа құралдармен толтыру қажеттігіне аударғым келеді. Бірінші кезекте жобалық облигациялармен. Оларды шығару үшін ел экономикасы үшін маңызды бірнеше инвестициялық жобаларды сұрыптап алу ұсынылады. Мысалы, инфрақұрылымдық – темір және автомобиль жолдарын, вокзалдар мен теңіз порттарын салу жобаларын. Жобалық және коммерциялық бағалы қағаздар шығару мен олардың айналымының заңдық базасын

әзірлеуді тапсырамын. Жаңа инвестициялық жобаларды мемлекеттік даму институттарымен бірлесіп қор биржасына шығару жаңа құрылатын өндірістерді қаржыландыру үдерісін шешуге мүмкіндік туғызады, индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға серпін береді.

Қаржыландырудың құрылымдық пішінін дамыту қажет. Екінші деңгейдегі банктер осындай қызметті көрсете бастады. Бірақ әзірге көлемі жеткіліксіз. Сондықтан активтерді секьюритилендіру туралы заң қабылдау қажет.

Осы айтылғанның бәрі 2007 жылға дейін Бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасында міндетті түрде көрініс табуы тиіс.

Екінші. Қор нарығында халықпен жұмыс істеу үшін тиісті инфрақұрылым жасауға кірісу керек. Трансфер-агенттердің қызметі үшін заңдық арқау жасау қажет. «Қазпоштаның» арқауында бірыңғай трансфер-агент жасау жобасын іске асырып, сонымен Қазақстанның барлық азаматтарының қаржы құралдарына ие болуын қамтамасыз ету керек. Бұдан басқа, халыққа қаржы нарығы туралы жүйелі түсінетін және ақпарат беретін жұмыс керек. Бұл жұмыс мемлекеттік органдармен бірлесе жүргізілуі тиіс.

Қаржы нарығының дамуымен, қаржы институттары санының көбейтілуімен, халықтың жинаған ақшасын қор нарығына тарту жоспарымен инвесторлар құқықтарын қорғау туралы заң әзірлеп, қабылдау қажеттігі туды. Инвесторлар, ол мейлі отандық, мейлі

шетелдік болсын, төл құқықтары заңмен қорғалатынына, ешкім ешқандай жағдайда оның қаржылай активтері мен жинақ ақшасы жайында ақпарат ала алмайтынына сенімді болуға тиіс.

Үшінші міндет – зейнетақы жүйесі.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 13 жинақтаушы зейнетақы қоры нақты көлемінде теріс табыстылыққа тап болды, яғни қорлар зейнетақы жинақтауда алған кіріс инфляция деңгейінен төмен болды. Ахуалды қалай түзеу керек?

2007 жылға дейін Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламасын қабылдау қажет. Ол қорлар мен активтерді басқарушылардың салымшылары алдындағы нақты жауапкершілігін көздеуге, зейнетақылық төлемге құқық алу сәтіне инфляцияның деңгейін ескеріп жарналарының сақталуы жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді орындау тәртібін белгілеуге тиіс.

Жеке еңбек қызметімен айналысатын адамдарды зейнетақы жүйесіне қамту шараларын көздеу керек. Бағдарламада сондай-ақ туындайтын проблемаларды шешу жолдары бейнеленуге тиіс.

Төртінші. Қаржы жүйесінің капиталға айналуы. Қазіргі таңда екінші деңгейдегі банктердің активтері өршелене өсіп келеді, бірақ капиталдың өсуі оған сай емес. Бұл банк секторы үшін ықтимал тәуекелді ұлғайтады.

Банктердің капиталдануының өсуін қамтамасыз ету қажет, ол активтің өсуімен сәйкес болуы керек. Банктер өз капиталын ұлғайтуы үшін қор нарығына

шығуға тиіс. Олардың акцияларын зейнетақы қорлары мен басқа инвесторлар ықыласпен сатып алады деп ойлаймын.

Үкіметке, Ұлттық банкке, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне жеке сектордың сырттан қарыз алуының тым жылдам өсуінің ықтимал салдарын бағалауы және мұның елдегі ахуалға қалай әсер ететінін болжай білуі қажет.

Инвестициялық банкинг дамуының баяу қарқынмен жүруінің себебі біздің брокерлік компаниялар әлсіз, жеткілікті капиталы жоқ, аз ғана операцияларды жүзеге асырады. Қаржы базарының осы секторын дамыту қажет. Оның үстіне қор нарығына тарту жоспарлануда. Осыған байланысты 2–3 жыл ішінде бірінші категориялы брокерлік компаниялардың капиталдандырылуын кемінде 1 млрд теңгеге дейін жеткізу қажет. Біз жұртпен жұмыс істейтін қаржы институттарының тұрақсыз болып қалуына жол бере алмаймыз.

Экономикалық өсумен бірге сақтандырудың рөлі де арта түседі, ол нарық қатынастары мен іскерлік белсенділіктің дамуын ынталандырады, инвестициялық ахуалды жақсартады. Соңғы жылдары қаржы нарығының бұл секторы айтарлықтай ілгеріледі және ең шапшаң қарқынмен дамып келеді. Алайда тәуекелді қайта сақтандырудың үлкен бөлігі шет елдерде жүргізіледі, өйткені отандық сақтандыру компаниялары жарытып капиталдандырылмаған. Капиталдандыру проблемасын сақтандыру секторында да шешу керек. Бізде

сақтандырудың медициналық сақтандыру және өмірді сақтандыру секілді түрлері іс жүзінде дамымаған. Яғни жекелеген сегменттер бойынша сақтандыру нарығы жоқ деуге болады.

Бесінші. Тәуекелді басқарудың осы заманғы жүйелерін ендіру.

Біздің банктеріміз көрші елдердің базарларында қаражат жұмсайды, зейнетақы қорлары шетелдік бағалы қағаздарға лимиттің арттырылуына қол жеткізді, таяу шетелдердің бағалы қағаздарына инвестиция жұмсауға рұқсат сұрайды. Зейнетақы қорларының активтерін басқарушыларына мынаны есте ұстау қажет: қандай да бір бағалы қағаздарды сатып алу жөнінде шешім қабылдау жауапкершілігі солардың мойнында. Сондықтан тәуекелдерді басқару жөніндегі талапты қатайту тек банктерге ғана емес, зейнетақы қорларына да қажет. Сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялау жөнінде шешім қабылдаудың айқындығын толық қамтамасыз ету қажет. Сондықтан құрылып жатқан инвестиция қорларына тәуекелдерді басқарудың осы заманғы жүйелерін бірден ендіру қажет. Тұрғындар да, басқа инвесторлар да біздің қаржы институттарының сенімді екеніне күмәнсіз болуға тиіс.

Алтыншы. Кредиттік серіктестіктерді және шағын кредиттерді дамыту.

Республикада 157 шағын кредиттеу ұйымдары жұмыс істейді, олар 2,8 млрд теңге сомасында кредит берді. Бұл жүйенің басты қатысушыларының бірі

– Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры. Шағын кредиттеудің мемлекеттік бағдарламасын жасау керек деп санаймын, ол кредит беру қызметін дамытудың негізгі бағыттарын белгілеуі, сондай-ақ шағын кредиттеу мониторингінің тиімді жүйесін жасауы керек.

Жетінші. Алматыда халықаралық қаржы орталығын құру.

Бұл – стратегиялық міндет. Алматы өңірлік қаржы орталығына айналса, көлік, коммуникация, бос уақытты өткізу мәселелерін шешу қажет. Қазақстандық қаржыгерлердің міндеті – халықаралық қаржы орталығының жұмысына жағдай жасау. Банкирлер бұған дайын ба? Оларға көп нәрсе байланысты. Қаржы құралдарымен халықаралық сауда дамытыла ма, шетелдік қаржы институттары біздің нарыққа келе ме – осы мәселелер солардың қолында. Мемлекеттік органдармен бірге мәселені тиянақтап алу, әлемдік тәжірибені ескеру және осы идеяны іске асыру қажет.

Көріп отырсыздар, алдағы міндеттер әжептәуір күрделі. Бұрынғы жетістіктер серпінді ілгерілеу үшін негіз қалаған-ды. Біздің болашағымыздың қаншалықты ілгерішіл болатындығы мемлекеттің күш-жігеріне де, нарыққа барлық қатысушылардың баршасының сындарлы жасампаз еңбегіне де байланысты.

Қазір Үкімет мүшелерінен де, қаржыгерлерден де кәсіби деңгейді ұдайы өсіріп отыру талап етіледі. Уақыт талабына жауап бере алсақ – демек, алға қойылған міндеттердің үдесінен шыға аламыз. Қаржы жүйесі соңғы жылдар бойында іскерлік белсенділіктің

аса жоғары деңгейін көрсетті, елдің бизнес-элитасының қалыптастырылуына көп жәрдемдесті, ол бүгінде көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шеше алады.

Сіздердің кәсіптік мерекелеріңізге орай менің құттықтауымды тағы да қабыл алыңыздар!

Сіздерге табыстар пен өркендеу тілеймін!

«Жаңа заман – жаңа экономика»
тақырыбында оқыған

ДӘРІСІ

Астана қаласы,
2004 жылғы 16 желтоқсан

1. Түбімізді түгендесек

Мемлекеттік тәуелсіздіктің 13 жылын артқа тастадық. Бұл тарих пен жаңа экономиканың алапат сынақтарына жауап іздестірудің қиын уақыты болды. Үш бірдей міндетті – тәуелсіз мемлекет құру, жоспарлы экономикадан базарлы экономикаға және тоталитаризмнен демократияға көшу міндеттерін кейінге қалдырмай, аса қысқа мерзімде шешу қажеттілігі туындады. Біз экономикалық және демократиялық өзгерістердің ондаған жылдар бойында біртіндеп дамып нығаюын, мұның үстіне бұл үдерістің көптеген

жетекші әлемдік державалар секілді жүздеген жылдарға созылуын күтіп отыра алмас едік. Тарих бізге өзге шартты таңдатты, біз оларға төтеп бере алдық, өйткені бізде биік мақсат, жеңіске жетуге деген ерік-жігер және, ең бастысы, басталған реформаларды барлық қазақстандықтардың қолдауы болды.

Бүгін, өткен жылдарды еске түсіре және күш-жігеріміз бен жетістіктерімізді талдай отырып, мынаны сеніммен айтуға болады: біз стратегиялық дұрыс жол таңдай алдық. Экономикалық, құқықтық және әлеуметтік-саяси реформалар, кейде қаншалық қиын болса да, күтілген нәтиже берді: ел экономикасы мен демократиялық үдерістер серпінді дамып келеді. Қазақстан әбден орынды түрде өңірлік көшбасшы саналады және бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекет қатарынан лайықты орнын алуға ұмтылуда.

Әлбетте, біз мінсіз экономика жасадық, мінсіз қоғам құрдық дей алмаймыз. Бұл жүйенің тоқтап қалуы мен тоқырауы болар еді. Реформаларда біз үшін жалғыз желең мақсат болған жоқ. Біз оларды өз замандастарымыздың жақсы тағдыр тілеп, қазақстандықтардың кейінгі ұрпақтарының болашағын қамдап жүргіздік.

Біздің стратегиялық мақсатымыз ел Конституциясында бекітілген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Біз мақсатымызға жетуде дәйектіміз деп айтуымыз керек.

Маған Қазақстандағы қайта түрлендіру тәжірибесіне байланысты сұрақтар жиі қойылады. Оларға жауап кешенді де жүйелі болуға тиіс деп ойлаймын.

Өткен жүзжылдықтың аяғы адамзат тарихындағы ең ауқымды өзгерістердің уақыты болды: екі полюсті әлемнің іргесі қиратылды. Тиісті шараларды қабылдасамасақ, экономикалық коллапстан құтыла алмайтындай болып та көріндік. Біз экономиканы ырықтандыруға дайын тұрдық, бірақ бізде базар заңын білетіндер командасы болмады.

Қазақстан жауапты таңдау жасап, бәсекеге меншіктің сан алуан пішіндерін дамытуға негізделген экономиканың әлеуметтік бағдарын әу бастан айқындап алды.

Алайда мақсатты жариялау бар да, елді сапалық жағынан өзге ахуалға көшіру бар. Тұтас ұрпақтар өмір сүрудің мүлдем өзге жағдайына бейімделген ел үшін өз өзінен күйіне келетін және әлеуметтік мәселеге бағдарланған нарық тетігін қалыптастыру жүйелік өзгерістер бойынша күрделі міндеттердің тұтас кешенінен тұратын тарихи тұрғыдан өздігінен-ақ әдеттен тыс, ауқымды проблеманы шешуді көздейді.

Өткен өзгерістердің басты қорытындыларына баға бергенде, дау жоқ, мынаны мойындау керек: біз нарық тетігін іске қосып, сұраным мен ұсыным бағаны реттейтін, тауар тасқынын, бәсеке табиғатын, инвестициялық ағыстарды анықтайтын ахуалды жасай алдық.

Елеулі экономикалық табыс біз таңдап алған экономикалық даму моделінің дұрыстығын дәлелдейді.

Мұны нақты ішкі жалпы өнімнің өзгеру серпіні анық көрсетеді. Мәселен, 2003 жылы ішкі жалпы өнімнің өсуі 1991 жылмен салыстырғанда 106,3 % құрады, бірақ бастысы – осы көрсеткіш бойынша біз психологиялық тұрғыдан маңызды шепке, дағдарыстан бұрынғы 1990 жылғы көрсеткішке жақындадық, ал 2004 жылдың қорытындысы бойынша одан асып түсеміз.

КСРО экономикасы былай құрылды: әр республикаға өз рөлі бөлініп берілді, даму стратегиясы нақты қажеттіліктер ескерілмей жасалды. Украинада технологиялық өндіріс, Белоруссияда машина жасау шоғырландырылды, Өзбекстан мақта өндірді. Қазақстанға аграрлық-шикізаттық шылау рөлі бұйырды. Бұл оның орасан зор табиғи ресурстарына қарап күні бұрын анықталып қойылды.

Біздің елде темір кенінің әлемдік қорының шамамен 8 %-ы, уранның 25 %-дайы бар. Барланған мұнай қоры бойынша Қазақстан әлемде 12 орын алады және болжам бойынша 2015 жылы мұнай өндіру көлемі жағынан бірінші ондықтың ішіне кіреді.

Қазақстанның көмір қазып шығаратын ел екені баяғыдан белгілі. Көмір қоры республикада 35,8 млрд тонна. Бұл жалпыәлемдік қордың 3,6 %-ы. ТМД елдерінің арасында көмір қоры мен өндіруден Ресей мен Украинадан кейін үшінші орын алады.

Республикамыздың міндетіне табиғи ресурстарды өндіру кірді, олардың көп бөлігі сыртқа тасылды. Алынған мұнайдың 70 %-ы, темір кенінің 55 %-ы, қара металдардың 46 %-ы, көмірдің 28 %-ы шетке кетіп

жатты. Біздің өнеркәсіп жоғары қосылған құны бар жеткілікті өнім шығарған жоқ, онда төртінші және бесінші қайта өңдеу болған жоқ. Жер астындағы ресурстардың бәрі бола тұра, біз түпкі өнім шығарған емеспіз.

Ауыл шаруашылығы экстенсивті және шығыны көп сипатта еді. Бізде қажетті селекциясыз және қымбат жем-шөпке қараған тиімсіз мал шаруашылығы болды. Өнімі мейлінше аз егіс алқаптары елдің бидайға деген қажетін өтейтін, бірақ экономикалық тұрғыдан өзін өзі ақтамайтын.

Қазақстанның ауыл-селолары жыл сайын одақтық орталықтан тыңайтқыштар, гербицидтер, ауылшаруашылық техникасын сатып алуды, астық жинауды, тасуды және өңдеуді, ет пен сүтті қаржыландыру үшін 1985 жылғы бағаға сайғанда 4 млрд сом демеу қаржы алатын.

Қазақстан экономикасының дербестігі туралы сөз етудің де жөні жоқ еді. Ірі кәсіпорындардың 80 %-ы одақтық бағыныста болатын. Республикаға қалғаны тек тамақ және жеңіл өнеркәсіпке ие болу құқы еді.

1990-шы жылдардың басында «саясат экономиканың алдында жүрді», бірақ уақыт бәрін орын-орнына қойды. Егемендікке ие болудан өрбіген біршама эйфориядан кейін жаңа мемлекеттерге дербес экономикалық жүйелер құруға тура келді. Базарлы экономикаға көшу қажеттігі бесенеден белгілі еді, бірақ өзгеріс моделін таңдап алу күн тәртібінде тұрған ең ауыр мәселе болатын.

Нобель сыйлығының экономика бойынша лауреаты Дж. Стиглиц атап өткендей: «Аталмыш елдер қандай асығыстықпен коммунизмнен бас тартса, дәл сондай асығыстықпен батыстық кеңесшілер өздерінің нарық экономикаға тез көшудің «қатесіз» рецепттерін көлденең тартты». Сонда біз кейбір шетелдік кеңесшілердің теориялық топшылаулары нақтылықтан қаншалық алыс екенін түсіндік.

Көбіне қолдан жасалған экономикалық байланыстардың үзілуі, алғашқы жылдары теріс тізбелі реакция туғызды. Кәсіпорындар тоқтады не тек қойма толтыруға жұмыс істеді, өйткені өнім өтпейтін. Ондаған мың адамдар жұмыссыз, күнкөріс қаражатынсыз қалды.

Ауыл шаруашылығы күн көріп отырған демеу-қаржылар мен субсидиялар төленбеді. Орталықтандырылған жоспарлы сатып алуға бағдарланған ұжым-шарлар мен кеңшарлар бір сәтте бәрінен айырылды. Осынау теріс үдерістердің салдары ретінде бюджетке салық түспейтін болды. Жалақы мен зейнетақыға қаражат болмады. Қазына қаңырап қалды, қаржы резерві таусылды.

1991 жылға қарай Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуал айтарлықтай нашарлады. Ішкі жалпы өнім 12 % төмендеді. Базарда тауар тапшылығы белең алды. Бұрынғы жылдары бүркемеленіп келген инфляция сыртқа атойлап шығуға дайын еді.

Сондай ахуалда бізге аса маңызды екі бірдей міндетті бір мезгілде шешуге тура келді. Сол дағдарысты

еңсеріп қана қоймай, дербес экономикалық жүйемізді құра бастау қажет еді.

Ырғалып-жырғалып жүрер уақыт жоқ болатын. Әлемдік экономикалық жүйені жақсы білетін кәсіби мамандар да жоқ еді. Реформалау тәжірибесі мен қажетті заңдық база болмады. Жаңарту бағдарламасының өзі де жоқ болатын. Ал жаңа жүйеге көшуді аса қысқа мерзім ішінде жүзеге асыру керек еді. Сондықтан біз стратегиялық шешімдерді жедел қабылдап, алға ұмтыла бердік. Әрине, біз басқа елдер тәжірибесін ескеруге тырыстық, бірақ олардың ешқайсысы біздегі ұқсас жағдайда нарықтық қатынастарға асығыс көшпеген болып шықты.

2. Макроэкономикалық тұрақтандыру

Нарықты экономикаға көшу мына құрауыштардың: сұраным мен ұсынымның; кіріс пен шығыстың; ақша массасының, айналым қаражатының және инвестициялық ресурстардың белгілі бір келісілуін қалайды. Бұған тек мемлекет меншігінен алып, жекешелендіруді жүргізу, яғни жеке меншік институтын ендіру жолымен ғана қол жеткізуге болатын.

Мемлекеттік экономикалық саясат ақша-кредит, салық-бюджет, баға және антимонополия, инвестиция, технология, саясатын қамтуға тиіс болатын. Бұл екі деңгейлі банк жүйесін құруды, алтын-валюта резервін жинауды, қор биржасы, салық, кеден органдарын және басқалары секілді жаңа қаржы және мемлекет органдарын қалыптастырып, дамытуды талап етті.

Бірінші белестегі өзекті міндет әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесін алмастыру болатын. Басқа жағдайда туындап жатқан проблемаларды тіпті де еңсере алмас едік. Ал олар қаптап жатты.

Тұтыну тауарларын өндіру мейлінше мардымсыз болатын. Сұраным мен ұсынымның сәйкессіздігін бос сөрелер көрсетіп тұратын. Тек бағаны қымбаттату арқылы пайда табу жарысы басталды.

Тауар тапшылығы ұлғайып бара жатқан сұмдық инфляция жағдайында біз бірінші кезекте бағаның ырықтандырылатынын жарияладық, ол нарыққа қарай нақты қадамға айналды. Сұраным ұсынымды туындатады деген классикалық үлгіні іске қосу керек еді. Бірақ жұрт бұл шараға қатты қиналды. Баға күрт шарықтап кеткен еді.

Кеңестік экономикада баға сұраным мен ұсынымға қарап емес, саяси және идеологиялық ауанға қарап белгіленетін. Сондықтан ол қашанда тапшылыққа бейім және инфляциялық сипатта болатын. Мұның үстіне жоспарлы экономика әдістерімен тауарлармен, көрсетілетін қызметпен қамтамасыз етілмеген артық ақша проблемасын шеше алмайсың. Бекітілген бағадан еркін бағаға біртіндеп көшу аранын ашып күтіп тұрған апатқа ұрындырар, сол жағдайдан құтылудың бірден-бір амалы жасырын инфляцияны ашық инфляцияға айналдыру болатын, ал онымен классикалық күрес тәсілдері көмектеспеді.

Алайда базарды тұтыну тауарларымен толтыру едәуір жылдам іске асты, кезек ғайып болды, кәртiшке

жүйесі жойылды. Жұрт өз бизнесін ұйымдастыра бастады, белгілі бір дәрежеде кәсіпкерлік бастамашылық көзін аша бастады. Бұл сұраным мен ұсыным экономикасының тұңғыш нәтижесіне айналды.

Бірақ жағдай мынамен қиындады: біз тоқтаған өндіріс және үзілген байланыс тұсында біртұтас сом аймағында тұрдық. Бұл арада теріс үрдістер Мәскеу жүргізген жүйесіз ақша эмиссиясымен анықталды. Ресейден Қазақстанға вагон-вагон ескі ақша құйылып жатты, бұл инфляцияны өршітуге таптырмайтын жағдай еді.

Біз дилеммаға тап болдық – не ақша массасын сығымдау, не бағаға қатаң мемлекеттік бақылау орнату керек еді. Екінші нұсқа ескі уақыттан қалған әдеткі болып көрінді, бірақ әу бастан-ақ реформа қисынына маңайламайтын.

Біз өз жолымызды таңдадық, ол – ұлттық валюта енгізу еді. Қазақстан бұл қадамды бұрынғы Одақ елдерінің ең соңғысы болып жасады, өйткені біз басқалардан Ресеймен экономикалық тұрғыдан неғұрлым жақын едік. Әйтсе де біздің де шыдамымыз таусылды. Сөйтіп 1993 жылы 15 қарашада біз экономикалық тәуелсіздіктің аса маңызды атрибутына – ұлттық валютамыз – теңгеге ие болдық. Таяуда біз аса маңызды жетістігімізге айналған, одан арғы ауқымды жаңартулар үшін өріс ашқан сол оқиғаның 10 жылдығын атап өттік. Сол оқиға 1994 жылы-ақ әсіре инфляцияны тежеп, 1995 жылы инфляциялық үдерісті, оның деңгейін екі санды өлшемге жеткізіп, ауыздықтай алдық.

Тәуелсіздікке ие болысымен тікелей дербес бюджет, салық және кеден жүйелерін құру мәселелері де алдыңғы орынға шықты. Шындап келгенде, оларды нөлден бастап тұрғызуға тура келді. Бірінші белесте тиісті нормативтік-құқықтық база жасау талап етілді.

Алғашқы жылдары ескі жүйені қирату мемлекеттік бюджеттің өте үлкен сәйкессіздігіне жетеледі, өйткені әлеуметтік кепілдіктер мөлшері нақты экономикалық мүмкіндіктерден асып түсетін. Мысалы, 1991 жылғы бюджет тапшылығы 20 %-дан көп болды.

Теориялық тұрғыдан бюджет тапшылығын азайтуға кәсіпорындарға салынатын салықты күрт ұлғайту және әлеуметтік бағдарламаларды соншалық күрт қысқарту жолымен жетуге болады. Алайда салық салмағын шексіз ауырлата беру орынсыз еді, өйткені ол іскерлік белсенділіктің құлдырауына және экономиканың көлеңкелеп кетуіне апарып соқтыруы мүмкін еді. Кәсіпорындарда да көп салық төлей қоятын қаражат болған жоқ.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып салық реформасын жүргізді. 1995 жылы-ақ Президенттің заңдық күші бар «Салық және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» Жарлығы жарияланды. Соған сәйкес, салықтар саны 3 еседен астам қысқартылды. Салық қызметінің жұмысы қағидатты түрде өзге сипатқа ие болды. Салықтар мемлекеттік бюджетті толықтыру әдісі ғана емес, инвестициялық-өндірістік қызметті ынталандыру құралы деп те қарастырыла бастады.

Енді экономикалық тұрақтану кезеңі басталған бойда салық жүйесінде біз өндіріс өрісіне емес, айналым өрісіне баса назар аудардық. 2002 жылы қосымша құн салығын (ҚҚС) 16 %-ға, әлеуметтік салықты 26 %-дан 21 %-ға дейін төмендеттік. 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС мөлшері 15 %-ға дейін кеміді, ал әлеуметтік салықты шығару кезінде 20 %-дан 7 %-ға дейін кері талап мөлшерлемесі қолданылады.

Қазақстанда принципті түрде жаңа және осы заманғы екі деңгейлі банк жүйесі жасалды, барлық халықаралық қаржы-ұйымдары оны ТМД-дағы үздік жүйе деп атайды. Ұлттық банк тәуелсіз мекемеге айналды. Бұл мемлекеттің ақша-кредит саясатының тиімділігін күрт көтерді. Екінші деңгейдегі банктер дамуға серпін алды. Өз кезегінде банк жүйесіндегі реформалар бағалы қағаздар базарын қалыптастыру жөніндегі белсенді күш-жігерлермен нығайтыла түсті.

Бюджеттік жүйені реформалау 1996 жылы «Бюджет жүйесі туралы» Заң қабылдаумен басталды. Ел Үкіметі бюджет тапшылығына жол бермес үшін Ұлттық банктің кредиттік тарту практикасынан бас тартып, қаржыландырудың ақша құнсызданбайтын көздерін пайдалануға көшті. Осы шаралардың бәрі мемлекеттік шығындарды қатаң шектеумен қосылып, макроэкономикалық тұрақтандырудың негізіне айналды.

Мемлекет иелігінен шығарумен, жекешелендірумен, сондай-ақ инвестициялық саясатпен байланысты мәселелерге бөлек тоқталғым келеді. Ақша массасын

қысқарту мен инфляцияны бұқтырудың екінші жағы да болды. Кәсіпорындар тоқтай бастады. Төлемей дағдарысы шиеленісті. Бартер, яғни баспа-бас өзара есеп айырысу негізіне айналды. Сол жылдардың істелгеннің бәрінен айырылу қаупі төнді.

Қарапайым ой қисыны мемлекеттік меншікті жеке-шелендірмей нарыққа нақты көшу мүмкін еместігін көрсетті. Бұл қадам тек нарыққа субъектілерін жасау көзқарасы тұрғысынан ғана емес, жұрттың бойында меншік иесінің мінез бітімін қалыптастыру тұрғысынан да маңызды еді.

Сондықтан біз ауқымды жекешелендіруге бардық. Бүгін оны жүргізудің төрт белесін бөліп көрсетуге болады. Алғашқы үшеуі мемлекет иелігінен шығару мен жекешелендіру ерекшелігімен байланысты, төртінші белес мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіруге екпін түсірілуімен сипатталады.

Біз шағын жекешелендіруден бастадық. Бірінші белес барысында 1991–1992 жылдары 5 мыңдай нысан, соның ішінде 470-тен астам кеңшар жекешелендіріліп, ұжымдық меншікке берілді. Екінші белес «Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен шығару және мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы» негізінде жүргізілді.

Бұл белестің аса маңызды қадамы мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің бірыңғай жүйесі болды. Нақ сол кезде шағын және орта бизнесті дамыту да басталды. Бұрынғы кеңестік сауда

жүйесін, соның ішінде көтерме сауда буынын қайта өзгерту басталды.

Көтерме-бөлшек сауда, автокөлік бірлестіктері дербес заңды тұлғаларын жасау мақсатында шағын жекешелендіру жүргізу алдында бөлшектелді. Соның арқасында қызмет көрсету өрісінде, дүкендерді, ресторандарды, дәріхана желісін, жанармай құю бекеттерінің қоса, бәсекелесті орта пайда болды.

Біз нарықты экономиканың негізгі субъекті маркетинг пен менеджменттің ілгерішіл әрі тиімді әдістерін пайдаланатын меншік иесі екенін түсіндік. Купон арқылы жекешелендірудің ащы сабағы меншікті жай ғана бөліп, таратып беруге болмайтынын көрсетті. Жаңа меншік иесі капитал мен технологияны іске тарта алатын болуға тиіс.

Үшінші белес 1995 жылғы желтоқсанда заңдық күші бар «Жекешелендіру туралы» Жарлықтан басталып, 1999 жылға дейін созылды. Сол сәттен ол тек ақшалай қаражат негізінде жүзеге асырыла бастады.

Біз шетелдік компаниялар қажетті инвестиция, басқарудың озық тәжірибесін ала келеді деп орынды түрде санадық. Соның арқасында кәсіпорындарымыз дамуға жаңа серпін алды. Жаңа жұмыс орындары ашылды. Жұрт тұрақты жалақы ала бастады.

1999 жылдан кейін мемлекеттік мүлікті басқару ісін жетілдіру мәселесі алдыңғы орынға шықты. Сондықтан төртінші, қазіргі белесте біз мемлекеттік органдар арасында мемлекеттік мүлікті басқару мен сұрақтары бойынша өкілеттіктерді бөлісуге жаңа көзқарасты қолдана бастадық.

Республикалық мемлекеттік және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды оңтайландыру басталды. Ұлттық компаниялар арқылы елдің экономикалық қауіпсіздігін айқындайтын экономиканың стратегиялық маңызды секторларында мемлекеттің ықпалы мен үлесі сақталды. Олар мұнай-газ секторында – «ҚазМұнайГаз», энергетикада – «KEGOC», телекоммуникацияда – «Қазақтелеком», темір жолда – «Қазақстан темір жолы».

Бүгін біз сол салаларды да реформалауға кірістік. Темір жол саласын қайта құрылымдау бағдарламасы басталды. Электр энергетикасы мен телекоммуникация өрістерін монополиясыздандыру міндеті қойылды.

Барлық кемістіктеріне қарамастан, іс жүзінде аяқталған жекешелендіру үдерісі нақты бәсекелестік үшін негіз жасауға жеткізді. Бүгінде республиканың өнеркәсіптік өнімінің 85 %-дайы жеке меншік секторында өндіріледі.

Экономикалық реформалар нәтижесі ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) құрылымында жақсы байқалады. Мәселен, тауар өндіру үлесі 1991 жылдан 2003 жылды қоса қамтығанда 23 пунктке қысқарып, 43 %-ды құрады, тиісінше қызмет көрсету үлесі 37,2 %-дан 52,3 %-ға дейін өсті. ІЖӨ құрылымының мұндай өзгерісі осы заманғы жалпыәлемдік үдеріске сәйкес келеді.

Қазақстанда ІЖӨ құрылымында қызмет көрсету үлесі Достастық мемлекеттері арасында ең жоғарылардың бірі (ТМД бойынша орта есеппен 44 %). Әлемнің

дамыған елдерінде қызмет көрсету үлесі 60–73 %-ды құрайды, атап айтқанда Жапонияда – 66 %, Ұлыбритания мен Германияда – 71 %.

Экономика жүйесінің қаз тұруы кезеңінде инвестициялық саясат басым сипатқа ие болды. Шетелдік инвестициялар тартуға бағдар негізгі бағытқа айналды, мұның өзі қолайлы инвестициялық ауан жасауды талап етті. Қазақстанда қаржы ресурстарының ел экономикасына тартылуын күшейте түсу үшін институционалдық және нормативтік-құқықтық алғышарттар жасалды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің жанында мамандандырылған өкілетті орган және Шетел инвесторлары кеңесі пайда болды. Инвестициялар туралы заңдар қабылданды, қосарланған салық салудан құтылу үшін инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау жөнінде бірқатар үкіметаралық келісімдер жасалды.

1997 жылдың өзінде инвестиция тарту үшін басым секторлардың тізбесі бекітілген болатын. Олар – ұқсатушы өнеркәсіп, елдің жаңа астанасының нысандары, әлеуметтік сала және туризм, ауыл шаруашылығы.

Соның нәтижесінде, қазір жан басына шаққанда игерілген төте шетелдік инвестициялар көлемі бойынша Қазақстан – ТМД елдері арасында көшбасшы. Қазақстанға инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтинг бірінші болып берілді.

Инвестициялық тартымдылықтың жоғары көрсеткіші мынадан өрбіді: біз шетелдіктердің минералдық ресурстарды, соның ішінде мұнай-газ саласында, иге-

руіне жол аштық. Қаржы-қаражаттың жетіспеуі, негізгі қорлардың секіруі жағдайында Қазақстан орасан зор кен орындарын толық мәнінде игере алмас еді.

Алғашқы кезде шетелдік инвестициялар тарту мәселесі, Батыстың іскер әлемінің экономикалық әріптес ретінде Қазақстанның келешектілігі мен сенімділігі жөнінде түсінігі болмағандықтан, қиындады. 1993 жылы «Chevron Corporation» корпорациясының келіп, онымен бірегей Теңіз кен орны бойынша келісім жасалуы басқа трансұлттық корпорациялар үшін өзіндік бір бастау белгі қызметін атқарды.

Мұнай-газ саласына инвесторлардың ағылып келуі осыдан басталды. Бүгінде Қазақстанда әлемнің аса ірі мұнай компанияларының бәрі істейді. Олардың ішінде «ExxonMobil Corporation», «Royal Dutch Shell», «Eni S.p.A», «Chevron-Texasco», «Total S.A.», «British Petroleum», «Лукойл», Қытай ұлттық мұнай компаниясы бар. Олардың Қазақстанның нарық кеңістігінде орнығуы елдің жоғары инвестициялық тартымдылығын да, инвесторлардың мүдделері мен құқықтары саласындағы заңдардың тұрақтылығын да қуаттайды.

Қоры 10 млрд баррельге бағаланатын соңғы 30 жыл ішіндегі ең ірі Қашаған кен орнының ашылуымен Қазақстан барланған мұнай қоры жағынан әлемдегі жетекші орындардың біріне шықты.

Елдің мұнай қорларын игеру жөніндегі біздің стратегия тек көмірсутегілерін өндірумен шектелген жоқ. Оларды әлемдік базарларға тасымалдап

жеткізу үшін инфрақұрылым жасаудың маңызы одан кем емес еді. Кеңестік заманда ішкі нарыққа бағдарланғандықтан Қазақстанның ондай құбыр-жолдары болған жоқ. Тәуелсіздік жылдары ішінде бірінші және ойдағыдай іске асырылған жоба Каспий құбыр тарту консорциумы болды. КҚК іске қосылғаннан бастап біз тасымал маршруттарын әртараптандыру жөніндегі дәйекті саясатты жүзеге асыра бастадық. Өткен жыл Каспий жөніндегі келіс-сөз үдерісінде серпінді ілгерілеу жылына айналды. Ресеймен стратегиялық әріптестік бағыт қазір қай-раңдағы бірлескен ірі жобаларда іс жүзінде нақты көріне бастады. Қытайға қарай құбырдың құрылысы басталды.

Еліміздің экономикалық дамуында мұнай факторының орны өте жоғары. Шынында да, 1985 жылмен салыстырғанда біз көмірсутегі шикізатын өндіру көлемін 225,4 % ұлғайта алдық, ал бүкіл әлемде мұнай өндіру өсімі 1,3 еседен кем болды. Ресей болса, сексенінші жылдардағы деңгейін қалпына келтіруді тек енді ғана бастады.

Мұнайдың арқасында біз экономикалық жүйені өзгерту үдерісін жеделдете алдық. Бірақ қазіргі даму серпініне жетуге энергия көздеріне бағаның артуы ғана ықпал еткен жоқ. Бұл – экономикалық жаңару нәтижесі.

Бүгінде мемлекеттік бюджеттің ширегі ғана мұнай есебінен қалыптастырылады.

Тікелей инвестициялар қара және түсті металлургияның тиімділігін көтерді. «Samsung» және «Қазақмыс» корпорациялары саланың дамуына 1833,5 млн доллар жұмсады. Бұл 2000 жылға қарай 1990 жыл деңгейін тазартылған мыс шығаруды 9 % арттыруға мүмкіндік берді. Қазір мыс өндіру көлемі өткен жылдардың ең жақсы көрсеткіштерінен асып түсті. «Испат-Қармет» өндірісті дамытуға 500 млн доллардан астам қаржы жұмсады. «Қарметкомбинат» металдар мен полимерлер қосылған металл қаңылтырлар шығару арқылы қуатты индустрияландыру белесінен өтті.

«Қазхром» мен «Қазалюминий» 537,2 млн доллар көлеміндегі инвестициялардың арқасында тиімділігі жоғары өндірістерге айналды. Қорғасын-мырыш саласының жұмысы туралы да осыны айтуға болады.

Нақ осы салалар бүгін ел бюджетінің негізгі толтырушылары.

Алдағы уақытта бюджет қосылған құны жоғары дайын өнім шығару, шағын және орта бизнестен түсетін қаржы және ұқсатушы салаларды дамыту есебінен барған сайын көбірек толықтырылатын болады.

Экономикадағы реформалар өздігінен тек қатардағы азаматтар тарапынан меншікке көзқарас өзгерген жағдайда ғана түсім бере алатын еді, баспананы жекешелендіру кезеңінде нақ солай болды. Меншікке ие ету жұрт ділінің өзгеруіне алып келді. Мемлекетке үміт, патерналистік психология келмеске кете бастады. Енді жеке баспана үшін жауапкершілік азаматтардың өздеріне ауысты.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты одан әрі жаңарту қажеттілігі пайда болды. Қазыналық тұрғын үйді пайдалану кеңселерінің орнына ендігі жерде бәс пәтер иелері кооперативтері арқылы жұрттың өздерінің жауапкершілігіне тігілді.

3. Табысты орнықтыру және экономикалық өсу үшін жағдай жасау

Қоғам анық мақсаттары мен оларға қол жеткізу жолдары бар стратегиялық бағдарламалық құжатқа мұқтаж еді. Олар елді дамытудың «Қазақстан – 2030» стратегиясында тұжырымдалды.

Сол сәттен бастап реформалар жүйелі сипат алды. Реформалардың басымдықтары институционалдық жаңартулар жағына бет алды. Экспорттың әлеуетін кеңейту және сыртқы инвестициялық ресурстарды ұлғайту жолдары белгіленді.

Бұл үдеріс тіпті Қазақстан кезекті сын-қатерге – 1997–1998 жылдарғы азиялық қаржы дағдарысына ұшыраған кезде де тоқталған жоқ. Жұрттың күнкөріс деңгейінің апатты халге дейін төмендеуіне жол бермеу үшін іс жүзінде біз қолдан келгенше теңге бағамын жасанды жолмен тежеуге тырыстық. Қазақстан тағы да кәсіпорындардың жаппай жабылуы және жұмыссыздықтың тасқынды ағымы қаупінің алдына қойылды.

Сол дағдарыс бізге сабақ болды. Қазақстанның мұнайға жоғары бағаның сынағына төтеп беруіне тура келді. Біз мұнайдан түсетін долларларды дұрыс пайдалана білу, оларды ұқсатушы салаларды дамытуға және

осы заманғы бәсекеге қабілетті экономика жасауға бағыттау керектігін түсіндік. Бұл энергия көздеріне әлемдік бағаның тербелісіне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік берер еді.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, қолайсыз сыртқы факторларға тәуелділікті азайту үшін Ұлттық қор құрды.

Алайда оны тек күйзелістер мен дағдарыстардан сақтандыру әдісі ғана деп қарамау керек. Оның мәні тереңірек. Ол біздің болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілігіміздің көрінісі еді, ас та төк пайданы бір сәттік проблемаларды шешуге бағыттаудың азғыруынан аулақ тұруға мүмкіндік берді. Бүгінде Ұлттық қорда 4,7 млрд доллар немесе 631,8 млрд теңге шоғырланып жатыр, олар республикаға тұрақты кірістер беріп тұрған өтімділігі жоғары қаржы тетіктеріне салынған.

Банк жүйесіне сенімді арттыру шаралары жүзеге асырылды. Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте тұңғыш рет жеке тұлғалардың салымын кепілдендірудің ұжымдық жүйесі құрылды. Бұл адамдардың сіресіп босқа жатқан қаражатын нақты секторды қаржыландыруға тартуға мүмкіндік берді.

Елдің дамуына байтағымызды Астанаға көшіру айтарлықтай екпін берді. Мемлекетті неғұрлым тиімді басқару және өнірлік дамудағы алшақтықтарды азайту үшін елдің географиялық орталығында экономикалық-саяси тұрғыдан тартымды орта құру қажет еді.

Геосаяси артықшылықтардан басқа, астананы көшіру ел экономикасына орасан мультипликативті ықпал етті. Құрылыс дүрмегінің тізбектеле таралуы барлық облыс орталықтарын қамтыды, сөйтіп олар бүгінде кәдімгідей түлеп шыға келді. Бұл мыңдаған жаңа жұмыс орындарын жасауға, сабақтас өндірістердің дамуына жетеледі. Қысқа мерзім ішінде қала айтарлықтай жаңарды, мемлекеттің шынайы саяси орталығына айналды.

13 жыл ішінде нарық қатынастарына барлық салалар тартылды. Ауыл да сырт қалған жоқ. Бірақ онда реформалар кешіге жүрді.

Біз барлық ауылшаруашылық кәсіпорындарын ұжымдық меншікке бердік, содан кейін жекешелендірдік. Қиын, бірақ стратегиялық жағынан дұрыс жол таңдалды, ол ауылда нарық қатынастары жүйесін жасауға жетеледі.

Нарыққа нақты бет ұстаған фермерлер табы пайда болды. «Астық үшін айқас» заманы ұмытылды. Соңғы 3 жылда Қазақстан кәдуілгі жұмыс ырғағымен-ақ миллиард пұт астық өндіріп келеді. Әрі себу, жинау науқанына кеңестік кездегіден жанар-жағармай 10 есе дерлік кем жұмсалады.

Алайда жер мәселесі тұтас алғанда шешілмеген күйінде қала берді.

Аграрлық сектор мен ауылдықтардың проблемаларын кешенді шешу үшін 2003–2005 жылдар Ауыл жылдары деп жарияланды. 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агрозық-түліктік бағдарла-

масы қабылдау арқылы біз аграрлық сектордың тиімді жұмыс істеуінің негізін жасайтын институционалдық тегіктерді іске қостық.

Жер кодексі едәуір қиындықпен қабылданды. Бұл кездейсоқ емес. Жер – мемлекет негізі. Бүгінде қазақстандықтардың 43 %-ы ауылда тұрады. Олардың әрқайсысының жерге қатысты өз көзқарасы бар. Бұл мәселе бойынша пікір қайшылығы осыдан.

Бірақ нарық ондай шарпысуды көтермейді. Аграрлық сектор – химия, машина жасау, мұнай өнеркәсібі кәсіпорындары өнімінің және қызмет көрсету өрісінің аса ірі тұтынушысы екені көбіне-көп ұмытыла береді. Сол салалардың бәрі толық дерлік нарыққа кірікті. Бірақ аграрлық сектор туралы оны айтуға әзірге болмайды, өйткені ауыл шаруашылығына арналған жерлер әлі нарық қатынастарына тартылған жоқ.

Жерге ұқыпты көзқарас болмай тұрып, жеке меншікке құрмет туралы қалай айтпақпыз. Жерді тек соның иесі ғана құрметтейді. Бұл проблеманы тек жерді жекешеге бергенде ғана шешуге болады. Әрі сөз жүзінде емес, іс жүзінде бергенде ғана.

Біз жердің азып-тозуы, жер қорының жұтауы не екенін білеміз. Табиғат байлықтарымен және жылжымайтын мүлікпен қатар жер – экономиканы тіреп тұратын ұстындардың бірі. Ол әр айналымнан шығарылса, өндірістік шығындар мен бағаларға, активтердің нарықтың құнына, орнықты ақша айналымына, шетелдік инвестицияларды кеңінен тартуға, ипотекалық кредитті дамытуға негізді анықтама беру мүмкін емес.

Осыны түсіну агроөнеркәсіптік кешен үшін, бүкіл ел үшін де аса маңызды Жер кодексін қабылдауға мүмкіндік берді.

Жерге жеке меншік енгізу және соның негізінде жұмыскерлердің жаңа табын тәрбиелеу – аграрлық сектордың қарыштап өсуінің негізі.

Енді ауыл шаруашылығына инвестициялар, жаңа технологиялар және тиімді менеджмент келуге тиісті. Жерге сергек те қамқор қожайын пайда болуға тиіс. Ал меншік иесі мен инвесторлар ауылды нақты жаңарта алады.

Реформалардың ең маңызды кезеңінің экономикалық, өндірістік қатынастарды түбегейлі өзгерту жөніндегі басты міндеттері шешілді. Қазақстан экономикасын ырықтандыру үдерісі енді кері кетпейді. Бұдан былайғы әңгіме осы жылдарда әзірленіп, сыннан өткен заңдық, нормативтік-құқықтық базаны нақты мазмұнмен толықтыру және түзету, оның әлуетін одан әрі дамыту туралы болмақ.

Нарыққа көшу тұсында экономикаға мемлекеттің араласуы күрт шектелді. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін қай жерде дербес еркін өсу бар екені, қай жерде мемлекеттің елеулі қолдауынсыз, тікелей қатысуынсыз ештеңе өнбейтіні айдан анық болды.

Нарық экономикасының жетекші факторларының бірі – мемлекеттен тыс сектор үлесінің серпінді ұлғаюы. Мәселен, статистика мәліметтері бойынша 2004 жылдың бірінші жартысына тіркелген 194,8 мың заңды тұлғаның 192,7 мыңдайы жеке меншік секторға

келеді. Бұл жалпы санның 98 %-ын құрайды, ұқсатушы салаларда бұл үлес – 98 %, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында 97,5 %-ды құрайды.

Экономикалық үдерістерге нақты қатысушылардың көпшілігі жеке меншік иесі, жұрттың өзі де белсенді рөл атқарады. Нарық қатынастарының әлеуметтік тұрғыдан мүмкін барлық түрлері мен өрістеріне еркін қатысуы ерекше нарықтық мінез-құлық қалыптастырды, ол меншік иесін тұтынушының тілегіне ғана емес, тіпті қыңырлығына да риясыз көңіл бөлуге мәжбүрлейді. Біз жаңа менеджменттің қаз тұруының нәрлі ортасы – жаппай кәсіпкерлік рухының қалыптасу феноменімен істес болып отырмыз.

Шағын кәсіпкерліктің дамуы ерекше бөліп айтуға тұрарлық. Нақ соның дамуы, бірінші кезекте осы заманғы базар шаруашылығы барған сайын өздігінен реттелу қабілетіне ие бола бастаған өздігінен дамиды ашық жүйеге айналып келеді. Экономикалық қатынастарды жаңғырту жалғаса беретіні, жетіле түсетіні айдан анық.

Әлемдік шаруашылық байланыстарына кірігуге қабілетті жаңа нақты экономика жасау тағы бір аса маңызды міндетке айналды. Экономиканы құрылымдық жаңартудың асқынған проблемасы барша кесапат кейпін көрсетті.

Оның бұрынғы құрылымы әбден бұзылып біткен болатын, ұқсатушы өнеркәсіп бұйымдарының көпшілігі бәсекеге атымен шыдас бере алмайтын. Көптеген өндіріс орындарының шектен тыс

монополияландырылуы да тежегіш болып, бұл олардың жеделдігіне, шығарылатын өнімнің сапасына және өндірістің тиімділігіне, оның рентабельдігіне теріс ықпал етті.

Қазақстан экономикасы мемлекеттік бюджет пен ірі кәсіпорындарды қаржылық қолдау үшін елеулі, ауқымды ресурстарға мұқтаж еді. Сыртқы байланыстарды өрістету және шетелдік инвестицияларды кеңінен тарту бағыты экспортқа бағдарланған салаларды көтеруге, шикізат алуды ұлғайтуға ғана емес, бір мезгілде валюталық қорды толықтыруға, теңгені бекемдеуге, оның айырбасталуын күшейтуге мүмкіндік берді. Сол арқылы ішкі нарықтың импортталатын тауарларға, шетелдік инвесторларға көз құртындай тартымдылығы артты, экономиканы тұрақтандыру үшін жағдай жасалды.

Шетелдік инвесторлармен мемлекетіміздің мүдделерін біріктіру оңай міндет емес, негізінен олар өнеркәсіптің мейлінше тартымды салаларымен сәйкес келеді.

Мақсатты шаралардың нәтижесінде шетелдік күрделі қаржы тартуға қолайлы ауан жасай алдық. Шикі мұнай мен ілеспе газ өндіру, қара және түсті металлургия секілді салаларға шетелдік тікелей инвестиция 2003 жылы 2,7 млрд доллардан асты.

Негізгі капиталға инвестициялардың өсуінің арқасында қорлардың ескіруінің теріс беталысын түзете алдық. Мұнай-газ өндіруде жаңарту коэффициенті 10,9 %, металл кенін алуда, металлургияда 6,6 %-ға

жетті. Отын саласының, түсті және қара металлургияның үлесі басым болуға айналды.

Шетелдік инвесторларды, соның ішінде әлемдегі аса ірі компанияларды тарту бірқатар маңызды проблемаларды шешті.

1. Ауқымды инвестицияларды тарту бойынша олардың көлемі 1993–2003 жылдары 25,8 млрд долларды құрады, Қазақстан жан басына шаққанда ТМД-да бірінші орын алады.

2. Әлемдік деңгейдегі менеджмент құлдырап кеткен аса ірі кәсіпорындарды қысқа мерзім ішінде қайта түлетуге мүмкіндік берді.

3. Әлемдік базарға және әлемдік шаруашылық байланыстарға шығу қамтамасыз етілді.

4. Ескі экономикадан жаңасына өту: жолды анықтау

Таяудағы онжылдыққа белгіленген стратегиялық міндеттерде табиғи байлықтар мен минералды шикізат ресурстарының қоры меңзеліп, республиканың экономикадағы дәстүрлі артықшылықтарын барынша пайдалану қажеттігі көрсетілген.

Қазақстан кейбір қазба байлықтарының абсолютті қорлары бойынша да, олардың өндіруі бойынша да жан басына шаққанда әлемде бірінші орын алады. Бүгінде республика вольфрам, ванадий кендерінің қоры бойынша әлемде бірінші, хромы бар кендер бойынша екінші (23 %), марганец бойынша үшінші орын алады. Қазақстанға әлемдегі уран қорының

25 %-ы, қорғасынның – 19 %-ы, мырыштың – 13 %-ы, мыс пен темірдің 10 %-ы тиесілі.

Дәстүрлі дамыған геология, кен істерін қалпына келтіріп, нығайта түсіп, кеңді өңдеу мен металл қорытудың осы заманғы технологиялары дамуын қамтамасыз етіп, Қазақстан әлемдік минерал-шикізат кешеніндегі өзінің берік тұғырынан айырылмауға қабілетті де, тиісті де.

Атап өту керек, әлемде ұлттық экономиканың шикізатқа бейімділігіне көзқарас теріс емес. 200-ден аса ірі әлемдік компаниялардың 90-ы шикізат секторына жатады, олардың үлесіне рейтингтің барлық қатысушылары өткізген өнімнің жалпы көлемінің 80 %-ы тиесілі. Минералдық шикізат өндірудің әлемдік көшбасшыларының қатарына әлемнің АҚШ, Австралия, Оңтүстік Африка Республикасы, Канада, Қытай және Ресей секілді ірі елдері кіреді.

Сарапшылар атап өткеніндей, табиғи ресурстарды сату – тіпті де мемлекеттің артта қалғандығының немесе оның үкіметінің біліктілігі кемдігінің айғағы емес. Шикізаттық елдердің көпшілігі экономикалық дамудың жоғары деңгейіне төл табиғи ресурстарын өндіру мен өңдеуді жеделдету есебінен жеткен. Канада және Австралия секілді жетекші минералды шикізат мемлекеттерінің тәжірибесі аталмыш әлуеттің ІЖӨ өндіру көлемінде айтарлықтай ықпал жасағанын көрсетеді.

Қазақстанда минерал шикізатты кешені әлемдік нарық талабына барынша тез бейімделді. Экспорттық

мұнай мен газ конденсаты бойынша кіріс 2003 жылы 7012,5 млн (салыстыру үшін – бұл көрсеткіш 1995 жылы небәрі 793,1 млн доллар болды), прокат бойынша 931,3 млн (1995 жыл – 474,9), бидай бойынша – 522,6 млн (1995 жыл – 228,5), күміс бойынша – 110,3 млн (1955 – 11,4) долларды құрады.

Келтірілген мәліметтер Қазақстан экспорты рейтингіндегі шикізат пен шала дайын өнімнің озық тұрғысын айғақтайды. Әрі, баға ауытқулары сату сомасынан көрінетін әлемдік конъюнктураға қарамастан, бұл базар жеткілікті орнықты болып қалып келеді. Өндіріс пен экспорт құрылымын жетілдіру жөніндегі әбден негізді мақсаттарын көздей отырып, республика әлемдік минералды шикізат базарындағы өз тұғырынан айырылмауға тиіс.

Шетелдік инвестициялардың экономикалық қайта жаңғыртуға қатысуына үлкен үміт артылған болатын. Ішінара ол үміт ақталды, сөйтіп өндіруші салалардың өсуіне, экономиканың жалпы көтерілуіне жетеледі. Сөйте тұра, экспортқа бағдарланған және ішкі нарыққа қызмет істейтін салалардың келісілген, сабақтастырылған, өзара байланысты дамуын қамтамасыз ету қажет.

Қазақстанның экономикалық саясаты жаһандану үдерістерінің талаптарына бағынуға мәжбүр болған сыртқы экономикалық қызметтің және ұлттық протекционизм саясатын жүргізу қажеттігінен ішкі базарға, отандық өндірушіге бағдарланудың арасында қалып, едәуір күрмеулі жағдайға түсті. Сыртқа бағдарлану

шикізат салаларының серпінді дамуына айналып, басқа өрістер үшін мүмкіндіктер жасауға септесе, өңдеуші және ұқсатушы өрістердің үлесі жеткілікті жоғары болмай отыр, оларды көтеру жөнінде елеулі күш-жігер қажет.

Ел экономикасында өзгерген ахуал (экономикалық даму, қордаланған қаражат пен жинақ ақшаның өсуі, инвестициялық климаттың жақсаруы) құрылымдық өзгерістер проблемасын айтарлықтай өзекті ете түседі. Көптеген елдердің экономика құрылымын, әсіресе өнеркәсіп құрылымын жетілдіруге ұмтылуы талай кедергілерге тап болғаны белгілі.

Жаһандану жағдайында халықаралық бәсеке тиген жерін ойып түсердей болып қоймай, басқыншылық та сипатқа ие болуда. Тіпті АҚШ-та көп миллиардты айналымы бар аса ірі трансұлттық корпорациялар өсе түскен бәсекеге төтеп бере алмай, қирап түсуде.

Жаңа өсім аймақтарының пайда болуы әрі өнім өткізу базарлары үшін күрестің күшеюі, бәсекенің шиеленісіп, жаңа орамдардың пайда болуы деген сөз. Әлем тек ұтылып қана қоймай, жаңа технологияларды ендіру, сауда көлемінің өсімі және жаңа экономика қалыптастыру есебінен, оңайға түспесе де, ұтып та шығады. Сайып келгенде, сапалы әрі салыстырмалы түрде арзан тауар алатын тұтынушының есебі түгел.

Keң мағынасында түсінер болсақ, жаңа экономика – жоғары технологиялар экономикасы, ғылымды көп қажет ететін барлық салалар мен сегменттерде инновациялар өзек болатын экономика. Шикізаттық

және индустриялық экономикадан осынау, зияткерлік ресурстарға, ғылымды көп қажет ететін және ақпараттық технологияларға сүйенетін сапалық тұрғыдан өзге құбылысқа көшу әлемдік шаруашылықтың ең маңызды тенденцияларының біріне айналды.

Дамыған елдерде тауар өндіруші экономикадан өндіріске және білімді қолдануға негізделген экономикаға бетбұрыс жасалып жатыр. Жаңа білім құрамына енетін жаңа технологиялардың, құрал-жабдықтардың үлесіне ІЖӨ өсімінің 70–85 %-ы тиеді. Ғылымды көп қажет ететін өнімнің әлемдік базарының көлемі 2,3 трлн доллар (АҚШ үлесі – 39 %, Жапония – 30 %, Германия – 16 %). Ең дамыған 7 ел 50 макротехнологияның 46-сына ие, жаңа технологиялар базарының 80 %-ын ұстап отыр.

Ғылымды көп қажет ететін өнім экспортынан жыл сайын АҚШ 700 млрд доллардай, Германия – 530 млрд доллар, Жапония 400 млрд доллар алады. Экономикалық кеңістік үшін осынау ұшы-қиырсыз жарыстағы жеңістің басты факторы – инновациялар мен білім.

Бірқатар дамушы елдердің тәжірибесі, қатал бәсекеге қарамастан, жаңа базар экономикалары қарқынды дамып келе жатқан әлемдік шаруашылықта өз орнын таба алатынын көрсетеді. Бірінші толқынның да (Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань және Сингапур), екінші толқынның да (Индонезия, Малайзия, Таиланд және Филиппины) жаңа индустриялы елдері өз өсімінің көрсеткіштері бойынша кейбір дамыған елдерден озып кетті.

Дамушы елдердің жаңа экономикаға кірігуінің үлгісін Үндістан көрсетеді, оның өнеркәсібінде 230 мыңнан астам адам істейді. 2000 жылы бағдарлама жасаушы өнімдер экспортынан кіріс 4 млрд доллардан асты, 2008 жылға қарай ол 50 млрд долларға дейін өсуі тиіс.

Осынау тым тығыз экономикалық әлемде прогресті өзгерістерге ұмтылып келе жатқан Қазақстан да өз аясын алуы тиіс. Оны өз еркімен ешкім де «шайқассыз» бермейтіні айдан анық.

Республиканың өзара қатынастардың жаңа деңгейіне көшудің жағдайы барынша қатаң әрі жан-жақты қорғалған. Шикізат рыногында оның қатысуы мақұлданса, дамыған елдерге шикізат шығаруы баж салығынан босатылса, дайын өнім базарында жоғары баж салығы тұрғысындағы кедергілер сақталуда, дамыған инфрақұрылымы, соның ішінде зерттеу, жаңа өнім әзірлеп, өндіру саласында инфрақұрылымы бар қуатты трансұлттық корпорациялар әрекет етеді.

Қазақстан өзінің жаңа индустриялық-инновациялық бағдарламасын іске асыруға аса байыппен, жауапты қарауы керек секілді көрінеді. Ең алдымен аса мұқият талдаудан кейін зияткерлік, ғылыми-білімдік, инженерлік, өндірістік әлеуетті, жинақталған елеулі қаржы ресурстарын жоғары бәсекелес бола алатын өндірісті қалыптастыру мақсатымен біріктіру қажет.

Ел құрылымдық жаңартулардың қатаң басымдықтырына ие болуға тиіс, әсіресе неғұрлым нақтылы әрі қолжетімді басымдықтардың жөні бөлек.

Қазақстанда жаңа экономика санатына сай келетін салалар бар. Олар – түсті металлургия және уран өнеркәсібі.

Еліміз бүкіл әлемде мойындалған бірқатар жаңа технологияларға ие. Осынау әлеует әлі өзінің маңызын сақтап отырғанын Қытайдың Қазақстаннан сульфидті қорғасын концентраттарын өңдеу технологиясын сатып алғысы келетіні айғақтайды. Аталмыш технологияға 14 елден патент алынғаны және Германияда, Италияда, Канадада, Боливияда зауыттар салынғаны белгілі.

Жаңа металдарды игеруде «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорындары көшбасшыға айналды, оларда жаңа және аса жаңа технологиялар негізінде табиғи ураннан жасалған ұнтақ, уран таблеткалары, оксидті керамика, бериллий қоласы секілді бұйымдар игерілген және сол сатыда тұр.

Уранды жер астында сілтілеудің жаңа технологиясын қолдану оның өндіруін 3,7 мың тоннаға дейін ұлғайтуға және республикаға әлемдік уран рейтингінде үшінші орынды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазақстанда жоғары сапалы болат пен арнайы қорытпалардың қуатты саласын құру индустриялық-инновациялық дамудың басым бағытына айнала алады. Талдау көрсетіп отырғанындай, жаңа материалдардың пайда болуына қарамастан, болаттың әлемде аса берік, таттанбайтын, подшипниктік, бекітілген,

т. б. түрлеріне қажеттілік өсіп келеді, арнаулы қорытпалардың жаңа түрлері жасалуда. Оқта-текте болып қалатын қиындықтарға қарамастан, болат базары тарылған жоқ.

Болаттар мен қорытпалар әлі де өсе береді. Оларды өндірудің барлық компоненттеріне ие Қазақстан әлемдік базардың осы сегментінде елеулі тұлғаға айнала алады, бірақ қазірше тек басқа елдердің өнім берушісі ғана болып отыр. Мұқият есептелсе, елеулі ресурстық, өндірістік, кадрлық әлеуеті мен дәстүрлері бар республика әлемдік болат рейтингінде неғұрлым лайықты орын алып, 10–15 пунктке көтеріле алады.

Республикада бериллий, рений, цирконий, молибден, кобальт, ванадий, вольфрам негізінде арнаулы қорытпалар өндіруді ұлғайту мүмкіндіктері бар. Жалпы алғанда металлургияны дамыту, арнаулы қорытпалар, жоғары сапалы болаттар, олардан бұйымдар шығару 13–14 млрд доллардан астам қаржы бере алады.

Басқа жобалардан өзгеше аталмыш саланы дамыту жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға, қолда бар ғылыми-техникалық әлеуетке, инженер кадрларға және технологиялардың сүбелі қорына сүйене алады.

Әлемдік экономиканы жаһандандыру, интернационалдандыру, өскелең халықаралық бәсеке жағдайында өз аясын табу аса маңызды. Шикізат өндіру және өңдеу салаларында Қазақстан көп жағынан бәсекелессіз болса, өңдеудің жоғары дәрежесіндегі өнімнің жайы мүлде басқаша. Көптеген елдердің, соның ішінде

дамушы елдердің тәжірибесі табанды күш-жігердің арқасында әлемдік базардан өз орнын табуына болатынын көрсетеді.

Сөйте тұра, дайындық дәрежесі жоғары өнім шығаруды ұйымдастыру жөніндегі біздің ой-ниетіміз елеулі қиындықтарға ұшырайды және мұқият даярлықсыз сәтсіз, соның ішінде отандық ғылым жетістіктері де сәтсіз болуы мүмкін. Республиканың ЖОО-лары мен ғылыми-зерттеу институттарында бәсекеге қабілетті, өнімнің тұтынушылық сапасын едәуір жақсартатын жұмыстар мен технологиялар бар. Даярлық дәрежесі жоғары өнімнің әлемдік базарына кірудің стратегиясын әзірлегенде, Қазақстан өзінің айдан анық артықшылықтарын барынша пайдалануы керек. Республиканың жаңа экономикасы оның әлемдік шаруашылыққа қайта кіруі жөніндегі белсенді күш-жігерінің нәтижесінде ашылатын артықшылықтарға да сүйенуге тиіс.

Елдің қаржы жүйесінің мүмкіндіктері, лизингтік, факторингтік схемаларды дамыту индустриялық-инновациялық стратегиясы міндеттерін шешуге жағдай жасайды. Инновациялық пен инвестициялық қорлары, Экспорт пен инвестицияларды сақтандыру корпорациясы, Даму банкі секілді жаңа даму институттары әлгі факторлардың ықпалын неғұрлым мұқият ескеріп, оларға жәрдемдесуге тиіс.

Жетекші шикізаттық елдердің тәжірибесі биік шекке қаражат жұмсаудың тиімділігі жоғары болады деген айдан анық ақиқатты қуаттайды. Канаданың

минералдық өнеркәсібінің жалпы өнімінің көлемі 1 долларға артқанда, елдің жиынтық ІЖӨ, мультипликативтік әсерді ескергенде, орта есеппен 9,3 долларға өседі.

Осы елдің минералдық өнеркәсібінде істейтін адамдар саны 2 мыңға көбеюі жұмыс орындары санының 100 есе дерлік ұлғаюына жетелейді. Көп жағынан бұл мынаған байланысты: Канадада ол монополист болып табылатын өрістерде төртінші және бесінші рет қайта өңдеу елеулі дамыған, осыны ол жеткілікті тиімді пайдаланады.

Инновациялық үдерістердің айтарлықтай жеделдеуіне жаңа экономика үдерістерін сол ұғымның тар, қатаң мағынасында ақпараттық экономика немесе ақпараттық дәуір экономикасы ретінде интенсивті дамыту қуатты серпін болды. Барлық өрістерге ақпараттық технологияның ендірілуінің көлемі мен қарқыны және олардың экономикаға ықпалының ауқымы өте қомақты.

Нақ ақпараттық құрам жаңа экономиканың жеделдеткішіне айналып, оған жаһандық бағаны қамтитын сипат берді. Интернет-технологияны пайдалану жетекші факторға айналды. Әсіресе электронды сауданың өсу қарқыны бедерлі. Мысалы, соңғы жылдарда Бүкіләлемдік сауда ұйымының мүше елдері оның көлемі жыл сайын 5 есе өсіп, 327 млрд доллардан асып түсті.

Соңғы 10 жылда ғылымды көп қажет ететін өнімнің өсімі 80 млрд доллар құрағанына қарамастан, бұл

салаға инвестиция көлемі асып келеді. Бұл факторды жете бағаламаудың теріс нәтижесі ұрындыра алады. Мәселен, Жапония 1990-шы жылдары әлемдік экономика көшбасшылар тұғырынан ақпараттық технологияда артта қалуы салдарынан айырылып қалды. Бастапқыда мол кірістерінің арқасында нағыз жанталас тудырған бұл бизнес енді қалыпты арнаға түсіп келеді.

Осынау үдеріске қосылған Қазақстанның дамыған елдердің тәжірибесін ескеруі, оған белсенді кірігуі қажет. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар жасалды. Мәселен, 1998 жылға Интернетке 885 абонент қосылса, 2003 жылы 184,9 мыңға жетті – қопарыстық өсім 209 есе болды. Мұның үстіне, Интернетті пайдаланушылардың көбеюімен бірге, оның трафигі де ұлғайды. Мәселен, 2001 жылы ол 359,5 млн минут деп есептелсе, 2002 жылы 684,9 млн минутқа жетті. Қазір бұл көрсеткіштер айтарлықтай өсіп кетті.

Электронды пошта көлемі күрт өсті. Бұл мүмкіндіктер одан әрі өсе түседі. Мәселен, қазір оптикалық талшықтан «Бейжің – Франкфурт» супермагистралінің қазақстандық бөлігі және Орал арқылы Ресейге тармағы жұмыс істеп тұр. Жалпыреспубликалық оптикалық-талшықты шеңберлі желі жасалуда, ол елдің барлық өңірлерінің Интернетке өте жылдам кіруін қамтамасыз етеді. НАТО-ның «Виртуалды Жібек жолы» жобасы бойынша елдің жоғары оқу орындарымен ғылыми-зерттеу институттарының біртұтас ғылыми-оқыту желісі қарқынды қалыптастырылуда, ол арқылы Интернетке жеңілдікті түрде шапшаң кіруге болады.

Қазақстанда «Электрондық үкіметтің» негізі жасалуда, салық, кеден қызметтерінің ақпараттық жүйелері жұмыс істейді. Көптеген компанияларда, ұйымдарда, оқу орындарда ішкі оқшау желілер ендірілді, бұл олардың қызметінің тиімділігін көп жағдайда арттырады. Ақпараттық технологияларды әзірлеумен, ендірумен, компьютерлік техниканы жеткізумен, құрастырумен, жасаумен айналысатын ондаған кәсіпорындар жұмыс істейді. Өңірдегі тұңғыш әлемдік сауда алаңдарына шығатын әмбебап электрондық сауда алаңы (биржасы) «Тұран-Азия» құрылды.

Жаңа ақпараттық экономикаға өзіне сәйкес келетін кадрлар қажет. Бұл арада да біз мақсатты жұмыс істеп келеміз. Мәселен, ЖОО-ларда «Ақпараттық жүйе» мамандығы бойынша оқитындар саны 1995/2000 оқу жылындағы 1906 адамнан 2000/2001 оқу жылында 4423 адамға, «Есептеуші техника және бағдарламамен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша тиісінше 1390 адамнан 7873 адамға жетті.

Алатау кентінде Үндістандағы Бангалор қаласындағымен ұқсас ақпараттық технологиялар паркі құрылуда. Бангалорда 230 компания бар, қала зертханаларында 25 мың инженер істейді. Мұндай парктерді жасау түсімдердің айтарлықтай көзіне айнала алады. Үндістандық хайтектің экспортқа шығаратын өнімі 2005 жылға қарай 50 млрд долларға жететінін айту жеткілікті.

Қазақстанда елді ақпараттандыру үдерісін жеделдету үшін құқықтық негіз жасалды. ҚР Президентінің

«Біртұтас ақпараттық кеңістік қалыптастыру туралы» Жарлығы, ұлттық ақпараттық инфрақұрылым қалыптастыру бағдарламалары қабылданды.

2003 жылы мамырда «Ақпараттандыру туралы», «Электронды құжат және электронды қол қою туралы» заңдар қабылданды. Заң бойынша электронды қол қоюдың қабылданып, қолданылу көлемі жыл сайын өсіп келе жатқан электронды саудаға жаңа көкжиектер ашады.

Қолданылып жүрген «Ғылым туралы», «Инновациялар туралы» заңдармен қатар жаңа заңдық актілер осы өрістегі серпінге жайлы негіз жасайды.

Қазақстандық осы заманғы ақпараттық саясат жаңа инновациялық-технологиялық экономиканы елеулі түрде күшейтуге, ілгерішіл құрылымы бар жаңа индустриялық экономика жасауға тиіс. Осынау үдерістің барлық талаптарының қарқынды әрі тиімді өзара іс-қимылымен, сөз жоқ, қалайтын нәтижемізді береді.

13 жыл ішінде жүргізілген реформалар экономиканың жеделдетілген әрі сапалы дамуын іске асыру үшін мүмкіндіктер берді. Оның басты арқауы – елдің индустриялық-инновациялық дамуы.

Индустриялық-инновациялық дамудың бекітілген стратегиясы алға өршіл мақсаттар қойған өзіндік бір бірегей құжат деуге болады. Ұдайы өзгеріп отыратын әлемдік конъюнктура жағдайында ол өмірлік қажетті кадам. Жаһандану тұсында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемаларға тап болғанын айту жеткілікті.

Оларға шикізаттық бағыттылық, әлемдік экономикамен әлсіз кірігу, ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық кірігудің нашарлығы, ғылымның өндіріспен пәрменді байланысының болмауы, менеджменттің экономиканы жаһандану үдерісіне бейімдеу және сервис-технологиялық экономикаға көшу міндеттеріне сәйкес болмауы жатады.

Бекітілген Индустриялық-инновациялық даму стратегиясына сәйкес 2015 жылға қарай 2010 жылмен салыстырғанда ДЖӨ-нің энергия жұмсауы 2 есе кеміп, ал ғылымды көп қажетсінетін және жоғары технологиялы өндіріс 10 еседен астам өсуге тиіс. Мұның өзі ел экономикасын реформалаудағы жаңа кезеңнің келуі деген сөз.

Стратегия белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізуді көздейді. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін қаржы нарығын одан әрі дамыту және фискалдық, білім берушілік, антимонополиялық, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру көзделеді. Стандарттандыру саясатының аясында экономика мен басқарудың барлық салаларында әлемдік стандарттарға көшу көзделіп отыр.

Стратегияның өзгеше ерекшелігі – қосылған құны бар өнімнің өндірілу мен экспортталуы орнықты өсуін қамтамасыз етуге және бәсекеге қабілетті әрі әртараптандырылған өнеркәсіп құруға бағытталғандығы. Сондықтан аса маңызды міндет – ғылымды көп қажет ететін, жоғары технологиялы өндірістер құрылуын ынталандыру, «ғылым – өндіріс – базар» циклының нақтылы және қаржы секторларының неғұрлым

тиімді байланысын жолға қою міндеті қойылған. Осыған байланысты қолда бар әлеуеттің ұтымды да тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету қажет, бұл, сөз жоқ, халықтың тұрмыс деңгейіне, ел дамуының тұрақтылығына ықпал етуге тиіс.

Біздің индустрияландыруға алған бағытымыз экономиканың бүгінде елдің экономикалық әлеуетін анықтайтын (мұнай-газ және металлургия секторлары) секторларын неғұрлым жоғары қайта өңдеу және жаңа индустриялық кластерлерді қалыптастыру жағына бұрып ыңғайлы дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен бізде машина жасауды, химия мен мұнай химиясын, құрылыс индустриясы мен жеңіл өнеркәсіпті дамытуда айтарлықтай әлеует бар. Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және агроиндустрия кластерлерін, атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстанда мақта және шарап жасау кластерлерін қалыптастыру келешекті бағыт болып табылады.

Индустрияландыру үдерісі барысында біздің күш-жігер сондай-ақ білімге негізделген, сапа жағынан жаңа экономика жасау үшін өсу «нүктелерін» қалыптастырып, одан әрі дамытуға бағытталуы тиіс. Қазақстан болашақта өңірдің қызмет көрсету технологиялық орталығы болуға тиіс, ол орталық жақын жатқан, тез өсіп келе жатқан экономикаларға қызмет көрсету үшін жоғары технологиялық тауарлар мен көрсетілетін қызмет түрлерін өндіруге бағдарлануы керек.

Экономиканың сапалы жаңа деңгейіне көшу жөніндегі батыл да ауқымды шаралар қажет. Жоғары

дәрежеде дамыған қаржы секторы инновацияларды қолдаудың банкілік ең жоғары технологияларының экономиканың нақты секторымен қосылуын ынталандыруға тиіс.

Дамуға жасалып жатқан қолайлы жағдайлар отандық кәсіпкерлерге әлемдік базарға енудің жақсы мүмкіндіктерін береді. Жаһандану жағдайында Қазақстан компанияларына халықаралық бәсекенің қысымына төтеп беру барған сайын қиындай түсетіні анық.

Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру, жаңа технологияларды ендіру, кадрлар даярлау жөнінде мақсатты жұмыс жүргізсек, отандық өндіріс осынау қағидатты нақты міндеттерді орындауға көбірек дайын өрісте серпінді дамуды қамтамасыз етуге болады. Бұл арада мемлекеттік даму институттарын құруға үлкен үміт артылып отыр, сол институттар арқасында біз экономикамызды әртараптандыру жөніндегі жобаларды қаржыландыра аламыз.

Бүгіндегі біздің әлуетіміз – экспортқа бағдарланған қаржылық, телекоммуникациялық, көліктік, сауда және ақпараттық қызмет көрсету.

Индустрияландыру саясатымен қатар, біз елдің аграрлық секторын нығайтуға да кірістік. Қазақстандағы жаңартулар ауылшаруашылық өрісін жаңғыртуды талап етті, ол агробизнестің ұтымды қалыптастыруға, бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажеттігіне, ауылшаруашылық өндірісінің маркетингтік стратегиясына көшуге, ішкі базарда импортты алмастыруға байланысты еді.

Қазір сала жаңа белес табаддырығында тұр, бұл белес ашық экономика және тамақ өнімдерін сатудың әлемдік жүйесі тұсында оның тиімді дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ДСҰ-ға кіру қарсаңында ерекше өзекті. Біз үшін басты міндет – елдің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау және аграрлық секторды тиімді дамыту мүмкіндігі тұсында халықаралық саудада құқықтардың тарылуына жол бермеу және тауарлар мен қызмет көрсетудің әлемдік базарларына нақты кіруді қамтамасыз ету. Сондықтан жаңа жағдайды және ауылшаруашылық кешені қызметінің ерекшелігін ескере отырып, біз 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түліктік бағдарламасын әзірлеп, қабылдадық.

Бағдарламада белгіленген мақсаттарға жеттік деп қазірдің өзінде айтуға болады. Мәселен, ауыл шаруашылығы жалпы өнімнің көлемі бірте-бірте ұлғайып келеді. 2002 жылы ол 559,2 млрд теңгені құраса, 2003 жылы 615,4 млрд теңгеге жетті және оның одан әрі ұлғаюы болжануда.

Жалпы құрылым да айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Атап айтқанда, 2002 жылы егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімі 323,3 млрд және 236 млрд теңгені құраса, 2003 жылы тиісінше 355,7 млрд және 259,7 млрд теңгенің өнімі алынды.

Экспорт тұрақты өсіп келеді. Мысалы ауылшаруашылық өнімінің негізгі түрлерінің экспорты 2002 жылы 446,5 млн долларды құраса, 2003 жылы 683,1 млн долларға жетті.

Осының бәрі 2005 жылдың аяғына қарай елдің агроазық-түліктік кешенінде бәсекеге қабілетті өнім өндірудің негізі жасалады, азық-түліктік қауіпсіздік жүйесінің орнықтылық тетіктері әзірленеді, өнім өндіру мен өткізудің теңдестірілген базарлары қалыптастырылады, экспорттық мүмкіндіктер кеңейтіледі деуге мүмкіндік береді.

Мемлекет жұрт алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін де орындап келеді. Мәселен, мемлекеттік бюджет есебінен зейнеткерлердің, мүгедектердің, асыраушысынан айырылған адамдар мен жұрттың өзге де топтарының – барлығы 3,5 млн адамның (немесе бүкіл халықтың 23,6 %-ының) әлеуметтік қамтамасыз етілуі жүзеге асырылады. Әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындар 2004 жылы 1989 жылмен салыстырғанда 1,5 еседен астам ұлғайды. Бұл қазақстандықтардың кірістерін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік берді, мұны мына көрсеткіштердің өсуі айғақтайды. 1999–2004 жылдары жалақының ең төменгі мөлшері 2,5 есе (26,5 теңгеден 6600 теңгеге), зейнетақының ең төменгі мөлшері 1,9 есе (3000 теңгеден 5800 теңгеге), орташа жалақы 2 есе (11864 теңгеден 26048 теңгеге), зейнетақының орташа мөлшері 2 есе (4104 теңгеден 8529 теңгеге, күнкөріс минимумы 1,5 есе (3394 теңгеден 53,94 теңгеге) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемнің орташа мөлшері 1,3 есе (3441 теңгеден 4670 теңгеге) ұлғайды.

Жалпыға бірдей қолжетімділік пен аса маңызды әлеуметтік игіліктердің жұртшылық қабылдайтын сапасын қамтамасыз ету мақсатында реформалау

барысында мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттары: күнкөрістің ең төменгі деңгейі, жалақы мен зейнетақының ең аз мөлшері, еңбек ету жағдайы мен ақы төлеу стандарттары, әлеуметтік қызмет көрсетудің нормативтері және басқалар әзірленіп, қазір пайдаланылуда.

Реформалау нәтижесінде елде аралас жинақтаушы-ынтымақшыл зейнетақы жүйесі құрылып, тиімділігін іс жүзінде көрсетті. 1,5 млн-нан астам зейнеткерлер зейнетақы төлемдерімен ортақ негізде қамтамасыз етіледі. Зейнетақыны арттыру жыл сайын жүргізіледі, ал соңғы жылдары зейнетақы төлемінің номиналдық өсуі тұтынушылық баға индексі өсімінен озып отырды.

2003 жылғы индекстеуден басқа зейнетақыны дифференциялық арттыру жүзеге асырылды. 1 маусымнан бастап 1 млн-нан астам адамның зейнетақысы арттырылды, зейнетақының ең аз мөлшерін алатын адамдардың саны 3 есе кеміді, ал 500 мыңдай адам ең жоғары мөлшерін алатын болды. Сөйтіп, 2004 жылғы қаңтарға зейнетақының ең аз мөлшері 5800 теңгені, ал орташа мөлшері 8335 теңгені құрады.

Қамтамасыз етудің төл сақтау қағидаттарына негізделген жалғыз түрі – жинақтаушы зейнетақы жүйесі ойдағыдай дамып келеді. Қазір 1 мемлекеттік және 15 жекеше жинақтаушы зейнетақы қорларында 6,5 млн азаматтың жеке есепшоттары бар, оларда 415,2 млрд теңге жазылған инвестициялық кіріс бар.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңды іске асыру нәтижесінде жан басына шаққандағы

кірісі кедейшілік межесінен төмен аз қамтамасыз етілген азаматтар саны азайды (2002 жылдың басындағы 10,2 %-дан 2004 жылдың бірінші қаңтарына 6,6 %-ға дейін немесе 859,8 мың адам).

Сонымен бірге, ұлттың күші жасына немесе денсаулығына қарай жұмыс істей алмайтын, сондықтан өз бетімен кіріс ала алмайтын адамдарға қамқор болу қабілетінде. Бүгін әлемде экономиканың өсуімен мемлекет әлеуметтік қорғау мәселелеріне көбірек көңіл аудара бастайды. Осы мақсатқа 2007 жылға дейін Әлеуметтік реформалауды одан әрі тереңдету бағдарламасы әзірленді.

Таяу жылдарда біз мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасында жауапкершілікті бөлісу амалымен әлеуметтік қамсыздандырудың қаржылық жағынан орнықты, экономикалық жағынан тиімді, әлеуметтік жағынан әділетті үш деңгейлі жүйесін жасауға тиіспіз. Мұның өзі әлеуметтік жүйелері таңдаулы елдерге тән әлемдік практика.

Орта мерзімді кезең міндеттеріне келсек, бірінші кезекте бұл – қазақстандықтардың білімдік және кәсіптік деңгейінің сапалық өсуін қамтамасыз ету. Біз экономиканың бәсекеге қабілетті моделін таңдаудың және елді индустриялық-инновациялық дамыту бағытын ұстандық. Бұл – болашақтың стратегиясы. Өскелең ұрпаққа әлемдік стандарттар деңгейіндегі сапалы білім беруді, бұл орайда қазіргі мамандардың біліктілігін арттыруды да ұмытпау керек.

Төртінші сайланған Парламент депутаттары алдында сөйлегенде мен таяу 5 жыл ішінде шешуіміз

керек болатын бірқатар мәселелерді тұжырымдадым. Олар мұғалім мәртебесін көтеру, ұлт денсаулығын қамдау және жалпы жұрт мойындаған тиімді нарық тетіктеріне (ипотекалық кредиттеу, құрылысқа қаражат жинау жүйесі), сондай-ақ тұрғындардан арзан әрі қолжетімді баспана ұсынудың өсуін мемлекеттік ынталандыру шараларына негізделген тұрғын үй бағдарламасы. Бағдарлама 3 жылға есептелген. Осы кезең ішінде біз 12 млн шаршы метрге жуық баспана салуға тиіспіз, ал мұнымыз 195 мың отбасы жаңа пәтер ала алады деген сөз.

Жұрттың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топтарына сол жылдары 5 мың жаңа пәтер салып беруіміз қажет.

Әлеуметтік қамсыздандырудың келешегі туралы айта тұрып, экономиканың күретамыры болып табылатын қаржы жүйесін дамыту жайын да ұмытпау керек.

Бұл бағытта біз істеуге тиіс бірінші шаруа – қор базарының осы заманғы талаптарға сай болуын қамтамасыз еті. Корпоративтік басқаруды жетілдіру және компаниялар қызметінің айқындығын арттыру жөніндегі шаралары қолданылуы тиіс.

Мұның үстіне, мен Үкіметке ірі мемлекеттік кәсіпорындарды жеке бөліп алып, олардың акцияларының пакеттерін мемлекеттік холдингтік компанияға беруді тапсырдым. Осынау холдингке кіретін ұлттық компаниялар акцияларының бір бөлігі қор нарығында сатылуы дұрыс болар еді деп ойлаймын. Сол бағалы қағаздарды зейнетқорлық, инвестициялық қорлар мен

брокерлік компаниялар сатып ала алады. Яғни институционалдық та, жеке де инвесторлар акционерлер бола алады.

Сонда нарықта оза шапқан эмитенттердің бағалы қағаздары айналымға түседі, ұлттық компанияларымыздың директорлар кеңестері құрамында тәуелсіз директорлар институты пайда болады, мұның өзі корпоративтік басқарудың сапасын айтарлықтай жақсартады.

Бүгінде біздің банктер көрші елдер нарығында қаражат салады, зейнетақы қорлары шетелдік бағалы қағаздарға лимиттің арттырылуына қол жеткізді, таяу шет елдердің бағалы қағаздарына инвестиция жұмсауға рұқсат сұрайды.

Зейнетақы қорларының активтерін басқарушылар мынаны ұмытпауға тиіс: қандай да бір бағалы қағаздарды сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігі соларға артылады.

Сондықтан тәуекелдерді басқаруға талаптарды қатайту банктерге ғана емес, зейнетақы қорларына да қажет. Зейнетақы активтерін инвестициялау жөнінде шешім қабылдаудың толық айқындығын қамтамасыз ету қажет.

Сондай-ақ кредиттік серіктестіктер мен микрокредиттеуді өсіру қажет. Республикада 157 микрокредиттік ұйым жұмыс істейді, олар 2,8 млрд теңгенің кредитін берді. Бұл жүйенің басты қатысушыларының бірі – Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры.

Шағын кредиттеудің мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажет деп санаймын, ол кредит беріп қызмет

көрсетуді дамытудың негізгі бағыттарын анықтауға және шағын кредиттеу мониторингінің тиімді жүйесін жасауға тиіс.

Елдің әлеуметтік секторын реформалау барысында біз кез келген ұлттың басты белгісі оның мәдениеті мен тәлғумалығында екенін ұмытқан жоқпыз. Біз «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын нақ сондықтан қабылдадық. Ол нақ тарихи зердеміз, мәдениетіміз бен рухани қазынамыз, құндылық нұсқауларының жалпыұлттық ауқымда іріктелуінің анықтаушы факторына, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімі қалыптастырудың, қоғамның одан әрі кірігуі мен бірдейленуінің құрамдас бөлігіне айналуына бағытталған. Жалпы дүниетанымдық өзгерістермен байланысты бағдарлардан біршама айырылуға қарамастан, мәдениет қайтадан гуманитарлық миссиясына ие бола бастады.

«Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта түлету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтас дамуы, туризм инфрақұрылымын құру» бағдарламасының негізіне іргелі зерттеулер, Жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі тарихи қалалар мен басқа мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық бағыттарын талдау мен есептеулері алынған және елдің тарихы мен мәдениетінің ескерткіштерін сақтау жөніндегі шаралары әзірленген.

Талай ғылыми, кадрлық, ұйымдастырушылық, қаражаттық және басқа дайындықтарды талап ететін мұндай ауқымды мемлекеттік бағдарламалардан

бір сәттік нәтижелерді күтуге болмайды. Біз мұны түсінеміз, сондықтан оның жұмыс мерзімін бекітілген жылдармен шектемейміз. Бұл – ұлттық мәдениетті түлету және оның әлемдік мәдени кеңістікке кірігуі жөніндегі орасан жұмыстың басталуы ғана. Бүкіл ұлттық мәдени мұра әрі әлемдік қазынаның бір бөлігі ғой.

Қазақстан өзінің ұзақ және орта мерзімді міндеттерін жіті анықтады. Олар бойынша жұмыстың нақты жоспары бар, оларды орындау беріле көп жұмыс істеді ғана емес, қоғамның топтасқандығын, халықтың біртұтастығын, тұрақтылық пен сабырлылықты да талап етеді.

Қазақстан шынында да өз азаматтары үшін өмірдің жоғары стандарттарын жасау жолымен тиімді дамып келе жатқан елдер қатарына қосылатынына және әлемдік қоғамдастыққа тең құқықты негізде кіріге алатынына сенемін.

«Қазақстан экономикалық,
әлеуметтік және саяси жедел
жаңару жолында» атты
Қазақстан халқына

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2005 жылғы 18 ақпан

Құрметті қазақстандықтар!

1. БІЗ НЕДЕН БАСТАДЫҚ?

Біздің өмірімізді түбегейлі өзгертіп, Қазақстан тәуелсіздікке ие болған өткен ғасырдың 90-шы жылдарының тарихқа озғанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Сана мен сезімнің шиеленісі мен ширығуы жағынан бұл ерекше жылдар болды. Бұл біздің мемлекетіміздің алдағы жүрер жолын айқындайтын аса маңызды шешімдер қабылданған жылдар болды, сол кезде қабылданған бір ғана бұрыс шешім еліміздің

жүрер жолының бағыт-бағдарын елеулі өзгеріске ұшыратуы әбден ықтимал еді. Осы уақыттың ішінде халық менің елімізге басшылық етуіме өзінің шынайы сенімін білдірді. Мен болсам, сіздердің сенімдеріңізді ақтауға ұмтылып, біздің стратегиялық бағытымыздың негізгі бағдарларын әр жыл сайын өздеріңізбен бірге саралап келемін.

Міне, бүгін, араға 15 жылдай уақыт салып, мен сіздерді біздің бірлесе атқарған жұмысымыздың қорытындысын шығаруға шақырып отырмын. Біздің мақтан тұтарлық істеріміз жеткілікті.

Біз неден бастадық, жол басында қолымызда не болды, сол кездегі біздің нақты мүмкіндіктеріміз қандай еді?

Әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал шын мәнінде сын көтермес күйде еді. Қазақстанның экономикалық және саяси мүмкіндіктері сырттан осылай бағаланды: экономикасы әлжуаз, қазынасы бос, саяси жүйесі балаң, Кеңес Одағы заманының конституциясы бойынша өмір сүріп жатқан, одан бар болғаны белгілі бір әскери әлеует қана еншілеген ел саналдық.

Былайғы дүние бізді көзге де ілген жоқ, әлемдік қоғамдастықты біздің ядролық қару-жарағымыз ғана алаңдатты.

Енді 20–25 жылдан кейін мемлекеттік басқарушылардың жаңа буыны Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының қорытындысын шығарып, біздің әуел бастағы әлеуетімізді және өзгерістердің нәтижесін

елеп-екшер болса: «Шынымен де солай болған ба?», деп таң-тамаша қалары анық.

Сонда олардың бізге қызыға қарарына көзім әбден жетеді. Біздің батылдығымызға, жігерімізге, қабілетімізге, сайып келгенде, еркіндігімізге қайран қалары анық. Өйткені бүгінгі күні біз жасаған дүниені рухы күшті жандар ғана жасай алатын еді.

Біз алдымызға анық та айқын мақсат қойдық: біз жақсы өмір сүргіміз келді, біз еркіндікке ұмтылдық, біз бәрінен де бұрын балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қаладық. Бұған сіздер мен біздер өз ғұмырымыздың біраз жылдарын арнадық. Еңбегіміз еш кеткен жоқ, біз бүгінгідей биікке көтерілдік.

Өзіміздің төл теңгеміз айналысқа енген, демек, экономикалық тәуелсіздігіміз шындыққа айналған 10 жыл кезеңді алайықшы. Бұл 10 жыл – елімізді тұрақты еткен, экономикамызды өркендеткен төл Конституциямыздың да мүшелді мерекесі.

2. БІЗ ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМДІ 2 ЕСЕ ҰЛҒАЙТЫП, БІРЛЕСІП ТАҒЫ ДА БІР ҚАЗАҚСТАН ОРНАТАТЫҢДАЙ МЕЖЕГЕ ЖАҚЫНДАДЫҚ.

2.1. Біз ойдағыдай жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика құрдық.

Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, біз қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамамызды жасауға қол жеткіздік. Бүгін Қазақстанда нақты жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика бар.

Егер осыдан 10 жыл бұрын жан басына шаққандағы ішкі жалпы өніміміз 700 доллардан сәл ғана асса, 2004 жылдың соңында ол 2700 долларға жетті, ал осы жылы біздің жан басына шаққандағы ішкі жалпы өніміміз 3 мың доллардай болады деп болжап отырмыз.

Мен 2010 жылы жан басына шаққанда ішкі жалпы өнімді 5800 АҚШ долларынан асатын мөлшерге, яғни Чехия, Венгрия, Польша, Малайзия сияқты елдердің бүгінгі деңгейіне, ал 2015 жылы шамамен 9 мың доллар мөлшеріне жеткізуге күшіміз жетеді деп санаймын. Жалпы, сатып алу қабілетінің шамасы жағынан бұл цифрларға біз қазірдің өзінде жақынбыз.

Біз еліміздің ішкі жалпы өнімін 2010 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 2 есе ұлғайтуды жоспарласақ, бұл көрсеткішке 2008 жылы-ақ жетуге болады деген сенім бар.

Бүгін экономикалық өсудің негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып табылады. Біз көмірсутегі шикізатын өндіру көлемін 1985 жылмен салыстырғанда 225 % ұлғайтуға қол жеткіздік, бүкіл әлемде ол небәрі 1,3 есе шамасында ғана өсті.

Экономикаға шамамен 30 млрд доллардай тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Бүгін инвесторлар Қазақстанның тұрақтылыққа кепілдік беретін және өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ететін сенімді әріптес екенін біледі.

Қазақстанның қаржы жүйесі де аса жедел дамып келе жатқандардың бірі ретінде танылды, ал мұны

жетекші халықаралық сарапшылар да қуаттап отыр. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, сыртқы қолайсыз факторларға тәуелділікті төмендету үшін Ұлттық қор құрды.

Бүгінгі күні Ұлттық қорда 5,3 млрд доллар жинақталып отыр. Ұлттық қорды қоса есептегенде, еліміздің алтын-валюта резервтері, тұтастай алғанда, 14 млрд доллардан асып түсті. Осыдан 10 жыл бұрын бұл жайында біз, тіпті, армандай да алмайтын едік.

Біз ашық сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргіздік. Мәселен, 2004 жылы сыртқы сауда айналымы көлемінің оң сальдосы 7 млрд доллардан асатын 33 млрд долларға жетіп, 1994 жылмен салыстырғанда, 3 еседен астам өсті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында негізінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ауқымымен шектелген біздің сыртқы саудамыздың географиясы да біршама әртарапталды.

Қазақстан тауар айналымының құрылымында 2004 жылы Еуропалық Одаққа мүше елдер, Ресей, Швейцария мен Қытай алғашқы орындарға шықты.

Осылайша біз өзіміздің әлемдік экономиканың бір бөлшегіне айналып, жаһандық бәсекелестік арнасына кірікпей тұра алмайтынымызға іштей көз жеткіздік.

2.2. Біздің өміріміз жақсара бастады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Дүниежүзілік банктің сыныптамасы бойынша кірісі орта деңгейдегі елдердің тобына кіреді.

Егер өмір сапасының негізгі көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, онда соңғы 10 жылда қазақстандықтардың орташа ақшалай кірісі 5 есе; орташа айлық жалақысы 6 есеге жуық; ең төменгі табыс мөлшері 25 есе; зейнетақылардың орташа айлық көлемі 4,6 есе; жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері мен салымдардың бір кісіге шаққандағы көлемі сәйкесінше 35 және 37 есе өскенін көреміз. Мемлекеттің кепілді тегін медициналық көмек көлеміне жұмсалатын шығысы тек осы жылдың өзінде ғана 2003 жылмен салыстырғанда 1,7 еседен астам өсті.

Экономикамыздың біртабандап өсуі мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік бағдарлануын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берсе, мұның өзі экономикамыздың нығая түсіп келе жатқанын айғақтайды.

Біз рекордты қысқа мерзімде еліміздің дәл орталығында жаңа елордамызды салдық. Көрген жанның бәрі Астана көркіне тәнті болады. Астана барлық қазақстандықтың мақтанышына айналды.

2.3. Біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көп ұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық.

Біз демократия жол басы емес, ол алдағы мақсатымыз екенін ешқашан естен шығарғамыз жоқ. Біз демократияны декретпен енгізуге болмайтынын, оған жету үшін тар жол, тайғақ кешулерден өту керек екенін білдік.

Қазақстан мемлекеттілігі біржолата орнықты. Біздің еліміз өз саяси дамуының үлгісі жағынан батыс демократиясына және әлеуметтік ілгерішілдігі мен саяси саналуандығы бүкіл әлемге танылған «жаңа азиялық демократия» дегенге де жақын.

Біз саяси өмірімізді ырықтандыруда да айтарлықтай табыстарға жеттік. Бұл тұста мыналарды айтсақ та жеткілікті:

– Қазақстанда демократиялық институттардың дамуы дәйекті жүргізіліп келеді; еркін демократиялық сайлаулар үнемі өткізіледі; тежемелік әрі тепе-теңдік негізінде билік тармақтарының аражігін ажырату қағидаты жүзеге асырылып жатыр;

– Қазақстанда саяси саналуандық және көппартиялылық орныққан; кез келген қазақстандық кез келген қоғамдық және саяси бірлестікке еркін кіре алады;

– 5 мыңнан аса үкіметтік емес ұйымды қоса алғанда, азаматтық қоғам институттары мен құрылымдары жасақталып, жұмыс істеуде;

– Қазақстанда тәуелсіз сот жүйесінің негіздері қаланып, заң үстемдігі дәйекті қамтамасыз етіліп келеді. Біздің қоғамда сот жүйесіне деген сенім барған сайын арта түсіп отыр;

– Қазақстанда сөз бостандығы қамтамасыз етілген, цензура жоқ; мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары құрылып, жұмыс істеуде. Осы орайда бұрынғы шақырылған Парламентте БАҚ еркіндігін шектеу әрекеті байқалғанын, сонда мен дүдәмал заң жобасына тоқтау салғанымды естеріңізге сала кеткім келеді, сөйтіп, мемлекет өзінің баспасөз бостандығы жолындағы бағытының мызғымайтынын тағы да қуаттап берді;

– Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласында маңызды қадамдар жасалып, елеулі нәтижелерге қол жетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды; Қазақстан адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылды. Құрамы ауқымды әрі беделді Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді;

– Қазақстанның кез келген азаматы елден шыға да және қайтып орала да алады;

– бүгін кез келген қазақстандық өзінің қалауына қарай қызметпен шұғылдану құқығына ие;

– әркімнің өз балаларын тиімді деп тапқан жерлерде оқытуға құқығы бар;

– әрбір қазақстандық сайлау және сайлану құқығына ие. Қазақстан діни сенім-наным бостандығын қамта-

масыз етіп, конфессияаралық келісім мен діни теңқұқылық саясатын дәйекті жүргізіп келеді. Бізде түрлі конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі қамтамасыз етілген, сонымен бірге, діни экстремизмге қарсы күрес жүргізіледі. Астанада өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының І съезі еліміздің бітімгершілік әлеуеті өсіп келе жатқанының айқын айғағы болады;

– Қазақстанда өлім жазасына мораторий енгізілген;

– біз Қазақстанда ұйымдасқан қылмыстың туындауын тамырымен құрттық;

– Қазақстан ТМД-да бірінші болып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде заң қабылдады, әрі бұл бағытта алдағы уақытта да жалғасатын дәйекті жұмыс жүргізіліп келеді.

Осыдан 10 жыл бұрын мұның бірі де мүлдем жоқ еді, ал енді бәрі бұрыннан бар секілді көрінеді. Бұлар түгелімен қуатты президенттік билік институтының сақталуымен үйлесім тауып, елімізге өткен дәуірдің сарқыншақтарын еңсеріп, Достастық мемлекеттерінің көпшілігіне қарағанда неғұрлым жоғары қарқынмен даму үшін мүмкіндіктер туғызып отыр деп пайымдаймын.

Осылайша, біз бүгін саяси жүйені жаңартудың белгілі бір белесіне көтерілдік. Өткен жылы бізге келіп қайтқан ЕҚЫҰ төрағасы Соломон Пассимен кездесуіміз кезінде ол: «Соңғы жылдары Қазақстанда демократиялық реформалардың айрықша ілгері басқаны байқалып отыр», – деп атап көрсеткен еді.

2.4. Біз Қазақстанды өңірдің көшбасшысы, халықаралық құрметті әріптес, сондай-ақ, халықаралық терроризмге, есірткі трафигі мен ядролық қарудың таралуына қарсы күреске белсенді қатысушы жасадық.

Біз демилитаризм және ядролық қарусыздану бағытын таңдадық, сөйтіп, әлемдік қоғамдастық үшін өңірлік қауіпсіздіктің факторына айналдық. Қазақстан Семей ядролық сынақ полигонын өз еркімен жауып, әлемдегі төртінші ядролық-зымырандық әлеуетінен өз еркімен бас тартты және бүкіл дүние жүзіне үлгі көрсетті.

Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық үдерістердің бастамашысы әрі белсенді қатысушысы болды.

Біздің еліміздің халықаралық аренадағы аты Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру туралы ұсынысымен тікелей байланысты десек, асыра айтқандық емес. Келісті құжат – Сенім шараларының каталогын қабылдаған Сыртқы істер министрлерінің Алматыдағы соңғы кездесуі мен 1992 жылы-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында көтерген бастаманың ойдағыдай жүзеге асқанының айқын айғағы болып табылады.

Егер 1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың іс жүзінде Қазақстанмен шаруасы болмаса, бүгін ол Қазақстанды біледі, таниды және құрметтейді. Таяуда белгілі Ресей ғалымы, академик А. Аганбегян атап өткендей, «Қытай мен Қазақстан бүгінгі таңда экономикалық дамудың ең жоғары қарқынына қол жеткізіп отыр».

2.5. Біз қайда бара жатырмыз?

Мен жүзеге асқан бастамаларымызды баяндап бердім. Біз бірлесе отырып, еркін экономика мен ерікті ұлт құру жолында одан әрі ілгерілеу үшін берік негіз қаладық.

Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі болып табылады және бұл – барша жұрт таныған ақиқат.

Қымбатты отандастарым! Сіздер менің Елбасы болуыма сенім артып қана қоймай, әрдайым жанымнан табылып, сөздеріңізбен де, істеріңізбен де ұдайы қолдап отырдыңыздар, сол үшін де мен сіздерге шын көңіліммен ризамын.

Мен біздің болашағымызды қандай күйде елестетемін?

Еліміздің экономикалық және саяси дамуындағы түбегейлі жаңа кезең, Қазақстанды одан әрі жаңғырту мен демократияландыру – біздің күн тәртібіміз осындай.

Сондықтан менің алдағы уақыттағы күш-жігерім:

– мемлекеттілікті нығайтуға, Қазақстанды осы заманғы демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде дамытуға;

– елімізде және өңірде берік тұрақтылықты қамтамасыз етуге; өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға;

– жаһандану талаптарына сәйкес экономиканы серпінді дамытуға және шикізаттық емес секторларды ілгерілетуге екпін түсіре отырып, жаңа технологияларды дамытуға;

– білім беруді, кәсіптік даярлық пен әлеуметтік саланы ХХІ ғасыр деңгейіне шығаруға;

– азаматтық қоғамды дәйектілікпен дамытуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге;

– қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан әрі дамытуға;

– діни төзімділік пен конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуге;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске;

– терроризммен, есірткі саудасымен, экстремизмнің кез келген көрінісімен жаһандық күреске бағыттала-тын болады.

Ендігі бір айтқым келетін жәйт: Қазақстан қазір Еуропа мен Азия арасындағы коммуникациялар тасқынының тоғысында тұр. Біздің міндетіміз – осынау бірегей геосаяси жағдайды еліміз бен халықаралық қоғамдастықтың мүддесі үшін пайдалану.

Бүгін мен өзіміздің әрі қарайғы жаңғыруымызды жеделдету бойынша нақты бағдарлама ұсынғым келеді. Соған сәйкес біз өзіміздің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-қимылымызды реттейтін боламыз.

3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮДЕМЕЛІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСІ

Қазақстан өз азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиіс. Біз

мұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей аламыз.

3.1. Инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыту

Біз экономиканы әртараптандыруға бағытталған Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыра бастадық. Бұл – болашақтың бағдарламасы.

Біз бәсекеге қабілеттілікті арттырудың экономикалық әлеуетіне ие басым салалардағы бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, сол арқылы қазақстандық кластерлер жүйесін дамытуға жол аштық. Биылғы жылдың ортасына қарай біздің қолымызда нарықтың туризм, мұнай-газ машиналарын жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары сияқты салаларында кемінде 5–7 кластерді жасау мен дамытудың жоспары болуы керек деп санаймын. Ел экономикасының шикізаттық емес салаларындағы ұзақ мерзімді бағыт-бағдарын, міне, солар айқындайтын болады.

Біз өзімізді жаңа технологиялар мен жаңа экономика әлеміне енгізетін экономикалық дамуды басқарудың қағидатты жаңа жүйесі – ұлттық инновациялық жүйе құруды қолға алдық.

Индустриялық-инновациялық дамудың инфрақұрылымы қазірдің өзінде қалыптасып үлгерді. Мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру жыл

басында 730 млн АҚШ долларын құраса, инвестициялық жобалар портфелі 1 млрд 200 млн доллардан асып отыр. 2004 жылы 204 инвестициялық жоба іске асырылса, соның тең жартысы даму институттарының қолдауымен мүмкін болды.

Біздің стратегиялық міндетіміз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан мемлекет пен жеке меншік сектор өзара сенім мен тиімділікке негізделген әріптестік қатынастарын қалыптастыруы керек.

3.2. Шағын және орта бизнес туралы

Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90 %-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар ішкі жалпы өнімнің 50 %-дан астамын береді. Сондықтан біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың қағидатты жаңа идеологиясын түзуіміз қажет. Біз кәсіпкерлік ортаның бастамашылығын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек. Әрбір іскер қазақстандық осы ортаға кірігіп, инновациялық экономикадағы өз орнын табуға тиіс.

Қазақстандықтардың бастамашылығына кең өріс ашу үшін жағдайлар жасалды, кәсіпкерлерге осыларды жүзеге асыру ғана қалып тұр. Мен өңірлерді экономикалық тұрғыдан өршіл болуға шақырамын.

Заңнаманы жаңа идеологияға сәйкес сапалық жағынан жақсарту қажет.

Қысқасы, сөзден іске көшетін, мемлекеттік кәсіпорындар мен мегахолдингтердің, ең алдымен, ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың бейіндік емес қызметтерін шағын және орта бизнеске беру жөніндегі жұмысты аяқтайтын уақыт жетті. Осы арқылы біз бизнестің тынысын кеңейтетін боламыз. Бұл ретте, бірқатар стратегиялық маңызды мемлекеттік компаниялар акцияларының пакеттерін басқаруды арнайы құрылатын мемлекеттік холдингтік компанияларға беру қажет. Бұл шараларға қарсы тұрулар мен үгіттеулердің болатыны анық. Үкіметке шешімділік танытып, ақыры бұл іске кірісуіне тура келеді.

Тағы бір мәселе туралы. Даму банкі мен Инвестициялық қор барлық кәсіпкерлерге бірдей қолжетімді емес. Сондықтан Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры өзіндік бір «қаржы супермаркетіне» айналуы тиіс. Біз қорға биылғы жылы республикалық бюджеттен қосымша 10 млрд теңге бөлеміз, сонда шағын бизнес субъектілерін кредиттеу мүмкіндігі 25 млрд теңгеге дейін өсетін болады. Биылғы жылдан банк кредиттеріне кепілдік беру мен сақтандыруды жүзеге асыруды бастау керек. Бұл айтарлықтай мемлекеттік қолдау болмақ.

3.3. Аграрлық мәселелер

Биыл 3 жылдық аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру аяқталады. Біз еліміздегі аграрлық бизнесті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесін негізінен қалыптастырдық. Тек үстіміздегі жылы ғана ауыл

шаруашылығы өндірісін дамытуға республикалық бюджеттен 57,9 млрд теңгеден аса қаржы бөлінеді. Бұл – рекордтық сома.

«Аграрлық-өнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заң қабылдау қажет.

Алдағы Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруіміз, біз бұл мәселені талай мәрте талқылағанбыз, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне ерекше талаптар қоятын болады. Ендігі жерде ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен өңдеу саласында кластерлік бастамашылықты іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыруға айрықша назар аудару қажет деп санаймын. Жеке меншік сектордың назарын нақ осыған аудару керек, сондай-ақ, кредиттерді де, атап айтқанда, агроиндустриялық саясат арнасында, осында тарту керек.

3.4. Қаржы секторы мәселелері

Қаржы секторын одан әрі дамыту үшін қазір құнды қағаздар нарығын дамыту мен 2005–2007 жылдарға арналған жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламалары қабылданды. Енді тек жұмыс істеу керек.

Банктердің қызметі ашықтықтың үлгісі болуы тиіс. Бірінші кезекте мұның меншік құрылымдары мен аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтерге қатысы бар. Банк қабылдайтын шешімдерге елеулі ықпалы бар барлық тұлғалар уәкілетті органның келісімін

ала отырып, өздерінің мәртебесін нақтылай түсулері керек. Банктердің инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды топтасу негізінде ретке келтіру қажет. Аффилирленген тұлғалармен жасалатын мәмілелер банктерді тәуекелге барғызбауы шарт. Қаржылық қадағалау агенттігі бұл жұмысты шешімді түрде жүргізуі тиіс.

3.5. XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау

XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын қалыптастыруымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі кең ауқымда, жаңаша ойлай білетін заманауи менеджерлерсіз біз инновациялық экономика құра алмаймыз.

Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдану қажет.

Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, ал жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемде танылуға тиіс. Олар мұны істеуге міндетті. Біз әрбір қазақстандықтың жоғары білім алуына нақты кепілдік беруіміз керек.

Студенттердің оқуын бюджеттен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Үкіметке білім беру кредиттерінің есебінен білім беруге арналған кредиттердің мөлшерін 50 %-ға арттыруды тапсырамын.

Сонымен бір мезгілде, осы кредиттердің қайтарылуына мемлекеттің кепілдігін беруді қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге кредит бөлудің осы заманғы жүйесін жасау керек.

Үкіметке каникул кезінде студенттерге тұрғын үйлер салатын құрылыс отрядтарында жұмыс беру, елімізді көгалдандырудың «Жасыл ел» бағдарламасын өрістетіп, бұл игілікті іске студенттерді тарту мәселесін нақты қарастыру қажет.

Енді оқытушылар туралы. Олардың проблемалары бізге жақсы мәлім, бұл проблемалар шешіліп те жатыр, алайда бәрін бір сәтте шешіп тастау да мүмкін емес. Білім және ғылым министрлігіне Жоғары оқу орындары қауымдастығымен бірлесіп, профессорлық-оқытушылар құрамына қолдау көрсетудің жүйесін ойластыру керек. Мысалы, қазірдің өзінде кез келген шетелде тағылымдамадан өтуге баруды қарастыратын әрі 1 жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие «Үздік оқытушы» мемлекеттік стипендиясын тағайындауға болар еді.

Менің тапсырмам бойынша үстіміздегі жылы Қазақ ұлттық университеті мен Еуразия ұлттық университетіне 20 шетелдік оқытушы кеңесшілер тарту үшін 2 млн доллар бөлінді. Ендеше, Батыс танып отырған өзіміздің үздік мамандарымызды дәл осылайша неге ынталандырмасқа!

Өзіміз үлкен тапшылық тартып және кадрларды сырттан шақыруға мәжбүр етіп отырған техникалық

мамандықтарды бірінші кезекте дамыту керек деп санаймын. Бірақ бәрі де мектептен басталады. Сондықтан біздің 2008 жылдан бастап, 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшіп, педагогтардың кәсіптік деңгейін, оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруымыз керек.

Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз.

3.6. Ана, бала, аға ұрпақ

Біздің стратегиямыздың маңызды мәселесі – қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің – балалардың, олардың аналарының және аға ұрпақтың өмірін лайықты қамтамасыз ету. Мемлекет бұл мәселелерді шешу үшін қаражат аямайтын болады. Біз балалар мен жүкті әйелдерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қабылдадық, енді оларды іске асыратын боламыз.

2003 жылдан перзенттің дүниеге келуіне байланысты біржолғы жәрдемақы төленіп келеді.

Биылғы жылдан біз әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясы барынша қарапайым үш деңгейлі жүйесін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетудің 3 жылдық бағдарламасын іске асыруды бастаймыз. Біріншіден, бұл – мемлекет кепілдік беретін арқаулық әлеуметтік төлемдер. Екіншіден, міндетті әлеуметтік сақтандыру. Және соңғысы, азаматтардың кейіннен әлеуметтік төлемдерге айналатын ерікті жинақтары. Осы үш бастау азаматтарымыздың

қарттық кезеңін лайықты қамсыздандыруға қажетті жағдай туғызатын болады.

3.7. Тұрғын үй мәселелері

Ендігі бір өзекті міндет – тұрғын үй проблемасын жеделдете шешу. Баспанасыз түтін түтетіп, бала өсіру қиын.

Үстіміздегі жылы тұрғын үй салу бағдарламасын жүзеге асыру басталады. Біз бұрынғы жүйе шеше алмаған істі қолға алдық. Бұған, бірінші кезекте, Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер жауапты және олар қазақстандықтарға не нәрсеге қабілетті екендіктерін көрсетулері тиіс. Тұрғын үй құрылысы – біздің экономикамыздың жаңа локомотиві.

3.8. Рухани даму және конфессияаралық келісім

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырып, өткенді ой елегінен өткізу арқылы қазіргі кезеңдегі мәдениетті жан-жақты дамыту қажет.

Біз осы саланы мемлекеттік қолдаудың тұтас бір бағдарламасын жасауымыз керек.

Біз, сондай-ақ, барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауға тиіспіз.

Қазақ жерінің үстімен бүкіл әлемдік діндер өткен, сондықтан бізге төзбеушілік немесе діни фанатизм жат. Бұл – рухани дәстүр, бұл – Жаратушының кез келген

түрдегі сөзіне жүрегіміздің ашықтығы – Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің аса маңызды негіздерінің бірі. Біз дүниежүзіне өзіміздің тағаттылығымызбен, этносаралық, конфессияаралық келісімімізбен және ұнқатысуымызбен танымалмыз. Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуеті әрі қарай да көздің қарашығындай сақталып, дамытылуы тиіс.

3.9. Жоғарыда айтылғандардың бәрінің бүгін әрбір отбасы үшін, әрбір қазақстандық үшін мәні неде?

1. Биылғы жылдан біз іс жүзінде әрбір отбасының мүддесіне игі ықпалын тигізетін 2005 – 2007 жылдарға арналған әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасын іске асыра бастадық.

2. Үстіміздегі жылдан біз жекелеген сырқаттар бойынша 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен, ал жүкті әйелдерді – құрамында темір мен йоды бар препараттармен амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз ететін боламыз.

3. 2006 жылдан диспансерлік есепте тұратын және амбулаториялық деңгейде жеңілдіктер қолданылатын балалар мен жасөспірімдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге көшуіміз керек.

4. 2006 жылдан аз қамтылған отбасыларға 18 жасқа дейінгі балалары үшін ай сайынғы жәрдемақылар төленуі, 4 және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» және I және II дәрежелі «Ана

даңқы» алқаларымен марапатталған аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың көлемі 4 мың теңгеге дейін көбейтілуі тиіс.

5. Біз бала тууына байланысты бір жолғы жәрдемақыны қазірдің өзінде төлеп отырмыз. Енді соларға қосымша, бұрын жоспарланғандай, 2007 жылдан емес, 2006 жылғы 1 шілдеден 1 жасқа дейінгі сәбиді күту жөнінде мемлекеттік жәрдемақы енгізу қажет деп санаймын.

6. Осы жылдың 1 шілдесінен біз барлық зейнеткерлерге еңбек өтіліне, жалақысы мен тағайындалған зейнетақысының көлеміне қарамастан, 3 мың теңге көлемінде қосымша арқаулық зейнетақы төлейтін боламыз. Осылайша ең төменгі зейнетақы көлемі арқаулық зейнетақы төлемімен бірге 9200 теңгені құраса, ал зейнетақының орташа көлемі 12 мың теңгеден асатын болады.

7. Биылғы 1 шілдеден біз жоғары оқу орындары студенттері, сондай-ақ, орта кәсіптік білім беру ұйымдары оқушылары стипендияларының көлемін 2 еседен астам өсіретін боламыз.

8. Біз ең лайықты деген жастардың шетелдерде білім алуларына жәрдем жасаймыз. Жыл сайын 3 мың үздік студентке «Болашақ» бағдарламасының шеңберінде әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында білім алулары үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болады.

9. Бізде инженерлер, технологтар бола алатын және болғысы келетін талантты жастар көп. Білім беру

гранттары мен кредиттері – мемлекеттің оларға көрсететін нақты көмегі осындай. Жеке меншік секторын да мен осы іске белсене қатысуға шақырамын.

10. Коммерциялық банктердің студенттерге таяудағы 5 жылда бөлетін кредиттеріне мемлекеттік кепілдік беру жүйесін іске асыру үшін қосымша 2 млрд теңге, оның ішінде биылдың өзінде 600 млн теңге бөлу қажет.

11. 2006 жылдан мүгедектердің барлық топтарына және жасына байланысты жәрдемақы алушыларға, сондай-ақ, мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды қосымша 1000 теңгеге арттыру қажет деп санаймын. Биылдан бастап, бұл жәрдемақылардың айтарлықтай арттырылғаны мәлім.

12. 2006 жылдан асыраушысынан айырылған 247 мың отбасына 300-ден 1000 теңгеге дейінгі сомада қосымша қолдау жасау қажет.

13. Биылғы 1 шілдеден бюджет саласының қызметкерлері – мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет пен әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің жалақысын орта есеппен 32 %-ға көтеру қажет деп санаймын. Ал 2007 жылдан бастап оларды бірте-бірте жеке меншік секторға жақындату үшін тағы 30 %-ға көтеру керек.

14. Тұтастай алғанда, жалақы мемлекеттік қана емес, жеке меншік секторда да өсуге тиіс. Осыған орай биылғы 1 шілдеден бастап, ең төменгі жалақы көлемін 9200 теңгеге дейін өсіру қажет.

15. Үстіміздегі жылы тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде тек бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен ғана халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін 1600 пәтер және ипотекалық бағдарлама бойынша тұрғындар үшін қымбат емес және қолжетімді 11 700 пәтер салу қажет.

16. Ал тұтастай алғанда, қаржыландырудың барлық көздері арқылы 3 жыл ішінде 12 млн шаршы метр тұрғын үй немесе 195 мың пәтер салу қажет болады. Бұл тұрғын үй құрылысы 2 есе өседі дегенді білдіреді.

Осы айтылғандардың бәрін де біз жасаймыз, өйткені экономикамыздың жағдайы бұған мүмкіндік береді.

Мен әркез біз экономиканы жолға қойып, азаматтарымыздың жағдайын жақсартатын күн туады деп айтып келдім. Өздеріңіз көріп отырғандай, сондай уақыт жетіп отыр. Мен өз уәдемді орындау үстіндемін.

Экономикалық және әлеуметтік жедел жаңару бағыты Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамудағы өзінің көшбасшылығын одан әрі сақтауына, ал бұл капиталды, инвестициялар, технологиялар мен білімді, білікті кадрларды тарту орталығына айналуына ықпал етуі тиіс.

Кәсіпкерлер біздің оларға қалыпты жағдай туғызып, артықшылықтар беретінімізді, бізде бизнестің қауіпсіз әрі келешегі мол екенін білулері тиіс. Ғалымдар мен жоғары білікті мамандар өз еңбектеріне бізде тиісінше сый-сыяпат көрсетілетініне

сенімді болулары керек. Өнер адамдары өздері лайықты бағаланатындықтарын білулері тиіс. Біз бұл үшін бәрін де жасаймыз. Бұл біздің жетістіктеріміздің бағасы болмақ.

4. ҚАЗАҚСТАНДЫ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Құрметті қазақстандықтар!

Осы жылдардың бәрінде біз еліміздің «әуелі – экономика, содан кейін саясат» деген қағидатын ескере отырып, демократияландыру бағытында алға жылжыдық. Бұл өзін ақтады. Бірте-біртелік қағидаты біліктілігімізді танытты. М. Тэтчердің «...Мен тиісті жағдайы мен тәжірибесі жоқ кез келген елде, мейлі ол азиялық ел болсын немесе азиялық ел болмасын, проблемаларға тап келемін деп тәуекелге бармай, бір деммен демократияны енгізу мүмкін дегенге сенбеймін», деген сөздерін еске түсірген орынды.

Басқа елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, демократия дегеніміз қоғамның барлық жіктері үйренуге тиіс болатын айтарлықтай ұзақ үдеріс. Көптеген елдердің ғасырлар бойы қалыптасқан либералдық дәстүрлері бар, алайда олар шырқау биігіне әлі де жете қойған жоқ. Біз жоқ жерден бастаған едік қой және демократияның өзі адамның ой-санасы мен мінез-құлық мәдениеті екенін ұмытпағанымыз жөн.

Осы түсінік-пайым құрметтеуге лайық деп ойлаймын. Біздің Шығыс даналығы, сабырлылығы мен сақтығы дәстүрлеріне адал болып қалғанымыз абзал.

4.1. Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы

Біздің ортақ жетістіктеріміз саяси жүйені одан әрі жаңғырту және демократияны дамыту жөніндегі жүйелі және көп бағытты жұмысқа көшуімізге мүмкіндік беріп отыр.

Мен бүгін бастамалар дестесін – Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын ұсынып отырмын. Бұл бағдарлама мемлекеттік, саяси және қоғамдық институттарды реформалауға бірыңғай әрі біртұтас тұрғыдан келуді қарастырады. Мұндай қадамның мәні – Қазақстанды батыс демократиясының дәстүрлері мен қағидаттарына және Оңтүстік-Шығыс Азияның жетекші мемлекеттерінің тәжірибесіне, біздің көп ұлтты және көп дінді халқымыздың дәстүрлеріне сәйкес одан әрі демократияландыру.

Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы тек бүкіл қоғамның үнқатысуы негізінде жүзеге асырылуға тиіс екені анық. 2005 жыл тарихқа саяси реформаларды белсенді түрде ілгерілету мен оларды бүкілхалықтық талқылау жылы ретінде енуі керек. Бұл жұмысқа Қазақстанның барлық азаматтары, көрнекті тұлғалар, қоғамдық пікірдің көшбасшылары, ел дегдарларының өкілдері тартылуы тиіс деп пайымдасам, мұның өзі бұл жұмысты барынша ашық әрі бұқаралық ете түсер еді.

Мен батыстық демократия елдері мен серпінді дамып келе жатқан Азия (Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Түркия және басқалары) мемлекет-

терінен сыртқы сарапшы мамандар, сондай-ақ, беделді саяси қайраткерлерді ынтымақтастық үшін шақыру мүмкіндіктерін жоққа шығара алмаймын.

Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасының талқылануын үйлестіруді Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияға жүктеймін. Бұл комиссия осы Жолдауда өзім мазмұндаған саяси бастамалар негізінде:

– жалпыхалықтық пікірсайыстың нәтижелерін талдауға және ортақ ұстанымға келтіруге;

– пікірсайыс нәтижелері бойынша Жалпыұлттық бағдарламаның алғашқы заңнамалық сұлбасын әзірлеуге;

– Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде Президентке және Парламентке ұсыныстар әзірлеуге;

– сондай-ақ, саяси реформалар дестесін түпкілікті қабылдау және күшіне енгізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге тиіс.

4.2. Қолданыстағы Конституциямыздың әлеуетін одан әрі пайдалану

Бәрінен бұрын қолданыстағы Конституциямыздың әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет. Біздің Конституциямыздың әлемде демократиялық қоғамның негізгі міндеттеріне сәйкес келетіні танылып отыр. Егер сын айтылса, оның ережелерінің орындалуына ғана қатысты болып жүр. Бүкіл әлемде демократия мен заңды сақтау ажырағысыз болып танылады.

Халқымыз қабылдаған ел Конституциясы бізге не берді?

Тиімді жұмыс істеп тұрған қос палаталы Парламент – еліміздің заң шығарушы билігі. Конституция оған ел бюджетін бекіту мен оның орындалуын бақылау құқығын берді.

Парламент көпшілік дауыспен Премьер-министрдің, Ұлттық банк төрағасының тағайындалуына келісін береді, Үкіметке сенімсіздік білдіруге, оны орнынан түсіру қажеттілігін мойындатуға құқылы, сондай-ақ, кез келген министрді қызметінен босатуды талап ете алады.

Парламентте саяси партиялардың фракциялары өкілдік етеді.

Парламент ел Конституциясына өзгерістер енгізу құқығына ие.

Үкімет мүшелері Парламент палаталары алдында тұрақты есеп беріп отырады. Сенат Жоғарғы соттың судьяларын сайлайды, Бас прокурор мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын тағайындауға келісін береді.

Біздің елімізде Президент, Парламент депутаттары мен мәслихат депутаттары баламалы негізде еркін және жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Конституциялық кеңес, Есеп комитеті сияқты маңызды мемлекеттік органдарды басым негізде Президент, Мәжіліс және Сенат жасақтайды. Орталық сайлау комиссиясын өз кезегінде мемлекет басшысының ұсынысы бойынша Мәжіліс сайлайды. Яғни,

тежемелік пен тепе-теңдіктің қажетті жүйесі бар деген сөз.

Мұндай жағдайда әңгіме Конституцияда берілген құқықтарды нақты пайдалану жайында болуға тиіс. Және де заңдардың бұзылмай, нақты сақталуы туралы болып отыр.

4.3. Атқарушы билік реформасы

Қолымыз жеткен жағдайды және дамудың келешегін ескере келе:

– билікті одан әрі орталықсыздандыру;

– мемлекеттік басқару жүйесін реттеу мен оның тиімділігін арттыруға бағытталған атқарушы билікті реформалауды одан әрі жүргізу қажет деп санаймын.

Біз атқарушы билік жүйесін орталықсыздандыру бағытында белгілі қадамдар жасадық, әкімдердің сайланбалылығын енгізуге қажетті жағдай туғыздық. Біз биылғы тамыз айында облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аудандар әкімдерінің тәжірибелік сайлауларын өткіземіз және кезең-кезеңімен ауылдық округтер, ауыл, кент әкімдерін сайлауды қолға алып, 2007 жылы оны аяқтаймыз.

Сонымен бір мезгілде, Үкіметтің Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін айқындайтын, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу үдерісін аяқтайтын заң жобаларын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуі

керек. Сонымен қатар, Үкімет Қазақстандағы Жергілікті өзін өзі басқарудың дамуын қолдау жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірлеуге тиіс.

Содан кейін ғана елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды түпкілікті енгізуге болады. Атқарушы билік қызметінің мөлдірлігі ережеге айналуы керек.

Қазір жергілікті атқарушы биліктің халықпен есеп беру кездесулері өтуде. Бұл дұрыс. Олар халықтың елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардан хабардар болуына, пікір алмасулар мен ұсыныстар жасауына ықпал етуі тиіс. Бұл – атқарушы органдардың халықтың алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін арттыруға қол жеткізудің, халықты мемлекеттік басқару үдерісіне кеңінен тартудың бірден-бір жолы. Мұндай кездесулер қоғамдық-саяси өмірдің бұлжымас ережесіне айналуы керек.

Әкімшілік реформаларды одан әрі тереңдете түсу қажет. Бұрынғы көнерген және икемсіз мемлекеттік тетікті үздік әлемдік тәжірибе арқауында азаматтарымыздың мүддесі үшін осы заманғы қоғамдық-саяси үдерістерді серпінді басқаруға қабілетті етіп өзгертуді аяқтауымыз керек.

Алқалы орган ретінде Үкіметтің өзінің жұмысының тиімділігін және әрбір Үкімет мүшесі министрдің дербес жауапкершілігін арттыру қажет. Үкімет, әрине, барлық атқарушы билік тармақтары үшін жауапты болып табылады. Ол еліміз Конституциясы берген құқықтар мен өкілеттіктерді толығымен пайдалануы керек.

Жергілікті органдарға өкілеттіліктің бір бөлігін беру арқылы биліктің орталық деңгейіндегі басы артық мемлекеттік функциялардың санын қысқарту қажет. Заманауи менеджерлерден тұратын тиімді, ең бастысы, құрамы жағынан «аз болса да саз болсын!» дегендей, оңтайлы мемлекеттік аппарат жасақталуы тиіс.

Мемлекеттік органдар тарапынан азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту үшін «Электронды Үкімет» қалыптастыруды жеделдету қажет. Мемлекеттік қызметті жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру – атқарушы билікті реформалаудың кілті.

Бұл үшін:

– мемлекеттің әкімшілік қызметтер көрсетуін жетілдіру;

– басқарудың әкімшіл-әміршілдігін (бюрократиялануын) төмендету;

– мемлекеттік аппараттың кәсіби деңгейін оңтайландыру қажет.

Оған негіз бар. Қазақстанда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң қабылданған. Мемлекеттік қызметке қабылдау конкурстық негізде компьютерлік тестілеу арқылы жүзеге асырылады. Жылына 1,5 мыңнан астам адам оқудан өтетін Мемлекеттік басқару академиясы құрылған.

Үкімет жалпы реттеушілік функциялар мен ереже шығарушылық жұмысқа жұмылуы керек. Үкіметтің құрылымы мемлекеттік саясат басымдықтарына сәйкес түзілуге тиіс болса, министрліктер – мемлекеттік

функциялардың түрлеріне қарай нақты функциялық бөлініс негізінде құрылуы тиіс.

Үкіметке мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесін әзірлеуді тапсырамын. Әрбір мемлекеттік ведомствоның тұтас-тай алғандағы және, атап айтқанда, жеке бір шенеуніктің қызметін бағалаудың стандарты жүргізілген жұмыстың тиімділігі болуға тиіс.

Халыққа қызмет көрсетудің «бір терезе» қағидаты бойынша орталықтарын құру; мемлекеттік қызметшілер үшін сапа менеджменті (ИСО) жүйесін енгізу; сыйақыны қазіргідей жалақыға қосылып кететін үстемақыға айналдырмай, таңдаулыларға ғана беру; мемлекеттік қызметтің ережесі мен этикасын сақтауды қамтамасыз ету қажет.

4.4. Биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейту туралы

Жоғарыда айтқанымдай, саяси жаңғырту үдерісі, ең әуелі, биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейтуді талап етеді. Мұны қолданыстағы Конституцияның шеңберінде атқару және солай істеу керек. Конституцияның әлеуеті әлі де жеткілікті.

Парламенттің қос палатасының Орталық сайлау комиссиясын, Конституциялық кеңесті және Есеп комитетін құрудағы ролін арттырудың дұрыс-бұрыстығын талқылау керек.

Үкіметті парламенттік көпшілік негізінде жасақтаудың тетіктері мен әлеуметтік-экономикалық сала

министрлерінің кандидатураларын бейінді комитеттерде талқылау мәселелері де егжей-тегжейлі әрі салмақты ойластыруды талап етеді. Мұндай мәселелерді шешу халық өкілдерінің атқарушы билік органдарына ықпалы мен бақылауын жаңа деңгейге көтереді.

Сондай-ақ, мәслихаттардың бақылау өкілеттіктерін кеңейтуді де алдын-ала қарастыру қажет. Бұл мемлекеттік билік жүйесін орталықсыздандыру, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің рөлін арттыру жолындағы маңызды қадам болады.

4.5. Сот жүйесі мен азаматтарды құқықтық қорғау реформасы

Біз демократиялық қоғамның жалпыға ортақ стандарттарына сәйкес келетін кең ауқымды сот жүйесі реформасының табалдырығында тұрмыз. Сот жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, заманауи қоғамның сұранысына жауап беретін тиімді сот төрелегін жүргізу үшін комиссия құрылып отыр.

Бізге алдағы уақытта:

– сот өндірісін оңайлату, оның объективтілігін, сондай-ақ, сот актілерінің тұрақтылығы мен уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

– сот өндірісі шеңберінде және сот шешімдерін орындау сатысында азаматтар құқығына кепілдіктерді күшейту;

– сот корпусының тәуелсіздігін қамтамасыз ету заң шеңберінде әділетті шешім қабылдаудың кепіліне айналады:

– судьялардың біліктілігін арттыру Қазақстанның сот жүйесіне ХХІ ғасырдың шаруашылық, инвестициялық және сауда проблемаларына барабар болуға мүмкіндік береді;

– қылмыстық сот өндірісі мен сот шешімдері шеңберінде адвокаттардың рөлін арттыруды қамтамасыз ету;

– қылмыстық сот өндірісі тәжірибесіне алқабилер соты институтын енгізу қажет. Осы мақсатта 2005 жылы «Алқабилер туралы» Заң қабылданып, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң мен алқабилер сотын енгізу мәселелері бойынша өзге де заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс;

– сот рәсімдерінің ашықтығы мен мөлдірлігін барынша қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыс істеу керек болады.

Соттардың тәуелсіздігі мен сатылмайтындығы туралы мәселеге арнайы назар аударғым келеді. Біз соттардың жалақысын көтердік, сөйтіп, олар бүгінде табысы ең жоғары мемлекеттік қызметшілер болып отыр. Бізге судьялардың зейнетақымен қамтамасыз етілуін қоса алғанда, оларға берілетін барлық әлеуметтік кепілдіктер дестесі жайында ойлану қажет. Судьяларды лайықты материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді қажырлы да адал еңбектерінің өтеуі деп қана емес, сондай-ақ, жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралардың бірі ретінде қарастырған жөн. Судьялар арасындағы парақорлықты адамгершілік

тұрғыдан жол беруге болмайтын етіп қана қоймай, экономикалық тиімсіз жасауымыз керек. Судья өз қызмет орнын қадірлеуге тиіс және заңды немесе кәсіби этиканы бұзған жағдайда өзінің мемлекеттік қызметте болу құқығынан ғана емес, барлық әлеуметтік кепілдіктер дестесінен де айырылатынын білуі керек.

Мұның бәрі қосымша бюджеттік шығындарға әкеледі, бірақ өзін ақтайды. Ежелгі мәтелде айтылатындай, «арзан сот төрелігі тым қымбатқа түседі».

4.6. Сайлау туралы

Сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру мәселесін де талқылау қажет.

Орталық сайлау комиссиясына сайлау үдерісін құқықтық қамтамасыз етудегі кемшіліктерге байыпты талдау жасауды тапсырамын. 2005 жыл ішінде ОСК халықаралық стандарттар мен қоғамымыздың даму деңгейіне толық сай келетін, сайлау тетіктерін сапалық жағынан жақсарту жөнінде тиісті ұсыныстар әзірлеп, енгізуге тиіс.

Мен тек осындай қадамдар арқылы ғана барлық азаматтардың ерікті әрі кепілді ұстанымдарын білдіруін қамтамасыз ететін дәйекті бағытты жүзеге асыруға болатынын көремін.

4.7. Азаматтық қоғам институттарын дамыту туралы

Бастысы – Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтары: сөз бостандығының, бірлестіктер

мен саяси еріктерін білдірудің кепілдіктерін одан әрі дамыту.

Біз қазірдің өзінде тиісті нормативтік базаға иеміз.

«Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары жүйесін одан әрі жетілдіру туралы Жарлыққа сәйкес Омбудсменнің құқық қорғау мүмкіндіктері кеңейтілді, ендігі жерде нақты іс-қимыл қажет.

Сөз бостандығы – Қазақстанның бірізді, демократиялық дамуының негізгі шарттарының бірі. Тәуелсіз Қазақстанда саяси сарын бойынша сотталған адамдар жоқ.

Сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да шарттарды алдағы уақытта да дәйектілікпен жасау және қорғау керек. Екінші жағынан, сөз бостандығын шектен шығушылық деп түсінетіндерге қарсы нақты заңнамалық тосқауыл қойылуы тиіс.

4.8. Жемқорлықпен және қылмыспен күрес туралы

Қазақстан кеңестен кейінгі кеңістікте алғашқылардың бірі болып жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдап, халықаралық конвенцияларға қосылды. Жазаланған шенеуніктер де аз емес. Көп іс тындырылды. Сонымен бір мезгілде біз осы проблемамен айналысатын әрі жұмысымызға өзіміз ұсынған ақпараттарға сүйене отырып баға беретін халықаралық ұйымдармен тиісті деңгейде жұмыс істей алмай келеміз. Қазақстан біздің өңірде ғана емес, тұтастай алғанда көш соңында

емес екенін толық сеніммен айта аламын. Алайда өтпелі экономиканың өзіне тән кем-кетігі болатынын қаперден шығармаған жөн.

Уақыт өтті, ахуал өзгерді, ендігі жерде заңнама мұқият талдау мен жетілдіруді талап етіп отыр. Ше-неуніктердің сыбайластық іс-әрекетіне ерікті немесе еріктен тыс жағдай туғызатын заңға тәуелді барлық актілер қайта қаралуға тиіс.

Бизнесті мемлекеттік қызметтен түбегейлі бөліп тастау керек. Акционерлік қоғамдардың, олардың қожайындары мен соларға іш тартатын тұлғалардың көмескілігін, банк жүйесінің көмескілігін, рұқсат беруші органдардың көптігін, заңды айналып өту үшін пара беретіндердің жазасыздығын және тағы басқа келеңсіздіктерді түбірімен отап тастайтын уақыт келді.

Бұл үшін не істеу керек?

1. Бір жерде ғана төлқұжат тіркеп, салық төлеушінің есептік нөмірін, жүргізуші куәлігін және т. б. құжаттар ала алатын, «1 терезе» қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсететін орталықтар құру. Тәжірибе ретінде мұны биылдың өзінде-ақ Астана мен Алматыда жасап көруге болады.

2. Лицензиялар мен рұқсаттамалар санын күрт қысқарту.

3. «Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдар туралы» Заңға тиісті өзгерістерді қабылдау.

4. Мемлекеттік қызметші өз бизнесін сатқанын немесе басқаруға бергенін міндетті түрде жария етуге тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшінің жеке бизнеспен айналысуына және компаниялардың мүдделері үшін лобби жасауына тыйым салатын Ар-ождан кодексын әзірлеу керек.

6. Тәртіптік кеңестерді Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке түпкілікті беріп, орталық бюджетке ауыстыру және заңгер мамандармен нығайту керек. Ал оған зейнет жасына жақындаған шенеуніктерді орналастырудың еш қажеті жоқ. Кеңес мемлекеттік қызметшілердің этиканы және Ар-ождан кодексын орындауын қадағалауға тиіс.

7. Пара алушыларды ғана емес, оны берушілерді де жазалау керек.

8. Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын бизнестегі жалақы деңгейіне жақындатып көтеру керек.

Мен тиісті мемлекеттік құрылымдар мен лауазымды тұлғалардың іс-әрекетін реттеу туралы аз айтқан жоқпын. Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттік дербес әрі тәуелсіз болуға тиіс. Оны Президенттің тікелей бағынысына көшірген жөн. Үкіметке осы мәселелер бойынша нақты ұсыныстар енгізуді және оның орындалуын бақылауға алуды тапсырамын.

Сонымен бір мезгілде, мемлекеттік қызметшілерді жаппай жемқор етіп көрсетуді тоқтату керек. Егер бұл жала болса, онда мемлекеттік қызметші оны сот арқылы дәлелдеуі тиіс. Дәлелденбеген жағдайда, шағым тексерілуі тиіс.

Мен сіздерге өзімнің саяси реформаларға көзқарасымды баяндап бердім. Аталған барлық мәселелерді қолданыстағы Конституцияның шеңберінде жүзеге асыруға әбден болады.

Мен бастаған реформалардың, сонымен қатар, оппозиция тарапынан да талқыланып, еліміздің бұдан былайғы саяси құрылымының түрлі нұсқалары туралы да сөз болып жатқанын біз білеміз. Егер олар елдің және халықтың мүддесімен ұштасатын болса, онда оппозицияның пікіріне де құлақ асу керек.

2005–2007 жылдары мен міндеттеген жұмыстарды аяқтауды ұсынамын. Сонда әрі қарай не істеу керек болатыны көрінеді.

Мен Конституцияның тұрақтылығы – қоғамның тұрақтылығы екеніне сенімдімін. Ойланбай жасалған өзгерістер ел ішінде берекесіздік туғызады. Конституцияның қандай да бір ережелеріне түзетулер енгізуді ұсынбас бұрын, қолымыздағы нұсқасын зейін қоя зерделегеніміз жөн.

Бірақ Негізгі заңға өзгерістер енгізуге болады. Бұл өзгерістердің басты мәселесі – халқымыз президенттік басқарудың біздегі қазіргі бар жүйесін әрі қарай да қолдай ма әлде елдегі саны көп саяси партиялардың билік жүргізуін қалай ма? Нақ сол себепті де мен Конституциямыздың мүмкіндіктері жайында тағы да қайталап айттым. Ең демократиялық шешім халықтың өз қалауы болады ғой деп ойлаймын. Уақыты келеді – біз азаматтарымыздан сұраймыз.

Сөйтіп, халқымыз бен елімізге қалай қажет болса, солай жасаймыз.

5. ҚАЗАҚСТАН ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕ

5.1. Біздің сыртқы саясаттағы басымдықтарымыз

Біздің басымдықтарымыз өзгеріссіз күйінде қалады. Бұл – ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне қарсы тұруға қабілетті әрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған белсенді, көпқырлы және теңдестірілген сыртқы саясат.

Ресеймен, Қытаймен, АҚШ, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту басым бағыттар болып табылады. Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі.

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ел ішіндегі реформаларға қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында Үкіметтің алдында осы мемлекеттермен арадағы негізгі шарттар және келісімдерді бұлжытпай жүзеге асыру міндеті тұр.

Осыдан 1 ай бұрын Мәскеуде қол қойылған Қазақстан мен Ресей арасындағы Шекараларды делимитациялау туралы шарт тарихи маңызға ие. Тарихымызда тұңғыш рет біз өзіміздің стратегиялық әріптесіміз – Ресеймен заң жүзінде ресімделген мемлекеттік шекараға ие болдық. Осылайша біз соңғы жылдары ұзындығы 14 мың километрден асатын шекараны делимитациялауға қол жеткіздік. Бұл – біздің мемлекеттік құрылыстағы жоспарларымызды жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар туғызатын ұлттық қауіпсіздігіміздің маңызды кепілі.

Қазақстанның мүдделері толығымен ескерілетін шарт негізінде Бүкіләлемдік сауда ұйымына тезірек кіру – біздің стратегиялық басымдықтарымыздың бірі.

Қазақстан ШЫҰ-ға, ТМД мен ЕурАзЭҚ-тың реформалануына, БЭЖ құру бойынша жұмыстардың жалғастырылуына ерекше мән береді. Біздің еліміз үшін ЕҚЫҰ-мен бұрынғысынша барлық бағыттар бойынша іс-қимыл маңызды болып табылады. 2009 жылы осы ұйымда төрағалық етуге біздің кандидатурамыздың ілгерілетілуіне барынша жауапкершілікпен қараймыз. Бүгінгі бастамалар, сондай-ақ, осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған.

Қазақстанның әлемде қуатты экономикасы әрі халықаралық қоғамдастықта берік ұстанымы бар өңірлік держава ретінде қабылданатынын да есте ұстау маңызды. Бұл мәртебені бағалауымыз және еліміздің қазіргі әлемдегі беделін нығайту үшін қосымша күш-жігер жұмсауымыз керек.

5.2. Бізді бүгін не алаңдатады?

Мен әрі қарайғы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыруымыздың жолында айтарлықтай кедергі болуы ықтимал ХХІ ғасырдағы объективті қатерлерге сіздердің назарларыңызды арнайы аударғым келеді. Бұл қатерлер қыр астында емес. Және де біздің еліміздегі бейбіт еңбек пен прогресс баршамызға және әлемдік қоғамдастықтың ұстанымына тәуелді болады.

Әңгіме не туралы болып отыр?

Біріншіден, өңірде тұрақсыздық пен діни экстремизм бой көрсете бастады. Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан Қазақстан бел ортада қалған өңірде есірткі трафигі тоқталмай отыр. Сондықтан біз осы проблемаларды шешу жолында барлық мүдделі мемлекеттермен және халықаралық құрылымдармен бұрынғысынша белсене ынтымақтасатын боламыз.

XXI ғасыр қатерлерінің ішінде халықаралық терроризм ерекше орын алып отыр. Қаңтар айының аяғында Алматыда 40 халықаралық ұйым басшыларының қатысуымен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы комитетінің көшпелі отырысы өтті. Осы халықаралық зұлматқа қарсы тиімді күрес жүргізу үшін әлемдік қоғамдастықтан үлкен күш-жігер талап етіледі.

Біздің антитеррорлық коалицияға қатысуымыз бен саперлік отрядымыздың Ирактағы жағдайды тұрақтандыруға қатысуы мәселесін де нақ осындай ұстанымдар тұрғысынан қарастырамыз.

Өз еліміздің ішінде де белсенді іс-қимыл танытылуда – Жоғарғы сот 4 террористік ұйымды заңсыз деп жариялады. «Экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданды. Терроризмнің ушығуы жағдайында біз өңірдегі барлық мемлекеттер мен мүдделі елдердің іс-қимылы мен белсенділігін үйлестіруді сапалық жаңа деңгейге көтеру жолында қадамдарға баруға әзірміз.

5.3. Өңірдегі жағдай туралы

XV ғасырдың соңына дейін Орталық Азия әлемдік экономиканың маңызды өңірі болып қалып келді. Біздің өңіріміз Шығыс пен Батысты жалғап жатты. Халықтар аумақтар мен ұлттарға бөлінген жоқ. Жібек жолының саябыр тартуы Орталық Азияны мешеу шет аймаққа айналдырды. Тәуелсіздік алғанымыздан кейін соңғы 500 жылда алғаш рет біздің өңіріміз әлемдік экономика үшін қайтадан экономикалық маңызға ие болды. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді нығайтып келеміз, әлемдік нарыққа бағалы тауарлар – мұнай, газ, кен, ауыл шарушылығы шикізатын шығаратын өңірге айнала бастадық. Қазірдің өзінде шамамен көне Жібек жолының бойымен жүретін ХХІ ғасырдың жаңа мұнай-газ құбырларының, авто- және темір жолдардың сұлбасы көрініп тұр.

Біз Азия «жолбарыстары мен Еуропалық Одақ табыстарының сырына қаныға бастадық. Екінші жағынан, ІІ дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздік алған елдер арасындағы халықаралық жауығу мен жанжалдар да тоқтаған емес. Жаһандық экономикада ірі нарықтар үлкен маңызға ие. Біз, сонымен қатар, ұлы державалардың өңірде экономикалық үстемдікке жету жолындағы айқын бақталастығын да байқап отырмыз. Осындай жағдайда бізге осы жаһандық геэкономикалық проблемаға қатысты дұрыс ұстанымда болу маңызды.

Біздің алдымызда таңдау тұр: бірі – әлемдік экономиканың мәңгілік шикізаттық шылауы болып қалу, тағы бір империяның келуін күту немесе Орталық

Азияның барынша интеграциялануына қарай қадам жасау. Мен осының соңғысын ұсынамын.

Біздің әрі қарайғы интеграциялануымыз – өңіріміздің тұрақтылығына, прогреске, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке апаратын жол. Тек осындай жағдайда ғана өңір әлемде құрметтелетін болады. Тек сонда ғана біз қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, терроризм мен экстремизмге қарсы пәрменді күрес жүргізетін боламыз. Мұндай бірлестік, ақыр аяғында, біздің өңірде өмір сүретін қарапайым адамдардың мүдделеріне жауап береді.

Мен Орталық Азия елдері Одағын құруды ұсынамын. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасындағы Мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлестік үшін берік негіз бола алады. Мен өңірдегі басқа елдерді де бірлестіктен тысқары қарастырмаймын.

Біздің экономикалық мүдделеріміз де, мәдени-тарихи тамырымыз да, тіліміз, дініміз, экологиялық проблемаларымыз, сыртқы қатерлеріміз де ортақ. Еуропалық Одақ сәулетшілері осындай алғышарттарды армандай да алған жоқ. Бізге тығыз экономикалық интеграцияға көшіп, ортақ нарық пен ортақ валютаға қарай жүру керек.

Тек осылай жасағанда ғана бізді әрқашан бірге көрген ортақ ұлы бабаларымызға лайық бола аламыз. Бірақ патшалық империя, кейіннен сталиндік ұлттық саясат осы бірліктен қорқып, өңірді әкімшілік-ұлттық аумақтарға бөлшектеп тастады. Ол кезде «Бөліп ал да, билей бер» деген саясат үстемдік етті. Қазір бізге

келесі ұрпақтарымыз үшін өңіріміздегі тең құқылы халықтар жүруге тиіс жаңа жолды нұсқайтын сәт туды.

6. ТУҒАН ҚАЗАҚСТАНЫМЫЗ ҮШІН БІЗДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Қымбатты қазақстандықтар, отандастар!

Таяу жылдардағы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыру бойынша менің негізгі ұстанымым мен болжамым осындай.

Көріп отырғандарыңыздай, алда әлі талай алынбаған асулар бар.

Жүрер жолымыздың жеңіл боларына әдеттегісінше уәде бере алмаймын.

Реформаларды жүргізу тактикасы, оларды жүзеге асырудың мерзімдері мен тетіктері жөнінде біздің көзқарастарымыздың әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ мен барша қазақстандықтарды, барлық саяси бірлестіктерді ортақ прогресс пен еліміздің болашағы жолында жұдырықтай жұмылуға шақырамын.

Біз кім-кімге де үлкен мүмкіндіктер берілетін, әр адамның жеке басы мен бостандығы құрметтелетін, өзіне өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандар қамқорлыққа бөленетін, кез келген еңбек қадірленетін, ана мен бала қорғалатын, зейнеткерлер қамқорлыққа алынатын, ардагерлер мен отан қорғаушылар ардақталатын қоғам құруды аяқтауға тиіспіз.

Біз ұлтына және діни наным-сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді

таңдауға ерік беретін еркін әрі тағатты қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз.

Бізге құқық қорғау органдары тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, ал іскер адамдардың өз идеясын іске асыруын толық мүмкіндігі бар қоғам керек.

Біз әркімнің ар-ожданы, абыройы мен беделі бағаланатын, жоғары мораль, этикалық стандарттар мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруға тиіспіз.

Біз жолымызды дұрыс таңдай білдік. Бұған бүгінгі қолымыз жеткен нәтижелеріміз дәлел. Осы негізде өзіміздің ілгері басқан қадамдарымызды жеделдете түсуге тамаша мүмкіндігіміз бар. Қазақстанды әлемнің дамыған әрі көркейген елдерінің қатарына қосатын жол осы.

Мен Қазақстан халқының осы бастамаларымды қолдайтынына, жаңашылдық танытып, біздің жоспарларымыздың жүзеге асқанын көргісі келетініне сенімдімін.

Мемлекеттілігіміздің бастауында тұрған, елдің тағдыры үшін халық алдында өзіне жеке жауапкершілік алған мен осы күннің мүмкіндігінше тез келгенін қалаймын.

Қазақстан кәсіпкерлерінің I Конгресінде
«Жалпыұлттық экономикалық тәртіптегі
бес мәселе туралы» тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 25 наурыз

Қадірлі Конгресс қатысушылары!

Мен бүгін сіздермен кездескеніме қуаныштымын. Естеріңізде болар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біз жыл сайын, ал кейде жылына 2 рет осы құрамда кездесіп жүретінбіз. Сол кездесулер барысында кейбір мәселелерді түп-тура залдың ішінде шешетінбіз, бизнесті дамытуға кедергілерді алып тастайтынбыз. Бүгін міне тағы жиналып отырмыз.

Мен тәуелсіздігіміз тудырған азаматтарды құттықтаймын.

Бүгін Қазақстанды әлеуметтік, экономикалық және саяси жеделдете жаңғырту уақыты басталды. Ақталған үміттер уақыты мен жаңа жетістіктер уақыты басталып, қазақстандық экономиканың өсуі қоғам мен мемлекетті жаңғыртудың қағидатты түрдегі жаңа міндеттерін алға қоюға мүмкіндік беретін кез келді.

Біз алдымызға өршіл мақсат – Қазақстанымызды әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан, өмір сүру қалпы жоғары мемлекеттерінің біріне айналдыру міндетін қойып отырмыз. Бұл мақсатқа тек адам әлеуетін, азаматтарымыздың кәсіпкерлігін жандандыру арқылы ғана жетуге болатыны анық.

Реформалар жылдары ішінде біз бұл үшін қажет барлық жағдайларды жасадық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, сұмдық тауар тапшылығы, гиперинфляция және халықтың тұрмыс деңгейі күрт төмендеуі кезеңінде біз отандық кәсіпкерлікті қалыптастыруға кірістік.

Естеріңізде шығар, ол қиын шешімдер уақыты болатын. Экономикада мемлекеттік меншік басым еді. Нарық қатынастарын дамыту үшін заңдық арқау мүлдем болған жоқ. Қолданыстағы заңдар жеке меншік пен кәсіпкерлікке келгенде жазалауға бейім тұратын. Ең сұмдығы – оларға қоғамдық пікір де теріс қарайтын! Соның бәрін қазір көзге елестетудің өзі қиын. Бірақ сол уақытта жағдай солай болатын.

Осынау жылдар ішінде біз экономиканы ырықтандыру бағытымен дәйекті де берік ілгерілей түстік, бұл бизнесті дамытудың нақты негізін қамтамасыз етті.

Алдымен біз қажетті заңдарды қабылдадық, олар экономикада құрылымдық жаңаруларды іске асыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, біз нарық қатынастарына кереғар барлық құқықтық нормалардың күшін жойдық.

Келесі ірі қадам мемлекеттік меншікті кезең-кезеңімен жекешелендіру болды. Нәтижеде, бүгінде өнеркәсіп өнімінің 85 %-ын жекеше сектор өндіреді. Елдің ІЖӨ-де шағын және орта бизнестің үлесі әзірге 25 %-дай, экономиканың жекеше секторында жұмыс істейтін жұрттың 60 %-дан астамы еңбек етеді. Кәсіпкерлікті қолдау үшін біз 5 мемлекеттік бағдарлама қабылдап, іске асырдық.

Қазіргі кезде менің халыққа Жолдауым негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2005–2007 жылдарға арналған жеделдетілген шараларын жаңа ауқымды бағдарламасы әзірленуде. Біз сондай-ақ бизнес құру жолындағы бюрократиялық кедергілерді үзілді-кесілді қысқарттық. Тек соңғы жылдары лицензияланатын қызметтің әрқилы 350-дей қосымша түрлері қысқартылды. Кейбір лицензияларды беру өңірлік деңгейге тапсырылды, ал рәсімдердің өзі айтарлықтай оңайлатылды.

Бүгінде біз елімізде кәсіпкерлікті дамытудың болашақ даму жолдарын айқын көреміз. Мемлекеттік саясаттың іргетасы – жеке бизнесті, ең алдымен шағын

және орта бизнесті қолдау. Бұл «Қазақстан – 2030», «Стратегиялық жоспар – 2010» және Қазақстанды 2015 жылға дейін Индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясы секілді іргелі құжаттарда бекітілгенін сіздер білесіздер. Кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайту мәселелеріне менің таяудағы Қазақстан халқына Жолдауымда ерекше көңіл бөлінген.

Басты міндетіміз – инновациялық технологиялар негізінде ұлттық экономиканы әртараптандыруда біз жеке бизнеске жетекші рөл береміз. Бірлескен күш-жігерімізбен шикізаттық емес салаларды дамытуға қол жеткізу қажет. Алдағы уақытта нақ солар экспорттық әлеуетті ұлғайтудың басты көзіне айналуға тиісті.

Мақсатымызға жету үшін жеткілікті ресурстар жинадық. Арнайы құрылған даму институттары – Қазақстанның инвестициялық қоры, Қазақстанның даму банкі, Инновациялық қор, Экспорт пен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация, Технологиялар инжирингі және трансферті орталығы – биылғы жылды есепке алғанда 120 млрд теңгеден астам қаражатты капиталға айналдыруға мүмкіндік берді. Өз қызметінің қысқа мерзімі ішінде даму институттары 1 трлн 570 млрд тұратын 760-тан астам жобаны қарады. Қазіргі кезде 60 млрд теңгеден астам қаражатқа 90 жоба қаржыландырылуда.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры жұмыс істейді, ол шағын және орта бизнесті атаулы қолдауды жүзеге асырады. Қорға республикалық бюджеттен қосымша 10 млрд теңге бөлінеді. Бұл қаражат:

– біріншіден, микрокредит ұйымдарын құруға және ресурстарын ұлғайтуға – 3 млрд теңге;

– екіншіден, шағын бизнес субъектілеріне банк кредиттері бойынша кепілдік беруге – 4 млрд теңге;

– үшіншіден, жобалық кредиттеуге, соның ішінде қаржы лизингіне, фрайчайзингті кредиттеуге, халықаралық стандарттарды енгізуге – 3 млрд теңге бөлуге бағытталады.

Сөйтіп, шағын бизнесті кредиттеу мүмкіндігі 25 млрд теңгеге жетеді.

Осылайша, экономикамыздың негізі ретінде кәсіпкерлікке бөлекше бәс тігілді деп сеніммен айта аламын. Мұның бірден-бір дұрыс жол екендігіне кәміл сенемін. Кәсіпкерлік экономикамыздың локомотивіне айналуға тиісті. Бірақ бизнестің өзінің белсенді ұстанымынсыз мемлекет жұмсап жатқан күш-жігер зая кетуі мүмкін.

Сондықтан, біртұтас ұйым құру туралы сіздер кеше қабылдаған шешімді мен өте дер кезінде жасалған шешім деп санаймын әрі қолдаймын. Және қазір, залдан отандық кәсіпкерліктің көптеген көшбасшылары, ел өңірлерінің экономикалық қуатын айқындайтын өзекті тұғырларды уысында ұстап отырғандарды көріп, мен сіздердің одақтарыңыздың өміршеңдігі мен табыстылығына сенемін.

Бірігіп алып, сіздер өздеріңіздің күш-жігерлеріңізді біз бастауға кірісетін елді жаңғыртуды жеделдету саясатын қолдауға жұмсайтындарыңызға қалтқысыз сенемін. Сіздердің білімдеріңіз бен тәжірибелеріңіз бүгінде өте маңызды әрі қажетті, олар жалпыұлттық

экономиканың өзекті мәселелері шешілетін жерлерде іске асырылуға тиіс.

Бірінші – отандық кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігі мен өнімділігін арттыру. Қазіргі кезде қазақстандық кәсіпорындардағы өнімділік деңгейі жақсартуды талап етеді. Мәселен, ІЖӨ-нің 1 долларына жұмсалатын электр энергиясы бойынша, сондай-ақ экономиканың ұқсатушы салаларындағы еңбек өнімділігі бойынша Қазақстан индустриясы дамыған бірқатар елдерден 7–10 еседен астам кейін қалып отыр!

Халықаралық сапа сертификаты бар кәсіпорындар саны өткен жыл ішінде 2 еседен астам өсіп, 258-ге жетті. Кезекте тағы 110-нан астам кәсіпорын тұр. Бірақ бұл ұлттық экономика үшін бұрынғысынша өте аз. Естеріңізде шығар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көптеген салалардың өкілдері мемлекеттің қолдауы Қазақстан базарына шетелдік өнімнің келуіне тыйым салуда және басқа әкімшілік шараларда деп санады.

Мен осыдан 10 жыл бұрын сіздерге бизнес күресте шыңдалуға тиіс дегенмін. Уақыт келеді, төл базарымызды толтырып, ал халық бізде 15-ақ млн, жыл сайын 7–9 % экономикалық өсу жағдайында, біз басқа базар іздеуге мәжбүр боламыз дегенмін. Барған сайын өсіп келе жатқан тауар ресурстарын біз сатуға тиіспіз. Міне, сондықтан мен әрқашан кірігу үдерісі үшін күресіп келемін! Таяу елдердің базарларын ашу үшін, шекараларды ашу үшін, кедендік кедергілерді алып тастау үшін күресіп келемін. Бірақ тауар еркін қозғалуы үшін

біз өзімізге басқа елдердің тауарын жіберуге тиіспіз. Бұл бәсекеге дайын тұру керек. Қазір мынадай жағдай туып келеді: біз сіздер үшін жасап жатқан жылыжай жағдайы көмек емес, көдек болып шығуы мүмкін.

Әрбір кәсіпкер базарда берік тұғырға ие болу үшін өзінің бәсекелік артықшылықтарын бағалауға, өзінің әлсіз және күшті жақтарын көре білуге, өзінің бәсекеге шыдастылығын ұдайы шыңдап отыруға тиіс. Мемлекет өз тарапынан шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры бағдарламалары желісі бойынша жеке кәсіпорындардың халықаралық сапа стандартына көшуіне жәрдемдесетін және оларға соларды ендіру жөніндегі шығындардың 50 %-ын өтейтін болады.

Екінші – кластерлер қалыптастыру. Ресурстардың шектеулілігі жағдайында бізге экономикалық ілгерілеуді қамтамасыз ететін өзекті бағыттарды анықтап алу маңызды. Қазақстандық кластерлер жүйесін жасау идеясының негізінде нақ сондай қисын жатыр. Олар, ең алдымен, туризм, құрылыс индустриясы, тоқыма және тамақ өнеркәсібі, металлургиялық өндіріс, мұнай-газ машиналарын жасау және көлік логистикасы.

Нақ осы мәселелерге назарымызды шоғырландырып, солардан өсу нүктесін тауып, нақ сол тауарлармен біз әлемдік экономикада өз орнымызды жеңіп алуымыз керек. Кластерлердің ең жарқын халықаралық үлгілері – Нью-Йорктағы Уолл-стрит, Лондондағы Сити секілді қаржы орталықтары. Оларда білікті кадрлар шоғырланған, инфрақұрылым және заңгерлік, консалтингтік, бухгалтерлік секілді ілеспе қызметтер

дамыған. Клиенттерге ыңғайлы – банкіні, оның қызметін таңдай алады. Банктердің өздеріне ыңғайлы – олар көрсететін қызмет базары бар, бәсекелестердің жаңалықтары мен технологияларын жылдам көшіріп алуға, кадрларды қызықтырып тартып әкетуге, бір-бірімен бизнес жүргізуге болады.

Баршаға ыңғайлы: барлығы бір жерде, тиісінше ресурстар үнемделеді. Осылайша кластер өзіндік бір эко-жүйе секілді көрінеді, онда әркім өз орнында, өз рөлін атқарады. Ал жалпы алғанда бәрі ұтады. Бүгінде біз өз елімізде сондай кластерлер құруға кірістік. Алғашқы қарлығаш – Алматыдағы қаржы орталығының жобасы.

Мен сіздерді мемлекеттің айтарлықтай өзара пайдалы перспектива ащатын кластерлік бастамасын белсенді қолдауға шақырамын.

Үшінші – бизнес жүргізуге кең ауқымды көзқарас керек. Осы заманғы бизнестің алтын ережесі мынадай: «Алақандай жерде қимылда, ауқымды түрде ойла», яғни әрбір қадамыңды әлемдік экономиканың дамуы биігінен қарастыр. Бүгінде оны дамытудың жетекші заңдылықтары мен үрдістерін ескермей іс жүзінде тиімді бизнес құру мүмкін емес. Сондықтан бәсекеге қабілеттіліктің кепілі – кеңінен ойлау.

Ондаған жылдар аясында үшінші әлемнің артта қалған елдерінен «Азия жолбарыстарына» айналған Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің тәжірибесі әлгіндей көзқарастың дұрыстығын даусыз айғақтайды. Екі аса ірі әлемдік экономикалық орталық – Еуропалық Одақ

пен Азия-Тынық мұхит өңірінің арасында орналасқан Қазақстан үшін бұл ерекше көкейкесті деп ойлаймын.

Төртінші – кәсіпкерліктің дамуын одан әрі ынталандыру. Ең алдымен бұл бизнес жүргізу кедергілерін кемітуді көздейді. Осы жылдың ортасына қарай кәсіпкерлік саласындағы біртұтас заңды әзірлеп, жылдың аяғына қарай қабылдап, онда кәсіпкерлер қызметіне байланысты жүйе құрушы қағидаттар мен көзқарастарды бекіту қажет.

Компаниялардың шағын және орта бизнеске жатқызудың өлшемдерін жалданып істейтіндер саны, жыл ішіндегі ақша айналымы және қосылған күн салығына есепке алу үшін айналым мөлшері секілді өлшемдер бойынша қайта қарау қажет. Сонымен қатар жылдың аяғына дейін бизнесті дамыту үшін әкімшілік кедергілерді оңтайландыру, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолдану өрісін кеңейту, кәсіпкерлік субъектілері үшін әкімшілік өндіріп алудың жазалаушылыққа жақындығын жою жөніндегі заңдық шараларды қабылдау қажет.

Осы жұмысқа сіздердің белсене қатынасатындарыңызға үміт артамын.

Бесінші – бизнес пен мемлекеттің әріптестігін нығайту. Біз сенім мен өзара мүдделерді ескеруге негізделген нақты әріптестік қатынастар қалыптастыруға тиіспіз. Өзара іс-қимылдың жаңа деңгейіне көтерілу керек, сонда кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекет барлық жағдайды жасайды, ал кәсіпкерлік, өз кезегінде, жаңа бастамалар, инновациялық шешімдер ұсынады,

өнімнің және корпоративтік басқарудың сапасын жақсартады. Осыған байланысты мен жалпыреспубликалық сарапшылық кеңестері жүйесін құру жөнінде кеше сіздер қабылдаған стратегиялық шешімді құттықтаймын. Осынау бастама тағы бір беделді, ал ең бастысы, кәсіпкерлік пен мемлекет арасындағы үнқатысу үшін пәрменді алаң құруға мүмкіндік беретініне сенемін.

Қадірлі Конгресс қатысушылары!

Тағы да атап көрсеткім келеді: жеке кәсіпкерлік – осы заманғы қазақстандық экономиканың негізі және оның болашағы. Отандық бизнес бүгінде адамдар, қоғам және мемлекет алдындағы жауапкершіліктің бір бөлігін өз мойнына алуға дайын деп ойлаймын. Бизнесің табысы ол келешекке және адамдардың нақты мұқтажы мен қажеттіктеріне бағдарланғанда ғана шын мәнінде тұрақты болады. Біз бүгінде әлеуметтік нарықты экономиканы құрып жатырмыз. «Әлеуметтік жауапкершілік» экономикасын құрып жатырмыз. Сондықтан мен сіздердің қызметіңіз қазақстандықтарға арналған үлкен әлеуметтік бағдарламалармен де байланысты екендігіне сенемін. Бұл істе сіздерге шын жүректен табыс тілеймін.

Ұмтылыңыздар, жұмыс істеңіздер. Сіздердің әл-ауқаттылығыңыз, елдің әл-ауқаттылығы сіздердің қолыңызда!

Қырғызстандағы ахуалдан да қорытындылар жасау, болған оқиғаның себептерін түсіну қажет. Бұл

елде жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар жаппай кедейшілікке, жұмыссыздыққа соқтырғаны, солар елдің көп аудандарында стихиялық дүрбелеңге жетелегені анық. Өкіметтің әлсіздігі де теріс рөлін атқарып, ол бүлікшілер мен талқандаушылардың ойына келгенін істеуіне мүмкіндік берді.

Қырғызстандағы оқиғалар – біздің бағыттың дұрыстығының тағы бір айғағы. Нақ саяси тұрақтылықтың, ұлтаралық татулықтың арқасында Қазақстан әлемнің барынша серпінді дамып келе жатқан елдерінің санатына енді. Табысты экономика халқымыздың өскелең әл-ауқатының негізіне айналды. Көптеген беделді саясаткерлер мен сарапшылардың пікірі бойынша (тіпті атақты Гарвард университеті осы мәселе бойынша конференция өткізу қажет деп білді) қазақстандық даму жолы біздің өңіріміз және ТМД-ның барлық елдері үшін үлгі. Қазақстан қазір адамдардың тұрмыс деңгейін де жаңадан дамыту табалдырығында тұр. Осының бәрі тәуелсіздік жылдарында біз жеткен даусыз жеңістер.

Осы жеңістерді сақтау және алға қойылған барлық міндеттерді жүзеге асыру, ең алдымен, мемлекеттегі тұрақтылық пен біздің көп ұлтты қоғамымыздағы татулыққа қатысты. Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте болған оқиғалар осы заманғы либерализмнің өзекті элементі жекешелендірілген экономика, жеке меншігі бар орта таптың, яғни мүдделі электораттың пайда болуы екендігін көрсетеді.

Шынайы демократияны дамыту үшін күшті заңдар мен соттар, кәсіптік және жинақты мемлекеттік қызмет қажет, соның бәрін жүзеге асыру үшін күшті билік қажет. Бұл бизнесті қауіпсіз және келешегі кемел етеді.

Мен сіздерге Қазақстан халқының өркендеуі жолында табыс, мықты денсаулық және жақсы жұмыс тілеймін.

IV Еуразия медиа-форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2005 жылғы 21 сәуір

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Сіздерге, IV Еуразия медиа-форумының қатысушылары мен қонақтарына, шын ықыласпен сәлем беремін.

Осында, Қазақстан жерінде, Еуразияның нақ жүрегінде, жыл сайын форум өткізу игі дәстүрге айналды.

Бүкіл әлемнің жетекші саясаткерлерінің, сарапшылары мен журналистерінің басын қосатын біздің форум осы заманның ең көкейкесті мәселелері бойынша пікір алысудың бірегей үнқатысу алаңы деп ойлаймын. Сондықтан мұндай кездесулердің мәні өте жоғары.

Бүгінгі Қазақстанды 13 жыл бұрынғы Қазақстанмен салыстыра алмайсыз.

Егемен Қазақстанның тәуелсіз жолы қоғам өмірінің барлық салаларында түбегейлі өзгерістерге толы болды.

Тоталитарлық өткен күнді серпін тастап, біз қысқа мерзім ішінде мемлекеттік-бюрократтық экономикадан еркін бәсекелестікке, бірпартиялық диктаттан саяси плюрализмге, кісіні жаныштау идеологиясынан адам құқықтары мен бостандықтарының әмбебап құндылықтарына бастайтын қиын жолдан ойдағыдай өттік.

Қазір Қазақстан дамудың сапалық жаңа деңгейіне шығып келеді, ашық демократиялық қоғамды сеніммен құруда, әлемдік кеңістікке белсенді кірігуде.

Біз ойдағыдай жұмыс істеп тұрған нарықты экономиканы құрдық. Көптеген халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша дамудың қазақстандық жолы кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістік елдеріне үлгі.

Бүкіләлемдік банктің топтап жіктеуі бойынша Қазақстан орташа кіріс деңгейі бар елдер тобына енді.

Соңғы 10 жыл ішінде қазақстандықтардың ақшалай кірісі 5 есе өсті.

Орташа айлық жалақы 6 есе дерлік өсті.

Зейнетақының орташа айлық мөлшері 4,5 есе ұлғайды.

Жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері 35 есе өсті.

2005 жылы жан басына шаққандағы ІЖӨ 3 мың долларға жетеді.

Біздің жетістіктеріміз алдымызға өршіл жоспарды – Қазақстанды әлемнің жоғары тұрмыс деңгейі бар серпінді дамып келе жатқан елдерінің біріне айналдыру жоспарын қоюға мүмкіндік береді. Сондықтан да біз жеделдетілген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту жолын таңдап алдық.

Ал бір кездері біз реформаларымызды іс жүзінде тақыр жерден бастаған едік қой.

1991 жылы Қазақстан газеттерінің бас редакторларымен бір кездесуде біз жаңа, ол кезде бізге әлі белгісіз нарықты экономика жағдайындағы журналистика проблемаларын талқылағанымыз есімде. Қағазға, байланыс қызметіне бағаның өсуі, жоғары салық мөлшерлемелері баспасөзді өлместің күнін көруге тіреп қойған еді. Сол ахуалда өзі де сондай ауыр халде тұрған мемлекет баспасөздің күнін көріп кете алуына, нығая түсіп, қаз басуына көмектесті.

Біз БАҚ үшін экономикалық жеңілдіктер мен салық бостандықтарының тұтас бір қатарын енгіздік.

Содан кейін де БАҚ-ты ешқашан қолдаусыз қалдырған жоқпыз.

Оған қоса, соңғы уақытқа дейін қазақстандық БАҚ қосылған құнға салықтан босатылып келді.

Қазақстанның алдағы кездегі ілгерілеуін біз тек демократиямен және ашық қоғаммен байланыстыратынымызды атап өткім келеді.

Сөз бостандығы мен БАҚ-ты мен сол үдерістің етене бөлігі деп қарастырамын. Бұл менің берік сенімім.

Қазақстанда қазір 2 мыңнан астам БАҚ жұмыс істейді, олардың 80 %-ы мемлекеттік емес.

Бұл орайда біздің масс-медиа барынша әрқилы саяси бағыт, соның ішінде барынша оппозициялық бағытта ұстайды.

Қазақстанда 130 ұлт өкілдерінің тұратыны сіздерге белгілі ғой деп білемін. Сондықтан тілдік алуандық та Қазақстанның медиакеңістігіндегі өзіндік бір бөлекше құбылыс.

Қазақ және орыс тілдерімен қатар бұқаралық ақпарат құралдары тағы 11 тілде, соның ішінде украин, поляк, ағылшын, неміс, корей, ұйғыр, түрік, дүнген тілдерінде шығады. Ұлттық диаспоралар басылымдары, мысалы «Коре ильбо», «Уйғур авазы», «Deutsche Allgemeine Zeitung» мемлекет тарапынан жәрдем алады, бұл кеңестік кезеңнен кейінгі кеңестіктің бірде-бір елінде байқалмайды.

Қазақстандық медиабазарда шетелдік БАҚ та кеңінен сатылады.

Қазір Қазақстанның ақпараттық алаңында шет мемлекеттердің 2400-дей бұқаралық ақпарат құралдары еркін таратылады. Олардың арасында әлемдік жетекші «BBC», «Reuters», «Deutsche Welle», «Associated Press», «Интерфакс», «ИТАР-ТАСС», «France-Presse», «Xinhua», «Bridge News» және басқалар бар.

Қазақстан жаһандық ақпараттық ағынға ашық.

Жерсеріктік телевизия мен бүкіләлемдік Интернет желісі қазақстандықтар өмірінде үйреншікті құбылысқа айналды. Ол ол ма, бүгінде Интернет

– отандық медиа-нарықтың ең серпінді дамып келе жатқан сегменті. Тек тұрақты интернет-аудиторияның пайдаланушыларының өзі бізде жарты миллионнан асады.

Осының бәрі бұрын бізде болды ма? Ешқашан болған жоқ.

Осынау маңызды жетістіктердің бәрі – біз жүргізіп жатқан либералдық реформалардың бетбұрмасының өзекті себептерінің бірі екендігіне кәміл сенемін.

Қазақстанның қоғамдық өмірінің ырықтандырылуы мен бүкіл әлемге ашықтығы – жай айта салатын сөз ғана емес. Бұл біздің стратегиялық басымдығымыз және елдің өмірлік, ұлттық мүдделерін бейнелейтін саналы түрдегі таңдауымыз.

Жаһандану бәрімізді бостан және сонымен бірге өзара байланысты етті.

Қазақстан халқына жаңа Жолдауымда елді одан әрі жеделдете жаңғырту жөніндегі өзекті міндеттер нақ осылайша пайымдалып белгіленген.

Әлемнің жаһандануы арқылы адамзаттың алдынан жаппай идеологияшылдықтан арылған дәуір ашылады. Ол дәуірдің қандай болатыны қазіргі ұрпаққа байланысты.

Менің ойымша, ақпараттың бүкіләлемдік қолжетімділігі мен ашықтығының дәуіріне жетелейтін жаһандану БАҚ-қа қойылатын талапты күшейтеді және олардың айтылған әрбір сөз үшін моральдық жауапкершілігінің арттырады.

Сондықтан БАҚ бостандығы мен олардың қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі арасындағы теңгерімді табу осынау форум қарастыратын басты мәселелердің бірі.

Сөз бостандығы шетсіз-шексіз ұғым емес. Ол тек шабыт беруге, жасампаздыққа ғана емес, қиратуға да қабілетті.

Ол тек саясатты жасап қана қоймайды, қоғамдық пікір мен бұқаралық сананы да қалыптастырады, ал ертеңгі күннің қандай болмағы соларға байланысты. Сөз бостандығы, шындап келгенде, – журналистік ұжданның жауапкершілігі.

БАҚ бостандығы – ең жоғары құндылық, ол «ақпараттық соғыстардың» «шоқпарына» айналмауға тиіс. Кез келген мәселені көрсетуде журналист естілік танытуы керек.

Бұқаралық ақпарат құралдары – ең алдымен қоғамдағы экономикадағы және кәсіпкерліктегі күштердің теңгерімі. Әдетте газеттерге жеке адамдар мен корпорациялар иелік етеді, бірақ баспасөз бостандығы халыққа тиесілі.

Бұл мәселе Еуразия материгінің бірқатар елдеріндегі болған соңғы оқиғалар тұсында ерекше көкейкесті сипатқа ие болды.

Мен Грузияда, Украинада және көршіміз Қырғызстанда орын алған оқиғалар туралы айтып тұрмын.

Біз парасатты адамдар ретінде болып жатқан оқиғалардың тереңде жатқан себептерін түсінеміз. Ол себептер тек әлдеқандай бір аңызға айналдырарлықтай

сыртқы күштердің қаскүнемдіктерінде жатқан жоқ, қайта ішкі дамудың қисынынан туындаған.

Даму стратегиясы жоқтығының және экономикалық реформалардың нақты жемісті болмауының салдарынан туындайтын кедейшілік пен жұмыссыздық адамдардың билікке наразылығын күшейте түседі.

Ұлы қазақ философы Абай айтқандай: «Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізден қас сағындық, әрбірден соң сыртымызға шықты, жауластық-дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жаюға күшім жетімді болсын деп қызметке, болыстық, билікке таластық». Біз бүгінде дәл осыны көріп жүрген жоқпыз ба?

Халықаралық терроризм пен экстремизм секілді сұмдықтардың түп-тамыры да нақ қайыршылық пен теңсіздікте жатыр.

Отырардан шыққан біздің ұлы бабамыз нұрлы бейнесі ұлттық валютамызда тұрған Әбу Насыр әл-Фараби өзінің атақты «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында былай депті: «Ізгілікті халықтың арасында татулық пен аралас-құраластық болуы үшін тәртіп пен өзара іс-қимыл қажет. Нақ солайша, халықтар бақытқа бөлену үшін бір-біріне көмектесе дүние ізгілікті болып шығады».

Журналистер халықтар мен мемлекеттерді байланыстырады.

Олар осыдан мың жыл бұрын Шығыстың ұлы Ұстазы айтқан татулық пен жарасымға жетуге қызмет етуге тиіс.

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Бүгінде Қазақстан өз күшіне сенеді әрі болашаққа үлкен үмітпен қарайды.

Біз 2010 жылға қарай ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 5800 долларға жетіп, ал 2015 жылға қарай – 9 мың доллардай болуын межелеп отырмыз.

Сонымен бір мезгілде біз мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруды, жергілікті өзін-өзі басқаруды ендіруді, сот жүйесін реформалауды, азаматтық қоғам институттары мен БАҚ-тың әлеуетін арттыруды көздейтін саяси ырықтандыруды жалғастыра береміз.

Біздің мақсатымыз – демократияның әмбебап қағидаттарына сүйенетін және өз азаматтарына бақуатты тұрмыс жасап отырған тиімді дамушы әлем мемлекеттерінің қатарына қосылу. «Қазақстандық даму моделі» – бүкіл кеңестік дәуірден кейінгі кеңістік үшін үлгі.

Таяуда Гарвард университетінде өткізілген конференцияда бүкіл әлемде мойындалған сол ғылыми орталықтың жетекші сарапшылары осындай қорытындыға келді.

Бұл баға мен үшін қымбат, өйткені ол Қазақстан жүріп өткен жолдың дұрыстығын ғана емес, біздің болашаққа ұмтылысымыздың дұрыстығын да бейнелейді.

Бүгін осынау биік мінберден мен журналистер қоғамдастығын жаһандық дүние өзімен ілестіре келетін жауапкершілікті ұғынуға және ынтымақтастық пен бірлескен мүдделерге негізделген жаһандық жаңа қоғамдастықты құрудағы БАҚ атқаруға тиіс рөлдің мәнін сезінуге шақырым келеді.

Дүниенің осыншама ауқымды болуы көптеген проблемалардың жаһандық сипат алуынан ғана емес. Жаһандандудың басты себебі жалпыдүниелік проблемаларды барша ауқыммен түсіну бірте-бірте туындап келе жатқанында. Ал бұл жаһандық ақыл-парасат та, зиятты ақыл-ой да қалыптасып келеді деген сөз.

Ұлы өзендердің кішкентай бұлақтардан бастау алатыны секілді, жаһандық ақыл-парасат та Еуразиялық секілді осындай форумдардан басталады. Өйткені өзара іс-қимыл, өзара хабардар ету және сенім ауаны өзара түсінісу мен араласуға септеседі.

Терроризм, экстремизм және есірткі трафигі секілді адамзатты мазалайтын жаһандық проблемаларды шешу тек барлық мемлекеттердің және бүкіләлемдік қоғамдастықтың бірлескен күш-жігерін жұмылдырғанда ғана мүмкін болады. Қазақстанның нақ осы ұстанымы оның терроризмнен күрес жөніндегі коалицияға қатысуына жетеледі.

Бұл туралы мен БҰҰ мінберінен де айтқанмын және тағы да қайталағым келеді: бай елдер кедей елдерге көмектесуі тиіс, өйткені толып жатқан проблемалардың қоздырушы күші жоқшылық пен теңсіздік. Сондықтан біз әлемдік қоғамдастықтың Ауғанстанда,

Иракта бейбіт өмірді қалпына келтіру жөніндегі күш-жігерін тек қолдап қана қоймаймыз, сол елдерге көмек неғұрлым пәрменді әрі белсенді болу керек деп санаймыз.

Біз үнді-пәкстан қатынастарының сапалық жаңа деңгейге шығуын өңірлік қауіпсіздіктің маңызды себепкері ретінде үлкен үмітпен қабылдадық.

Қазақстан неше түрлі діндердің, этностардың және өркениеттердің тоғысқан жерінде тұр. Сондықтан бізге мемлекеттің тұрақтылығы, ұлтаралық татулық және өңірдегі қауіпсіздік ауадай қажет.

Біздің медиафорум баршамызды толғандыратын осы және басқа көкейкесті мәселелердің мәнін жақсырақ түсінуге септесетіндігіне сенемін.

Алдағы мәжілістерде бүкпесіз диалог үнқатысудың және шынайы әріптестіктің дамуына серпін беретіндігіне кәміл сенімдімін.

Медиафорумды Қазақстанда өткізу дәстүрі – еліміз БАҚ, билік пен қоғам арасындағы өзара қатынастың оңтайлы моделін құру проблемаларын бүкпесіз, диалог негізінде шешіп келе жатқандығының тағы бір айғағы.

Сөзімді қорытарда мен Американың ұлы Президенті Франклин Рузвельттің кемеңгер ойын еске салмақпын.

Америка үшін ауыр кезеңде, 1941 жылғы 6 қаңтарда үшінші рет Президент қызметіне кірісер кезде, ол Конгрестегі инаугурациялық сөзінде бұларсыз демократия мүмкін емес деп төрт бостандықты: дін бостандығын,

мұқтаждықтан бостандықты, қорқыныштан бостандықты, сөз бен өз пікірін білдіру бостандығын айтқан еді.

Біз конфессиялық татулықты орнатып, дін бостандығын қамтамасыз еттік.

Біз экономикалық реформаларды ойдағыдай өткізіп, мұқтаждықтан бостандықты қамтамасыз еттік.

Біз елдің тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігін орнатып, қорқыныштан бостандықты қамтамасыз еттік.

Біз БАҚ-тың еркін жұмыс істеуіне бар жағдайды жасап, сөз және өз пікірін білдіру бостандығын қамтамасыз еттік.

Біз бүкпесіз әрі еркін қоғам құрдық.

Осының бәрі қазақстандық демократияның басты жетістіктері.

Сіздерге жемісті де нәтижелі жұмыс, қызықты да бүкпесіз пікірталас тілеймін.

Жақсылықпен жолығайық!

**Ұлы Отан соғысындағы
Жеңістің 60 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 6 мамыр

**Ұлы Отан соғысының қымбатты ардагерлері!
Қадірлі тыл еңбеккерлері!**

Екінші жаһандық соғыс адамзат тарихындағы ең бір қасіретті кезең, трагедиялық бет болды. Бұрынғы Кеңес Одағының халықтары үшін ол Ұлы Отан соғысына айналды, өйткені Отан қорғауға армия ғана емес, бүкіл халық көтерілді.

Сол соғысқа көптеген мемлекеттер қатысты. Бірақ бәрібір оның негізгі ауыртпалығын кеңес халқы мен оның Қарулы Күштері көтерді.

Қазақстан Ұлы Отан соғысына бүкіл Кеңес Одағы халқымен бірге қатысты. Сондықтан сол соғыс және ол туралы зерде – көп ұлтты Қазақстанның ортақ тарихының бір бөлігі.

Қазақстандықтар елді кеудесімен қорғап, әлемді фашизмнен құтқарып, қалған аға ұрпақтың ерлігін ешқашан ұмытпайды. Қадірлі ардагерлер, бүкіл еліміз сіздердің ерлігіңізге тәнті әрі сіздерге тағзым етеді.

Қаһарлы жылдарда 100-ден астам ұлттар мен ұлыстар бір үйдің баласындай болған барлық бауырлас халықтар иін тіресе тұтас Отанын қорғауға көтерілді, ерлікпен шайқасты және жанқиярлықпен еңбек етті.

Қазақстан сол кезде жауға қарсы күреске тас түйін жұмылды. Елімізде ондаған дивизиялар, бригадалар және бөлімдер қалыптастырылды. Олар барлық майдандарда шайқасты.

Әрбір қазақстандық отбасы соғыс ауыртпалығын өз басынан өткерді. Соғыс алдында Қазақстанда 6,2 млн адам тұратын, ал соғыс жылдарында бүкіл жұрттың төрттен бір бөлігі майданға аттанды. Бұл – 1,7 млн-нан астам қазақстандық. Олардың жартысынан астамы соғыстан оралған жоқ.

Қазақстандық құрамалардың әскери жолы 1941 жылы күзде Мәскеу түбінде басталып, 1945 жылы көктемде Берлинде аяқталды. Олар Ленинградты қорғады, Сталинград түбінде, Курск иінінде арпалысты, Украинаны, Белоруссияны, Молдавияны, Балтық маңы елдерін азат етсе, фашистік езгіден Еуропа халықтарын да азат етісті.

Соғыс жылдарында республика майданға 12 атқыштар дивизиясын, 7 ұлттық атты әскер дивизиясын, 7 атқыштар бригадасын, соның ішінде екі ұлттық атқыштар бригадасын жөнелтті.

Бұлардан басқа, Қазақстанда әскердің әрқилы түрлеріне жататын 50-дей полктар мен батальондар қалыптастырылды.

Қазақстандықтар ерлікпен шайқасты.

500-дей қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды, 100-ден астамы «Даңқ» орденінің толық иегерлері болды. 4 адам Кеңес Одағының Батыры атағына 2 рет ие болды. Олар – Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский. Солардың бірі, Ұлы Отан соғысының аңызға айналған ұшқышы Талғат Бигелдинов Ұлы Жеңістің 50 жылдығын бүгін бізбен бірге мерекелеп отыр.

Сол соғыс батырларының ішінде қазақ халқының даңқты қыздары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова да болды. Осынау күні бізбен бірге Жеңістің мүшелтойын майдангер әйелдердің қаһарман ұрпағының өкілдері – Раиса Абдуллина, Шекер Ботаханова, Қантай Елубаева, Лидия Абрамова, Фаина Бурдина және көптеген басқалар мейрамдап отыр.

Мыңдаған қазақстандықтар партизан қозғалысына да белсене қатысты.

Партизандар қозғалысының белсенді қатысушысы Қасым Қайсенов «Халық қаһарманы» жоғары атағына ие болды. Аңызға айналған Қасым аға бүгін де жауынгерлік сапта.

Жеңіс туын Рейхстаг фронтонына бірінші болып тіккен Рахымжан Қошқарбаев және даңқты майдангер ұшқыш Хиуаз Доспанова кейінірек еліміздің ең жоғары наградаларына ие болды.

Дивизия командирі, даңқты қолбасшы Иван Васильевич Панфиловтың, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының есімдері, сондай-ақ саяси жетекші Василий Клочков басқарған 28 панфиловшылардың есімдері есімізде.

Қазақстандықтар тылда да жеңісті шыңдады. Бәрін де майдан үшін, бәрін де Жеңіс үшін беруге ұмтылыста бүкіл ел біртұтас болды.

Экономиканы соғыс жағдайына тез көшіру және майдан тапсырыстарын орындаудағы табыстарға адам айтқысыз күш-жігер мен жанқиярлық еңбектің арқасында қол жетті.

Ең таңдаулы ұлдарын майданға аттандырған республикаға жұмыс қолы жетіспей жатты. Сонда олардың аналары мен қарындастары станоктар жанына тұрды, тракторларға отырды.

Халықтың қаражатына «Қазақстан колхозшысы», «Қазақстан комсомолы» танк колонналары, «Советтік Қазақстан» әуе эскадрильясы жасалып, майданға жөнелтілді.

1941 жылдың маусымынан қарашасына дейін Қазақстанға зауыттар, солармен бірге ондаған мың жұмысшылар мен олардың отбасының мүшелері, майдан шебіндегі өлкелер мен облыстардың жұрты көшіріліп, олар қазақстандықтармен бірге майданның қуатты арсеналын жасады.

Қонақжай Қазақстан жау жаулап алған аумақтардан жүздеген мың көшірілгендер мен Қазақстанға Еділ бойынан күштеп қоныс аударылған немістер, сондай-ақ Солтүстік Кавказ халықтары үшін туған жеріне айналды.

Фашистік Германия мен оның одақтастарын жеңу халық бірлігінің, майдан мен тылдың бірлігінің, шайқас далаларындағы жаппай қаһармандық пен халықтың ерлік еңбегінің арқасында мүмкін болды.

Қымбатты соғыс және еңбек ардагерлері!

Біз өз тарихымызда тұңғыш рет тәуелсіз мемлекет құрдық. Қысқа мерзім ішінде Қазақстан нарықты және демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруда және тұрмыс деңгейін көтеруде ТМД елдерінің арасында көшбасшыға айналды.

Мұнда сіздердің еңбектеріңіз зор. Сіздер әкелген Жеңіссіз, сіздер жасаған жанқиярлықсыз Қазақстанның тәуелсіздігіне қол жетпес еді.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында өз өмірлеріңізді құрбан ете отырып, Сіздер өз ерліктеріңізбен, батырлықтарыңызбен елге, жерге қызмет етудің үлгісін көрсеттіңіздер.

Сіздер өз өмірлеріңізбен, және іс-әрекеттеріңізбен қазақстандықтардың жаңа ұрпағын қиындықтарды еңсеруде төзімділікке, шыдамдылыққа үйреттіңіздер, әр көкірекке оптимизм, қазақстандықтар жасап жатқан зор болашаққа үміт пен сенім ұялаттыңыздар.

Бүгінде біз экономикалық реформалар жүргізуде тамаша табыстарға жеттік. Зейнетақының орташа мөлшері 1 шілдеден 12 мың теңге болады. Жеңіс мейрамы құрметіне Ұлы Отан соғысына қатысушылардың бәріне 30 мың теңгеден сыйлық берілді.

Қазақстан халқына Жолдауымда аға ұрпаққа қамқорлық жасау басты басымдықтар санатында атап өтілген.

Қымбатты ардагерлер!

Соғыс ауыртпалығын көтерген сіздің ұрпақ – қоғамымыздың мақтанышы. Ал бүгін біздің қасиетті перзенттік борышымыз – аға ұрпақтың мұқтаждарын ұмытпау. Қамқорлық жеңісті шыңдаған әрбір ардагерге көрсетілуі керек.

Ұлы Жеңіс мейрамы қарсаңында біз Отан соғысында опат болғандардың аруағына бас иіп, тағзым етеміз.

Біз Жеңіс күнін аға ұрпақтың Отанға шынайы сүйіспеншілігінің жастарды ерен ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің үлгісі ретінде әрқашан есте ұстап, атап өтетін боламыз.

Мереке құтты болсын, қымбатты ардагерлер!

Сіздерге денсаулық, мамыражай ғұмыр мен шуақты күндер, туыстарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілеймін.

**«Байқоңыр» ғарыш айлағының
50 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы,
2005 жылғы 2 маусым

**Қадірлі Байқоңыр тұрғындары!
Қымбатты қонақтар!**

Мен бүгін баршаңызды тарихи оқиғамен – «Байқоңыр» ғарыш айлағының 50 жылдығымен қуана құттықтаймын.

Биылғы жыл Қазақстан мен Ресей үшін молшылық жылы болып отыр.

Таяуда біз Мәскеуде әлемнің жетекші елдерінің басшыларымен бірге Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын атап өттік.

Челябиде 17 мамырда Қазақстан мен Ресейдің шекаралас өңірлері жетекшілерінің II форумы аса нәтижелі өтті, оның барысында мемлекетаралық қатынастардың ең кең арналары бойынша нақты нәтижелерге қол жетті.

Біздің кеден істері және отын-энергетика кешеніндегі, көлік мәселелері бойынша уағдаластықтарымызды ерекше атап айтқым келеді.

Елдеріміздің арасында достас әріптестік қатынастарды одан әрі дамыту үшін жасалған сүбелі қадам – елдеріміз азаматтарының Қазақстан-Ресей шекарасынан өтуінің оңтайлатылған нұсқасы туралы шешім болды.

Біздің жүйелі кездесулеріміз бүгінде Қазақстан-Ресей қатынастарында біз шеше алмайтын мәселенің жоқ екендігін көрсетеді.

Біздің ықпалдастығымыз бен ынтымақтастығымыздың барлық мәселелерінің маңыздылығы мен тең құндылығына тиісті бағасын бере отырып, мен ғарыш саласы туралы ерекше айтқым келеді.

Мына бір факт таң қалдырады: «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан жерді сонау VIII ғасырда атақты түркі философы, ақын, жыршы, музыкант Қорқыт ата «Жер кіндігі» деп атапты.

Баяғы заманда осы дала арқылы Орталық Азиядан, Монғолиядан және Қытайдан шыққан керуендер Каспий маңындағы мемлекеттерге және одан әрі өтіп, шындап келгенде, Шығыс пен Батысты байланыстырып отырған. Сондықтан адамның алғаш ғарышқа

ұшуы жүзеге асқан жердің нақ Байқоңыр болуы кездейсоқ емес.

Байқоңырдың даңқты географиясы 1950 жылдың басынан есептеледі, ғарыштық аппараттардың жаңа буынының ұшырғыш зымырандарын жөнелте алатын жаңа ғарыш айлағын салу туралы мәселе сол кезде көтерілген еді. Содан бері 1,5 мың ұшыру жүзеге асты, 130 ғарышкер осы жерден ғарышқа самғады.

Қазір ғарыштық қызмет біздің мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуына елеулі ықпал етуде. Ғарыш айлағының арқасында біз мемлекеттеріміздің сапалы телекоммуникациялық байланыстағы, табиғи ресурстар мен құбылыстарды зерттеудегі, төтенше ахуалдарды болжаудағы, ғаламды танудағы және көптеген басқа салалардағы қажеттерімізді үздіксіз әрі орнықты қамтамасыз ете аламыз.

Ғарыш саласындағы ынтымақтастығымызға оралып, мынаны атап өткім келеді: жетекші әлемдік сарапшылардың бағасы бойынша, таяу жылдарда осынау сала елеулі инвестициялар тартудың пайдалылығы мен тиімділігі жағынан ең тартымды салалардың біріне айналады. Бұл экономикаларымызды одан әрі реформалауға қуатты серпін беретіні, демек, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыратыны айдан анық. Мұндай кемелді келешек біздің мемлекеттерге болашаққа сенімді қарауға, әлемдік шаруашылық қатынастар жүйесіне тең қатарда еруге мүмкіндік береді. Бұл үшін талай тірлік тындырылды, талайы жұмыс сатысында тұр.

Өткен жылдың басында біз Байқоңырдың жалдануынан 2050 жылға дейін ұзарту туралы құжатқа қол қойдық, Қазақстан ғарышкерлері мен ғарыш саласында мамандар даярлаудағы ғарыштық бағдарламаларды бірлесіп іске асыру туралы шешімдер қабылданды. Осылайша, біздің ұрпақ үшін ғарыш айлағындағы бірлескен жұмыс мәселесін шешіп қойдық. Мен бұған шын мәніндегі мәңгілік достығымыздың (ол туралы құжатқа біз қол қойғанбыз) қағидатты орны мен дәлелі деп қараймын. Келесі құжат 2050 жылдан кейін де одан арғы бірлескен жұмыс туралы болады деп ойлаймын.

Үстіміздегі жылдың аяғында, біз уағдаласқандай, қазақстандық тұңғыш байланыс жер серігі – «KazSat» ұшырылуға тиіс.

Ресейлік зымыран-ғарыштық «Ангара» кешенінің негізінде осы заманғы жаңа, экологиялық қауіпсіздік деңгейі жоғары «Бәйтерек» ракеталық-ғарыштық кешені жасалуда.

Бүгін біз бірлескен жұмыстың неғұрлым кең кооперациясы, ғарыштық қызмет саласындағы мүлдем жаңа түрлеріне бірлесіп қаражат және инвестиция жұмсау туралы уағдаластық. Бірге атқарылып жатқанның бәрі, сондай-ақ, Қазақстанның ғарыштық бағдарламалардың қатысушысына және ғарыштық елге айналып келе жатқаны елдеріміздің басшылықтары арасындағы, халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің арасындағы жоғары сенімнің арқасы, ол сенімді біз кеңестік өкіметтен кейінгі барлық буырқасын жылдардың бәрінде дәлелдеп келеміз. Әрқашан да солай болатынына мен сенемін.

Қазақстанда ғарыштық қызмет туралы заң, ғарыштық қызметті 2007 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл құжаттар ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті нығайту, екі елдің ғарыш саласындағы әлеуметтік экономикалық, ғылыми-техникалық дамуы жөніндегі бірлескен жұмыстардың үлкен кешенін көздейді. Күтіліп отырғанындай, бұл Қазақстан мен Ресейде ғылымды көп қажетсінетін жаңа өндірістердің қуатты жеделдеткішіне айналады, екі елге де өздерінің ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуетін толығырақ пайдалану мүмкіндігін береді.

Біз бүгін елдеріміздің арасында, Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі мен Ресейдің Федералды ғарыш агенттігі арасында ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстардағы өзара іс-қимыл туралы мәлімдеме де осынау бірлескен жоспарларды іске асыруға бағытталған. Экология саласындағы келісімге де бүгін қол қойылады.

Меморандум ғарыштық қызметтегі байланыс, материалтану, биотехнология, биомедицина және көптеген басқалары секілді келешекті бағыттарды дамытудың ғылыми-техникалық негізін қалыптастыру үшін заңдық базаға айналады. Алдымызда көп жұмыс тұр. Осынау бастамалар ойдағыдай іске асырылатынына сеніміз орасан.

Енді ғарыш айлағының күнделікті қалыпты қызметіне қатысты нақты істерге қысқаша тоқталғым келеді. Бүгін біз мерекеге орай кездессек те, өмір дегеніңіз өмір.

Мүлдем қиналмай шешуге болатын проблемалар бар. Ең алдымен бұлар Байқоңыр қаласы органдарының статусын қалыптастыру мәселелерін қамтитын екі мемлекет Президенттері 2004 жылғы қаңтарда қол қойған ғарыш айлағын одан әрі пайдалану туралы меморандумды (онда әңгіме «Байқоңыр» кешені бойынша шарттық-құқықтық базаға өзгерістер мен толықтырулар туралы болғаны мәлім) жүзеге асырудың, құқық қорғау органдарымыздың өзара іс-қимылының, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың мәселелері. Осының бәрі осында тұратын қарапайым адамдарға қажет. Ол мәселелердің бәрін міндетті түрде шешеміз.

Көрсетілген уағдаластықтарды 2004 жылдың аяғына дейін іске асыру көзделген болатын, ал тапсырма әлі орындалған жоқ. Біздің үкіметтеріміз, елдеріміздің тапсырмаларын тағы да алып, сол құжаттарға қол қойылуын таяу уақытта (маған баяндағанындай, шілдеде) қамтамасыз ететіндігіне сенемін. Мұның үстіне, маған сарапшылар баяндағанындай, барлық құжаттарды келісу үдерісі аяқталып келеді. Бұл осында бар кез келген мәселені шешу мүмкіндігін береді.

Қадірлі жиналысқа қатысушылар!

«Байқоңыр» ғарыш айлағы 50 жыл бойы халықтарымыздың мақтанышы болып келді, мемлекеттеріміздің жаңа асқарларға, жаңа жеңістерге жетуге үміті мен ұмтылыстарын бейнеледі. Өткен жылдар ішінде осында қиын жағдайда жұмыс істеген адамдардың бірнеше ұрпағы ауысты.

Ең алдымен сіздердің, ғарыш айлағының қадірлі ардагерлері, сондай-ақ оның қазіргі мамандардың арқасында ғарыштық техниканың бәсекеге қабілетті озық үлгілері жасалуда, бірегей ғылыми-техникалық міндеттер ойдағыдай шешілуде.

«Байқоңыр» кешенінің даңқты дәстүрлері жинақталған технологиялық және зияткерлік әлуетті көбейте береді, елдеріміздің осы саладағы екі жақты ынтымақтастығының қарышты дамуын жалғастыруына мүмкіндік береді деп сенемін.

Баршаңызды осынау тамаша мерекемен тағы құттықтауға рұқсат етіңіздер. Сіздер үшін, Байқоңыр тұрғындары үшін, ғарыш айлағының қызметкерлері үшін, әсіресе арамыздағы ардагерлер үшін бұл қандай қымбат күн екенін түсінеміз.

Сіздерге мықты денсаулық, табыс, бақыт, барлық жақсылықты тілеймін!

«Қазақстан тұрақты даму және
қоғамды жедел жаңғырту стратегиясын
жүзеге асыру жолында» атты
Азиялық қоғамның халықаралық
бизнес-конференциясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2005 жылғы 14 маусым

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Сіздерді Қазақстанда құттықтауға қуаныштымын. Сіздерге мұнда ұнайды, сөйтіп сіздер біздің жиі қонағымыз боласыздар деп үміттенемін.

Америка-Азия өзара қатынасы стратегиясын көп жағынан айқындайтын және оның дамуына дем беретін өте беделді де ықпалды ұйымның алдында сөз сөйлеу аса мәнді деп санаймын.

Біз өзара түсіністікке белсене ұмтылып келе жатқанымызды атап өткім келеді. Сондықтан бүгін сіздерге осы заманғы Қазақстанға қарау, соның ішінде менің – елді осынау жылдар ішінде басқарып келе жатқан адамның тұрғысынан қарау мүмкіндігі бар. Ал менде – сіздердің көмегіңізбен қол жеткенді байыпты бағалап, одан арғы даму жолын тиянақтай түсу мүмкіндігі бар.

1. Қазақстан танымастай өзгерді.

Соншалықты білікті аудиторияның алдында, тегінде, 1991 жылы, Тәуелсіздік декларациясы қабылданып, еліміз егемен де дербес даму жолына түскен кезде Қазақстанның қандай ахуалда болғанын қайтадан егжей-тегжейлі талдап жатудың қажеті бола қоймас.

«Орасан зор империяның басқаруға көнуден қалып, содан кейін қирап кеткенін бақылау адамның зәресін алатын көрініс еді», – дейді кейінірек Ли Куан Ю Кеңес Одағының ыдырауы жөніндегі әсерін ортаға салғанда.

КСРО-ның бұрынғы республикаларымен салыстырғанда, біздің бастапқы жағдайымыз онша жақсы болған жоқ. Сол кездің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша Қазақстан сол республикалардың ең тәуір ондығына да кіре алмайтын еді.

Біз қуаты орасан ядролық әлеуетті мұраға алдық және бізде, әділін айтсақ, төл ядролық қаруымызды жасау мен жаңғыртудың барлық қажетті инфрақұрылымы бар еді. Менің серіктерімнің кейбіреуі мені «ядролық державалар клубының» артықшылықтарына сендіргісі келсе де, Қазақстан сонда өзінің ядролық қарусыз

мәртебесі туралы, қарусыздану жолына түсу туралы шешім қабылдады. Біз бейбітшілік аумағын таңдадық.

Еліміз бүгін де сенімді де жауапты халықаралық әріптес ретінде өз саясатының айнымайтынын қуаттап, АҚШ-пен және әлемдік қоғамдастықтың басқа көшбасшыларымен бірге халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, халықаралық терроризмнен, ядролық қарудың таралуымен және басқа осы заманғы қатерлермен күреске нақты үлесін қосып келеді.

Нақ сол тұста, 1990-шы жылдардың бірінші жартысында, тәуелсіз мемлекеттік құрылыстың бастапқы әрі өте қиын белесінде егемен Қазақстанды дамыту философиясының іргелі негіздері қаланып жатты.

Оның қағидаттары:

– Қазақстанды дамыту мақсаттарының айқындығы мен басы ашықтығы: айтарлықтай экономикалық іргетас және бүкпесіз, демократиялық әрі өркендеген, халықаралық қоғамдастықтың қадірлі де жауапты мүшесі болатын қоғам құру, соның аясында еліміз геосаяси тұрақтылық пен өңірдегі халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі маңызды міндеттерді атқарады.

– белгіленген межеге қол жеткізудегі мақсаткерлік пен дәйектілік.

Қысқа мерзім ішінде Қазақстан мемлекеттік-бюрократиялық экономикадан нарықты экономикаға, бір партияның әмір етуінен саяси плюрализмге, еңсені езу идеологиясынан адам құқықтары мен бостандықтарының әмбебап құндылықтарына бастайтын

қиын жолдан ойдағыдай өтті. Қазақстан әлемдік кеңістікке белсене кірігіп келеді. Нақ осы берік негіз өмірінің қалыбы жоғары, бұдан былайғы ілгерілеу тек демократиямен және ашық қоғам ғана байланысты, әлемнің серпінді дамып келе жатқан елдерінің біріне айналу жөніндегі өршіл жоспарлар жасауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық жаңартуларды жүзеге асырудағы нақты жағдаймен есептеушілік және жауапкершілік. Алға қойылған мақсатқа қарай қарыштап ілгерілеуде біз нақтылы нарықты экономика құрудың ортақ заңдылықтарын да, азиялық өңірде орналасқан және күні кеше тоталитарлық империяның құрамдас бөлігі болған көп ұлтты әрі көп конфессиялы қоғамның маңызды ерекшеліктерін де жан-жақты ескереміз. Осының бәрі реформалар бағытының тұрақтылығы мен анықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Демек, өтпелі кезеңде қиратқыш қоғамдық дүрбелеңдер тәуекелін төмендетеді әрі біздің елді сенімді де селкеусіз халықаралық әріптеске айналдырады.

Әлбетте, түбегейлі қоғамдық жаңартулардың бастапқы белесінде бізге бәрі бірдей тіпті анық та түсінікті бола қойған жоқ. Әрине, қандай да бір ағаттықтарды айналып өте алмадық.

Алайда бүгінде, өткен жолдың нәтижелерін бағалай отырып, бізде қоғамдық дамудың стратегиясы да, моралі де өзінің өміршеңдігі мен келешектілігін көрсетті деуге барлық негіз бар.

Мойындайын, Гарвард университеті жанындағы Джон Кеннеди атындағы Мемлекеттік басқару мек-

тебінің ғалымдары Қазақстанның жетістіктерін «үшінші даму жолы» деп бағалағанын есту маған қуанышты болды.

Бүгінде әлеуметтік-экономикалық даму мен халық тұрмысы деңгейінің негізгі көрсеткіштері бойынша Қазақстан ТМД елдерінің көпшілігінің алдында тұр және кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі барлық тәуелсіз мемлекеттерден неғұрлым жоғары қарқынмен дамуын жалғастыруда.

Бұл орайда көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекетімізде тұрақтылық пен өзара төзімділік сақталуда, діни, ұлттық немесе кез келген басқа экстремизмнің қандай да жаппай көрінісі жоқ.

Осының бәрі, ең алдымен, қазақстандықтардың өздерінің сенімінің, еңбекқорлығының және мақсаткерлігінің арқасында мүмкін болды. Мен барлық әріптестерім мен серіктеріме, сондай-ақ біздің бастамаларымызды іс жүзінде қолдап, жақсы қарағаны үшін шын жүректен ризамын.

Өткен жолдың нәтижелерін көрсететін бірнеше цифр келтірейін. 2004 жылы жан басына шаққандағы ІЖӨ 2700 долларды құрады, ал 1994 жылы осы көрсеткіш 700 долларға әрең-әрең маңайлады.

2010 жылға қарай ІЖӨ деңгейін 5800 долларға, тағы 5 жылдан кейін 9 мың долларға жеткізуге шамамыз келеді деп ойлаймын.

Соңғы 10 жыл ішінде ең төменгі жалақы 25 есе дерлік өсті; зейнетақының айлық орташа мөлшері 4,6 есе ұлғайды; азаматтарымыздың банктердегі депозиттері және салымдарының көлемі іс жүзінде 36 есе көбейді.

Бүгінде мемлекет болашағы мол білім беру, әлеуметтік және медициналық бағдарламаларды іске асыруда.

Еліміздің экономикасында болған бұлтартпас әрі оң өзгерістерге айғақ ретінде тағы бір көрсеткішті айтайын.

Қазақстан экономикасына 40 млрд доллар дерлік шетелдік тікелей инвестиция тартылып, тиімді жұмыс істеуде, бұл жан басына шаққанда іс жүзінде ТМД-ның барлық басқа елдеріндегі сондай көрсеткіштен әлдеқайда көп. Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікті алсақ, елімізде ең ырықтандырылған экономикалық заң жұмыс істейді, Қазақстанда нақты жұмыс істейтін нарықты экономика бар.

Бұл орайда инвесторлар Қазақстан шетелдік инвестициялардың тұрақтылығы мен қорғалуына кепілдік беретін, инвестициялық заңдарды дамыту ісін жалғастырып жатқан, бірақ бұрын жасалған халықаралық келісім шарттарын алып тастамайтын сенімді әріптес екенін біледі.

Кейбір құбылыстар сан көрсеткіштерімен бейнелеуге көнеді, енді біреулері көнбейді. Мен еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде, әрбір қазақстандықтың өмірінде болған сапалық өзгерістерді меңзеп тұрмын. Сол өзгерістерсіз мен әлгінде айтқан экономикалық табыстар бола қояр ма еді.

Бүгінде Қазақстанда демократиялық мемлекеттің жалпыға ортақ барлық институттары құрылып жұмыс істеуде. Саяси плюрализм мен көппартиялық қалыпты жайға айналды. Еркін демократиялық сайлау жүйелі

өткізіледі. Азаматтық қоғам құрылымдары дамып келеді, соның ішінде 5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар бар. Сөз бостандығы қамтамасыз етілген, мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары құрылып, жұмыс істеуде. Қазақстан адам құқықтары жөніндегі конвенцияларға қосылды, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құрды. Бізде өлім жаза-сына мораторий енгізілді.

Ақыр соңында, біз жемқорлықпен күрес жөніндегі заңды ТМД-да бірінші болып қабылдап, осынау әлеу-меттік сұмдықты еңсеру үшін жүйелі шараларды іске асырудамыз.

2. Қазақстан болашаққа ұмтылады.

Өткен жан аямас еңбек жылдары нақты нәтиже-лерін берді, оларды кез келген салиқалы адам көрмей тұра алмайды.

Алайда өмір бір орында тұрмайды. Біз күн тәртібіне енді қоғамның жаңа қажеттіліктері шыққанын анық түсінеміз, оларды ел дамуының қисыны да, ауқымды халықаралық ахуал да талап етеді. Осы заманғы сес көрсетулер мен қатерлер әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастардың бүкіл жүйе-сін неғұрлым серпінді жаңғыртуды табанды түрде талап етеді, бұл Қазақстанға кеңістік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі және Орталық Азиядағы көшбасшылық тұғырын сақтап қалуға, халықаралық қоғамдастықтың бәсекеге қабілетті және қадірлі мүшесі болуға мүмкіндік береді.

Осы заманғы ахуалға берілетін нақ сондай жан-жақты және нақты баға іс-әрекеттеріміздің тұтас бағдарламасының арқауына алынған, оны мен биылғы ақпанда «Қазақстан жеделдетілген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыру жолында» деген Жолдауымда қоғамға ұсынған болатынмын.

Сол құжаттың ұзын-ырғасы туралы егжей-тегжейлі айтып жатпайын. Осында отырғандардың біразы онымен танысу мүмкіндігіне ие болған да шығар. Олай болмаса – енді мұны сіздер тікелей Қазақстан жерінде істей аласыздар.

Бұл арада мен біздің бұдан былайғы дамуымыздың тек бір, бірақ, тегінде, ең маңызды басымдығын атап өтпекпін.

Жолдауда Қазақстан ашық және демократиялық қоғам құрып жатқаны, онда батыстық демократиялардың барша әлем қабылдаған барлық қалыптары сақталатыны, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азияның серпінді дамып келе жатқан елдерінің тәжірибесі және көп ұлтты, көп конфессиялы қоғамымыздың дәстүрлері ескерілетіні анық айтылған. Бұл тек біздің берік экономикалық негіз қалай алғанымыздың және бүкіл қоғам «қазақстандық демократия мектебінде» белгілі бір жолдан өткендігінің арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Нақ сондықтан Жолдауда саяси реформалардың бірыңғай және тұтас дестесі ұсынылған, олардың жалпыұлттық сипаты бар, ал оларды даярлау, талқылау және іске асыру бүкіл қоғаммен және барлық саяси

күштермен үнқатысу пен ынтымақтастық негізінде қабылданатын шешімдердің барынша бүкпесіздігі мен жұртқа жариялылығы жағдайында өтеді. Ол реформалар мыналарды қамтиды:

– терроризмнен және діни экстремизммен күресті күшейту;

– жұрттың діни бостандығын қамтамасыз ету, діни төзімділікке қол жеткізу шараларын және діни өшпенділіктің нышандары мен көріністерін барынша азайтып, жою шараларын күшейту;

– Үкіметті парламенттік көпшілік тетігі арқылы қалыптастыру;

– Парламенттің республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауға қатысуын кеңейту және Парламенттің екі палатасының да Орталық сайлау комиссиясы мен Конституциялық кеңесті қалыптастыруға қатысуы;

– Премьер-министр мен Үкімет мүшелерінің өз қызметі туралы Парламентте есеп беруі және заң шығару қызметінің үкіметтік жоспарын жыл сайын Парламенттің бекітуіне беруін міндеттеу;

– осы заманғы демократиялық мемлекеттердің өмір сүруінің негізгі шарттарының бірін іске асыру мақсатымен Қазақстанда сөз, ақпарат алу және тарату бостандығы туралы заңнаманы жетілдіру;

– азаматтардың конституциялық және демократиялық құқықтарын, соның ішінде Омбудсменнің құқық қорғау мүмкіндіктерінің кеңейтілуін қамтамасыз ету үшін заңдық базаны реформалау;

– жемқорлықпен күрес жөніндегі заңдарды жетілдіру және мемлекеттік қызметтің ережелері мен этикасын ендіру;

– қылмыспен және есірткі сатумен күрестің тиімділігін күшейту үшін құқық қорғау органдарының құрылымы мен заңдарды қайта құру;

– мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіріп, тиімділігін арттыру үшін әкімшілік реформа жасау;

– мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға көрсететін қызметінің сапасын жақсарту және мерзімін қысқарту, мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық базасына кіруді қамтамасыз ету, болашақта әкімшілік жүйесін жетілдіруді ескере отырып, тиімді және құрамы жағынан оңтайлы мемлекеттік аппарат құру мақсатында «Электронды үкімет» қалыптастыру;

– сот-құқықтық рәсімдердің мөлдірлігін және сотта іс жүргізу мен сот шешімдерін атқару кезінде азаматтар құқықтарының кепілдендірілуін күшейту жөніндегі сот реформасы, алқабилер институтын кезең-кезеңмен ендіру, судьялар кадрын іріктеу тетігін демократияландыру және судьяларды кәсіптік даярлау сапасын арттыру.

Әлбетте, қашандағымыздай біз соншалық ауқымды реформаларды іске асыруда өздерінің тәжірибесі мен білімін ортаға салуға дайын шетелдік достарымыз бен әріптестерімізге ризалық білдіретін боламыз.

3. Қазақстан – халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі

Алдымызға соншалық өршіл мақсаттар қоя отырып, біз елімізді одан әрі дамыту қолайлы халықаралық ортада өтетіндігіне үміт артамыз.

Нақ сондықтан халықаралық және өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету біздің негізгі басымдықтарымыздың санатында қала береді.

Соңғы жылдары халықаралық қауіпсіздік жүйесіне төнер ең қауіпті қатер халықаралық терроризм болып отыр. Бүгінде терроризм ауқымы барлық болжамдардан асып түсті.

Қазақстан терроризм пен экстремизммен күресте қарымды қадамдар жасады. Республика БҰҰ-ның терроризмнен күрес жөніндегі барлық конвенцияларына қосылды.

Терроризмге қарсы ұлттық орталық құрылды, ол өзіндей халықаралық және өңірлік құрылымдармен белсенді әрекет етуде. Елде ақшаны ақтап алуға, терроризм ұйымдарды қаржыландыруға қарсы қимыл жүйесі жолға қойылды. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заң қабылданды.

Қазақстан халықаралық терроризмге қарсы АҚШ бастайтын коалицияны қолдады. Біз өз әуе кеңістігімізді пайдалануға рұқсат беріп, Қазақстан «БҰҰ шешімдерінен және Құрама Штаттармен жасалған келісімнен туындайтын өз міндеттерін орындауға әзір» деп мәлімдедік.

Біздің саперлік отрядтың Ирактағы ахуалды тұрақтандыруға қатысуы туралы мәселені де біз сондай тұрғыдан қарастырамыз, ол, соңғы кезде коалицияға қатысушылар саны кеміп келе жатса да, әлі сонда қалып отыр. Қазақстан Ауғанстандағы ахуалды тұрақтандыру және сол елден басталатын есірткі трафигін жою жөніндегі халықаралық күш-жігерді қолдауға да өз үлесін қосуға әзір.

Айтарлықтай адами, табиғи және өнеркәсіптік ресурстарға ие Орталық Азия өңіріндегі ахуалға ерекше тоқталғым келеді.

Соңғы кезде Орталық Азия әлемдік саясаттың шет аймағынан еуразиялық кеңістіктің геосаяси өлшемдерінде өзекті орын алатын өңірге айналып келеді.

Сондықтан Орталық Азиядағы қауіпсіздік жүйесін нығайту Қазақстан басымдықтарының бірі болып отыр. Қазақстанды бүгінде «өңірдегі тұрақтылық пен өркендеу аралы» деп атайды. Біз бүкіл өңіріміздің сондай болғанын қалаймыз.

Халықаралық қоғамдастық Қырғызстан мен Өзбекстанда болған оқиғаларға аса елеңдей қарап отырды. Орталық Азия тез өсіп келе жатқан экономикасы және ашық базарлары бар, әлемдік шаруашылық байланыстарды бекітуге ғана емес, басқа мемлекеттермен тізе қоса отырып, терроризмнен, есірткінің таралуымен және адамзатқа төнетін басқа да бәлекеттермен белсене күресуге қабілетті өңір болса, әңгіме бір басқа. Орталық Азия ішкі қайшылықтардан ара-дара күйге түскен бір елдегі бұрқ ете түскен зорлық басқа елде дүңк ете қалатын өңір болса, әңгіме бір басқа.

Қырғыз және өзбек халықтары – құдайы көршілеріміз ғана емес, біздің бауырларымыз да. Сондықтан олардың басына түскен қиындыққа біз қосыла қамықтық. Қазір тұрақтылыққа жәрдемдесу үшін бәрін істеп жатырмыз, ал тұрақтылық барлық ішкі мәселелерді күшіндегі заңдар мен демократиялық рәсімдер аясында шешуге мүмкіндік береді.

Қазір Орталық Азия өңірінде халықаралық қауіпсіздік жүйесін нығайту жөнінде қосымша ірі ауқымды шаралар қажет. Осы істе біз Құрама Штаттармен де белсендірек ынтымақтастық жасай алатынымызға сенемін.

Сондай шаралардың бірі, атап айтқанда, орталықазиялық өңірдің етене кірігуі болар еді, ол өңірдің тұрақтылығын, қауіпсіздігін, экономикалық және саяси прогресін жаңа деңгейге көтере алар еді. Бұл осы өңірде тұратын біз үшін де, бүкіл әлем үшін де маңызды. Осынау бастаманы мен жылдың басында-ақ Орталық Азия мемлекеттерінің басшыларына жеткізгенмін.

Ол, әсіресе қазіргі шын жағдайды ескерсек, назар аударуға тұрарлық бастама деп білемін.

4. Осы заманғы экономика – қоғамды жаңғыртудың іргетасы

Енді, мен бүгінгі бизнес-конференция тақырыбына тікелей қатысы бар кейбір жоспарларымызды ортаға салғым келеді, олар – Азияның ашық нарықтары,

халықаралық бизнесті дамытудың келешегі және ұлттық экономикалардың тиімді өзара іс-қимылы.

Бүгінде Қазақстанның экономикалық өсуінің негізгі көзі шикізат күйінде қалып отыр. Бұл сала серпінді дамуда. 20 жыл ішінде біз көмірсутегі шикізатын өндіруді 2 еседен астам ұлғайттық, ал бүкіл әлемде бұл салада өнім өндіру өсімі 1,3 есе болды.

Қазір республиканың көмірсутегі шикізаты кеніштерінің көпшілігі оны барынша мол өндіруде. Құрлықта мұнай өндірудің бұдан былайғы өсуі, ең алдымен, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын игеруді жеделдетуге байланысты. Бірақ мұнай мен газдың негізгі өсімі Каспий теңізінің айдынынан күтілуде.

Қазақстанда Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы қабылданған.

Бағдарламаны іске асыру 2010 жылы-ақ күніне 2 млн, ал 2015 жылға қарай 3 млн баррель экспорттауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстан жұмыс істеп тұрған «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбырының және Каспий құбыр тарту консорциумының өткізу қабілетін кеңейту мәселелері бойынша келіссөздерді белсенді жүргізуде.

Мұнай экспорттаудың «Атасу – Алашанькоу», «Ақтау – Баку – Тбилиси – Джейхан» секілді бағыттары да дамып, дайындалып келеді.

Қазақстан газын тасымалдау үшін «Орталық Азия – Орталық» жүйесін жаңғырту жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде, «Қазақстан – Қытай» газ құбырын салудың әртүрлі нұсқалары зерттелуде.

Шикізат салалары әзірге елдің ұлттық кірісінің негізгі бөлігін қамтамасыз ететінін ескеріп, мынаны ерекше атап көрсеткім келеді: кен алу саласында ашықтықты арттыруды біз орнықты экономиканың өзекті қосылғыштарының бірі деп қараймыз. Сондықтан Ұлыбритания Премьер-министрі Т. Блэрдің өндіру салалары қызметінің ашықтығын арттыру туралы бастамасы бізге рухы жағынан жақын және біздің толық саяси қолдауымызға ие.

ТМД елдерінің ішінде тұрақты әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз ету, қолайсыз сыртқы факторларға тәуелділікті кеміту үшін Қазақстан бірінші болып Ұлттық қор құрғанын да еске сала кетейін.

Бүгінде Ұлттық қорда 5 млрд доллардан астам қаржы жиналып, олар республикаға тұрақты кіріс беретін өтімділігі жоғары қаржы құралдарына салынды. Бұл елдің осыдан 10 жыл бұрын армандай да алмайтын резерві. Елдің алтын-валюта резерві Ұлттық қорды қосқанда 14 млрд доллардан асты.

Қазір біз Дүниежүзілік банк сарапшыларының қатысуымен Ұлттық қор қаражатын жинап, орта мерзімді перспективаға пайдалану концепциясын әзірледік. Ол мұнай кірістерін бюджет пен Ұлттық қор арасында бөлудің оңтайлы байланысын көздейді. Осынау тетікті іске 2007 жылы қосу жоспарланып отыр.

Осыдан 2 жыл бұрын біз экономиканы әртараптандыру және шикізаттық емес салаларды өркендету үшін Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын қабылдадық. Даму банкі, Инвестициялық және

Инновациялық қорлар секілді бірқатар жаңа даму институттарын құрдық.

Қазір әртараптандыру стратегиясы ойдағыдай ілгерілеуде. Оның негізіне кластерлік көзқарас алынды.

Бірінші белесте біз өзімізге кластерлік дамудың туризм, мұнай-газ машиналарын жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет, металлургия және құрылыс материалдары секілді салаларын басым деп белгіледік. Экономиканың шикізаттық емес салаларында ұзақ мерзімді мамандандырылуын белгілейтін де солар.

Бұл бағытта біз Гарвард университетімен белсенді ынтымақтастықтамыз. Рикардо Хаусман жетекшілік ететін профессорлар тобы өндіру секторларына жоғары тәуелсіздік жағдайында экономиканы әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бірқатар нұсқаларын әзірледі.

Осынау жаңартулар өрісіне шағын және орта бизнес белсене тартылғанының себебі түсінікті. Қазір біз тағы бір маңызды проблеманы – мегахолдингтердің, бәрінен бұрын, ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың бейінсіз қызметтерін бәсекелес ортаға көшіру проблемасын шешіп жатырмыз. Таяу уақытта Үкімет бұл жұмысты аяқтауға тиіс, сонда шағын және орта бизнестің тынысы ашылады.

Қазақстанның қаржы жүйесі туралы бірер сөз. Халықаралық «Standard&Poor's» рейтингілік агенттігі Қазақстанның банк жүйесі тиімділігі жағынан Ресей-

дің ТМД-ның басқа елдерінің банк жүйесінен озық екендігін атап өтті.

Бағалы қағаздар нарығы және жинақтаушы зейнетақы жүйесі серпінді дамып келеді. Біз өте қысқа мерзім ішінде ынтымақтас зейнетақы жүйесінен жинақтаушы жүйеге көштік. Зейнетақымен қамтамасыз етудің қазіргі жүйесі Қазақстан азаматтарының жаңа ұрпағының ғана мүдделерін емес, жұрттың зейнетақыны әлі ынтымақшыл жүйеден алуға хақысы бар бөлігінің де мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді.

Қазір республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олар міндетті зейнетақы жарнасы бойынша іс жүзінде 7 млн есепшотқа қызмет жасайды.

Осындай дамыған қаржы жүйесіне ие бола отырып, оны жеделдете даму мақсатына пайдаланбау дұрыс па? Соңдықтан осыдан 2 жыл бұрын Үкімет Алматыда халықаралық қаржы орталығын құруға кірісті, соның алдында Сингапурдың, Дублиннің (Ирландия) және Дубайдың сондай қаржы институттарын қалыптастыру жөніндегі тәжірибесімен танысып алды.

Алматыдағы қаржы орталығы Қазақстанның ғана емес, бүкіл өңірдің экономикалық дамуының «сүйеніш нүктесіне» әрі жеделдеткішіне айналуға тиіс.

Қазақстанның көліктік инфрақұрылымы оның тағы бір даусыз артықшылығы бола алады. Соңғы жылдары біз теміржол магистральдерін, автомобиль жолдарын, телекоммуникациялар, инженерлік желілер салуды және қайта салуды айтарлықтай жандандырдық.

Трансқазақстан темір жолын тарту жобасы әзірленді, ол бірінші белесінде Батыс Қытайды Каспий жағалауымен жалғайды.

Өткен айдың аяғында менің Әзірбайжанға мемлекеттік сапарымның аясында Түркия, Грузия, Әзірбайжан және Қазақстан арасын жаңа темір жолмен жалғастыру жөніндегі Баку декларациясына қол қойылды.

Осынау жоба «Еуропа – Кавказ – Азия» көлік дәлізінің одан әрі дамуына, Азия, Каспий теңізі, Кавказ және Еуропа өңірлерінің көлік инфрақұрылымының жетілдірілуіне серпін береді деп ойлаймын.

Біз көз жетер болашақта ежелгі Жібек жолын қайта түлетеміз.

Қазақстанның ашық экономиканы нығайту мен оны жаңғырту жөніндегі басымдықтарының бірі – Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру. ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөз үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Қазақстанның жұмыс тобына ДСҰ-ға мүше 38 ел кіреді. Таяудағы айларда Оманмен, Түркиямен, Жапониямен және Кореямен хаттамаларға қол қою күтіліп отыр. АҚШ-пен, ЕО-мен келіссөздер жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс.

Сыртқы сауда режимін реттейтін ел заңдарының іс жүзінде 90 %-ы дерлік ДСҰ нормаларымен сәйкестендірілді немесе Парламент талқылауында.

5. Болашағымыз – ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес осы заманғы білім және біліктілік беру

Экономикалық жаңғыртудың табысын анықтайтын тағы бірі, бәлкім, ең бастысы туралы айтпақпын.

Жаңа экономикаға жаңа білім, осы заманғы менеджерлер мен басқарушылардың жаңа ұрпағы, мол білімді әрі кәсіптік жағынан даярланған адамдар қажет.

Адами капиталға инвестиция салудың неғұрлым тиімді әрі келешекті іс екеніне біз сенеміз. Сондықтан да мемлекет жаңа білім алуға кететін шығынның айтарлықтай бөлігін өз мойнына алады.

Ең лайықты жастарға біз шет елдерде оқуға жәрдемдесеміз. Жыл сайын 3 мың таңдаулы студентке «Болашақ» бағдарламасының аясында әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында оқуға республикалық бюджеттен қаражат бөлінеді. Ал осында оқитындар шетелдік таңдаулы профессорлардың дәрістерін тыңдауға мүмкіндік алады, оларды біз Қазақстанға ұдайы шақырып тұратын боламыз.

Биыл біз студенттерді әлеуметтік қорғауға, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік тұрғыдан өсуіне және қайта даярлануына қолайлы жағдай жасау жөнінде көптеген шараларды іске асыра бастадық.

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Мен сіздерді Қазақстандағы ахуалмен таныстырдым, жоспарларымыз жайында айтып бердім. Қазақстанның адам танымастай өзгергеніне, оның серпінді дамып, экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғырту жолымен табанды ілгерілеп келе жатқанына

келісесіздер ғой деп ойлаймын. Бұл жолда қиындықтармен талай рет бетпе-бет келетінімізге дау жоқ. Жолаушы ақысы жүрсе бітеді деген сөз бар.

Біздің әңгімеміз өтіп жатқан сыйластық ауаны біз бір-бірімізді түсінеміз және әрқашан бір-бірімізге сене аламыз деген сенім туғызады.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы әріптестік тек нығая беретініне күмәнім жоқ. АҚШ – Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторы. Біздің энергетикалық әріптестігіміз жанданып келеді. Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамыту, екі елдің жеке секторын жақындату жөніндегі бірлескен бастама іске асырылуда. Осының бәрі экономикалық және саяси ынтымақтастықтың жоғары серпінін сақтауды қажет етеді.

Сіздердің қадірлі ұйымдарыңыздың жұмысымен алғаш рет 1994 жылы танысқан едім, міне енді 10 жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның Азиялық қоғаммен қатынастары тереңдеп келеді.

Сол қатынастар – серпінді ынтымақтастықтың лайықты негізі.

Мен Азиялық қоғамды Қазақстанда өз конференцияларының бірі – халықаралық «Қазақстан орнықты даму және қоғамды жеделдете дамыту стратегиясы жолында» атты бизнес-конференция өткізуге қуана шақырған едім. Орталық Азияны дамыту, өңірдің ашылып жатқан базарларының мүмкіндіктері мен келешегі – кездесулер, пікірталастар және бастысы іс-әрекеттер үшін қызықты әрі лайықты тақырып.

Қазақстан бүгінде өзінің сарабдал саясатының арқасында – үлкен экономикаларды қызықтыратын және инвестициялардың жаңа толқыны күтіп тұрған ел.

Сіздерге тілейтінім – қызықты кездесулер, қызу пікірталастар, әдемі әсерлер!

Қазақстан Республикасы Конституциясының
10 жылдығына арналған «Конституция: тұлға,
қоғам және мемлекет» атты халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференцияда

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 30 тамыз

**Қадірлі конференцияға қатысушылар!
Қымбатты шетелдік қонақтар!**

Бүгін еліміздің Ата заңының қабылданғанына 10 жыл толады. Бірақ Конституцияны жай ғана 1995 жылмен байланыстыра салуға болмайды. Ол – тарих толқынымен тұтаса ұштасқан оқиғалардың тұтас желісінің жемісі.

Осынау 10 жыл біздің ұлттық тарихымызда ерекше орын алады. Ол ізденіс пен жасампаздық жылдары

болды. Сөз жоқ, олар республикамыздың тәуелсіздік тарихындағы мейлінше қиын, сонысымен де шешуші жылдар болды.

Түп-тура 10 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданып, тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мемлекеттік құрылысының іргелі қағидаттарын бекітті.

Осынау тарихи оқиғаның қарсаңында тынымсыз жұмыс жүрді. Сол кезде 10 жыл бұрын, Негізгі заңның жобасын әзірлеу тұсында толып жатқан, ең алдымен әсіресе ХХ ғасырдың екінші жартысында қабылданған конституциялар талданды. Ізденіс географиясы да кең ауқымды болды – Еуропа, Азия, Солтүстік және Латын Америкасы қамтылды. Өз басым әлемнің 20 конституциясын талдап шықтым.

Біз үшін ең басты нәрсені – дамудың әртүрлі баспалдағында тұрған, әлеуметтік-мәдени, ұлттық және өзге ерекшеліктері және әрқилы құқықтық жүйелері сан алуан елдерде конституциялар басты міндетті қалай шешті, – тұрақтылықты нығайтуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және демократияны дамытуға қалай септесті дегенді түсініп алу – маңызды еді.

Жаңа Конституцияның қажеттігі туралы шешім қабылдар сәтке бізде 5 жылдық төл тәжірибеміз болды, ол тәжірибе бізді басымдықтарды, мақсаттар мен оларға жету құралдарын белгілеуге үйреткен еді.

Бізде сондай-ақ қазақстандық және шетелдік заңгер-сарапшылар тобы болды, олар конституциялық

қағидаларды заң тұрғысынан ресімдеу міндетін орындады, конституция жобасын бүкілхалықтық талқылау барысында түскен 30 мыңдай ұсынысты талдауды, соның нәтижесінде жобаға 1100-ден астам түзетулер мен толықтырулар енгізілді.

Әрине, бізде ең бастысы – жүйелік өзгерістерді жақтап, болашақ мүддесін таңдаған миллиондаған қазақстандықтардың түсінуі мен қолдауы болды!

Ақыры 1995 жылдың 30 тамызында азаматтарымыздың ерік білдіруінің ең жоғары актісі болып, олардың басым көпшілігі елдің жаңа Ата заңын мақұлдады.

Сол күн алыстаған сайын, осынау шын мәніндегі тарихи оқиғаның маңызы болып арта береді.

Республика Конституциясы халық бірлігін бекітті, Қазақстан жерінде ортақ тарихи тағдыр байланыстырған барлық ұлттар адамдарын біріктірді.

Осынау жылдардың бәрінде біз Конституциямызға сәйкес өмір сүріп, жұмыс істеуге ұмтылдық.

Азаматтардың лайықты өмірі үшін бүкіл қажетті заңдық әлеуеті бар Конституцияның өзекті қағидаларына сүйеніп, біз ел тағдыры үшін өмірлік маңызы бар жаңартуларды жүргіздік: нарықты экономиканы құрдық және демократиялық қоғамның негізін қаладық.

Қарышты реформалардың арқасында Қазақстан бұрынғы КСРО-дағы 13-ші орыннан ТМД-да бірінші болып нарық экономикасы бар ел мәртебесін алып, әлемнің ең серпінді экономикаларының бестігіне бір-ақ секірдік.

Халықаралық қаржы институттарының мәліметі бойынша біздің ел Орталық Азияның жалпы жұрты-

ның тек төрттен бірін құраса да, оның бүкіл жиынтық кірісінің үштен екісін қамтамасыз етеді.

2005 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ІЖӨ-нің көлемі Орталық Азия мен Кавказдың 7 елінің ІЖӨ-нің жиынтық көлемінен асып түседі. ІЖӨ-нің 80 %-ына дейінгісін экономикамыздың жекеше секторында жасалады. Мемлекет тек стратегиялық салаларға қатысады.

Ұлттық экономикаға 40 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Олардың жан басына шаққандағы деңгейі жағынан Қазақстан ТМД-ның барлық елдерінен алда.

Елдің халықаралық резерві, Ұлттық қор қаражатын қосқанда, 7 еседен астам өсіп, 15 млрд долларға жетті. Біз осының бәрін тақыр жерден бастағанымызды еске салудың қажеті бар ма?

Бүкіләлемдік банктің топтап жіктеуі бойынша Қазақстан табысы орташа деңгейден жоғары елдер тобына қосылды. Жан басына шаққандағы ІЖӨ соңғы 10 жыл ішінде бұрынғы 700 доллардан биылғы жылы 3300 долларға дейін жетті. Келесі жылдың бюджетінде ІЖӨ-ні жан басына шаққанда 4 мың долларға дейін ұлғайтуды көздеп отырмыз.

Экономиканың өсуінің арқасында азаматтардың заңмен бекітілген медициналық көмекті тегін алу жөніндегі конституциялық құқы ойдағыдай іске асырылуда.

Мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуды мемлекет толық көлемінде қамтамасыз етеді, бұған Конституция кепілдік берген.

Сондай-ақ конкурс негізінде тегін жоғары білімді алуға да кепілдік берілген. Осыған орай жоғары білім өрісінде мемлекеттік қаржыландыру көлемі ұлғайтылып келеді.

Әлеуметтік қамсыздандыру мәселесіне келсек, серпінді экономикалық өсуге сүйене отырып, зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемдер мөлшерін жыл сайын арттырып, мемлекет оларды ойдағыдай шешуде.

Қазір біздің талассыз табыстарымызға қарсы саяси реформалар экономикалық реформалардан артта қалып қойды, олар жасанды түрде тежеледі дегенді де кейде естіп жүрміз. Іс жүзінде нақ солай ма?

Демократияландыру – бүгінгі – жаһандық дамудың басты үрдістерінің бірі. Сондықтан өркендеу мен ілгерілеуге ұмтылатын кез келген мемлекеттің мүддесі үшін бұл арада ашылатын мүмкіндіктерді пайдалану ерекше маңызды.

Әлемдік тәжірибе экономикалық реформалар мен саяси ырықтандыру бір-біріне тәуелді әрі өзара байланысты үдерістер екенін көрсетеді.

Екінші жағынан, нарық экономикасы беделге салып, белден басуға көнбейді, қай мәселені де демократиялық жолмен шешуді талап етеді.

Бұл еркін базар бәсекесінің іргелі ережесі және елдің ілгерілеуінің шарты.

Бірақ құлаққа құйыла кететін сұлу сөздермен күнделікті нақты жұмысты жүргізе алмайсың. Саясаттағы идеализм өкінішке ұрындырып та жатады. Біз осы

жылдарда соншалықты еңбекпен қол жеткеннің бәрін бір ғана өрескел қадаммен қиып жіберіп, балаларымыздың болашағын тәуекелге байлай алмаймыз.

Билік дегеніміз – бәрінен бұрын жауапкершілік. Мен барынша жауапкершілікпен айтайын: біз тек адаспай қимылдауымыз керек – мұндай мүмкіндікті тарих бізге қайтадан бермейді.

Бәсекеге шыдамайтын экономика және буыны беки қоймаған азаматтық қоғам жағдайында түбегейлі саяси реформаларды асығыс, демек, дайындалмай жүргізу әлеуметтік тұрақсыздықты туғызып, либералдық құндылықтардан айыруға, демократиялық үдерістерді тоқтатып тастайды, мұны біз кеңестік дәуірден кейінгі кейбір республикалардан байқаймыз. Және тек солардан емес.

Бүгінде қоғамда пікірталас жүріп жатқан басты мәселенің демократиялық реформалардың қарқыны туралы мәселе болатыны сондықтан.

Мен ырықтандыруды кезең-кезеңімен эволюциялық жолмен жүргізуді жақтаймын, онда қарқынды экономикалық даму саяси жүйені демократияландырудың тереңдігі мен орнықтылығын айқындайды.

Әлемдік тәжірибе, соның ішінде көршілеріміздің тәжірибесі кедей қоғамдастықтарда демократия және саяси бостандықтар атымен мүмкін еместігін көрсетеді.

Осы қағидатқа сүйеніп, біз демократиялық саяси жүйенің іргетасын қаладық. Төрелігін өздеріңіз айтыңыздар.

Біз бұрынғы тоталитарлық саяси жүйенің іргесін қираттық, біз үшін мүлдем жаңа осы заманғы демократиялық институттарды құрдық, азаматтық бастамашылдыққа жол аштық.

Біз демократияның іргелі қағидатын – билікті үш тармаққа: тежемелік және тепе-теңдік тетіктері бар заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарында тиімді іске асырдық.

Осы жылдар ішінде демократияның аса маңызды институты – парламентаризмді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық.

Кәсіби екі палаталы Парламент уақыт сынынан ойдағыдай өтті, онда сан алуан мүдделердің өкілдігі қамтамасыз етіледі. Орталық Азияда осы жолға үзілді-кесілді бірінші болып біз түстік. Басқалар біздің тәжірибемізді пайдаланып, бізге ерді.

Тежемелік пен тепе-теңдік билік тармақтарына елдің қарышты дамуының міндеттерін тиімді шеше отырып, ойдағыдай әрі сындарлы ықпалдасуға мүмкіндік береді.

Оңтайландырылған әкімшілік-аумақтық құрылыспен, мемлекеттіліктің басқа құрамдас бөліктерімен нығайтылған атқарушы сатылар жүйе жинала келіп Қазақстанға жүйелік дағдарыстан шығуға, серпінді дами бастауға, ал бүгінде жеделдетілген әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырту туралы мәлімдеуге мүмкіндік берді.

Конституция күшіне кірген жылдар ішінде бір де саяси келіспеушілік дағдарысқа ұласқан жоқ. Бар-

лық даулар конституциялық рәсімдер шеңберінде шешіледі. Мемлекеттік институттар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі қалыптасты. Бұл жүйе дәстүрге айналды.

Осы ауанда тәуелсіз сот төрелігі мен жауапты сот жүйесінің қағидатты маңыздылығын атап өту қажет.

Осы жылдар ішінде сот-құқық ісінде өте көп шаруа тындырылды. Шындап келгенде, сот төрелігін оған тән емес міндеттер мен күнделікті күйбеңнен тазарту жүргізілді. Жоғары сот кеңесі, Жоғарғы сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет жұмыс істейді. Соттарда тәртіпті сот жасауылдары сақтайды. 10 жыл бұрын ондай ештеңе болмаған. Бүгінде әрқашан солай болғандай көрінеді.

Ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар жұмыс істейді. Біз алқабилер қатысатын сот туралы мәселені түпкілікті шешуге тақау тұрмыз.

Кәсіби, әділетті және бейтарап шешім күткен әрбір адам оған тәуелсіз және жауапты сотта қолы жете алатын болуы үшін бұдан былай да бәрін істеу қажет.

Біз сайлау жүйесін елеулі түрде жаңғырта алдық, ол қазір әлемдік қалыптарға жақындады. Бәсекелі сайлау елдің саяси өмірінің етене бөлігіне айналды, оған барлық азаматтар мен саяси күштер қатысады.

Елде билік өкілеттіктерін орталық пен өңірлер арасында қайта бөлу, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту үдерістері жүріп жатыр.

Қазақстанда саяси плюрализм мен көппартиялылық қамтамасыз етілген. Елде саяси үдеріске ықпал

ететін ірі жалпыұлттық партиялар, соның ішінде оппозициялық партиялар да жұмыс істейді.

Бізде азаматтық қоғамның үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) секілді аса маңызды сегменті едәуір нығайғаны да даусыз.

10 жыл бұрын олар 400 еді, бүгінде 5 мыңнан асады. Бұл орайда бұрын мен бастамашысы болған Азаматтық форум аясында мемлекетте үкіметтік емес ұйымдар әріптестік негізінде билікпен белсене араласады. Осы қатынастарда нақ ҰЕҰ қазір «бірінші скрипкада» ойнай бастағаны талай жайды аңғартады.

Ақпарат өрісінде түбегейлі өзгерістер болды. Қазақстандық медиабазарда өзін көрсете алу бостандығы, өз пікірін білдіру және билікті сынау бостандығы шын қалыптасты, азаматтардың баламалы ақпарат көздеріне құқығы іске асырылды.

Бүгінде елде барынша әрқилы саяси бағыттағы 2 мыңнан астам, соның ішінде түбегейлі оппозициядағы БАҚ жұмыс істейді. Өздеріңіз білесіздер, барлық БАҚ-тың 80 %-ы – мемлекеттік емес БАҚ.

БАҚ-тың ең еркін әрі қолжетімді сегменті ретінде Интернет серпінді дамып келеді. Бүгінде тұрақты интернет-аудиторияны 0,5 млн-нан астам пайдаланушылар құрайды. Бұл да саяси бостандықтарды іске асыруда біз қаншалық ілгеріліп кеткеніміздің маңызды көрсеткіштерінің бірі деп білемін.

Осылайша, біздің басты жетістігіміз адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтары болып табылады, біз оларды халық-

аралық қалыптарға сәйкестендірдік. Біз халықаралық қоғамдастықпен қатынасымызда ашықпыз.

Негізгі заңымызға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативті құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарап анықталады. Конституция заң шығарушыны заң қабылдау тұсында, бірінші кезекте, осы нормаға сүйенуді, темірқазық етіп адам құқықтарын алуды міндеттеді.

Қазақстан азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы іргелі халықаралық пактілерге қосылды. Біз өлім жазасына мораторий енгіздік.

Омбудсмен институтын құрып, оның өкілеттіктерін кеңейтіп, біз адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің институционалдық кепілдерін нығайттық.

Әрине, біз тек жолдың басындамыз. Мұны біз ашық айтамыз. Бұрын бізде адам құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесі ешқашан болған жоқ қой.

Конституцияның арқасында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесіне айналды.

Біздің ел аса ірі ядролық полигонды жауып, әлемдегі төртінші ядролық-зымыран әлеуетін таптап жер бетіндегі бейбітшілік ісіне орасан зор үлес қосты. Бұл орайда еліміз ядролық державалардан шабуыл жасауға қарсы әрі аумағымыздың тұтастығына кепілдік алдық.

Өз тарихында Қазақстан тұңғыш рет анық бекітілген, халықаралық тұрғыдан мойындалған шекараға ие болды. Осыменен болашақта кез келген аумақтық дау қатері жойылды.

Әлемдік аренада біздің ел байыпты, сенімді іскер әріптес деп қабылданады. Біз барлық мемлекеттерге ашықпыз, әлемнің барлық елдерімен сындарлы қатынастар орнатып жатырмыз.

Тағы бір елеулі сәтті ерекше атап көрсетейін. Конституция қабылданған сәттен бері өткен 10 жыл ішінде Қазақстанда ғана емес, әлемде де көп нәрсе өзгерді.

Халықаралық ауқымдағы терроризм әрекет, діни экстремизм, есірткі картельдерінің жандана түсуі, ВИЧ және басқа аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуы, табиғи және техногендік зілзалалар Қазақстанның алдына өз азаматтарының ел ішіндегі және сыртқы елдердегі қауіпсіздігі мен тыныштығы үшін қосымша кепілдіктер енгізу қажеттігін қояды. Сөз жоқ, барлық осы шаралар да Конституцияға қатаң сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Және бұл түсінбеушілік туғызбауға тиіс. Әрбір ел өз халқын, өз аумағының тұтастығын және өз заңдарын қорғауға міндетті.

Бүгінде, өзіміздің экономикалық жетістіктерімізге сүйеніп, саяси жаңғыртудың сапалық жағынан жаңа белесіне кірісу мүмкіндігіне ие болып отырмыз, ол туралы мен Жолдауымда айтқанмын. Демократиялық жаңартуларда ешқашан нүкте қоюға болмайды ғой. Елдің алға ілгерілеуіне және адамдардың прогресіне нүкте қоюға болмайтыны секілді.

Реалистер ретінде біз осынау қадамдар бізден Ата заңымызға түзетулер өткізуді талап етуі мүмкін екендігін түсінеміз және оны анық көріп отырмыз.

Әлемнің көптеген елдеріндегі секілді біздің Конституция да қатып қалған нәрсе емес.

Дегенмен, жекелеген саяси топтардың ұсынған ұсыныстарын мұқият қарап, ой елегінен өткізіп, Ата заңымызбен салыстырсаң, сол ұсыныстардың барлығын біздің Конституция шеңберінде жүзеге асыруға болатынын көресің. Қане, заңгерлерден кім айтар екен, Парламенттің құрамын ұлғайтып немесе кемітіп жеңіл-желпі жөндеу мәселесі демократияның принципі болып табыла ма? Бізде 1,5 мың адамнан тұратын КСРО Жоғарғы Кеңесі, 500 адамнан құралған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі болды. Бірақ бұл демократиялық принцип емес. Мәселе қабылданған заңдардың сапасында, оның біздің Парламент тап-тұйнақтай қамтамасыз етіп келеді. Бірінші Парламент – 4 жыл істеген Жоғарғы Кеңес 3 жыл ішінде 7 заң қабылдады. Біздің депутаттар тек өткен сессияда ғана сапалы 78 заң қабылдады. Сондықтан кейде Конституцияны оқымай, білмей тұрып бірдеңені қалай айтуға, қарастыруға болатынына таң қаласың.

Демократияның түйіні адамдарға олар өздерінің өкілдерін адал ашық транспарентті сайлауларда сайлай алуы үшін адал құқықтар беруде. Міне мәселе қайда және ең басты нәрсе де осы! Мұны Конституция қамтамасыз етеді. Біз мұны заңдарымызбен және іс-әрекеттерімізбен қамтамасыз етуге тиіспіз.

Немесе атқарушы өкіметті сайлау керек пе, әлде тағайындау керек пе деген мәселені алайық – осы демократияның принципі ме? Бұл заңдар мен Конституцияны орындау мәселесі, оны да күшіндегі Негізгі заңның шеңберінде шешуге болады.

Мен әлгінде дүниеде қатып-семіп қалған ештеңе жоқ дедім, дегенмен Конституция туралы айтқанда біз өте мұқият болуға тиіспіз, әрі осында отырған қадірлі заңгерлер айтқанға құлақ қояр деп ойлаймын.

Бұл мәселе салмақты қарауды талап етеді. Конституцияда мемлекетіміздің өмір сүруінің іргелі қағидаттары бекітілген және біз осынау қағидаттарды қастерлеуге тиіспіз.

Жаңа ғана Франция Конституциялық кеңесінің төрағасы айтқандай, генерал де Голль ұсынған Конституция 1958 жылдан істейді, бірақ, әрине, өзгерістер енгізіліп отырады. АҚШ Конституциясына 225 жыл болды, оған да өзгерістердің тұтас блогы енгізілген, алайда мемлекеттің дамуына мүмкіндік беретін Негізгі заңды түбегейлі алмастыру керек деген мәселе қойылмайды.

Біз соңғы 10 жылда соншалық дамуға қол жеткізіп және сондай бағаға ие болып отыр екенбіз, ендеше біз өмір сүріп, дамып келе жатқан осынау Конституцияға риза болуға тиіспіз!

Қадірлі конференцияға қатысушылар!

Конституция қолданылып келе жатқан онжылдық ішінде жинақтаған тәжірибеміз бізге ішкі міндеттерді

шешу үшін де, осы заманның жаңа сын-қатерлеріне әсерлі жауап беру үшін де қажет.

Конституцияны қатаң сақтау – мемлекеттің ойдағыдай дамуының және қоғамдағы азаматтық татулықтың негізі. Сол бойынша өмір сүруді үйрену – демократияның жоғары мектебі. Баршамыз игеруге тиісті мектеп. Біздің бір сорақылығымыз әлдекімдердің бір аяғымен өткен заманда тұрғандығында.

Конституцияны қастерлеу – парызымыз. Өз елімізді, өз тарихымызды, өз жетістіктерімізді қалай қастерлесек, оны да солай қастерлеуіміз керек.

Конституцияны қастерлемей және оның нормаларын бұлжытпай сақтамайынша, қоғамдық татулыққа, тәртіпке, бейбітшілік пен тыныштыққа жету, демек, Отанымыздың дәулетті болашағына жету мүмкін емес.

Конституция бостандығымыздың негізіне айналды. Ол тәуелсіздік әкелген жеңістеріміздің, табыстарымыздың бүкіл кешенін бекітеді.

Біз демократиялық қоғамда өмір сүруді үйреніп жатырмыз, демек, күн сайын өзіміз демократия құрып отырмыз. Әрбір меңгерілген сабақ тіпті ұсақ-түйекте – адам ештеңеден қорықпай, өз ісін ашатын бастамадан, адамның өз пікірі бар екенін білдіретін бостандықтан көрінетін сабақ бостан азаматты қалыптастырады.

Конституция – құқық жүйесінің базисі. Құқық – тек тәртіптің ғана емес, бостандықтың да негізі. Құқықтық жүйе шеңберіндегі бостандық азаматқа және оның мүмкіндіктеріне сену, пікірін сыйлау деген сөз. Конституция бізді сенуге, мемлекет тарапынан сыйлауға

және сонымен бірге заңды сыйлауға дағдылануды үйретеді.

Біздің Конституция ең бастысын – таңдау құқығын берді, өйткені өз өміріңді өзің жасау – кез келген қазынадан құнды.

Баршаңызды Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен тағы да құттықтаймын және барлық жақсылықты тілеймін!

Қазақстан Республикасы Парламенті
үшінші шақырылымы
II сессиясының ашылуында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 1 қыркүйек

Қадірлі депутаттар!
Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Осынау жыл, өздеріңіз білесіздер, мемлекетіміздің өміріндегі және қазақстандық парламентализмді дамытудағы бірнеше айтулы оқиғалармен атап өтілді.

Солардың арасында Конституцияның 10 жылдық мүшелтойы мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдығын ерекше атап өтер едім.

Осы таяуда өзінің 10 жылдығын Парламент те атап өтеді. Осы заманғы түсінік тұрғысынан қарасақ, іс

жүзінде бізде парламенттік қызмет тәжірибесі болған жоқ. Біз қоғамдық мүдделер үйлесімін іздестіріп, таптық, мемлекеттік құрылыста тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін жолға қойып жаттық. Нақ сол кезде басталып кеткен либералдық реформалардың табысын қамтамасыз еткен заңдық негіз де қаланды.

Мен осында отырған депутаттар мен осы жылдарда Парламентте жұмыс істегендердің баршасын зор қанағатпен құттықтаймын. Қазіргі депутаттарға да, бұрынғы шақырылымдар парламентшыларына де олардың Қазақстан игілігіне бағышталған ісіне табыс тілемекпін.

Осынау 10 жыл тарихқа айналып та үлгерді.

**1. Біз дұрыс жолдамыз: Президенттің
Қазақстан халқына Жолдауын бүкілхалықтық
талқылаудың нәтижелеріне берілген кейбір
бағалар және оған байланысты халықаралық
қоғамдастық тарапынан айтылған лебіздер**

«Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдау жасағанымға жарты жылдан шамалы артық уақыт өтті. Өздеріңіз білесіздер, соңғы кезде ел өңірлерінің біразында болдым, қалаларда да, ауылдарда да, кәсіпорындарда да, жоғары оқу орындарында да жұртшылықпен кездестім. Жолдау іс жүзінде ешкімді бейжай қалдырған жоқ.

Бүгінде негізінен жұртты өздерінің өміріндегі не нәрсе мазалайды?

Біріншіден, әрине, жұртты өмір сапасын одан әрі жақсарту, олардың өздерінің жеке болашағы, қоғамдық тұрақтылық қызықтырады. Басталған реформаларға әр адам ең алдымен өзінің көзімен қарап баға береді ғой: ол қалай күн көреді, қанша табады, қалай оқиды, тауарлар бағасы қандай, отбасын, достарын, бүкіл қоғамды не күтіп тұр деген сияқты.

Жолдауды талқылау барысында айтылған барлық ескертпелер атқарушы билік органдарының бақылауына алынды. Солар бойынша нақты шаралар әзірленіп, қабылдануда, алғашқы нәтижелер де көрінуде.

Сөйте тұра, көптеген нақтылы проблемалар әлі күнге дейін шешілуін күтіп жатыр, олардың Үкімет органдарының да басты назарында тұрақты болуға тиістігіне мен сенемін.

Екіншіден, тегінде, Жолдауды бүкілхалықтық талқылаудың маңызды нәтижесі мен үшін еліміздің халқының кең жіктерінің мүдделі ынтасын тудырған тақырыптар шеңбері олардың күнделікті өмір проблемаларының шеңберінен шығып жатқаны болды.

Олардың арасынан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, әділетті әлеуметтік саясат – баспана проблемалары; жинақталған зейнетақы қаражатының үш деңгейлі жүйесі; балаларымыздың білім алуы және кадрларды қайта даярлау; сыбайлас жемқорлықпен күрес; агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту, сот жүйесінің қазіргі бет-бейнесі және т. б. жөнінде қойылған сұрақтар мен айтылған сындарлы ұсыныстарды атап өту қажет.

Іс жүзінде баршаны мазалайтын мәселе – тұрақтылықты қалай қамтамасыз ету керек, көршілерімізде болып жатқан келеңсіздіктерге қалай ұрынбау керек дейтін мәселе екендігін атап өтпеуге болмайды.

Ұсыныстар мен тілектердің барлығы біздің нақты жоспарларымызды қалыптастыру, іске асыру барысында ескерілетін болады.

Жалғастырылып, тереңдетіле түсуге тиісті кең ауқымды қоғамдық пікірталас қазақстандықтар өзінің ырыс-берекесін бүкіл ел әл-ауқатының және оның халықаралық беделінің өсуімен байланыстыратынын дәлелдеді. Қашандағыдай біз олардың қолдауына және қолға алынған шаруаға белсене қатысатындығына кәміл сене аламыз.

Үшіншіден, біз белгілеген қоғамдық жаңартулардың жоспарларын халықаралық саяси және іскер қоғамдастықтың соншалық мұқият зерттеп, бағалануы осы шығар. Қазақстанды жүйелік жаңғырту идеялары әрқилы халықаралық конференцияларда, соның ішінде Бостондағы Гарвард университеті жанындағы Джон Кеннеди атындағы Мемлекеттік басқару мектебінде және Азиялық қоғамның жазда Алматыда өткен конференциясында, сондай-ақ басқа да беделді форумдарда белсенді пікірталас туғызды.

Қадірлі депутаттар!

Қадірлі ханымдар мен мырзалар!

Өздеріңіз де білесіздер, Жолдау жарияланғаннан кейін біз көптеген әлемдік көшбасшылардың, халық-

аралық ұйымдардың жетекшілерінен және іскерлік дүниесінің өкілдерінен қолдау тауып, ұсыныстар алдық.

Мен олардың бәріне Қазақстанның болашағында осындай шынайы мүдделілігі үшін ризамын және Ресей Президенті Владимир Путинге, АҚШ Президенті Джордж Бушқа, экс-президенттер Джордж Буш үлкені мен Билл Клинтонға, сондай-ақ АҚШ конгресмендері мен сенаторларына, Франция Президенті Жак Ширакқа, Австрияның Федералды президенті Хайнц Фишерге, Испания Королі Хуан Карлос І-ге, Ұлыбритания Премьер-министрі Тони Блэрге, Корея Президенті Но Му Хенге, Жапония Премьер-министрі Дзюньитиро Коидзумиге тағы да алғысымды айтқым келеді, олардың кеңестері мен ұсыныстары бізге өте маңызды. Мен одан әрі жаңғырту идеясын достық көңілмен қолдаған баршаға ризамын, барлық есімдерді қазір тізіп шыға алмаймын, өйткені түскен хаттар саны орасан.

Біз, қазақстандықтар, өз бастамаларымызға осындай ықылас пен қолдауды бағалаймыз және мұндай ізгі жанашырлық даусыз табыстарымыздың арқасында танытылып отырғанын түсінеміз.

Қазақстан әлемге тек келешегі кемел әрі сенімді әріптес ретінде барған сайын қызықты бола түсуде. Халықаралық қоғамдастық бізден өңірлік және халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікке қатысты тиімді шешімдерді күтіп, біздің жетістіктерімізді қадағалап отыр.

Айта кету керек, Қазақстандағы тарихи жаңғыртулардың жаңа белесінің негізіне айналған бүгінгі табыстарымыз 1997 жылы-ақ басталған болатын. Сонда біз 2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын қабылдаған болатынбыз, ол біздің дамуымыздың жолын белгіледі және жаһандану дәуіріндегі Қазақстан миссиясы туралы мәлімдеді. Нақ сол кезде мемлекетті дамытудың ұзақ мерзімді 7 басымдығы айқындалды. Оларды дәйекті іске асыру сол кезде басталған либералдық жаңғыртуларды табысқа жеткізді. Оған қоса одан арғы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыртуға қажетті әрі жеткілікті алғашқы жағдайларды жасады. Жаңғыртудың басталғанын мен Қазақстан халқына Жолдауымда осы жылдың ақпанында жарияладымы.

2. Экономикалық, әлеуметтік және демократиялық жаңартуларды жарасымды ұштастыру – біздің стратегиямыз және Қазақстанның қазіргі дамуын жеделдетудің басты мәселесі

2030 жылға дейінгі Стратегияның қағидаларын орындай отырып, қазірдің өзінде біз көп нәрсені істей алдық және озық қарқынмен істей алдық. Мұны барлық қазақстандықтар көріп, сезіп отыр, мұны халықаралық қоғамдастық та мойындайды.

Президент Джордж Буш жолдау хатында: «Сіздің елдегі тұрақтылық пен өркендеу, өңірдің басқа елдері үшін үлгіге айналды», – деп атап өтті.

Әлем соңғы 15 жыл ішінде танымастай өзгергенін және көз алдымызда өзгеріп жатқанын да ескеру керек.

Осы заманғы сын-қатерлер елдер мен халықтардың саяси және рухани көшбасшыларын қоғамдық дамудың ең оңтайлы деген үлгілері мен стратегияларын іздеп, таңдауға мәжбүр етеді.

Қазақстан өз таңдауын жасап та қойды. Ал менің Жолдауымда баяндалған міндеттер мен Қазақстанның қоғамдық дамуының философиясы өзінің өміршеңдігі мен келешектілігін көрсетті. Олар қарапайым және баршаға түсінікті ғой деп ойлаймын.

Қазақстан осы заманғы әрі бәсекелес экономиканың берік іргетасына сүйене отырып, бостан адамдардың бүкпесіз, демократиялық және өркендеген қоғамын, құқықтық мемлекетін, халықаралық қоғамдастықтың қадірлі де жауапты мүшесін жасау жұмысын жүргізіп жатыр. Көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың маңызды белгілері мен дәстүрлері жарасымды ескерілетін мемлекет құрылуда.

Біздің жеделдете дамуымыздың қазіргі белестегі басты мәселесі – халқымыздың мүдделері мен еліміздің қауіпсіздігін ескере отырып, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық жаңартуларды жарасымды ұштастыру. Бұл ұштастыру тәуелсіздік пен дамуды нығайта түсу үшін саяси тұрақтылықты сақтауға тиіс.

Талай жылдар бойы Дүниежүзілік банкті басқарған Джеймс Вулфенсон маған: «Таяу уақыттағы басты мәселе Жолдауды іс жүзіне асыруда, бұл Қазақстан Үкіметіне жауапкершіліктің адам айтқысыз ауыр жүгін жүктейді», – деп жазыпты

Бүгін, 6 айдан соң, Жолдауды орындаудың алғашқы қорытындыларын бірлесе отырып шығаратын уақыт жетті.

3. Жолдауды экономика саласында іске асырудың нақтылы қорытындылары және таяу болашаққа жоспарларымыз: шикізаттық емес салаларды дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, ДСҰ-ға кіру

Экономика мәселелерінен бастайық, өйткені менің нық сенімім мынадай: дәрменсіз, тәуелді, осы заманға сай келмейтін экономика және қуатты орта тап болмайынша, ашық, бостан және өркендеген қоғам құру, өз азаматтарымыз тұрмыстың жоғары қалыбын жасау мүмкін емес.

Біз оған ұлт пен экономика бәсекеге қабілетті болғанда ғана, тек сонда ғана жете аламыз.

Осынау белесте негізгі басымдықтарымыз ретінде, өздеріңіз білесіздер, біз экономиканы жан-жақты әртараптандыруды, шикізаттық емес салаларды оздыра дамытуды, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды, ДСҰ-ға кіруді таңдап алдық.

Үкімет бекітілген 7 алғашқы кластерді құру жөніндегі тиісті қаулыларды қабылдап та қойды. Мен арнаулы «Оңтүстік» экономикалық аймағын құру туралы Жарлыққа қол қойдым, ол елдің тоқыма өнеркәсібін дамыту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

2005 жылдың басынан бері жүргізіліп жатқан индустриялық саясаттың аясында 64 жоба іске асырылды.

Жылдың аяғына дейін әрқилы 169 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Индустриялық-инновациялық стратегия күшіне кіргелі бері даму институттары жалпы сомасы 2 млрд доллардан асатын 103 инвестициялық жоба қаржыландыруды мақұлдады. Қазір іс жүзінде 1 млрд доллар тұратын 62 жоба қаржыландырылуда.

Қазір біз шағын және орта кәсіпкерліктің бастамашылығын арттырып, еркіндігін көбейтуге ұмтылып отырмыз. Біздің нақтылы іс-әрекеттеріміз мынадай.

Біріншіден, Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимін жақсартады. Қазір заң жобасы Сенат қарауында жатыр.

Екіншіден, Үкімет «Кәсіпкерлік туралы» және «Кәсіпкерлік мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын әзірлеуді аяқтап қалды. Бұл заң жобалары қысқа мерзім ішінде Парламентке енгізіледі, ал сіздер, қадірлі депутаттар, сол жобалар биылдың өзінде заңға айналуы үшін оларды қарауға барынша жауапкершілікпен кірісесіздер деп білемін.

Үшіншіден, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорына, жоспарланғанындай, бюджеттен 10 млрд теңге бөлінді. Бұл шағын инновациялық бизнестің дамуына да көмектесетіндігіне сенемін.

Төртіншіден, мемлекеттік кәсіпорындардың бейінді емес қызметтерін бәсекелес ортаға беру жөніндегі жұмыс жүріп жатыр. Қазірдің өзінде республи-

калық 19 мемлекеттік кәсіпорынды қайтадан құру туралы шешім қабылданды. Ал облыс әкімдеріне коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың 800-ден астам бейінді емес қызметтерін бәсекелес ортаға беру ұсынылды.

Стратегиялық тұрғыдан маңызды ұлттық компанияларға келсек, Үкіметтің жанындағы Экономикалық саясат жөніндегі кеңес мемлекеттік холдингтік компания құру тұжырымдамасын мақұлдады, оның басқаруына әуелгі бетте инфрақұрылымдық компаниялар беріледі.

«Аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің және ауыл аумақтарының дамуын мемлекеттік реттеу туралы» Заңды Парламент қабылдап, мен қол қойдым, ол елдегі агробизнестің ХХІ ғасыр нарығының ой-қисыны мен талаптарына сәйкес дамуына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жүйелі, ойластырылған, сонымен бірге жеделдетілген іс-әрекет қажеттігіне тағы бір назар аударғым келеді.

Бұл, атап айтқанда, мамандандыруға және отандық ауылшаруашылық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ерекше талаптар қояды. Оларға біз тек ауылшаруашылық шикізатын өндіру және өңдеудегі кластерлік бастамаларды іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландырғанда ғана сай келе аламыз. Жекеше сектордың назарын осыған аударып, кредиттер мен инвестицияларды нақ осыған тарту керек.

4. Қазақстанның энергетикалық саясатын одан әрі оңтайландыру және халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі еліміздің ролін нығайту

Біз Қазақстанның энергетикалық саясатын әзірлеп, іске асыруға және экономиканың арқаулық, жүйе құрушы саласын одан әрі дамытуға зор мән береміз.

Бірінші. Бізде Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, дәйекті іске асырылуда. Бұдан былайғы мұнай мен газ алудың өсімі ең алдымен Каспий айдынынан күтілуде, әлемдік мұнай өндірудің жалпы көлеміндегі оның үлесі таяудағы 10 жыл ішінде 2 есе көбеюі мүмкін.

Каспийдің қазақстандық секторындағы тұңғыш келісім-шарт аса ірі Қашаған кен орны бойынша жасалды, онда коммерциялық өнім өндіру 2008 жылы күтіліп отыр. Мына жайды атап өтуге тиістімін: биылғы жылдан бастап, «BG Group» компаниясы үлесінің 8 %дан астамын сатып алып, Қазақстан «ExxonMobil Corporation», «Agip KCO», «ConocoPhillips Inc.» секілді және басқа аса ірі трансұлттық компаниялармен қатар жобаның ортақ операторы ретінде әрекет ететін болады.

Биылғы жылдың шілдесінде Құрманғазы жобасы бойынша Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, «ҚазМұнайГаз» және «Роснефть» компаниялары арасында өнімді бөлісу туралы келісімге қол қойылды. Құрманғазы құрылымының ресурстарын

мамандар 980 млн тонна деп бағалайды. Каспий қайраңын игеру бағдарламасы шеңберінде басқа блоктар жөніндегі келіссөздер жалғастырылуда, ол қайраңда мұнай өндіруді Қазақстан таяу онжылдық ішінде жылына 100–150 млн тонна деңгейіне жеткізбек.

Мұнайға бай елдердің тәжірибесі мынаны ишаралайды: біз шикізаттық ресурстардың болу-болмауына қарамайтын өміршең экономика құрып алуға тиіспіз. Ол ол ма, мұнайға аса жоғары баға әлемдік экономика дағдарысына апарып соқтыруы мүмкін. Біз осы факторды ескере отырып, сауатты макроэкономикалық саясат жүргізуге тиіспіз.

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру 2010 жылға қарай-ақ бір күнде 2 млн баррель, ал 2015 жылға қарай 3 млн баррель мұнай экспорттауға мүмкіндік береді. Бұл орайда алынатын ілеспе газ көлемі жылына 100 млрд текше метрді құрайды.

Екінші. Қазақстан өзінің табиғи ресурстарын пайдаланудың ашық саясатын және Қазақстанда оның тәуелсіздігінен бері жұмыс істейтін трансұлттық компаниялармен ынтымақтастықтың айқын саясатын әрқашан жүргізіп келе жатқанын, алдағы уақытта да жүргізе бермек екенін атап көрсеткім келеді. Қазақстан Республикасы қол қойылған келісімдердің тұрақтылығын және сақталуын жақтайтынын дәлелдеді. Нақ осы жағдай бізге шетелдік инвестицияларды тартып, тұрақты өсіріп отыруға жақсы мүмкіндік берді.

Үшінші. Халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өзінің жаңа рөліне Қазақстан толық жауапкершілікпен қарайды.

Еліміздің географиялық және транзиттік артықшылықтарын дәйекті іске асыру маңызды деп санаймыз. Қуат көздерін әлемдік базарларға шығаруды шешпесек, біздің ресурстарымыз түкке тұрмайды.

Қазір олар Қазақстанның энергиялық ресурстарын әртараптандырып, олардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ірі инфрақұрылымдық жобалар қарқынды әзірленуде.

5. Жолдаудың әлеуметтік саладағы міндеттерін мерзімінен бұрын орындау және алдағы жұмыстың бағыттары

Қаңтардағы Жолдауда біздің осы нарықты базарлы экономика негізінде әлеуметтік бағдарланған мемлекет пен қоғам құрып жатқанымыз жайында айтылды.

Осыған байланысты соңғы жарты жылда қандай нақты қадамдар жасалуда?

Бірінші. Ең алдымен 1 шілдеден бастап 2007 жылға дейін есептелген әлеуметтік реформалар дестесі толық іске асырыла бастады.

Биылғы жылдың бюджетінде арқау етілетін лауазымдық жалақының өсуіне кепілдік берілген болатын, ол іске асырылды. Ең аз зейнетақы төлемдері 9200 теңгені құрады, ал орташа зейнетақы мөлшері арқаулық мөлшерді ескергенде 12 мың теңгеден асты.

Бюджет саласы мен мемлекеттік қызметшілердің жалақысы 32 %-ға өсті.

Екінші. Бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедектерге жәрдемақы көлемі арттырылды.

Үшінші. Соғыс мүгедектері мен қатысушыларына арнайы мемлекеттік жәрдем мөлшері арттырылды және Жеңістің 60 жылдығы күніне 30 мың теңге мөлшерінде бір реттік материалдық көмек көрсетілді.

Төртінші. Тұрғын үй мәселесі жеделдете шешілуде. Жұрттың ең аз қамтылған топтары үшін коммуналдық баспана салуға республикалық бюджеттен облыстарға 6,3 млрд теңге бөлінді. Азаматтардың осы санаты үшін 1,5 мың пәтер қазірдің өзінде салынып жатыр. Мұның үстіне, ипотекалық кредиттеу бағдарламасы бойынша қолжетімді баспана салу үшін әкімдіктерді кредиттеуге республикалық бюджеттен 42 млрд теңге бөлінді.

Тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асырудың арқасында елдің 1 млн-ға жуық азаматтары пәтерлі болады. Бүкіл ел бүгінде құрылыстың қызығына түсіп алды, баспана салудың қарқыны 2 есе артты.

Бесінші. Жинақталған зейнетақы қаражатының үш деңгейлі жүйесіне көшу және жеке адамды міндетті медициналық сақтандыру келешекте қартаң азаматтардың өмірін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді.

Алтыншы. 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.

Денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін ауруханаларды, балалар және босану ұйымдарын әлемдегі ең жақсы медициналық техникамен және медициналық қажетті бұйымдармен жарақтандыруға күш салынады.

Қазір ірі 13 денсаулық сақтау орындары салынууда. Биыл денсаулық сақтауға бөлінген шығын 2004 жылмен салыстырғанда 1/3 еседен астам өсті және оның ГЖӨ-дегі үлесі 2,7 % болды.

Жетінші. Макроэкономикалық саясатта еңбекке ақы төлеуді өсіруді, еңбек өнімділігінің өсуімен және елде инфляцияның өсу ықпалымен байланыстыра анықтау көзделеді. Бұл маңызды, өйткені кірістің өсуі ел халқының әл-ауқатын тек осы жағдайда нақты арттыратын болады.

Осылайша, бұл тұрғыдан мен барлық уәделерімді орындадым. Бірақ тағы да жоспарларым бар, олар да орындалады.

Менде саяси ерік-жігер жеткілікті, сіздер оны білесіздер.

6. Осы заманғы білім беру мен кадрларды қайта даярлау жолы – Қазақстанды жеделдете жаңғырту стратегиясы табысының шешуші факторы

Қазақстанды жаңғырту стратегиясының түпкі табысының шешуші факторы – осы заманғы білім, кадр даярлау мен қайта даярлау. Бұған ешкімнің көзін жеткізудің қажеті жоқ.

Бірінші. Студенттерімізді даярлауға жаңаша қарау қажет.

Өздеріңіз білесіздер, биылдан бастап, ЖОО-ның 3 мың үздік студенттері әлемнің жетекші университеттерінде оқып, өздерінің білім деңгейін көтеру мүмкіндігіне ие болады. «Болашақ» бағдарламасын іске асыруға қажет қаражат республикалық бюджеттен бөлінеді.

Біздің университеттерімізде – ҚБЭМИ мен ҚБТУ – халықаралық стандарттарға сай келеді.

Ал Қазақстанда оқуын жалғастыратындарға шетелдік таңдаулы профессорлар курстарын тыңдау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, Жолдауымда айтқандай, біз оларды Қазақстанға ұдайы шақырып отырмақпыз. Тек екі университетке – Қазақ және Еуразия ұлттық университеттеріне – осы мақсатта 2 млн доллар бөлінген.

ЖОО студенттері мен орта кәсіптік білім оқушыларына стипендия 2 есе арттырылды.

Биыл біз студенттерді әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралардың едәуір салмақты дестесін іске асыра бастадық.

Профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік өсуі мен қайта даярлануы үшін жаңа қолайлы жағдайлар жасалуда. Олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын да шешетін боламыз.

Қабілетті жас мамандарымыздың білімін барынша тиімді пайдалану мәселесін бүгінде-ақ қағидатты түрде шешу қажет деп ойлаймын.

Екінші. Өзіміздің ұлттық басқару мектебінсіз ісіміз алға баспайды, оны басқа елдерде бардың ең жақсы жақтарын алып қалыптастыру қажет. Бізде елдің болашақ көшбасшыларын даярлаудың, мысалы, Гарвардтағы не Вест-Пойнттағы секілді ойластырылған жүйесі болуға тиіс.

Нақ сондықтан мемлекет елді осы заман биігінен әрі жаһандық тұрғыдан ойлайтын менеджерлермен, ал экономиканы – жаңа білімдермен қамтамасыз ету үшін барған сайын көп қаржы жұмсап отыр.

2005 жылы білім беруге бөлінген қаржы 2004 жылмен салыстырғанда ширек көлеміндей өсті, ал оның ІЖӨ-дегі үлесі 3,9 %-ды құрайды.

Үшінші. Кәсіптік және мамандандырылған оқыту жүйесі бойынша осы заманғы мамандар мен қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау үшін жағдай жасау жөнінде біз бастаған жұмыс мемлекет тарапынан тұрақты назар аударып, қолдап отыруды қажет етеді.

Мұнай-газ саласы үшін кәсіптік даярлау және мамандар біліктілігін арттырудың алғашқы орталығы Атырау облысында жасалуда. Мен сол нысанда болдым, ол болашақтың кадрларын даярлау орталығы. Бұл тәжірибе экономиканың басқа салаларын да тарату үшін өте маңызды. Осы арада мен сондай-ақ кәсіпкерлеріміздің халықаралық еңбек бөлісіне толық мәнінде қамтылуының маңызды алғышарты ретінде ағылшын тілін оқыту үшін жағдай жасау туралы мәселені тағы да алға қойғым келеді.

Осыған байланысты мен айтқым келетін төртінші және ең соңғы мәселе. Осынау белесте осы заманғы білім беру мен кәсіптік даярлау жүйесін жасауда нақты белсенділікті тек мемлекет қана емес, іскер қоғамдас-тығымыз да көрсетуге тиіс.

Сондықтан Үкіметке де, Парламентке де таяуда құрылған Кәсіпкерлер кеңесінің қатысуымен біздің ірі бизнес үшін қосымша экономикалық та, қоғамдық та ынта-ықылас тудыруы қажет. Оның адами капиталға, яғни, іс жүзінде, өз болашағына инвестициясын көтер-мелеу қажет.

Осының бәрі – ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес еліміздің білім беру және кадрларды кәсіптік даярлау жүйесін түбірімен қайтадан құрудың біртұтас бағдар-ламасының бастауы ғана.

Үкімет бұл бағытта белсенді әрі осы заманғы талап-тарға сәйкес жұмыс істеуге тиіс.

7. Басталған саяси реформалар – Қазақстан демократиялық прогресі қарқынын жеделдету үшін сүбелі негіз

Ақпандағы Жолдауымда мен қоғамымызда демо-кратияны одан әрі дамытуға және мемлекетіміздің саяси жүйесін тиісінше жаңғыртуға бағдарланған бастамалардың тұтас топтамасын ұсындым. Нақты жұмыс, сондай-ақ кең ауқымды қоғамдық талқылау басталды.

Бүгін біз алғашқы, бірақ іс жүзіндегі маңызды нәти-желер туралы айта аламыз.

Биылғы мамырда мен «Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану туралы» Жарлыққа қол қойдым. Соған сәйкес әлеуметтік-экономикалық блок министрлерін, дипломатиялық өкілдер басшыларын, Есеп комитетінің төрағасы мен екі мүшесін тағайындау олардың кандидатурасын Парламенттің тиісті комитеттерінде алдын ала талқылағаннан кейін ғана жасалады.

Орталық сайлау комиссиясы сайлау заңдарын кемістіктерден арылту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп берді. Оларда, сайлау туралы Конституциялық заңға жақында енгізілген заңға өзгерістермен, толықтырулармен қатар, өңірлердің, министрліктер мен ведомстволардың, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың жаңа ұсыныстары ескерілген.

Атқарушы билікті реформалауға келсек, қазір Парламент қарауында мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді неғұрлым тиімді бөлуді көздейтін заң жобасы жатыр. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибені ескере отырып, жергілікті өзін-өзі билеудің оңтайлы жағдайын жасау үшін аталмыш мәселе бойынша қабылданып қойған шешімдерді талдау жүргізіліп жатыр.

Атқарушы биліктің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету шаралары қолданылуда. Сәуірде мен әкімдердің халық алдында есеп беруін реттейтін жарлыққа қол қойдым. Бұл жұмыс даусыз нәтижелер береді әрі жалғастырылып жатыр. Атап өту керек, барлық деңгейдегі әкімдердің есеп беруі

кезінде айтылған мәселелердің 80 %-ы қазірдің өзінде шешілді.

Тамызда біз ауылдық жердегі аудандардың эксперименттік сайлауын өткіздік. Қазірше олардың нәтижелілігін бағалау, әлбетте, ертерек, бірақ кейінірек олар әкімшілік реформаның осы бөлігіндегі жұмыс алгоритмін айқындайды.

Әділет министрлігі алқабилер соты институтының енгізілуін және қалыптасуын реттейтін заң жобаларын әзірлеп, Үкіметке енгізді, сот ісін жүргізу және сот шешімдерін атқару сатысында адвокатураның рөлін көтерудің шаралары қабылдануда.

Сот ісін жүргізуді оңайлату және оның әділдігіне қол жеткізу мәселелері қызу талқылануда. Өздеріңіз білесіздер, наурызда Парламентке «Соттылықтан ажырату мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы енгізілген болатын. Енді судьялар съезінің қорытындылары бойынша Жоғарғы сот өзінің жұмыс реті бойынша сол жобаны сіздермен бірге тиянақтап шығуға тиіс. Парламент оны осы сессия кезінде-ақ қабылдайтынына сенемін.

Өздеріңіз білесіздер, қазір Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның ұсынысымен Қазақстанда Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасының жобасы талқылануда. Бұл жұмыс аяқталуға таяу, оның нәтижелері II Азаматтық форумда талқыланады.

Менің Жолдауымда ойластырылған реформаларды белгілеу мен нақтылы іске асыруда үкіметтік емес

ұйымдар маңызды рөл атқаруға тиіс. Олар қазір-ақ азаматтық қоғамды дамытуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, демократиялық үдерістердің, қайырымдылықтың, білім берудің, т. б. дамуына өзінің сүбелі үлесін қосуда.

Осылайша, демократиялық реформаларда тек жарты жылдың ішінде қол жеткен нақтылы нәтижелер қандай айқын болса, қазақстандық қоғамда демократияны кеңейтудің жолдары бұдан былай қалай бағыт алатыны да сондай айқын.

8. Қоғамдық пікірталасты кеңейту және Демократиялық жаңартулардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асыру

Осының бәрі бүгінде маған Жолдауымның Жалпыұлттық демократиялық реформалар бағдарламасына қатысты қағидаларын талқылау және содан кейін жүзеге асыру жөніндегі бұдан былайғы шараларды ұсыну мүмкіндігін береді. Бұл бағдарлама 2006–2011 жылдарғы 6 жылдық кезеңді қамтиды. Ал оның практикалық атқарылуы негізгі екі белесте: 2006–2008 және 2009–2011 жылдары дәйекті жүзеге асырылатын болады.

Осынау бағдарламаның нақты өлшемдері кең қоғамдық пікірталас барасында кеңейтілуге, тиянақтылануға және іске асырылуға тиіс.

Халыққа Жолдаудың қағидаларын нақты тұрғыда дамыта отырып, қоғамымызда демократияны кеңейтудің мына бағыттарын ұсынамын, оларды біз қоғамымыздың барлық мүшелерінің қатысуымен

талқылауға, нақтылай түсуге және іске асыруға тиіспіз.

Бірінші. Біз жергілікті өзін-өзі басқаруды бұлжытпай дамытуға, орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында өкілеттіктерді ажыратуға тиіспіз.

Біз жергілікті өзін-өзі басқарудың нормативтік базасы мен «әлеуметтік тетіктерін» белсенді дамытып, арқаулық деңгейдегі әкімдердің өкілеттігін күшейтеміз.

Бюджетаралық қатынастардың жаңа, неғұрлым тиімді жүйесін қалыптастыру міндеті алдымызда тұр.

Мұның үстіне, бастапқы бетте біз мәслихаттардың өкілеттігін, әсіресе әкімдердің жұмысын бақылауды жүзеге асыруда айтарлықтай кеңейте аламыз. Барлық деңгейдегі әкімдер халық алдында жыл сайын өз жұмысының нәтижелері туралы есеп беруге тиіс.

Осы міндеттерге қол жеткізу үшін 2006 жылы жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң қабылдап, оны дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама әзірлеуіміз керек.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды тиімді ендіру үшін арнайы орган – Жергілікті өзін-өзі басқару істері жөніндегі комитет құру жайын ойластыруымыз керек болуы да мүмкін, оның жұмысына халықаралық ұйымдардың сарапшылары тартылады.

Екінші. Өкілді органдардың өкілеттігін кеңейту аясында біз парламенттің құқықтары мен бақылау қызметін, оның Үкімет пен өзге конституциялық

органдарды қалыптастыруға қатысуын күшейтеміз, Мәжіліс пен Сенат депутаттары санының ықтимал ұлғайтылуын қарастырамыз.

Үшінші. Әкімдердің сайланбалылығын ендіру орталықсыздандыру үдерісінің қисынды түйіні болуға тиіс, ол мемлекеттік билікті қалыптастырудың демократиялық тетіктерін нығайтады. Бұл қазақстандықтардың күнделікті өмірінің мәселелері туындап, шешіліп жататын жерде қоғамдық бақылау және есептіліктің қағидатты түрде жағдайын жасайды.

Төртінші. Саяси партиялардың рөлі мен функцияларын одан әрі нығайту, партиялық фракциялардың рөлі мен өкілеттіліктерін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау керек.

Бесінші. Үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіподақтардың қызметін халықаралық тұрғыда қабылданған демократия стандарттарына сәйкес одан әрі нығайту, дамыту үшін жағдай жасау керек.

Алтыншы. Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін жетілдіру.

Таяудағы 3 жыл ішінде мыналарды істеу қажет:

– сот ісі шеңберінде және сот шешімдерін атқару сатысында азаматтардың құқықтарына кепілдікті күшейту жөнінде кешенді шаралар қабылдау;

– биліктің сот тармағының тәуелсіздігін күшейту, сот әділдігінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін шаралар қабылдау;

– қамауға алуға санкция беру мәселелеріне соттың қатысу тәртібін кезең-кезеңімен енгізу;

– қылмыстық сот жүргізу ісіне алқабилер соты институтын енгізу және тиісті заңдар қабылдау және т. б.

Жетінші. Бұқаралық ақпарат құралдарын нығайтып, дамыту – елімізде сөз бостандығына кепілдік етудегі өзекті бағыттардың бірі.

Бұл үшін журналистер қоғамдастығының кәсіпқойлығын, тәуелсіздігін және кәсіптік шеберлігін барынша дамыту қажет. БАҚ бостандығына берілетін кепілдіктер сондай-ақ олардың Конституция мен заңдар талаптарын сақтауға жауапкершілігін де көздеуге тиіс.

Сегізінші. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасын жасау және есеп беру мен мемлекеттік органдар жұмысына қоғамның барлық деңгейінде қоғамдық бақылауды күшейту үшін нақтылы шаралардың жүйелі топтамасын дәйекті іске асыру туралы.

Соңғы айларда біз не тындырдық?

Биылғы сәуірден бастап Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың кешенді жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған Жарлық іске асырылуда. Сол Жарлықты іске асыру аясында биыл сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006–2010 жылдарғы мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін болады. Оның негізгі идеясы – жемқорлыққа қарсы күрестің көп деңгейлі ұлттық жүйесін жасау. Біз бұл жұмысты мынадан бастадық:

– мамырда «Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі туралы» Жарлыққа қол қойылды, онда мінез-

құлықтың мемлекеттік билік органдарының беделін көтеруге бағытталатын негізгі этикалық нормалары бекітілді;

– шілдеде мен «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойдым, оған сәйкес жемқорлық қылмыс пен құқық бұзушылық үшін жаза қатайтылады;

– Астана мен Алматыда «бір терезе» қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру жұмысы басталып, оған республикалық бюджеттен 500 млн теңге бөлінді. Астанадағы орталықтардың бірі мамырда өз жұмысын бастап та кетті.

Біз тындырған істерге қоса мыналарды жасау қажет:

– жекешелендіру үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету, салық саясаты, жер қойнауын пайдалану және жер қатынастары саласында шешімдер қабылдау;

– ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ жеке меншік компаниялардың мөлдірлігін қамтамасыз ететін заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

– «бір терезе» принципі бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарын Қазақстанның барлық өңірлерінде құру.

Мен қоғамдық ұйымдарды осы жұмысқа қосылып, толық есеп беру мен мемлекеттік органдарға кең қоғамдық бақылау орнатылуын қамтамасыз етуге шақырамын.

Бұлар талқылауға және кейін іске асыруға ұсынылған «Демократиялық реформалардың

жалпыұлттық бағдарламасының» негізгі қағидаларының кейбіреулері ғана. Бұл Бағдарлама кеңейтілуге, нақтылануға, қажет болған жағдайда өзгерілуге тиіс. Ол «халықтық сараптамадан» өтуге, қоғамымыздың басым бөлігінің қолдауына ие болуға тиіс дер едім. Сондай-ақ дамыған демократиялы елдердегі достарымыздың тәжірибесі мен ақыл-кеңестерін ескеру қажет.

Көріп отырсыздар, алда ауқымды да қауырт жұмыс тұр. Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия таяу уақытта пікірталастар қорытындысын қорытып, соның негізінде Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасының заңдық нобайлары туралы ұсыныстар топтамасын даярлауға тиіс.

Сондай Бағдарламаны қабылдау мейлінше сарабдал болуды қажет етеді. Бұл жұмыс мемлекеттілігіміздің және қоғамның тұрақты дамуының тағдырына ықпал етеді.

Сондықтан мен өзімнің төрағалығыммен Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құруды жоспарлап отырмын. Оның құрамына Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді. 2006 жылдың маусымында комиссия нақты ұсыныстарын беруге тиіс.

Біздің экономикалық табыстарымызға сондай терең демократиялық өзгерістер ғана сәйкес келе алады.

Басқа пікірлер де, соның ішінде осы залда отырғандардың басқа пікірлері де бар екені белгілі. Кейбіреулер өңірдегі жағдай тұрақтағанша күте тұру керек, біз әлі даяр емеспіз, халық «пісіп-жетіле қойған жоқ» деген кеңес береді. Енді біреулер демократиялық жаңартулар біз үшін көкейкесті емес, өйткені бұл қоғамды тұрақсыздандыруға соқтырып, дамуымызды тежейді, тіпті батыс демократия деп санайтын демократия біздің қоғамның «дәстүрлеріне» сәйкес келмейді деп санайды. Бұл пікірлерді де, басқаларын да байыпты қарастыру керек.

Иә, бізде демократиялық дәстүрлер орныққан жоқ, сондықтан бізге «байқастау мен қателіктер» әдісімен алға ұмтылуға тура келеді. Бұл оңай жол болмайды. Мұны біз білеміз. Біз осының оңайға түспейтін тарихи жаңартуларды еліміздің болашағы үшін қазақстандықтарды бұрынғыдан да біріктіре түсеміз деген үмітпен жасауға тиіспіз.

9. Қазақстандағы жеке меншік институтын нығайту және қоғамда келісімшарттық қатынастарға кепілдік беру үшін арнайы шараларды қабылдау – қоғамдық өмірді жеделдете жаңғырту кілті

Біздің экономикалық және әсіресе саяси бағдарламаларымыздың табысы елдегі қалыптасып келе жатқан орта тап өкілдерінің, меншік иелерінің еңсесін көтере түсуге қатысты. Дамыған демократия елдерінде нақ осылай етіледі, сондықтан ол елдер билікке кім келіп жатса да былқ етпей тұра береді. Міне сондықтан мен

елде орта және шағын бизнесті дамытумен ұдайы айналысамын. Біз талай шаруа тындырдық, бірақ бұлар тек істің басталуы ғана. Біз демократияландыру туралы айтқанда, осы мәселелерді бір-бірімен байланыстыра білуге тиіспіз.

Осыған байланысты мен Қазақстанда жеке меншік институтын нығайту және келісімшарттық қатынастарға кепілдік беру секілді іргелі мәселелер бойынша түпкілікті әрі кері қайтпайтындай шешім қабылдауды қалаймын, Қазақстанның жан-жақты жаңғыруының кілті нақ солар екендігіне күмән жоқ.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономикада мемлекеттік меншік үстем болды. Нарық қатынастарын дамыту үшін заңдық арқау мүлдем болмады. Ол кездегі заңдар жеке меншік және кәсіпкерлік қызмет десе-ақ жазалай жөнелуге бейім тұратын.

Сұмдық тауар тапшылығы, гиперинфляция, тұрмыстың күрт нашарлауы қоғамдық пікірде де, ел халқының басым бөлігінде де жеке меншікті жағымсыз етіп көрсете түсті.

Облыстарда көптеген бизнесмендермен кездесе жүріп, менің басыма мына бір ой орала беретін: осы жылдарда мен жүргізген табанды да дәйекті саясат меншік иелерінің тұтас бір шоғырының, әсіресе жастар шоғырының пайда болуына жағдай туғызған екен. Мен текке еңбек етпеймін. Осыны мақтан тұтамын. Турасын айтайық, меншік адамға шын бостандық сезімін береді, сонымен қатар қоғам алдындағы жауапкершілікті ерекше сезіндіре түседі.

Бүгінде өнеркәсіп өнімінің 85 %-ын жекеше сектор өндіреді, онда жұмыс істейтін жұрттың 60 %-ынан астамы еңбек етеді. Шағын және орта бизнес дамып келеді. Орта тап қалыптасуда, онсыз жаңғырту үдерісі тіпті де жүрмес еді.

Сондықтан қазір басты мәселе меншігі бар және өзінің сындарлы әлеуметтік мүдделерін түсінетін орта таптың дамуын енді кері кетпейтіндей әрі тұрақты етуге келіп тіреледі.

Жеке меншік институтын біздің Конституциямыз қорғайды. Алайда қазірше ондағы тиісті бап осы институтты қадірлеудің батыс елдеріне тән ғасырлар бойғы дәстүрлері мен келісімшарттық құқықты іске асыру тәжірибесі тұрмағанын ұмытпайық. Мысалы, кәсіпорынның немесе жекелеген азаматтың тағдырын заң емес, шенеунік шешетіндей шетін жағдайларды жойған. Меншік иесін және оның меншігін мемлекет те, азаматтық қоғам да қорғауға тиіс.

Бұл адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берудің де, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамытудың да негізін қалауда. Сондықтан, біріншіден, мен жеке меншік және келісімшарттық қатынастар институтын заңдық тұрғыдан тиянақты шараларын әзірлеуді ұсынамын. Бұл арада кәсіпкерлер қызметімен байланысты жүйелік қағидаттар мен көзқарастарды бекітетін кәсіпкерлік саласындағы бірыңғай заң үлкен орын алуға тиісті. Жеке меншікті және келісімшарттық құқықты заңдық тұрғыдан тиянақты

дауларды тәуелсіз қарауды да, арбитраждық рәсімдер жүйесін де қамтуға тиіс.

Екіншіден, қоғамның барлық мүшелерінің жеке меншік институты мен келісімшарттық қатынастарға құрметпен қарауын тәрбиелеудің жайын да ойластыратын уақыт жетті. Қазақстанды одан әрі жаңғырту қоғамда да жекеше заңдық тұлғалар мен азаматтар арасындағы адал қатынастарды қамти отырып, келісімшарттық қатынастар мәдениетін қалыптастыруды да қажет етеді.

Көптеген ұлттардың табысқа жетуіне нақ осы жағдай жәрдемдесті.

Қазақстанда жеке меншік институтын орнықтыру және қоғамда келісімшарттық қатынастарға кепілдік беру үшін арнайы шаралардың қабылдануы алға қарай алаңдамай адымдауымызға жақсы жағдай жасайды.

10. Қазақстан халықаралық терроризмнен, экстремизмнен, есірткі тасымалымен, СПИД-тің таралуымен күресіндегі, өңірде және әлемде тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту жолындағы майданның алғы шебінде.

Бүкіл әлем – біздің жауапты, сарабдал және теңестірілген саясатымыздың куәсі, оны Қазақстан халықаралық және өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде кеңінен көрсетіп келеді.

Өзіміздің сыртқы саяси басымдықтарымыз туралы кейінгі кезде менің талай рет айтуыма тура келді. Біздің басымдықтарымыз бұлжымайды.

Саперлік отрядымыздың Ирак халқына көмек көрсетуін жалғастыруы туралы мәселені қарағанда біз нақ осы көзқарасты басшылыққа аламыз. Халықаралық коалицияға қатысушылардың саны кейінгі кезде азайып келе жатса да, біздің отряд онда адамдар өмірін сақтау мақсатында қалып отыр. Біз өзіміз үшін Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының, Шанхай ынтымақтастық ұйымының белсенді мүше болу, таяу көршілерімізбен ынтымақтастық пен кірігуді дамыта беру қағидатын тап солай маңызды санаймыз.

Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту біз үшін басым бағыттар. Сондай-ақ Азияның және Таяу Шығыстың негізгі елдерімен де қарым-қатынасқа үлкен мән беріледі.

Қазақстан ядролық тежеуге, халықаралық терроризмнен, діни экстремизмнен, есірткі саудасымен және басқа да осы заманғы қатерлермен күреске бағытталған кең көлемді халықаралық ынтымақтастықтың белсенді жақтасы болды және солай қалып отыр. Бұл біздің ұлттық мүдделерімізбен де үндес.

Алайда мен бүгін біздің өңірдің тұрақтылығына, қауіпсіздігіне және орнықтылығына қатысты басқа елеулі проблеманы баса айтқым келіп тұр. Өздеріңіз білесіздер, халықаралық қоғамдастық Қырғызстан мен Өзбекстанда болған оқиғаларға аса қатты алаңдай отырды.

Осынау жарылысқа жеткізердей жанжалдардың негізгі себебі жылдар бойы қордаланған ішкі

әлеуметтік-экономикалық проблемалар екенін мойындамасқа болмайды. Қазақстан ондай дүрбелеңдерден экономиканы дамыту және халықтың әл-ауқатын арттыру, конфессияаралық, ұлтаралық және мәдениетаралық татулықты сақтау жөніндегі жүйелі саясаттың арқасында аман қалды.

Сонымен бірге, бүкіл орталықазиялық өңірде тұрақтылық пен өркендеуді сақтау біздің елдің де, халықаралық қоғамдастықтың да мүдделеріне сай келеді десем, сіздер менімен келісесіздер ғой деп ойлаймын. Мен осы жылдың ақпанында мәлімдеген орталықазиялық кірігу бастамасы міне сондықтан туындаған-ды. Бұл арада ешқандай қазақстандық «көзге түсу» ниеті немесе көшбасшылыққа ұмтылған өр кеуделік жоқ. Бұл біздің өңірде тұратын бауырлас халықтардың ұзақ мерзімдік мүдделеріне сай келеріне сенемін.

Орталықазиялық мемлекеттердің одағын құру идеясы халықаралық тұрғыдан оңды қолдау тапты. Осыған байланысты менің Жолдауым жайындағы хатында француз көшбасшысы Жак Ширак: «Менің елім, өзіңіз білетіндей, еуропалық мемлекеттер одағының негіз қалаушы мүшелерінің бірі ретінде Сіздің орталықазиялық мемлекеттер одағы жобасын тек қолдай алады», – деп атап өтті.

Таяу арада, айдың аяғына қарай ғой деймін, Орталықазиялық мемлекеттер одағының тұжырымдамасы әбден тиянақталып, қаралып, келісу үшін өңір мемлекеттерінің басшыларына жіберіледі. Осынау одақтың

негізгі идеялары қабылданып, қолдау тапса, бұл бүкіл өңіріміздің тұрақты да орнықты дамуының маңызды факторына айналады деп білемін.

11. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге өтінімі – біздің жеделдетілген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыртуға дәйекті бағытымыздың, халықаралық және өңірлік тұрақтылықты, қауіпсіздікті, дамуды қамтамасыз етуге жауапты да салмақты көзқарасымыздың көрінісі

Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге ұмтылысын өз басым біз таңдап алған қоғамдық стратегия мен елді жан-жақты жаңғыртуға бағыт алған жолдың көрінісі деп қараймын. Біздің бұл ниетімізде саяси конъюнктура да, әдетте айтыла беретіндей, «өзін көрсетіп қалуға» тырысушылық та жоқ.

30 жылдық тарихының ішінде ЕҚЫҰ проблемалардың кең ауқымы бойынша халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету жөніндегі бірегей әлеуетін талай рет растап бере алды.

Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ-ның 1992 жылдан қатысушысы, біздің еліміз Хельсинки қорытынды актісінің міндеттемелерін мойнына ерікті алған ел. Біз ЕҚЫҰ-ға қазақстандық мемлекеттіліктің қаз тұруының күрделі кезеңіндегі тиімді көмегі мен қолдауы, демократиялық институттарды дамытудағы, азаматтық қоғам негіздерін қалыптастырудағы жәрдемі үшін

ризамыз. Біз ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық қарқынын бұдан былай да үдете түспекпіз, оны еліміздің ең жоғары ұлттық мүдделеріне сай келетін ынтымақтастық деп қарастырамыз.

Мен мынаған кәміл сенемін: толеранттылықты, бейбітшілікті және тұрақтылықты, еуропалық белгілері де, азиялық дәстүрлері де бар қоғамда конфессия-аралық және ұлтаралық татулықты нығайту жөніндегі Қазақстан жинақтап үлгерген бірегей тәжірибе ЕҚЫҰ-ның осы заманның саналуандығы және ашық демократиялық қоғам құрудың әрқилы жолдары туралы өз түсінігін неғұрлым толықтыра түсуіне көмектеседі.

Бұл ЕҚЫҰ-ның осы заманғы басты қатерлер мен сес көрсетулерге неғұрлым серпінді де лайықты жауап қатуына мүмкіндік берер еді.

ЕҚЫҰ төрағалығына біздің ниетімізді мен Қазақстанның ішкі де, сыртқы да саяси мақсаттарына және ең бастысы – ЕҚЫҰ-ның ХХІ ғасырдағы рөлін нығайту мен дамытуға сай келетін жүйелік міндет деп қарастырамын.

Таяуда Қазан қаласында өткен ТМД саммитінде Қазақстанның 2009 жылы ЕҚЫҰ-да төрағалық ету ниетін Достастық мемлекеттерінің көшбасшылары да қолдағанын айта кетуге тиіспін. Біз бұл қолдауға ризамыз.

Осыған байланысты Президент Әкімшілігіне ЕҚЫҰ-да төрағалық етуіне дайындықтың кешенді бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын, онда Үкіметке, мүдделі министрліктер мен ведомстволарға оны

жүзеге асыру жөніндегі тиісті міндеттер жүктелетін болсын. Сондай-ақ бұл тақырып Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның да бұдан былайғы қызметінде басым орын алады деп үміттенемін, Комиссия ЕҚЫҰ өкімдерімен пікірталастар және кездесулер өткізудің негізгі орны болуға тиіс.

Әлбетте, біз ЕҚЫҰ шеңберіндегі үдеріске белсене қатысушы ретінде өзімізге алған міндеттемелерді растауға тиіспіз.

Парламент Мәжілісіне тез арада адам құқықтары мен бостандықтары бойынша іргелі халықаралық-құқықтық құжаттарды – «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» және «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Пактілерді ратификациялауға кірісуді ұсынамын. Оны басым міндетіміз деп санаңыздар. Естеріңізге салайын, Қазақстанның оларға қосылатыны туралы Жарлық 2003 жылы шығарылған болатын.

Осы тақырыптағы ойымды жинақтай мен мынаны айтқым келеді: Қазақстан өз жерінде ЕҚЫҰ басшылығымен толеранттылық, дінаралық төзімділік, қоғамдық және ұлтаралық татулық мәселелері бойынша халықаралық форум өткізуге дайын әрі бұған қуанышты болар еді. Бізде сондай оң тәжірибе қазірдің өзінде бар, оның қатарына Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі саммитінің, Әлемдік және дәстүрлі діндері көшбасшылары I съезінің ойдағыдай өткізілуін, II съезді даярлау жөніндегі ұйымдастыру

комитеті жұмысының лайықты ұйымдастырылуын, сондай-ақ Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдық жұмыс тәжірибесін жатқызуға болады. Осының арқасында Қазақстан, БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанның сөзімен айтқанда, «басқа мемлекеттер үшін ұлтаралық татулықтың, тұрақты, орнықты дамудың үлгісіне айналды».

Қадірлі депутаттар, Үкімет мүшелері! Ханымдар мен мырзалар!

Сонымен, біз сіздермен бірге елді жан-жақты жаңғырту мен демократияландыру стратегиясын іске асыру жөніндегі жұмыстың алғашқы нақтылы нәтижелеріне баға бердік, таяу болашаққа ең ділгер міндеттерімізді белгіледік. Біз ілгерілеудің дұрыс бағытын таңдап алдық және нақты іске қарқынды кірістік.

1990-шы жылдары елден кеткендердің талайы қазір қайта көшіп келіп, осында біржола қалып қойып жатқанына назар салайық. Бұл біздің айдан анық табыстарымызды, Қазақстанды экономикалық, әлеуметтік және саяси жеделдете жаңғыртуға ұстанған бағытымыздың дұрыстығы мен тиімділігін көрсетеді.

Қазіргі ең бастысы – экономикада да, әлеуметтік өмірде де, саясатта да, демократияны кеңейтуде де сол ілгерілеу ырғағын сақтау. Қанеки, келіңіздер, сол күнге тезірек жету үшін бәрін де істейік. Барша қазақстандықтарды, барлық саяси күштерді осы мақсат жолында бірігуге шақырамын.

Сөзімді аяқтай келіп, мен тағы мынаны айтпақпын. Бірнеше күннен кейін сіздер, қадірлі депутаттар, мем-

лекет басшысы сайлауын өткізу мерзімі туралы шешім қабылдайсыздар. Сол сәттен бастап елде іс жүзінде «президент жарысы» басталады. Бұл бізді алдымызға қойған, міндетті түрде жететін басты мақсаттан алаңдатпауға тиіс екеніне кәміл сенемін.

Сіздер білесіздер, мен әрқашан идеялардың, саяси жобалардың, көпшілік алдындағы қызу айтыстың Конституция мен заңдар шеңберінде өтетін ашық та әділетті бәсекесінің жақтасымын. Қазақстандықтар іс-әрекеттердің айқын да салмақты стратегиясы және соны іске асыра алатын пікірлестердің топтасқан командасы бар көшбасшыны жақтап дауыс беретініне күмәнім жоқ.

Мемлекет басшысы ретінде мен өз міндетімді көріп отырмын және алдағы сайлау барынша еркін, адал және мөлдір болуы, нәтижесі қазақстандықтардың да, халықаралық қоғамдастықтың бойында да титтей де күмән туғызбауы үшін қажет нәрсенің бәрін істеймін.

Қадірлі депутаттар!

Конституция негізінде сайланған, бірнеше күн ғана бұрын 10 жылдық мүшелтойын атап өткен кәсіби Парламентіміз жұмыс істей бастағалы 10 жылдай уақыт өтті.

Тарих үшін бұл жылдар қас қағым сәт болса, туған Қазақстанымыз үшін 100 жылға татитындай белестерді айқындайтын тұтас тарихи дәуір.

Даму жолындағы кез келген қадамымызды бастағанда біз әрқашан, ең алдымен, тұрақтылық пен

халықтың бірлігін есте ұстадық. Соның арқасында біз зор табыстарға жеттік және халықаралық қоғамда беделге ие болдық. Мұндағы ел Парламентінің ерекше еңбегін атап өткім келді.

Біз шыққан шыңдар қаншалықты биік десек те, алдағы асулар да соншалықты көп. Сіздер тек өткен сессияда 78 заң қабылдасаңыздар, алдағы жұмыс одан кем еместігі айдан анық, өйткені Парламент портфелінде әлі 50-ден астам заң жобалары жатыр. Мен солардың арасынан сіздердің Жолдау бойынша елді кең ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыртуға бағытталған заңдарға ерекше көңіл бөлгендеріңізді қалар едім.

Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуіне, әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа және бюджеттің дер кезінде атқарылуына бағытталған реформалардың нәтижесі сол заңдардың сапасына қатысты екенін әрқашан есте ұстау қажет.

Бұл міндет абыройлы орындалатынына сенемін. Қазақстанның өркендеуі жолындағы қызметтеріңізде табыс тілеймін.

«Отан» Республикалық саяси
партиясының кезектен тыс VIII съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 9 қыркүйек

**Қадірлі съезд делегаттары мен қонақтары!
Қадірлі достар!**

Ең алдымен мен осы залға жиналғандардың бәріне, барлық «отандықтарға» сіздер дайым жасап келген және жасап отырған қолдау үшін алғыс айтқым келеді. Сіздер маған әрқашан сенімді тірек болып келдіңіздер және мен мұны риясыз бағалаймын.

Бүгін мен 1998–1999 жылдарды еске аламын... Мен мемлекет басшысы лауазымына сайлауына дауысқа түскем. Қоғамдық комитет барлық сындарлы күштерді топтастырып, реформалар жолын қолдауға шақырған

уақытты еске аламын. Сөйтіп 1999 жылы 1 наурызда «Отан» партиясы дүниеге келді...

Ол бір қиын кезең еді. КСРО-ның ыдырауынан өрбіген аса терең дағдарыстың салдарларын әрең еңсеріп, құрылымдық реформаларды қиындықпен жүргізе алып, соның нәтижесінде 1997 жылға қарай тұңғыш рет ішкі жалпы өнімнің 2 % деңгейінде өсуі байқалған сол тұста біз кері кетудің нақты қатері алдында тұрдық.

Елге әлемдік қаржы дағдарысының бейберекеттік былығы төніп тұрды. Жаһандық экономика Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең ауыр құлдырауды бастан өткеріп жатты. Тек 1998 жылдың өзінде, сарапшылардың есебі бойынша, әлем экономикасы 600 млрд доллардан астам шығынға ұшырады. Дағдарыс бүкіл Оңтүстік-Шығыс Азияны, Латын Америкасын, тіпті 1998 жылы қасіретті дефолт болған Ресейді де жайлады. Қаржы базарларының күйреуі, төлемдердің тоқтап қалуы, кәсіпорындар мен банкілердің банкрот болуы, тауар айналымының азаюы, орасан зор бюджет тапшылығы, миллиондаған адамдардың жинақ ақшаларынан айрылуы, мемлекетке сенімнің жоғалуы... Дағдарыс жайлаған елдерде біз алаңдай, жан ауырта байқаған жайлар осылар. Әрі ең басты қауіп мынада еді: әлемдік дағдарыс тек ұлттық экономикамызды ғана емес, бекімеген мемлекеттілігіміз бен тәуелсіздігімізді де күйрете алатын еді.

Мемлекет басшысы ретінде мен алдын алатын жұмылдыру шараларымен бас қатыруға мәжбүр болдым. Ең алдымен біз экономиканың қаржылық

дағдарыстан қорғалуын қамтамасыз еттік және бір мезгілде нарықтық қайта өзгерту жұмыстарын жалғастыра бердік. Үкіметтің жанында Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құрып, бюджеттік саясатты қатайттық, банк жүйесінің сенімділігін арттырдық, инфляцияға қатаң бақылау орнаттық, азаматтар салымдарын сақтандыруды енгіздік. Мұнан басқа, экономикалық өндірісті дамытуға, ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, қосымша жұмыс орындарын жасауға, кәсіпкерлікті көтермелеуге, инвестициялық ахуалды жақсартуға қам жасадық. Бұл орайда біз күйіп тұрған күнделікті проблемаларды шешуге тырысып қана қойған жоқпыз, «Қазақстан – 2030» стратегиясында өзіміз белгілеген жаңа ұзақ мерзімді өсім үрдісін бекітудің жайын ұмытпадық. Сондай ұзақ мерзімді құжатты қабылдау Қазақстан үшін елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлаудағы жаңа белес болып шықты. Ол кезде көп адам біздің қиындықты еңсеруге шамамыз келетініне сенбеді.

Стратегияның мақсаттары мен міндеттері құр қиял секілді көрінді... Содан бері қауырт жұмысқа толы жылдар өтті. Бұл жылдарда біз орта мерзімді стратегиялық жоспарлар мен бағдарламалар аясында айқын басымдықтар бойынша жұмыс істедік. Енді бүгін қолымыз жеткен нәтижелер өздігінен-ақ сайрап тұр.

Өткен 7 жыл нақты даму кезеңі болды. Нақ сол жылдарда біздің экономикалық өсуіміз бен әлеуметтік прогресіміз кең құлаш жая алды. Өткен 7 жыл ішінде экономика өсуінің жылдық қарқыны жылына 9–10 % деңгейінде болуы ІЖӨ көлемін 75 % ұлғайтуға

мүмкіндік берді. Мемлекеттік бюджетке түсім көлемі 3,5–4 есе ұлғайды.

Сыртқы сауда айналымы 4 есе өсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ 3 есе артып, 1999 жылғы 1130 доллардан 2005 жылғы 3440 долларға дейін ұлғайды.

Қазақстандықтардың ақшалай кірісі 2005 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 3 есе өсті. Орташа айлық жалақы, зейнетақы, стипендия 3 есе дерлік ұлғайды. Жеке тұлғалардың банкілердегі депозиті 18 есе көбейді. Денсаулық сақтауға бөлінетін қаржы 4 есе, ғылым мен білім беруге бөлінетін қаржы 3 есе өсті. Бұл өткен екі жыл үшін жаман нәтиже емес және бұдан былайғы жұмысқа лайықты негіз деп ойлаймын.

Бүгінде мен осыдан 7 жыл бұрын мен уәде еткеннің бәрі мерзімінен бұрын орындалды деп сеніммен айта аламын. Қазақстан дербес, серпінді дамып келе жатқан мемлекет ретінде, әлемдік қоғамдастықтың тең құқықты мүшесі ретінде орныға алды.

Еліміздің бүгінгі табысы – барлық қазақстандықтардың жеңісі. Көбіне көп бұл «Отан» партиясының тікелей еңбегі, ол партия әу бастан, реформалардың ең алғы шебінде жүруге ұмтылып, жаңа идеяларға жан беріп, менің ұстанған жолыма сенімді тірек болды, елдің саяси өміріне белсене қосылды. Өткен жылдар ішінде партия өзінің бір сәттік нәтижелер үшін емес, ұзақ мерзімді, жемісті жұмыс үшін құрылғанын дәлелдей алды. Нақ «Отан» партиясы Парламентте қуатты центристік блок құрған күшке айналды. Нақ сіздер реформаларды жүргізу үшін аса маңызды заңдарды

қабылдау үшін өте дәйекті күрестіңіздер. Адамдарға қандай да бір шешімді қабылдау неліктен қажет екенін түсіндіру дайым оңай бола қойған жоқ. Бүгін мен сол қиын сында сағы сынбаған, ауыр ахуалда табанды еңбегімен елдің еңсесін көтеруге көмектескен баршаңызға алғысымды айтқым келеді.

Мен ең ауыр жылдарда маған сене білген барша қазақстандықтарға разымын. Бірлік пен татулық бізге ең аз уақыт аясында басқа елдерде ондаған жылдар жұмсалған жетістікке жетуге жағдай жасады.

Алайда уақыт бір орнында тұрмайды. Біз әрқашан жаңа мақсаттарды алға қойып, ілгерілей беруге тиіспіз. Енді біз жетістіктеріміздің әлеуетін дамудың қуатты энергиясына айналдыруға, өмір алдымыздан тосатын жаңа сынақтар мен қатерлерге лайықты қарсы тұруға тиіспіз. Мен үшін өркендеген, күшті Қазақстан – өзім бастаған жаңартулардың бар мақсаты мен мағынасы. Сондықтан, өздеріңіз білесіздер, ақпандағы Жолдауымда мен қоғамымызды жеделдете жаңғырту бағдарламасын ұсындым.

Бағдарлама қазірдің өзінде орындалып жатыр, оның алғашқы қорытындыларын мен жаңа парламенттік сессияның ашылуында баяндап бердім. Сол бағдарламада қоғамымыздың саяси жаңғыртылуы мәселелеріне ерекше назар аударылған. Соған байланысты мен Жалпыұлттық демократиялық жаңғыру бағдарламасын ұсындым. Ол кең ауқымды қоғамдық пікірталастарда айтылғандарды ескереді, оған бастау

болған саяси реформалар бағдарламасын мен бытырғы маусымда «Отан» партиясының VII съезінде ұсынғанмын. Менің барлық бастамаларым «Қазақстан жолы – 2009» партиялық бағдарламасына енді және сіздердің қолдауыңызбен іске асырыла бастады.

Енді жаңа Жалпыұлттық бағдарламада біз алға ұмтылып, саяси ырықтандырудың күретамыр бағыттарын дамыта, тереңдете түстік. Мен осы бағдарламаның орындалуына кепілдік беремін және өздеріңізге белгілі, өз төрағалығыммен Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құрмақпын. Бүгін мен елдің барлық саяси күштерін Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын талқылауға және Мемлекеттік комиссия жұмысына белсене қатысуға шақырамын.

Қадірлі съезге қатысушылар!

Саясатта ілгерілей түскеніміз секілді, экономикада да ілгерілей түсуге тиіспіз. Екінші онжылдықтың басталуына қарай біз қазақстандықтардың тұрмысын жақсартта түсу үшін қажетті жағдайдың бәрін жасауға тиіспіз. Қазақстан әлемнің халық тұрмысының осы заманғы озық стандарттарына сай болып отырған 50 мемлекетінің қатарына қосылуға тиіс.

Бәрінен бұрын біз барлық қазақстандықтардың лайықты өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасауға және әл-ауқаттың тұрақты деңгейіне қол жеткізуге тиіспіз. Біз жан басына шаққандағы ІЖӨ-ні 2,5 есе өсіреміз – 2005 жылғы 3400 доллардан 2012 жылы

8–9 мың долларға дейін ұлғайтамыз. Экономиканың өсуінің жоғары қарқыны сондай мақсат қоюымызға мүмкіндік береді. Екінші онжылдықтың басталуына қарай ел халқының кірістерін жалпы алғанда 2 есе-лейміз. Орташа айлық жалақы 2 есе өсіп, 70 мың теңгеге дейін көтеріледі. Әлеуметтік жәрдемақы мен студенттер стипендиясы 2–2,5 есе артады. Азаматтардың жинақталған зейнетақы қаражаты 2012 жылға қарай 1 трлн дерлік теңгеге жетеді. Бұл орташа айлық зейнетақы көлемін 1,5–2 есе көтеруге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметшілер жалақысының өсуіне және олардың әлеуметтік жағдайына ерекше назар аударамыз. Осылармен қатар бағалар мен тарифтерді ең алдымен «табиғи монополиялардың» бағалары мен тарифтерін реттеу тетіктерін жетілдіру жөніндегі шаралар қабылданатын болады. Дегенмен тұрмысты жақсартудың басты шарты – орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

Бұл міндетті орындауға шамамыз жетеді. Біз экономикада жеткілікті қор жасадық, ол жыл ішінде экономиканы 8–9 % деңгейінде өсіруге мүмкіндік береді. Енді стратегиялық бағыттарда шоғырлану маңызды, ол бағыттар бізге едәуір ілгерілеп, екінші онжылдықтың басталуына қарай әлемдік экономикада лайықты орын алуға жағдай жасайды.

Бірінші. Экономиканы әртараптандырып, экономикалық өсуді бізде мұнай бар-жоқтығына қарамай қамтамасыз ететін оңтайлы формуланы табу міндеті алдымызда тұр. Қазақстан экономикасын әртараптандырудың бас нәрлендірушісі мұнай-газ секторы,

жалпы алғанда бүкіл өндіруші өнеркәсіп болады. Біз елдің энергетикалық артықшылықтарын тиімді пайдалануға, сөйтіп мұнай мен газ өндіруді және оларды экспорттауды кезең-кезеңімен ұлғайтуға тиіспіз. Екінші онжылдықтың басталуына қарай біз жылына 100 млн тонна – қазіргіден 2 есе көп мұнай өндіретін боламыз. Біздің міндет – 2012 жылға қарай Қазақстанның әлемдік мұнай экспорттаушылар ондығына кіруі!

Екінші. Тұтастай алғанда екінші онжылдықтың басталуына қарай біз Қазақстанның индустриясы дамыған елдер санатына қосылуы үшін барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Кластерлік көзқарас негізінде ұқсатушы өнеркәсіпті дамыту қажет. Алдымен елдің ұзақ мерзімді мамандандырылуын анықтайтын салаларда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі құн жағынан алғанда 2 есе ұлғаюға тиісті. Бұл орайда ІЖӨ құрылымында ұқсатушы өнеркәсіптің көлемі екінші онжылдықтың басталуына қарай 2005 жылмен салыстырғанда 40 % ұлғаяды.

Үшінші. Ғылыми қамтымды және жоғары технологиялы өндірістерді дамытуға ерекше басымдық беру маңызды. Қазақстанда ғылым көп сұранысқа ие болуға және қаржылық та, кадрлық та жағынан ең жоғары деңгейге көтерілуге тиіс. Ғылыми-зерттеу жұмысын қаржыландыру 25 еседен кем ұлғайтылмай, ғылымды дамытуға жұмсалатын қаржының жалпы көлемі 2005 жылғы 12,4 млрд теңгеден 2012 жылы 350 млрд теңгеге жеткізіледі. Нәтижеде ғылыми қамтымды

және жоғары технологиялы өндірістердің үлесі ІЖӨ-де кемінде 10 есе өседі.

Төртінші. Экономиканың өнеркәсіптік секторымен қатар сондай-ақ банк-қаржы саласы, аграрлық-өнеркәсіптік кешен (бәрінен бұрын – астық өндіру және мал шаруашылығы) және халықаралық туризм біздің басымдықтарымызға айналуға тиісті. Бүгіндері-ақ ТМД-дағы озық жүйенің бірі болып отырған банк-қаржы жүйесі екінші онжылдықтың басталуына қарай Қазақстанның бүкіл Орталық Азия өңірінің қаржы орталығына айналуына жеткізуге тиісті.

Қаржы институттарымызды нығайту Қазақстанға көрші елдер экономикасының белсенді инвесторына айналуға мүмкіндік береді және біздің бизнесмендерге сол базарларға жол ашады. Келесі жылы Алматыда өңірлік қаржы орталығының жұмысы жандана бастауға тиіс. Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамытуға таяудағы 7 жылда 450 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінеді.

Негізгі мақсат – аграрлық секторды ДСҰ-ға кіруге барынша дайындау. Мемлекеттік саясаттың негізгі назары ауылшаруашылық өнімдерін сапалы қайта өңдеуге аударылатын болады, ол өнім әлемдік базарда бәсекеге шыдас беруге тиіс. Мұның өзі бізден жаңа агроиндустриялық саясатты талап етеді. Екінші онжылдықтың басталуына қарай біздегі ауыл шаруашылығы шығысеуропалық елдер деңгейіне жетуге тиіс. Сол кезеңге дейін біз бәсекеге шыдастылығымыз бойынша әлемдік астық экспорттаушылар бестігіне

кіруіміз керек. Халықаралық туризм ұлттық экономиканың ең қызу да келешекті салаларының біріне айналуға тиісті. Біз алдымызға екінші онжылдықтың басталуына қарай туристік саладан түсетін кірісті 2 есе арттыруға міндетін қоямыз.

Бесінші. Бұдан былайғы экономикалық өсу және тұрмысты жаңаша жақсарту жөніндегі жоспарларымыз энергия тұтынуды арттырып жіберетінін ескеруге тиіспіз. Сондықтан біз электр энергетикасы реформасын жүргізуге тиіспіз, ол өнеркәсіптік өндірістің энергияны қажетсінуін төмендетуді және ел өңірлерін, бірінші кезекте оңтүстіктің энергия тапшы аудандары мен Қазақстанның тез дамып келе жатқан батыс аумағын энергиямен орнықты жабдықтауды қамтамасыз етуді көздейді.

Алтыншы. Экономикалық кеңістікті оңтайлы жоспарлаусыз, өндірістік қуаттар пен еңбек ресурстарын тиімді аумақтық орналастырусыз орнықты экономикалық өсу мүмкін емес. Осыған байланысты біз елдің аумақтық даму стратегиясын әзірлеп жатырмыз және іске асыратын боламыз, ол стратегия республикалық, өңірлік және халықаралық еңбек бөлінісіне қарай бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуға негізделген. Осы мақсатта біз сондай-ақ өңірлердің экономикалық дербестігін нығайту жөніндегі саясатымызды жалғастыра береміз.

Жегінші. Екінші онжылдықтың басталуына қарай Қазақстан әлемдік көлік-коммуникация жүйесінің бір бөлігіне айналуға тиіс, мұның өзі бізден елдің бүкіл көліктік инфрақұрылымын оздыра дамытуды

талап етеді. Біз ұзақ мерзімді, аумақтық дамумен қисынды түрде байланыстырылған көліктік бағдарламаны қабылдауымыз керек. «Солтүстік-Оңтүстік» және «Батыс-Шығыс» бағыттарында құрлықтық және трансқұрлықтық транзитті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін осы заманғы магистральдер желісін жасау қажет. Елдің әуе кеңістігі арқылы транзиттік маршруттар желісін қалыптастыру жұмысын өрістетуге керек. Осы заманғы «хабтар» – қуатты көлік тораптарын жасауға ерекше басымдық беріледі, олар елдің барлық қалаларын ғана емес, оларды әлемнің аса ірі қалаларымен де байланыстыруға мүмкіндік береді.

Сегізінші. Біз шағын және орта бизнесті одан әрі дамытудың жағдайын жақсарту саясатын жалғастыруға тиіспіз. Мен шағын және орта бизнесті экономикамыздың іргетасы деп білемін. Екінші онжылдықтың басталуына қарай біз шағын және орта бизнестің ІЖӨ-дегі үлесін 40 %-ға дейін көтеруге тиіспіз.

Тоғызыншы. Бәсекеге қабілеттігімізді арттыру көбіне-көп сыртқы экономикалық саясатымыз бен саудамыздың ойдағыдай болуына байланысты. Біздің міндет – екінші онжылдықтың басталуына қарай сыртқы сауданы кеңейтіп, оның көлемін кемінде 2 есе ұлғайту. Біз отандық капиталдың экономиканың стратегиялық салаларына қатысуын кеңейтіп, шикізаттық сектордың жаңа жобаларына қазақстандық инвесторлардың қатысуын кемінде 50 %-ға жеткіземіз. Сондай саясатты біз ішкі капитал жұмсау өрісінде де жүргіземіз. Екінші онжылдықтың басталуына қарай екінші деңгейдегі банкілердің, зейнетақы қорларының және сақтандыру

ұйымдарының активтері шетелдік инвестициялармен қатар экономиканың нақты секторын қаржыландырудың негізгі көздерінің біріне айналады. Сонымен қатарластыра біз отандық капиталдың сыртқы базарларға шығуына белсене қолдайтын боламыз. Бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалып та жатыр. Бірақ әңгіме өңірлік және әлемдік базарларда бәсекеге қабілетті ірі қаржылық-өнеркәсіптік топтардың дамуына септесетін кешенді мемлекеттік саясат туралы болып отыр.

Қысқасын айтқанда, алдағы 7 жылға негізгі экономикалық перспективаларымыз осындай. Өздеріңіз білесіздер, бұрын мен мемлекеттік саясаттың әлеуметтік басымдықтарын Қазақстан халқына ақпандағы Жолдауымда жариялаған болатынмын. Ал саяси жаңғырту мәселелеріне келсек, олар жайында ел Парламентінің жаңа сессиясының ашылуында 1 қыркүйекте айтқанмын.

Осылайша, елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуының барлық басымдықтары белгіленген. Сонымен бірге біздің жетістіктер барлық проблемалар шешілген әрі бұдан былайғы өсу өзінен өзі келе береді дейтін алдамшы қиял тудырмауға тиіс.

Тағы да қайталайын: тұрақтылық, жаңғырту және елдің өркендеуі тек бірлескен күш-жігердің, біздің ерік-жігеріміз бен табысқа сенуіміздің арқасында ғана мүмкін болады.

Қадірлі съезд делегаттары мен қонақтары!

Парламент Мәжілісі президенттік сайлау күнін белгілегеннен кейін, өзіңіздің сайлау науқаныңызды қалай

өткізбексіз деген сұрақ маған жиі қойылатын болды. Мен – сайланған Президенттін, сондықтан өзімді жарнамалаумен айналыспауым керектігіне кәміл сенемін. Осынау жылдардағы еңбегім жаңағы сұраққа жауап беруге тиіс. Бүгінде мені басқа нәрсе көбірек мазалайды... Мемлекет басшысы ретінде сіздердің назарларыңызды Қазақстан Республикасы Президентін алдағы сайлаудың мән-маңызына аударғым келеді. Сайлау қоғамымыздың кәмелеттігі мен ашықтығының, демократия мен бостандыққа ұмтылуымыздың маңызды барометріне айналады. Сондықтан тағы бір атап көрсетейін, Президент ретінде мен алдағы сайлау барынша еркін, адал және ашық болуы үшін, оның нәтижесі қазақстандықтардың да, халықаралық қоғамдастықтың да титтей де күмәнін туғызбауы үшін не қажеттің бәрін істеймін.

Бүгін мен «Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыру туралы» Жарлыққа қол қойдым, ол еркін, әділетті және бәсекелес сайлауды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар қабылдауды көздейді. Жарлықта Қазақстан Президентінің алдағы сайлауын тиісінше өткізудің қажеттілігі жайында мемлекеттік органдарға тікелей директивалар бар. Сайлау заңдарының сақталуына прокурорлық қадағалауды қатайту; сайлаушылар тізімін дер кезінде жасау және оның дұрыстығы; сайлау алдындағы үгіт кезінде Президенттікке кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету; алдағы сайлауға біздің елге келетін шет мемлекеттер мен халықаралық

ұйымдар байқаушыларын, сондай-ақ шетелдік БАҚ өкілдерін аккредитациялау мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Жарлықта мен сондай-ақ Қазақстанның барлық саяси күштеріне сайлау барысына қоғамдық бақылау орнатуды ұсындым. Оны елдің ең ықпалды қоғамдық және саяси қайраткерлері басқара алады. Қоғамдық бақылау ашық пішімде жұмыс істеуге және заңдардың барлық деңгейде дәл сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттің де, қоғамның да міндеті – заңның үстемдігін сақтау, ал мұның мәні бірде-бір адам заңнан жоғары тұра алмайды дегенді білдіреді. Алдағы сайлауда біз демократиялық дамудың өзіміз таңдап алған жолын дәл ұстануға тиіспіз. Біз демократиялық қағида-даттардан ауытқу жалпыәлемдік үрдістерден ауытқу екенін, ол бізді тұйыққа тірейтінін анық түсінуге тиіспіз.

Қадірлі достар!

Ел дамуының сапалық жаңа белесінің, саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты сақтаудың аса күрделі жағдайында мен үшін бастаған істі жалғастыру маңызды. Бұл үшін маған Қазақстан халқының бұдан былайғы да қолдауы қажет. Сондықтан бүгін мен «Отан» партиясынан Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне дауысқа түсуге келісетінімді мәлімдеймін.

Сіздерге маған көрсеткен сенімдеріңіз және менің саясатымды қолдауларыңыз үшін тағы да алғыс

айтқым келеді. Өткен жылдар біздің өз күшімізге сенімділігімізді үстеді. Біз бірге болсақ, кез келген мақсатқа жетеміз. Бүгін де мен сіздерді елдің жеңісті жолын жалғастыру үшін, Отан игілігі үшін бұдан былай да бірге болуға, барлық қабілетіміз бен мүмкіндігімізді біріктіруге шақырамын.

Қазақстан, тек қана алға!

Қазақстанның II Азаматтық форумында СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 12 қыркүйек

**Қадірлі Азаматтық форум қатысушылары!
Қадірлі қонақтар!**

Бүгінгі форумымыз – екінші форум.

Мұны өткізу идеясының нақ өздеріңізден – үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен шыққандығы өте маңызды.

Бұл осыдан 2 жыл бұрын мен ұсынған Азаматтық форум идеясы дами түскендігінің даусыз дәлелі.

Осынау қысқа кезең ішінде біз көптеген міндеттерді шешіп, мемлекет пен үкіметтік емес сектордың мықты әріптестігінің негізін қаладық. Бүгінгі форум тындырылған істі талдап, болашағымызды анықтауға көмектесетініне кәміл сенемін.

Біз не тындыра алдық?

Ең әуелі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектордың ынтымақтастығы жүйелі сипат алды.

Тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде 2003–2005 жылдарға арнап үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың республикалық және өңірлік бағдарламалары қабылданды.

Осының арқасында қазір билік органдары мен үкіметтік емес ұйымдар арасында үнқатысу мен әріптестік қатынастар қалыптасып келеді.

Әлеуметтік сала министрліктерінде, облыстар, Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің жанында консультациялық-кеңес органдары құрылды.

«Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заң қабылдануымен біз үкіметтік емес ұйымдарды гранттық негізде бейресми ұйымдарды мемлекеттің ауқымды әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру шаруасына тартудың тиімді жүйесін жасадық.

Бұдан баршасы: бейүкіметтік ұйымдар да, мемлекет те, қоғам да ұтты ғой деп ойлаймын.

Тек соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік маңызды жобаларды жүргізуге өңірлік бағдарламалар шеңберінде 173 млн-нан астам теңге, ал министрліктер жағынан 300 млн-ға жуық теңге бөлінді.

Әрі біз бейүкіметтік ұйымдар қызметін қаржыландыруды ұлғайтпақпыз. Келесі онжылдықтың басталуына қарай біз қаржыландыруды кезең-кезеңмен кемінде 1 млрд теңге деңгейіне жеткіземіз.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тетігі билік пен бейүкіметтік ұйымдар арақатынасының атымен

жаңа бетін ашады, «үшінші» секторды дамыту үшін барынша қолайлы орта қалыптастыруға септеседі.

Осылайша мен I Азаматтық форумда берген уәдемнің бәрін орындадым.

Алайда билік пен бейүкіметтік ұйымдар қатынасындағы алғашқы табысты қадамдар бізде проблема жоқ деген сөз емес. Мен реалист ретінде және оларды көріп те тұрмын.

Ең бастысы – мемлекеттік органдар мен бейүкіметтік ұйымдардың өзара іс-қимылы қарқын алып келеді. Ақыр соңында, бейнелеп айтсақ, «екі жақты жолға шығу» пайдалырақ екенін, ынтымақтастық есігі екі жақтан да ашылуға тиістілігін бәріміз де түсіндік.

Мұны бейүкіметтік ұйымдар қызметіне қатысты жаңа заңдардың қоғамда ашық талқыланғаны анық көрсетті. Пікірталас барысында талай найзаның ұшы қайырылып, әрқилы көзқарастар ортаға салынды.

Сол заң жобаларының қоғамда әртүрлі пайымдалғанын ескеріп, мен оларды Конституциялық кеңеске жібердім, кеңес қаралып жатқан заңдардың бірқатар қағидаларын конституциялық емес деп тапты.

Мен Конституциялық кеңестің шешімімен келістім.

Бірақ мынаны атап өткім келеді. Бұл заңды Парламент депутаттары тектен-тек қабылдаған жоқ. Шетелдік бейүкіметтік ұйымдардың ақшаны саяси бірлестіктерге «құйып», қоғамдарды тұрақсыздандырған кездерін білеміз. Мұның немен аяқталатынын біз қазір

кейбір елдерден байқап отырмыз. Сондықтан еліміздің заңдарының сақталуын Парламент пен Үкімет қатаң бақылайтын болады.

Бірде-бір шетелдік ұйымның біздің елдің ісіне араласу, саяси партияларды қаржыландыру, БАҚ-тар акцияларының 20 %-дан артығын иелену құқы жоқ. Біз олардың бәрінің еркін жұмыс істеуін жақтаймыз, бірақ Конституциямыздың, заңдарымыздың шеңберінде болсын. Заң баршаға бірдей.

Қадірлі форум қатысушылары!

Өздеріңіз білесіздер, биылғы ақпанда мен қоғамға Қазақстанды экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан жеделдете жаңғырту бағдарламасын ұсындым.

1 қыркүйекте, Парламентте сөйлеген сөзімде, мен жаңғырту саясатын тереңдету жөніндегі бірқатар жаңа міндеттерді белгіледім.

Олардың бәрі елді одан әрі дамытудың стратегиялық бағыттарына қатысты.

Алдымызда ғаламат мақсат – дамыған экономикасы, күшті әлеуметтік саясаты бар елге демократиялық дәстүрлер мен заң үстемдігін негізделген орнықты саяси институттары бар елге, адам мен қоғамның қауіпсіздігі, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтары баянды етілген елге айналу мақсаты тұр.

Бұл арада мен бейүкіметтік ұйымдарға ерекше орын беремін. Сондықтан мен бүгін Қазақстанның

бейүкіметтік секторының көшбасшылары ретінде сіздерді осы жұмысқа жұмыла кірісуге шақырамын.

Барлық қазақстандықтардың тұрмысын жақсартуға жету – билік пен бейүкіметтік ұйымдар ынтымақтас-тығының басты міндеті, менің ойымша, осы.

Тұрмыс сапасы дегеніміз – ең алдымен отбасындағы молшылық, нәрлі тамақ пен таза су, баспана, жақсы білім алу, сапалы медицина, өмірдің қауіпсіздігі, кінәратсыз экология.

Әңгіме масылдық пиғылдардың ыңғайына жығылу жайында емес.

Біз – азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара сыйласу мен заңдарға, құқықтар мен өзара міндетте-мелерді мүлтіксіз сақтауға негізделген әріптестік пен әлеуметтік жауапкершілік қағидаты жағындамыз.

Мен бізге бірге тиімді жұмыс істей алатын 9 стра-тегиялық бағытты көріп отырмын.

Біріншіден, біздің білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттырып, кадрларды оқыту мен даярлауды халықаралық стандарттарға мейлінше жақындату ниетіндеміз. Бұл үшін мемлекет екінші онжылдықтың басталуына қарай білім мен ғылымға бөлінетін қаржыны 3 есе, яғни қазіргі 261 млрд-тан 816 млрд теңгеге дейін ұлғайтады.

Оқу орындарымыздың ең осы заманғы оқыту технологияларына көшуінде, оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастыруда, білім алуда тең бастапқы шарттарды қамтамасыз етуде бейүкіметтік ұйымдар тарапынан көмек қажет.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға, жетім балаларға, оралмандарға және мүгедектерге мамандандырылған білім беруде БҰҰ-ға үлкен рөл тиесілі. Бұл үшін қаржылық мүмкіндіктер болады.

Екіншіден отандық медицинаны неғұрлым сапалы да қолжетімді ету міндеті алда тұр.

Бұл үшін мемлекет денсаулық сақтауға бөлінетін қаржыны 3,5 есе ұлғайтады. Санға жүгінсек, бұл биылғы 185 млрд-тан екінші онжылдықтың басталуына қарай 600 млрд теңгеге жетеді деген сөз.

Біз бейүкіметтік ұйымдар халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз бөлігіне медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз етуде сенімді әріптес болады, туберкулезбен, СПИД-пен, басқа да қауіпті сырқаттармен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға белсене қатысушы болады деп үміттенеміз. Бізге жекеше медицинаны дамытуда да сіздерден қолдау қажет.

Үшіншіден, мемлекет барлық меншік пішіміндегі кәсіпорындар қызметкерлерінің құқықтарын қорғау жүйесін күшейтпекші. Ең алдымен өнеркәсіп пен құрылысты күшейтпекші.

Бейүкіметтік сектор Бірыңғай мемлекеттік стандартты әзірлеуге қатыса алар еді. Біз бірлесе отырып жалдамалы жұмысшылар үшін жұмыс берушілерге әлеуметтік қызмет топтамасын ұсынуға тиіспіз, олар еңбекті ұйымдастырудың осы заманғы жалпыұлттық нормасына айналатын болады.

Төртіншіден, екінші онжылдықтың басталуына қарай біз сапалы ауыз судың қолжетімділігі

проблемасын тұтастай алғанда шешуге тиіспіз. Бұл су шаруашылығы саясатының басым бағыты болады.

Бұл үшін мемлекет ел халқын ауыз сумен қажетті мөлшерде және кепілдендірілген сапада орнықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырады. «Ауыз су» бағдарламасында бұл мұқтаждыққа алдағы 10 жылға 115 млрд теңге көзделген.

Су тазалаудың, сумен жабдықтаудың жаңа технологиялары ендіріледі, сумен жабдықтау жүйесінің жаңалары салынып, жұмыс істеп тұрғандары қайтадан салынады, су көздерінің сенімділігі арттырылады.

Ашық су айдындарынан алынатын немесе нормативтерге сәйкес келмейтін суды пайдаланатын бірде-бір елді мекен қалмайды.

Бесіншіден, мемлекет ауыл инфрақұрылымын жеделдете дамыту жөнінде шаралар қолданады.

Біздің міндет – оны қала инфрақұрылымына жақындату.

Жақсы жол, телефон, таза ауыз су, газ, медпункт, кітапхана және клуб әрбір ауылдағы кәдімгі жайға айналуы тиіс.

Бұл мақсаттарға таяу жылдардың өзінде мемлекеттік бюджеттен 70 млрд-тан астам теңге бөлінеді.

Алтыншыдан, мәдениетті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат күшейтіледі.

2006 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аяқталғаннан кейін мәдениетті мемлекеттік қолдаудың жаңа ауқымды бағдарламасы қабылданады.

Мәдениетті, спорт пен туризмді дамытуға жұмсалатын қаржы 67 млрд теңгеге дейін ұлғаяды. Мұның үстіне меценаттық пен демеушілікті дамыту үшін, бүкіл әлемде қабылданғанындай, заңдық жағдай жасалады.

Ауылдағы мәдениет нысандарын қолдау, жастар мен Қазақстан мәдениетінің дарынды қайраткерлерінің шығармашылық әлеуетін дамыту билік пен бейүкіметтік ұйымдар ынтымақтастығының басым бағыты бола алады.

Жетіншіден, теңдестірілген тіл саясаты және Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін дамыту бұрынғысынша мемлекет назарының бел ортасында болады.

Бұл арада да сіздердің қолдауыңыз өте маңызды.

Мен сіздерді мемлекеттілігіміздің ғимараты салына-тын іргетасты – қазақ тілі мен мәдениетін одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты ынтымақтастығымыздың маңызды бағытына айналдыруға шақырамын.

Біз Қазақстанның барлық халықтарының тілдері мен мәдениетіне бірлесе қолдау жасауға тиіспіз. Ешкім де ана тілі мен мәдениетін қолдану құқығында кемсітілмеуге тиіс.

Сегізіншіден, мемлекет қоршаған ортаны сауықтыру үшін жүйелі шаралар қолданбақ.

Мұндағы біздің ортақ міндетіміз – қоршаған ортаны ластаумен күресу және табиғатты пайдалану жүйесін жетілдіру. Алдымызда Аралдың, Семейдің, Балқаштың бүлінген экологиялық жүйесін қалпына келтіру міндеті тұр.

Ірі кәсіпорындардың, әсіресе мұнай өндіру саласындағы кәсіпорындардың жұмысына экологиялық бақылау қатайтылатын болады. Біз Каспийдің бірегей табиғи жүйесін ұрпақтарымыз үшін сақтауға тиіспіз.

Осының бәрі – бірлесе істейтін қыруар жұмыс.

Тоғызыншыдан, ең басты міндеттердің бірі – демографиялық өсуді қамтамасыз ету.

Экономиканы орнықты дамыту, белсенді әлеуметтік саясат бала тууды және иммиграцияны – отандастарымыздың оралуын ынталандыратын болады.

Мемлекет көп балалы аналарды, жағдайы нашар отбасылар балаларын қолдау тетіктерін кеңейтеді, бала күтуге бөлінетін жәрдемақы мөлшерін ұлғайтады.

Оралмандардың тарихи отанына оралуы жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Мұнда да бейүкіметтік ұйымдар олардың әлеуметтік бейімделуі жөніндегі жұмысты өз мойнына ала алар еді.

Қарқынды тұрғын үй құрылысы, кірістерді көбейту, жаңа жұмыс орындарын құру, денсаулық сақтау мен білім беруді жақсарту, саламатты экологиялық орта бізге алдағы 7–10 жыл ішінде ел халқының санын 17 млн-ға жеткізу мүмкіндігін беретіндігіне кәміл сенемін.

Осынау міндеттердің бәрін іске асырудағы біздің өзара іс-қимылымыз Қазақстанға өз болашағына сенімді, дені сау, білімді және мәдениетті ұлттың еліне айналу мүмкіндігін беретіндігіне сенімдімін.

Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия сіздермен бірлесе әзірлеген, 2006–2011 жылдарға арналған Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын менің ұсыныстарымды ескеріп толықтыруға болады ғой деп ойлаймын.

Меніңше, Тұжырымдаманың басты мақсаты қоғам өмірін жеделдете дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттерге жету болуға тиісті.

Билік пен бейүкіметтік ұйымдардың дамып келе жатқан әріптестігіне бизнестің де қосылатын уақыты жетті.

Бүгінде біздің кәсіпкерлер қоғамның көптеген әлеуметтік проблемаларын шешуге қатысуда, бірақ бұл жұмыс жүйелі сипат алмаған, тек ауық-ауықта атқарылады.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру үшін оның бейүкіметтік ұйымдар орындайтын әлеуметтік жобалардың жайынан неғұрлым кең хабардарлығы, сондай-ақ ол жобаларды қаржыландыруды ынталандыратын жағдай жасау қажет.

Сайып келгенде, үш сектордың: мемлекеттің, бизнестің және бейүкіметтік ұйымдардың тығыз ынтымақтастығы бизнес-ортаны жақсартуға және халықтың әлеуметтік проблемаларын шешуге де, тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық прогреске де септеседі.

Ол үшін бүгінде барлық жағдай бар.

Менің өңірлерге жұмыс бабымен сапарларым және отандық кәсіпкерлік өкілдерімен кездесулерім

барысында біздің бизнестің кәмелеттілігіне және қоғамда ойып тұрып алуға әзір екендігіне көзім жетті.

Сонымен бірге, елдің бейүкіметтік ұйымдары бейресми ұйымдар альянсын құру бастамасын көтеріп, күш-жігерді біріктіруге ұмтылысын көрсетті.

Азаматтық альянс елді жеделдете әлеуметтік жаңғырту ісін жүргізуде мемлекеттің сенімді әріптесі бола алатынына сенемін.

Бейүкіметтік ұйымдарды әлеуметтік жаңғырту үдерісіне тарту олардың заң шығару ісіне белсене қатысуын қажет етеді. Сондықтан, меніңше, заң жобаларын қоғамның мүдделері мен қажеттеріне бейімдеу үшін Азаматтық альянс әлеуметтік маңызды заң жобаларын қоғамдық сараптауға барынша белсенді қатыса алар еді.

Мен Қоғамдық сарапшылар палатасын құруды ұсынамын, онда бейүкіметтік ұйымдардың өкілдері биліктің заң шығарушы тармағымен белсенді ынтымақтастық жасай алар еді. Ол орынды Парламент Мәжілісінің жанынан құруға болар.

Бүгін тағы бір ұсыныс енгізгім келеді: азаматтық форумдар жүйелі түрде өткізілетін болсын. Бұл біздің ел дамуының стратегиясын дер кезінде түзетіп отыруымызға мүмкіндік беретіндігіне кәміл сенемін.

Қымбатты достар, сіздер мен біздерді табысқа жеткізетіннің бәрі: адами және материалдық ресурстар, ең бастысы – адамдардың дүниені жақсартып,

Қазақстанды өркенді ел етуге күш-қайраты, ерік-жігері және тілегі бар.

Қазақстан жолы біреу ғана – тек алға басу!

Дүниежүзі қазақтарының
III құрылтайында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 29 қыркүйек

**Ардақты ағайын!
Қадірменді қонақтар!**

Туған жердің төсінде қуанышпен табысқан мерейлі күніміз құтты болсын!

Әңгіменің басында әрқайсыңызға әлемнің әр шалғайынан құрылтайға алып-ұшып жеткен перзенттік жүректеріңіз үшін, сіздерді осы жаққа асықтырған сағыныш сезімдеріңіз үшін, қай қиырда да қазақтың еліне, жеріне құрметпен қараған көңілдеріңіз үшін, ең алдымен, атажұрттағы ағайынның атынан алғыс айтқым келеді.

Қош келдіңіздер, құрметті бауырлар! Атажұрттың құшағы сіздерге әрқашанда айқара ашық!

Бүгінгі құрылтай – үшінші құрылтай.

Алғашқы құрылтайымыз сонау 1992 жылы, тәуелсіздігіміздің таңсәрі шағында, егемендігіміздің елең-алаңында азаттығымыздың алтын бесігі – Алматыда өткізілгені естеріңізде. Келесі, екінші құрылтай 2002 жылы дініміздің дала төсіндегі дінгегі – қасиетті Түркістанда ұйымдастырылғаны да баршаға белгілі.

Үшінші құрылтайымыз еліміздің жаңа байтағы – бүгінгі қарыштап өсіп, қарқындап даму жолына түскен туған Қазақстанымыздың символы Астанада ашылып отыр.

Бүгін біз жер-жаһанның көз алдында жаңа биікте тұрмыз.

Бұл билігімізді бағамдап, қазіргі қалпымыздың қадірін білу үшін біз өткенімізді де еске түсіріп, неден кеткенімізді, неге жеткенімізді, қалай жеткенімізді парықтап алғанымыз артық болмас деп ойлаймын.

Тәуелсіздік алған 14 жыл ішінде Қазақстан ғасырларға бергісіз қиын да күрделі кезеңнен өтті.

Атам қазақтың әр уақытта жер, шекара, шеп мәселесіне ерекше көңіл бөлгені баршаңызға мәлім ақиқат. Біздің де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ең бірінші қолға алғанымыз осы мәселе болды.

Қазақстан кешегі Кеңес Одағы кезінде дербес мемлекет болған емес. Ол әуелі екі ғасыр патшалық Ресейдің боданы, ал 70 жылдан астам уақыт бойына Кеңес Одағының қатардағы республикаларының бірі

ғана болды. Сол Кеңес Одағы күйреп, 15 республика өз алдына бөлініп шыққанда, қазақтың кең байтақ жеріне көз алартушылар аз болмады. Бүгін солардың атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын: ата тарихын жақсы білетін сіздер оны өздеріңіз де аңдап отырған шығарсыздар, бірақ ондай мемлекеттер де, тіпті мұндай ұшқары пікірді ресми түрде айтып қалған оның басшылары да табылды. Міне, осындай ұлт тағдыры тарих талқысына түскен сын сағатта, біздер, сабыр сақтап, алыс-жақын көршілеріміздің бәрімен келелі келіссөздер жүргізіп, іргемізді бүгіндеп, шекарамызды бекітуге кірістік. Ең алдымен, Қытай Халық Республикасымен шекарамызды анықтап, халықаралық хаттамаға қол қойдық. Осы залда отырған Қытайдан келген қандастарымыз куә, Қытай патшалық Ресеймен де, кешегі жарты әлемді билеген Кеңес Одағымен де шекара мәселесін түпкілікті шешкен емес. Қазақстанмен шешті және мәңгілікке, ешбір күмәнсіз, күдіксіз шешті.

Бұдан кейін Ресей басшылығымен 13 жыл жүргізген келіссөзіміз де нәтижелі аяқталып, осы жылдың басында екі елдің шекарасы біржолата айқындалып, тиісті құжатқа қол қойылды. Бұл Қазақстанның 6 облысын Ресейге қосу туралы әңгімені қоздатушылардың аузына құм құйды.

Дәл осындай келіссөздер оңтүстіктегі Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанмен де жүргізіліп, олармен де шекара мәселесін түпкілікті шештік. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы өзінің 14,5 мың шақырымдық алып шекарасының ұзына бойына бір-

де-бір күмәнді, күдікті орын қалдырмастан біржолата айқындап, халықаралық құжаттармен бекітті. Бұл біздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген ең үлкен жетістігіміз және оны біз бүгінгі һәм болашақ ұрпақ алдында зор мақтаныш сезіммен айта аламыз.

Қазақстан экономикасы, Кеңес Одағы тарқағанда, сын көтермес жағдайда еді. Дүниежүзілік нарықтың талабына шыдайтын бірде-бір өнім шығара алмайтын республика кәсіпорындарының барлығы дерлік өз жұмысын тоқтатып, ауыл шаруашылығы да құлдырап, кейін кеткен еді. Тіпті республиканың өз валютасы да болмады. Міне, осы жылдарда: «әуелі – экономика, одан кейін – саясат», деген қағидатты басшылыққа алған біздер түбегейлі экономикалық реформаны жүзеге асыруды қолға алдық. Әуелі төл теңгемізді енгіздік, кейін «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық бағдарлама қабылдап, еліміздің 2030 жылға дейінгі дамуын белес-белесімен алдын ала белгіледік. Нәтижесінде Қазақстан экономикалық реформаны жүзеге асыруда кешегі Кеңес Одағы республикаларының ең алдына шығып, біз ұстанған экономикалық модель дамушы елдерге үлгі-өнеге ретінде ұсыныла бастады.

Үшінші кезекте біз қоғамның саяси жүйесін, заң шығарушы билікті реформалауды қолға алдық. Соның нәтижесіне халықаралық, демократиялық талаптарға сай келетін Конституциямызды қабылдап, кәсіби деңгейде жұмыс істейтін қос палаталы Парламентімізді сайладық. Өзіміздің ұлттық заңдарымызды қабылдау нәтижесінде ұлттық заңнама қалыптастырып, құқықтық реформаларды жүзеге асырдық. Биыл Ата

заңымыздың 10 жылдығына арналған халықаралық конференция кезінде есімдері әлемге әйгілі заңгерлер Қазақстанның ұлттық заңнамасы мен елімізде жүргізілген құқықтық реформа нәтижесінің халықаралық биік талаптарға сай екендігін ерекше атап өтті.

Төртіншіден, біз атқарушы билік жүйесін де реформалауды ойдағыдай жүзеге асырдық. Республика экономикасы мен халық санының ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби үкімет жасақтап, жаңаша жергілікті басқару жүйесін құрдық. Мұның бәрі бізге басталған реформаларды бюрократиялық кедергілерсіз алға апаруға мол мүмкіндіктер туғызды.

Міне, осылайша іргемізді бекітіп, экономикалық дамуымызды айқындап, заң шығарушы және атқарушы биліктің жұмысын қалыпқа түсіргеннен кейін біз рухани құндылықтарымызды түгендеуге мүмкіндік алдық.

Ең әуелі, туған тілімізді түлеттік. Егер 1990–1991 жылдары республикамызда қазақ тілінде оқытатын 2768 мектеп болса, 2005 жылы олардың саны 3700-ге дейін жетті. Соның нәтижесінде республика мектептерінде қазақша оқитын балалардың үлесі 60 %-ға дейін көтерілді. Қазақ тілінде білім беретін жоғары оқу орындарының саны да арта түсуде. Жыл сайын ана тілімізде шығатын кітап, газет-журнал өнімдерінің таралымы көбейіп, теледидар, радиохабарларының мөлшері де арта түсуде. Қазір Қазақстанның 14 облысының 5-де іс қағаздарын жүргізу қазақ тіліне көшірілді.

Ең бастысы, елімізде қазақ халқының үлес салмағы артты. Егер 1989 жылы республикадағы қазақтардың үлесі 40 %-ға жетер-жетпес болса, қазір бұл көрсеткіш 58 %-ға жетті. Кеңес заманында биліктің есігін сығалап жүретін қандастарымыздың мемлекеттік қызметтегі үлес салмағы 80 %-ға көтерілді. Әрине, бұл салада қолға алатын істер әлі де баршылық, бірақ қол жеткізген нәтижелеріміз де ауыз толтырып айтарлықтай.

Екіншіден, мүбәрак дінімізді дамытуға бар мүмкіндікті жасадық. Тек тәуелсіздік алған жылдары республика бойынша 2000-нан астам мешіт салынып, көптеген медреселер ашылды. Орталық Азиядағы жалғыз «Нұр-Мүбәрак» ислам мәдениеті университетін ашып, жоғары білімді діни мамандар даярлау ісін жолға қойдық. Астананың дәл кіре берісінде елге келген әр мейман мұсылман мемлекетіне келгенін сезінсін деп алтынмен апталған, төрт мұнаралы, зәулім күмбезді «Нұр-Астана» мешітін тұрғыздық.

Дін – ұстараның жүзіндегі өткір ұғым, ал Қазақстан көп ұлтты ғана емес, көп дінді мемлекет. Сондықтан ел іші тыныш болуы үшін дінаралық татулық саясатын да берік ұстанып, жер жаһандағы алуан түрлі дін өкілдерінің басын қосқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алғашқы съезін өткіздік. Келесі жылдың күзінде, құдай қаласа, оның II съезін өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл да Қазақстанның халықаралық дәрежедегі беделінің артқаны деп білемін.

Үшіншіден, кешегі қызыл империя кезінде жұтылып кетудің аз-ақ алдында тұрған ұлттық мәдениетімізді

қайта түлетіп, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жасадық. Бұл бағдарлама бойынша қазақ жеріндегі барша тарихи, мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, халқымыздың аса бай ауыз әдебиеті, әдеби, мәдени және музыкалық мұрасы жүздеген том болып жарық көруде.

Төртіншіден, біз тәуелсіздікті жариялаумен қоса, оны қорғау қажет екенін ұмытпадық. Мемлекет қауіпсіздігін жүйелеп құрып, өз әскерімізді жасақтадық. Оны нығайтып, қазақтан қолбасшылар, офицерлер дайындауды алғаш рет қолға алдық.

Осының бәрі тәуелсіздіктің аркасы. Тәуелсіз Қазақстанның дамудың дұрыс жолын таңдап, Абай атамыз айтқандай, «ақырын жүріп, анық басуының» аркасы. Сіздер мен біздердің бірігіп атқарған берекелі жұмысымыздың нәтижесі.

Осыдан дәл 13 жыл бұрын, тұңғыш Құрылтайдың мінберінен: «Заман тыныштығын берсе, бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлденіп-көркейгеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз», – деген едім.

«Таяу жылдарда-ақ» дегенді аузыма құдай салған екен.

Сол күнге бүгін келдік, ардақты ағайын!

Егер бізге осы жылдар ішінде жалпы ішкі өнімді 2 есе ұлғайтып, бірлесіп тағы бір Қазақстан орнататындай межені бағындырсақ, сол күннің орнағаны емес пе?

Егер біз осыдан 10 жыл бұрынғы жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміздің 700 доллардан сәл ғана асатын көлемін биылдың өзінде 3400 долларға дейін жеткізіп, ал 2012 жылға қарай бұл мөлшерді 8–9 мың доллар деңгейіне көтеруді мақсат тұтып отырсақ, сол күннің орныққаны емес пе?

Егер біздің экономикалық өсуіміз кейінгі 7 жыл ішінде жылына 9–10 %-ды құраса, мемлекеттік бюджетке түсімнің көлемі 3,5-4 есе артса, сыртқы сауда айналымы 4 есе көбейсе, экономикаға тартылған тікелей шетел инвестициясы 40 млрд доллардай болса, еліміздің алтын-валюта резервтері, тұтас алғанда, 15 млрд долларға жетсе, сөйтіп Қазақстан бүгінде әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің біріне айналса, мұның өзі барша жұрт таныған ақиқат болса, сол күннің біржолата келгені емес пе?

Егер біздің еліміз өңірдің көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық үдерістердің бастамашысына әрі белсенді қатысушысына айналса, сөйтіп 2009 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету ниетін мәлімдеп отырса, қазақтың мерейі тасып, айбыны асқаны емей немене?

Сол ер қазақтың нар заманы келгенінің келісті көрінісі – сіз бен біздің жаңа елордамыз Астанада бас қосып отырғанмыз.

Мемлекеттің мемлекеттілігі оның өз тағдырына қатысты ең маңызды мәселелерді өз бетінше шеше алуынан танылуға тиіс. Еуразия жүрегіне, қазақ жерінің кіндігіне Ақордасын тіккен Астана – Қазақ елінің өз қалауымен жасаған дербес таңдауы. Біз оны осы байтақ даланың шын иесі кім екендігін алыстың да, жақынның да есіне салу үшін жасадық. Бұл арқылы біз қазақтың осы бір құйқалы өңіріндегі ұлттық дәстүрді, тілді, өнерді, әдегті, әдепті шайылудан, жойылудан сақтап қалу үшін жасадық. Біз оны болашақ ұрпақ үшін, еркін еліміз үшін жасадық.

Ел астанасы Арқа төсіне ауысқалы бері мемлекетіміздің өмірінде жаңа белес – жасампаздық белесі басталды. Астана құрылысы бүкіл Қазақстан экономикасын алға сүйреген локомотив сияқты болды. Қазір бүкіл еліміз Астанаға қарап бой түзеуде. Мен биыл еліміздің барлық өңірлерін аралап, биылғы халыққа Жолдауымда алға қойылған міндеттердің қалай жүзеге асып жатқанын көріп қайттым. Барлық облыс орталықтарындағы, өзімнің жолым түскен аудан орталықтарындағы құрылыс қарқыны көңіл қуантып, көз сүйсінтеді. Астанаға келгелі сіздер көріп жатқан сәулетті ғимараттардың барлығы дерлік бюджеттен тыс қаражаттың, ең алдымен, шетелдік инвестицияның есебінен тұрғызылған. Бұл Қазақстанға, оның болашағына деген сенімнің белгісі.

Егер 1997 жылы Астанадағы халықтың саны 200 мың болса, қазір астаналықтар қатары 600 мыңнан асып кетті. Егер 1997 жылы қаладағы халық санының 20 %-ы ғана біздің қандастарымыз болса, бүгінде олардың

мөлшері 60 %-ға жақындады. Қалаға салынған инвестицияның көлемі 634 млрд теңгеге жетті. Астананың ажары күн өткен сайын артып барады дей аламыз. Есідің сол жағалауындағы жаңа қаланың жөні бөлек, әрине. Оны өздеріңіз келгелі тамашалап, қызықтап жатырсыздар. Мен қаланың негізгі бөлігіндегі әрбір ғимаратқа да тікелей назар салып жүремін. Өзегімнен өткізіп, жан-жүрегімді жарып шыққан бұл идея – Қазақ мемлекетінің астанасын елдің ортасына алып бару, елордаға қай өңірден де бірдей жететіндей ету идеясы тәуелсіздіктен кейінгі менің өмірімнің ең мәнді мақсат-мұраттарының біріне айналды. Ендігі жерде жер бетіндегі барша қазақтың назарында тұратын, қазақтың асқақ рухы сән-салтанат құратын бас қаламыз осы Астана, ардақты ағайын!

Қазақстан бүгінде тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуіне өзімізбен бірге түскен елдердің маңдай алдында. Ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көлемі жөнінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы талай елдер бізбен салыстыруға да келмейді. Соңғы 4 жылда жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 50 %-ға жуық артқаны – біздегі жасампаздық жұмыстың жарқын жемісі. Қазақстанда ішкі жалпы өнімнің қазіргі мөлшері 60 млрд долларға жуықтады. Бұл Орталық Азия мемлекеттері экономикаларын түгел қосып есептегеннен де артық. Біз қазір жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімнің мөлшері жағынан күні бүгінге дейін өзіміз тамсанып келген Түркия сияқты елдердің алдына шықтық. 5 жылдан бері еліміздің өсу қарқыны шамамен 9–10 %-дық деңгейін

сақтап келеді. Және бұл көрсеткіш алдағы уақытта да сақталатын болады.

Біз әлемнің дамыған 50 мемлекетінің қатарына қосылуды мақсат етіп отырған елміз. Құдай бұйыртса, қосыламыз да.

Стратегиядан бастау алған құжаттардың бірі – менің Қазақстан халқына биылғы Жолдауым. Ол Жолдау Қазақстанның мол мүмкіндігі мен жарқын болашағын елімізде ғана емес, халықаралық ауқымда да кеңінен танытты. Әлемнің ең ірі елдері: АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Испания, Жапония, Корея, т. б. мемлекеттердің басшылары менің атыма жазған хаттарында бұл Жолдау Қазақстан халқының алдынан ашылатын кемел келешектің кепілі деп баға беруде. Бүгінде сол Жолдау бойынша халыққа жасалар жақсылықтың бәрі де рет-ретімен орындалу үстінде.

Бұл заман – тек күштіні, бірлікті мойындаған заман. Бұл заманда әлем тек экономикалық жағынан мықты, ішкі тұтастығы берік, ауызбірлігі күшті мемлекеттермен ғана санасады, сондай елдерді ғана сыйлайды. Қазақстан қазір әлем санасатын, әлем сыйлайтын сондай елге айналды.

Қазақстан қазірдің өзінде айналамыздағы ағайындар қызыға қарайтын мемлекетке айналды.

Бізде жер байлығы бар. Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы арғы аталарымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалып, бүгінгі ұрпағына аманаттап тапсырған. Осынау құлан жортса

тұяғы тозатын, қыран ұшса қияғы күйетін ұлы кеңістік қандай жасампаздық жұмысымызға да жетеді.

Бізде кен байлығы бар. Қазақ жерінің асты да, үсті де тұнған қазына. Мұнай да, газ да, хром да, уран да, темір де, көмір де, мыс та, алтын да, бәрі де баршылық. Мұндай байлықтың жер астында болғаны бір басқа да, оны өндіріп, халықтың игілігіне жарату одан да қиын. Біз осы қиын түйінді халық игілігі үшін шеше білдік. Жана ғасырдың екінші онжылдығының басына қарай мұнай өндіруді 100 млн тоннаға, ал 2015 жылы оны 150 млн тоннаға жеткізіп, әлемдік мұнай экспорттаушылардың алғашқы ондығына кіруді межелеп отырмыз. Алдағы жылдары Қазақстан астық өндіруден де әлемдегі алдыңғы бестіктің қатарына кіретін болады.

Бізде ел байлығы бар. Ел байлығы деген не? Ол – ғылым мен білім, ол – жаңа технология, ол – осы заманғы инфрақұрылым, ол – экономиканы әртарап-тандыру. Міне, сондықтан алдағы жылдары ғылым мен жаңа технологияны дамытуға бөлінетін қаржы мөлшері 25 есеге дейін өсетін болады. Бұл еліміздегі осы заманғы әлемдік бәсекелестікке төтеп беретін жаңа техника мен технологияны дамытуға мол мүмкіндіктер туғызатын болады.

Бізде рух байлығы бар. Ол – бәрінен бұрын, отаншылдық сезім, қазақстандық патриотизм. Оның басты өлшемі – татулық, тыныштық, тұрақтылық. Қазақ жерін мекен етіп жатқан 120 ұлт пен ұлыстың, 46 конфессия мен деноминацияның өкілдері еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді берік ұстанып

отыр. Бүгінгі қазақтар Абай атамыздың «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген өсиетіне адалдығын әрқашан танытып-ақ келеді және алдағы уақытта да таныта беретін болады.

Әрине, біз, ең алдымен, мемлекетті ұйымдастырушы ұлттың – қазақ ұлтының бүгіні мен болашағына баса назар аударуымыз керек. Бүгінгі, үшінші Құрылтай әлем қазақтары бірлесуінің жаңа бір белесі болмақ. Сіздер бұл жиынға дүниенің түкпір-түкпіріндегі 32 елден келдіңіздер. Қатысушылар саны да қомақты – осы залда 300-ден астам шетелдік қандасымыз отыр. Араларыңызда министр де, академик те, әкім де, әртіс те, ректор да, жазушы да, ірі бизнесмендер де бар. Сіздер кеше Құрылтай шеңберінде ұйымдастырылған 4 секцияның жұмысына қатыстыңыздар, атап айтқанда, көші-қон проблемаларын, қазақ диаспорасының мәдениеті мәселелерін, шетелдік қандастарымыздың білім алуының жай-күйін, бауырларымызды шағын және орта кәсіпке баулудың қыр-сырын талқыладыңыздар. Ресей мен Қытай, Түркия мен Германия, АҚШ пен Франция, Швеция мен Иран, Өзбекстан мен Қырғызстан, Түрікменстан мен Ауғанстан... – тағдырдың тәлкегімен жұмыр жердің жүзіне жайылып кеткен бауырларымыздың Қазақстанға, Астанаға жеткен жолы сан тарау.

«Жол жүрсе өнеді» дейді дана халқымыз. Ең басты жол – Отанға бастайтын жол, ол жырақта жүріп сағыныштан сарғайған қандастарымыздың жүрегі арқылы өтетін жол. Сол Жол, міне, 14 жылға жуық уақыттан бері сіздерді жиі-жиі атамекенге алып келуде. Талай-

ларыңыз атамекенге жүрек жолымен келіп, туған жер төсінде тұрақтап қалып та жатырсыздар. Оттан да ыстық Отанның ыстығына күйіп, суығына тоңып келесіздер. Қай жерде жүрсеңіздер де, атамекенді ардақтаған адал жүректеріңізбен туған жеріміздің жақсы атын шығарып келесіздер. Сол үшін сіздерге мың да бір рахмет айтамын.

Қазақтар бүгінде дүние жүзінің қырықтан астам елінде, басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде тұрып жатыр. Соңғы кездегі деректер бойынша, Өзбекстанда 1,5 млн, Қытайда 1 млн 700 мың, Ресейде миллионға жуық, Түрікменстанда 100 мың, Монғолияда 80 мың, Қырғызстанда 45 мың қазақ бар. Өзге елдердің арасынан Түркия, Иран және Ауғанстанда қазақтар біршама көп және олар жинақы орналасқан. Еуропа мемлекеттерінде қазақтар қадау-қадау, ал мұхиттың арғы жағындағы елдерде тіпті бірен-саран кездесетіні белгілі. Әрбір үшінші адамы шекараның сыртында өмір сүріп жатқан қазақтың қилы тарихы осылай қалыптасты, енді өткенге өкіне бергеннен ештеңе өзгермейді.

Қазақстан Республикасы шетелдердегі қандастарымызды Отанға оралтудың кешенді бағдарламасын жасап, жүзеге асырып келеді. Тәуелсіздік жылдарында, яғни 1991 жылдан биылғы 1 шілдеге дейін елімізге барлығы 110 мың 591 оралмандар отбасы қоныс аударды. Сөйтіп, еліміздегі қазақтардың саны 600 мыңға жуық адамға көбейді. Соңғы кезде көші-қон квотасының жыл сайынғы мөлшерін 15 мың отбасына жеткізіп,

оған қажетті қаржыны мемлекеттік бюджеттен толық бөліп отырмыз. Осы қаржының тиімді пайдаланылуын қадағалау қажет. Бұл туралы менің жарлығымда бірінші кезекте қолдау атажұртқа қоныс аударуға жағдайлары келмейтін отбасыларға көрсетілуі керек делінген.

Қазір Қазақстан алып құрылыс алаңына айналып келеді. Таяу жылдардың өзінде елімізде ірі кен орындары игеріледі, жаңа кәсіпорындар бой көтереді, көптеген темір және автомобиль жолдары салынады, жаңа магистральді құбырлар тартылады, қалада да, далада да тұрғын үй құрылысы өрістейді. Осы жұмыстың бәрін атқаруға Қазақстанның небәрі 15 млн-дық халқының қуаты жете бермейді.

Егер халқымыздың қатарын қалыңдату мәселесін ойдағыдай шешпесек, онда біз сырттан қол күшін тартуға мәжбүр боламыз. Қазірдің өзінде мәжбүр болып та отырмыз. Мысалы, биылғы бірінші жартыжылдықта Қазақстанға 11 мыңнан астам шетел мамандары келді, мұның өзі өткен жылғы көрсеткіштен 5 мың адам артық деген сөз. Жақын көрші елдердің азаматтары жүздеп, мыңдап Қазақстанға келіп жұмыс істеуге құмар екенін де айта кеткен жөн.

Біз қолдан келгенінше Қазақстанға өз күшімен қоныс аударатындардың қатарын қалыңдатуға күш салуымыз керек. Мұның бір жолы – еліміздің азаматтығын алуды жеңілдету. Өз бетімен, өз қаржысына келген азаматтарға заңдық-құқықтық жағынан қажетті жеңілдіктер жасау, қолдау көрсету мәселелерін тиісті орындар шешуі қажет. Бүкіл халық болып көшіп келіп

жатқан ағайынға көмектесу әрбір қазақтың парызына айналуы тиіс. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімімен квотадан тыс келген оралмандарға жергілікті бюджет қаражатының есебінен жер учаскелері бөлінетінін немесе құрылысқа көмек көрсетілетінін білеміз. Бұл бастаманы әр жерлерде қолдаған жөн. Жалпы, әкімдер жұмысының бір өлшемі – өзі басқаратын өңірдегі адам санының өсуі, соның ішінде оралмандар есебінен де өсуі болуға тиіс. Израиль, Германия сияқты өз қандастарын тарихи отандарына шақырып жатқан мемлекеттердің бұл орайдағы тәжірибесіне зейін қою жөн.

Қандастарымызға қаратып айтар жайдың тағы бірі мынау. Тарихи отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маған не береді?» деп емес, «Мен Қазақстаныма не беремін?» деп ойланғаны да дұрыс болар еді. Түркістанда өткен Құрылтайда шетелдегі іскер азаматтарымыздың Қазақстанға келіп, ортақ шаруаға араласып жатқандары аздау екенін айтқан болатынмын. Шүкіршілік, қазір бұл істе де ілгерілеушілік бар екен. Сондықтан барлық облыстардағы әкімдер оралман-кәсіпкерлерге барынша жағдай туғызып, көмек қолын созуға тиіс.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішінде қандастарын тарихи отанына оралтумен жүйелі айналысып, қомақты мемлекет қаржысын жұмсап отырған жалғыз ел – Қазақстан, ал дүние жүзінде – үш елдің біреуі. Отандастарын ұшақпен тасып жеткізуге мүмкіндік тауып жүрген әлемдегі жалғыз ел де Қазақстан болар, тегі. Мұның бәрінің қадір-қасиетін білген

жөн. Қазақстан бұл қадамды, ең алдымен, алыстағы ағайынға қамқорлық ретінде жасайтынын ұмытпаған жөн. Тарихи отанына оралуын Қазақ елінің қамқорлығындай көрмейтін, қайта осында келуін Қазақстанға жасаған жақсылығындай міндет ететін, тұла бойы тек талаптан тұратын, елім дегенде ет бауырын елжіретудің орнына өкпесін ала жүгіріп, қит етсе өкшесін көрсетуге дайын ағайындардың аз болса да арамызда бар екендігін де айта кеткен жөн. Сондай-ақ еліміздің тұрмысқа қолайлы саналатын оңтүстік өңірлерін айналшықтай берушілік, қалайда өз ағайындары тұратын ауылдан үй-жай берілмесе оралманның азаматтық құқы тапталып жатқандай санаушылық та бой көрсетіп қалып жүр. «Мұндай ағайынға айтарым: Қазақстанға жетіп, орналасып, қатарға ілігіп алған соң, әркім-ақ елімен бірге өз күнін өзі көріп кетуі керек. Мемлекеттің міндеті – адамдардың еңбек етіп, өмір сүруінің тиісті заңдық тетіктерін жасау, конституциялық құқықтарына кепілдік беру.

Тағы бір ерекше назар аударатын мәселе: әлемдегі әрбір үшінші қазақ шет елдерде тұрады. Сондықтан олардың бәрін бір мезгілде туған Отанына көшіруге мүмкіндік жоқ екенін ашық айтуға тиіспін. Мен 1 млн-нан астам қазақтар тұратын Қытай Халық Республикасы, Ресей мен Өзбекстан басшыларымен Мәңгілік достық туралы халықаралық келісімге қол қойдым және әрбір сапарымда осы елдердің басшыларына сіздердің мәселелеріңізді үнемі тапсырып, оның орындалуын міндетті түрде қадағалай отырамын. Сондықтан да Ресей, Қытай, Өзбекстан, Монғолия бас-

шыларының қазақ бауырларымызға көрсетіп отырған қамқорлықтары үшін ризашылығымды білдіремін. Және бұл екі ел арасындағы достықтың белгісі деп білеміз. Бұл елдерде тұратын қазақтардың құқығы ешқашан бұзылған емес және тәуелсіз Қазақстан тұрғанда бұзылмайды да. Сондықтан шет елдерден жайлы қоныс, сыйлы кәсіп пен қадір-құрмет көріп отырған қандастарыма екі ел арасын жалғастыратын алтын көпір ретінде жылы орындарымызды суытпаймыз деген ағайынның да пайдасы мол деп санаймын. Сіздердің балаларыңыздың Қазақстанды бірге түлетуіне барлық жағдай жасалған.

Қазіргі кезде шетелдегі қазақтармен байланыс жасайтын еліміздегі ең басты ұйым – Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. Осы орайда қауымдастық ұйымдастырған түрлі басқосулар, конференциялар, «дөңгелек үстел» мәжілістері, өнер ұжымдарының сапарлары, әртүрлі көрмелер, әсіресе, бірнеше елде өткізілген кіші құрылтайлар арқылы шеттегі ағайындар Қазақстанның қанатты қамқорлығын талай рет сезіне алды. Мысалы, Германияның Кельн, Берлин, Швецияның Вестерос, Түркияның Ыстамбұл қалаларында, Ресейдің Алтай Республикасындағы Қосағаш ауданында өткізілген кіші құрылтайлардың бәрінен де үнемі хабардар болып, Елбасы ретінде, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы ретінде құттықтау жолдап отырдым.

Алдағы кезде Қауымдастықтың мәртебесі, әсіресе, оның қаржыландырылу тетіктері туралы да ойласатын жайлар жеткілікті. Үкіметке осы мәселені жан-жақты

қарап, нақты шешім қабылдау жөнінде ұсыныс дайындауды тапсырамын. Үкімет сондай-ақ Көші-қон комитетінің мәртебесіне қатысты да мәселелерді ойластырғаны жөн. Бұл комитеттің қызмет аясын кеңейте түсу керек.

Жалпы, шетел қазақтарының, оралмандардың мәселелерімен Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет, ақпарат және спорт, Білім және ғылым министрліктері, басқа да ведомстволар ұдайы айналысуға, өздеріне қатысты проблемаларды шешіп отыруға тиіс.

Құрылтайда айрықша қозғалатын мәселенің бірі шетелдегі ағайындарымызға оқу-білім жөнінен көмек көрсетудің жайы болады деп білемін. Шетелдік қазақ жастарына арналып жыл сайынғы мемлекеттік білім грантынан 2 %-дық орын бөлінуі, олар үшін жоғары оқу орындарының жанынан дайындық бөлімдерінің ашылуы – осындай қамқорлықтың нақты үлгісі. Алдағы уақытта мұндай шаралардың аясын кеңейте түскен жөн.

Қазақ диаспорасының проблемалары республиканың бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі қозғалып келеді. Бұл орайда атқарылған жұмыстардың ең ірісі де игіліктісі – хабарларын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, ең бастысы – ғарыштық байланыс жүйесі арқылы тарататын «CaspioNet» телеарнасының ашылуы болды. Осы арқылы қазір әлемнің кез келген жеріндегі қазақ азаматы Қазақстанның тынысын күнбе-күн сезінуге мүмкіндік алып отыр.

Кейінгі жылдарда туған жерімізде қолға алынған тағы бір іргелі іс жайында сіздерге разылықпен айтқым келеді. Ол – мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Мұндай бағдарлама әлемнің ең дамыған елдерінде де сирек кездеседі. Аса ауқымды бағдарлама шеңберінде Ресей, Қытай, Монғолия, Иран, Түркия және араб елдері мұрағаттарындағы қазақ тарихына катысты деректер жинастырылып, алды жариялана бастады. Енді осы елдерде тұратын қандастарымыздың аса бай әдеби, фольклорлық және музыкалық мұрасы да зерттеліп, жарық көруге тиіс.

Қазіргі таңда 11 елде қазақ ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс істейді. Олардың ең көбі – Ресейде. Қазақстанмен шектесетін мемлекеттердің баршасында, сондай-ақ Түркияда, Англияда, Германияда, Австрияда, Швецияда, Венгрияда, Украинада қазақ-мәдени орталықтары игілікті шаруа атқаруда. Олардың бәріне де біз қолдан келген көмекті көрсетуіміз керек.

Шетелдік қандастарымызға көмек көрсету дегенде алдымыздан алфавит мәселесі алдымен шығатыны түсінікті. Бұл — өте күрделі мәселе. Қазір жер бетіндегі қазақтың үш бірдей алфавитті ұстанып отырғаны мәлім. Қазақстандағы, Ресейдегі, ТМД-ның бірқатар елдеріндегі жазу – кириллица. Түркиядағы, Батыс Еуропадағы жазу – латиница. Кейінгі кезде бұл жазуға Орталық Азиядағы кейбір көршілеріміз де көшіп алды. Қытайдағы қазақтардың ұстанатын жазуы – арабшаның төте жазу үлгісі. Біздің өзімізде де бұл жөнінде талай пікірталас жүріп жатыр. Біреулер: «Латынға

көпше қазақ фонетикасына тән бірқатар дыбыстардан айырыламыз, кириллицада жарық көрген жүздеген миллион кітаптарда жинақталған білімнен қол үземіз» деседі. Екі пікірдің де жаны бар. Сондықтан мен бұл тақырыптағы пікірталастарды біздің ғалымдарымыз бен зиялы қауым өкілдері барынша зейінмен зерделеп, халқымыздың тағдырына қатысты аса маңызды мәселеде бір топтамға келгені жөн деп есептеймін. Мұндай мәселені асықпай, аптықпай қарап, «жеті өлшеп, бір кескен» жөн.

Ардақты ағайын!

Менің есімнен Мекке мен Мединеге барған сапарым ешқашан кеткен емес. Жақында марқұм болған патша Фахд қасиетті Қағбаға кіруіме жағдай туғызған еді.

Қағбаның ішіне кіргенде, аспан мен жердің арасында қалқып бара жатқандай болдым. Қағбаға кірерде патша маған: «Алладан тілек тілеу керек. Қазір бермесе де, кейін береді», – деген еді. Сол сапардан кейін менен: «Сонда не тіледіңіз?» – деп сұраушылар болды. Тәңірім куә, еліме, халқыма, қазақтарға шапағатыңды аяма деп тіледім.

Сол тілекті Жаратқан Иеміз бере бастаған сияқты.

Мен, Аллаға шүкір, жастайымнан атақ-мансап, лауазымнан кенде болған жан емеспін. Бірақ қандай қызметте жүрсем де, алдыма бір ғана мақсат қойдым: ол халқыма адал қызмет істеу, қазағымды әлем елдерінің алдына шығару. Елбасы ретінде барлық күш-жігерімді

осыған жұмсадым және Қазақстанның бүгінгі қол жеткізген жетістіктері сол адал қызметімнің айқын нәтижесі деп білемін.

Ардақты ағайын!

XXI ғасырдағы өскен, өркендеген, қарыштап алға басқан, қарқынды даму жолына түскен Қазақстанның бас қаласы, елордамыз Астанада бас қосқан барша бауырларыма тағы да «Қош келдіңіздер, қадамдарыңызға гүл бітсін!» дегім келеді.

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

Астананың абыройы, Ақорданың айбыны арта берсін!

Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық, ардақты ағайын!

**«Қазақстан: бейбітшілік пен қауіпсіздік
жолында халықаралық ынтымақтастықты
нығайту» атты халықаралық симпозиумда**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
2005 жылғы 8 қазан

**Қадірлі қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Осыншалық алқалы жиынды қонақжай Қазақстан жерінде қуана құттықтаймын! Біздің еліміздің, оның қазір біз жиналған шығыс өңірінің халықаралық симпозиум тақырыбына мейлінше тікелей қатысы бар. Форумның нақ осы жерде өткізіліп отырғанын мен қару таратпау үдерісіндегі, қауіпсіздік және тұрақты экономикалық даму жолында күрестегі Қазақстанның маңызды орнын тану деп білемін.

Бүгін сіздер Өскеменнің атом өнеркәсібі орындарымен танысып та үлгердіңіздер. Осынан оншалық қашық емес жерде, Семейдің түбінде күні кешелері планетаның аса ірі ядролық полигондарының бірі жұмыс істеп жатты.

Полигонда жарты ғасыр ішінде 450-ден астам ядролық жарылыс жасалды! Сондықтан қазақстандықтар ядролық сынақтардың сұмдықтары туралы кім-кімнен де артық біледі. Сол жарылыстардың еріксіз куәгерлері ғана емес, олардың балалары мен немерелері де осы күнге дейін азап шегуде.

Бұл Қазақстан тарихындағы ең күрделі де қасіретті беттердің бірі болды. Семей ядролық полигонын біржолата жабуымен бірге мемлекетіміз осынау тажалды қаруға ие болудан бас тарту туралы да шешім қабылдады.

КСРО ыдырағаннан кейін республика аумағында қыруар ядролық қару-жарақ қалды, олар – батыста «Сатана» деген сұмдық атауға ие болған, соққы беретін бөлінгіш оқтұмсықтары бар стратегиялық зымырандар және ұзаққа жететін бомбалаушы ұшақтар, солар жарақталатын атомдық және термоядролық зарядтар еді. Сол кезде осынау тажалды әлеует қуаты жағынан әлемде төртінші болатын.

Сол кезде Қазақстанда жалпы алғанда жер бетіндегі құрлықаралық баллистикалық зымырандар ұшыратын 148 шахталық құрылғылар шоғырландырылды. Сол ұшырғы шахталарда әрқайсысы ядролық оқтұмсықпен жарақталған түп-тура 104 құрлықаралық

баллистикалық ракеталар болатын. Осынау зымырандардың салмағы 7,6 тонна, қирату радиусы 12 мың шақырымдай еді.

Қазақстан осынау сұмдық армададан түгелімен ерікті түрде бас тарту туралы әлемдік тарихта бірінші болып шешім қабылдады. Бұл біздің саналы таңдауымыз болатын, ол, ең алдымен, Қазақстан халқының атом қаруын сынаудың сұмдық зардаптарын өз көзімен көргендігінен туындаған шешім еді.

Ядролық арсеналдан бас тарту Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік ісіндегі болашақ стратегиясын айқындап берді.

Біз «Ядролық клуб» мемлекеттерінің қолдауына ие болдық. Ядролық қарудан бас тарту туралы шешімімізге жауап ретінде 1995 жылы 5 желтоқсанда Будапештте қол қойылған келісімге сәйкес АҚШ, Ресей, Ұлыбритания Қазақстанның қауіпсіздігі мен аумағының тұтастығына кепілдік берді. Содан кейін бұған Қытай мен Франция қосылды.

Сол сәттен бастап Қазақстан, бейнелеп айтсақ, өзіндік бір «бейбітшілік кіндігіне», яғни тарихта қиратқыш күшке ие бола тұра, содан тұңғыш рет ерікті бас тартқан жерге айналды. Естеріңізде болар, осыдан бірнеше жыл бұрын мен осы аттас кітап жазғанмын.

Сол шешімімізбен біз барлық мемлекеттермен, халықтармен бейбітшілікте, достықта және тату көршілікте тұрғымыз келетінін іс жүзінде қуаттадық. Мұны тәуелсіз Қазақстанның планетадағы тұрақтылық

пен қауіпсіздікті нығайту ісіне қосқан лайықты үлесі деуге болар деп ойлаймын.

Екінші жағынан, Қазақстан өз экономикасына ең мол инвестициялар тартты, барлық ресурстарды өз азаматтарының әл-ауқатын арттыруға жұмсау мүмкіндігін алды. Еліміз кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте экономикалық және саяси реформалардың көшбасшысы болып отыр. Экономикамыздың жылына 9–10 % құрайтын өсу қарқыны әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі саналады.

Бүгінде Қазақстан – қарусызданудың, экстремизммен және халықаралық терроризммен күрестің дәйекті жақтасы.

Осы заманғы әлем тұрақтылығының өзекті белгілерінің бірі – жаһандық қауіпсіздіктің орнықты жүйесі.

Осы заманғы ғылым мен технологияның жоғары деңгейі, іс жүзінде білімнің барлық салалары бойынша ақпараттың қол жететін дереккөздері, өнеркәсіптік технологиялардың айтарлықтай арзандауы – осының бәрі тек адамзат игілігіне қызмет етуге тиіс секілді еді. Амал қанша, прогресс бейбіт даму үшін де, оған қарсы шығу үшін де жаңа мүмкіндіктер ашады. Сондықтан жаһандық қауіпсіздік жүйесі үздіксіз жетілдіріліп отыруға, техникалық дамумен қатар адымдауға тиіс.

Қару-жарақты, ерекше қатерлі материалдар мен технологияларды қатаң қадағалау – тажал қаруын таратпаудың өзегі және кез келген қауіпсіздік жүйесінің негізі. Қарудың өзінің де, оның жекелеген

элементтерінің де таратылуына жаһандық ауқымдағы қарсы қимыл терроризм пен агрессиялық пиғылдарды тежейтін пәрменді шара.

Қару таратпау режимдерін дамытуға бағытталған ең ірі халықаралық бағдарлама – 1993–1995 жылдары бастамашыларының, яғни АҚШ-тың екі сенаторының атымен Нанн-Лугар бағдарламасы деп аталған «Қатерді бірлесіп кеміту» бағдарламасы.

Нанн-Лугар бағдарламасының әу бастағы мақсаты тікелей АҚШ-қа төнетін қатерді кеміту болатын, бірақ уақыт өте келе ол бағдарламаға қатысушы көптеген елдер үшін халықаралық ынтымақтастық стратегиясына айналды.

Бағдарламаның әрбір жаңа белесі оның қызмет бағыттарын кеңейтіп, міндеттерді күрделілендіріп отырады, қатысушылар санын ұлғайтады. «Қатерді бірлесіп кеміту» бағдарламасының Қазақстандағы қызметі осыны анық көрсетеді.

Таяудағы тарихи оқиғаларды еске алайық: 1992 жылы ауыр әлеуметтік-экономикалық ахуалды бастан кешіп жатқан Қазақстан КСРО ыдырағаннан кейін ядролық қарудың қоры жағынан әлемдегі төртінші мемлекет болып шықты.

Сол қаруды сақтап қалу қандай елді де еліктірердей еді. Кейбір «достас» елдер де бізге сондай кеңес берді. Елдің ішінде де ядролық қарудан бас тарту қате деп санаған белгілі адамдар тобы болды.

Алайда ешқандай қиындықтар Қазақстанды ядролық қарусыз аймақ деп жариялау жөніндегі қағидатты

шешімімізді өзгерте алмады. Осынау тарихи таңдау Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік ісіндегі стратегиямызды белгілеп берді.

Қару таратпау режимдерін дамыту біздің саясаттың негізгі өзегіне айналды.

Осылайша жаппай қырып-жою қаруын таратпау және оны пайдалану тәуекелін кеміту саласындағы Қазақстан мен АҚШ-тың мақсаты бағдарламаны жүзеге асырудың алғашқы белестерінде-ақ сәйкесе кетті.

2000 жылдың күзі бағдарламаны іске асырудағы өзіндік бір шек болды. Осы кезде Семей полигонында ядролық қару инфрақұрылымын жоюдың 5 жылдық бағдарламасы іске асырылып бітті.

Бірлескен қызметтің жаңа бағытын – ерекше қауіпті материалдар мен қос мақсатта пайдаланылатын технологиялардың таралуына қарсы қимылды бейнелейтін құжаттарға қол қойылды. Бұл қазақстандық БН-350 реакторына арналған ядролық материалдарды қауіпсіз сақтау және реакторды пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстарды бастау мүмкіндігін берді.

2900 килограмға жуық ядролық отынды, соның ішінде барынша байытылған уранды, оны құпия түрде пайдалану тәуекеліне толық жол бермейтін жағдайда орналастыру қажет болды.

2001 жылы сенатор Сэм Нанн мен «Ядролық қатерді кеміту жөніндегі бастама» қорының президенті Ричард Кертис Қазақстан Үкіметіне сол проблеманы шешуде жәрдемдесуге ұсыныс жасады. Екі жақтың

да техникалық командалары «БН-350» реакторының барынша байытылған «жаңа» отынын қауіпсіз тасымалдау және оны аз байытылған ядролық материалға қайта айналдыру деп аталған жобаны әзірледі.

Жобаның негізгі міндеті жаппай қырып-жою қаруын қолдану тәуекелін азайту жолымен жаһандық қауіпсіздікті нығайту болды.

Қазір жоба аяқталуға жақын қалғанын қанағатпен айта аламын.

«Ядролық қатерді азайту жөніндегі бастама» Қоры жобаның барлық белестерін қаржыландыру ісін өз мойнына алды, оны орындаудың мониторингі мен сараптан өткізілуін жүзеге асырды.

Қазақстан кәсіпорындары бұл міндетті абыроймен орындады.

Қорытындылай келіп, мына жайды атап өткім келеді: аса қауіпті ядролық, химиялық және бактериологиялық заттардың таралуына қарсы қимылдың басты құралы сондай материалдарды есепке алудың, бақылаудың және қолма-қол қорғаудың сенімді жүйесі болды әрі солай болып қала береді. Соңғы жылдар ішінде АҚШ өзінің қауіпсіздік жүйесін түгелімен түрлендіріп, ТМД елдеріне олардың ұлттық жүйелерін дамытуда көмегін ұсынды.

Қауіпсіздіктің осы заманғы жүйесі қаруға құпия түрде қол жеткізуге немесе оның төтенше жағдайда таралуына жолды толық жабуға тиіс. Қордың нақтылы қорғауды күшейту және аса қауіпті материалдардың таралуына қарсы түру жөніндегі Қазақстанда жүзеге

асырылып жатқан жобалары нақ сол мақсатты көздейді.

Алайда, мүмкін болған жағдайда, сондай материалдардың таралу қатерінен құтылудың ең сенімді әрі экономикалық жағынан орынды амалы – оларды әскери мақсатта қолданыла алмайтын жағдайға айналдыру. Шапшаң нейтронды реакторлар өнеркәсіптік қондырғыларды 40 жылдан астам уақыт пайдаланып келеді. Мұныңыз әлгіндегі Жобаның пайда болуына алып келген проблемалар барған сайын жиі туындай бастайды деген сөз.

Қазақстандық жоба және барынша байытылған уранды аз байытылған уранға айналдырудың ойдағыдай жүзеге асуы сондай жобалар мен бағдарламаларды басқа өңірлер мен елдерде әзірлеудің үйренерлік үлгісі бола алады. Қазақстан жағы бұл тәжірибені белсенді насихаттауға және жобаларды іске асыруда қолынан келетін көмегін көрсетуге дайын.

Біздің үлгіміз басқа мемлекеттер үшін оң болып шығатынына үмітіміз бар. Соңғы жылдары біз БҰҰ шеңберінде ядролық тежеу, таратпау, ядролық материалдарды әзірлеу жөнінде қабылданған келісімдердің сәтті шыға қоймағанының куәсі болдық. Біздің көршілер – Пәкстан мен Үндістан ядролық мемлекеттерге айналды. Бұл әлемде қазіргіден мүлдем басқа шешім қабылдануға тиіс деген сөз. Ядролық қару басқа елдерде әзірленбеуге, таратылмауға тиіс дегенді айтатын ядролық державалар, әсіресе ең ірілері АҚШ, Ресей және басқалары өздерінде бар ядролық арсеналды қысқарту үлгісін көрсетуге тиісті.

Қазір мынадай жағдай қалыптасты: біреулерге қаруға ие болуға, оны жетілдіруге рұқсат етіледі, біреу басқаларға оған ие болуға, тіпті әзірлеуге де тыйым салынады. Дұрыс емес, тең емес, адал емес. Жаһанданған әлемде, БҰҰ аясында, бұл шарт аса ауқымды шаралар, барлық, әсіресе ядролық мемлекеттердің ядролық қаруды қысқарту және олардың арсеналын бірте-бірте жою жөніндегі жауапкершілігі жағына ойыстырылып, қайта қаралуы тиіс.

Соңғы онжылдықта біз жасаған қадамдар бүкіл әлемде тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау ісіне қосылған тағы бір елеулі үлес болды деп санаймыз. Қазақстан Республикасы мен оның көп ұлтты халқы мемлекеттің ядролық қарусыздықты таңдауын қуаттайды және басқа елдерді осыған шақырады.

«Қазақстан-2030» стратегиясы
іс жүзінде» атты халықаралық
конференцияда

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 11 қазан

Қадірлі конференцияға қатысушылар!

Осыдан 8 жыл бұрын президенттігім жылдарында тұңғыш рет мен Қазақстан халқына Жолдау арнап, онда отандастарыммен мемлекеттігіміздің миссиясы және қоғамымыздың перспективалары жөніндегі ойларыммен бөлістім. Мен еліміздің 2030 жылға дейінгі дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын отандастарымның төрелігіне салдым, онда Қазақстан болашағының бедері және елдің ілгерілеу бағыттары белгіленді.

Еліміздің миссиясын мен ұлттық бірлігі, әлеуметтік әділеттілігі, бүкіл халықтың экономикалық әл-ауқаты бар, тәуелсіз, өркендеген және саяси жағынан тұрақты Қазақстан құру деп білдім.

Стратегияның кей жерлерін келтіре кетейін. «2030 жылы, – делінді онда, – ұрпақтарымыз енді әлемдік оқиғалардың тасасында қалмайтын елде өмір сүретін болады. Еуразияның орталығында бола отырып, олардың Қазақстаны жылдам өсіп келе жатқан үш өңір – Қытай, Ресей және мұсылман әлемі арасындағы экономикалық және мәдени байланыс буын рөлін атқаратын болады.

2030 жылы Қазақстан әлі мүлтіксіз ел бола қоймайды. Ол әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған елге айнала қоймайды, дегенмен ол күрделі жолдан ойдағыдай өтіп, келесі даму белесіне нық қадаммен кіреді.

Әрине, мұның бәрі – болашақты елестету ғана, соның моделі, мінсіз мақсат, арман. Және сіздердің көбіңіз идеалды бүгінгі, ең керекті нәрселердің өзі жоқ өмірмен салыстырып, тек мысқылмен езу тартады, мұны утопия деп санайды».

Мен қазақстандықтарға қазір алыста қалғандай 1997 жылы осылай деп, кей-кейде тым азапты көрінетін ағымдағы проблемалармен ғана өмір сүрмей, алыс болашақты, біреу-міреуге тым анық, айдан анық болмаса да, бізді алға, тек алға басуға мәжбүр ететін болашақты көруге шақырдым.

Мемлекет пен қоғам жалпы алғанда өз шеңберінде реформалар қарышты әрі жүйелі адымдайтын коор-

динамтар жүйесі болып табылатын даму стратегиясын да, тұтас алғанда елдің дамуын да аса ауқымды көре білуге мұқтаж екендігіне кәміл сендім.

Сөйтіп Қазақстан бүкіл кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте бірінші болып стратегиялық жоспарлау жолын таңдап алды.

Біз Стратегияда алға қойған негізгі мақсат барлық қазақстандықтардың өркендеуін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әл-ауқатын жақсарту еді.

Бір сәтке сол жылдарды көз алдымызға келтіріп, Стратегияның қандай жағдайда қабылданғанын еске түсірейік.

Әміршілдік экономикадан нарықты экономикаға қинала өтіп, жалпыэкономикалық және өзгерістік дағдарыстан шығып үлгере алмай жатып, біз оның Оңтүстік-Шығыс Азия мен Ресейдегі қаржы дағдарысы арандатқан жаңа үйіріміне тап болдық.

Жалақы мен зейнетақыны кешіктіріп беру, қаптаған жұмыссыздық, қыста суықтан қатып қалатын қалалар және электр жарығын бір-бірлеп өшіріп отыру біздің басымыздан кетпейтіндей көрінген еді сонда.

Ел ішіндегі экономикалық және әлеуметтік проблемалардың ушыға түсуі сыртқы орнықсыздықпен, тұрақсыздықпен тұспа-тұс келді. Осынау проблемалар, олардың шешілмеуі Стратегияға сенбеу мен сынауға ілік болды.

Алайда, қаншалық ауыр болса да, біз тәуелсіздік алған бойда қолға алған кең ауқымды экономикалық, әлеуметтік және саяси реформаларды, Стратегияның барлық алғышарттарын жасаған реформаларды

жалғастыра беруге міндетті болатынбыз. Және бұл «жан бағудың» стратегиясы емес, ондаған жылдарға көзделген жасампаздықтың стратегиясы еді.

Бүгін, Стратегияны іске асырудың 8 жылының, ал бұл өткен жолдың төрттен бірі, қорытындысын шығара отырып, таңдап алған стратегиялық басымдықтардың дұрыстығы мен негізділігін атап өте аламыз. Стратегия енді жұрттың бәріне түсінікті. Біздің барлық орта және ұзақ мерзімді даму бағдарламаларымыз соның қағидаларына негізделді. Ол даму жолын көрсететін шамшырақ болатын. Өмір ұстанған жолымыздың дұрыстығын көрсетті.

* * *

Ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық және қоғамды топтастыру – мемлекетіміздің дамуы үшін міндетті шарттар еді.

Стратегияда олардың мәні жағынан ең маңызды басымдықтар болып көрсетілгені кездейсоқ емес. Бүгінде біз мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды жасадық.

Ел экономикасы серпінді дамып келеді. Осы заманғы Қарулы Күштер құрылды.

Біздің дипломатиялық күш-жігеріміздің арқасында елдің егемендігі де, аумақтық тұтастығы да бекітілді. Соңғы жылдар ішінде біз бүкіл шекараның ұзына бойын белгілей алдық, ол – 14 мың шақырымнан астам. Мұның өзі біздің қауіпсіздігіміздің елеулі кепілі.

Қазақстан өңірлік қауіпсіздік негіздерін қалыптастыруға белсене қатысуда. Біз әлемнің жетекші мемлекеттері – Ресей Федерациясымен және Қытаймен, АҚШ-пен және Еуропалық Одақпен стратегиялық әріптестікті нығайттық.

Қазақстан ТМД мен Азиядағы ықпалдастық үдерістерінің де белсенді қатысушысы. Осыдан 10 жыл бұрын мен айтқан Еуразиялық Одақ құру идеясы барған сайын жақтастарын көбейтіп келеді. Мұның айғағы Орталықазиялық ынтымақтастық ұйымы мүшелерінің Санкт-Петербургтегі соңғы кездесуі. АӨСШК үдерісі нақ біздің елде дами түсуде.

Бүгін айналамызда бейбітшілік «белдеуі» қалыптасты, бірде-бір мемлекеттің бізге тағар айыбы жоқ, бізге ешкім дұшпандықпен қарамайды деп сеніммен айтуға болады.

Еліміздің ішінде де тыныштық пен сабырлылық салтанат құруда.

Біз бұған тек ұлтына, дініне, саяси көзқарасына қарамастан барлық азаматтар үшін тең мүмкіндікке негізделген азаматтықты басты басымдығымыз деп жариялау арқылы қол жеткіздік.

Бүгінде Қазақстан жалпыұлттық татулық пен азаматтық тыныштықты сақтап қалған, ұлтаралық жанжалдар мен конфессияаралық алауыздықты білмейтін кеңістік кезеңнен кейінгі аз мемлекеттердің бірі.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі нақ Қазақстанда өткендігі және II съезді де бізде

өткізу жөнінде шешім қабылдағаны кездейсоқ емес. Бұл мақтануға тұрарлық нәрсе емес пе?

Біз мемлекеттік басқару негізін одан әрі демократияландыруға және азаматтық қоғам орнатуға бағытталған саяси реформаларды дәйекті жүргізіп келеміз.

Қоғамды елдің тұрақтылығы мен болашағы үшін жауапты мемлекеттік билікті әлсіретпей қарышты демократияландыру – біз жүріп келе жатқан соқпақ осындай.

Алдымен экономика, содан кейін саясат, қоғамды экономикалық даму арқылы ырықтандыру – қазір «Қазақстандық жол» аталып жүрген жолдың мәні осы. Мұндай жолдың кеңестік дәуірден кейінгі елдер үшін және басқа дамушы мемлекеттер үшін дұрыс екенін бірте-бірте әлем саясаткерлерінің көбі мойындап келеді. Бізді табысқа жеткізген нақ сондай саясат. Бұл жолдан біз алдағы уақытта да таймаймыз.

* * *

Дамуымыздың орнықтылығын ой сарабынан өткізгенде мен мемлекеттің ойдағыдай дамуы, әлеуметтік міндеттемелерді орындау үшін ең алдымен тиімді экономика қажет деген ұстанымымның дұрыстығына тағы да кәміл сене түсемін.

Сондықтан біз стратегиялық мақсаттарымызды іске асырудың негізгі құралдары экономикалық өсу, энергетикалық ресурстарды игеру және инфрақұрылымды дамыту деп анықтадық.

Осынау басымдықтарды іске асыру аясында біз қиын кезде аса маңызды экономикалық реформалар жүргіздік, сондықтан бүгінгі табыстарымыз заңды.

Қазақстан бүгінде әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі және мұны барша жұрт мойындады. Сарапшылар бізді кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте көшбасшы елдерге жатқызады.

Соңғы 5 жыл ішінде ІЖӨ-нің өсу қарқыны 10,3 % болды.

Биылғы жылы жан басына шаққандағы ІЖӨ 3440 долларды құрайды және 1999 жылмен салыстырғанда 3 есе ұлғаяды.

Әлгінде де айтқанмын, біздің қарқынымыз 2008 жылға қарай елдің ІЖӨ-ні 2 есе көбейтуге мүмкіндік береді, яғни 10 жылдық стратегиялық жоспарда көзделгеннен 2 жыл бұрын орындалады.

Өндіріс іс жүзінде экономиканың барлық салаларында өсіп, мұның өзі бізге шикізатқа тәуелділіктен бірте-бірте арылуға мүмкіндік беруде.

Осы арада жаңа байтағымыз Астана туралы айтуға тиіспін. Елордамыз әбден орнықты, өсіп келеді, көз алдымызда түрлене түсуде. Геосаяси артықшылықтарын былай қойғанда, астананы көшіру елдің бүкіл экономикасына орасан зор әсер етті. Астананы салу жас Қазақстанның мүмкіндіктерін кемел көрсетті, ел азаматтарының, әсіресе жастардың мақтанышына айналды. Астананың тарихы, оның болашағы енді басталып жатыр.

Бірқатар стратегиялық және экономикалық мәселелерді шеше отырып, бізге жастардың күш-қайратын да жаңашылдық ізденіс жолына бағыттау маңызды болды. Мен біз соған жеттік те ғой деп ойлаймын.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру, кластерлік бастама шеңберінде шикізатсыз секторларда өндіріс көлемі қарыштап өсе түсті.

Осының бәрі адами даму жөніндегі шараларымызбен бірге экономикадағы сапалық өзгерістердің айғағы.

Экономикалық өсуді қолдауға бағытталған мақсатты мемлекеттік саясатсыз әлгі нәтижелерге қол жете қояр ма еді.

Біз макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз еттік.

Біз дамыған нарық стандарттарына сай келетін экономикалық орта жасадық.

Еуропалық Одақ пен АҚШ Қазақстанды ТМД-да алғашқылар санатында нарықты экономикасы бар ел деп таныды, ал жетекші халықаралық рейтинг агенттіктері бізге инвестициялық рейтинг берді.

Біз инвестициялық серпіліс жасап, қолайлы инвестициялық ахуал орнаттық.

Еліміз бүгінде шетелдік инвестициялардың жан басына шаққандағы көлемі жағынан ТМД елдері ішінде арасында көш басында тұр. Бұл орайда тек өткен жылдың өзінде негізгі капиталға салынған ішкі инвестиция сыртқы инвестициядан 2 есе асып түскенін атап өту маңызды.

Орталық Азия өңіріне жұмсалған барлық шетелдік инвестициялардың іс жүзінде 80 %-ы бір ғана Қазақстанның үлесіне тиеді.

Мемлекет даму институттары арқылы инвестициялық үдерістердің белсенді бастамашысы бола білді.

Дау жоқ, мұнай секторын дамыту экономикалық өсудің локомотивіне айналды.

Біздің мақсат – бір жағынан, бұл секторды төл мүдделерімізді және халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздік мүддесін сақтай отырып дамыту, екінші жағынан сектор ресурстарын пайдалана білу, оларды жаңа артықшылықтарға айналдыру, сөйтіп жаңа экономиканы, болашағымыздың экономикасын құру. Түбі бір таусылмай қоймайтын шикізат ресурстарына тәуелді болмайтын экономика құру.

Ұлттың басты игілігі табиғи байлықтары емес, инновацияларға қабілеттілігі.

Осы орайда бәсекеге қабілеттілігі жағынан әлемдегі көшбасшыларға айналған Финляндия мен Сингапурдың тәжірибесі бізге үлгіге айналуға тиіс.

Біздің экономика әлемдік бәсекенің сесті сынақтарына сай қимылдауға тиіс.

Бүкіләлемдік экономикалық форумның әлемдік бәсекеге қабілеттілік бойынша есебінің мәліметтері бойынша Қазақстан 2005 жылы есепке кірген 117 ел ішінде 61-ші орын алып, ТМД-дағы көршілерінен алда тұрды. Бірақ, өздеріңіз білесіздер, біз неғұрлым өршіл міндет – елдің әлемдегі бәсекеге ең қабілетті 50 елінің санатына қосылу міндетін қойғанбыз.

Осы заманғы даму үрдістері, құрлықтағы елдің «құрдымға кетпей қоймайтыны» жөніндегі қосаң түсініктерді тас-талқан етуде.

Қазақстанның экономикалық жаһандану үдерісіне қосылуы әуелгі бетте, Еуропа мен Қытай базарына шикізат ресурстарын, бірінші кезекте, көмірсутегі ресурстарын жеткізушілердің бірі ретіндегі қызметін іске асыра отырып, уақыт өте келе әлемдік экономикаға кірігу үдерісінің белсенді қатысушысына айналу мүмкіндігін береді.

Мен Қазақстанды орталықазиялық өңірдегі өзекті ел, ішкі өңірлік экономикалық байланыстардың кіріктірушісі, капитал мен инвестициялар тартудың орталықазиялық базарға бағдарланған аса ірі әлемдік компаниялардың өңірлік өндірістер немесе филиалдар орналастыруының халықаралық сервис қызметінің орталығы ретінде көзге елестетемін.

Болашақта Қазақстан еуропалық, азия-тынық мұхиттық және оңтүстікқазиялық экономикалық өңірлердің өзара ықпалдастығының маңызды байланыстырушы буыны, трансқұрлықтық экономикалық көпірі қызметін атқара алады.

Менің тапсырмам бойынша қазір 2015 жылға дейінгі Өңірлік даму стратегиясы әзірленуде, ол келешекке көзделген жаңа міндеттерді белгілейді.

* * *

Экономикалық өсу әйтеуір мақсат емес, азаматтарымыздың әл-ауқатын қамдаудың, тұрақты әлеуметтік дамудың құралы екенін тағы да атап өткім келеді.

Жаңа ауқымды экономикалық міндеттер тұрғысынан қарағанда адами капитал барған сайын ел дамуын анықтайтын көрсеткішке айналып келеді.

Сондықтан азаматтарымыздың денсаулығы, білімі және игілігі ұзақ мерзімді стратегияның басты басымдықтарының біріне, біздің бүкіл қызметімізді бағалаудың өлшеміне айналды.

Қарышты экономикалық өсу бізге әлеуметтік салаға жұмсалатын шығысты айтарлықтай ұлғайтып, білім беру мен денсаулық сақтауды 2010 жылға дейін дамытудың ауқымды мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға кірісу мүмкіндігін берді.

Жүргізілген реформалар барысында халықты тиімді әлеуметтік қорғау жүйесін жасаудың және қоғамдағы патерналистік көзқарасты еңсерудің сәті түсті.

Біз кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте бірінші болып жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көштік.

Бүгінде біз жауапкершілікті мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында бөліп, әлеуметтік қамсыздандырудың әділетті үш деңгейлі жүйесін қалыптастыра бастадық.

Өз басым ешқашан мүмкін емеске уәде бергенім жоқ, бірақ уәде берсем әрқашан орындап отырдым. Біздегі зейнетақы, жалақы бүгінде кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі ең жоғарылардың бірі. Көзқарастың ауқымдылығы мен кешенділігінің арқасында біз 10 жыл бұрын ахуалы біздікінен едәуір жақсы болған көршілерімізді басып оздық. Экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту жолына түсіп, оны дәйекті

жүзеге асыра отырып, біз, Стратегияда уәде берілгеніндей, Қазақстан мен қазақстандықтарды өркенді өмірге жеткіземіз.

* * *

Аса қысқа мерзім ішінде экономикалық жағынан дамыған, әлеуметтікке бағдарланған әрі демократиялық елді орнату – өте-мөте күрделі міндет.

Көп нәрсе биліктің құрылуына, өзгеріп жатқан дүниеге ел мен экономиканы басқару қаншалықты сәйкес болады және ол халқымыз бен еліміздің мүдделеріне қаншалықты жауап бере алатындығына байланысты.

Біз жинақы да кәсіби Үкімет қалыптастыра алдық, ол белгіленген жоспарларды ойдағыдай іске асыруда.

Мемлекет аппараты бүгінде икемдірек әрі тиімдірек бола түсті, өзгеріп бара жатқан сыртқы орта мен қоғам қажеттеріне тезірек бейімделеді.

Стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлауды үйлестіруге қол жетті, жоспарлаудың тұтас әрі тиімді жүйесі қалыптастырылды.

Әкімшілік-бюджеттік реформа шеңберінде біз мемлекеттік басқарудың әрқилы деңгейлері арасында өкілеттіктерді бөлдік және төрешілдікті тыю жөніндегі жұмысты бастадық.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі ендіріліп, ол ТМД елдерінің арасындағы ең озық модельдердің бірі деп танылды.

Айта кетейін, біз әлеуметтік-экономикалық саланы реформалаудың ең жақсы әлемдік тәжірибесін зерт-

тедік. Еліміздің ерекшеліктері мен халықаралық практиканы парасатты, салмақты ұштастыру арқасында біз бүгінгі табыстарымызға жеттік. Біздің тәжірибе халықаралық ұйымдарға да, басқа елдердің үкіметтеріне де қызықты болып шықты.

Өз Үкіметінің экономикалық реформалар жүргізу тұсындағы әлеуметтік жауапкершілігі туралы айта келіп, белгілі Ресей экономисі Евгений Ясин: «Ресей мен Қазақстан либералды реформалар жолымен бірге келеді, бірақ бұл саладағы Қазақстандағы табыстар біздікінен көп. Біз олардан электр энергетикасы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нарығындағы, зейнетақыдағы либералдық реформалардың барысынан үйреніп жүрміз», – деп атап көрсетеді.

Бұл Қазақстан жетістіктерін лайықты бағалау деп білемін.

Қадірлі конференцияға қатысушылар!

Жалпы алғанда, елдің дамуындағы оң өзгерістер көз алдымызда, олар Қазақстанды дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясының дер кезінде қабылданғанын және таңдап алынған басымдықтардың дұрыстығын айғақтайды.

Қазақстан өзіне және таяу көршілеріне алға қойған мақсаттарына, олар қандай ауқымда болсын, жете алатынын дәлелдеді.

Стратегиялық мақсаттарға жетудегі дәйектілік, сабақтастық және қарыштылық – бізге табысты дамуымыздағы орнықтылықты қамтамасыз ететін осылар.

Әрине, бәрі бірден келе қоймайды. Мысалы, азиялық елдер – Сингапур мен Малайзияны алсақ, олар өркендеу жолына бір 10 жыл жүріп жете қойған жоқ, бірақ дұрыс та тексерілген жолмен жүріп отырды.

Бүгінде қазақстандық жол анықталған: тұрақтылықтан – жаңғырту арқылы – өркендеуге жету.

Біз қазірдің өзінде бұзып-жарып алға ұмтылуға дайынбыз деп санаймын, бұл үшін негіз қаланған.

Қазақстан өңірдегі болашаққа бағытталған жаңғырулардың көшбасшылар, тыныштық пен молшылықтың аумағына айналып, әлемдік қоғамдастықта лайықты орнын алды.

Біз ашық нарықты экономика мен демократиялық даму қағидаттарын табысты іске асырудың үлгісіне айналдық, бүгінде бүкіл әлем сол қағидаттар бойынша алға адымдап келеді.

Әлемдік қоғамдастық осынау идеялардың біздің өңірдегі жүргізушісі ретінде бізге мүдделі.

Бүгін осы залда Стратегияны әзірлеу белесінде де, оны іске асыру кезінде де кеңес берген көптеген халықаралық сарапшылар отыр.

Стратегияны әзірлеуге қатысқан барлық сарапшыларға, шетелдік те, өзіміздің сарапшыларымызға да алғыс айтамын бар.

Осынау конференцияда бізге ең жақсы практиканы ортаға салудың, іс-әрекеттерімізді бірлесе талқылаудың тағы бір мүмкіндігі туып отыр, оның үстіне Қазақстанды экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыртудың негізгі параметрлері биылғы ақпандағы

Қазақстан халқына Жолдауда да, менің Парламент сессиясында сөйлеген сөзімде де көрсетілген.

Сіздердің кәсіби ұсыныстарыңыз бен идеяларыңыз заманның сесті сынағы алдымызға қоятын жаңа міндеттерді анықтау үшін пайдалы болады.

Тек бірлесе, жиналған тәжірибені ұдайы алмаса, өткенді әділ бағалай және болашақты дұрыс бағалай отырып қана, ортақ прогреске жетеміз.

Сөзімді 1997 жылы жарияланған «Қазақстан – 2030» стратегиясынан алынған дәйектемемен аяқтағым келеді: «33 жылдан кейінгі Қазақстанды мен қалай елестетемін? Біздің жас мемлекет өсіп-өніп, есейеді, балаларымыз бен немерелеріміз сонымен бірге өсіп, жетіледі. Олар өз буынының жауапты да жігерлі, жақсы білімді, денсаулығы тамаша өкілдері болады. Олар осы заманғы базарлы экономика жағдайында жұмыс істеуге дайын болады, сонымен бірге ата-бабаларының дәстүрлерін де сақтай алады. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін бірдей білетін болады. Олар бейбіт, гүлденген, тез өсіп келе жатқан, бүкіл әлемге белгілі әрі сыйланатын өз елінің отаншылдары болады».

Біз осы жолмен жүріп келе жатқан жоқпыз ба? Біз сол жолмен жүріп келеміз әрі табысқа жеттік.

Конференцияның барлық қатысушыларына жемісті жұмыс тілегім келеді.

Қазақстан халықтары
Ассамблеясының XI сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 22 қараша

**Қадірлі қазақстандықтар!
Қадірлі Ассамблея мүшелері!**

1991 жылдың күзінде, КСРО ыдырап жатқан кезде, бейбітшілік миссиясымен Таулы Қарабақта болғаным есімде. Сол кезде ұлтаралық өшпенділіктің шыңырау құзы қаншалықты терең бола алатынын, адамдардың бір-біріне ызасы мен ашуы қаншалықты көрсоқыр болатынын, бейбіт өмірді аяусыз қан төгу мен есірік қатыгездік бөліп тұратын шек қаншалықты жұқа болатынын, жараны, азап шеккен жүрек пен зердені емдеу қаншалықты қиын болатынын өткір сезіндім.

Нақ сол кезде осының бәрі санама терең ұялап, мен өзіме-өзім этносаралық араздық дүлейі ешқашан бостандыққа шықпас үшін бәрін істеймін деп ант бердім.

* * *

Бұл оңай міндет емес еді.

Сол кезде, тоқсаныншы жылдардың басында, барша жұрт Қазақстанды жаппай этносаралық қақтығыстар туындауына нөмір бірінші кандидат деп санады.

Бірақ біз олай емес екенін дәлелдей алдық.

Нақты тәжірибемізбен, өз өмірімізбен, өз жұмысымызбен біз Қазақстанда этносаралық және азаматтық жанжалдар жазмыштағыдай болмай қоймайды деген әлгі теориялардың бәрін теріске шығардық.

Биыл біздің тәуелсіздігімізге 14 жыл толды.

Табаңды еңбектің, шыдамдылықтың және табыстардың 14 жылы.

Биыл Қазақстан халықтары Ассамблеясына 10 жыл толды.

Бейбітшіліктің, татулықтың және жасампаздықтың 10 жылы.

Нақ Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясатымыздың тарихындағы жаңа бетті ғана емес, әлемдік практикада «ұлттық мәселені» шешудің жаңа бетін де ашты.

Осынау жарқын мүшелтоймен бәріңізді шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Осынау 10 жыл тарихқа жанқиярлық еңбек, азапты ізденіс және елімізді дағдарыс иірімінен аман алып қалған, ауқымды апаттарға ұрындырмаған қалыптан тыс шешімдер қабылдау жылдары болды.

Біз жаңа толыққанды қоғам – бостан да тең құқықты адамдар, өз елінің нағыз азаматтары қоғамын құрдық.

Ең бастысы – біз ортақ үйімізде тыныштық пен татулықты, адамдар жанындағы өзара түсіністік пен сенімді сақтап қала алдық. Қазақстандықтар ұлттық төзбестік пен дұшпандыққа ұрынбай шын мәнінде біртұтас халыққа айналды.

Осының бәрі алғашқы күндерден бастап біз ұлттық татулық басты басымдығымыз, мемлекет саясатының өзегі деп белгілеуіміздің арқасында ғана мүмкін болды.

Сол кезде түзетілмейтін қателік жібермегенімізді бүгінде бәріміз көріп отырмыз. Сөйтіп қазір біздің табыстарымыз елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан жаңғыртудың жаңа сапалық белесіне өтуіне мүмкіндік берді.

Экономикалық өсу – қоғамымыздағы демократиялық үдерістерді тереңдетудің жақсы ынталандырушысы. Бізде саяси реформалардың нақты бағдарламасы бар, нені қалайтынымызды және оған қалай жетуді білеміз.

Қазақстан үшін жаңа мақсат әлемнің ең тиімді дамып келе жатқан мемлекеттері санатына қосылу, азаматтарымызға тұрмыстың жоғары стандарттарын жасауы, бұған мүмкіндік берілетініне сенемін.

* * *

Осынау залда мен реформаларымызды бірге бастағандардың, қасымда болғандардың, өзім сүйенгендердің, ең қиын сәттерде өзімді қолдағандардың көбін көріп отырмын.

Барлық қазақстандықтарға, халқымыздың кемеңгерлігіне, шыдамдылығына және ерік-жігеріне тиісті бағасын беремін, табыстарымыз солардың арқасында мүмкін болды!

Жеделдетілген жаңғыртудың жаңа жоспарларын да біз бірге жүзеге асыра аламыз.

Мен жаңа бастамаларымды қолдағандарыңыз үшін ризамын!

* * *

Бірақ өткен жылдар – табыстарымыздың ғана жылдары емес. Олар – осал тұстарымызды да, бізге төнген қауіптерді де түсінуге көмектескен жылдар.

Бүгінде өзіміз өткен жол мен ақыл-парасат бізді бір ғана қорытындыға жетелейді: реформалардың табысы және мемлекеттің өзінің өмір сүруі үйіміздегі тыныштық пен татулыққа байланысты. Қоғамның барлық мүшелерінің шынайы теңдігі қалай сақталатынына байланысты.

Шынайы демократиялық көзқарасты популистік ділмарлықтан әрқашан бөліп тұратын жүйке тармағы нақ осы арада жатыр деп ойлаймын.

* * *

Еске түсіріңіздерші, сонау 1992 жылы, Қазақстан халықтарының I форумында 1995 жылы наурызда жүзеге асқан Ассамблея идеясы қалай туындап еді?

Әділ болайық: әу баста көп адамдар Ассамблеяның өміршеңдігіне көп күмәнмен қарады. Бүгінде сол күмәннан түк те із қалған жоқ.

Иә, Қазақстан халықтары Ассамблеясы бүгінде беделді, халықаралық тұрғыда танылған қоғамдық форум, ол еліміздің халықтарын жарасымды біріктіреді және заманның ең күрделі сауалдарына бірге жауап табуға мүмкіндік береді.

Есіме бәріміз үшін қиын болған 1995 жыл түсіп отыр.

Ел аса қатал дағдарыс қыспағында болды. Сол кезде біздің жас мемлекеттілігіміз, мақсаттарымыз бен идеяларымыз, реформаларымыздың стратегиясы беріктік сынағына салынды.

Сол қиын сәтте нақ Ассамблея елдің болашағы үшін бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алды.

Ассамблеяның қолдауы арқасында қоғамдық тұрақтылық қамтамасыз етілді және Қазақстан дамуының қисынын ұзақ жылдарға анықтаған ауқымды реформаларға қуатты серпін берілді.

* * *

Өткен 10 жыл Ассамблеяның зор табыстарымен атап өтілді.

Этносаралық қатынастар саласында демократиялық құқықтық база жасау, Тілдерді дамытудың мемлекет-

тік бағдарламасын, Ассамблеяның Даму стратегиясын іске асыру адамдар санасында сілкініс жасап, елде тұратын халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерінің өркендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Төрелігін өздеріңіз айтыңыздар. Бүгінде мемлекет 471 ұлттық-мәдени бірлестіктердің, 19 республикалық және өңірлік ұлттық газеттердің, радио- және телебағдарламалардың, 6 ұлттық театрдың қызметін қолдап отыр.

Соңғы жылдары ел өңірлерінде 11 Достық үйі салынды. Алматыда тағы 1 жаңа Достық үйі, Астанада Бейбітшілік пен келісім сарайы салынууда.

Тек ұлттық білім беру саласында 100-ден астам этностық мектеп, жексенбі күнгі 170 тіл орталықтары белсене жұмыс істеуде.

Ұлттық өркендеу мектептерінде 11 тіл үйрететін 29 бөлімше жұмыс істейді.

Қазақ және орыс тіліндегі БАҚ-пен қатар бізде газеттер мен журналдар басылады, эфирге 11 тілде, соның ішінде украин, поляк, неміс, корей, ұйғыр, түрік және дүнген тілдерінде хабарлар шығады.

Осынау жылдар ішінде ана тілдерін дамыту, ұлттық БАҚ-тарды қолдау, ұлттық театрларға көмек, ұлттық әдебиетті шығару үшін мемлекет 600 млн-дай теңге бөлді.

* * *

Маған «Бұлар кәдуілгі жалпылама фактілер мен цифрлар ғой» деген дау айтылуы мүмкін. Жарайды,

олардың нақтылы этностық топтарға не бергеніне қарап көрейік. Мысалға өзбек диаспорасын алайық. Елде 78 өзбек, 69 өзбекше-қазақша аралас мектеп, Қазақ-өзбек инженерлік-гуманитарлық университеті жұмыс істейді. Өзбек тілінде облыстық, екі аудандық және жеті жеке меншік газет, сондай-ақ өңірлік теледидарда үш хабар шығады. Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда 356 өзбек азаматы жұмыс істейді.

Басқа бір диаспораны – ұйғырларды алайық. Оның өкілдері сот жүйесінде, мемлекеттік және әлуатті органдарында, бизнес, саясат, ғылым мен мәдениет салаларда еңбек етеді. Мемлекеттік басқаруда 350 ұйғыр жұмыс істейді. Олардың саны серпінді өсуде: тек 2002 жылмен салыстырғанда мемлекеттік қызметтегі ұйғырлар саны 1,5 есе өсті.

Жоғары оқу орындарында және ғылым саласында 37 ғылым докторы, профессорлар, 200-ден астам ғылым кандидаттары жұмыс істейді.

Диаспораның 8 газеті мен журналы бар. Ұйғыр тілінде радио- және телехабарлар беріледі. Тек Қазақстанда ғана ұйғырларда Мемлекеттік ұйғыр драма және музыкалық комедия театры бар, оның ғимаратын қайтадан салуға бюджеттен 173 млн теңге бөлінді.

Бүгінде Қазақстанда 63 мектеп ұйғыр тілінде, 50 мектеп аралас тілдерде оқытылады.

Мен тек екі диаспора бойынша мысалдар келтірдім. Бірақ мұндай ахуал корейлерге де, украиндарға да, Қазақстанның барлық басқа диаспораларына да тән.

Фактілерді тізбелеп жатпайын, олар баршаға жақсы мәлім.

* * *

Конфессияаралық ұнқатысусыз этносаралық татулық мүмкін емес.

Қоғамымыз рухани татулықтың жоғары деңгейіне жетті, бұл ел ішінде де, шет елдерде де лайықты бағасын алды.

Бізде 40-қа жуық конфессия мен деноминацияның 3340 діни бірлестігі, 1488 ғибадат ғимараты жұмыс істейді. Біздің елді конфессияаралық тыныштық пен әлемдік діндер диалогының аумағы деп тектен-текке атамайды.

Дінаралық татулықтың әмбебап формуласы табылған жоқ дейді, бірақ бұл оны іздеудің керегі жоқ деген сөз емес қой.

2000 жылы күзде, Тегеранда қамалған ирандық 7 еврейдің тағдыры туралы келіссөздерге араағайындық көмек көрсету кезінде, маған дінаралық диалог үшін әлдене алаң дайындау қажеттігі жөніндегі ой алғаш рет келді. Төзбеушілік пен үрей түсінбестік пен бір біріне құлақ аспаушылықтан шығады ғой.

Әлем дін басыларының барлығымен дерлік жүргізілген ұзақ келіссөздерден кейін бұл идея Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезін өткізуде жүзеге асты. Сонда Қазақстан астанасына 18 діннің 120-дан астам өкілдері жиналды.

Мен үшін маңыздысы, сол съезд дінаралық қарама-қарсылықтың сесті сынақтарын еңсеруге біздің ел

қосқан нақты үлес болғаны, ал әлгіндей сынақтар, амал қанша, әлемге барған сайын кең таратылуда.

Таяуда ғана, 9 қарашада, Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының 60-шы сессиясында БҰҰ мүше мемлекеттерінің тобы ұсынған екі қарар: «Дінаралық диалогты және бейбітшілік игілігі жолындағы ынтымақтастықты көтермелеу туралы» және «Діни, мәдени өзара түсіністікті, жарастық пен ынтымақтастықты көтермелеу туралы» қарарлар қабылданды.

Осынау құжаттар, діндерінің, сенімдерінің, мәдениеттері мен тілдерінің бүкіл саналуандығына қарамастан, адамдар арасындағы өзара түсіністікті, төзімділікті және достықты көтермелеудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Оларда мыналар атап өтілген: мәдени және тілдік, этностық және діни саналуандық көріністеріне төзімділік, өркениеттер арасындағы диалог секілді, елдер мен халықтар арасындағы бейбітшіліктің, өзара түсіністіктің және достықтың қажетті шарттары болып табылады.

Қарарларда Қазақстанның Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу бастамасы құпталған.

«Бұл бастама бейбітшілікке жету өзара түсіністік жолында қоғамдар арасындағы мәдениетаралық ықпалдастыққа септеседі. Ішкі тұрақтылықты нығайту, діни төзімділікті, толеранттықты және татулықты сақтап, бекіту жөнінде Қазақстан жүргізіп отырған саясат ұлттар қоғамдастығының бейбітшілік пен өркениеттер арасындағы диалогты нығайту, БҰҰ жарғы-

сына сәйкес адам құқықтарын сақтап, қорғау жөніндегі күш-жігерінің етене бір бөлігі» деп атап өтілген. Келесі жылы біз ІІ съезд делегаттарын тағы да күтеміз. Мен мынаны мақтан тұтамын: бізде айтатын да, ұсынатын да іс бар, ол достық пен татулықтың, аман-есен, ойдағыдай дамудың тәжірибесі!

Бүгінде, еліміздегі ең ірі екі конфессияға құрмет көрсете отырып, мұсылман мейрамы Құрбан айт пен христиандық Рождествоның алғашқы күндерін мерекелік демалыс күндері деп жариялауды ұсынамын. Үкіметтен осы мәселені тиянақтауды сұраймын.

* * *

Таяу жылдары бізге қоғамымыздағы тұрақтылық пен татулықтың арқауын кеңейту керек болады.

Біз этностық топтар, діндер, саяси партиялар, жалпы алғанда билік пен қоғам арасындағы ашық та сындарлы үнқатысуды қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерді еселей түсуге тиіспіз.

Жұмыстың басым бағыты – Қазақстанда тұратын барлық халықтардың жарасымды дамуы үшін жағдай жасау.

Ассамблея міндеттерінің бірі ұлттық-мәдени бірлестіктердің іскерлік белсенділігін қолдау болуға тиіс. Олардың гуманитарлық, мәдени және қайырымдылық жобаларын іске асыру үшін материалдық және қаржылық негіз жасау керек.

Бұл арада ашылатын мүмкіндіктерді корей қауымдастығының, орыс және неміс ұлттық-мәдени бірлестіктерінің ойдағыдай тәжірибесі көрсетеді.

Өз кезегінде жер-жердегі атқарушы органдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы әрқилы этномәдени және білім беру бағдарламаларын қалыптастыру мәселелерімен айналысатын ұлттық-мәдени бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-әрекет жүйесін кеңейтетін болады.

Біз қазақстандықтардың ұлттық-мәдени мүдделерін білдіріп, ілгерілететін қоғамдық институттарды бұдан былай да нығайта түсетін боламыз.

Әрі қарай айтайын. Көп партиялы жүйе және саяси плюрализм өміріміздің етене бөлігіне айналды. Олар бұдан былай да дами береді. Бірақ мынау маңызды: партиялар арасындағы өзара ықпалдастық «өзімдікі – басқанікі» принципі ұсталынатын, қоғамның ілгерілеуіне бөгет жасайтын қарама-қарсылық алаңына айналмауға тиіс. Бұл мемлекетіміз үшін қауіпті құбылыс болар еді. Сондықтан азаматтарымыздың мүддесі үшін біз қоғамды бөлшектеу әрекеттеріне қарсы заң жолымен тосқауыл қоюға тиіспіз.

Демократиялық қоғамға ұлттық, діни және саяси қарама-қарсылықтан басқа әлеуметтік дұшпандық қатері де төнетіні бар.

Иә, біреулер бай, біреулер кедей тұрады. Қашанда солай болған, тіпті мемлекет өзінің алдына барлығын теңестіру, егіз қозыдай етіп шығару міндетін қойған кезде де, жұрт әртүрлі өмір сүрген.

Менің мұндағы ұстанымымды да білесіздер. Біз елде орта таптың басым болуына үміт артып отырмыз,

менің бүкіл әлеуметтік және экономикалық саясатым соған бағытталған.

Ассамблея өз азаматтарымыздың бойында орта тап психологиясын – парасат мәдениеті жоғары, ұсынықтылыққа және жоғары өнімді еңбекке ұмтылатын патриот ел мен азаматты тәрбиелеуге өз үлесін қоса алар еді. Дәулетті қазақстандықтар көбірек болса, мемлекет те дәулеттірек әрі күштірек болады ғой.

* * *

Мемлекеттің азаматтық тыныштық пен татулық, этносаралық және конфессияаралық диалог саясатын нығайтып, дамытқанда, біз мұны басты мақсатқа – өркендеген көп ұлтты Қазақстанды құруға жету үшін істейміз.

Теңдестірілген тіл саясаты, Қазақстан халқының лингвистикалық байлығын молайта түсу – бірлігіміз бен прогресіміздің негізі.

Менің барынша кәміл сенетінім мынау: қазақ тілі мен мәдениетін дамыту міндеттерін шешпейінше, ұлттық саясатты жүргізу мүмкін емес.

Мен үшін мейлінше маңызды нәрсе: өткен жылдар ішінде біздің қоғамда мемлекеттілігіміздің бүкіл ғимараты салынатын іргетасы ретінде қазақ тілі мен мәдениетінің рөлін түсіну орын алды.

Сонымен бірге, біз еліміздің жаһандық дүниеге кірігуінің маңызды шарты ретінде орыс тілін қолдау саясатын бұрынғысынша жүргізе береміз.

Біз сондай-ақ заманға салатын соқпағымыз ағылшын тілін білуді де талап ететінін түсінуге тиіспіз.

Мемлекет тәуелсіздігін қалпына келтіріп, біз халықтың ғасырлар бойғы арманын іске асырдық. Бүгінде, азаматтарымыздың өз тағдырын өзі билеу құқығын нығайта отырып, сондай-ақ біз ата-бабаларымыздың тарихи, мәдени мұрасын, қазақ халқының рухани тәжірибесін толық мәнінде түлетіп, дамытып, сол арқылы баршаға нағыз бірдей құқық беруге тиіспіз.

Біздің саясатымыздың мәні осынау үдерісті дамытып, тереңдете түсу болуға тиісті. Егер де Ассамблеяның барлық мүшелері қазақ мәдениетіне көңіл қойып, таратуға тікелей атсалысатын болса, біз ел мен ұрпақтарымыз арасындағы парызымызды өтей аламыз.

Бірақ бұл қоғам ерік-жігерінің жұдырықтай жұмылуын талап етеді. Сөйтіп, меніңше, ұлттық элиталар осынау үдерістің өзегі бола алады және болуға тиіс.

Мұнда мені барша қолдайды ғой деп ойлаймын.

Қадірлі Ассамблеяға қатысушылар!

Иә, бүгінде біз бүкіл дүниеде мойындалған табыстарға жеттік. Бірақ оларды сақтап қалғымыз келсе, біз қол жеткенге тоқмейілісіп, жайбарақат жата алмаймыз.

Қазір әлем елеулі проблемалармен бетпе-бет келіп тұр. Қараңыздаршы, айналамызда – көрші Қырғызстанда, Каспийдің арғы бетінде – Солтүстік Кавказда не болып жатыр!

Ауғанстан, Түркия, Ирак, Таяу Шығыс, Африка, Франция, Испания, Ұлыбритания – бұл елдердің баршасында этностық немесе діни жанжалдар шоғы бықсып жатыр.

Үлкен әлемде жаңа тәуекелдерді қоздыратын жаңа үрдістер туындауда.

Сарапшылардың болжамы бойынша жаһандандудың керемет артықшылықтары ең алдымен жаңа технологияларға қолы жетіп, оларды өмірге енгізе алатын елдер мен ұлттардың иелігіне айналады.

Біз мынаны анық түсініп алуға тиістіміз: экономикалық өсуге, тұрмыс деңгейін көтеруге септесе отырып, жаһандану сонымен қатар елдің экономикалық дамуына да, біздің мәдени және діни құндылықтарымызға да жаңа сын-қатерлер ала келеді.

Егер біз әлемдік экономикадан оңашалансақ, егер біз қазір әлемде өрістеп келе жатқан жаһандану үдерісіне ойдағыдай бейімделе алмасақ, стратегиялық жағынан ұтыламыз да, қайтадан әлемдік дамудың шалғай шебіне ығыстырыламыз.

Қазір біздің қолымызда серпіліс жасаудың жақсы мүмкіндігі бар.

Өйтпесек – тарихи мүмкіндігімізді уыстан шығарып аламыз... Өркендеген ұлт құру мүмкіндігін...

* * *

Бүгінде біз жаңа қатаң, Қазақстанның бұдан былайғы ілгерілеуі үшін қағидаттық мәні бар сын-қатермен – өңірдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қалай

сақтау керек деген сын-қатермен бетпе-бет келіп отырмыз.

Таяудағы 10–15 жыл ішінде әлемде этностық және діни сананың өсуі жағдайында қаны мен дініндегі бірдейлік адамның өзін-өзі тани білуінде барған сайын маңызды факторға айналады.

Біз этноконфессиялық келіспеушіліктер болашақта жанжалдар негізіне айналуына жол бермеуге тиіспіз. Біз үшін, өңіріміз үшін бұл ерекше маңызды!

Кез келген, тіпті ең төзімді және көп этносты дамыған елде ұлтаралық татулық мемлекеттің белсенді ұлт саясатының белсенді рөлінсіз өз-өзінен-ақ сақталады деп білу аңғалдық болар еді.

Керісінше жағдайда бұл неге апарып соқтыратынына біз Еуропалық Одақтың ең толерантты елдерінің бірі – Францияның мысалында көз жеткізе алдық. Қараңыздаршы, таяуда ғана онда не болды?

Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінде Қазақстан арқаулық тіреу бола алады және болуға тиіс деп кәміл сенемін.

Әлемдік энергетикалық жүйеде өзіміздің жаңа геосаяси рөлімізді түсінуге қалай келгеніміз сияқты, біз Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін жауапкершілігімізді де түсіне білуге тиіспіз.

Біздің экономикалық және саяси жаңғыртуымыздың табысы өңір елдері үшін және жалпы алғанда Орталық Азияны түлету үшін үлгі әрі стимулға айналды.

Болашақта мен Қазақстанды пәрменді демократиясы мен орнықты экономикасы бар өңірдің жетекші мемлекеті ретінде көремін.

Бүгін мен елдің ұлттық-мәдени орталықтарының көшбасшылары мен Ассамблеяны жетістіктерімізді нығайтуға, мемлекеттік ұлт саясатының өзекті басымдықтарын бұдан былай да дамыта беруге біріге шоғырлануға шақырамын.

Сіздердің ұйымдарыңыздың рөлі даусыз өсе беріне кәміл сенемін, сондықтан сіздерге әлеуметтік және экономикалық прогреске жәрдемдесіп, қоғамдық және мемлекеттік өмірге кеңірек қатысу қажет.

Қымбатты қазақстандықтар!

Біздің ел өрлеу үстінде, біз өзімізге, өз күшімізге сенеміз. Өсе түскен мүмкіндіктерімізге сүйене отырып, алдымызға жаңа мақсаттар мен міндеттерді батыл қоя аламыз.

Елді одан әрі жаңғырту, шынайы азаматтық қоғамды дамыту, барлық этностар азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын нығайту бағыты – бүкіл Қазақстанның молшылығы мен өркендеуінің жолы, болашағымыздың жолы.

Мен сіздерді сол болашақ туралы ойлануға шақырамын.

Бүгін жасалып жатқан болашақ туралы ойланыңыздар.

Қазақстанның құтты жерінде тұратын, өз тағдырын сонымен байланыстырған барша жұрт жасап жатқан болашақ туралы.

Мен барлық қазақстандықтарды болашаққа бірге адымдауға шақырамын!

Тек сонда ғана бізді табыс күтеді!

«Қазақстан – тек қана алға!» атты

ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 2 желтоқсан

**Қадірлі қазақстандықтар!
Қымбатты серіктестерім!**

Бүгін мен сөзімді сіздерге, бүкіл Қазақстан халқына, арнаймын.

Сіздер ұлтқа үндеу арнауды мен ең жауапты күндерде, ел өмірінің ең маңызды мәселелері бойынша арнайтынымды жақсы білесіздер.

Бүгін нақ сондай күн.

Мен сіздердің алдарыңызға Президент сайлауы алдындағы жарысқа басқа кандидаттармен бірдей шартпен қатысатын кандидат ретінде сөйлеп тұрмын.

Мен неге тағы да Президент болу үшін дауысқа түсіп отырмын?

Турасын айтайын: Президенттің еңбегі дегеннің не екенін білемін. Бұл – ең алдымен орасан еңбек және орасан жауапкершілік. Адамдар алдындағы, ел алдындағы, болашақ алдындағы жауапкершілік.

Әрбір қазақстандық отбасының өмірін бұдан былай да жақсарту беру үшін қуатты да өркенді Қазақстан құру үшін басталған жаңартуларды жеріне жеткізуге тиіспіз!

Мен осыған жауаптымын, тегі менің бар тағдырым осы іске тіреліп тұрған болар.

Президент сайлауына қатысуымның себебі міне осы.

Сіздер, қымбатты отандастарым, менің басты қағидаттарымды білесіздер. Олар өзгермейді. Олар – экономикалық өсу, ұлттық келісім, азаматтардың игілігі, демократия мен қауіпсіздік.

Осы қағидаттардың арқасында биылғы президенттік сайлау жаңа Қазақстанда, дағдарысты еңсеріп, экономикалық және саяси дамуда алға озып шыққан елде өтуде.

Жүріп өткен жолымызды бір шолып, соңғы 7 жылда өміріміз қалай өзгергенін байқайықшы.

Еске түсіріңіздер: өміріміз жаңа ғана қалыпқа түсе бастаған тұста әлемге 1998 жылдың қаржы дағдарысы сап ете қалды.

Ол ең дамыған елдерді шиедей қылды. Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Аман қалу үшін шығындарымызды қысқартуға мәжбүр болдық. Барлығына там-

тұмдап үнемдеп жаттық. Тұтастай өңірлер жылусыз, жарықсыз қалды. Инфляция, жұмыссыздықтың өсуі, төмен жалақы мен зейнетақы, қымбатшылық, болашақ алдындағы дәрменсіздік жайлады.

Дағдарыс бітпейтіндей көрінді.

Сол кезде мен сіздерге дағдарыс қыспағынан құтыламыз деп уәде бердім.

Біздің экономика нарықты экономика болады деп уәде бердім. Халық реформалар жемісін өз дастарқанынан, өз қалтасынан көреді деп уәде бердім.

Батылдығымыздың арқасында реформаларды жүргізіп, барлық қиындықтарды еңсере алдық.

* * *

Мен уәде бергеннің бәрі 7 жыл ішінде орындалды деп бүгін именбей айта аламын.

Осы жылдар ішінде ел аяғын нық басты.

Біз әлемнің ең серпінді экономикаларының бестігіне ендік. Өсіміміздің қарқыны жылына 9–10%. Бұл өте жоғары көрсеткіш!

Біздің экономикаға салынған шетелдік инвестициялар көлемі 40 млрд доллардан асты, бұл 7 жыл бұрынғыдан 4 есе көп.

Қазақстан кірісі жағынан орташа деңгейден жоғары елдер тобына енді. Жан басына шаққандағы ІЖӨ 3 есе ұлғайып, 1130 доллардан 3440 долларға дейін жетті. Қазақстандықтардың кірістері 3 есе, банкілерге салымдары 18 есе өсті.

Мемлекеттің денсаулық сақтауға шығыстары 4 есе өсіп, 183 млрд теңгеге жетті.

Білім беруге, мәдениетке және экспортқа жұмсалған шығыс 3,5 есе өсіп, 318 млрд теңгеге жетті.

Бүгін де бүкіл елде құрылыс қызу жүріп жатыр, оны барлық қазақстандықтар көріп отыр. Тек биылдың өзінде 3 млн шаршы метрден астам баспана пайдалануға берілді. Жаңа мектептер, балабақшалар және ауруханалар салынуда.

Біз не алып, не қосқанымыз белгісіз белестен өтіп, дағдарысты еңсеріп ғана қойған жоқпыз, суырылып алға шықтық.

Біз басқалар ондаған жылдар жұмсаған жұмысты бірнеше жылда тындырдық.

Осыдан біраз бұрын ғана біз басқалардан үйренетін едік, қазір тәжірибемізден тағылым алу үшін басқалар бізге келетін болды.

Біздің табысымыз – барлық қазақстандықтардың жеңісі. Бұл үшін мен барлық отандастарыма алғыс айтқым келеді.

Қымбатты достар!

Біз қол жеткенге тоқмейілсуге тиіс емеспіз. Алға баспайтындар адасып артта қалады. Сондықтан мен бүгін болашақ жайындағы ойларымды сіздермен ортаға салғым келеді!

Тағы бір 7 жылдан кейінгі Қазақстанымызды мен қандай күйде көремін.

Мен Қазақстанды әлемнің ең дамыған 50 елінің санатынан көремін.

Мен Қазақстанды әрбір отбасы өз кірістерінің есебінен өз баспанасына, өз ісіне, өз автомобиліне ие болатын ел ретінде көремін. Мемлекет бұл үшін барлық жағдайды жасайды.

Мен Қазақстанды тыныштық пен татулық үлгісі болатын ел ретінде көремін, онда бірде-бір адам қысылып-қымтырылып өмір сүрмейтін болады.

Менің жоспарым қашандағыдай дәл есептелген және орындалатын жоспар. Оның үш таяныш тірегі бар:

Бұл – тұрмыстың жоғары сапасы.

Бұл – бәсекеге қабілетті экономика.

Бұл – саяси жаңғырту.

Тұрмыстың жоғары сапасы ұғымына мен әбден-ақ нақты нәрселерді қосамын. Бұл ең алдымен отбасындағы молшылық және төл баспана, толыққанды тамақтану және таза су, жақсы білім және медицина, қауіпсіздік және кінәратсыз экология.

Біз жан басына шаққандағы ІЖӨ-ні 2,5 есе, яғни 2012 жылға қарай 8–9 мың долларға дейін ұлғайтамыз.

Біз қазақстандықтар кірісін 2 еселейміз. Бюджеттегілердің барлығының, ең алдымен дәрігерлер мен мұғалімдердің, мемлекеттік қызметшілердің жалақысы 2 еседен астам ұлғаяды. Біз зейнетақыларды, әлеуметтік жәрдемақыларды және студенттер стипендиясын 2 еселейміз.

Біз денсаулыққа, білім беруге, ғылымға және мәдениетке бөлінетін шығысты ұлғайтамыз. Жалпы алғанда бұл 2012 жылға қарай 1,5 трлн-дай теңгені құрайды.

7 жыл ішінде біз тек мемлекеттік әлеуметтік баспана ретінде 350 мың жаңа пәтер саламыз. Бұл 1,5 млн қазақстандық жаңа қоныс тойын тойлайды деген сөз. Сонымен қатар жеке инвестиция есебінен баспана салынатын болады, ал бұл Қазақстанда тұрғын үй құрылысын ұлғайтудың қосымша жолы.

Ауылды өркендету маңызды басымдық болып қала береді. Жақсы жол, телефон, газ, медпункт, кітапхана және клуб әрбір ауылда болуға тиіс. Бұған таяу жылдардың ішінде 70 млрд теңгеден астам қаржы бөлінеді. Тек «Ауыз су» бағдарламасы бойынша алдағы 10 жыл ішінде 115 млрд теңге бөлінеді.

Біз елді мекендердің қоршаған ортасын және экологиясын сауықтыру үшін бәрін де істейміз.

Біздің басты міндеттеріміздің бірі – демографиялық өсу. Бұған бәрі: балалар өлімімен күрес, аналарды және жас отбасыларын қорғау, отандастарымызды тарихи отанына оралту кіреді.

* * *

Осының бәрін орындау үшін біз экономикалық қуатты арттыра түсуге тиіспіз.

Бірінші кезекте экономиканы әртараптандырамыз. Ол бізде шикізаттың бар-жоғына тәуелді болмауға тиіс.

Біз өңдеуші өнеркәсіпті, ғылыми қамтымды және жоғары технологиялы өндірістерді дамытамыз. Ғылыми-зерттеу жұмыстарды қаржыландыру 25 есе өсіп, 350 млрд теңгеге жетеді.

Біздің басымдықтарымыз – өнеркәсіпті, банк-қаржы саласын, агроөнеркәсіптік кешенді және халықаралық туризмді одан әрі дамыту.

2012 жылға қарай Қазақстан бүкіл Орталық Азияның қаржы орталығы болады. Біз көрші елдердің экономикасына белсенді инвестиция жасаймыз. Бұл біздің кәсіпкерлер үшін жаңа базарлар қақпасын ашады.

Біз ауыл шаруашылығына қаржыны 450 млрд теңгеге дейін ұлғайтамыз және оны ДСҰ-ға кіруге барынша дайындаймыз.

Біз Қазақстанның жаңа көліктік стратегиясын қабылдаймыз және осы заманғы магистральдер желісін жасаймыз.

Біз өңірлердің экономикалық дербестігін нығайтуды жалғастырамыз. Бұл үшін Қазақстанның Аумақтық даму стратегиясы қабылданады.

Біз бұдан былай да кәсіпкерліктің дамуын көтермелейтін боламыз. Тек банкілердің шағын бизнеске кредиті 600 млрд теңгеге дейін өседі. 7 жылдан кейін ішкі жалпы өнімдегі орта бизнестің үлесі 40 %-ға жетеді.

Біз экономиканың стратегиялық салаларда отандық капиталдың қатысын кеңейтеміз және шикізат секторының жаңа жобаларына қазақстандық инвесторлардың қатысуы 50 %-дан кем болмауын қамтамасыз етеміз.

Мемлекеттік басымдықтардың бірі отандық бизнестің сыртқы базарлардағы мүдделерін белсенді қолдап, қорғау болады.

Біз экспорттық әлуетімізді ұлғайтамыз. 2012 жылға қарай Қазақстан мұнай экспортының жетекші оңдығына және астық экспорттаушылардың бестігіне кіреді. Тарихымызда мұндай жағдай ешқашан болған емес!

Қымбатты достар!

Алдағы 7 жылда біз елдің бұдан былайғы саяси жаңғыртылуын жүргіземіз.

Біз биліктің өкілдікті органдарының рөлі мен өкілеттіктерін күшейтеміз.

Жергілікті жерлерде әкімдердің сайланбалылығын енгіземіз.

Жергілікті өзін-өзі басқару басқарудың қаржылық та, заңдық та тетіктерін өз қолына алады.

Саяси партиялар қоғам өмірінде маңызды орынға ие болады.

Мемлекет пен бейүкіметтік ұйымдардың әріптестігі көптеген әлеуметтік міндеттерді шешуге көмектеседі.

Біз барлық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа шабуылды күшейтеміз.

Біз мемлекеттік органдар мен сот жүйесі жұмысының ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеміз.

* * *

Иә, біздің мақсаттарымыз асқақ!

Қуатты ұлт өзінің алдына нақ сондай ауқымды мақсаттар қоюға тиіс!

Біз мұны дәлелдеп шықтық!

Ең қиын кездерде, біз ерен сынақтарды еңсерер ерлікті көрсете алдық.

Ең ауыр сынақтарда оларға қарсы тұрар күш таба алдық.

Табысқа жетіп, біз бүкіл әлемге ұлы болашаққа лайық ел екенімізді көрсеттік.

Мен барлық қазақстандықтарды өз күшіне сенуге, алға қарай бірге адымдауға шақырамын!

Өркендеу мен табысқа қарай алға!

Достарым!

Біз өмірдегінің бәрін анық көру, дәл бағалау сезімін жоғалтпауға тиіспіз. Парасатты ақыл-ой мен нақты іске ғана сену керек, бос уәделерге алданудың жөні жоқ.

Біз тайқып кетпей, кері шегінбей, әр қадам сайын алға баса беруге тиіспіз. Сонда ғана мақсатқа жетуге болады.

Мен сіздерге осы жолды ұсынамын.

Біз сол жолмен жүрсек, болашаққа сабырмен, сеніммен бірге жетеміз.

Мен сіздерді тек алға ұмтылуға шақырамын!

Болашақты тоқтатуға болмағанмен, оны жоспарлауға болады. Менің жоспарым қарапайым және қол жетерлік – біздің қарттарымызға қамқорлық пен молшылық, жастарға – жұмыс пен кемел келешек, баршаға денсаулық пен білім, әрбір үйге тыныштық пен бақыт.

Қазақстан енді ешқашан дағдарыстар елі болмайды,
қайта армандар орындалатын ел болады.

Қазақстан – тек қана алға!

Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігі күніне арналған
салтанатты жиналыста
«Біздің бағыт – жедел жаңғырту»
тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2005 жылғы 15 желтоқсан

Қадірлі қазақстандықтар!

Биыл біз ел тәуелсіздігінің 14 жылдығын атап өтеміз.

Тарих өлшемімен алғанда 14 жыл – уақыттың титім-дей ғана бөлігі, тарихи даму тізбегіндегі толып жатқан қысқа сәттердің бірі ғана. Алайда, әлеуметтанушылардың айтуынша, 14 жыл – кезекті, жаңа ұрпақ өмірге өз бетінше аяқ басатын мезгілдің нақ өзі.

Еліміздің бүгінде 18–20 жасқа келген жас азаматтары тәуелсіздікті жариялаудың алдында Қазақстанның қандай күйде болғанын біле де қоймас. Оларда ел өмірінің барлық салаларын қамтыған түбегейлі жаңартуларға қатысу тәжірибесі де жоқтығы әбден-ақ түсінікті. Біздің бүгінгі жетістіктерімізді, тіпті тәуелсіздік идеясының өзін тас-талқан ете алатын сұмдық ауыр сынақтар туралы олар күні кешегі жаңа тарихтан не бізден біле алады.

Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы үшін әлемнің кез келген елінде осы заманғы білім мен кәсіп алу мүмкіндігі, өзінің жүргізетін ісін ашу, меншікке, бостандыққа ие болу мүмкіндігі және өз сенімін табандап қорғау, ұдайы алға ұмтылып келе жатқан елде, тіпті жалпы осы заманғы, өркениетті елде өмір сүру мүмкіндігі енді әбден үйреншікті нәрсе. Егер олардың ата-аналары өткен ғасырдың аса ауыр тоқсаныншы жылдарында сұмдық сынақтарға төтеп бере алмаса, соның бәрі болмауы да мүмкін еді.

Сіздерге именбей айта алатыным – қазақстандықтардың бүгінгі өмірінің осындай жетістіктері әбден дағдылы нәрсеге айналды, біреу-міреуді таңырқатудан да қалды. Бұл тынымсыз еңбекке, күрделі міндеттерге және қиын шешімдерге толы жылдар босқа кетпеді деген сөз.

* * *

Өткен сайлау әлемдік баспасөзде ең көп түсініктеме берілген оқиға болды. Бүкіл әлем алдында халқымыз өзінің бірлігін, өсе түскен демократиялық мәдениетін

көрсетті. Халық тыныштық пен татулықта өмір сүретін қоғамда дүрбелеңге жол бермейтінін көз жеткізе көрсетті.

Бұл сайлау халқымыздың өз қалауын еркін көрсетуі болды. Ұйымдастырылуы, өткізілуі, сондай-ақ демократиялылығы тек осы заманғы Қазақстан тарихындағы ғана емес, сарапшылардың пікірі бойынша, бүкіл Орталық Азияда тарихындағы ең жақсы сайлау болды.

Президент сайлауының қорытындылары Қазақстанның даму стратегиясы нақты нәтижелерін беріп үлгергенін, қазақстандықтардың оларды толық түсініп қабылдағанын көрсетті. Соның ішінде оларды көп жағынан кеудешіл әрі талапшыл жаңа ұрпақ та түсінді де, қабылдады да.

Президент сайлауының нәтижелері барлық қазақстандықтардың топтасқандығын әрі жалпыұлттық дамудың стратегиялық жолын – жеделдетілген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту, саяси тұрақтылық, дәйекті демократиялық жаңартулар жолын барынша қолдайтынын тағы да қуаттады.

Өткен президенттік сайлауда маған соншалық жоғары сенім көрсеткені үшін барлық қазақстандықтарға бүгін шын жүректен тағы бір рет алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер!

Сөзсіз қолдағаны үшін барша жақтастарыма алғыс айтқым келеді. Қазақстанның демократиялық дамуына өз үлесін қосқан оппоненттеріме де, халықаралық байқаушыларға, сайлауды ұйымдастырушыларға да алғыс айтқым келеді.

Көрсетілген сенімі және тапсырған мандаты үшін Қазақстан халқына шын ризамын. Сол мандатты алғыс айта отырып қабылдаймын. Сіздердің көңілдеріңіз менен қалмайтын болады деп ойлаймын. Сіздер маған әрқашан сеніп келдіңіздер, ал менің сіздерді ұятқа қалдырған жерім жоқ.

Өздеріңіз білесіздер, толып жатқан құттықтау алдым, әлі де алып жатырмын. Өз құттықтауларын Ресейдің, Қытайдың, АҚШ-тың мемлекет басшылары, саяси көшбасшылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ТМД және Еуропалық Одақ мемлекеттерінің басшылары, араб елдерінің, Жапонияның, Үндістанның және әлемнің көптеген басқа елдерінің басшылары жолдады.

Осынау құттықтауларды олардың шынайы қолдау екенін білгендіктен, олардың аса ірі әлемдік көшбасшылар мен халықаралық қоғамдастықтың қазақстандықтардың таңдауын ғана емес, жалпы ішкі және сыртқы саясаттағы біздің стратегиялық бағытымызды сыйлайтындығын бейнелейтінін білгендіктен разылықпен қабыл аламын.

* * *

Сайлау нәтижелері маған Қазақстанды жеделдетілген жан-жақты жаңғырту бағытын одан әрі де жүргізуге жаңа, өте үлкен жауапкершілік жүктейді.

Біздің жалпыұлттық мақсатымыз асқақ – таяудағы 10 жылда Қазақстан әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына қосылуға тиіс.

Бұл үшін бізге өзара байланысты міндеттердің – тұтас бір кешенін шешуге тура келді.

Бүгін мен басты басымдықтардың кейбіреулеріне ғана тоқталамын.

I. Экономикалық жаңғырту

Еліміздің экономикасын бұдан былай да жеделдете жаңғыртудың ең басым бағыттары төмендегідей.

Бірінші – энергетикалық саясатты оңтайландыру және Қазақстанның халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін күшейту. Келесі онжылдықта Қазақстан басты мұнай экспорттық салалардың ондығына кіреді және біздің еліміздің халықаралық энергия нарығында алар орны орасан ұлғая түседі.

Табиғи ресурстарды пайдаланудың ашық саясатын жүргізу және трансұлттық компаниялармен ынтымақтастықтың ашық та тұрақты шарттарын қамтамасыз ету қажет. Мұнай-газ кешенімен тікелей байланысты терең қайта өңдеу салаларын оздыра дамыту, сондай-ақ энергия ресурстарын әлемдік базарларға тасымалдау басымдықтар қатарында болуға тиіс.

Екінші – Қазақстан тауарлары мен көрсететін қызметінің бәсекеге қабілеттілігін шыңдау үшін қолайлы институционалдық және экономикалық жағдайлар жасау.

Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі инвестицияларды ғана емес, озық әлемдік технологияларды, білім мен басқару тәжірибесінде «тарту орталығына» айналуы тиіс.

Осы міндетті іске асыру барысында бізге екі бағдарламаны – экспорттық әлеуеті бар әрі өңірлік, халықаралық базарларда нақты орын алатын салаларды ынталандыру мен қолдаудың кешенді бағдарламасын әзірлеп, іске асыру керек. Сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне байланысты «бейімделу бағдарламасы» мен халықаралық еңбек бөлісі артықшылықтарын пайдаланудың арнайы экономикалық бағдарламасы қажет.

Үшінші – экономиканы монополиясыздандыру және қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтің халықаралық ауқымда бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен бәсекелес орта қалыптастыру.

Келесі жылы мегахолдингтер мен мемлекеттік кәсіпорындарды монополиясыздандыру, олардың өзіне бейінсіз активтері мен қызметтерін бәсекелес ортаға ауыстыруды аяқтау қажет.

Әділетті бәсеке ережелерін мемлекеттік реттеу, экономикалық соттар рөлін нығайту және басқа тетіктер арқылы кәсіпкерлік үшін бәсекелес ортаны дамыту қажет.

Төртінші – шағын және орта бизнестің дамуын ынталандыру.

Өздеріңіз білесіздер, шағын және орта бизнесті қолдау әрқашан менің басты назарымда болды және солай болып қала береді. Мұнда талай нәрсе істелді, бірақ одан да көп іс алда тұр. Шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимін енгізу, шағын

бизнестің дамуына әкімшілік кедергілерді жою қажет. Шағын бизнесті дамыту қоры секілді құралдарды тиімді пайдалану керек.

Бесінші – Қазақстанның теңдестірілген өңірлік дамуы.

Қазақстанның жеделдетілген экономикалық дамуының қисыны ірі қалалар мен облыс орталықтарының экономикалық өсуі тиісті өңірлерге оң ықпал жасауын, экономикалық жаңғырту локомотивіне айналуын талап етеді.

Сондықтан заңдық, экономикалық және әкімшілік шаралар жүйесін әзірлеп, іске асыру бірінші кезектегілер санатында болуға тиіс, олар бұл бағытта неғұрлым тиімді жол сызып береді.

Бүгінде қоғамымыздың жаңғыртылуын жеделдетуге, солайша, азып-тозған өңірлерді түлетуге бағытталған ұзақ мерзімді демографиялық және миграциялық саясатты мұқият ойластырып, іске асыру қажет.

II. Әлеуметтік жаңғырту

Әлеуметтік жаңғырту нарықты экономика ережелеріне бағынатын жаңа әлеуметтік саясат әзірлеп, жүргізуді көздейді, ол саясат Қазақстан халықтары тұрмысының сапасы мен әлеуметтік стандарттарын едәуір арттырады.

Ең «дәрменсіз» тұрғындардың атаулы әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету де маңызды міндет болып қала береді. Бұл үшін зейнетақылық жинақтаудың үш деңгейлі жүйесіне көшуді аяқтау керек, ол жасы

ұлғайған адамдардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Білім беру мен денсаулық сақтау жалпыұлттық ауқымдығы шешуші мәселелер болып қала береді. Сол мәселелерді шешуге ден қою – болашаққа салынатын инвестиция. Сондықтан денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жеделдете жүзеге асыру ерекше бақылауда болады.

Біз осы заманғы білім беру және білікті кадрлар даярлау жүйесін белсенді дамытуға тиіспіз. Қазақстан студенттерін шет елдерде оқыту мен табыстылығы дәлелденген «Болашақ» бағдарламасының негізінде таңдаулы шетелдік мамандарды және таңдаулы шетелдік профессорларды елге тартудың ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға ерекше назар аудару керек. Оған қоса, бүгінде төл ұлттық басқару мектебін қалыптастыру қажеттігі пісіп-жетілді.

Біз кәсіптік және мамандандырылған білім беру жүйесінде осы заманғы мамандар даярлау, қайта даярлау міндеттерін шешеміз. Білім беруге жеке инвестициялар тарту үшін экономикалық және қоғамдық ынталандыру жүйесін әзірлеп, нақты істе қолдану қажет.

Бюджеттік салада еңбекке ақы төлеудің және еңбек өнімділігі мен басқа да макроэкономикалық көрсеткіштердің өсуіне сәйкес әлеуметтік төлемдердің өлшемдері жүйесін әзірлеу қажет.

2007–2008 жылдарға қарай әлеуметтік саладағы заңдық және әкімшілік реформалар топтамасының

іске асырылуын аяқтау керек, олар, ипотекалық кредит, құрылысқа ақша жинау және жеке үй құрылысы негізінде тұрғын үй бағдарламасының жеделдете іске асырылуын жалғастырады.

Біз «әлеуметтік жауапты экономиканы» қалыптастырамыз. Бұл үшін қазақстандық кәсіпкерліктің рөлін айтарлықтай өсіру жолы. Сондықтан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін басқарудың халықаралық стандарттарын ендіруді бастау керек. Біздің отандық бизнес қарапайым адамдарға бет бұруы тиіс.

III. Демократияны және саяси жүйені жаңғырту ісін дамыту

Біз басталған саяси реформаларды жалғастырамыз, олар Қазақстанның демократиялық дамуы қарқынын одан әрі жеделдету, Қазақстан саяси жүйесінің мемлекеттік құрылысының тиімділігін арттыру, тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін, заң үстемдігін дамыту, тәуелсіз сот жүйесі мен құқықтық мемлекетті нығайту, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын дамыту ісінің сүбелі негізіне айналған-ды.

Тек мемлекеттік биліктің тиімді органдары, дамыған әрі жұмысқа қабілетті саяси институттар, қоғамдық ұйымдар және азаматтық қоғам институттары ғана біз алдымызға қойып отырған осыншалық міндеттерді орындай алатынына менімен келісесіздер деп ойлаймын.

Стратегиялық міндет – қоғамдық татулықты нығайту және қоғамның топтаса түсуін қамтамасыз ету.

Бүгінгі белестегі біздің стратегиямыз және Қазақстанның жеделдете дамуының басты мәселесі – экономикалық, әлеуметтік және демократиялық жаңартуларды жарасымды ұштастыру.

Осы орайда мен бүгін саяси реформалар бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру жөніндегі барлық іс-әрекеттеріміздің «халықтың сарабына» салынуының оның қоғамымыздың басым бөлігінің тарапынан қолдау табуының қажеттігін тағы да көрсеткім келеді.

IV. Ұлттық қауіпсіздік – аса маңызды стратегиялық міндетіміз

Мұндағы басты міндеттеріміз болып мыналар қала береді:

– өзіміздің ең таяу көрші мемлекеттерімізбен, сондай-ақ Азия өңірінің жетекші мемлекеттерімен бірге тиісті шарттарға және ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ұйымдарына, бірінші кезекте – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына және Шанхай ынтымақтастық ұйымына Қазақстанның белсене қатысуы арқылы Орталық Азия өңірінде қауіпсіздік пен саяси ынтымақтастық жүйелерін басым нығайту;

– Орталық Азия өңірінде қауіпсіздіктің стратегиялық шарттарын қамтамасыз ету мақсатында НАТО-мен өзара пайдалы әскери-техникалық және саяси ынтымақтастықты нығайту;

– Азия өңірінің шекаралас мемлекеттеріндегі ахуалды тұрақтандырып, шиеленіс ошақтарын жою

жөніндегі халықаралық күш-жігерге Қазақстан тарапынан белсенді жәрдемдесу;

– біздің Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру жөніндегі бастамамызды өткізуге баса назар аудару.

Қазақстан халықаралық терроризмнен, ұйымдасқан қылмыспен, заңсыз қару таратумен, есірткі саудасымен және сол секілді басқа қатерлермен күресте халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге бұған былай да қатыса бермек.

Осының бәрі елдің қорғаныстық әлуетін одан әрі нығайтуды, осы заманғы ұйымдастырушылық-техникалық талаптарға және басым нарық шарттарына сәйкес әскери және күш құрылымдарын жаңғыртуды талап етеді.

Басым міндеттер санатында сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті іске асыру да тұр.

Ұлттық компаниялар, мемлекеттік кәсіпорындар мен жекеше компаниялар қызметінің ашықтығы мен ақшалай ағымын қамтамасыз ететін заңдарды жақсарту қажет. Сондай-ақ жекешелендіру үдерісінің, салық саясаты саласында, жер қойнауын пайдалануда және жер қатынастарында шешім қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету қажет.

Бұдан басқа, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың есеп беруін күшейтуге және олардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған практикалық шаралардың жүйелік топтамасын әзірлеу мен іске асырылуын жүзеге асыру керек.

V. Сыртқы саяси бағыт

Біз өзіміздің сарабдал, үйлесімді және алдын ала болжауға боларлықтай сыртқы саясатымызды бұдан былай да жалғастырып, нығайта береміз.

Біз өзіміздің басты халықаралық әріптестеріміз – Ресеймен, ҚХР-мен, АҚШ-пен және ЕО-мен өзара пайдалы саяси, экономикалық ынтымақтастығымызды белсенді дамыта бермекпіз. Бұл орайда әріптестеріміз Қазақстан олардың біздің өңірдегі нақты стратегиялық мүдделерін барынша мұқият ескеретініне әрқашан үміт арта алады.

Қазақстан ядролық қаруды тежеуге, терроризмге, діни экстремизмге, есірткі саудасына және басқа осы заманғы қатерлерге қарсы бағытталған кең халықаралық ынтымақтастықтың жақтасы болды және солай болып қала береді. Бұл біздің ұлттық мүддемізге де сай келеді.

Көп ұлтты және көп конфессиялы Қазақстанда халықтың басым бөлігі мұсылмандар екендігі белгілі. Сондықтан мұсылман елдерімен халықаралық ынтымақтастық пен мәдени алмасуға біздің белсене қатысуымыз мүлдем табиғи жәйт.

Біздің сыртқы саяси күш-жігеріміздің бағыттары барлық әріптестерімізбен жеделдетілген әрі теңдестірілген кірігушілік ынтымақтастыққа бағытталған.

* * *

Біздің барлық табыстарымыз Қазақстан халқының түсінуі мен қолдауының, оның кемеңгерлігі мен толе-

ранттылығының арқасы. Осы заманғы әлемде нақ адами фактор ілгері дамудың басты басымдығы және шешуші шарты ретінде алға шыға бастады. Біз соны мемлекеттік саясатымыздың өзегі етіп белгілейміз.

Қазақстан көптеген құнды ресурстарға ие, дегенмен біздің басты байлығымыз – еңбекқор, болашағына сенімді қазақстандықтар, жеріміз бен атамекеніміздің нағыз патриоттары.

Сондықтан жалпыхалықтық мақсатымыз – алдағы 10 жыл ішінде әлемнің ең дамыған 50 мемлекетінің қатарына кіру мақсатының табысты болуы үшін бізде барлық қажетті құрамдас бөліктер: іс-әрекеттеріміздің анық та салмақталған стратегиясы, қазақстандықтардың кеңінен қоғамдық қолдауы және алға қойылған мақсатты іске асыруға қабілетті топтасқан пікірлестер командасы бар.

Қабылданған қысқартулар ТІЗБЕСІ

АӨСШК.....	Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі
БАҚ.....	бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ.....	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ВИЧ.....	адамдағы иммун тапшылығы вирусы
ҒЗИ.....	ғылыми-зерттеу институты
ДСҰ.....	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАО.....	Еуразиялық Одақ
ЕҚДБ.....	Еуропа қайта құру және даму банкі
ЕҚЫҰ.....	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ЕО.....	Еуропалық Одақ
ЕурАзЭҚ.....	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық
ЖАҚ.....	жабық акционерлік қоғам
ЖОО.....	жоғары оқу орны
ЖШС.....	жауапкершілігі шектеулі серіктістік
Кеңшар.....	кеңестік шаруашылық
КСР.....	Кеңестік Социалистік Республика
КСРО.....	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚҚС.....	қосымша құн салығы

МАЭС.....	мемлекеттік аудандық электр стансасы
НАТО.....	Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы
ОАЫ.....	Орталықазиялық ынтымақтастық ұйымы
СТН.....	салық төлеушінің тіркеу нөмірі
ТМД.....	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТПК.....	тұрғын-үй пайдалану кеңсесі
Ұжымшар.....	ұжымдық шаруашылық
ҰҚШҰ.....	Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы
ҮЕҮ.....	үкіметтік емес ұйым
ХВҚ.....	Халықаралық валюта қоры
ШЫҰ.....	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ІЖӨ.....	ішкі жалпы өнім
ЭЫҰ.....	Экономикалық ынтымақтастық ұйымы
ЮНЕСКО.....	БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы

Географиялық атаулар

КӨРСЕТКІШІ

Абай кенті (Алматы обл., Қарасай ауд.)	257
Австралия	420
Австрия	565
Азия құрлығы35, 44, 47, 101, 109, 110, 113, 114, 121, 122, 140, 141, 184, 224, 250, 231, 238, 285, 290, 292, 315, 323, 341, 361, 362, 452, 454, 468, 482, 485, 537, 542, 544, 547, 564, 661, 708	
Азия-Тынық мұхит өңірі.....	497, 666
Ақмешіт қаласы	132
<i>(1925 жылдан – Қызылорда қ.)</i>	
Ақмола қаласы	95, 221, 356
<i>(1961 жылдан – Целиноград қ., 1992 жылдан – Ақмола қ., 1998 жылдан – Астана қ.)</i>	
Ақмола облысы	95
«Ақорда», ҚР Президентінің резиденциясы (Астана қ.).....	634, 647
Ақсу қаласы (Павлодар обл.)	178, 360
Ақтау қаласы, теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.)	91, 178, 260, 360, 538
Ақтоғай кенті (Шығыс Қазақстан обл., Аягөз ауд.)	178, 359, 361
Ақтөбе қаласы (Ақтөбе обл.).....	92, 257, 260, 360

Ақ үй, АҚШ Президентінің резиденциясы (АҚШ, Вашингтон қ.)	107
Ақшабұлақ мұнай-газ кен орны (Қызылорда обл.)	260
Алатау кенті (Алматы обл., Қарасай ауд.).....	9, 69, 255, 430
Алашанькоу теміржол бекеті (Қытай)	11, 178, 361, 538
Алматы қаласы	9, 20, 28, 32, 35, 69, 98, 101, 102, 106, 108, 110, 111, 121, 160, 169, 257, 259, 260, 273, 287, 335, 452, 471, 479, 484, 564, 585, 615, 677
Алматы-1, теміржол вокзалы (Алматы қ.)	360
Алматы-2, теміржол вокзалы (Алматы қ.)	360
Алтай өлкесі (Ресей).....	91, 365, 636, 643
Алтынсарин теміржол бекеті (Қостанай обл.)	177, 260, 360
Амангелді газ конденсаты кен орны (Жамбыл обл.).....	177
Америка Құрама Штаттары (АҚШ)	29, 104, 176, 201, 204, 234, 284, 331, 332, 420, 422, 423, 446, 447, 455, 482, 527, 535, 542, 544, 558, 565, 591, 633, 636, 638, 650, 652-655, 661, 664, 702, 710
Астана қаласы (Қазақстан елордасы)	34, 72, 73, 95, 140, 151, 160, 178, 184, 185, 199, 200, 206, 210, 211, 212, 221, 223, 257, 259, 260, 270, 273, 287, 343, 335, 358, 360, 413, 448, 451, 471, 479, 585, 615, 627, 631, 634, 635, 638, 647, 663, 677
Астрахан қаласы (Ресей).....	91-92
Астрахан облысы (Ресей)	91
Атасу теміржол бекеті (Қазақстан)	11, 538
Атырау қаласы (Атырау обл.)	11, 91, 133, 137, 203, 257, 538, 636
Атырау облысы	577
Ауғанстан.....	19, 100, 114, 121, 123, 224, 509, 536, 638, 639, 685
Африка құрлығы	191, 224, 238, 685

Әзірбайжан	542
Әулиеата қаласы	132
<i>(1938 жылдан – Жамбыл қ., 1997 жылдан – Тараз қ., Жамбыл обл.)</i>	
Баку қаласы (Әзірбайжан астанасы).....	538, 542
Балқаш көлі (Қазақстан).....	248
Балқаш қаласы (Қарағанды обл.)	11, 621
Балтық маңы өңірі	165, 513
Бамиан провинциясы (Ауғанстан).....	19
Бангалор қаласы (Үндістан).....	430
Батыс Еуропа өңірі	645
Батыс Қазақстан облысы	91, 93
Батыс Қытай өңірі.....	542
Баутино, теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.).....	260
Бейбітшілік сарайы (Нидерланды, Гаага қ.)	212
Беларусь (Белоруссия)	21, 71, 166, 216, 219, 348, 513
Бельгия	201, 456
Берлин қабырғасы (Германия, Берлин қ.).....	28
Берлин қаласы (Германия астанасы)	28, 513, 643
Боливия.....	425
Бостон қаласы (АҚШ)	564
Бөкей ордасы (1801–1876 жж.).....	132
Будапешт қаласы (Венгрия астанасы)	650
Ватикан.....	34
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы)	325, 331

Венгрия	446, 645
Вестерос қаласы (Швеция)	643
Волгоград облысы (Ресей).....	91, 93
Гаага қаласы (Нидерланды).....	212
Германия (ГФР).....	185, 216, 219, 308, 408, 423, 425, 456, 516, 636, 638, 641, 645
Гонконг қаласы (Қытай)	423
Грозный қаласы (Ресей).....	345
Грузия.....	506, 542
Дегелең, теміржол бекеті (Шығыс Қазақстан обл.)	178, 360
Дешті Қыпшақ өңірі	38
Джейхан қаласы (Түркия).....	538
Достық теміржол бекеті (Алматы обл.)	178, 359, 361
Дубай қаласы (БАӘ)	541
Дублин қаласы (Ирландия астанасы).....	541
ЕАО	105, 288, 289, 292, 345, 348, 349, 350, 351, 661
<i>(Еуразиялық Одақ)</i>	
Еділ өзені	133, 134
Еділ бойы өңірі.....	357, 516
Екібастұз қаласы (Павлодар обл.)	260, 360
ЕО	104, 176, 285, 293, 447, 482, 485, 486, 496, 591, 661, 664, 686, 702
<i>(Еуропалық Одақ)</i>	
Ертіс маңы өңірі	33
Ертіс өзені.....	33, 92, 178

Есіл өзені.....	92, 635
Еуразия материгі	99, 116, 139, 211, 295, 501, 634, 658
Еуропа құрлығы.....	46-47, 56, 82, 111, 114, 122, 256, 285, 347
Жайық өзені.....	133, 134, 178
Жамбыл облысы.....	203, 257
Жапония	185, 234, 341, 408, 423, 429, 456, 542, 564, 636, 702
Израиль.....	641
Индонезия	423
Ирак.....	100, 224, 484, 510, 536, 590, 685
Иран.....	362, 638, 639, 645
Испания	283, 345, 360, 565, 636, 685
Италия.....	425, 456, 636
Кавказ өңірі.....	542, 549
Кавказ сырты өңірі	165
Канада	420, 425, 427-428
Кельн қаласы (Германия).....	643
Киев Русі (IX–XII ғғ.)	38
Корея (Оңтүстік Корея).....	185, 423, 468, 542, 565, 636
Кострома облысы (Ресей).....	217
Көкшетау қаласы (Ақмола обл.).....	355, 356
Краснодар өлкесі (Ресей)	217
КСРО.....	23, 165, 167, 178, 209, 220, 224, 249, 289, 327, 350, 397, 526, 548, 557, 600, 648, 652, 672

Курск иіні	513
Курчатов қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	9, 69
Қазақ КСР	557
<i>(Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы, 1936–1991 жж.)</i>	
Қарашығанақ мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.).....	257, 538
Қиғаш өзені.....	92, 131
Қиыр Шығыс (Ресей өңірі).....	114
Қойлық ортағасырлық қаласы (Алматы обл.).....	140
Қорғас теміржол бекеті (Алматы обл., Панфилов ауд.).....	260
Қосағаш ауданы (Ресей, Алтай өлкесі).....	643
Қостанай қаласы (Қостанай обл.).....	248, 256, 260
Құрық теңіз кемежайы (Маңғыстау облысы)	260
Қызылорда қаласы (Қызылорда обл.)	260
Қызылорда облысы	203, 518
Қырғызстан.....	23, 121, 486, 498, 499, 506, 536, 591, 628, 638, 639, 684
Қытай (ҚХР).....	11, 23, 101, 120, 284, 317, 360, 362, 409, 410, 420, 425, 447, 452, 482, 519, 538, 542, 591, 628, 638, 639, 642, 645, 650, 658, 661, 666, 702
Латын Америкасы өңірі	547, 600
Ленинград қаласы.....	513
<i>(1991 жылдан – Санкт-Петербург қ., Ресей)</i>	
Майндағы Франкфурт қаласы (Германия)	429
Малайзия.....	185, 234, 341, 423, 446, 468, 670
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы)	37, 44, 209, 220, 344, 350, 380, 402, 482, 512, 518

Меркі ауылы (Жамбыл обл., Меркі ауд.)	132
Молдова (Молдавия)	166, 513
Монғолия	519, 639, 642, 645
Новосібір облысы (Ресей)	91
«Нұр-Астана» мешіті (Астана қ.)	631
Нью-Йорк қаласы (АҚШ)	345, 495, 680
Оман	542
Омбы қаласы (Ресей)	89, 94-95
Омбы облысы (Ресей)	90, 91, 95
Оңтүстік Азия өңірі	114, 191
Оңтүстік Америка материгі	238
Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР)	420
Оңтүстік Қазақстан облысы	203, 433, 641
Оңтүстік-Шығыс Азия өңірі	290, 297, 346, 361, 468, 496, 532, 600, 659
Оңтүстік-Шығыс Еуропа өңірі	250
Орал қаласы (Батыс Қазақстан обл.)	255, 357, 429
Орал өңірі (Ресей)	357
Орта Азия өңірі	357
Орталық Азия өңірі	21, 34, 39, 100, 110, 114-116, 118-124, 154, 231, 250, 284, 285, 292, 485, 486, 519, 531, 536, 537, 538, 544, 548, 549, 552, 607, 631, 635, 645, 665, 686, 695, 701, 703, 708, 709
Орталық Еуропа өңірі	82, 250, 384
Орталық Қазақстан өңірі	360, 585
Орта Шығыс өңірі	191

Орынбор облысы (Ресей)	90-91, 355
Отырар ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.)	507
Өзбекстан.....	23, 378, 397, 486, 536, 591, 628, 638, 639, 642
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	648-649
Павлодар қаласы (Павлодар обл.).....	217, 360
Павлодар облысы.....	202, 257
Памир тау жүйесі.....	120
Пәкстан.....	101, 655
Рейхстаг ғимараты (Германия, Берлин қ.)	515
Ресей	8, 10, 21, 22, 23, 24, 37, 38, 39, 40-43, 45, 51, 70, 90, 91, 93-94, 97, 101, 113, 120, 132, 166, 204, 209, 216, 219, 234, 256, 283, 284, 294, 346, 348, 351, 378, 397, 402, 410, 420, 429, 447, 452, 482, 518, 519, 521, 522, 540, 565, 591, 600, 627, 628, 638, 642, 645, 650, 655, 658, 669, 702, 710
Самара қаласы (Ресей).....	260, 538
Самара облысы (Ресей).....	91
Санкт-Петербург қаласы (Ресей).....	661
Саратов облысы (Ресей).....	91, 93
Сарыарқа өңірі (Қазақстан).....	33
Сауд Арабиясы.....	262
Семей қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	452, 621, 649
Сингапур.....	167, 184, 188, 234, 256, 306, 308, 340, 423, 468, 541, 665, 670
Сити аймағы (Ұлыбритания, Лондон қ.).....	495

Солтүстік Америка материгі.....	290, 547
Солтүстік Кавказ өңірі.....	516, 684
Солтүстік Қазақстан өңірі.....	95, 202
Сталинград қаласы.....	513
<i>(1961 жылдан – Волгоград қ., Ресей)</i>	
Степногорск қаласы (Ақмола обл.).....	9
Сырдария өзені.....	260
Сібір өңірі (Ресей).....	219, 356-357
Таиланд.....	423
Тайвань.....	423
Таловка кенті (Батыс Қазақстан обл., Жәнібек ауд.).....	93
Ташкент қаласы (Өзбекстан астанасы).....	345, 355
Таяу Шығыс өңірі.....	47, 100, 224, 324, 347, 482, 591, 685
Тәжікстан.....	120, 224
Тбилиси қаласы (Грузия астанасы).....	538
Теңіз мұнай-газ кен орны (Атырау обл.).....	11, 176, 248, 260, 538
ТМД.....	21, 52, 70, 96, 104, 106, 120, 134, 166, 176, 178, 182, 224, 226, 228, 244, 248, 284, 326, 335, 348, 349, 351, 374, 376-380, 397, 403- 404, 408, 413, 419, 447, 451, 483, 499, 516, 529, 530, 531, 539, 540, 548, 594, 607, 645, 654, 661, 664-665, 668, 702
<i>(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)</i>	
Токио қаласы (Жапония астанасы).....	325
Түркия.....	113, 285, 362, 468, 542, 635, 638, 639, 643, 645, 685
Түркістан қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	132, 356, 627, 641
Түрікменстан.....	24, 91
Тынық мұхит.....	120, 497, 666

Украина.....	21, 71, 166, 216-220, 348, 397, 506, 513, 645
Уолл-стрит көшесі (АҚШ, Нью-Йорк қ.).....	495
Ұзынағаш ауылы (Алматы обл., Жамбыл ауд.).....	132
Ұлыбритания	234, 408, 539, 565, 636, 650, 685
Үндістан	101, 341, 424, 430, 654, 655, 702
Филиппины.....	423
Франция	558, 565, 636, 638, 650, 685, 686
Хромтау қаласы (Ақтөбе обл.)	177, 260, 360
Челябі қаласы (Ресей)	260, 518
Челябі облысы (Ресей).....	91
Чили	384
Шанхай қаласы (Қытай)	21, 44, 120, 284, 290, 292, 314, 590, 708
Швейцария.....	201, 447
Швеция.....	638, 643, 645
Шығыс Азия өңірі.....	290, 297, 341, 346, 361, 468, 496, 532, 600, 658
Шығыс Еуропа өңірі.....	112, 118, 250, 293, 327, 384
Шығыс Қазақстан облысы.....	202
Шымкент қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	169, 257, 260
Ыстамбұл қаласы (Түркия).....	643

Есімдер

КӨРСЕТКІШІ

Абай (А. Құнанбаев).....	39, 127, 134, 257
Абдуллина Р.	514
Абрамова Л.	514
Аганбегян А. Г.	452
Акчура Ф.	332
Ақтамберді.....	129
Алтынсарин Ы.	39
Аннан К.	34, 596
Арынғазы.....	132
Асан Қайғы.....	129
Атақозы.....	132
Әбиев А.	215
Әл-Фараби Ә. Н.	13, 365, 373, 507
Әуезов М. О.	127, 134
Байзақ.....	132
Байрон Дж.	128
Бараев А. И.	222-223
Беда Л. И.	514

Бедрик Э. Н.	216
Бигелдинов Т. Ж.	514
Блэр Т.	539, 565
Ботаханова III.	514
Будда.	19, 33
Бурдина Ф.	514
Буш Дж. (кіші).....	565, 566
Буш Дж. (үлкөнү).....	565
Винер Н.	320
Вовенарг Л.	287
Вулфенсон Дж.	567
Голль III.	558
Гречаник Р.	217
Гумилев Л. Н.	180, 296, 351
Гэлбрейт Дж.	314
Гюго В.	128
Джефферсон Т.	107
Диркс М. М.	215
Донской Дмитрий	38
Досан	132
Доспамбет	135
Доспанова Х. К.	515
Достоевский Ф. М.	39, 95
Дөненбаева К. Б.	215
Дэвидсон Д.	332

Елубаева Қ.	514
Есет.....	132
Жалаири Қ.	38
Жамбыл (Ж. Жабаев).....	127, 134
Жангоразов Ы. Д.	215
Жанқожа.....	132
Жәнібек хан.....	38
Жәңгір хан.....	132
Жоламан.....	132
Заратуштра.....	33
Иоанн Павел II.....	18
Исатай (И. Тайманов).....	127, 128, 131-133, 137
Картаузов Л. М.	215
Кенесары хан.....	132
Кеннеди Дж.	107, 316, 528, 564
Кертис Р.	653
Кетбұға.....	129
Киричек В.	215
Клинков И.	217
Клинтон Б.	565
Клочков В. Г.	515
Коидзуми Д.	565
Константинов Н.	217
Көктемір.....	132

Кривошеков Л. Д.	205
Күлтегін	135
Қазтуған	135
Қайсенов Қ.	514
Қаратай	132
Қорқыт	519
Қошқарбаев Р. Қ.	515
Құрманғазы (Қ. Сағырбаев)	39, 571
Ленин В. И.	103
Ли Куан Ю	167, 188, 526
Лихачев Д. С.	373
Луганский С. Д.	514
Лугар Р.	332, 652
Любавич Ребе	32
Маресьев А. П.	215
Маркс К.	103
Махамбет (М. Өтемісов)	135, 136, 137
Мәметова М. Ж.	514
Миникес С.	332
Мицкевич А.	128
Молдағұлова Ә. Н.	514
Момышұлы Б.	515
Мушкетов И. Б.	39
Мұса (пайғамбар)	181

Нанн С.	652, 653
Ницше Ф.	99
Но Му Хен.....	565
Павлов И. Ф.	514
Панфилов И. В.	515
Пасси С.	331, 451
Пауэлл К.	331
Петефи Ш.	128
Петр I.....	38
Прокуров В.	216
Путин В. В.	44, 295, 565
Пушкин А. С.	39
Пьетро А.	332
Резерфорд Дж.	330
Рузвельт Ф.	510
Рысқұлов Т. Р.	356
Сәтбаев Қ. И.	127
Себастьян	33
Семенов-Тянь-Шанский П. П.	39
Смирнов Н.	217
Старучев С. И.	215
Стиглиц Дж.	341, 399
Сульцбергер А.	324
Сырым (С. Датов).....	132

Тәуке хан	38
Тонькөк.....	129
Тынышпаев М. Т.....	356
Тіленші	132
Тэтчер М.	467
Уәлиханов Ш. Ш.....	39, 95
Фишер Х.....	565
Фукуяма Ф.	18
Хайд Г.	331
Хаксли О.	99, 192
Хантингтон С.	18
Хаусман Р.	540
Хуан Карлос I.....	565
Черкаев А. В.	215
Шевченко Т. Г.....	128
Ширак Ж.....	565, 592
Шопенгауэр А.	313, 338
Элиот Т.	208
Яровой М. С.	218
Яссауи А. Қ.....	32

Мекемелер мен ұйымдардың КӨРСЕТКІШІ

«Азия Авто»	256
Азиялық қоғам	544, 564
«Акмолинские областные ведомости»	95
АҚШ Конгресі	331
АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының Халықаралық қатынастар жөніндегі комитеті	331
АҚШ Конгресі Сенатының Халықаралық істер жөніндегі комитеті	331
АҚШ Конгресінің Өкілдер палатасы.....	331
АҚШ Конгресінің Сенаты	332
Алматы темекі комбинаты	169
АӨСШК.....	121, 184, 661, (Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)
Астана қаласының әкімдігі	73
Астық шаруашылығы институты.....	222
Атырау мұнай өңдеу зауыты.....	257
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.....	13, 365, 373
«Байқоңыр» ғарыш айлағы.....	10, 255, 518, 519, 523, 524
БҰҰ.....	21, 141, 177, 195, 332, 335, 509, 535, 596, 655, 656, 680

(Біріккен Ұлттар Ұйымы)

БҰҰ Бас Ассамблеясы	452, 680
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі	484
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитеті.....	283, 484
Білім сапасын бағалаудың ұлттық орталығы	277, 368
Вест-Пойнт (АҚШ).....	577
Гарвард университеті (АҚШ)	499, 508, 528, 540, 564, 577
Гарвард университетінің жанындағы Дж. Кеннеди атындағы Мемлекеттік басқару мектебі (АҚШ)	528, 564
Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университеті.....	351
«Дейли телеграф»	247
ДСҰ	228, 253, 301, 435, 542, 568, 570, 607, 695, 704
(Дүниежүзілік сауда ұйымы)	
Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы	626, 643
Дүниежүзілік банк	250, 382, 448, 539, 567
ЕҚДБ	256
(Еуропа қайта құру және даму банкі)	
ЕҚЫҰ	20, 108, 117, 122-125, 141, 195, 451, 483, 593-595
(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)	
Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық.....	170
ЕурАзЭҚ	44-49, 52, 56, 284, 348, 483
(Еуразиялық экономикалық қоғамдастық)	
ЕурАзЭҚ Кеден одағы.....	49
ЕурАзЭҚ Іскерлік кеңесі.....	56
Еуропа кеңесі	108, 195

Еуропалық экономикалық одақ	46
«Жезқазғантүстімет»	170
Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі комитет	242, 471, 472, 475
«Интерфакс»	504
«Инфо-центр НПО»	161
«Испат-Қармет»	411
«ИТАР-ТАСС»	504
Кембридж университеті (Ұлыбритания).....	188
«Коре ильбо»	504
КСРО Жинақтау банкі	179, 249, 327
КСРО Жоғарғы Кеңесі	557
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі.....	557
«Қазақ қағазы».....	257
Қазақ-өзбек инженерлік-гуманитарлық университеті.....	678
«Қазақмыс».....	411
Қазақстан-Британия техникалық университеті (ҚБТУ)	187, 576
Қазақстан-Германия университеті.....	187
Қазақстан жоғары оқу орындарының қауымдастығы	459
Қазақстан журналистер одағы	321
«Қазақстан Инжиниринг»	256
Қазақстан ипотекалық компаниясы	266
«Қазақстан-КамаЗ».....	256
«Қазақстан темір жолы».....	363, 407
Қазақстан халықтары Ассамблеясы.....	17, 102, 191, 200, 205, 206, 209-211, 561, 596, 673

Қазақстанның даму банкі.....	9, 254, 492
Қазақстанның инвестициялық қоры	9, 70, 72, 384, 457, 492, 539
Қазақстанның инновациялық қоры.....	9, 70, 72, 384, 492, 540
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі».....	266, 384
«Қазақтелеком»	407
«Қазалюминий»	256, 411
«Қазатомөнеркәсіп»	425
«Қазинвест».....	9
«ҚазМұнайГаз».....	407, 571
«Қазпошта»	388
«Қазхром».....	411
«Қарметкомбинат»	169, 411
Қостанай дизель зауыты.....	11, 248
ҚР Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы.....	270
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі	259
ҚР Әділет министрлігі.....	580
ҚР Білім және ғылым министрлігі.....	352, 460, 522, 644
ҚР Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы.....	15, 604
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	233, 245
ҚР Жоғарғы Кеңесі	177, 557
ҚР Жоғарғы соты	470, 484, 553, 580
ҚР Жоғарғы сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет	553
ҚР Жоғары сот кеңесі.....	553
ҚР Конституциялық кеңесі.....	321, 322, 337, 470, 474, 533, 558, 616
ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі.....	91
ҚР Қаржы министрлігі.....	387

ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі	386, 390
ҚР Қарулы Күштері	285, 512, 660
ҚР Қорғаныс министрлігі	378-379
ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі	644
ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі	306, 310, 480
ҚР Орталық сайлау комиссиясы	82, 337, 470, 474, 477, 533, 579
ҚР Парламенті.....	13, 14, 67, 72, 74, 78, 80, 82-83, 85, 101, 176, 230, 233, 236, 239, 242-245, 282-283, 321, 328, 329, 334, 336, 337, 438, 450, 469, 470-471, 474, 533, 542, 552, 557, 561-562, 569-570, 578-580, 586, 597-598, 602, 610, 616, 629, 671
ҚР Парламентінің Мәжілісі.....	208, 283, 337, 595, 610, 624
ҚР Парламентінің Сенаты	337
ҚР Президентінің Әкімшілігі.....	78, 160, 306, 586, 594
ҚР Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия.....	15, 282, 449, 450, 469, 580, 586, 595, 623
ҚР Президентінің жанындағы БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңес.....	15, 57, 85, 321
ҚР Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес	298
ҚР Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі.....	578
ҚР Президентінің жанындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ)	187, 298, 576
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы	298, 306
ҚР Президентінің жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі	408
ҚР Сыртқы істер министрлігі	167, 378, 380, 452, 644
ҚР Ұлттық банкі	51, 52, 167, 171, 175, 382, 386, 390, 404, 470
ҚР Ұлттық кеңесі.....	79

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті.....	65, 84, 117, 470, 660
ҚР Ұлттық қоры	52, 70, 72, 175, 262, 287, 413, 447, 539, 549
ҚР Үкіметі.....	54, 55, 233, 236, 404, 567, 653, 669
ҚР Үкіметінің жанындағы Демократияландыру және азаматтық қоғамды одан әрі дамыту жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңес	15-16, 282
ҚР Үкіметінің жанындағы Діни бірлестіктермен жұмыс жөніндегі кеңес.....	33, 206
ҚР Үкіметінің жанындағы Экономикалық саясат жөніндегі кеңес.....	570, 601
ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі	571
Қытай ұлттық мұнай корпорациясы	409
«Лукойл».....	409
Маркетингтік және талдамалық зерттеулер орталығы	9
Мемлекеттік ұйғыр драма және музыкалық комедия театры	678
«Мирас»	187
НАТО.....	21, 121, 315, 429, 708
<i>(Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы)</i>	
Негізгі мектеп бойынша емтихандар алу жөніндегі халықаралық емтихан орталығы.....	187
«Нұр-Мүбәрак» университеті	631
ОАЫ.....	121
<i>(Орталықазиялық ынтымақтастық ұйымы)</i>	

«Оксфорд аналитика».....	247
«Отан»	14, 230-233, 242-246, 326, 341, 599-600, 602, 604, 612
Ресей Федерациясының Жол қатынасы министрлігі.....	91
Ресей Федерациясының Федералды ғарыш агенттігі	522
Ресей Федерациясының Федералды жинасылы	40
Рим-католик шіркеуі.....	28, 34
«Роснефть»	571
Технологиялар инжинирингі және трансферті орталығы	492
ТМД Атқару комитеті.....	377, 378, 379
ТМД Әскери ынтымақтастықты үйлестіру жөніндегі штаб.....	379
ТМД Бейбітшілікті сақтау жөніндегі ұжымдық күштер	377
ТМД Қауіпсіздік кеңесі	380
ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеті	379
ТМД Мемлекет басшыларының кеңесі	142, 348, 375, 379
ТМД Террорға қарсы күрес орталығы	451, 480
ТМД Экономикалық кеңесі.....	21, 96, 284, 347, 348, 608
ТМД Экономикалық соты	376, 379, 423
ТМД-ға мүше мемлекеттері Қорғаныс министрлерінің кеңесі	378-379
ТМД-ға мүше мемлекеттері Сыртқы істер министрлерінің кеңесі	167, 378, 452
ТМД-ға мүше мемлекеттері Үкімет басшыларының кеңесі	379
Троицк МАЭС	92
«Тұран-Азия».....	430
Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау қоры	245

«Уйғур авазы».....	504
ҰҚШҰ	44, 285, 292, 349, 708
<i>(Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы)</i>	
Франция Республикасының Конституциялық кеңесі	558
Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры	9, 384, 492
Шымкент кондитерлік фабрикасы	169
ШЫҰ	121, 483
<i>(Шанхай ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы күрес құрылымы.....	480
Экспорт пен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация	9, 492
ЭЫҰ.....	21
<i>(Экономикалық ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ЮНЕСКО	127-128
<i>(БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы)</i>	
«Ютекс».....	257
«Ядролық қауіпті азайту жөніндегі бастама» қоры.....	333, 526, 653, 654
* * *	
«Agip KCO»	571
«Associated Press».....	504
«BBC»	504

«BG Group»	571
«Bridge News»	504
«British Petroleum»	409
«CaspioNet»	644
«Chevron Corporation»	409
«Chevron-Texaco»	409
«ConocoPhillips Inc.»	571
«Deutsche Allgemeine Zeitung»	504
«Deutsche Welle»	504
«Eni S.p.A.»	409
«ExxonMobil Corporation»	409, 571
«France-Presse»	504
«General Electric»	360
«KEGOC»	407
«Mainichi Shimbun»	18
«Moody's Investors Service»	330
«Oxford Analytica»	247
«Reuters»	504
«Royal Dutch Shell»	409
«Samsung»	171, 411
«Singapore Technologies Engineering Ltd.»	256
«Standard & Poor's»	540
«Talgo»	360
«The Daily Telegraph»	247
«The New York Times»	324
«Total S.A.»	409
«Xinhua»	504

МАЗМҰНЫ

IV ТОМ 2 КІТАП (2003–2005)

Өсу стратегиясы	7
Бейбітшілік пен келісім халықаралық конференциясында сөйлеген сөзі	27
<i>(Алматы қаласы, 2003 жылғы 13 ақпан)</i>	
Ресейдегі Қазақстан жылының ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі	37
<i>(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 2003 жылғы 18 ақпан)</i>	
ЕурАзЭҚ І экономикалық форумында сөйлеген сөзі	45
<i>(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 2003 жылғы 19 ақпан)</i>	
Қазақстан Республикасының жанындағы БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңестің бірінші отырысында сөйлеген сөзі	57
<i>(Астана қаласы, 2003 жылғы 31 наурыз)</i>	
«Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауы	65
<i>(Астана қаласы, 2003 жылғы 4 сәуір)</i>	
Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының І форумында сөйлеген сөзі	89
<i>(Ресей Федерациясы, Омбы қаласы, 2003 жылғы 15 сәуір)</i>	
II Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі	98
<i>(Алматы қаласы, 2003 жылғы 24 сәуір)</i>	

ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының I трансазиялық форумындағы «ЕҚЫҰ-ның Трансазиялық өлшемі: қауіпсіздіктің үзілмес буыны» тақырыбында сөйлеген сөзі	108
<i>(Алматы қаласы, 2003 жылғы 7 маусым)</i>	
Махамбет Өтемісовтің 200 жылдығына арналған «Махамбет – қайтпас қайсарлық пен еркіндіктің өшпес рухы» атты ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі	126
<i>(Атырау қаласы, 2003 жылғы 14 қыркүйек)</i>	
10. Өлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінде сөйлеген сөзі.....	139
<i>(Астана қаласы, 2003 жылғы 23 қыркүйек)</i>	
Қазақстанның I Азаматтық форумында сөйлеген сөзі ...	150
<i>(Астана қаласы, 2003 жылғы 15 қазан)</i>	
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	162
<i>(Астана қаласы, 2003 жылғы 13 желтоқсан)</i>	
Қазақстан халықтары Ассамблеясының X сессиясында «Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі: тәжірибе, сынама және келешек» тақырыбында сөйлеген сөзі	190
<i>(Астана қаласы, 2003 жылғы 23 желтоқсан)</i>	
Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	214
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 6 ақпан)</i>	
«Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс VI съезінде сөйлеген сөзі.....	230
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 12 наурыз)</i>	
Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін! атты Қазақстан халқына Жолдауы	247
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 19 наурыз)</i>	

«Еуразияшылдық: идеядан практикаға» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі.....	288
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 2 сәуір)</i>	
Мемлекеттік кадр саясатының мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі	297
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 12 сәуір)</i>	
III Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі	312
<i>(Алматы қаласы, 2004 жылдың 22 сәуір)</i>	
«Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс VII съезінде сөйлеген сөзі	326
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 15 маусым)</i>	
«Еуразиялық интеграция: қазіргі дамудың үрдістері және жаһандандудың сын-қатерлері» атты халықаралық форумда сөйлеген сөзі.....	343
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 18 маусым)</i>	
Қазақстан темір жолының 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	353
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 6 тамыз)</i>	
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	365
<i>(Алматы қаласы, 2004 жылғы 8 қыркүйек)</i>	
ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі.....	375
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 16 қыркүйек)</i>	
Қазақстан қаржыгерлерінің IV Конгресінде сөйлеген сөзі.....	381
<i>(Алматы қаласы, 2004 жылғы 15 қараша)</i>	
«Жаңа заман – жаңа экономика» тақырыбында оқыған дәрісі.....	394
<i>(Астана қаласы, 2004 жылғы 16 желтоқсан)</i>	

- «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауы 443
(Астана қаласы, 2005 жылғы 18 ақпан)
- Қазақстан кәсіпкерлерінің I Конгресінде «Жалпыұлттық экономикалық тәртіптегі бес мәселе туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі..... 489
(Астана қаласы, 2005 жылғы 25 наурыз)
- IV Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі..... 501
(Алматы қаласы, 2005 жылғы 21 сәуір)
- Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 512
(Астана қаласы, 2005 жылғы 6 мамыр)
- «Байқоңыр» ғарыш айлағының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 518
(Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, 2005 жылғы 2 маусым)
- «Қазақстан тұрақты даму және қоғамды жедел жаңғырту стратегиясын жүзеге асыру жолында» атты Азиялық қоғамның халықаралық бизнес-конференциясында сөйлеген сөзі 525
(Алматы қаласы, 2005 жылғы 14 маусым)
- Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығына арналған «Конституция: тұлға, қоғам және мемлекет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзі 546
(Астана қаласы, 2005 жылғы 30 тамыз)
- Қазақстан Республикасы Парламенті үшінші шақырылымы II сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі 561
(Астана қаласы, 2005 жылғы 1 қыркүйек)
- «Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс VIII съезінде сөйлеген сөзі 599
(Астана қаласы, 2005 жылғы 9 қыркүйек)

Қазақстанның II Азаматтық форумында сөйлеген сөзі.....	614
<i>(Астана қаласы, 2005 жылғы 12 қыркүйек)</i>	
Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында сөйлеген сөзі.....	626
<i>(Астана қаласы, 2005 жылғы 29 қыркүйек)</i>	
«Қазақстан: бейбітшілік пен қауіпсіздік жолында халықаралық ынтымақтастықты нығайту» атты халықаралық симпозиумда сөйлеген сөзі	648
<i>(Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, 2005 жылғы 8 қазан)</i>	
«Қазақстан-2030» стратегиясы іс жүзінде» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі	657
<i>(Астана қаласы, 2005 жылғы 11 қазан)</i>	
Қазақстан халықтары Ассамблеясының XI сессиясында сөйлеген сөзі	672
<i>(Астана қаласы, 2005 жылғы 22 қараша)</i>	
«Қазақстан – тек қана алға!» атты үндеуі.....	689
<i>(Астана қаласы, 2005 жылғы 2 желтоқсан)</i>	
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста «Біздің бағыт – жедел жаңғырту» тақырыбында сөйлеген сөзі	699
<i>(Астана қаласы, 2005 жылғы 15 желтоқсан)</i>	
Қабылданған қысқартулар тізбесі.....	712
Географиялық атаулар көрсеткіші	714
Есімдер көрсеткіші	724
Мекемелер мен ұйымдардың көрсеткіші.....	731

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

IV ТОМ

2 КІТАП

2003–2005

Жобаның жетекшісі –
саяси ғылымдардың докторы, профессор
М. Б. Қасымбеков

Арнаулы редактор –
филология ғылымдарының докторы, профессор
С. А. Абдрахманов

ISBN 978-601-277-191-6



«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.

Бас директор – Әлиев Қ. Ә.

Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.

Редактор, корректор – Раушанова Ф. Қ.

Беттеуші – Степанец Н. П.

Басуға .10.2014 ж. кол қойылды. Қалыбы 60x84 1/16. Шартты баспа табағы 43,245.

Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 64/9811.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru